

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ӘДЕБИЕТ САЛАСЫ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ХРЕСТОМАТИЯ
3-ТОМ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ



ХРЕСТОМАТИЯ
3-ТОМ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ӘДЕБИЕТ САЛАСЫ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК
Ғылым, білім, әдебиет саласы

ХРЕСТОМАТИЯ

3-том

Алматы,
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ
КБЖ
Ж

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 4 хаттама, 20.12.2024 ж.);*

Пікір жазғандар:

Филология ғылымының докторы, профессор **К. Қамзин**
Филология ғылымының кандидаты, доцент **С. Медеубек**

Құрастырған:

Жұмабек Әділет

Жұмабекұлы Серік

Журналистік шеберлік: Ғылым, білім, әдебиет саласы. хрестоматия
/ С. Жұмабекұлы,. құраст. Ә. Жұмабек, Алматы: Қазақ университеті. –
2025. – 378бет.

ISBN

Белгілі бір саланы терең әрі жан-жақты меңгерген журналист үшін басқа тақырыптарды игеру қиын емес. Себебі, салалық журналистика көбінесе талдамалы-сараптамалық журналистика мен журналистік зерттеулер сипатында жүзеге асады.

С.Жұмабекұлының республикалық басылымдарда жарық көрген мақалалары осының нақты дәлелі. Сонымен қатар, қолдарыңыздағы бұл мақалалар журналистік шеберліктің әр қырын талдап, танып білуге де үйретеді.

Хрестоматия жас журналистер мен еліміздің жоғары оқу орындарының журналистика факультетінде оқып жүрген студенттерге, магистранттарға арналады.

Автордың редакциялауымен шығарылды.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Жұмабекұлы Серік, 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Хрестоматияға 1990 жылдан бастап баспасөз беттерінде жарық көрген әдебиет, мәдениет, ғылым, білім саласы жайында жазылған журналистік жазбалар топтастырылды.

Мерзімді басылымда қызмет етіп жүрген жас журналистер бұрын тереңдей зерттеп, жазып көрмеген тақырыптармен жиі бет-бет келеді. Меніңше, құқық, экономика, әскер тақырыптарына қалам тарту үшін журналиске, сол ортадан өсіп шыққан дұрыс. Күтпеген тапсырманы ойдағыдай орындап, дер кезінде газет бетіне бере қоймасаң, өзінді де, өзгені де жерге қаратасың.

1990 жылдың 24 сәуірінде дүниеге келген «Халық кеңесі» сол кезде қалың оқырман қауым үшін кәдімгі қоғамдық құбылыстай әсер етті. Басылым сол кездегі демократиялық бағыт пен жариялылықты ту етіп ұстанды. «Құқық» бөлімін басқара жүріп «Көзқарас», «Саяси сипаттама», «Жаһангер журналистер клубы», «Тұрақтылық тұтқасы», «Имандылық ишараты», «Дидарласу», «Тіршілік» сияқты айдарларды бетке ұстай отырып, басқа да тақырыптарға да мақалалар жазуға тура келген еді.

1993 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» газетінің «Құқық, патриоттық тәрбие және спорт» бөлімін басқарған кезімде де әр түрлі тақырыптарға қалам тартуыма тура келді.

2000 жылы «Егемен Қазақстан» газеті Астанаға ауысты да мен құрамы бес-алты адамнан тұратын Алматы бөлімшесінде қалдым. Бұл бір жағынан тақырыптық еркіндікке жол ашты.

Сол жылдары Шығыс Қазақстандағы Берел қорғанынан табылған, 25 ғасыр бойы бүлінбей сақталған сақ жауынгерінің мәйіті және онымен бірге көмілген он екі ат туралы хабар елді елең еткізді. «Сақ патшасы сыр ашты» атты мақаладағы өз көзіммен көрген осынау ғажайыптың құпия сырлары қазіргі оқырмандар үшін әлі де маңызын жоғалтпағаны анық. Сондықтан, кітаптың ғылым-білімге қатысты бөлімінің алғашқы беті осы мақаламен ашылды.

Ал, жазу-сызуымызды латын әліпбиіне көшіру жөнінде алғаш рет баспасөз беттерінде жазылған «Әліпбиің – айбының», «Латын әліпбиінің артықшылығы көп», «Баланы басқаша оқытпасақ...» атты мақалалардағы идеялар күні бүгінге дейін баспасөз беттерінен түспей келеді.

Бұл – бәрін бірінші болып біз көтерген едік дегенді білдірмейді. Бірақ өткен күндерде жарық көрген өзекті тақырыптарды жазу барысындағы журналистік шеберлік сырын меңгеру, зерттеу – кейінгі қаламгерлер үшін қашанда қажет.

Әдебиет пен мәдениетке қатысты екінші бөлімдегі жазбалар арқылы кез келген зерттеу нысанын қарапайым журналистік әдіспен-ақ бағындыруға болатынын көрсеткіміз келді. «Өмірі де, өлеңі де өзіндей», «Зұлмат жылдары қазақ прозасында», «Ізгілікті ұстанған заң кітабы» аты мақақалар осының айғағы.

«Адам және адами құндылықтар» атты үшінші бөлімге – қоғамда, мемлекетте, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі қым-қиғаш қасиеттер сырына үңіле білуге үйрететін очерктер, адам басынан өтіп жатқан оқыс оқиғалар мен адамдар туралы толғаныстар, әр түрлі ой-тұжырымдарға жетелейтін эсселер мен тарих белестерінде із қалдырған естеліктер жинақталған. Мұнда кеңестік кезеңде билік басында болған тұлғалардың елге белгісіз кейбір қырлары да тілге тиек етіледі.

Мәселен, кезінде совхоз, аудан басшылығынан өсіп, ұзақ жыл бойы бір емес екі облысты басқарған Аманолла Рамазанов туралы очерктердің қыр-сыры өз алдына бөлек әңгіме. Ол кісі жайындағы жазбаларды (біреуі орыс тілінде) бір адамның бейнесін әр кезеңде әр қырынан көрсетудің журналистік әдістері дегеніміз дұрыс.

Көзіміз көріп, сөзін естіген, ағалық ақылын тыңдаған ардақтыларымыздың бойындағы ұлттық құндылықтар мен адами асқақ мұраттар жайында жазылған басқа да ой оралымдары осы бөлімнен орын алды.

Серік Жұмабекұлы.

I БӨЛІМ



ҒЫЛЫМ мен БІЛІМ



САҚ ПАТШАСЫ – СЫР АШТЫ

Бұл туралы газетімізде 1999 жылдың көктемінде «Сак князінің қорғаны» деген мақала жариялаған еді. Ал, экспедиция қорытындысы жайлы хабарды теледидардан естіп қалдық. Мәселенің анық-қанығына көз жеткізу үшін ертеңінде Қазақстан-Француз археологиялық экспедициясының жетекшісі, ҚР ҰҒА-ның Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бөлім меңгерушісі Зейнолла Самашев мырзаны іздеп таптық.

Зекең басқаратын археологиялық зерттеу лабораториясы Алматыдағы бұрынғы бір бала бақшаның ауласында орналасқан екен. Жұпыны ғана осынау жалғыз қабатты ғимараттың ішінде әлем назарын өзіне қаратқан жаңалық болып жатыр дегенге сену қиын. Фототілші екеуміз алғашында басқа бір есікке кіріп кетіппіз. Қаңыраған бөлменің іші сұп-суық. Әр жерінен белбеулей байланған шіріген ұзын тақтайлар мен бөренелер бөлме еденін тұтастай алып, шашылып жатыр. Көнеден келген мұралар екені көрініп тұр. Уақытша қойманың үстінен шыққанымызды білдік те, ауланың екінші бетіндегі есікке беттедік.

Мұндағы кіреберіс бөлменің ішінде кәдімгі токарь станогының қондырғылары қойылыпты. Түк түсінсек бұйырмасын. Жұмысшы киіміндегі (теміржонушы болса керек) бір азамат бізден жөн сұрады. Газеттен екенімізді естіген соң «Күте тұрыңыздар» деп ішке кіріп кетті. Сәлден кейін ақ халат киген көзілдірікті адам келіп амандасты. Бұл кісі біз іздеген Зейнолла Самашевтің өзі еді.

Сырты қандай жұпыны болса, іші де сондай қарапайым бөлмелерде ақ халат киген адамдар үн-түнсіз өз шаруаларымен айналысуда. Тезірек бәрін көріп, біле қоюға асығудамыз. Бірақ, Зекеңнің асығар түрі жоқ. Шеткерірек бір үстелге жайғасқаннан кейін әңгімесін бастады. Ол кісінің айтуына қарағанда, Қазақстан-Француз экспедициясы бұдан сегіз жыл бұрын өз жұмысына

кіріскен екен. Негізінен скиф-сақ дәуіріндегі көне ескерткіштер мен қорғандарды зерттеген. Кейінгі үш-төрт жылдан бері Шығыс Қазақстан облысындағы «Қазақ Алтайы» деп аталатын аймақтағы көне қорғандарды назарға алған. Қазіргі Қатон Қарағай ауданы, Берен деген ауылда «Алтай кереметі»деп аталатын қорғандар бар көрінеді. Біздің эрамызға дейінгі III-V ғасырдағы скиф-сақ патшаларының денелері қойылған ол қорғандардың сырын ашу, міне, бүгін осы кісілердің еншісіне тиіпті. Бұл іске француздар мен итальяндар, бельгиялықтар мен ресейліктер Қазақстаннан он шақты ғылыми институттардың өкілдері қатысыпты.

– Ескерткіштердің бір ғажабы, – дейді Зекең, – адамды жерлегеннен кейін сол жердің астына су кіріп, мұз болып қатады екен. Сөйтіп, кәдімгі табиғи мұздатқыш пайда болады. Соның нәтижесінде міне, бұдан 2500 жыл бұрын жерленген патшаның өзі мен оның әйелінің мәйіті, олармен қоса жерленген он екі аттың денесі табылды. Патшаның мұрты мен ұзындағы бір метрдей әйелдің шашы сол күйінде сақталған. Ет пен терісі де аға қоймапты. Үстеріндегі киім кешегі мен әшекейлі бұйымдары да әдемі. Ал аттардың бетіндегі маскалар мен ауыздық жүгендері, ертоқым мен өмілдіріктері, ондағы ою өрнектердің өзі арнаулы зерттеуді қажет етеді. Ондай бұйымдар бұған дейін де басқа қорғандардан талай рет табылған. Алайда, дәл сондай заттар монғолдарда, қытайларда, тағы басқа халықтарда кездесетіндіктен, мынау қазақтыкі деп кесіп айту қиын еді. Енді ғасырлар қойнауынан бұзылмай жеткен мына мәйіттердің биологиялық құрамы бүгінгі қазақтардың биологиялық құрамымен дәл келіп жатса, қазақтың қайдан шыққыны, олардың кім болғаны, қай жерде тұрғаны ғылыми тұрғыда бұлтартпастай айғақтар арқылы дәлелденіп шыға келеді.

– Сол мәйіттерді көруге бола ма? – деп сұрадық шыдамсыз-дана. Зекең тағы да асықпай жауап қайтарды.

– Тереңдігі 4-5 метрге жететін көрдің ішіндегі табытқа ұқсас науаның жан-жағы кісі бойынан асатындай төртбұрышты тақтайлармен қоршалған. Оның бір шетіне май қарағайдан

ойылып жасалған үлкен науаның ішінде патша мен оның әйелінің денесі жатыр. Науаның беті қарағаймен мықтап жабылған. Төрт бұрышына төрт құстың бейнесі орнатылған. Біз бұларды осыдан екі жыл бұрын шілде айында тапқанбыз. Күн ыстық еді. Мәйіттерді дереу сол жерде дайын тұрған мұздатқыштарға сала қойдық та, мұнда әкелген соң Францияда арнайы жасалған үлкен мұздатқышта сақтап отырмыз. Аттардың денелері де сонда сақталған. Ол мұздатқышты аша беруге болмайды. Оның үстіне мәйіттер оралып тасталған. Сондықтан, оны қазір көре алмайсыздар. Аттарды көрулеріңізге болады,— деп келесі бөлмеге қарай бастады.

Мұнда үстелдің үстінде жатқан аттың бір мүшесін шұқылап, зерттеуге кіріскен мамандарды көрдік. Суретке түсірдік те, қайта шықтық.

Өзін Қуаныш Қашқынбаев деп таныстырған азамат қазақ мал дәрігерлік ғылыми зерттеу институтындағы жылқы тұқымдарын зерттеу лабораториясының қызметкері екен. Оның бұл жердегі негізгі міндеті — осы табылған жылқылардың кезінде ауруы болды ма болмады ма, сондай-ақ ол замандағы жылқылармен қазіргі жылқылардың ағзаларындағы ұқсастығы мен айырмашылығын табу болып табылады. Әзірге анықтағаны — жылқылардың ауруы жоқ. Патшаның өзі мініп жүрген аттары болу керек. Түстері — жирен.

Бұрындары Есік қорғанындағы «Алтын адамды» қалпына келтірген суретші-реставратор Қырым Алтынбаев енді осынау тарихи құнды заттарды тағы да реттеу жұмысын қолға алыпты. Бұл кісінің айтуына қарағанда, ата-бабаларымыз біздің эрамызға дейінгі III-V ғасырдың зергерлік өнер жетістіктерін жоғары деңгейде игере білген. Оған дәлел — алтыннан жасалған түрлі бұйымдар мен әшекейлер. Қолдан құйылып, сыртына алтын жалатқан, іші қуыс құстардың мүсіндерін жасау қазірдің өзінде оңай жұмыс емес. Асыл тастарды бұрғылап тесіп, олардан неше түрлі зат жасау үшін қандай құралдар қажет екені айтпаса да түсінікті. Ол үшін қазіргі химия-физика ғылымдарының заңдылықтарын білу керек.

Суретші-архитектор Тимур Төрекұловтың айтуына қарағанда, патша зираты құрылысының өзінде геометриялық, физикалық заңдылықтар қатаң сақталған. Биіктігі 2-3 метр, диаметрі 40 метрге жуық тас үйіндідегі әрбір тастың орналасуында күн сәулесінің түсуі мен олардың арасында ауаның өтуі мұқият есепке алынған. Ал, астындағы бөренелермен кезектесе салынған қайыңның қабығы, одан кейін әртүрлі дәрілік ағаш жапырақтарының төселінуі, олардың астындағы табиғи мұз қабатының құпиялары әлі зерттеуді қажет етеді.

Жалпы, мұндай зираттарды зерттеу ісін Ресей, Қытай елдерінің ғалымдары бұрыннан-ақ қолға алған. Ал, мына табылған қорғандағы материалдық, биологиялық деректер қазақ халқының шығу төркінінен хабар беріп тұрғаны сөзсіз. Ең бастысы, сол күйінде сақталған ата-баба мәйіті дүние жүзі ғалымдарының назарын аударуда. Зерттеу енді басталды. Бұл іске шетел ғалымдарының тікелей араласып жүруін құп көрдік. Себебі, алдағы уақытта ашылатын жаңалыққа олар куә болып, өз ауыздарынан жұртшылыққа жар салып жатса, біздер үшін пайдасы көп.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
26 қаңтар, 2000 жыл.**

ҮШІНШІ «АЛТЫН АДАМ»

Биыл шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті елді мекенінің жанындағы көне қорғандардың бірінен тағы бір «Алтын адам» табылғаны жөніндегі ең алғашқы хабарды ҚазҰУ-дың Шығыс Қазақстан аймағындағы археологиялық экспедициясының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев теледидар арқылы ресми түрде көпшілікке жария етті. Осыны естігеннен кейін біз ғалымның үйіне телефон шалдық. Мүмкіндігі болса, газетке сұхбат беруін өтіндік. Ол кісі бірден келісті.

– Шілікті қорғандарын 1949 жылдан бастап ленинградтық археолог С.Черников те зерттеген, – деп бастады әңгімесін археолог. – Бұл жерден ол ежелгі аң стилінде жасалған алтын бұйымдарын тапқан. Олардың бәрі қазір Санкт-Петербургтегі Эрмитаждың қорында сақтаулы тұр. Біз биыл осы жерден алтынмен көмкерілген, киімімен жерленген сақ пашасының сүйегін таптық. Мұны Қазақстандағы үшінші «Алтын адам» деуге болады. Біріншісі, 1969-1970 жылдары Есік қаласының іргесінен табылғаны белгілі. Ол біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасыр жәдігеріне жатады. Екіншісі, өткен ғасырдың 90-жылдарының соңында Батыс Қазақстандағы Аралтөбе қорғанынан табылған олжа. Ол біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырға келеді. Ал мына Шілікті қорғанындағы «Алтын адам» біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басындағы жәдігерлердің бірі. Қазақстан жерінде осыған дейін табылған «Алтын адамдардың» ең көнесі.

– Шілікті жазығындағы обада «Алтын адам» жатқанын қалай білдіңіздер? Бұрыннан бір дерек бар ма еді, бұл әлде кездейсоқтық па?

– Кезінде С.Черников қазған обалар тобын біз «бірінші Шілікті обалары» деп атадық. Ал өзіміз зерттеген төбелер

Жалши ауылының ішінен бастап оңтүстікке қарай созылып жатқан обалар тобына жатады. Бұларды «екінші Шілікті ескерткіштері» дегенді жөн көрдік. Осы Жалши ауылының маңайында 17 оба бар. Солардың ең басында тұрған үлкен оба тегін адамға қойылмаған ескерткіш екенін бұрыннан ішім сезетін. Сондықтан, қазба жұмыстарын осы обадан бастағанды жөн көрдім. Биіктігі 8 метр, диаметрі 100 метр оның дәл ортасынан бастап солтүстіктен оңтүстікке қарай, шығыстан батысқа қарай әрқайсысының ені 16 метр кесінді қазба салдық. Осы кесінді қазбалар жердің бетіне дейін жеткізілді. Обаны қазуға кіріскенімізде алғашында таза топырақ қабаты кездесті. Үш метрдей тереңдегеннен кейін тас қабатқа жолықтық. Кенет трактордың шөміші оның ортасына шаншылған үлкен бір сырық ағашқа кезікті. Оны көрген соң техниканы тоқтатып, қол жұмысына көштік. Нәтижесінде үлкен тас обаға жолықтық. Шаншылған мал сүйектері, сәлден кейін бір үлкен таутекенің басы көрінді. Бұл тегін емес екенін түсіндік. Өлген адамның жылына немесе қырқына арнап сойылған малдың басын моланың үстіне қою Шығыс өңірінде әлімсақтан бері сақталған ғұрыптардың бірі. Тас оба толығымен аршылды. Оның астынан үлкен бөренелерден салынған қима қабырғалар шықты. Бұл жерде оба үш қабат құрылыстан тұратынына көзіміз жетті.

– Біріншісі – топырақ қабаты, екіншісі – тас қабаты, үшіншісі жер бетіне салынған ағаш үй құрылысы, яғни қабірхана. Ағаш үй ұзынша келген төртбұрыш үлгісінде жасалыпты. Ішкі қабырғасының ұзындығы – 6 метр 90 сантиметр, ені – 3 метр 90 сантиметр болды. Сонда барлық ішкі аумағы – 26,9 шаршы метрді құрайды. Биіктігі 2 метр 87 сантиметр. Ағаш үй ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай бағыттала тұрғызылған. Оның төбесі солтүстіктен оңтүстікке қарай қатарластыра диаметрі 30-40 сантиметр бөренелер жабылған. Қазу барысында төбеге жапқан бөренелердің біразының сындырылып алынғаны анықталды. Бұл – кезінде осы обаны тонаған қарақшылардың ізі екеніне көзіміз жетті. Үйдің іші топыраққа толып

қалған. Оның біразы уақыт өте келе бөренелердің арасынан сусып түскені белгілі. Сонымен қоса тонаушылар қабірді тонап болғаннан кейін үстіндегі, жан-жағындағы топырақтарды қайта ішке құлатқан. Топырақтарды арши отырып, қабірхананың төбесінен 1 метрдей төмендегенде шығыс жақ қабырғаның оңтүстік бөлігінен адам жамбасы, құйымшағы, беломыртқасы, сан жілігі табылды. Бұның бәрі кәдімгі анатомиялық қалыпта жатты. Қабірхананың төбесінен 1 метр 20 сантиметр төмен түскенде оның солтүстік батыс бұрышынан тік қойылған адамның бас сүйегі табылды. Бас сүйектің астынан мойыномыртқа бірге шықты. Қабірхананың осы тереңдігінен бастап, әсіресе, шығыс бөлігінен алтын бұйымдар әр жерден, әр қабаттан кездесе бастады. Олар қабірхананың ең төменгі табанына дейін әр жерден табылып отырды. Ұрылар аса қымбат, көзге ілінетін ірі дүниелерді және алтын заттардың біразын алып кеткен. Бірақ қабірді толық тонай алмаған.

Патша киімдеріне тағылған алтын жапсырмалардың бәрін жинап алуға түрлі себептермен мұршалары жетпеген тәрізді. Бұл жапсырмалар – сом алтыннан құйылған әшекей дүниелер, яғни таза құйма алтындар. Олардың ішіндегі ең үлкені – арқардың мүсіні.

Сондай-ақ екі бұғының мүйізі айқасып тұрғанын бейнелейтін алтын жапсырма «Мәңгі әлем бәйтерегі» өрнегін еске түсіреді. Ал бір-бірімен тұмсық түйістірген екі таутекенің басы кейпінде жасалған жапсырмадан үш сюжетті көреміз.

Оның біріншісі, қос таутекенің басы десек, екіншісі, тура қарап тұрған барыстың бейнесі. Үшіншісі, осы жапсырманы жатқызып қойып қырынан қарағанда, оның ұшып бара жатқан құсқа ұқсайтындығы.

Мұндай фантазия мен шеберлік қазіргі кәсіби дизайнерлердің де ойына келе бермеуі мүмкін. Мынау – нағыз өнер шыңы. Жалпы бір форма арқылы бірнеше мағына беру – сәк бейнелеу өнерінің өте ерте замандағы кезеңіне тән құбылыс. Аса бір геометриялық дәлдікпен жасалған бес жұлдыз

бейнелі түйме де еріксіз таңдандырады. Бес жұлдыздың қырлары мен түйменің жиектері жіңішке алтынмен көмкерілген, сырты да түгел алтын. Түйменің ортасындағы жұлдызшаның өзі көк түнікeden (эмальдан), жұлдызшаның шеті ақ түнікeden тұрады. Жалпы, бес жұлдыз белгісі еуразия жерінде өте ерте заманнан кездесетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Сондай-ақ, бес жұлдыз сақтарда патша билігінің белгісі болғандығы жөнінде де қосымша деректер бар.

Атап айтар бір жайт, осыған дейін сақ обаларының ішінен шыққан әшекей бұйымдар негізінен жұқа қаңылтыр немес фольга түрінде кездесетін. Ал, құйма алтыннан жасалған өте бай әшекейлер біз қазған патша обасынан ғана табылып отыр.

– Есіктен табылған «Алтын адам» біздің дүние жүзі алдындағы мақтанышымыз екендігінде сөз жоқ. Қазір ол ұлттық белгілеріміз бен мемлекеттік рәміздеріміздің бәрінде елдік символика түрінде қолданылып жүр. Енді мына сіздер тапқан «Алтын адамның» алдыңғылардан қандай ерекшелігі бар?

– Есіктен табылған «Алтын адам» біздің тарихымыздың, ұлттық өнеріміздің асқақ бір шыңы болып қала беретіні сөзсіз. Алтынмен апталған жас әскербасының сыртқы киімдері кезінде қалай көмілсе, сол күйінде бізге аман жетті. Оның сүйегі патша қорымдарының жанына жапсарлас, қалтарыстау жерленгендіктен, ұрылар «Алтын адамды» таба алмаған, сондықтан тоналмаған. Есіктен табылған жәдігердің үстіндегі алтын бұйымдардың бәрі жұқа фольга түрінде киімге тігілген әшекейлер. Бұл – өлген адамға арналған киім. Яғни, жерлеу рәсімінде қолданылатын ритуалдық киім. Соған қарамастан өнер бұйымы ретінде құндылығы шексіз.

Ал мына «Алтын адам» – сақ патшасы. Өзіне дейінгі Есіктен табылған «Алтын адамнан» екі жарым, үш ғасыр бұрын өмір сүрген. Оның үстіне мұның алтынмен безендірілген киімдері тірі кезінде киіп жүрген киімі екені белгілі болып отыр. Яғни, ритуалдық киім емес. Мұндағы алтын әшекейлер күрделі

зооморфтық қалыптарға негізделе құйма алтындардан жасалған. Күрделі зооморфтық сюжеттер мен мазмұндарды құрайтын осы әшекей бұйымдарды құю – сақтар өнерінің сол заман мәдениетінің ең бір алдыңғы шебінде тұрғанын көрсетеді. Диайн өнерін былай қойғанда, металл қорыту техникасын жетік меңгерген. Ал, металл қорыту үшін қандай жоғары температура қажет екенін айтпаса да түсінікті.

– Бұл «Алтын адамның» патша екенін, оның өзінде сак патшасы болғанын қалай дәлелдеуге болады?

– Жоғарыда айттым, Шіліктідегі 17 обаның ең үлкені және оқшау тұрғаны осы. Мұның алдына шығарылып басқа оба салынбаған. Одан кейінгілер біртіндеп кішірейе береді. Бұлар да сол кездегі батырлар мен ру басыларының, тағы басқа бекзат адамдардың моласы екендігі сөзсіз. Ғылымнан белгілі, тірі кезінде алтын бұйымдар тек патшалардың ғана киіміне жапсырылған. Ал енді оны о дүниеге алтын әшекей заттармен аттандыру – өмірін мәңгілік ету идеясынмен байланысты болу керек. Сақтар түсінігінде шірімейтін, тотықпайтын алтын зат мәңгіліктің символы болып есептелінген. Ертедегі сақтар өздерінің тектілігін аңдар бейнесінде көрсетуге тырысқан. Мына алтын бұйымдардың бәрі сол символмен жасалған. Көне сақтардың кейбір тайпалары адамды жердің астына емес, үстіне жерлейтіні де ғылымнан белгілі. Менің ойымша, кейінгі зооанимистік діндегі адамды жер бетіне жерлеу идеясы осы сақтардың ғұрпынан алынуы мүмкін. Ал ол – адам денесі шіріп, қасиетті жерді ластамасын деген ұғымнан туған.

– Сіздер тапқан бұйымдардан жазу, сызу белгілері кездеспеді ме?

– Жоқ, ұзын саны 358 алтын жапсырмалар табылды. Алдынала сараптама қорытындылары бойынша бұлар 850-ші сынама-лы алтыннан кем емес қасиетке ие екені анықталды. Яғни, аса қымбат алтын. Есіктен табылған «Алтын адамның» бір құндылығы – ол жерден 26 таңба белгіленген күміс табақша шыққан ғой. Әр ғалым оны өздерінше әртүрлі етіп оқыды. Алдағы

уақытта бұл жазу толық оқылып, мағынасы анықталса, сақтардың қай тілде сөйлегені де белгілі болар еді. Себебі бүгінгі ғалымдардың біразы сақтар үнді-иран тілінде сөйледі деп дәлелдеп жүр. Ал біраз ғалымдар олардың түркі тілдес екендігін айтады. Менің ойымша, сақтардың мәдениетінің тарихи дәстүрі түркі әлемімен көбірек байланысты. Бұл дегеніңіз олардың тілінің алтай-түркі тілдерінен тамыр алатынын аңғартады.

– **Жалпы, дүние жүзінде дәл осындай археологиялық құндылықтар көп пе, аз ба? Әлде бізде ғана «Алтын адамдар» табылып жатыр ма?**

– Дүниежүзінде мұндай құндылықтар жетіп артылады. Бір ғана Египет фараондарының өзі неге тұрады. Қара теңіз жағалауындағы Чертомлық, Салоха, Толстая могила деп аталатын скифтердің молаларынан да көптеген алтын бұйымдар табылған. Алтай мен Сібірдегі Пазырық, Аржан, Үкөк, Қотанды, Берелден неше түрлі алтын әшекейлер шыққан. Бірақ бұлардың барлығы «Алтын адам» емес. «Алтын адам» деген ұғым – алтынмен апталған киіммен жерленген жан дегенді білдіреді.

– **Енді Шілікті қорғанына қайтып оралайық. Бұл обалар кешенін С.Черниковтен басқа ешкім зерттемеген бе?**

– Ол туралы деректер ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап белгілі. «Томск облыстық ведомостары» деп аталатын газеттің 1861 жылғы 29-санында, «Сібір газетінің» 1881 жылғы 9-санында, тағы басқа басылымдарда Шілікті даласында үлкенді-кішілі обалар өте көп екендігі жазылған. ХХ ғасырдың басында Семей облысының көне ескерткішін зерттеген Н.Коншин бұл жерде 1675 оба барын хабарлаған. Біздің биылғы сапарымыздағы негізгі мақсат – сол аймақтағы қорғандардың негізгі санын анықтап, әрқайсысына төлқұжат жасау болатын. Өзірге осы бағытта кешенді жұмыстар жүргізілуде.

– **Шілікті қорғанын ашу кезінде сізді қатты ауырып қалды деп естідік. Одан жазылып шыққаннан кейін табылған алтындарды Алматыға алып келе жатқанда жол-көлік апатына ұшырапсыздар. Обаларды қазған адамдар жайсыз**

жағдайларға тап болады екен деген пікірлер де бар. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Мұның бәрі жай сөз. Мен бір жыл бұрын бір рет инфаркт алғанмын. Қазба жұмыстары екі жарым айға созылды. Инфарктан кейін дала жағдайында ұзақ жұмыс істеу оңай емес. Экспедицияның аяғына таман ептеп денсаулығым сыр бергендіктен, аудан орталығында бір апта профилактикалық ем қабылдауға тура келді. Одан шығып, жұмысымды жалғастырдым. Қазып алған алтынды аудан орталығынан Өскеменге полицияның арнайы көлігімен алып келе жатқанымызда қаланың ішінде бүйірден келген бір көлікке соқтығыстық. Жанымдағы полиция қызметкерлері де жараланды. Менің оң жақ қолымның сүйектері сынды. Әуежайға асыққан жүргізуші кателік жіберді-ау деймін. Қазір қолым жазылып қалды. Егер оба қазғандардың бәрін бір зауал күтіп тұрса, Есіктегі алғашқы «Алтын адамды» тапқан Кемел Ақышев ағамыз сексенге жетіп, биыл ғана өмірден озбас еді. Аралтөбеден «Алтын адам» тапқан Зейнолла Самашев та аман-есен қазба жұмыстарын одан әрі жалғастыруда. Ал Египеттегі фараондардың қабірін ашқан ғалымдар қабір ішінде ұзақ сақталған улы газдың әсерінен көз жұмғаны рас. Сондай-ақ, ол жерледе о бастан әдейі қатерлі аурулар тарататын микробтар қоса көмілген дейді. Тонаушыларға қарсы әдейі солай жасалған ғой. Сақтарда ондай әдет-ғұрып болмағандығын біз жақсы білеміз.

– Сақтар патша обасының тоналмауын ойластырмаған ба?

– Ойластырған. Біз қазған жердің шығыс жағынан ұзындығы – 11 метр, ені – 2 метр, биіктігі 1 метрден асатын жер асты дәлізі табылды. Бұл дәліз патша қабірханасына жер асты арқылы баратын жол. Өркез патшаға мінәжат етіп тұру үшін немесе кейін әйелі мен балаларын жанына қою үшін арнайы жасалған бұл жолды ұрылар да ұтымды пайдаланған. Сол себепті болса керек, мына обадағы жер асты дәлізінің орта тұсындағы 3 метрдей жері ауыр тастармен шегенделіп, бекітіліпті. Сосын осы дәліздің қатарынан оңтүстік-шығысқа қарай қосымша кішілеу

құпия дәліз салынған екен. Патшаға мінәжат етушілер осы қосымша жер асты дәлізін пайдаланған. Ұрыларды адастыру үшін жасалынғаны түсінікті. Патша обасының тоналмауын ойластыру деген осы. Айтқандай-ақ, ұрылар тас шегенге тірелген соң мына обаның төбесінен тесіп түскен. Соның салдарынан қабір ішінде еркін қимылдай алмаған олар обаны толықтай тонай да алмаған.

– **Сіз 25 жылдан бері ҚазҰУ-дегі археология және этнография кафедрасында қызмет етіп келесіз. 15 жыл осы кафедраны басқарыпсыз. Археолог мамандарды дайындаудың бүгінгі жағдайы қалай?**

– Қазақстандағы археолог-этнолог мамандарды дайындау орталықтарының бірі және бірегейі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің осы кафедрасы. Бізде археолог-этнолог мамандар 1971 жылдан бері дайындала бастады. Қазір Қазақстандағы белсенді қызмет істеп, жұмыс жүргізіп келе жатқан археологтардың жартысына жуығы біздің кафедраның түлектері. Неге екені белгісіз, 2003 жылы археология мамандығы бойынша оқуға түсу гранты мүлдем болған жоқ.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1 қараша, 2003 жыл.

ТҮРКІСТАННЫҢ КИЕСІ ТАПТАЛСА...

ел тағдырын анықтар тарихымыздан
ертеңге не қалады?

Өткен жылғы 17 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетінде «Тарихын тәңіріндей таныған ел тектілігін жоғалтпайды» деген тақырыпта мақала жарияланғаны белгілі. Мақала деген аты болмаса, бұл – Республикамыздың белгілі ғалымдары мен тарихшылары, мәдениет қайраткерлері қол қойған (барлығы 16 адам) Президентімізге жазған ашық хат іспетті еді. Мұнда Қазақстанның ежелгі астанасы – қасиетті Түркістанның тарихи ескерткіштері кейінгі кезде жөн-жосықсыз қиратылып, жер бетінен жойылып кету қаупі тұрғаны, соған шұғыл түрде тосқауыл қойылуы керектігі жөнінде дабыл қағылған болатын.

Себебі, соңғы уақытта кейбір қоғамдық ұйымдар «Иассауи-Отан» атты Халықаралық тарихи-мәдени қор құру жөнінде ұйтқы болып, ежелгі Түркістандағы тарихи және мәдени ескерткіштерді жойып жіберуге бағытталған шараларды тағы да қолға ала бастапты. Ал бұдан 6 жыл бұрын, яғни 1989 жылы Қазақстан Республикасының үкіметі «Түркістан қаласында «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайын құру туралы» арнайы қаулы қабылдады. Онда сол тарихи қаланың орталық аумағын мұқият зерттеудің, қайтадан ежелгі қалпына келтіріп, кешенді мұражайға айналдырудың жан-жақты ойластырылған егжей-тегжейлі бағдарламасын мақұлдаған. Осы мемлекеттік бағдарламаны бұлжытпай жүзеге асыру міндеті Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментіне тікелей жүктелген. Департаменттің ғылыми-зерттеу жобалау институты (бұрынғы «Казпроектреставрация») Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Этнология тарихы және Археология

институттарымен, Республика сәулеткерлер одағымен бірлесе отырып, ғылыми негізделген нақты ұсыныстар жасаған. Түркістан қаласындағы тарихи және мәдени мұраларды халық игілігіне айналдыру мақсатымен шетелдік инвесторларды да тартып (Түркия, Араб эмираты, ЮНЕСКО т. б.), олармен жан- жақты келісім-шарттар жасалды. Сондай-ақ, қазақтың осы ұлттық мақтанышын көздің қарашығындай сақтау, ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра етіп қалдыру мақсатымен 1991 жылы ЮНЕСКО-ға арнайы құжаттар тапсырылды. Түркістанды әлемдік асыл мұралар тізіміне алу мәселесі көтерілді.

Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы жанынан мемлекеттік емес үш қор құрылды. Олардың құрылтайшылары болып Түркістан қалалық әкімшілігі мен Қазақстан дизайнерлер одағы белгіленді. Алайда, осы қордың бірде-бірі күні бүгінге дейін Түркістандағы тарихи ескерткіштерді қорғау, оларды қалпына келтіру үшін бір тиын да шығармаған екен. Ал былтырғы жылғы есептің қорытындысына қарағанда, алыс-жатқан шетелдерді қоспағанның өзінде бұл жерге 150 мыңнан астам адам келіп, кетіп тұрған. Тек пітір садақа ретінде ғана келген-кеткендерден тайқазанға бір күнде түсетінде ақшаның көлемі 20 мың теңге құрайтыны анықталды. Сонда бұл қаржылар қайда кетіп жатыр деген сұрақ туатыны заңды.

«Өкінішке орай, – деп жазады Тарихи-мәдени департаменті басшылары, – біздің қарсылығымызға қарамастан бұл қаржы талан-таражға түсуде. Тайқазанға құйылған ақшаның бәрін Қорық-мұражайы басшылығы жеке фирмаларға көмек ретінде бөліп отырған».

Ең қауіптісі сол, бұған дейін 12 гектар жерді жөн-жосықсыз бүлдіріп, қасиетті аруақтардың қорлануына себепкер болған «ынталы» топ бүгінде «Иассауи-Отан» атты халықаралық тарихи-мәдени қор құру жөнінде тағы бас көтеріп, Түркістан әкімшілігімен бірлесе оның жобасын үкімет басшыларына қайыра ұсынып жатқаны таңдандырады. Мұның алдында бұрынғы вице-премьер Т.Жүкеев мырзаның тапсыруымен осы істі

тексеру жөнінде арнайы сарапшылар тобы құрылған еді. Олардың жасаған тұжырымы төмендегідей:

Егер бұл ұсыныс қолдау тауып кетсе, ежелгі Түркістандағы тарихи және мәдени ескерткіштер жер бетінен мүлдем жойылып кетуі мүмкін. Ата-бабамыздан қалған жеріміздің төлқұжаты іспетті бұл ескерткіштерден айырылу – келешекте жерімізден айырылумен бірдей.

Біріншіден, Президенттің атына «Иассауи-отаншылдардың» жасаған ұсынысының алғашқы бөлімінде «Шығыс мәдениетінің орталығы – ежелгі Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи мавзолейі және оның маңайындағы сәулет кешенін одан әрі жетілдіру, дамыту, өркендету мақсатында»...деп көрсетілген. Бірақ, нені өркендету, нені жетілдіру жөнінде нақты ештеңе айтылмаған, сәулет кешеніне нелер жататыны нақты көрсетілмеген.

Егер, бұл жердегі әңгіме XII – XVIII ғасырлар аралығында жерленген Ахмет Йассауи мен ұлы перзенттеріміздің, ел бастаған хандардың мүрделері жатқан жерлер туралы болса, онда ол Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану» туралы заңына қайшы келеді. Бұл заң бойынша тарихи ескерткіштер мен мұраларды өзгертуге, оған жаңа түр-мазмұн беріп, жетілдіруге тыйым салынған.

Екіншіден, Түркістанды халықаралық тарихи-мәдени орталыққа айналдыру жөнінде айта отырып, оның аумағын нақты көрсетпеудің өзінде көп сыр жатыр. Болашақта осы аймақтың бәрі халықаралық ұйымдар мен бизнесмендердің, қалталылардың қолына көшіп кету қаупі бар.

Үшіншіден, «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану» жөнінде Заңның 29-бабында асыл мұралар тек мемлекет қарауында болуы тиісті және мемлекет тарапынан қаржыландырылады да. Сонда ғана Түркістан тарихы қайта жаңғырып, қазақ елінің мақтанышына айналмақ.

Өткен жылдың соңында Тарихи-мәдени мұралар Департаменті «Әзірет-Сұлтанның» осы уақытқа дейінгі жұмысын тексергенде, оның басшылары тарапынан небір «былық-шылыққа»

жол берілгенін анықтады. Мәселен, шеберхана бастығы Р.Балтабаев 1994 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында «Вахиф Иншаат» деп аталатын түрік компаниясынан алынған 700 мың теңгенің 46 мың 699 теңгесін ғана кассаға өткізіпті, қалғанын қайда жібергені белгісіз. Банкіге бұл ақшаның бір тиыны да түспеген. Р. Балтабаев сонымен қатар кассирдің міндетін атқара жүріп, заңды тұлғалар мен жеке адамдардан түскен қаржыны да оңды-солды шашыпты. Олардың қандай тапсырыстарын орындағаны, материалдарды қайда жұмсағаны тағы беймәлім. Ескерткіш мұраларды қайта қалпына келтіру үшін арнайы дайындалған кірпіш, керамика сияқты құрылысқа қажетті заттар жоқтан өзгеге айырбасталып кете барған.

Түркістанды, ондағы Қожа Ахмет Иассауи мавзолейін қалпына келтіру жұмыстарын қолға алу туралы Түркия мен Қазақстан Президенттері қол қойған келісім-шарттар төменгі буындағы орындаушылар тарапынан осылайша «жүзеге» асырылуда. Егер Тарихи-мәдени мұралар департаменті арнайы тексермегенде, мұның соңы бұдан да асқан келеңсіздіктерге соқтырар ма еді, кім білсін?

Қазіргі кезде Түркістан қалалық ішкі істер басқармасы, қалалық прокуратора бұл істі тексеру үстінде. Әзірге нәтижесі туралы айту ерте. Департамент директоры Б.Тұяқбаеваның айтуына қарағанда, тергеу ісіне жоғары жақтан бөгет жасаушылар да аз емес. Ал Түркістан қаласының әкімі жұмыстан босаған Р.Балтабаевты қайтадан орнына қою жөнінде Мәдениет министрілігіне бірнеше рет ұсыныс жасапты.

Осы жөнінде Департамент директоры бас прокуратораға да мәлімдеме жасапты. Оны оқып шыққан адам «Иассауи-отаншылардың» түпкі мақсаты тереңде жатқанын оңай түсінетін сияқты. Егер жоғары да айтылған бір топ автордың Президентке, Үкіметке, бұрынғы Жоғарғы Кеңеске жазған хаты естеріңізде болса, онда 80-ші жылдардың бас кезінде республикалық «Казгорстройпроект» институты «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің қорық аймағын

егжей-тегжейлі жоспарлау мен көркейту» жобасы дегенді өз беттерінше жасап, жергілікті үкімет орындарының қолдауымен ежелгі қала орналасқан орталықтағы 12 гектар жердің 3,5 метр қыртысын бульдозермен қопарып, көптеген тарихи-мәдени ескерткіштерді жойып жібергені туралы жазылған болатын.

Ең сорақысы сол – Абылай, Тәуекел, Тәуке, Жәңгір хандардың күмбездері бұзылып, сүйектері көрден суырылып алынып, лақтырылып тасталған. Хан ордалары орналасқан жасыл алаңдар ту-талақай етілген. Орнына осы заманғы һауіздер мен дүңгіршектер салынған.

Міне, осынау тексіздік пен тағылық әрекеттерді тыю үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 1989 жылғы 28 тамызда «Түркістан қаласында «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайын құру туралы» арнайы қаулы қабылдаған. Бұл қаулыны жүзеге асыру міндеті Мәдениет министірлігіне жүктелген. Ал Мәдениет министірлігі бұған дейін де, бүгінгі күнге шейін де бұл жөнінде нақты шешім қабылдай алмай отырғаны түсініксіз. Керісінше, осы министірліктің жанындағы Тарихи-мәдени мұралар жөніндегі департаментті тарату жөнінде әрекеттер жасап жатқан көрінеді.

Департамент директоры Б. Тұяқбаева осы мақала жазылып, біте бергенде Президенттің атына жазылған тағы бір топ ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің хатын әкеліп көрсетті. Онда ҰҒА-ның вице-президенті академик Ж. Абділдин, Жазушылар одағының бірінші хатшысы Қ. Найманбаев, Қазақстан сәулетшілер одағының төрағасы С. Шаймерденов, Археология институтының директоры К. Байпақов, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Бас муфтиі Р. Нысанбайұлы, Алматы және Семей архиепископы А. Алексей бастаған он бір адам қол қойып, Департаментті таратуға үзілді-кесілді қарсы екендіктерін, керісінше, оның мәртебесін бұдан да жоғары көтеріп, Тарихи-мәдени мұралар жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комитетіне айналдыру керектігі жөнінде ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныс тиісті жеріне жетті ме, жетпеді ме, ол жағы белгісіз.

Өйткені былтыр газетімізде ашық хат жарияланғаннан кейін екі аптадан соң, 29 қыркүйек күні Президент осынау ұлттық мәдениетіміз бен тарихи мұраларымызды талан-таражға түсіруге бағытталған жүгенсіздікті дереу тоқтату керектігі жөнінде сол кездегі үкімет басшысы С.Терещенкоға, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі З.Тұрысбековке қатаң түрде нұсқау берген болатын.

Ұлттық ғылым академиясының президенті К. Сағадиев пен вице-премьер Т. Жүкеев мырзаларға бір айдың ішінде Қазақ мемлекетінің ежелгі астанасы, асыл мұраларымыздың алтын бесігі – Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау және оны өркендету жөніндегі мемлекеттік арнайы бағдарлама жасауды тапсырған. Бағдарлама көрсетілген кезінде жасалынып, Министірлер кабинетіне өткізілген. Бірақ іс бәрібір алға жылжымаған. Б. Тұяқбаеваның айтуына қарағанда, бұл құжат атқарушы билік дәліздерін аралап жүрген тәрізді.

Өз алдымызға тәуелсіз мемлекет болып, мәдениетімізді гүлдендіріп, ғасырлар бойы көмулі күйінде қалған тарихымызды қайта тірілтіп, іргелі елдермен тереземізді теңестірсек деген мақсат-мұраттар жетегінде жүргенімізде, енді кейбір шенеунік-сымақтардың үлкен іске қол байлау жасауы өкінішті-ақ. Елбасының нұсқауына немкетті қарауға да еттері үйреніп бара жатқандай.! Тексіздіктің ең сорақы түрі – осы.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
12 қыркүйек, 1995 жыл.**

ТҮРКІСТАННЫҢ ЖАСЫН АНЫҚТАП БОЛДЫҚ ПА?

Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңында тарихшылар, тағы басқа қаламгерлер, осы тақырыпқа аз қалам сілтемеген. Бұл тақырыпқа 1995 жылдың 12 қыркүйегінде мен де бір рет мақала жазған едім. Тарихшылдығым ұстағандықтан емес, осынау айтулы мерекеге дайындық барысында Қожа Ахмет Иассауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатқандар тарапынан кеткен кемшіліктерді айтып, дабыл қаққанбыз. Сын семсеріміздің бір ұшы мұндағы Түркістан қайта қалпына келтіру шеберханасының бастығы Р.Балтабаев дегенге қатты тигені соншалық, ол дереу сотқа жүгінді, газет тілшісінен бір миллион теңге көлемінде рухан зиян өндіруді талап етті. Бірақ ол соттың бірінші сатысында іс қараған аудандық сотта да, сол істі апелляциялық ретте қараған қалалық сотта да бізден масқара болып жеңілді. Шындық салтанат құрды. Бұдан кейін, Түркістандағы бүгінгі жағдайды тағы да өз көзімізбен көру үшін іссапармен Иассауи кесенесіне арнайы барып қайттық.

Ия, ұлы мақсат жолында кеткен біраз кемшіліктерді азаматтар жасырмаған. Қол жеткен жетістіктер де аз емес екен. Соның бірі –Түркістанның 2000 жылдық жасы анықталғандығы еді. Ол жөнінде кейбір басылымдар сол кезде қысқа ғана хабарлады да, соңынан үнсіз қалды. Таяуда бұл жаңалықтың басы-қасында жүрген адамның бірі, Түркістан Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы Археология және этнология институтының директоры, тарих ғылымының кандидаты Зиядин Исабеков мырзамен жолығып, «2000 жылдық» жайында тағы сұрағанмын. Ол кісі былай деген:

– 1980-84 жылдардың тек жаз айларында ғана Түркістанда қазба жұмыстары жүргізіліп отырған болатын. Сол қазба жұмыстарының қорытындысы негізінде Түркістанның жасы

1500 жыл деп анықталған. ЮНЕСКО-ға солай хабар жіберілді. Енді міне, осы мерекені ел болып атап өтетін күндер де жақындап келеді. Алайда, былтырғы жылдың жазында Түркістан жерінде қазба жұмыстарымен айналысып жүрген бір топ ғалым Түркістанның жасы 1500 жылдан да арыда жатқанына көз жеткіздік. Яғни, Түркістанның жасы 2000 жыл деген қорытындыға келдік. Бұған дәлелдеріміз жеткілікті, – дей келіп, ол бір топ суретті алдыма тастаған. Сөйтті де сөзін әрі жалғастырды.

– Тарихтан белгілі, Күлтөбе қаласы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінен 400 метрдей жерде жатыр. Міне, осы арадан біздер, қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясы 150 шаршы метр жер көлемінде қазба жұмысын бастағанбыз. Бұл істің жүзеге асуына қаржы жағынан түрік ағайындарымыз көп көмек жасағанын айта кетуіміз керек.

Әсіресе, Халықаралық қазақ-түрік университеті президентінің бірінші орынбасары, тарих ғылымының докторы, профессор Гүлшин Чандарлыоғлы, Халықаралық өкілетті кеңесінің төрағасы, ХҚТУ-дың құрметті профессоры Намық Кемал Зейбек, осы университеттің қаржы жөніндегі бас хатшысы Зиядин Башқан мырзалардың көмегі ерекше. Түркістанның айналасында кезінде бірнеше шағын қалалар болғаны тарихтан мәлім. Олар – Шауғар, Сауран, Қаршақ, Шойтөбе, Күлтөбе, Иассы деп аталады. Бұл қалалар жаугершіліктің салдарынан орта ғасырда өмір сүруін тоқтатқан. Солардың ішінде 18 ғасырға дейін өмір сүрген қала – Күлтөбе, яғни, Иассы – бүгінгі Түркістан. Бұған дейін біз осы қаланың орнындағы 75 шаршы метр жерде қазба жұмыстарын жүргізсек, бүгінде жоғарыда айтқанымдай, 150 шаршы метр жердің 10 метр тереңдігінде қазба жұмыстарын жүргізудеміз. Қазба жұмыстары барысында тастан жасалған 30-дан аса дәнүккіш, сүйектен жасалынған бірнеше жебелер, тағы басқа тарих үшін құнды бұйымдар табылды. Ол заттар біздің жыл санауымызға дейінгі замандарда пайдаланғаны анықталып отыр.

– **Дәнүккіш дегеніміз сонда қол диірменнің бір түрі ме?**

– Жоқ, қол диірмені біздің заманымыздың V-VI ғасырларында пайда болған зат. Мынау одан бұрын жасалған дүние.

Бұған дейін археологтарға кездеспеген. Оқтау сияқты, тастан жасалынған. Арпаның, бидайдың дәнін үгу үшін қолданылған. Осы деректерге сүйене отырып, Түркістанның жасы 2000 жыл деген қорытындыға келдік.

– Бұл ретте қандай ресми деңгейде қорытынды жасалынды?

– Өткен жылдың қазан айында «Түркістан – бүгін, ертең, болашақта» деген тақырыпта үлкен халықаралық конференция өткізгенбіз. Ол жиынға Түркиядан, Ресейден, Бельгиядан бірнеше профессорлар мен академиктер арнайы келді. Сол жерде Қазақстан тарапынан академик Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдарымыз бұған дейін өзімізде өткен ғылыми кеңестің қорытындысын жариялады. Сөйтіп, басқа ел ғалымдарының осыған көзін жеткізе келе Түркістанның жасы 2000 деген ресми тұжырым жасалынып, үндеу қабылданды.

– ЮНЕСКО-ға жіберілген «1500 жыл» деген дерек әлі өз күшінде тұр. Мына жақта сіздер 2000 жыл дейсіздер. Сонда қалай болғаны?

– Бұл жөнінде ЮНЕСКО-ға мемлекет тарапынан ресми түрде хабарланады деп күтілуде. Мәселе тіпті онда да емес. Ерте ме, кеш пе бұл шындықты бәрібір жариялауымызға тура келеді. Тіпті, Түркістанның 1500 жылдық мерекесін өткізгеннің өзінде де бұл қаланың тарихи жасы тіпті 2000 жылдан да асып жығылатынын әлем жұртшылығына мақтанышпен айта аламыз. Оған ғылыми деректеріміз әбден жеткілікті.

Келешек ұрпақ бәлкім, Түркістан жөнінде бұдан басқа да шындықтарға көз жеткізе жатар. Өз тарихымызды өзіміз тереңдей зерттемесек, сырттан келіп бізге біреу жаңалық ашып бермейді ғой. Сондықтан, бүгін сіздердің газеттеріңіз арқылы осынау жаңалықты ресми түрде хабарлауды өзімнің азаматтық борышым деп санаймын, – деп Зиядин мырза сөзін аяқтады.

Бұл жігіт былтыр жазда бізге Абылай ханның бас сүйегін зерттеу арқылы оның өмірде болған өз келбетін айқындап жасаған нұсқасын көрсетіп еді. Ол туралы кейін арнайы сөз етерміз

деп келіскенбіз. Өзірге Зәкең ол жайында айтқысы келмейтіндей сыңай танытты.

Мен 1995 жылдың 12 қыркүйегінде Түркістан жайында жазған мақаламда осы Абылай, Тәуекел, Тәуке, Жәңгір хандардың Түркістан кесенесінің іргесіне жерленген сүйектері жөндеу жұмыстары кезінде көрден суырылып алынып, бір жерде үйінді болып жатқаны жөнінде, енді ол сүйектердің қайсысы кімдікі екені белгісіз болып қалғаны жөнінде жазған едім. Абырой болғанда әзірге Абылайдың бас сүйегі ғана айқындалыпты. Сол үшін де Зиядин мырзаға алғысымыз шексіз. Менімен соттасып, жеңілгендермен тағы бір «айқасуға» барған көңілімді су сепкендей басқан осы бір жағымды жаңалық туралы айтылар үлкен әңгіме әлі алда деп ойлаймын.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
29 қаңтар, 1998 жыл.**

ЖОҒАРЫ БІЛІМГЕ САН ЕМЕС, САПА ҚАЖЕТ!

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев осы аптаның басында Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері атанған Алматы және Талдықорған қалаларының 97 оқытушысына салтанатты түрде куәліктер тапсырды. Жоғары оқу орындары ұстаздарының алдында сөйлеген сөзінде ол дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін алдымен білім сапасын көтеру қажеттігін қадай айтты.

«Елімізде соңғы жылдары білім саласына баса көңіл бөліне бастады. Өйткені, бәсекеге қабілетті білім ғана Қазақстанды бәсекеге қабілетті елдер қатарына қоса алады. Сондықтан да, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауы 2005 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің арнайы нұсқауымен дүниеге келген болатын. «Биылғы жылы оған қатысу үшін 91 жоғары оқу орнынан 902 үміткер құжат тапсырды. Өткен жылғымен салыстырғанда конкурсқа қатысушылар саны 471 адамға артып отыр. Үміткерлердің арасында 396 ғылым докторы, 472 ғылым кандидаты, 6 магистрант бар» дей келе, министр мырза грант – жоғары оқу орындарының штаттағы оқытушыларының ғылыми-ұстаздық біліктілігін арттыру, шетелдерде біліктілігін жетілдіру, ғылыми зерттеулерді тереңдей жүргізу және кәсіптік деңгейін көтермелеу үшін тағайындалатындығына тоқталды.

Үміткерлерді іріктеу сандық және сапалық көрсеткіштерін, дәлірек айтқанда жоғары оқу орнындағы соңғы 3 жыл ішінде жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарын, оқу-әдістемелік қызметін ескере отырып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын тағайындау Ережесіне сай жүргізілетіндігі белгілі болды.

Өткен жылдың 28 желтоқсанында осы грантты тағайындау бойынша республикалық конкурстық комиссияның отырысы өткізілген. Оған Парламент депутаттары, жоғары оқу орындарының басшылары, ғалымдар, министрліктер мен ведомстволардың, білім беру саласындағы кәсіподақ ұйымдарының өкілдері қатысқан.

Жабық дауыс беру қорытындысы бойынша комиссия республикамыздың 51 жоғары оқу орнының 200 оқытушысына мемлекеттік грант тағайындау туралы шешім қабылданған. Бұл байқау енді жыл сайын өткізілетін болады.

– Үстіміздегі жылдың 2 ақпанында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантын тапсыру рәсімі Гумилов атындағы Еуразиялық университетте өтті. Бүгін, міне кезінде өзім білім алып, алғаш еңбек жолымды бастаған қасиетті қара шаңырақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осынау рәсімді өткізіп, сіздермен жүздескеніме қуаныштымын, – деп сөзін жалғастырған Ж.Түймебаев университетке Қазақстан Республикасы Президентінің сапа саласындағы тұңғыш «Алтын сапа» сыйлығы берілгендігін, бұл ҚазҰУ-дің білім мен ғылымның киелі ордасы әрі көшбасшысы екенін тағы да баса көрсетті.

Алматы қаласы ғылым мен мәдениеттің ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы қаржы-экономика орталығы, сәулет пен дәулеттің ордасы екені белгілі. Ендеше, бұл қаланың тұрғындары қашанда өркениет көшбасшысы болып қала беруі заңды құбылыс. Соған қарамастан білім мен ғылым саласындағы реформа токмейісуді көтермейді. Жаһандану жағдайындағы талап осы. Өкінішке орай, қазір елімізде білім сапасы мен жүйесі сын көтермейтін жоғары оқу орындары шектен тыс көп. Бірқатарының білім көрсеткіші халықаралық талап-деңгейлерге сай келмейді. Кім үшін маман дайындап жатқандары да белгісіз. Жұмыс беруші орындармен байланыстары жоқ. Оқытушылардың біліктілігі мен білім деңгейлері де бүгінгі күн талаптарына сай емес. Материалдық-техникалық жағдайлары төмен. Осылардың бәрін екшей келе Қазақстандағы жоғары оқу

орындарының білім деңгейін дүниежүзілік стандартқа сай қайта құру талаптары туындауда. Бұл жерде жоғары білімді маманды қажет ететін жұмыс берушілердің сұранысы мен инвесторлардың маңызы ерекше. Сондықтан, жоғары оқу орындарының басшылары өздерінің оқу бағдарламаларын осы тұрғыда қайта қарамаса, болашақтың ұлы көшіне ілесе алмайтыны белгілі.

Кредиттік технология әдісі де кейбір мамандықтар мен оқу жоспарына сай келмейді. Оны тек қажет тұстарда ғана ұтымды пайдалануды үйренгеніміз дұрыс. Әсіресе жоғары сұранысқа ие мамандықтарға қатысты кредиттік технологияны қолданудың орны ерекше.

Нарықтық қатынастарға сай және еуропалық кеңістіктерге еркін шыға алатын жоғары білімді мамандар даярлау жөніндегі халықаралық келісімдердің біразына біздер де қол қойғанбыз. Ендеше бакалавр мен магистратура, докторантураға қатысты мамандықтар тізбегін қайта сұрыптаудан өткізетін кез келді. Осы тұрғыда жоғары білімді мамандарды тиісті жерлерге жұмысқа жіберіп, олардың өз мамандықтары бойынша қызмет етудің мүмкіндіктерін қарастыратын қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлар жасау міндеті алдымызда тұр.

– Қазақстанның жарқын болашағына сай жоғары білімді мамандар даярлау үшін алдымен жоғары оқу орындарының өзін қайтадан аттестациялаудан өткізетін боламыз. Орта білім алудың 12 жылдық мерзімге көшірілуі мен еуропалық стандарттарға сәйкес білім беру жүйесі бізден осыны талап етеді. Әсіресе, студенттер саны аз, оның өзінде сырттай оқу жүйесімен ғана жұмыс істейтін жоғары оқу орындарын біріктіруден басқа амал жоқ. Ал бүгінгі күн талаптарына жауап бере алмайтын колледждер мен жоғары техникалық мектептерді қайта құру жұмыстары күтіп тұр. Кейбір жоғары оқу орындарының филиалдарын таратып, олардың негізінде мемлекеттік тілді оқып, үйрететін орталықтар ашқан дұрыс. Аймақтардағы жекеменшік жоғары оқу орындары мен мемлекеттік жоғары оқу орындарын акционерлік қоғамдар етіп қайта құруды қолға аламыз,– деді министр.

Инженер, тағы басқа техникалық сала мамандықтарына мемлекет сұранысы уақыт өткен сайын арта түсуде. Сондықтан, осындай мамандықтарға арналған мемлекеттік гранттар алдағы уақытта көбейе бермек.

Нарық сұраныстарына қажетті мамандарды даярлау ісінде алдағы уақытта министрліктер жергілікті әкімшіліктермен бірлесе жұмыс жүргізуге тиісті. Сонда ғана қай жерге қандай мамандық иелері қаншалықты қажет екендігі анықталады. Мамандар даярлау ісін соған орай жүзеге асырмасақ, еш жерге қажеті жоқ дипломды адамдар легін жыл сайын көбейткеннен не пайда? Мамандар даярлау ісінде жоғары оқу орындары басшылары мен жұмыс беруші арасында екіжақты келісім-шарт жасалуына тиісті.

Сондай-ақ, магистрлік бағдарламаның ғылыми-педагогтық және тәжірибелік бағыттағы міндеттерін нақтылап, соған сай диплом беретін уақыт жетті.

Жоғары білімді мамандар мен оқытушы профессорлардың білімін үзбей жетілдіріп отыру ісі Қазақстанда назардан тыс қалған. Бұл да алдағы уақытта шешімін күтіп тұрған істердің бірі. Ол үшін арнайы қаржы көздері де қарастырылуы керек. Алдымен оқытушылар мен ғалымдардың бір-бірімен тәжірибе алмасу орталығы құрған жөн. Бұл орталықта «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегерлері де өз білімдерін жетілдіруге бар мүмкіндік жасалғаны дұрыс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғары білім алу жүйесін түбірімен өзгертетін кез келді. Соның ішіндегі ең бастысы – жоғары оқу орындарына мемлекет тарапынан бөлінген қаржының жұмсалуды ашық, жариялылық жағдайында өтуін ұйымдастыру болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жоғары оқу орындарының басшылары қаржы жұмсау және оны реттеу жөніндегі есептерін жариялап отырса, көкейде күдік қалмас еді. Сондай-ақ, қатардағы оқытушылардың қадірі мен беделін көтеретін уақыт өтіп барады. Оны жүзеге асыру жолында жасалынып жатқан жұмыстар да аз емес. Ұстаз беделі

жөніндегі арнайы кодекс дайындалу үстінде екенін құлаққағыс етті министр.

Айта берсек, әңгіме көп. Ең бастысы, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу үшін бәсекеге қабілетті білім жүйесін жасақтауымыз қажет. Ел экономикасы жылдан-жылға көтеріліп келеді. Бірақ білім деңгейіміз сол экономиканың дамуына сай емес екенін несіне жасырамыз. Ендеше, ең ауыр жүк, ұстаздардың мойындарына түседі. Сол себепті де мемлекеттік бюджеттен 2006 жылы үздік оқытушылар гранты үшін 440 миллион 412 теңге бөлінді. Бұл грант тек ұстаздарға ғана беріліп отыр. Кейбір жоғары оқу орындарының басшылары кім құжаттарын дайындаса, сонын бәрін грантқа ұсына салатыны жасырын емес.

Білім және ғылым министрлігінде өткен алқа мәжілісінде Үкімет басшысы жоғары оқу орындарының саны жағынан Қазақстан дүниежүзінде бірінші орында деген. Біздегі 175 жоғары оқу орнының 76 филиалы әр аймақта жұмыс істейді екен. 15 миллион халқы бар Қазақстан үшін бұл көп пе, аз ба? Салыстырып байқайық, 80 миллион халқы бар Түркияда 80 жоғары оқу орны бар. Басқа дамыған елдерде бұдан да аз. Дипломды адамдардың көптігінен не пайда, қаржы, өндіріс, байланыс, информатика, тағы басқа салаларда ұлттық кадрларымыз жоқтың қасы. Дәл осы салаларда мемлекеттік тілдің қолдану аясы тым тар. Неге осы мамандықтарды игеруге жастарды жұмылдырмасқа? Ендеше, біздің болашағымыз жоғары оқу орындарының санында емес, сапалы да сұранысқа ие білімінде екенін түсінетін кез келді. Министр де осы жолда біріге жұмыс жасау қажеттігіне ерекше тоқталды. Нәтижесін уақыт көрсетеді. Біздің міндетіміз, көрген-түйгенімізді халыққа сол күйінде жеткізу ғана.

«Президент және Халық» газеті,
9 ақпан, 2007жыл.

ЖЕТІСТІК БАР, КЕМШІЛІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

Таяуда ҚР Білім және ғылым министрлігінде Премьер-министрдің қатысуымен кеңейтілген алқа мәжілісі болып өтті. Онда сала министрі Жансейіт Түймебаев өткен жылы жасалынған жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

– Білім және ғылым министрлігі өткен жылы Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі алға қойған міндеттерді жүзеге асырумен тікелей айналысты,– деп бастады министр алғашқы сөзін. – 2007 жылдың 27 шілдесінде «Білім туралы» жаңа Заңға қол қойылды. Соның арқасында біздегі білім саласының құрылымдары мен оның ішкі мазмұны ЮНЕСКО-97 атты халықаралық білім стандартына сәйкестендірілді. Орта мектеп 12 жылдық білім беру жүйесіне жақындап келеді. Жоғары біліктілік – бакалавр, магистр, доктор Ph дәрежесі бойынша белгіленеді. Сөйтіп, Қазақстандағы білім жүйесі әлемдік білім талаптарына сай қайта құрыла бастады,– деді министр.

Иә, бұған дейін де талай рет айтылған мәселелердің біразы жүзеге аса бастағаны жөнінде біз де баспасөзде жазғанбыз. Педагогтардың мәртебесі жоғарылатылды. Жоғары оқу орындары филиалдарының жөнсіз қызметтеріне шектеу қойылды. Жаңа Заң бойынша бұдан былай аймақтардағы жоғары оқу орындары филиалдарының басшылары министрлікпен келісіле отырып тағайындалады.

Мемлекет басшысының Жарлығымен ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін қосымша 43 миллиард теңге бөлінді. 2015 жылға дейін ғылымға жұмсалатын каржы көлемі жалпы ішкі өнімнің 2,5 пайызын құрады. Өткен жылы Қазақстанда Халықаралық сараптама кеңесі құрылды. Ғылыми зертеу жұмыстарын бір орталықтан басқару ісі жолға қойылмақшы. Ғылымды дамытудың 6 басым бағыттары белгіленді. Бұл үшін

ашық түрдегі 5 зертхана мен 15 университеттік инженерлік зертханалар іске қосылмақ. «Ғылым туралы» Заңның жаңа нұсқасы жасалынуда. Үкімет 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасын бекітті. Еліміздің барлық аймақтарында балалардың құқығын қорғау ұйымдары құрылды. Балалар үйінде тәрбиеленетін сәбилердің, қараусыз қалғандар мен қаңғыбас балалардың санын азайтып, балалар үйінде тәрбиеленіп шыққандар үшін арнайы жастар баспанасын салу мәселелері де алдағы уақыттарда өз шешімін таппақ.

2007 жылы техникалық және кәсіптік білім беру инфрақұрылымдарын жетілдірудің байыпты тенденциясы өмірге келді. Осы ретте 4 мемлекеттік кәсіптік мектеп ашылды. Сегіз оқу орталығы құрылды. Жабылған 9 жоғары оқу орны техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары болып қайта жабдықталды. Он төрт кәсіби мектепте интерактивті кабинеттер ашылды. Оған 2 миллионнан астам доллар жұмсалынды. Былтыр алғаш рет шетелдік орталықтардан 250 инженер-педагогтарымыз білім алып қайтқаны жөнінде министр егжей-тегжейлі тоқталды.

Министрдің баяндамасындағы деректерге назар салып, сана сүзгісінен өткізсек, біраз биіктерді бағындырып тастаған сияқтымыз.

Кәсіптік және техникалық білімді жетілдірудің 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалыныпты. Онда мамандар даярлаудың мемлекеттік-жекеменшік түрлерін дамыту, мемлекеттік тапсырысты республикалық бюджет есебінен 50 пайызға, жергілікті бюджет есебінен 30 пайызға көбейту, жыл сайын 3000 инженер педагогтың, оның ішінде 100 адамның шетелдерде білімін жетілдіруге жағдай жасау көзделген.

Кезектен тыс тексеру барысында білім деңгейлері талапқа сай еместігі анықталған 36 (20%) жоғары оқу орыны жабылыпты. Қазір бір кездегі 107 жоғары оқу орнының заңды талапқа сай делінген 71 ғана қалған. Сонымен қатар, олардың 58(76) филиалы да өз жұмыстарын тоқтатқан.

– Алдағы уақытта біз ЖО-дағы мамандықтар жүйесін де оңтайландыруды қолға алмақшымыз. Мұндағы өмір

қажеттіліктеріне негізделмеген мамандықтар қысқартылады. Жалпы білім сапасын көтеру бағытында өткен жылы біршама нақты шаралар жүзеге асты. Қазақстан Президентінің үш тұғырлы тіл жөніндегі тапсырмасы бойынша дарынды балалар үшін аймақтардан 30 арнайы мектеп ашу ісі қолға алынды. Бұл мектептерде математика, физика, информатика, химия, биология, география, экономика сабақтары ағылшын тілінде оқытылады. Жоғары оқу орындарына түсу сынақтарында қолданылатын ҰБТ-ның ең төменгі көрсеткіші 50-ден 60-қа жоғарылатылады. Енді жоғары оқу орындарында ақы төлеп оқу үшін де оқушылар мектеп бағдарламасының жартысын жақсы меңгеруіне тура келеді. ҰБТ кодының жауаптары мемлекеттік құпия санатына қосылды. Оны сақтамаған адам қылмыстық жауапқа тартылды, – деді министр.

Сондай-ақ, TOEFL жүйесі бойынша қазақ тілін оқытып, үйрету әдістері жасалынған екен.

Өткен жылдың 3 қыркүйегінде елімізде тұңғыш рет мемлекет басшысының қатысуымен мектептерде интерактивті сабақ өткен. Мұндай әдіс дүниежүзі бойынша тек Жапонияда ғана жүзеге асқанын ескерсек, Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін бұл үлкен жетістіктің басы екендігі даусыз. Қазіргі 1000 мектепте озық технологияларды пайдалана отырып, интерактивті сабақ өткізу үрдісі дәстүрге айналып барады. Осы жүйе арқылы білікті мұғалімдер аптаның әр бейсенбісінде сабақ жүргізеді. Сондай-ақ, 500 мектепке жаңадан интерактивті тақталар қойылды.

Қазақстанның 4-8 сынып аралығындағы оқушылары математика мен нақты білім саласы бойынша әлемнің 67 мемлекетімен бірге Халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысушылар (TIMSS-2007) мәртебесіне ие болыпты. Бұған біздің 150 мектептен 4,5 мың оқушы атсалысқан көрінеді.

– Оның нәтижесі үстіміздегі жылы белгілі болады. Бұл – өзіміздегі орта білімнің қазіргі деңгейін анықтап, келешекте оның кез келген бәсекелестікке төтеп беруіне ыңғайлы бағдарламалар жасауына мүмкіндік береді.

Жастардың саяси белсенділігі арта түсті. Өткен жылы жүзден астам қоғамдық және патриоттық шаралар ұйымдастырылды. Студенттік құрылыс жасақтарына қатысқан 20 мыңға жуық студент 2 миллиард теңге қаржыны игерді. «Жасыл ел» жасақшылары 5 мың гектар жерге ағаш отырғызды.

Ал мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларда еліміздің абыройын асқақтата түсті. Олар 31 алтын, 53 күміс, 79 қола медалін жеңіп алды. Бұл көрсеткіш жыл сайын биіктеп келеді,– деді министр.

Министрдің айтуына қарағанда, Білім және ғылым министрлігі 2010 жылы оқушылар арасында математика пәні бойынша өтетін дәстүрлі 51-ші халықаралық олимпиаданы Астана қаласында өткізу туралы Президент әкімшілігіне ұсыныспен шығыпты. Ұсыныс қолдау тапқан. Олимпиадаға әлемнің 100 елінен 1500 оқушы қатысады. Ал Халықаралық математика олимпиадасының ұйымдастыру комитеті Қазақстанды 51-ші олимпиаданы ұйымдастырушы ел деп бір ауыздан мақұлдапты. Бұл да Қазақстан білім жүйесінің озықтығын тағы да дәлелдей түссе керек.

Білім порталы жасақталып, пайдалануға берілген. Мұнда интернеттік білім нәрі мен білім саласының ақпараттық жүйесі және электронды үкімет құрылымдары шоғырланған. Мемлекет тапсырмасын орындау мақсатында инновациялық білім консорциумы құрылды. Оның ішінде екі халықаралық, ядролық технология және нанотехнология саласы бар. Бұл консорциумдар ғылыми мекемелер мен ғалымдар даярлайтын жоғары оқу орындарының бірігіп жұмыс жүргізуіне де кеңінен жол ашады.

2007 жылы Астанада «Орталық Азиядағы Ислам өркениеті» деген тақырыпта әлемнің 21 елінің өкілі қатысуымен конференция өтті. Басқосу – Мұсылман әлемі мен Батыстың мәдениетаралық байланыстарының одан әрі жақсара түсуіне өз ықпалын тигізгені анық.

– Жетістіктер мен қоса өткен жылы біраз кемшіліктер де орын алғанын ашық айтуымыз керек,– дей келе, министр мырза Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Жамбыл,

Қарағанды облыстарындағы білім мекемелерінің қызметкерлері қаржы-шаруашылық саласында кемшіліктерге жол бергенін мысалға келтірді.

Республика бойынша оқушылардың жалпы сабақ үлгерімі алаңдататынын да жасырмады. Әсіресе Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарындағы үлгерім көрсеткіштері тым төмен. Еліміздің әрбір үшінші мектебінде физика, химия, биология кабинеттері мен спорт залдары талапқа сай емес. 217 мектеп құлаудың алдында тұрса, 108 мектепте әлі күнге дейін үш ауысымда сабақ өтуде.

Мектепке дейінгі мекемелердегі жағдайлар да сын көтермейді. Бұл тұрғыда Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ахуал өте нашар екені де айтылды.

«Білім туралы» Заңды белінен басып, министрліктің рұқсатынсыз өздерін өздері қызметке тағайындап алған Алматы қаласы білім департаментінің директоры мен Ақмола, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы кейбір аудандық білім бөлімдері меңгерушілерінің әрекеттері сынға алынды. Сондай-ақ, үйлері мектептен жырақта орналасқан 4 мың оқушыны мектепке әкелетін көліктің дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан орталықтарда пәтер жалдап тұруға мәжбүр болған. 11 мың оқушы мектепке жаяу-жалпылап жырақтан қатынайтыны белгілі болып отыр.

Бытыр мектеп жасындағы 400 мыңға жуық бала әртүрлі науқастарға шалдыққан. Оқушылардың 22 пайызы темекі тартса, 3 мыннан астам бала наркологиялық диспансерлерде есепте тұрады. Мұның бәрі жергілікті әкімшіліктердің келешек ұрпақ тағдырына немқұрайлы қарайтындығын аңғартады, – деді министр.

Еліміздің барлық облыстарында ұстаздардың білімін көтеру ісі ақсап жатыр.

2008 жылдың 9-12 қаңтар аралығындағы кезектен тыс тексеріс барысында бұған дейін жабылған жоғары оқу орындары

филиалдарының біразы жасырын түрде әлі де жұмыс істеп жатқаны анықталыпты. Олар – Орал қаласындағы Қазақ-орыс халықаралық университетінің, Орал және Ақтау қалаларындағы Орталық Азия университетінің, Павлодардағы Қазақ құқық және халықаралық қатынастар институтының, Ақтөбедегі Қазақ гуманитарлық заң университетінің, Павлодардағы Қазақстан-Ресей университетінің, Екібастұз бен Ақсу қалаларындағы Павлодар университетінің, Қазақ көлік және коммуникация академиясының, Қазақ тұтынушылар одағы университетінің, Экономика және статистика академиясының, «Қайнар» университетінің филиалдары екендігі белгілі болып отыр.

Осыған байланысты біріншіден, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы әкімшілік заң бұзушылық жөніндегі заңнамаларды негізге ала отырып, осы филиалдардың басты жоғары оқу орындарындағы білім беру құқығы туралы лицензияларды қайтарып алу, сөйтіп олардың білім берумен айналысу қызметтерін тоқтату Бақылау комитетіне жүктелгенін министр баса көрсетті..

Сонымен қоса, нақты шара қолдану үшін тексеру қорытындылары құқық қорғау органдарына тапсырылғаны да белгілі болды.

– Жоғарыда көрсетілген басқа да кемшіліктер мен олқылықтар қалпына келтіріліп, алдағы уақытта қайталанбауға тиісті!— деп министр сөзін аяқтады.

**«Президент және Халық» газеті,
15 ақпан, 2008 жыл.**

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақстанның Сыр өңіріндегі білім, ғылым және мәдениет ошақтарының бірегейі болып табылады. Университет ғалымдары шетелдік әріптестерінің оқу тәжірибелерін пайдалана отырып, оқу ісіне жаңа технологияларды енгізудің ұтымды әдістерін жүзеге асырды. Мұндағы ақпараттық-телекоммуникация жүйесінің корпоративтік желісі басқарудың жаңа технологиясын әкелді. Ал ол өз кезегінде студенттердің білімін бақылаудың және бағалаудың жаңа әдістемесін жасауға мүмкіндік туғызды.

Университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновпен сұхбат бәсекеге қабілетті білім берудің өзекті мәселелерін қозғайды.

– Қылышбай Алдабергенұлы, Қазақстан Республикасының Президентінің биылғы Жолдауында әлемдегі экономикасы барынша дамыған 50 мемлекеттің қатарына ену туралы кең ауқымды стратегиялық басымдықтар айқындалған. Соның бірі – осы заманға лайық білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту. Осы бағытта өзіңіз басқарып отырған университеттің алдында қандай мақсат-міндеттер тұр?

– Бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауды қамтамасыз ету – кәсіби білім беру жүйесінде халықаралық стандарттар талаптарына сай сапалы білім беру негізінде жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақстанның Арал өңіріндегі білім, ғылым және мәдениет орталығы ретінде аймақ экономикасының дамуына үлес қосуды, біздің еліміздегі еңбек нарығында бәсекеге

қабілетті бола алатын жоғары білікті мамандар даярлауды өзінің негізгі мақсаты деп біледі.

Соңғы жылдары университеттің білім және ғылым саласындағы қызметі еліміздің, алыс және жақын шетелдердің білім жүйесінде, ғылым және мәдениет саласында белгілі дәрежеде танылуда.

2005 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мемлекеттік аттестациядан өтті. Университетте сапа менеджменті жүйесі жасалып, енгізілді. Сондықтан, білім беру қызметінің сапасын арттыру негізгі міндетімізге айналды.

Университеттегі сапа менеджменті жүйесінің негізгі мақсаты – жоғары сапалы білім беру негізінде ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті, мамандар даярлаудың сапасын көтеруді жүйелі түрде жетілдіру болып табылады.

Университеттің көпденгейлі білім беру жүйесі уақыт талабымен үндестікте, сапалы білім беруді қамтамасыз ете отырып үнемі жетілдірілуге бағытталған. Көпденгейлі білім беру жүйесінің (мектеп-колледж-бакалавриат-магистратура-аспирантура) мақсаты – үздіксіз білім беру жұмысын, оның саатыларының сабақтастығын, білім мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

– Университетте оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіру және тиімді басқару бағытындағы уақыт талабына сай атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсеңіз?

– Университетте оқу ісі 11 факультетте, 48 кафедрада, оның ішінде әскери кафедрада ұйымдастырылған. Бакалавриаттың 52 мамандығы бойынша күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде 11 мыңнан астам студент білім алады. Сонымен қатар, магистратураның 15 мамандығы, аспирантураның 9 мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық мамандар даярланады. Оқу процесін жетілдіру және білім беру қызметін тиімді басқару мақсатында 2005 жылы құрылымдық өзгерістер жүргізілді. Инженерлік-экологиялық факультеті базасында политехникалық факультеті құрылды. Экономика, тарих және құқық,

филология, механика-технологиялық факультеттері экономика және құқық, тарих және қазақ филологиясы, әлем тілдері, аграрлық-техникалық факультеттері болып қайта құрылды. Құрылымдық өзгерістер оңтайландыру және мамандар даярлау сапасын көтеру мақсатында кадрлар әлеуетін, материалдық-техникалық базаны, әрбір мамандықтар бойынша студенттерді оқыту ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді.

Биылғы оқу жылында «Қабілет» мектеп-гимназиясы мен жоғары оқу орнына дайындық орталығы базасында «Қабілет» бейінді білім беру лицейі ұйымдастырылды. Аталған лицей қабырғасында әрі қарай жоғары оқу орнына түсу мақсатында жекелеген мектеп пәндері тереңдетіліп оқытылады. Қазақстан мен жақын шетелдердің жоғары оқу орындарындағы қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу тәжірибесіне сүйене отырып, сырттай оқыту және мамандарды қайта даярлау институты, қашықтан оқыту және біліктілік арттыру орталығы болып қайта құрылды. Қазір университеттің екі экономикалық мамандығы бойынша студенттерді қашықтан оқыту технологиясына сәйкес алғаш рет қабылдау жоспарланып отыр. Бұл мамандықтар қажетті ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базамен, сондай-ақ кадрлар әлеуетімен қамтамасыз етіледі.

Ақпараттандыру тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында университетте құрамына қазіргі заманғы компьютерлермен, оргтехникамен, баспа құралдарымен жабдықталған желілерді басқару бөлімі, компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету бөлімі, компьютерлерге техникалық қызмет көрсету бөлімі, редакциялық-баспа бөлімі кіретін ақпараттық технологиялар орталығы жұмыс атқаруда.

– Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім алушының кәсіби көзқарас тұрғысынан жеке тұлғасын дамыту бағытында университетте қандай шаралар жасалып отыр?

– Елбасының биылғы Жолдауында «Адамның өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызуымыз керек» деп атап көрсетілгендей, университет ұжымы кәсіби көзқарас тұрғысынан білім

алушының жеке тұлғасын дамытуға қолайлы әсер ететіндей мүмкіндік жасау, сонымен қатар, университет қабырғасында алынған білімдерін және озық тәжірибелерін жетілдіріп отыру жолында үнемі ізденіс үстінде. Уақыт талабын ескере отырып, университетте мамандықтардың материалдық-техникалық базасы, кітап қоры жаңартылуда, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар кеңінен енгізілуде. Профессорлар мен оқытушылардың сапалық құрамы жылдан жылға өсіп келеді.

Осы 2005-2006 оқу жылында «Шетел тілі», «Аударма ісі», «Филология», «Аймақтану» мамандықтарының студенттері үшін сандық-тілдік зертхана ашылды. Оның көмегімен шетел тілдерінің ерекшеліктерін тереңдетіп үйрену мүмкіндігіне қол жеткізілді. Келесі оқу жылында қосымша осындай зертханалар ашу туралы шешім қабылданды.

«Өмір-тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау», «Құрылыс», «Құрылыс материалдары мен бұйымдарын шығару» мамандықтарының студенттері үшін, сондай-ақ колледж, бакалавриат пен магистратураның барлық техникалық мамандықтары үшін «Материалдар кедергісі» пәнінен әмбебап зертханалық қондырғысы сатылып алынды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне университет тарапынан 2006-2010 жылдарға арналған техникалық жарақтандыру бағдарламасы бойынша осы заманғы жабдықтар алуға сұраныс жасалды.

Университет қызметінде дәстүрлі және инновациялық білім беру технологиялары арасындағы өзара үйлесімді қарым-қатынасты орнату басты орын алады. Соңғы үш жылда университет мамандықтарының әртүрлі пәндері бойынша 300-ден астам электронды оқу басылымдары, 400-дей электронды оқулықтар алынды. Университеттің ғылыми-техникалық кітапханасында Интернет жүйесіне қосылған екі оқу залы жұмыс істейді. Бұл оқытушы мен студенттің өзіндік жұмыс істеуі үшін электрондық оқу базасын пайдалануға мүмкіндік береді. Қазір электронды кітапхана жасау жұмыстары туралы ақпараттар жинақталуда.

2004 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесінің (АТЖ) корпоративтік желісі жасалып, іске қосылды. Бұл желінің міндеті желілік ресурстарды, электрондық поштаны, Интернет желісін, құжат айналымын және автоматтандырылған жұмыс орны базасының мәліметтерін кеңінен пайдалану болып табылады. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесі техникалық аппараттар қорын тиімді пайдалану үшін университет компьютерлерін бірыңғай ақпараттық-есептеу желісіне біріктіреді, корпоративтік мәліметтер базасын пайдалануды, басқарудың жаңа технологиясын енгізуді, студенттердің білімін бақылауды және бағалауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта корпоративтік желінің әрбір оқу ғимаратында орналасқан құрылымдық бөлімшелердің желілік ресурсын қосатын екінші кезеңі іске қосуға әзір.

Компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету бөлімінің мамандары жасап шығарған «Студенттер білімін бақылау және бағалау» бағдарламалық кешені өзінің оң нәтижесін беруде. Бұл бағдарлама бүкіл оқу кезеңінде студенттер контингентінің қозғалысын автоматты түрде бақылауға студенттер білімін аралық және қорытынды бақылауға, мемлекеттік емтихандар қорытындылары мен студенттердің курстан курсқа көшу, стипендия тағайындау бұйрықтарын жасауға, оқу бітіргеннен кейін диплом қосымшасын толтыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, «Студенттердің әлеуметтік төлқұжаты», «Кадр бөлімі», «Ақылы білім беру қызметін есепке алу», «Студенттер бөлімі», «Бухгалтерлік есеп», «Оқу процесін ұйымдастырудың автоматтандырылған жүйесі» компьютерлік бағдарламалары кафедраларының оқу жүктемелерінің есебін, оның бөлінісін және сабақ кестесін жасауға мүмкіндік беруде.

Оқу процесіне енгізілген «Студенттер білімін бақылау және бағалау» бағдарламалық кешені өзінің оң нәтижелерін беріп, университеттің деканаттары мен кафедраларының

жұмыстарын тиімді жүргізуге мүмкіндік жасауда. Қазір осы кешенді компьютерлік бағдарламаны сырттай оқу бөліміне енгізудің екінші сатысы аяқталып келеді.

– **Білікті кадр даярлау үшін білікті оқытушылар керек. Осы орайда университетте оқытушы-профессорлардың кәсіби біліктілігін арттыру және бағалау бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып өтсеңіз?**

– Сапалы білім беру, білікті оқытушыларсыз мүмкін емес. Олардың кәсіби білімінің өсуіне университетте жұмыс істейтін оқытушы-профессорлардың кәсіби біліктілігінің қызметін саралап-бағалау жүйесі ықпал етеді. Рейтинг – университеттің әрбір оқытушысының ғылыми әлеуетін сапалы түрде бағалауға ықпал етті, жас оқытушылардың кәсіби қызметін ынталандырды, сондай-ақ неғұрлым тәжірибелі оқытушылардың қызметін нығайтып, жетілдіре түсті. Сол сияқты, 2005 жылдың қорытындысы бойынша университеттің жеті оқытушысы кәсіби қызметінің түрлі ғылыми бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған конкурс нәтижесінде «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Университет мамандарға мемлекеттің, нақты жұмыс берушілердің сұраныстарын, білім алушылардың жеке мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып, студенттер білімін саралап отыруға ерекше назар аударады. Мысалы, 2002 жылдан бастап бакалавриат пен магистратурада білім алу кредиттік оқыту жүйесі негізінде жүргізіледі. 2004 жылы бұл жүйені оқу процесіне енгізу 28 мамандық бойынша іске асырылады. Жаңа 2006-2007 оқу жылында бакалавриаттың 46 мамандықтары бойынша білім беру кредиттік технология бойынша жүргізілетін болады. Қазіргі уақытта оқу процесіне кредиттік жүйені енгізу және инновациялық технологияны пайдалануды жетілдіруге байланысты оқытушылар үшін біліктілігін көтеру курстары ұйымдастырылуда.

– **Бүгінгі күні халықаралық білім кеңістігіне ену үшін шетелдердің оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен жан-**

жақты байланыстарының маңызы артып отырғаны белгілі. Осыған орай университеттің білім, ғылым және мәдениет саласындағы халықаралық байланыстары қалай дамуда?

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті алыс және жақын шетелдердің оқу орындары және ғылыми орталықтарымен халықаралық байланыстарын дамытып отырады. Шетелдік әріптестердің тәжірибесі оқу процесін ұйымдастырудағы жаңа технологияларды енгізіп, жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Австрия, АҚШ, Египет, Корея Республикасы, Канада, Ресей Федерациясы, Түркия Республикасы және тағы басқа елдермен университеттің ғылыми және мәдени ынтымақтастығы нығая түсуде.

Еуразия-Тынық мұхит университеттері желісінің және Еуропаның беделді академиялық форумының бірі – Италияның Болонья қаласындағы Университеттердің Ұлы Хартиясының толыққанды мүшесіне айналған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті халықаралық білім кеңістігіне одан әрі енуге, жаңа ақпараттық технологияларды дамыта отырып, оқу процесіне енгізуге, оқытушылар мен студенттердің беделді білім және ғылыми жобаларға қатысуына, сондай-ақ академиялық дәрежелердің халықаралық деңгейде танылуына мүмкіншілік беретін қадам жасап отыр.

– Соңғы кездері Қызылорда облысының территориясында орналасқан тарихи ескерткіштер мен көне қалалардың орнынан табылған құнды дүниелер туралы аз айтылып жүрген жоқ. Университет ғалымдарының осы жұмыстарға қатысуы туралы айтып берсеңіз?

– Университет ғалымдары мен «Археология және этнология» мамандығының студенттері Сыр бойындағы көне ескерткіштер мен орта ғасырлық қалалардың орнына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен гуманитарлық саладағы ынтымақтастығының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты университетте іс-шаралар жоспары

жасалды. Бұл жоспар бойынша жұмыстар Ресей Ғылым Академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтымен бірлесіп жүргізілуде. Университет базасында аталған институт мамандарының қатысуымен «Арал өңіріндегі археологиялық зерттеулердің жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Археология және этнология» мамандығының студенттері 2004 жылдың шілдесі мен 2005 жылдың тамызында осы институттың экспедициясы құрамында Волга өзенінің жағасындағы Самосделкино деревнясында жұмыс жасады. Экспедиция 2005 жылдың қыркүйек-қазан айларынан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының аумағында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қазіргі уақытта университеттің 22 жас оқытушысы Мәскеу жоғары оқу орындарының аспирантураларында, оның ішінде үшеуі Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының аспирантурасында оқып жатыр. Сонымен бірге 11 оқытушы Ресей жоғары оқу орындарында ғылыми стажировкадан өтуде.

– Университет студент-жастарының ғылыми шығармашылық жұмыстарындағы, мәдени және спорт салаларындағы қол жеткен қандай жетістіктері бар?

– Соңғы уақытта студенттер белсенділігінің артып келе жатқанын атап өткім келеді. Үстіміздегі оқу жылы 50-ден астам студентіміз ғылыми конференциялардың, пән олимпиадалары мен конкурстардың, түрлі спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен дипломанттары атанды. Біздің студенттердің есімдері елімізге ғана емес, әлемге де танылуда.

Мысалы, Илья Ильин – ауыр атлетикадан үшi дүркін әлем чемпионы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы үздік спортшысы.

Қуаныш Рахатов – ауыр атлетикадан Азия чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері және әлем чемпионатының қола

жүлдегері.

Бұл университет оқытушыларының сапалы білім беру жолындағы қызметінің бір көрсеткіші деп айтуға болады.

Білім беру жүйесі – еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды сала. Сондықтан, университет ұжымы осы стратегиялық салада халықаралық стандарттар талабына сай кәсіби мамандар даярлау және халықаралық білім кеңістігіне ену бағытындағы жұмыстарын жалғастыра беретін болады.

– Алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін. Өз пікіріңізді бізбен бөліскеніңізге рахмет.

**«Президент және Халық» газеті,
14 шілде, 2006 жыл.**

ЗАМАНАУИ БІЛІМНІҢ БАСПАЛДАҒЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті осы өңірдегі көшбасшы оқу орны болып табылады. Мұнда бүгінгі заманға сай білім берудің кешенді жүйесі жасалынған. Еліміздегі білім беру саласын реформалау жөніндегі негізгі бағдарлама да осында жүзеге асуда. Университет ректоры Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевпен тілші арасында болған ашық әңгімеде осы және тағы басқа өзекті мәселелер жөнінде ой қозғалады.

– Қазіргі заманғы экономикалық және қоғамдық модернизацияның талаптарына жауап бере алатын еңбек ресурстары мен мамандарды дайындау, жоғары оқу орындарын оптимизациялау және техникалық мамандарды дайындауға баса назар аудару – өмір талабы. Әңіmemізді осы төңіректе өрбітсек?

– М.Әуезов атындағы ОҚМУ үшін еліміздің ғылыми-зерттеу институттары, өнеркәсіптік бірлестіктері және мекемелермен бірлесіп интеграциялық білім беру бағдарламалары аясында білікті мамандар дайындау негізгі міндеті болып саналады.

Біз өз кезегінде кешенді білім беру проблемаларын жедел шешуге, оқу және ғылыми процестерге бақылауды жақсартуға, құрылымдардың жауапкершілігін арттыруға, ең бастысы, ғылым мен білімді өнеркәсіппен байланыстыруға мүмкіндік туғыза отырып бакалаврлардың, магистранттардың, PhD докторларының, аспиранттар мен докторанттардың сапалы және жоғары дәрежеде дайындалуына жағдай жасай білдік.

– Мамандар дайындаудың кешендік бағдарламасы, яғни жоғары оқу орнындағы білім беру мен бір мезеттің өзінде жұмысшы мамандықтарына дайындау проблемаларын шешу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы жөнінде не айтуға болады?

– Бұл құрылымда мамандар даярлаудың кешенді бағдарламасында қарастырылғанындай, студенттерді бірінші курста кәсіби шеберлік куәлігін беретін жұмысшы мамандықтарына міндетті оқыту, арнайы пәндер бойынша іс-тәжірибелер мен зертханалық кешенді жұмыстардың жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарындағы оқу-ғылыми- өндірістік кешендерде өтуі көзделген.

Университеттің барлық ғылыми жұмыстарына басшылық жасау ғылыми-зерттеу бөлімі, дайындық бөлімі және ғылыми-зерттеу жұмыстары мен халықаралық байланыстар бойынша проректоры басшылығында жүзеге асырылады. Негізгі басқару құрылымдары және оқу үрдісін ұйымдастыруды қамтамасыз ету істері сол қалпында қалдырылады. Еңбек нарығын талдау, жоғары білімді мамандарды дайындауға деген мемлекеттік тапсырыс бізге қажетті институттарды, факультеттерді және кафедраларды анықтауға мүмкіндік берді.

– Қазіргі таңда республикамыздың білім беру жүйесін жақсарту мақсатында күрделі реформалар жүргізілуде. Бұл салада сіздерде қандай жұмыстар атқарылуда?

– Жалпы аймақтық және жекелеген салалар бойынша маркетингтік зерттеулер нәтижесінде, еңбек нарығындағы жетекші мамандықтарға деген ішкі және сыртқы сұраныстарды талдай отырып, уақыт ағымына сай жаңа факультеттер мен кафедралар ашылды.

Университеттің құрылымдық жүйелерінің үнемі өзгеріп отыруы мен жүзеге асырылуы нарық талаптарына сай мақта, тоқыма, мұнай, құрылыс, шина кластерлерінің пайда болуына байланысты туындап отыр. Қазіргі уақытта орташа және шағын бизнес үшін бизнес-инкубаторлар жасау бойынша жұмыстар аяқталуда.

– М.Әуезов атындағы ОҚМУ еліміздегі жетекші университеттердің бірінен саналады. Қазіргі уақытта қандай мамандықтар бойынша мамандар даярлануда?

– Қазіргі кезде университетте 77 мамандық бойынша студенттер дәріс алады. Оның ішінде педагогикалық бағытта 18 мамандық, ғылыми-жаратылыстану, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық бағытта 19 мамандық, инженерлік-

техникалық бағытта 17 мамандық, ауылшаруашылық бағытында 7 мамандық, мәдениет және өнер бағытында 12 мамандық, қызмет көрсету саласы бойынша 5 мамандық бойынша білім беріледі.

– **Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер студенттердің білімін бағалаудың жаңа талаптарын міндеттейді. Бұл салада ОҚМУ-де модульді-рейтинг жүйесі ендірілген. Осы туралы айта кетсеңіз?**

– Модульді-рейтинг жүйесі – студенттер алған білім дәрежесі туралы барынша толық ақпарат алуға мүмкіндік тудырады. Бірінші, бақылау аптасының қорытындылары бойынша топтағы жақсы және нашар оқитын студенттерді анықтауға болады. Бұл өз кезегінде жақсы оқитындарды ынталандырып, ал нашар оқитындарға қосымша сабақ өткізуді айқындап береді. Сонымен қатар, оқудың бастапқы кезеңінің өзінде болжамдық көрсеткіштер негізінде студенттер арасында «өте жақсы», «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға оқитын студенттер іріктеліп, үздіктер мен аттестат алмайтындар анықталады. Мұндай болжамдау оқу үрдісіне өзгерістер ендіруге мүмкіншілік туғызды. Модульді-рейтинг жүйесінің қорытындылары бойынша бір байқағанымыз, студенттер енді барлық сабақтар бойынша дайындала бастайды. Студенттің оқуға деген ынтасы артып, профессор-оқытушылар құрамының өз қызметіне деген қызығушылығы байқалды.

Модульді-рейтинг жүйесінің ережесі бойынша университетте студенттердің білімін бағалаудың 100 баллдық жүйесі қабылданған: бастапқы, ағымдағы және аралық бақылауға барлық модульдер бойынша 60 балл, қорытынды бақылауға 40 балл бөлінген.

– **Қазақстанның білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану мақсатына бағытталып отыр. Сіздердің оқу орындарыңыз оқу үрдісіне несиелік оқыту жүйесін алғашқылардың бірі болып енгізгені есімізде. Осы туралы қысқаша тоқталсаңыз.**

– Қазіргі таңда Болонья декларациясының талаптарына жауап беретін жаңашылдықтардың бірі – Қазақстан жоғары мектебінің несиелік оқыту жүйесіне өтуі болып отыр. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының несиелік жүйені ендіруі – мамандар дайындау сапасын жақсарту және білім беру жүйесін реформалаудың жалпы әлемдік тенденцияларына сай болуын талап етеді.

Сондықтан, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми кеңесінің шешімімен барлық бірінші курс студенттері 2004 жылдан бастап несиелік оқыту жүйесіне өтті, ал экономика мамандығының студенттері бұл жүйеге бір жыл бұрын өткен болатын.

– Несиелік оқыту жүйесінің ендірілуіне байланысты, білім алушыларды оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында қандай жаңалықтар ендірілді?

– Университет әкімшілігі студенттерді оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету жұмысына үлкен көңіл бөледі. Бұл жұмыс төменгі екі бағытта жүргізілді:

1. Қажетті болған оқу-әдістемелік құралдарын дер кезінде сатып алу;

2. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы силлабустар, әдістемелік құралдар, монографиялар, электронды оқулықтар және оқу-әдістемелік нұсқауларды дайындауды сапалы түрде орындау.

Атап айтсақ, силлабус әдісі бойынша әрбір пәннің оқу-әдістемелік кешені болып, онда әрбір сабақтың уақыты, мерзімі, пәннің тақырыптары, қажетті әдебиеттер көрсетіледі.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша білім алушылар үшін қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттері 230 млн.теңгеге сатып алынды, ал осы жылы бұл 40 млн. теңгеге артып отыр. Университет профессор-оқытушылар құрамы өткен оқу жылында 987 силлабусты даярлаған болса, бұл жылы жаңадан

400 силлабус қоса дайындалды. Биылғы оқу жылының соңына дейін тағы 800 силлабус дайындау жоспарланып отыр. Ақпараттық білім беру орталығында 2006 жылдың 1 қаңтарына электронды оқулықтардың саны 2883 данаға жеткізілді.

– Заманауи білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудың тәсілдерінен арылып, жаңа инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Атап айтқанда, кейстік технологияны. Осы технология сіздерде қолданыла ма?

– Несиелік оқыту жүйесінің ендірілуі оқытудың инновациялық технологияларын талап ететіні рас. Соның ішінде негізгісі – кейс технологиясы. Кейс әдісі – педагогикалық шеберлікті, студенттің жұмысын, ұмтылысын, шығармашылығын үйлестіретін тамаша мүмкіншілік. Кейс бұл – қойылған тапсырманы орындауда ұжымдық және жеке ізденісті талап ететін әдіс.

«Кейс» сөзі ағылшын тілінен аударғанда – істің жағдайы деген мағынаны білдіреді. Кейстер оқуға деген дағды мен шеберлікті, теориялық материалды айқындауды және пысықтауды, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруды, басқару шешімін қабылдауды жүзеге асырады.

Кейспен жұмыс істеу кезеңдері оның күрделілігі, қолдағы бар кәсіптік тәжірибеге және оқытудың техникалық құралдарына да байланысты болады. Кейс әдісімен оқыту – мақсатты бағытталған үрдіс.

Кейс әдісінің ең негізгі ерешелігі – нақты өмірдегі деректер негізінде проблемалық жағдайды шешу. Кейс әдісі тек қана кейстік-банкiнiң болуын ғана талап етпейдi, оны оқытудың және қолданудың әдістемелік нұсқауларын, пікір таласшыл сұрақтардың, студенттерге қойылатын талаптардың және ең маңыздысы – оқытушыға көмек беретін дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіледі. Кейс әдісі теориялық оқыту мен тәжірибелік дағдылардың тиімді үйлесуін қамтамасыз етуге жәрдем береді. Пікір талас негізінде оқытушы тарапынан қосалқы түрде студенттердің білімінің тереңдеуіне жағдай жасайды. Сондықтан, университетте кейс әдісінің осы тиімділік-

терін ескере отырып, оқу үрдісіне кейс технологиясын шартты түрде ендіру жолға қойылды және оқытушыларға оқу-әдістемелік нұсқау ретінде ұсынылды. Оқу-әдістемелік басқармасы тарапынан «Кейстерді құрастыру бойынша әдістемелік нұсқау» жасалынды. Профессор-оқытушылар құрамын бұл әдіспен таныстыру үшін жыл бойы семинарлар ұйымдастырылуда. Кейс технологиясы бойынша фильм қоры жасақталды. Кафедралардың оқытушылар құрамына кейстерді құрастыру бойынша кеңестер беру, оқу сабақтары ұйымдастырылды. «Психология» кафедрасының меңгерушісі А.Г.Маджуга 2005жылы Интернет арқылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің кейс технологиясы бойынша сертификатын алды. Ал 2006 жылы «Психолого-педагогические основы использования кейсовой технологии в процессе обучения в вузе» атты электрондық оқулығын шығарды.

– Нарықтық экономика кезінде өнеркәсіптің қайта жандануы мамандардың өндірістен қол үзбей білім алуын талап етеді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың маңызы туралы айта кетсеңіз?

– Қашықтықтан оқыту бөлімі студенттерді қашықтықтан дайындап оқыту үшін желілік және кейстік технологияларды, сонымен қатар теле-коммуникациялық мүмкіншіліктерді қолданады. Желілік технология «Прометей» қашықтықтан оқыту жүйесінің базасында бағдарламалы режимде пайдаланылады, яғни студенттің оқу жұмыстары мен пән бойынша сұрақтар жиынтығын электронды пошта арқылы тарата алады. Тьютерлер (оқытушылар) мен студенттердің (тыңдаушылар) интернет желісінде қарым-қатынас жасауына және жұмыс жасауына әрдайым мүмкіншілігі бар. Қашықтықтан оқыту бөлімі оқу және әдістемелік жұмыстарды қамтитын, мақсатты және жылдық жоспарлар негізінде жұмысты жүзеге асыруда.

Қашықтықтан білім беруді іске асыру үшін ОҚМУ-де корпоративті білім желісі UKGU Net құрылды. Бұл қорда болашақта ОҚО-ның барлық аймағында қашықтықтан білім беруді енгізу инфрақұрылымның ұлғайтылуы көзделіп отыр. Ол ОҚО-ның

аса ірі маңызды елді мекендерінде жеткілікті компьютерлерінген жұмыс орындарымен жабдықталған оқыту орталықтарын құрайды.

– **Сіздің университеттің студенттерін шетелдік компанияларда жұмысқа орналастыру үшін қандай дайындық жұмыстары атқарылады?**

– Университеттің Мұнай мен газ, Ақпараттық технологиялар жүйелері және Технология факультеттерінде жалпы білім беру алдымен мемлекеттік тілде, одан кейін орыс тілі мен шет тілдерінде оқытылады. Студенттердің келешекте ұжымдық жұмысқа бейімділігін арттыру мақсатында «Кәсіптік қатынастың психологиясы» пәні тереңдетіліп оқытылады.

Студенттердің диплом алды және өндірістік тәжірибесін шетел компанияларында өтуін қамтамасыз ету үшін олардың арасында байқау өткізіледі. Оның мақсаты – лайықты студенттерді таңдап алу. Байқаудың негізгі талаптары бұл – терең білім, компьютерлік сауаттылық, шет тілінде сөйлесу және ұжымда жұмыс істей білу қабілеті. Университетіміз студенттердің барлық түрдегі тәжірибелерін тиянақты өткізу мақсатында «ПетроҚазақстанойл продактс», «Қарашығанақ Петролеум оперейтинг», «Айдана мұнай» және «Теңізшевройл» АҚ-мен тығыз байланыс орнатқан.

– **Несиелік оқыту жүйесінің дәстүрлі оқыту жүйесінен қандай айырмашылықтары бар?**

– Біріншіден, несиелік оқыту жүйесі кезінде студент білім алу ауқымын өзі таңдап алады.

Екіншіден, несиелік оқыту жүйесіне өзгелерге қарағанда баса назар аударылады.

Несиелік оқыту жүйесінің ендірілуі оқытушылардан өзінің жұмысын түбірлі өзгертуді талап етеді. Себебі, бұл кезде студент оқытушы берген кеңестер мен ұсыныстар негізінде курстың бағдарламасын өз бетінше үйренеді.

– **Қазіргі таңда республикамызда іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге баса назар аударылуда. Өздеріңізде осы мәселе бойынша қандай тиянақты жұмыстар жүргізілуде**

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңы талаптарын жүзеге асыру мақсатында биылғы жылы біздің университетте іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу 80%-ға жеткізілді. Ақпараттық білім беру орталығындағы оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерінің мемлекеттік тілдегі үлес салмағы өткен жылдармен салыстырғанда 70%-ға өсті. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді игеремін деген қызметкерлер мен студенттер үшін 36 сағаттық оқу бағдарламасымен 2 ай мерзімге арналған арнайы курстар ұйымдастырылған. «Тіл – мемлекеттің тірегі» атты байқаулар тұрақты өткізіліп отырады. Оқу-көрнекілік құралдарының 90%-ы мемлекеттік тілде дайындалған.

– **Жоғары оқу орындарын аттестаттау кезінде негізгі талаптардың бірі профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелілігі болып есептелінеді. Бұл мәселе қалай шешілуде?**

– «Білім беру мекемелерінің қызметін үйлестірудің типтік Ережесіне» сәйкес жоғары оқу орнының штаттық профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелілігі 40%-тен төмен болмауы керек. Біздің университетте профессор-оқытушылардың штаттық құрамы 1402 адам. Оның екеуі ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 89 ғылым докторы мен профессоры, 486 ғылым кандидаттары мен доценттері болып есептелінеді. Жалпы біліктілік талаптарына сәйкес университеттің ғылыми дәрежелілігі 41%-ды құрайды.

–**Өздеріңізде шет тілдерін оқыту ісі қай деңгейде?**

– Қазіргі ғылыми-техникалық ілгерілеушіліктің өршіп дамуы және инновациялық технологиялар дәуірінде шет тілдерін білмей өмір сүру мүмкін емес. Тіл білу – адамзат алдына қажетті ақпарат алуға мол мүмкіншілік ашады. Сондықтан біздің университетте шет тілдерін үйренуге үлкен мән беріледі және бұл салада нақты іс-шаралар орындалуда. Атап айтсақ, студенттер үшін лекция мен тәжірибелік сабақтарды шет тілінде өтуді қамтамасыз ету үшін, профессор-оқытушылар құрамын шет тілдеріне үйретуге арналған «Тілдерді дамыту орталығы» ашылды. Осы орталықта біздің 30-дан аса профессор-оқытушыларымыз дәріс алууда.

Студенттер арасында типтік оқу бағдарламаларында қарастырылған шет тілдерді үйрену сағаттар жүктемесінен тыс, қосымша шет тілдерді үйрету сабақтары жүргізіледі. «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттері араб және испан тілдерін де оқып үйренеді.

– Студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі алғаш рет сіздерде қолданылғанын білеміз. Осы жөнінде де толығырақ айта кетсеңіз?

– Иә, Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасында студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін ендірген біздің университет болып табылады. Бұл жүйенің басты мақсаты– студент жастарға қатысты мәселелерді шешу ісінде белсенді көшбасшыларды қатыстыру. Барлық факультеттерде студенттік Мәслихаттар құрылған, оның мүшелері студенттік парламенттің мүшелері болып табылады. Парламент төрағасы болып студенттік спикер сайланады, Парламент мүшелерінің барлығы белсенді студент жастарының қатысуымен өтетін жалпы жиындарда сайланады. Парламенттің жұмысы басты үш бағытта жүзеге асырылады, ол: оқу, әлеуметтік-тәрбие жұмысы және ғылыми жұмыс. Парламент мүшелері Университет Ғылыми Кеңесінде, факультет кеңестерінде, Ректорат мүшелері бола отырып, студент жастардың мүдделерін ұсынады. Бүгінгі таңда Студенттік Парламенттің көптеген жобалары жүзеге асырылды: сенім жәшіктері орнатылып, сессия соңында жастар арасында сауалнама жүргізіп, университет басшылығымен жиі кездесулер өткізіліп отырады. Студенттік парламенттің басты мақсаты – студенттік басқару күнін өткізу. Ол күні декан, проректор және ректор орындықтарына студенттер отырып, өздерінің мәселелерін өздері шешуге тырысады.

– ҚР Президентінің Жолдауында демалыс кезінде жастардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін «Жасыл ел» және «Студенттік құрылыс отрядтарын» құру қажеттігі айтылды. Бұл шаруа сіздерде қалай ұйымдастырылған?

– Бізде қоғамдық кәсіптер факультеті ашылған. Онда музыкалық шығармашылық, көшбасшылық, өнер, дизайн т.б

сияқты 27 мамандық бойынша студенттер дәріс алады. Университеттің оқу ғимараттарында және жатақханаларда оқу залдары, кітапханалар үздіксіз жұмыс істейді. Университеттің спорттық-сауықтыру кешенінде бокс, гимнастика, жүзу, күрес, жеңіл және ауыр атлетика бойынша секциялар ашылған.

– **ҚР Президентінің Жолдауында айтылған демалыс кезінде жастардың бос уақытын тиімді пайдалану «Жасыл ел» және «СҚО» қалай орындалуда?**

– Өткен жылдағыдай, биыл да студент жастар Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауында айтылған ойларды іске асыруға белсене араласады. Үстіміздегі жылы университеттің студенттік құрылыс отряды жаңа «Нұр-сәт» мөлтек ауданының құрылысына қатысты. Биыл 20 құрылыс отрядын қатыстыру жоспарлануда. Ал «Жасыл ел» студенттік отряды қаланы және облысты көгалдандыру іс-шараларын жалғастыруда.

– **Бұл университетте басқа ұлт өкілдері де көптеп саналады екен. Осы бағытта қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?**

– Иә, бүгінгі таңда ұлтаралық ынтымақтастық өте өзекті мәселе болып тұр ғой. Осыған байланысты студенттік парламент күшімен университеттегі әр халық өкілдерінің кіші ассамблеясы құрылды. Оның құрамына 29 ұлт пен ұлыс жастары мүше. Қазақ, славян ұлттық мәдени орталықтары да жұмыс істейді. Барлық ұлттардың мәдени күндері өткізіліп отырылады. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда облыстық ұлттық орталықтар үлкен көмек көрсетеді.

– **Әңгімеңізге рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін.**

«Президент және Халық» газеті,
2 маусым, 2006 жыл.

БІЛІМДІНІҢ АЛДЫ ЖАРЫҚ **(Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының** **ректоры, ғалым Зейнолла Тоқаевпен сұхбат)**

Баспасөзге жазылу науқаны кезінде ел аралап жүріп, осы бүгінгі жастар мен ғалымдардың жай-күйі қалай екен, мынау нарық қыспағындағы кезеңде оларды нендей мәселелер толғандырады деген сауал үнемі көкейде жүретін. Сондықтан, Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтына арнайы бас сұғып, ондағы азаматтарға жолыққан едік. Сөйтсек, осының алдында ғана бұл институт өзінің 40 жылдық мерекесін тойлап өтіпті. Ректордың кабинетіне қарай бастап келе жатқан ұстаздардың бірі таяуда ол кісінің өзі де 50 жасқа толғанын құлаққағыс етті. Зейнолла Қалымбекұлын қос мерекесімен құттықтай амандасқан соң, алғашқы әңгімеміз де сол төңіректе өрбіді.

– 1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейінгі ел тұрмысы, әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы жағдай өте ауыр еді ғой. Ол кезде шаруашылық басында білікті мамандар жоқтың қасы. Міне, осыған байланысты 1952 жылы күзде біздің облысымызда, тіпті, республика көлемінде алғашқылардың бірі болып, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын осы жоғары оқу орны дүниеге келіпті. Сол жылы бар-жоғы 274 студент қана институт табалдырығын аттаған екен. Содан бергі 40 жылдың ішінде бұл білім ордасынан 12 мың 327 жоғары білімді маман даярланып шығыпты. Олардың көбісі қазір республикамыздың түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Кезінде Социалистік Еңбек Ері атағын алған Ново-Шульба ауданы Ленин атындағы колхоздың төрағасы В. Еременко, Жоғарғы Кеңестің депутаттары А. Догалоков, Н. Егорин, Ж. Әшімов, тағы басқа түлектерімізді мақтан тұтамыз. Тек біздің облыстың 15 ауданының әкімдері кезінде осы институтты бітірген азаматтар. Облыс әкімшілігі қызметінде отырған түлектеріміз де баршылық.

– Бұған қарағанда сіздердегі оқу сапасы, ұстаздардың білім деңгейі басқалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болғаны-ау деген ой туады.

– «Өзін-өзі мақтаған өліммен тең» деуші ме еді қазақ нақылы? Жетістікті айту – бұл басқалардың бәрі нашар, біз ғана жақсымыз деген сөз емес. Игі істерге барар жолда әркімнің өзі таңдаған әдіс-тәсілі, тағылым-дәстүрі болатыны аян. Институтымыз алғашқы құрылған жылдары Алматыдан, Ленинградтан, Омбыдан, Қазаннан, Воронежтен келген білікті ғалымдар мұндағы ғылыми жұмыстар мен оқу жүйесін қалыптастыруға көп еңбек сіңіргендерін атап айтқан жөн. Ол ғалымдардың есімін қай кезде де жылы сезіммен еске алып отырамыз. Мәселен, сол кездерде У.Ташмұхамбетова, А. Лаббока, А. Ермакова, В. Цой, К. Солтыбаева, М.Ғабитова сияқты ұстаздардан тәлім алған шәкірттердің көбісі бүгінде белгілі ғалымдар қатарынан саналады. Дәл сол кісілерден тәлім алған 96 ғылым кандидаты, 3 ғылым докторы, профессор қазір осы институт қабырғасында студенттерге дәріс оқып, ғылым көкжиегін кеңейтіп жүр.

– Заман талабының өзгергеніне байланысты ма, әлде ғылым да тоқырау тұйығына тірелді ме, кейінгі уақытта әсіресе, мына экономика саласындағы ғалымдардың біразы ғылымды қойып, бизнес жолына бет бұра бастағандай. Турасын айтқанда, бір кездерде қорғалған диссертациялардың құны көк тиынға тұрмай қалған тәрізді. Ғалым ретінде өзіңіз бұл жайында не айтар едіңіз?

– Меніңше мұның бірнеше себептері бар. Бес саусақтың бірдей еместігі секілді ғылымға да кездейсоқ келетін адамдар аз емес. Кезінде, әр түрлі жолдармен ғылыми атаққа ие болып, ғылымды «сауын сиырға» айналдырғысы келгендер енді сол баяғы жаттанды қағидаларды судай сапырғанмен ештеңе өнбейтінін сезген соң, басқа кәсіппен айналыспағанда қайтсін. Тағы бір себебі, мына аумалы-төкпелі кезеңнің кесірінен ғалымдардың да күнкөріс жағдайы қиындап бара жатыр. Бұл – кейбіреулерді оңай табыс көзін іздеуге итермелейтіні сөзсіз. Соның

салдарынан талантты ғалымдардың өзі білімін саудаға салуға мәжбүр болуы мүмкін. Ал ғылым дегеніміз талмай ізденуді, тереңдей зерттеуді қажет ететін шығармашылық жұмыс. Ол үшін арнайы құрал-жабдық, ыңғайлы лабораториялар, жаңа технологиялар қажет, Мына тапшылық заман бұған үлкен қол байлау жасайтыны да рас.

– Оныңыз рас. Менің білуімше, сіздердегі ғылыми ізденістер мен зерттеулер оқу жүйесімен тікелей байланысты. Ендеше, жаңа заман талабына сәйкес өздеріңізде қандай өзгерістер бар?

– Бұл сұрағыңызға толымдылау жауап беруге тырысайын. Біздің институт, атынан-ақ белгілі болып тұрғандай (зоотехникалық-малдәрігерлік) осы негізде екі факультет әлімсақтан бері жұмыс істейді. Соңғы кездегі бір ерекшелігіміз сол – малдәрігерлік факультетінің ішінен зооинженерлер дайындайтын бөлім ашқанбыз. Бұл бөлімнің ішінде тағы арнаулы зооинженерлер, менеджерлер (екі жылдан бері) және экономистер, экономист-бухгалтерлер дайындайтын бөлімшелер құрылды. Сонда бізде сырттай қарағанда екі-ақ факультет бар сияқты көрінгенмен, бес түрлі мамандық дайындап шығарады екенбіз.

– Осы жұмыстардың бәріне қаржы табу бүгінде оңайға түсіп тұрмаған шығар?

Әрине, оңай емес. 40 жылдық торқалы тойымызға келген түлектеріміз, әсіресе іс басында жүрген, қолында қаржысы бар азаматтар бір кездері өздері қанаттанып ұшқан білім ордасына қолдан келген көмектерін қоса ала келді. Оларға мың да бір рахмет. Келешекте де демеуші ретінде жәрдем беріп тұратындарын айтты.

– Қиын сәтте қиядан жол табу көбінесе басшыға байланысты. Қазіргі бет алыстарыңызға сәттілік тілей отырып, өзіңіз жайында да бірер сөз айта кеткеніңізді қалар едік. Оның үстіне биыл 50 жасқа толыпсыз...

– 50 жас деген ер азамат үшін аз уақыт емес. Ойлап қарасам, республикамыздағы оқу орындары ректорларының ішіндегі ең кәрісі мен сияқтымын...

– О, не дегеніңіз, түр-тұлғаңызға қарап, сізді ешкім 50-ге қимайтындай.

– Көңілімді көтере сөйлегеніңізге рахмет. Өзім жайында толық айтар болсам, еңбек кітапшамда осы уақытқа дейін үш-ақ жазу жазылыпты. Біріншісі, Павлодар облысы, Ақсу ауданында туып, Абай атындағы № 10 орта мектепті бітіргендігім жайында. Екіншісі, 3 жыл әскер қатарында болғандығым жайында. Үшіншісі, әскерден кейін осы институтқа келгендігім жайында.

– Олай болса, осы институтпен бірге жасап, бірге қартаюыңызға тілектеспін. Ал институтыңыз ұзақ жасайтынына күмәніңіз жоқ шығар.

– Лайым айтқаныңыз келсін.

**«Халық кеңесі» газеті,
13 қаңтар, 1993 жыл.**

ТҮРКИЯ ТАЛАПКЕРЛЕР ТАҢДАЙДЫ

Өткен сенбі күні Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтында өткен білім сынағын өз көзімізбен көріп, өркениетті елдің өнегесіне тағы бір тәнті болдық. Мұнда Түрік мемлекетінің жоғары оқу орындарында оқуға ниет еткен талапкерлерді қабылдау сынағы небәрі үш-ақ сағаттың ішінде аяқталды. Осы үш сағаттың ішінде олар алты пән бойынша сегіз мамандыққа бірден емтихан тапсырды. «Сонда бұл қалай болғаны?» деген сауал кімнің де болса көкейіне келуі мүмкін. Алғашқыда біз де бұған күдіктене қарағанымыз рас. Сыры беймәлім сынақтың қыр-сырын Түркиядан келген профессорлар – Айша Себель Узел, Эюр-Эюп Онат мырзалармен әңгімелескеннен кейін түсіне бастадық. Сөйтсек, мәселе былай екен.

Бұдан бұрын Қазақстан Президенті Түркияға барған ресми сапарларының бірінде сол елдің Премьер-министрімен екі ел арасындағы оқу ісі жөніндегі шартқа да қол қойып қайтқаны белгілі. Міне, осы игі істі жүзеге асыру мақсатында республикамыздың Білім министрлігі қызметкерлері Түркиядағы өз әріптестерімен тікелей байланысқа шығып, жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарының нақты бағдарламасын жасауға кірісіпті. Себебі, бүгінгі тұралап қалған экономикамыз бен ілім-біліміміздің деңгейін қайта көтеру үшін жастарымызды шетелдерге оқуға жіберіп, білікті мамандар даярласам деген ниетпен Президентіміздің өзі әбігерге түсіп жүргенде, біздер мына жақта отырып алып баяғы сол «бармақ басты, көз қысты» әдетімізге жол берсек, өзімізді-өзіміз жарға жыққанмен бірдей емес пе?.. Сондықтан, бұл білім сынағы тек таланттар сайысына айналуға тиісті. Міне, қабылдау емтиханның жаңа тәсілдері өмірдің өз талаптарынан осылай туындаған.

Енді бұл іске тікелей басшылық жасап жүрген республика білім министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың сөзіне назар салайық:

«Бытыр Түркиядағы жоғары оқу орындарына 1200-дей бала жіберілген болатын. Биыл енді ол көрсеткішті азайтып, 200-дей баланы ғана таңдап алғалы отырмыз. Бұл – саннан сапаға көшудің бір белгісі. Әрі жол қатынастарына кететін шығындарды үнемдеуге мүмкіндік туады. Қазіргі талапшылық заманда мемлекет қаржысын онды-солды шаша берсек неміз қалады? Ал, мына балалардың жол шығынынан басқасының бәрін Түрік мемлекеті ізгілік көмек ретінде өз мойындарына алмақшы. Халыққа осы жағын түсіндіруіміз керек. Сондай-ақ, әртүрлі амалдармен шетелдерге оқуға барып алып, не сабақтарын дұрыс оқымай, не жағдайлары жараспай, екі ортада дүбәрә күй кешіп жүрген жастарымыз да аз емес. Осындай келеңсіздіктерге келешекте жол бермеу үшін республика Білім министрлігі жанынан шетелдерге оқуға жіберумен арнайы айналысатын сараптау орталығын құруға тура келді».

Бердібек Сапарбаев мырза біздің көкейіміздегі көптеген сауалдарға жауап бере келе, қабылдау емтихандарының негізгі принциптерін түсіндіріп өтті. Сынақ жүріп жатқан аудиторияларға ертіп барып, іс барысымен жете таныстырды.

Әр баланың алдында 160 сұрақ жазылған шағын кітапшалар жатыр. Бұл сұрақтардың бәрі мектеп бағдарламасы негізінде – математика, физика, химия, биология және қазақ тілі пәндерін қамтиды. Әр сұрақтың тұсында екі-үш жауап жазылған. Соның қайсысы дұрыс екенін көрсетіп, тұсына белгі қойсаң жетіп жатыр. Сосын бұл құжаттарды Түркиядан келген өкілдер жинап алып кетеді де, өздеріндегі арнайы компьютерге салады, сол арқылы кімнің қанша ұпай алғанын анықтайды. Ең жоғары ұпай жинағандар 8 мамандықтың кез келгенін таңдау мүмкіндігіне ие болады. Олардың ішінде – экономика, бизнес, қаржы, халықаралық қатынастар жөнінде мамандар даярлайтын іргелі факультеттер де бар. Ұпай саны төмендеген сайын талапкерлердің мамандық таңдау мүмкіндіктері де шектеле түседі.

Оқушылардың қолындағы шағын картада Түркияның қай қаласында қандай жоғары оқу орындары орналасқанына дейін

көрсетіліпті. Бұл, яғни, сынақтан сүрінбей өтсең, қай университетте оқығың келетінін алдын-ала анықтай бер деген сөз. Осы арада тағы бірнеше сауалдардың туындайтыны сөзсіз. Ол – Түркияда оқитын болашақ студенттерді іріктеуде қандай қағидаларға сүйендік, кең байтақ республиканың шалғай аудандарындағы жастар жағы назардан тыс қалмады ма, мына сынақтың қорытындысын күтіп жүріп олар осындағы оқу орындарына емтихан тапсыра алмай қала ма деген көпшілік көкейіндегі күдіктерге байланысты еді. Білім министрлігі тарапынан бұл жағы да мұқият ескеріліпті. Бұдан біраз күн бұрын әр облыстағы халыққа білім беру басқармаларына 17-19 орыннан бөлініп, соған сәйкес, мектепті өте жақсы бітірген талантты балаларды іріктеп әкелу жұмыстары жүктеліпті.

Бүгінгі сынаққа түсіп жатқандар сол жүзден жүйрік шыққандар екенін білдік. Олар мұнда тек төл құжаттары арқылы ғана тіркелген. Ал біздегі оқу орындарына қажетті құжаттарды өз облыстарындағы немесе астанадағы оқу орындарына өткізіп қойыпты. Егер бақтары жанып, о жақтағы сынақтан да, бұ жақтағы сынақтан да сүрінбей өтіп, оқуға түсіп кетсе, өз көңілдері қалаған бір мамандықты ғана таңдай алады. Несі бар, бұл игілікті істі қай-қайсымыз да қуана қоштаймыз. Енді осынау жаңа тәсілді болашақта өзімізде де кеңінен пайдалануға мүмкіндік туса, қандай ғанибет. Егемен елімізді өрге сүйрейтін білікті мамандар сонда ғана көбейетініне ешкім күмән келтірмес. Біздегі жоғары оқу орындарына кімдер түсетіні, қалай түсетіні бәрімізге аян. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген шындықты миымызға қанша құйсақ та, қабылдау барысындағы әділдікке толық қол жеткізе алмай қойдық. Білім – тек білімдіге қонатынын да ескермейміз. Бұл дегеніңіз, өзің отырғызған бұтақты өзің кескенмен бірдей екенін түсінетін кез баяғыда-ақ жеткен. Сондықтан өркениетті елдің озық тәжірибесінен үйрене білейік!..

«Егемен Қазақстан» газеті,
27 шілде, 1993 жыл.

ТЕСТІЛЕУ ТЕТІКТЕРІ СЫР БЕРЕ БАСТАДЫ

Осы аптаның басында биыл мектеп бітірген жас түлектер қолдарына аттестаттарын алып, үлкен өмір табалдырығын аттады

«Алдын-ала деректерге қарағанда, үстіміздегі жылы Алматы қаласы бойынша 10 мың 855 оқушы аяулы мектебімен қоштасты. Олардың 115 өте үздік оқығаны үшін «Алтын белгіге» ие болса, 51 ұл мен қыз мектепті үздік аттестатпен бітірген. Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша бір бала ғана 120 балл жинаған. Ол – Алматы қаласының Әуезов ауданындағы №173 дарынды балаларға арналған физика-математика гимназиясының түлегі Алмас Айтқұлов деген жеткіншек енді өз таңдауы бойынша Қазақ менеджмент, экономика және болжам институты (КИМЕП) мен Қазақ-британ техникалық университеттеріне талассыз-ақ түсе алады. Осы орайда біз гимназия директоры Әбдімәжит Өтеш мырзаға жолығып, өзінің шәкірті Алмас Айтқұлов жайында сұрағанымызда ол кісі былай деді:

– Алмас биыл география пәні бойынша Республикалық олимпиадаға қатысып «Алтын медальді» жеңіп алды. Ол бұдан кейін қалаған оқу орнына сынақсыз түсуіне болатын еді. Бірақ өз білімін, талантын дәлелдеу үшін әдейі тест тапсырды. Нәтижесін көріп отырсыздар!

Әбдімәжит Қоңырбайұлының айтуына қарағанда, биыл бұл мектептен бес оқушы Республикалық олимпиадаға қатысып, бесеуі де жүлделі орындарға ие болыпты. Оның үшеуі математика пәні бойынша екенін баса айта кеткен жөн. Себебі, бұған дейін Алматы қаласынан математика пәні бойынша бірде-бір бала жүлделі орынға қол жеткізе алмай келген. Гимназия тек физика, математика бойынша ғана емес, қазақ тілі мен тарих пәндері бойынша да қала мектептерінің арасынан ең жоғары көрсеткіштерге жетіпті. Биыл бұл гимназияны 100 оқушы

бітірсе, оның 58-і 100-ден жоғары балл алыпты. Гимназияның орта баллы – 98,53. Осы мектептің биылғы түлектерінің бірі Айбат Теменов деген жас талапты сөзге тартқанымызда ол өзі қанат қағып ұшқан гимназияның аз жыл ішінде жеткен табыстары жөнінде мақтана әңгімеледі. Дегенмен, мұнда шешімін күткен бір жағдай бар екен. Ол – дарынды оқушыларды конкурстарға, әртүрлі зертханаларға апару кезінде қиындық тудыратын көлік мәселесі. «Қала басшылары бізге бір автобус бөлсе жақсы болар еді!» деген өтініштерді естігенде ішіміз удай ашығандай күй кештік. Осынау кішкене зәрулікті білім саласының басшылары атқызбай-ақ, осы уақытқа дейін-ақ шеше салса қайтер еді деген ой еріксіз мазалай берді.

Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов қала үздіктеріне өз қолымен «Алтын белгіні» және айрықша аттестаттарды тапсырып тұрып, оларды алғашқы жетістіктерімен құттықтады, болашақтарына сәттілік пен бақыт тіледі. Алдыңғы жылдары 120 балл жинаған шымкенттік жеткіншектің жетістігі бүкіл елге жаңалықтай көрінгені сол еді, келесі жылдары республика бойынша 120 балл алушылар саны күрт көбейіп шыға келген.

Бұл – тестілеу тетіктерінің сыр бере бастағанының бір дәлелі еді. Оның үстіне ол «үздіктердің» бәрі бір аймақтан шыққандығы да көңілге күдік ұялатқаны рас. Тестілеу орталығындағылар биыл өткен жылдың «қателігінен сабақ алған» сыңайлы. Тест сұрағының жауабын сатып алушылар «асыра сілтеудің» пайдасыз екенін түсінгендей. Енді олар «120»-ға жоламайды. Сол маңайды шиырлап жүріп-ақ кез келген жоғары оқу орнының есігін теуіп кіруге болатынын аңғарған. Оларға «115»-тің төңірегі де жетіп жатыр. «Сыбырлағанды құдай естімей ме?» деген сөз бар.

Мына өмірде өтіп жатқан жаман мен жақсының бәрін білеміз. Бірақ білмеген сыңай танытамыз. Мәселен, қазіргі тестілеу сынағының қитұрқыларын мектеп оқушыларынан бастап мектеп мұғалімдеріне дейін, ата-аналардан бастап жоғары оқу

орындарының ұстаздарына дейін хабардар. Тесті сынағын қадағалаушы мемлекеттік сақшылар да көзжұмбайлыққа үйренген.

Сонау кеңес дәуірінің өзінде сыбайластықтың ордасына айналған жоғары оқу орындарындағы былық-шылықты сөз ете берсек, таңды таңға ұрып әңгіме айтуға болады. Сондықтан, есіл сөзді оған қор қылғымыз келмей тұр.

Бұдан жеті жыл бұрын жаңалық ретінде енгізілген тестілеу әдістерін шұғыл түрде өзгертетін уақыт жетті. Егер, дәл осы қалпымызбен кете берсек, әлемнің алдыңғы қатарлы елу елінің қатарына қосылмақ түгілі, ең соңына да ілесе алмайтынымыз айдан анық.

Тестілеу сынағынан шығып жатқан бірнеше талапкермен әңгімелесіп, олардың сөздерін арнайы құралдарға жазып алған кездеріміз де болды. Ұялы телефон арқылы іштегі сынақ тапсырушыға сырттан көмек көрсеткендерді де көзбен көрдік. Он бір жыл бойы үздік оқыған оқушы өзімен бірге оқыған, әліпті таяқ деп білмейтін сыныптасының 120-ға жете балл жинағанына таңырқағанын жасыра алмады.. Бір аудиторияда тәртіп сақшылары қалт етпей күзетте тұрса, келесі аудиториядағылар емін-еркін дегендерін істеп жатқанын, сырттан ұялы телефон арқылы іштегілерге «көмектесушілердің» сөздерінен аңғардық.

Әрине, олар мұның бәрін өздерінше құпия түрде жасап жатырмыз деп ойлады. Ал біз бұлардың бәрін елеусіздеу жағдайда «жазып» алғанымызды қайдан білсін. Мұндайда өте сақтық танытатын «саққұлақтар» қайда жүр деген сауалдар еріксіз туындайды.

Қысқасы, бұлай сынақ өткізуге енді жол бермеуіміз керек. Республикалық Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының қорытындысы шықаннан кейін, осы тақырып төңірегінде білікті мамандармен бірге пікір-алмасулар өткізіп, жоғары жақтарға ұсыныстар түсіру арқылы ғана мына келеңсіздіктерге тосқауыл қоюға мүмкіндік туады деп ойлаймыз.

«Президент және Халық» газеті,
23 маусым, 2006 жыл

12 ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ БАСТАЛДЫ!

Бүгін – Білім күні. Бүкіл елімізде үш миллионға жуық шәкірт мектеп партасына отырды. Елбасымыз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосылу туралы міндет қойған тұста білім саласына жүктелер салмақ та ауырлай түсті. Білім саласының қызметкерлері білімнің сапалық деңгейіне айрықша мән беруге тиісті болып отыр. Республика Үкіметі биыл 19 шілдедегі №681 қаулысымен 12 жылдық жалпы орта білімге көшу жөніндегі шаралар жоспарын бекітті. Қазір әр аймақтың қажеттілігі мен әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымының ерекшеліктері ескерілген 12 жылдық білім жүйесіне көшудің аймақтық шаралар жоспарының жобалары, мектептерді бейіндеу карталары жасалды. Қазақстан мектептері жаңа оқу жылына қандай дайындықтармен келді? ҚР Білім және ғылым министрлігі баспасөз қызметі ұсынған деректер негізінде, газет тілшісі әзірлеген мақаладан осы сұраққа жауап табуға болатындай.

Әр оқу жылының өз ерекшелігі бар. 2006-2007 оқу жылының басты жаңалығы – 12 жылдық жалпы орта білімге көшудің басталуы дер едік. ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, алдын ала есептер бойынша жаңа оқу жылында еліміз мектептерінде 2,8 млн оқушы білім алатын болса, оның 234,5 мыңы мектеп партасына алғаш отырған бүлдіршіндер. Облыстар мен Астана, Алматы қалалық білім департаменттерінен Білім және ғылым министрлігіне келіп түскен мәліметтер бойынша жаңа оқу жылы қарсаңында 6156 мектепке 1 миллиард 634 миллион теңге көлемінде жөндеу жұмыстары жүргізілген. 526 мектеп күрделі жөндеуден өтті.

Елбасының білім саласын компьютерлендіруге орай берген тапсырмасына сәйкес еліміз мектептерінде, яғни қалалық мектептерде 31 оқушыға 1 компьютерден келсе, ауылдық жерде

29 оқушыға бір компьютерден айналады екен. Мектептердің 89 пайызы интернет желісіне қосылған, ауыл-аймақтарда бұл көрсеткіш 86 пайызды құрайды.

Биылғы оқу жылының өзгеше жаңалығы жоғарыда айтып өткеніміздей, 12 жылдық жалпы орта білім беру жүйесіне көшу мәселесі. Ел Үкіметінің арнайы қаулысынан кейін осы бағытта мақсатты шаралар қарқын ала түскені анық. Білім жүйесің 12 жылдыққа көшіру тәжірибесін іске асыру мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмыстарға күш салынғаны жөн.

Ел Үкіметінің тапсырмасын орындау ісінде әр аймаққа қажетті әрі әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымының ерекшеліктері ескеріле отырып, 12 жылдық білім жүйесіне көшудің аймақтық шаралар жоспарының жобалары, мектептерді бейіндеу карталары жасалды.

Мектептік білім мазмұнын және құрылымның жаңартудың негізгі бағыттары мемлекеттік стандарттардың жаңа жобасында толық көрсетілді.

2007 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу барысында міндетті түрде тапсырылатын пәндер қатарына қазақ тілі пәнін енгізу қажеттігі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе.

Бүгінгі таңда әлемдік және қазақстандық білім беру жүйесі дамуының алдында тұрған ауқымды міндеттер жетерлік. Тарата айтқанда, білім сапасын арттыру, мемлекеттік тіл, жаратылыстану-математикалық, техникалық пәндерді, шет тілдерді оқыту сапасын жақсарту, білімде ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, жаңа технологияларды жасау және тарату, инновацияларды өрістету және ынталандыру, оқыту, жұмыс нарығы арасындағы өзара байланысты нығайту, мұғалімдер мен оқытушылардың білімі мен біліктілігін жетілдіру, қоғамдық ресурстарды, сондай-ақ білімдегі инвестицияларды біріктіретін сектор аралық қатынастарды тиімді қолдану, т.б. бағыттарда қазіргі кезде кешенді жұмыстар қолға алынған.

Иә, білім саласы қызметкерлері алдында міндет жетерлік.

**«Президент және Халық» газеті,
1 қыркүйек, 2006 жыл**

ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ – ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ БЕСІГІ

28-29 наурыз күндері Алматыда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының ұйымдастыруымен «XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы» деген тақырыпта республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Еліміздегі жоғары оқу орындары мен қазақ мектептерінің мұғалімдері, осы саланың білікті мамандары бас қосқан бұл жиында екі жүзден астам баяндама тыңдалды. Осы басқосуда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры Шәмша Беркімбаева баяндама жасады. Қазақ білім ордаларының алғашқы даму кезеңдері жайында кенінен мәселе қозғалып, бүгінгі қазақ мектептерінің жағдайы мен болашағы жайындағы пікірлер тасқыны көптеген өзекті проблемаларды жарыққа шығарды.

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетілгені белгілі. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда қазіргі әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын ұлттық мектептердің іргетасын нығайту ісі кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. Бүгінде іргеміздегі Ресей мемлекетінің өзі ұлттық мектепті дамытудың үш бағыттағы тұжырымдамасын жасап, шынайы орыс ұлттық мектебін қалыптастыруға бел шеше кіріскен көрінеді. Ресей бастауыш мектептерінде ана тілі мен ұлттық мәдениетті бүлдіршіннің санасына сіңірудің озық әдістемелері ойлап табылған. Ондағы орта буын мектептері оқушыларды бірте-бірте көрші елдердің тілі мен мәдениетін оқып, үйренуге бейімдесе, жоғары буын мектептері әлем мәдениеті мен шетел тілдерін меңгеруге баулиды екен. Соның нәтижесінде қалыптасқан тұлға барлық шетел құндылықтарын өз ана тілі мен төл мәдениеті негізінде бойларына сіңіріп, азамат ретінде қалыптасады. Сондай-ақ, ресейліктер орыс мектептерін

шетелдіктердің басқаруына беруге мүлдем тыйым салмақшы. Бұл тәжірибені мысалға келтірудегі мақсат – Ресейге еліктеу емес, керісінше олардың өз ұлттық мектебін құру жолындағы табандылығы мен шынайы ұлттық мінезінен сабақ алу. Ал біздегі жағдай қандай?

2003-2004 оқу жылымен салыстырғанда 2004-2005 жылдар аралығында әр түрлі меншік иесіндегі қазақ мектептерінде қазақ оқушыларының саны 63 мыңға, мемлекеттік мектептердегі қазақ оқушыларының саны 34 мыңға азайған. Сонымен қатар, қазақ мектептері алдағы уақытта тағы бір тұйыққа тірелетін түрі бар сияқты. Мәселе мынада. Қазір еліміздегі балабақшалардың әр төртіншісі ғана қазақ тілінде жұмыс істейді. Яғни, балабақшаларда қазақша білім алып, қазақ мектебіне келетін балалардың саны жылдан-жылға азайып барады. Ал бүлдіршіндердің әрбір үшіншісі ғана қазақ тобына баратыны белгілі болып отыр. Республика бойынша қазақ тілінде бастауыш кәсіби білім беретін бірде-бір жеке мектеп жоқ. Олардың қазақ топтарында оқушылардың 28 пайызы ғана қазақша білім алады. Қазақстандағы 458 колледждің тек үшеуінде ғана мемлекеттік тілде сабақ жүреді.

Алдағы уақытта он екі жылдық білім жүйесіне көшкенімізде мектептегі соңғы екі жылда кәсіби білім алғысы келген қазақ баласы қайда барып білімін жалғастырады деген сұрақ туады. Жауап жоқ. Мұны көрген ата-аналар балаларын қазақ мектебіне бере қоюы екіталай. Өткен ғасырда қазақ мектебін ашамын деген адам нағыз ұлтшыл болып көрінетін. Ал бүгін не басымызға күн туды? Енді не жасасақ та тек ұлттық мүдде тұрғысынан жасауымыз керек екендігін қадай айтқан мамандар әр түрлі мысалдар келтіре отырып, нарықты экономика мен демократия принциптері негізінде этномәдениетіміз бен ұлттық рухани құндылықтарымызды сақтаудың әрқилы әдістемелеріне тоқталды.

XXI ғасыр – марғаулықты көтермейтін қатаң бәсеке ғасыры болғандықтан, қазақ мектептерінің оқу-тәрбие жұмысында жаңа бір сапалық өзгерістер болғаны абзал. Ендеше, қазақ

халқының жер бетінде ұлт болып қалу-қалмауы осы алтын бесігінің бүгінгі ахуалына тікелей байланысты. Елдігіміздің, ұлттық қауіпсіздігіміздің болашағы, мемлекеттік тілдің бағы жанып, ұлтаралық татулығымыздың сүттей ұюы қазіргі ұлттық мектептердің болашағымен тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Конференция барысында айтылған соны пікірлер қатысушыларды бей-жай қалдырған жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Кәсіптік орта және бастауыш, жалпы білім беру департамент директорының орынбасары Ж.Жүкенов «Қазақ мектебі: бүгіні мен ертеңі» деген тақырыпта жасаған баяндамасында бұл мәселені одан әрі қаузауы түсті. Он екі жылдық білім беру проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Үміт Жексенбаеваның «Он екі жылдық білім – қазақ мектебінің болашағы» деген баяндамасы көпшілікке ой салды.

Сол күні түстен кейін және келесі күні секциялық мәжіліс залдарында жалғасқан конференция жұмысында қазақ мектептерінде сапалы білім беруді қамтамасыз ету проблемалары, бастауыш сыныптарда білім берудің өзекті мәселелері, қаладағы қазақ мектептерін дамыту жолдары, Солтүстік Қазақстан облысындағы қазақ мектептерінің жүйесі, ауыл мектебі мен шағын жинақталған мектептің қазіргі жағдайы, аралас мектептегі тілдік қайшылықтар, оқушылардың жаңа ақпараттық технологияларды қолданудағы этнокөркемдік білімнің педагогикалық моделі, орта мектептерде кредиттік оқыту жүйесін ендірудің тиімділігі, қолөнер арқылы технология сабағында оқушылардың іскерлігін қалыптастыру, қазақ мектептерінде білім беруді дамытудағы инновациялық үдерістер, математика пәнін технология негізінде оқыту мәселесі байыпты пікір алмасуларға ұласты.

«Президент және Халық» газеті,
3 наурыз, 2006 жыл

ҚОЛЫНАН КЕЛГЕСІН ҚОНЫШЫНАН БАСАДЫ

Өткен аптаның жексенбі күні Алматыдағы төртінші «Ақсай» шағын ауданында жаңадан салынып жатқан 141-қазақ орта мектебінің алдында үш жүзге жуық адам жиналған митингі болды. Оған қатысушылар өздеріне тиесілі ғимаратқа №117 мектептің қоса қоныстануына үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Өйтпегенде қайтсін, талай жылдан бері №126 орта мектеп босағасында қысылып-қымтырылып келіп, енді жеке отауға шықтық па дегендерінде Алматы қалалық халыққа білім беру басқармасының бастығы М. З. Увайсов аяқ астынан ши шығарды ғой.

Былтыр күзде «Ақсай» ауылының тұрғындары М. З. Увайсовтің атына хат жазып (барлығы 350-дей адам), «Ақсай» 1, 2, 3, 3а, 4, 5 және «Дружба» 1, 2 ықшам аудандарында қазақ жанұяларының саны жылдан-жылға өсіп келе жатқандығын, ал бұл маңда бар-жоғы екі-ақ қазақ орта мектебі (№86, №123) бар екендігін, ол енді бүгінгі күн сұранысын өтей алмайтындығын айтып, жаңадан қазақша мектеп ашып беруін өтінген. Сол кезде Увайсов уәдесін беріп-ақ салыпты. Енді, міне, жаңа оқу жылы тақап қалған сәтте нілдей бұзылып шыға келгенін қарасаңшы! Былайша айтқанда, дағарадай ғимаратты қазақ оқушыларына кимаған сынайлы.

Әдеттегі бюрократизм әдісіне басып №122 орта мектептің ішінен №117 орта мектепті аша қояды. Оның директорын да Алматыдан адам таппағандай сонау Қарағандыдан шақыртыпты. Сөйтіп, бір мектепті жасанды жолмен екіге бөлген. Сосын соңғысына: «Сендер мына 141-қазақ орта мектебі мен бірге қоныстана тұрыңдар» деп солай қарай жібереді. Қалалық халыққа білім беру басқармасының бастығы өзі рұқсатын берген соң олар неден тайынсын, білектерін сыбана мектеп құрылысына «көмекке» келе қалады. Содан бері, міне, күнде жиын, күнде айқай. Кеше ғана тату тұрған көршілер енді бір-біріне қыр

көрсетіп, шағын ауданда «шағын ереуіл» ұйымдастыратын болып алыпты. Уақытша қоныстанғысы келетін келімсек көршілер: «Сіздердің дәл қастарыңыздан бізге де жаңадан мектеп салынып жатыр. Сол біткен кезде өзіміз кетеміз ғой. Неге сонша шулайсындар?!» дейді екен. Жеке отауға шығып жеңілдедік пе деп алғашқыда қуанып жүрген қазақтар жағы: «Бұрында сол 122-ші мектепте отыр едіңіздер ғой. Міндетті түрде жаңа ашылған қазақ мектебіне жармаса кетулеріңіз керек пе? Кішкентай ғана қуанышымызды да көп көріп тұрсындар-ау. Әне, талай жыл теперіш көріп, балаларымыздың жігерін жасытқан 126-шы мектептің жартысын босаттық қой. Ақыры уақытша қоныс іздесеңіздер сонда барып тұрсандаршы»... дейтін көрінеді.

Мұндай сөздердің біразын жексенбі күні өз құлағымызбен де естідік. Сол күні осы жерге астанадағы зиялы қауымның біраз өкілдері жиналған еді.

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының бөлім меңгерушісі Мұхтар Әбділдәбековтың мына бір сөздерінде ауырлау болса да шындық жатқан сияқты:

– Қазір Алматы қаласындағы қазақтар балаларын қазақ кластарына көптеп бере бастағаны жаңалық емес. Бұрын жалғыз 12-ші қазақ орта мектебіне жаңа оқу жылында бірінші класқа 50 шақты ғана оқушылар келетін. Өткен оқу жылында ғана 300-ден астам бала осы мектептің табалдырығын аттады. Қазір тек бастауыш кластардың өзінде 800-ден артық бала оқиды. Керісінше орыс мектебіне келетін балалар жылдан-жылға азайып барады. Осыны сезген қалалық халыққа білім беру басқармасының бастығы М.З.Увайсов қитұрқы саясатқа көшіпті. Өзі қашанда осындай істерді шиеленістіріп жүруге әуес. Көпе-көрнеу заңсыздыққа барып отырғанын көрмейсің бе?

141-ші қазақ орта мектебінің ата-аналар комитетінің төрағасы, Алатау аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Канатхан Халықов бізге Алатау аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі А. К. Османованың 1991 жылдың 21 наурызында (№26-1-7) М. З. Увайсовқа жазған хатын

көрсетті. Онда: «1990-91 жылғы оқу жылында «Ақсай»-3а шағын ауданында 123-ші қазақ орта мектебі ашылады. Бірақ оған қазақ балаларының саны жетпейтіндіктен 133-орыс мектебін уақытша орналастырамыз. Ал, «Ақсай»-4 шағын ауданында ашылатын 1680 орындық мектепті қаққа бөліп, екі мектеп (117 орыс орта мектебі, 141-қазақ орта мектебі) жасаймыз. Кейін орыс орта мектебін жеке шығарамыз» деп мәлімдепті. Осы арада ол кісінің бір өтірігін шығаруға тура келеді. Былтыр «Ақсай»-3 а шағын ауданында 123-қазақ орта мектебі ашылғанда бастауыш кластарға бала толып қалғандықтан мен өз баламды әрең орналастырған едім. Ендеше, аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің: «Бірақ оған қазақ балалары жетпейтіндіктен 133-орыс орта мектебін уақытша орналастырамыз» дегеніне сену қиын. Биылғы жылы да бұл мектепке біраз адамдар балаларын сыйғыза алмай, әуреге түсері анық. Бұл – қитұрқы саясаттың кесірі.

Мақала жазар алдында ол кісіге арнайы телефон шалып, жоғарыда аталған мектептер жөніндегі дау-дамай туралы сұрағанымызда: «117 орта мектепті бекер-ақ аштық. Сірә, оларды маңайдағы мектептерге қайта таратып жіберетін шығармыз. Жалпы, мен ештеңе білмеймін. Бәрін жасап отырған қалалық халыққа білім беру басқармасының бастығы М.З.Увайсовтың өзі, сол кісімен хабарласыңыз» деп жөн сілтеді. Увайсовқа телефон шалып едік, ол кісі күні бойы жиналыстан «бір босамай-ақ» қойғаны. Сірә, бізбен сөйлескісі келмеген-ау деп түсіндік. Сонда қалай, халықты шулатып қойып, өзі тып-тыныш жүре бермек пе? А.К.Османова бірдеме өзгертеді деуге сену қиын.

Ал сол маңайдағы халықты желіктіріп, бір-біріне қарсы қоюға тырысатын, өздерінің атам заманнан келе жатқан «жымысқы саясаттарын» қайта тірілткісі келетін қиямпұрыстарға дереу тосқауыл қоймаса болмайды. Әйтпесе, істің соңы ушығып кетуі мүмкін. Оған Увайсовтың түгі де кетпейді.

БАЛАНЫ БАСҚАША ОҚЫТПАСАҚ...

**енді бір он жылдан кейін бізде білім мен мәдениеттің
өрісі мүлдем тарылуы мүмкін**

Бұл сөзді мен ҚазМУ-дің оқытушысы, филология ғылымының докторы, доцент Алма Қыраубаевамен әңгімелесу кезінде естідім. Ол кісі университеттегі қыруар жұмыстарын атқара жүріп, Алматы облысы Каскелең ауданына қарасты О.Жандосов атындағы совхоздың орталығынан Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейін ашқалы да біраз уақыт болыпты.

– Алма апай (бұл кісіні шәкірттерінің бәрі осылай атайды, мен де солардың бірімін), өзіңізді біздер ғалым ретінде, үлкен шығармашылық жолдағы адам ретінде білетінбіз. Енді бүгін үлкен айдын төсінен жағалауға қайтып оралған сияқтысыз. Сонымен, ауыл мектебіне келуіңіздің себебі неде?

– Мен университетте әлі де сол бұрынғы қызметімді толық атқарудамын. Ғылымнан да қол үзгенім жоқ, үзбеймін де. Шығармашылық жұмыстар жөнінде айтсақ, әңгіме көп қой...

– Әрине, оған тоқталсақ, әңгіме арқауы басқа арнаға бұрылып кететін тәрізді. Дегенмен, Алматыдан көшіп, мына шағын ауылға келгеніңіз, бұл жерден жеке меншік мектеп ашқаныңыз, сөйтіп, астана мен ауыл арасына күнделікті қатынай жүріп, осыншама шаруаны тындыратыныңыз мені ептеп таңдандырып отырғаны да рас.

– «Жеке меншік иесі» деген сөз бүгінде баюдың жолына бет бұрған немесе тек бай адамдарға байланысты айтылатын ұғымға айналды ғой. Ал, менің мұнда келіп, жеке меншік мектеп ашудағы мақсатым мүлдем басқа. Университетте студенттерге дәріс оқыған біраз жылдар кезеңінде қазақ мектептерінде гуманитарлық білімнің өте тайыз екеніне көзім жетті. Бұл олқылықтың орнын университетте толтыру қиын екен. Жоғары оқу орындарының негізгі міндеті – мектепте алған білімнің негізінде студенттердің таным деңгейін одан әрі тереңдету, ғылымға бейімдеу

болып табылады. Ал, мектепте дұрыс білім алмаған баланы қанша оқытып, тәрбиелесең де, одан білікті маман шықпасы анық. Сол шала мамандар ертең мектепке келіп, сабақ береді. Сонда олардан дәріс алған балалар болашақта қандай маман болады?

– **Енді бұл мектеп-лицейдегі оқу бағдарламасына тоқтала кетсеңіз. Қазіргі кезде жеке меншік мектептер мен лицейлер әр жерде жұмыс істей бастады. Олармен салыстырғанда сіздің мектептің өзгешелігі қандай?**

– Аты айтып тұрғандай, бұл – Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі болғандықтан, алдымен оқушылардың гуманитарлық сала бойынша жан-жақты білім алуына назар аударамыз. Мұнда «Қазақтың көне мәдениеті» деген арнайы курс жұмыс істейді. Бұл жұмысты жүргізуге мен Қытайдан келген бір азаматты тарттым. Шығыстану саласынан білімі өте терең. Университетте шығыстану пәнінен сабақ бере жүріп, ол осы мектептің жұмысына да белсене араласуда. Сонымен қоса қазақ пәлсапасы, грек пәлсапасы мен қазақ пәлсапасының байланыстары деген сабақтар, тіл-әдебиет, математика, физика тағы басқа пәндер оқытылады. Бала тәрбиесінде халықтық педагогика тәсілдерін қолдануға тырысамыз. Өзімізді мақтағанымыз емес, мемлекеттік мектептермен салыстырғанда бізде оқыған балалардың білім деңгейі де, тәрбие-өнегесі де көш ілгері екенін айтқым келеді. Аманшылық болса, оны өмірдің өзі әлі-ақ дәлелдейді деп ойлаймын.

– **Жеке меншік мектеп пен мемлекеттік мектеп арасындағы айырмашылықтарды қандай мысалдар арқылы көзге елестетуге болады?**

– Мына бір мысалды ғана айтайын. Біздің мектеп осы ауылдағы мектептің дәл іргесіндегі ескі клубта орналасқан. Әзірге бес класс жұмыс істейді. Әрқайсысында 10-15 баладан бар. Жанымыздағы мектептен ауысып келген кейбір балалар алғашқыда ауыз ашпайтын. Бір жылдың ішінде сол балалар өз ойын ашық айтатын жағдайға жетті. Бұрынғы бұйығы күйінен арылып, үзіліс кезінде жайрандап жүретінін талай байқадым. Сонда оған не әсер етті деген сұрақ туатыны заңды құбылыс. Оның бәрі мұғалімге байланысты. Бізде балаға ұрсу, жекіру

деген болмайды. Ұл балалармен «мырза», кішкене қыздармен «бикеш» деп сөйлесеміз. Бұған мұғалімдердің өзі алғашқыда үйрене алмай, ыңғайсызданып жүрді. Қазір балалардың өзі жас мұғалім қыздарды «бике» деп атаса, үлкен адамдарды, мысалы мені «Алма бибі» деп атайды. Сосын, біз балаға қарата сөйлегенде «сен» деген сөзді қолданбаймыз, оған «сіз» дейміз. Осыдан ақ балалар өзіне деген құрметті сезінеді. Баланың фамилиясын атап: «Орныңнан тұр, неге сабақ оқымай келдің?» дегеннен гөрі оның атын атап: «Марат мырза, тақтаға шыға қойыңыз» немесе «Гүлнар бикеш, сіз неге ренжіп отырсыз?» десеңіз, ол балаға мүлдем басқаша әсер етеді. Кейде оқушылардың арасында жазбаша сұрау (анкетирование) жүргізіп: «Сені қай сабақ қызықтырады немесе қызықтырмайды? Қай мұғалімнен қорқасың, қай мұғалімді жақсы көресің?» деген сыңайда жауап аламыз. Бұл арқылы мұғалімдердің жұмысы да көрініп жатады. Мұғалімдердің де көкейінде жүрген ойлары мен өзіндік бағдарламаларын қағазға түсірткізіп, оларды өз арамызда талқылап, пікір алысып отырамыз. Бұл әдістің де жұмысқа көп пайдасы тиюде.

– Әйтсе де, бала болған соң жүгіріп-секірмеуі, байқаусызда тентектік жасамауы мүмкін емес. Ондай жағдайларда да ұрыспайсыздар ма?

– Әрине, бала болған соң тентектік жасамай тұрмайды. Бірақ сол тентектік қайдан шығады деген мәселеге үлкендер жағы мән бермейміз. Ұрсып, жекіру арқылы баланы тәрбиелейміз деу ағаттық. Бала қашанда өзіне назар аударғанды қалайды. Біздер көбінесе жақсы оқитын оқушыларға ғана көңіл бөлеміз де нашар оқитындарды немесе бұзықтау балаларды мүлдем санаттан шығарып тастаймыз. Ондай бала ерегесіп, өзін басқа жағынан танытуға тырысады. Міне, сол сәтте оған жиі назар аударып, жүрегіне жол таба білу керек. Менің білуімше, көбінесе қабілетті балалар тентек болып келеді. Оның сол қабілетін дұрыс бағытқа салсаң, одан талантты адам шығуы мүмкін. Жалпы, баланы мұғалімнің еркімен емес, баланың өз еркімен тәрбиелеген жөн. Мысалы, балаға 45 минут бойы екі қолыңды алдыға салып, қазықтай болып тік отыр деу, маған кейде жазаның ең ауыр түріндей әсер етеді.

Келешекте мен класқа көрпе-жастық әкеп қойып, егер бала шаршаса, жантайып тыңдауға да рұқсат берсем бе деймін.

Мүмкін бала кейбір кезде көзін жұмып отырып сабақ тыңдауды ұнататын шығар. Тіпті оған да көнуге болады.

– Қандай да бір жақсы идеяны жүзеге асыру мәселесі қаржыға келіп тірелетіні белгілі. Оны қалай шешіп жатырсыз?

– Мұғалімдердің айлығын ата-аналардың мектепке төлеген ақшасынан бөліп береміз. Бірақ сол қаржының тең жартысына үкімет «ортақтасады». Мен болашақ деп, халық деп түн ұйқымды төрт бөліп жүрсем, олар екінші жақтан салық деп қысады. Мысалы, біз ата-аналардан осы мектепке балаларын оқытқаны үшін айына 50 теңге алсақ, оның 30 процентін зейнеткерлік қорға, 10 процентін салық инспекциясына, 2 процентін жұмыссыздық үшін құрылған қорға аударуға тиіспіз. Оның үстіне табыс салығын қосыңыз. Сонда тірнектеп тапқан ақшамыздың жартысы ғана өзімізге тиеді екен. Әрине, Президенттің Жарлығы бойынша жеке меншік кәсіп орындар мен мекемелердің барлығы бірдей салық төлеуге тиісті. Коммерсанттар мен бизнесмендер үшін бұл Жарлық дұрыс-ақ делік. Бірақ, біз ештеңе өндірмейміз, ештеңе алып-сатпаймыз, бар болғаны халқымыздың рухани қажеттілігін өтейміз. Олай болса, бұл Жарлықты бізге қолдануға келмейтін сияқты. Осыны айтып талай мекеменің табалдырығын тоздырсам да, ешкімге, ештеңе түсіндіре алмадым.

– Егер сіздің мектепті жартылай мемлекеттік мектеп етіп құрса қалай болар еді?

– Мен оған қуана келісер едім. Ондай жағдайда мұғалімдердің айлығынан тыс құрылыс жабдықтары, оқу құралдары, тағы басқа керек-жарақтарды сатып алуға мүмкіндік кеңінен туады ғой. Сосын бізден салықты да ұстай берсін...

Осы арада айта кетейін, мемлекеттік мектептерде оқитын бір балаға бір жылда жұмсалатын шығынды баласын біздің мектепте оқытқысы келген ата-ананың қолына берсе, олар оны бізге аударса, балаларын сол қаржыға оқытар едік. Бірақ үкіметіміз бұған көнбей отыр. Мұны Қаржы министрлігі шешуге тиіс екен. Ал, ондағыларға түсіндіру қиын.

– Сіз осы идеяларыңыздың өміршендігіне сенесіз бе? Небір ізгі мақсаттар бүгінде қаржы тапшылығынан жүзеге аспай, жолда қалып жатқаны рас...

– Өзіңе ғана айтайын, соңғы екі жылдағы өмірімді тек осы идеяны жүзеге асыру үшін сарп етудемін. Сенесің бе, автобуста келе жатып, тұрып ұйықтайтын кездерім де болады. Егер осы ізгі мақсат мені алға сүйремесе, баяғыда құлап қалар ма едім, кім білсін? Ең жақсысы, мені түсінетін жақын адамдарым бар, достарым бар. Демеушілік (спонсор) деген жәй сөз екен. Танысың болмаса ешкім де саған көмектеспейтініне кезім жетті. Кезінде өзіміздің есеп-шотымызды ашып, қолында қаржысы барларды түгелдей құлақтандырғанбыз. Бірақ олардан күні бүгінге дейін бір тиын да түспеді. «Жалын» баспасының директоры Бексұлтан Нұржекеев, «Рауан» баспасының директоры Жарылқасын Нұсқабаев ағаларымыз алғашқыда қаржылай көмектесті. Қазір де алдарына бара қалсам, өздерінде шыққан қазақ тарихы мен әдебиетіне, мәдениетіне байланысты кітаптарды қолтығыма қыстырып жібереді. Ол кісілерге рахметтен басқа айтарым жоқ.

Мен манадан бері тек қиыншылықтарды айтып кеттім-ау деймін. Бұған қарап, біздің жағдайымыз өте нашар екен деген пікір туып қалмасын. Енді бір бес жылдан кейін үкіметіміздің өзі бізді іздеп тауып, оқу-білімді дұрыс жолға қоюдың бірден-бір жолы осы екен-ау дейтініне сенімдімін. Сондықтан, осы бағатымнан ешқашанда таймаймын. Бір ескертерім, менің мектебіме келетін мұғалімдер үшін совхоз жер беруге әзір. Үй салам деушілерге көмектерін де аямайды. Ал, қаржысы көп адамдар осы жерден үй сатып алып, балаларын сонда тұрғызып оқытуына болады. Егер өз баласы мен қоса бір-екі бөлмесін басқа балаларға жатақхана ретінде берем десе, ол адамның баласын тегін оқытамыз.

– Есеп-шоттарыңызды газет бетінде тағы бір көрсете кетсек қайтеді?

– Рахмет, керегі жоқ. Мен біреуге алақан жайғым келмейді. Бәрібір ешкім қаржы аудармайтынын білемін. Өзіміз бір амалын қарастырамыз.

– Алма апай, сізге ең алдымен мықты денсаулық тілеймін. Қалғанының бәрін орнына келтіретініңізге мен де сенемін.

«Егемен Қазақстан» газеті,
3 қыркүйек, 1994 жыл

БАР АРМАНЫМ – ЕКІ ҰЛЫМДЫ АЗАМАТ ЕТІП ӨСІРУ

Наурыз мейрамы қарсаңында белгілі эстрада жұлдызы, Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваға арнайы жолығып, қазіргі қазақ әйелдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері жайында, олардың болашақтағы болмысы мен тұрмысы, өнер жолында жүрген аруларымыздың ой-армандары жайында әңгімелескенбіз. Әр сұрағымызға ір-келмей жауап берген қарапайым да ашық-жарқын Розаны бұл жолы тағы бір қырынан танығандай болдым.

– Халқы еркелеткен Розаның биыл сахнадағы өміріне отыз жыл толады. Оған дайындық қалай?

– Отыз жыл ішінде не істеп, не қойғаным халықтың көз алдында. Сол халқымның алдында тағы бір шығармашылық есеп беремін. 1 наурызда Киевке концерттік бағдарламаммен барып қайттым. 6 наурызда Қарағандыда концерт бердім. Наурыздың 21-23 аралығында Алматыда, Астанада, одан кейін Астрахань, Атырау, Өскемен, Орал, Ақтөбе, Мәскеу қалаларында концерттерім өтеді. Бұл концерттердің барлығы үлкен эстрадалық-симфониялық оркестірдің сүйемелдеуімен қойылады. Өздеріңіз білесіздер, менің концерттерімнің ерекшеліктері – «тірі» оркестрмен, «тірі» дауыспен орындалады.

– Шығармашылығыңыздың отыз жылдық мерекесі жол үстінде өтуде екен. Осының бәріне қалай үлгересіз, бала-шаға бар дегендей?...

– Қайтейін?!... Табиғат осылай етіп жаратқан соң шара бар ма... Ана болғаннан кейін үйде, балалардың қасында болғанға не жетсін. Менің қолымда екі қайын сіңлім тұрады. Басқа туыстарым да бізбен бірге. Шындығымды айтсам, солардың көмегінің арқасы ғой гастрольге шығып жүргенім.

– Дегенмен, отбасының ұйытқысы – әйел. Әйел атқа мініп кетсе, отбасының жылу да кететіні белгілі. Өнер

адамының жолы бөлек, өзіңіз де отбасына көп алаңдайтын сияқтысыз. Жалпы еліміздегі гендерлік саясатқа көзқарасыңыз қалай? Қазақы ұғымда бұл – әйелдер де ерлермен бірге үзеңгі қағыстырып, биліктің биігін үйіріп отыру деген сөз ғой.

– Қазіргі кезде бізде іскер, ғалым, саясаткер әйелдер, тағы басқа да кәсіппен айналысатын әйелдер жеткілікті. Парламентте де, министрлікте де әйелдер бар. Дегенмен, ел тағдырымен, жер тағдырымен, мемлекет тағдырымен ер-азаматтар айналысқаны дұрыс. Біз сияқты жас мемлекет алдымен бесігін түзеп алса деймін. «Ел боламын десең, ең алдымен бесігіңді түзе» деген сөз бекер айтылмаған. Ал бесік – ананың аялы алақанымен жылынады, ананың жүрегімен тербеледі.

– Жалпы, әйел басқарған іс өте нәтижелі болатынына сенесіз бе?

– Бәрі кәсіби шеберлікке байланысты ғой.

– Бірақ әйелдерше ойлау, еркектерше ойлау жүйесі бар екенін жоққа шығаруға болмас...

– Мен өзім өнер адамы болғандықтан, өнер саласын басқарып отырған әйелдер ақылды, білімді шығар деп ойлаймын. Кейбір әйелдер ақыл, білім жағынан еркектерден де артық түсіп жататынын өмірдің өзі талай рет дәлелдеді емес пе? Әйтсе де әйел затына ғылым, өнер, мәдениет саласын басқарған жарасатындай. Ал қорғаныс, өндіріс, тағы басқа әлеует салалары, жоғарыда айттым, ер-азаматтардың қолын қажет етеді.

– Мектептерде ер мұғалімдердің аздығынан болса керек, әсіресе ер балалардың тәрбиесі алаңдатып тұрған жоқ па?

– Бала тәрбиесінде ер адамның атқарар орны ерекше, әрине. Әсіресе, ұл балалар үшін. Мектепте де, үйде де. Үйде әкенің беделін, әкенің қаһарын сезінбей өскен ұлдан мықты еркек шығуы екіталай. Сондықтан, тәрбие саласында ер азаматтардың көбірек болғанын қалар едім. Менің ойымша, еркектер жүрген жерде ептеп қаталдық, тәртіп сезіліп тұрады.

– Қыз балаға әкенің тәрбиесі шамалы ма сонда?

– Олай деуге болмас. Қыз балаға да әке тәрбиесі ауадай қажет. Өз басым кезінде әкемнен де көп тәрбие алдым деп ойлаймын. Жалпы, мен үлкен отбасынан шыққанмын. Еңбекқорлық, тәртіптілік, жігерлілік сияқты қасиеттердің барлығы бізге әкемізден жұққаны рас. Әкесіз өскен қыз бала еркектің мінезі мен әйелдің мінезіндегі айырмашылықтарды онша білмей өсуі мүмкін. Кейін тұрмысқа шыққанда соның салдарынан күйеуімен тіл табыса алмай, қиындықтарға тап болады.

– Әйел бақыты дегенді қалай түсінесіз?

– Менің ойымша әйелдің басты бақыты отбасында. Сүйген жары мен баласы – ең қымбаты. Одан кейінгі бақыты – кәсібі деп ойлаймын. Яғни, қоғамдағы орны.

– Өзіңді бақытты әйелмін деп есептейсіз бе?

– Әрине, бақыттымын. Тек бір өкінішім – Тасқынның өмірден ерте кетіп қалғандығы. Бірақ осынау аз ғұмырының ішінде ол екі ұлына берерін беріп кеткен сияқты. Себебі, Әли мен Мәдидің бойынан Тасқынның көптеген қасиеттерін көремін. Әке – шаңырақтың тірігі. Әйел – отбасының ұйытқысы. Бірінсіз бірі өмір сүрудің қандай қиын екендігі осыдан-ақ белгілі емес пе...

– Ұлттық патриотизм дегенді кейінгі кезде көп айтамыз. Патриоттық сезім қалыптастыруды алдымен әйелдерден басталуы керек сияқты.

– Балаға тәлім-тәрбие беретін – ең бірінші ана ғой. Баланың тәрбиесі ана құрсағынан басталады. Бұл енді еркектердің жүгін жеңілдетпес, анасы баланы қалай тәрбиелесе, солай өседі. Өмірдің шындығы осы.

– Онда мықты еркек болу үшін алдымен әйелдің тілін таба білу керек шығар ?

– Әйелдің тілін таба білу дегенді дұрыс түсінген жөн. Кейбір еркектер оны елпендеп, әйелдің алдында құрдай жорғалау деп түсінуі мүмкін. Әйелдің тылсым құпиясын ашуға тырысудың өзі кез келген еркектің қолынан келе бермейді. «Жібекті түте алмаған жүн етеді» деген сөз бекер айтылмаған. Өмірдегі ұлы істердің бәрі әйелге деген құрметтен басталса керек.

– Кейінгі кезде әйелдер өз қадірін өздері кетіріп бара жатқаны да шындық. Көшеде темекі тартып, ерлермен бірге сыра ішіп, жеңіл жүріске сұранып тұратын әйел затын көргенде еркек жерге қарайтын кездер де аз емес қой.

– Бұл енді әрбір қыздың өзіндік сана сезімі мен тәрбиесіне байланысты нәрсе. Егер олар жаңағы сіз айтқан жиіркенішті қылықтарын өздері дұрыс деп білсе, оған ештеңе жасай алмаймыз.

– Екі ұлыңыз өсіп келеді. Аманшылық болса, енді бір оншақты жылдың аржақ-бержағында өзіңіз де әже боларсыз. Болашақ келіндеріңізмен ара қатынасыңызды көз алдыңызға қалай елестетесіз?

– Ең бастысы, келіндерім ақылды, білімді болса, жетіп жатыр. Кемшіліктері кездессе қайта тәрбиелеп алу қиын емес.

– Ал олар өз қылықтарын дұрыс деп білсе....

– Онда ақыл парасаты аз, тәрбиесі аз болғаны да. Құдай ондайдан сақтасын. Сондықтан, ел боламыз, алдыңғы қатарлы ұлт боламыз десек, алдымен қыз баланың тәрбиесіне қатты көңіл бөлуіміз керек. «... Бесігінді түзе» деген сөзді осы тұрғыда қабылдаған дұрыс сияқты. Мәселен, менің анамның қолына бес келін түсті. Олар біздің үлкен шаңырағымызға тек қуаныш пен бақыт әкелді. Анамыз олардың бәрін өз қыздарымен бірдей ұстады. Қазір тіпті немерелерінен де келін сүйіп отыр. Олар да үлкен келіндеріндей отбасымызға құт-береке сыйлай білді.

– Жалпы әйел заты бір «бұзылса» қайта тәрбиелеу мүмкін емес деп жатады ғой....

– Ол көбінесе арақ ішіп, темекі тартатын әйелдерге қатысты айтылғандай. Себебі әйелдің ағзасы еліктіргіш заттарға төтеп бере алмайтындығы бұрыннан дәлелденген құбылыс. Мұндай дертті ешкімнің басына бермесін деп тілеймін. Басқасы орнына келер. Бірден айтайын, менің маңайымда жүрген қыздар елге үлгі боларлықтай жандар. Балаларын жақсы азамат етіп өсіріп жатқан жалғызбасты құрбыларым да жетерлік. Егер қазақта «жеңіл жүрісті» қыздар көбейіп бара жатса, оған ең алдымен қоғамның өзі кінәлі. Осынау келеңсіз құбылыстың

әлеуметтік негізін зерттеп жатқан ешкімді көре алмай жүрмін, өкінішке орай.

– **Оны жоюдың бір жолы – көп әйел алушылық, еркектер жетіспегендіктен осылай болды деушілер де кездеседі.**

– Еркектер жеткілікті. Бәрі бос сөз. Ұлт тағдырын ойлайтын сана, ұлттық намыс жеткіліксіз десек, шындыққа жақындаймыз.

– **Өнер жолында келе жатқан сіңлілеріңіз жайында не айтар едіңіз?**

– Нағыз өнер адамы болу деген үлкен бақыт қой. Ал ол бақытты бағалап, оны алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Себебі, өнер адамына өзінің өмірлік қосағын табу оңай емес. Өмірдің көбісі сахнада, жол үстінде өтетіндіктен екеуі де сол салада жұмыс жасағандары дұрыс. Олай болмағанда отбасының шырқы оңай бұзылады. Ал қазіргі менің бар арманым – екі ұлымды азамат етіп тәрбилеу ғана. Балаларым кішкене. Олар ер жеткенше мен жетпістен асып жығылармын. Сондықтан, әлі талай маңдай терді төгуге тура келеді.

– **Ішіңізде өкініштеріңіз бар сияқты ғой.**

– Егер тұрмыс пен отбасы тірлігіне алаңдамасам, өнерде бұдан да зор нәтижелерге жетер едім.

– **Менің ойымша Роза Рымбаева өнердің шырқау көгіне шарықтап кеткен сияқты. Әлі де бағындыра алмаған биіктер көп пе?**

– Жай халық біле бермейді. Ал кәсіби өнер иелері бір-бірінің кемшіліктерін оп-оңай көреді. Кейде діттеген жерден шыға алмағанымызды өзіміз жақсы білеміз. Қайсыбірін айтайын, алынбаған асулар әлі алда деп білемін.

– **Өзіңіздің орындауыңыздағы «Наурыз тойы» әні осы мерекенің символ-әуеніне айналып кеткендей. Әнмен қоса бұл күні халыққа қандай тілек айтар едің?**

– Ұлыстың Ұлы күні халыққа бақыт, молшылық әкелсін! Ал «Президент және Халық» газеті елдің сүйіп оқитын беделді басылымына айнала берсін!

«Президент және Халық» газеті,
17 наурыз, 2006 жыл

БАЛАСЫН ОҚЫТУ ҮШІН БАСПАНАСЫН САТҚАН ата-ана ұлының келешегінен зор үміт күтеді

Олар жайында бір танысым қысқаша әңгімелеп берді. Германияның Ганновер қаласындағы жоғары музыка және театр мектебіне оқуға кеткен бала екі жарым жыл өткен соң, яғни биыл әрең дегенде ата-анасымен қауышыпты. Оған дейін каникулда елге келуге ақшасы болмаған.

Енді сол бала Алматыда өзінің тұңғыш авторлық концертін өткізгелі жатқан көрінеді. Танысым мені сол студенттің концертіне шақырды. Бардым.

Сахнаға жиырмаға жаңа толған жас жігіт шықты. Жиналғандарға кәнігі әртістерше ізет көрсеткеннен кейін фортепианоның құлағына отырды. Қысылғанын білдірмей, өзін еркін ұстауға тырысады. Концерт жүргізушінің хабарлауынан біліп отырмыз, бірінші орындалғаны – Моцарттың симфониясы. Одан кейін Бетховен, Шопен... тағы басқалар.

Әдетте, фортепианода ойнайтындардың алдында нота жазылған қағаз тұрушы еді. Байқаймын, Даниярдың алдында ештеңе көрінбейді. Осыншама музыка иірімдерін қалай ғана есте сақтап алғанына іштей таңданудамын. Салалы саусақтарына көз ілеспейді.

Екі сағатқа созылған концерт те аяқталды. Жиналған жұртшылық Данияр Есімхановқа деген алғыстарын гүл шоқтарымен білдіріп, үлкендер жағы бетінен сүйіп жатыр. Бұл жерде онымен оңаша сөйлесу мүмкін болмаған соң, ертең редакцияға келуін өтіндім.

Ол әкесімен бірге келді. Әкесінің аты – Тілеуқажы екен. Мамандығы – оқытушы. Анасы да оқытушы.

Даниярдың құжаттарын парақтап отырмын.

1981 жылы Алматыда туған. 1999 жылы А.Жұбанов атындағы музыка мектебінің фортепиано бөлімін бітіріпті.

1996 жылы 8 сыныпта оқып жүргенде жас таланттардың «Айналайын» фестиваліне қатысып, лауреат атаныпты.

1998 жылы халықаралық қайырымдылық қоры ұйымдастырған «Жаңа есімдер» атты конкурсқа қатысып, дипломға ие болыпты.

Сол жылы тағы да жастардың «Шабыт» шығармашылық фестиваліне қатысып, бірінші орынды иеленіпті.

Тағы да сол жылы республиканың жас орындаушылары қатысқан конкурста өнер көрсетіп, тағы да лауреат атаныпты.

Мектеп бітірер жылы Алматыға атақты музыкант-фортепианист, профессор Владимир Крайнев келе қалады. Ол кісінің шыққан тегі Ресейлік болғанымен, талайдан бері Германияның Ганновер қаласында тұрады. Сондағы жоғары музыка және театр мектебінде ұстаздық етеді. Бұл мектеп Батыстағы ең беделді оқу орыны қатарында саналады. Крайневтің аты да бүкіл батысқа мәшһүр.

Тілеуқажы ұлын осы профессорге көрсетуге күш салады. Даниярды жарты сағат тыңдауға келіскен Владимир Крайнев оның өнерін екі сағат бойы тапжылмай тамашалайды. Баланың нағыз талант екенін айтады. Ата-анасының мүмкіндігі болса, Даниярды Ганновердегі жоғары музыка мектебіне оқытуға кенес береді. Онда оқыту үшін жылына орта есеппен 6 мың доллар ақша кетеді екен. Ондай қаржы қарапайым оқытушының отбасында қайдан болсын. Үкіметтен көмек сұрайды, ештеңе шықпайды. Демеушілер іздейді, одан да ешқандай нәтиже жоқ.

Міне, осы тұста Тілеуқажы баласының болашағы үшін Алматыдағы үш бөлмелі кірпіш үйін сатып жібереді де, ол ақшаның бәрін баласының қалтасына салады. Сөйгіп, Даниярды Крайневке жетектетіп, Германияға қоя береді. Өздері басқа балаларымен Алматыда пәтер жалдап, күн көруге кіріседі. Қазір де қаланың ана бұрышынан мына бұрышына көшіп, пәтер жалдап жүр. Соған қарамастан көңіл-күйі көтеріңкі, болашақтан үміті зор.

Мектепті қазақша бітірген Данияр өмірі неміс тілін оқымаған екен. Алғашқы кезде ұстазы Владимир Всеволодовичтің үйінде тұруға тура келеді.

– Онда біздегі сияқты мамандыққа қатысы шамалы, жанама сабақтар жүрмейді,— дейді Данияр. — Тек музыка теориясы, педагогика, музыка психологиясы деген сабақтарды оқиымыз. Олардың әрқайсысы аптасына бір-ақ рет өтіледі. Есесіне, өзіңше еркін дайындалып, шеберлігіңді ұштауыңа кеңінен мүмкіншілік жасалған...

Даниярдың айтуына қарағанда, онда бір курста жүзден астам бала оқиды. Араларында қазірдің өзінде Еуропаның үлкен аудиторияларында өнер көрсетуге жарап қалған пианистер жетерлік². Даниярдың арманы – солармен теңесу және басып озу. Қазіргі кезде неміс тілін өздігінен үйреніп алған. Ганноверде біраз концерт қойып, ақша тауыпты. Ақшадан қысылған кезде вокзалдарда көмір түсіріп, жалданған кездері де аз емес. Алда әлі екі жыл оқуы тұр. Осы уақытқа әзірге демеуші табылған сияқты. Дегенмен ол қаржы да бар мәселені шеше алмайтын тәрізді. Жоғарғы музыка мектебін бітіргеннен кейін Данияр сол қаладағы аспирантураға түспекші. Оның мерзімі – үш жыл.

Сонда бүгінде өздері пәтер жалдап жүрген Даниярдың атанасы баласына қалай көмектеседі, өздері қалай күн көреді деген сұрақ туады. Ол жайында Даниярдың әкесі былай деді:

– Баламның болашағы үшін ештеңе аямаймын. Қазақта ер адамнан шыққан пианистер жоқтың қасы ғой. Ұлым ертең қазақ деген ұлттың атын әлемге танытып жатса, маған одан асқан бақыттың керегі жоқ.

Әке мен бала менімен қоштасып, редакциядан шығып бара жатты. Енді біраз күннен кейін Данияр қайтадан Ганноверге аттанады. Каникул мерзімі де бітіп қалыпты.

Иә, қазақтан тағы бір мықты музыкант шығып келе жатқанында сөз жоқ. Ал, ол өз өнерімен әлем жұртшылығына қол соқтыра ала ма, оны уақыт көрсетеді..

«Егемен Қазақстан» газеті,
29 наурыз, 2002 жыл.

ӘЛІПБИІҢ – АЙБЫНЫҢ

Таяуда, Қазақстан халықтары ассамблеясы XII сессиясында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті мемлекеттік тіл саясатын жетілдіруді, алдағы уақытта кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшу мәселесін қолға алуды Үкіметке тапсырды.

Бұл екеуі де қазақ ұлтының көптен көкейінде жүрген, шешімін күткен шаралар еді. Баспасөз беттерінде талай рет айтыла-айтыла жауыр болған тақырыптар қазір қайта көтерілді. Көпшілік те, зиялы қауым да қолдайтындықтарын білдіруде. Ал нақты не жасалынды, алда не күтіп тұр деген сұраққа әзірге толық жауап қайтарыла қойған жоқ. Сондықтан, осы іске қатысты мамандарға арнайы жолығып, латын әліпбиіне көшу ісіндегі кейбір шаруаның жай-жапсарын тағы да анықтай түсуімізге тура келді.

ҚР ҰҒА-ның академигі Әбдуәли Қайдар ақсақалдың айтуына қарағанда, латын әліпбиіне көшу – мемлекеттік мәселе. Себебі, бұл істі жүзеге асыру үшін әжептәуір қаржы керек. Мемлекет қамқорлығына алмайынша ештеңе шешілмейді. «Менің ұсынған жобам бойынша қазір ҚазСАТ жер серігі арқылы таралатын бүкіл жаңалық шетелге латын қарпі нұсқасында беріліп жатыр. Соған қарамастан бұл ұзаққа созылатын әрекет» дейді ол кісі. Неге ұзаққа созылады?

Біздіңше, мұның себебі Қазақстандағы орыс диаспорасы мен іргеміздегі Ресейге байланысты болса керек. Ал Ресей латынға көше ме? Бұл жөнінде жазушы-аудармашы Герольд Бельгер былай дейді: «Орыстар қашан екені белгісіз, бәрібір латынға көшеді. Бұл пікірді кезінде I Петр патша айтып кеткен. Тіпті орыстардың қазіргі ғалымдары да осы пікірді жақтайды. Олардың ойынша ғылым атаулының бәрі латынға көшуге мәжбүр болады».

Дегенмен, Қазақстан олардан бұрын өз таңдауын жасады. Енді Ресей Қазақстанның соңынан еріп, осы үлгіні қабылдауы

мүмкін бе? Жалпы Ресей баспасөзі бұл тұрғыда қандай пікірлер білдіруде?

Назар аударайық: Биылғы жылдың қазанында «Независимая газета» басылымында жарық көрген бір мақаланың тақырыбы «Астана – әліпбиімен бойын Мәскеуден аулақ әкетті!» деп аталыпты. Онда «Қазақстанның бұл жаңа саяси бастамасы бұрынғы КСРО-ға жаңа өзгерістер алып келмек. Мәскеу өзінің ең сенімді одақтасын жоғалтты!» деп байбалам салады. Өйтетіндей жөні де бар. Қазақстанды арқаға қағып қойып, өз уысында ұстағысы келетін Ресей саясаты әлсірегені рас. Он бес жыл бойы көршінің қабағын бағып келген біздер енді әлемдік аренаға шыға бастадық. Жаһанданудан қорқа берудің де қажеті жоқ екенін түсіндік. Тіл, дін, ұлттық жазу-сызу мен салт-дәстүр үшін күрес тек жалаң патриоттық сезімге жел беріп, рухани қажеттілікті қанағаттандыру үшін қажет емес екен. Бұлар енді әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық категориялар.

Жер көлемі жағынан дүниежүзі бойынша алғашқы ондықтың қатарына кіретін Қазақстанға ең аз дегенде 80 миллионға жуық халық қоныстануы керек делініп жүр. Онсыз ел қатарлы болу неғайбыл дейді білетіндер. Шынында да өмір талабы – осы. Тауар айналымы жоқ жерде, сауда-саттық жоқ жерде мемлекет те әлсірейді. Қазіргідей 15 миллион халықпен мына ұланғайыр атамекенді ұстап тұру түптің түбінде қиынға соғары анық. Шетелдегі қандастарды түгелдей көшіріп әкелсек те, мәселе толық шешілмейді. Бос жатқан жерлерге көз салып отырғандар аз емес. Олардан қорықпауға болар еді, егер өндірісін мен ғылымын ұлттық тілінде, мемлекеттік тілде дамып жатса. Ал тілді таза сақтаудың жолы латын әліпбиі екенін өмірдің өзі тағы дәлелдеп отыр. Сондықтан да, «АПН – Қазақстан» өзінің ресейлік сайтындағы мақаласында «Қазақстан тек Орталық Азияның ғана емес, сонымен қатар Ресейдегілерді қосқандағы барлық түрік тілді әлемнің рухани көшбасшысы болғысы келеді. Ал – бұл салмақты саяси мақсат» деп үрейленеді. Мұндайда «айтқаның келсін!» дегеніміз дұрыс сияқты.

Сонымен қазіргі кезде латын әліпбиінің оннан астам нұсқасы жасалыныпты. Соның бірі академик Әбдуәли Қайдардың түрік әліпбиі негізінде жасаған латын қаріпті қазақ әліппесі (№1 кесте).

№1 кесте:

Кирилл қарібі	Латын қарібі	Кирилл қарібі	Латын қарібі
Аа	Aa	Нн	Cc
Бб	Bb	Ңң	Oo
Цц	Cc	Оо	Nn
Чч	Зз	Өө	Цц
Дд	Dd	Пп	Pp
Ее	Ee	Рр	Rr
Әә	Дд	Сс	Ss
Фф	Ff	Шш	Şş
Гг	Gg	Тт	Tt
Ғғ	Ğğ	Ұұ	Uu
Һһ	Hh	Үү	Ьь
Хх	Xx	Вв	Vv
Ыы	Iı	Уу	Ww
Іі	Ii	Йй	Yy
Жж	Jj	Зз	Zz
Кк	Kk	Ээ	Ee
Ққ	Qq	Ии	Пп
Лл	Ll	Юю	Yu yu
Мм	Mm	Яя	Ya ya

Көріп отырғанымыздай, мұндағы әріптер саны компьютердің клавиатурасындағы 26 латын-ағылшын таңбасынан асып кетеді. Ал клавиатурадағы барлық түймелерді түгел пайдалану үшін онда көрсетілген латын әріптерінің негізінде қазақ әліпбиін жасаған дұрыс деген пікірлер де айтылуда. Осы тұрғыда жасалған Өркен Тоқатұлының мына нұсқасы да назар аударарлықтай (№2 кесте).

№2 кесте:

Кирилл қарібі	Латын қарібі	Кирилл қарібі	Латын қарібі
Аа	Aa	Рр	Rr
Әә	AE ae	Сс	Ss
Бб	Bb	Тт	Tt
Вв	Vv	Уу	Ww
Гг	Gg	Ұұ	Uu
Ғғ	GH gh	Үү	UE ue
Дд	Dd	Фф	Ff
Ее	Ee	Хх	KH kh
Жж	Jj	Һһ	Hh
Зз	Zz	Цц	TS ts
Ии	Yy	Чч	CH ch
Йй	Yy	Шш	Shsh
Кк	Kk	Щщ	SHSHs
Ққ	Qq	Ъъ	h sh
Лл	Ll	Ыы	-
Мм	Mm	Іі	Ii
Нн	Nn	Ьь	Ii
Ңң	NH nh	Ээ	-
Оо	Oo	Юю	Ee
Өө	OE oe	Яя	YW yw
Пп	Pp	Жуан белгі	YA ya

№3 кесте:

Кирилл қарібі	Латын қарібі	Кирилл қарібі	Латын қарібі
Аа	Aa	Нн	Nn
Бб	Bb	Оо	Oo
Шш	Cc	Пп	Pp
Дд	Dd	Гг	Qq
Ее	Ee	Рр	Rr
Фф	Ff	Сс	Ss
Жж	Gg	Тт	Tt
Ңң	Hh	Ұұ	Uu
Іі	Ii	Вв	Vv
Ыы	Jj	Уу	Ww
Кк	Kk	Хх	Xx
Лл	Ll	Йй	Yy
Мм	Mm	Зз	Zz

№4 кесте:

Кирилл қарібі	Латын қарібі	Кирилл қарібі	Латын қарібі
Аа	Aa	Юю	iw.
Әә	A'a'	Яя	ia.
Бб	Bb	Өө	Oo
Вв	Vv	Пп	Pp
Гг	Gg	Рр	Rr
Ғғ	G'g'	Сс	Ss
Дд	Dd	Тт	Tt
Ее	Ee	Хх	Xat
Жж	Jj	Уу	Ww
Зз	Zz	Ұұ	Uu
Ии	Yy	Үү	U'u'
Йй	Yy	Шш	Sh
Кк	Kk	Чч	Ch
Ққ	Qq	Цц	Cc
Лл	Ll		Y
Мм	Mm	Ыы	()
Нн	Nn	Ң	Nh
Фф	Ff	Іі	Jj
Һһ	Hh		

Тағы бір нұсқаны бірлескен авторлар тобы – М.Шойқара, Д.Әубәкір, К.Ералиева жасаған (№3 кесте).

Осының бәрін саралай келе А.Бакытұлы деген автор ба-рынша ықшамдалған кейіптегі әліпбиді жасауға талпыныпты (№4 кесте).

Оқырман назарына осы нұсқаларды ұсына отырып, олар-дың да өз ойларын ортаға салуға мүмкіндіктері бар екенін ес-кертеміз.

Үкімет бұл жөнінде арнайы комиссия құрды. Шешім қабыл-данатын күн де алыс емес. Ендеше, елдігіміздің кепілі болып табылатын әліпби мәселесі ешкімді бей-жай қалдырмаса керек. Тоқетері, ойласа бермей нақты іске кіріскен жөн сияқты.

«Президент және Халық» газеті,
17 қараша, 2006 жыл

ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгенімен сол заңда орыс тілінің ресми түрде қатар жүретіндігі де көрсетілген. Өтпелі кезең саясаты тұрғысынан қарағанда бұл шешім дұрыс та шығар. Әлемдік тілдердің бірі саналатын орыс тілімен тайталаса, иықтаса отырып, қазақ тілін қажетімізге жарата алсақ, осы тілге еліміздегі жүзден аса ұлт өкілдерін ұйыта алсақ, онда қазақ тілі әлемдік деңгейге көтерілгені. Ендеше, қазақ тілінің бәсекелестік қабілетін арыттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл жолда атқарылар істер әлі жеткілікті. Соның ең маңыздысы – бүгінде тіліміздің еркін дамуына тұсау болып отырған орыс алфавитінен құтылу екенін баса айтқанымыз дұрыс. Таяуда « Темірқазық» пікірсайыс клубында осы тақырыпта арнайы баяндамалар жасалынды, әртүрлі ойлар ортаға салынды. Осы басқосудан жазылған мақаланы назарларыңызға ұсына отырып, өздеріңіздің де ойларыңызды ортаға салуға шақырамыз.

– Меніңше, қазақ тілін өзінің лайықты орнына шығартпай отырған бірінші кедергі, ол – кириллица, яғни орыс алфавиті, – деді баяндамашы Алдажар Сейітұлы. – Санамызға әбден орнығып алған орыс әріптерінен айырылмайынша ана тіліміздің екінші дәрежеде қала берері сөзсіз.

Мысалы, президент, конституция, цивилизация, функция, коммунизм, капитал, профессор, институт, т.с.с. толып жатқан сөздердің тегі латыннан шыққан. Тек орыс тілі жат сөздерді қабылдағанда оны міндетті түрде өзінің тіл заңдылығына сәйкес етіп өзгерту арқылы енгізеді. Онда неге сол латын сөздерін қазақтың дыбыс заңдылығына бағындыра отырып, тікелей қабылдасқа?

Кез келген бір тілді шұбарлау үшін сол тілдің дыбыс заңдылығына бағына қоймаған бір әріпті енгізсе болғаны. Сан ғасырлар бойы өзіндік ерекшелігін барынша сақтап келген қазақ

тіліне кеңестік дәуірде ондаған орыс әріптерін енгізуде үлкен саяси астар жатқандығы айдан анық. Кеңестік дәуірдің (XX ғасырды солай атаса да болады) 30-шы жылдары қазақ «қаймағының» сүзіп алынғандығын ескерсек, онда 40-шы жылы кириллицаны кімдердің қабылдағанын да түсіну қиын емес. Соңғы алпыс жыл ішінде – л,ц,д,ч,ц,щ,э,ю,я сияқты орыс әріптері мен олардың жіңішке және айыру белгілері қазақ тіліне өте күшті синтаксистік ықпал жасап, дыбыс заңдылығын шайқалтып, екпін тұрақтылығын бұзып, төл әріптерін шетінен ығыстыра бастады.

Қазақ тілі – сөз қорына өте бай тілдердің бірі. Балама болатын қазақ сөзі жетерлік бола тұра, кірме сөздерді ережеден тыс қабылдай салу – дені дұрыс тілді қорлау деген сөз. Қазақ тілі өзінің тарихи да табиғи тазалығын сақтағанда ғана өзіне қызықтыра алады. Ал тіліміздің сенімді сақтаушысы, ол – үндестік заңы. Сондықтан, кеңестік дәуірде ретсіз еніп кеткен кірме сөздердің тілімізге әкелген бейберекетсіздігін бір қалыпқа келтіру үшін, осы бір қатаң заңдылық қайта салтанат құруы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама. Егер, біз Ахмет Байтұрсынұлы құрған әліпбиіне өте мұқият зер салып қарайтын болсақ, онда қазіргі халқымыздың тіреліп отырған тіл мәселесінің шешімін сол ғалым XX ғасырдың басында-ақ шешіп кеткеніне ғылыми түрде толық көзіміз жетеді. Ол кісінің жасаған әліпбиі – қазақ жазуы тарихындағы ұлы жаңалық. Қазақ тілінің емле тұрақтылығы осы әліпбимен ғана сақталады. Енді осы әліпбиді тек латын әліпбиімен бекітуіміз керек. Оның мынадай маңызды жақтары бар:

Егеменді ел болып, өз қалауымызбен ел ордасын таңдап алғанымыз сияқты, сөз әліпбиімізді де өз қалауымызбен таңдағанымызға тарих куә болмақ.

Латиницаға көшу арқылы біз бүкіл түркі халықтарының ортақ жазуға көшу ұстанымын құптаймыз;

Әрбір компьютер қазақша басу мәшіңкесіне айналып, мемлекеттік тіл аз уақыттың ішінде жаппай қолданыста болуға зор мүмкіндік алады.

42 әріптік кириллицаға орасан зор қаражат жұмсағаннан гөрі, 26 әріптік латиницаға шығындалу әлдеқайда ұтымды.

Кириллица тек еліміздің ауқымында ғана жүрсе, латиницаны жер шарының кез келген шалғайында қолдана аламыз, хәм осы арқылы әлемге тарыдай шашылған қандастарымызбен байланысты да, тіл тұтастығын да сақтаймыз. Өйткені, компьютер барлық жерде бар.

Латиница ел келешегі – жастарымызды компьютерлік білімділікке, әлемдік (ағылшын) тілге етене жақындастырып, ынтасын арттырады. Азаматтарымыз қай шалғайда болмасын «интернет» байланыс жүйелері арқылы өз пікірлерін емін-еркін қазақ тілінде жариялай алады. Қазақи насихатты әлемнің кез келген түкпірінен, қалаған елдің баспаханасынан таратуға жол ашылады.

Латын әріптері өз аталуында берілгендіктен, шетелдіктердің қазақ тілін үйренуі әлдеқайда жеңілдейді.

Латын таңбаларының әлемде үстемдік ететіндігін ескерсек, олар еліміздегі етек жайған орыс әріптерінің лезде мәселесін мес қылып басып тастайды да, қызарғанға құмар келетін кейбір жастарымыздың ынтасын қазақ тіліне бұрады. Елбасы белгілеген «Қазақстан – 2030» бағдарламасындағы «мектептерді жаппай компьютерлендіру» ұраны «мектептерді жаппай қазақтандыру» мағынасымен ұштасып, оның іске асу шаралары жаңа қарқынға ие болады.

Бір сөзбен айтқанда, кез келген нәрсенің алты жағы болады: алды-арты, оңы-солы және үсті мен асты. Міне, осы алты жағынан да алып қарағанда, латын таңбаларының қазақ тіліне дәл қазіргі уақытта аса қажеттілігі айқын.

Латиницаны тек Еуропаның төл әліпбиі деп қарамау керек, ол – жалпы адамзатқа ортақ мұра. «Латын» деген ұлыс жоқ. Сондықтан, «біреудікі» деп тілге тиек ететін жаттығы да жоқ. Ендеше, сол латын қарпіне көшіп, өркениет көшіне ілесетін уақыт жеткен тәрізді деген пікірді А.Сейітұлы қадай айтты.

Келесі баяндамашы Бақыт Сарбалаұлы бұл пікірді одан ары тереңдете түсті:

– Біздіңше, еліміздің латын жазуын тезірек қабылдағаны дұрыс. Мұны отарсызданудың басты бір жолы, орысшылдықтан құтылудың амалы екенін айтпағанда, одан да басқа себептер бар:

Латын жазуы – бүгінгі ілгерішіл әлем, озық мәдениет жазуы. Әлемдегі жетекші елдер ағылшын, француз, неміс, итальян, т.б. тілдер латын әліпбиін қолданатындығын былай қойғанда, ол – үздік технология, халықаралық туризм, компьютер жазуы. Негізгі қарым-қатынас құралы. Ендеше, біз латын әліпбиіне ауыссақ, тез жетілумен бірге осынау озық көшке, өркениетті үрдіске қосыламыз.

Осыған орай «латын жазуына көшсек, тағы да жетпіс жылдық тарихымыз ақтандаққа айналады. Кирилл әліпбиімен жасалған тұтас бір мәдени дәуірімізден қол үзіп, мәңгүрттеніп қаламыз» деген пікір бар. Мұның өзі тиянағы аз, тайғанақ болғанмен, қазіргі уақытта қолдаушысы көп, үстем пікір. Алайда, бұл құлдықтан қол үзбеген, дүрмекке еруден туған, негізгі осал пікір.

Өзге түрік елдері алды – баяғыда (мәселен, Туркия), қалғаны – бұдан бес-алты жыл бұрын (мәселен, Өзбекстан, Әзірбайжан) латын әліпбиіне көшіп алғандығы бізді де ойландырса орынды.

Бұл жерде мына бір факторды да еріксіз айта кетуге тура келеді. Біз алыстағы осман түріктерін айтпағанда, кешегі патшалы Ресей, кейінгі КСРО қол астында болған түрік елдері: Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Түркменстан республикалары, саха, қарайым, қарашай, балқар, т.б. түрік ұлттары ортақ араб жазуын тұтынғанда қандай едік, кириллицаға көшкенде қандай болдық? Ортақ араб әліпбиін пайдаланған кездері түрік ұлттары мен ұлыстары ауызша түсінісіп қана қоймай, жазбаша да түсінісе беретін. Қазанда басылған кітапты татар да, қазақ та, гагауыз да еркін оқи алатын, «Ер Тарғын» жырын, «Қырық қыз» дастанын өзбек те, башқұрт та, балқар да жатсынбайтын. Кирилл таңбасына ауысқаннан кейін не болды? Хақасты былай қойып, өзіміздің өзбек туыстарымыздың

не жазғанын ұқпайтын жағдайға жеттік. Өйткені қазақ қана өз әліпбиін өзі жасап алса, қалған халықтардың жазуын Баскаков, Юдахин т.т. секілді орыс оқымыстылары түзеген болатын. Міне, сондықтан өзбектер де, қарақалпақтар да, қарайымдар да бас деп жазып, құлақ деп оқитын болды. Ендеше өз ерекшеліктерімізді, өзгелерде кездеспейтін өз дыбыстарымызды сақтай отырып көшсек те, ортақ латын әліпбиі қайтадан түрік ұлттарының басын қосады, бір-біріне мұздап қалған бауырларын жібітеді деуге негіз бар.

Осы отаршылдықтан, кешегі орыс, қытай езгісінен ең көп қорлық көрген, қынадай қырылған, атамекенінде азшылыққа айналған, аман қалу үшін төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен жер бетіндегі екі халық бар болса, біреуі қазақ шығар. Жалғыз болса, тағы да соның нақ өзі – қазақ. Еркіндік алған, жеке мемлекетін құрып отырған қазіргі ахуалына-ақ көз жүгіртелік. Туған тіліне теңдік әпере алмай, мемлекеттік тілі мазақ болып отырғанын былай қойғанда, алыс және жақын шетелдерде тұрып жатқан 5 миллиондай қандастарына қанағаттанарлық қамқорлық көрсете алмай отыр. Қытай, Иран қазақтары төте араб жазуын тұтынса, ТМД елдері мен Моңғолия қазақтары кириллицамен күн көреді, Түркия, Еуропа мен АҚШ қазақтары латын әліпбиін пайдаланады. Жазулары бөлектенгендіктен аралары алыстаған туыс ұлттар өзара хат жазыса алмай, бірінің жазғанын бірі түсінбейтін жағдайға жетті. Тағдыр тәлкегі ме? Бодандық бұғауы жөнінде бұдан артық қандай мысал келтіруге болады.

Мәселен, Өзбекстандағы 1,5 миллион қазақтың балалары қазір әрі-сәрі күй кешуде. Өйткені мұндағы жетекші ұлт өзбектер латын әліпбиіне көшіп алған. Олай болса Өзбекстандағы қазақтың жас ұрпағы атажұрттың латын әліпбиіне көшуін қашанғы күтеді? Олар өзбек болып кетпей ме? Ендеше өзімізді былай қойып, сырттағы ағайын басқа ұлт болып кетпеуі үшін ортақ әліпбиге көшу қажет шығар. Төте араб жазуы – біз үшін өтіп кеткен белес. Кирилл әліпбиінде болашақ жоқ. Демек,

ортақ латын әліпбиіне ауысқаннан өзге бүгінгі таңда қандай озық үлгі-үрдіс бар?

Қазіргі жағдайдағы ең керек нәрсе, қазақ ұлты үшін озық жол – латын әліпбиіне көшу болып табылса керек. Алайда мұның да кемшілік тұсы, зиян жақтары бар ма дегендей сұрақтардың туындауы мүмкін. Біз бұл жағына барған жоқпыз, оған білікті жауап беру – тіл мамандарының борышы тәрізді. Әйтеуір ұтарымыз көп екені, әзірге ең пайдалы, ең тиімді жолы осы екені ақиқат.

Бұл пікірлерді қосымша баяндама жасаған Алтынбек Шәріпбаев, жарыссөзге шыққан ҚР ҰҒА академиктері – Әбдуәли Қайдар, Төрегелді Шарманов, тағы да басқа ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қостап сөйледі. Осы мәселе мемлекет басшысы тарапынан 1997 жылы-ақ қолдау тапқан болатын. Бірақ кейбір ғалымдар байбалам салып, әлі ертерек екенін ескерткен. Бүгін енді латын әліпбиіне көшуге барлық қазақ қоғамы дайын екенін олар міне, тағы мәлімдеді. Алайда ресми түрде Елбасына ұсыныс жасауға асығар емес. Сондықтан бұл істі енді кешеуілдетуге негіз жоқ екенін баса айтқымыз келеді.

**«Президент және Халық» газеті,
21 сәуір, 2006 жыл**

ӘЛЕМДІК МЕДИЦИНА ДЕҢГЕЙІНДЕ

А.Н.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми орталықтың іргетасы 1945 жылдың ақпанында Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған госпиталь негізінде қаланған болатын. Оған еліміздің көрнекті ғалымдары – академиктер Қ.Сәтбаев пен А.Сызғанов ықпал еткен еді. Институттың директоры болып Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген хирург Александр Николаевич Сызғанов тағайындалды. Ол кісі 1975 жылға дейін осы институтқа басшылық етті.

Институт ұсынысымен көп кешікпей зоб ауруына қарсы республикалық диспансер дүниеге келді. Ал институт қабырғасында хирургиялық, эндокринологиялық бөлімше ұйымдастырылып, 1956 жылы мұнда тұңғыш рет онкологиялық ғылыми-зерттеу мекемесі – онкологиялық сектор құрылды. 1958 жылы институтта тұңғыш рет жүрек хирургиясы бөлімі ашылды. Жүрекке алғашқы операцияны жасаған А.Сызғановтың өзі. 1960 жылы сектор негізінде Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты дүниеге келді.

Бауырды осылай алмастырған

Орталықтың басты бағыты – хирургия мен анестезиология саласы. Өкпеге, жүрекке, бауырға, кеңірдекке, т.б. мүшелеріне алғашқы операциялар осы орталықта жасалды. Ауруды сездірмейтін дәріні өңеш арқылы жіберу әдісі де алғаш осы ғимаратта бастау алған еді. Қан құрамын зерттеу (гематология) ілімін жүргізу нәтижесінде Республикалық қан құю орталығы ұйымдастырылып, институт ғалымдарының күшімен орысша-қазақша-латынша медициналық терминдер сөздігі жарыққа шықты.

Институт қабырғасында алғашқылардың бірі болып қызмет атқарғандар: онколог және радиолог С.Балмұханов, Семей медицина институтының бірінші ректоры Қ.Чуваков, онкология

және радиологияның белгілі маманы А.Серенко, профессорлар – Г.Ткаченко, Х.Мырзалиева, А.Сүлейменов, К.Өтегенова, Е.Оразақов, П.Чекуров.

Институт қабырғасында жетістіктер қазақстандық хирургтарды шетелге танымал ете бастады. Келелі істердің арқасында академик А.Н.Сызғановтың өзі институтты басқарған жылдары үш рет Ленин орденімен марапатталған.

1975 жылға дейін жүрек-қан тамырлары мен трокольды хирургиядан А.Н.Сызғанов басшылық еткен болса, осы жылдан бастап 1980 жылға дейін бұл бағытты трансплантологияның негізін салған – Г.К.Ткаченко басқарды.

Орталықтың үшінші кезеңі соңғы 20 жылды қамтиды. Бұл кезең бүгінде осы мекемеде қызмет етіп жүрген қызметкерлердің үлесіне тиесілі. Осы уақыт аралығында институт мамандары Бонн университеті хирургиялық клиникасының хирургтарымен бірге эндоскопиялық хирургия және трансплантология саласын дамытып отыр. Шетелмен байланысын нығайтуы арқасында Германия үкіметінің грантымен Қазақстан мамандары осы университетте білімдерін шыңдап, мол тәжірибе жинақтады. Соның нәтижесінде Орталық Азия мен Қазақстан аймағында алғашқы бауыр алмастыру операциясы іске асып отыр. Ал көптеген дәрігер мамандар Мәскеудің, Новосибирскінің клиникаларында, АҚШ-та, Грекияда, Германияда, Италияда білімдерін жетілдіріп қайтты.

Орталықта кандидаттық және докторлық диссертацияны қорғайтын арнайы кеңес бар. 1989 жылдан бастап медицинаны қаржыландырудың жаңа механизмі қолға алынғаны белгілі. Соған байланысты бұл мекемеде хирургия саласында орта және кіші медициналық, техникалық жұмысшыларға бригадалық әдіспен еңбекақы төлене бастады.

Жаңа үшінші мыңжылдықтың басталуымен орталықтың төртінші кезеңі дүниеге келді. Осы уақыт аралығында бұл институт қабырғасынан Қазақстан Ұлттық Академиясының үш академигі шыққанын атап айта кеткеніміз абзал.

Пышақсыз қан шығармай...

Еліміздегі медицина ғылымының елеулі бір жаңалығы қан шығармай операция жасау болып табылады. Бұл мақсатта Америкадан әкелінген төрт лапороскопиялық аппараттың маңызы ерекше. Олардың әрқайсысының құны 80 мың доллар тұрады. Пышақсыз, ішті жармай, қан шығармай бейне камерамен тұңғыш рет операция жасауды академик Мұхтар Әлиевтің өзі жүзеге асырды. Операция кезінде дәрігер сырқат адамның дертті мүшесін экраннан бақылап, көріп тұрады. Осы ғажап аппараттың арқасында талай ауру жанның өт қабы, соқыр ішегі, емшек безінің ісігі алынып тасталды. Бала көтере алмай жүрген әйелдерге гинекологиялық операциялар осы лапороскопия құралымен жасалынуда.

Осы операциялар арқылы А.Н.Сызганов ғылыми-зерттеу орталығы дүниежүзілік медицинаның деңгейімен теңесті. Қазіргі таңда бұл институт көрші Ресей мемлекетінің ірі-ірі клиникаларынан көш ілгері озып кетті. Мұнда пашықсыз қан шығармай 10 мыңға жуық операция жасалынған.

Соған қарамастан кейінгі жылдары осынау хирургиялық, ғылыми орталық жайында кейбір керітартпа басылымдар жағымсыз пікір туғызуға тырысып жүргендігін айта кеткеніміз дұрыс. Мәселен, хирургия-ғылыми орталығында Орта Азия мен Қазақстан аймағы бойынша 1979 жылы донорлық бауырды науқасқа ауыстырып салу амалы тұңғыш рет жүзеге асырылды. Содан бері 10 мыңға жуық науқастың бауыры осы әдіспен емделді. Бірақ бұлай емдеу қымбат әрі ұзаққа созылады. Науқастың биологиялық, анатомиялық, функционалдық көрсеткішіне сәйкес келетін донор бауырды табу оңай шаруа емес. Сондықтан мұндай науқастарды емдеу үшін мемлекет тарапынан көмек керек-ақ. Осы трансплантациялау мәселесінде алға озып кеткеніміз соншалық, қазір шетелдіктердің өзі біздің тәжірибемізден үйренетін болыпты. Медицинасы мен ғылымы дамыған Түркия, Австралия сияқты елдерден келіп, Орталықта емделіп жатқан науқастардың көп болатын себебі де содан.

Операция – адам тағдыры

Алматыға келіп емделуге тілек білдірушілер күннен-күнге молая түсуде. Осындай жетістікке қызғанышпен қараған бір газеттің тілшісі «қайтыс болған бір кісінің бауыры туған-туыстарының келісімінсіз кесіп алынды» деп жар салды. Мақала авторы заң бұзылды деп, хирургиялық ғылыми орталықты айыптауға тырысты. Бұл нағыз жала еді. Автор Қазақстан республикасының «Халық денсаулығы туралы» Заңындағы «Ағзалар мен тіндерді ауыстырып салу» атты баптан бейхабар екендігі белгілі болды. Қайтыс болған кісінің бауырын алу барысында ешқандай заң бұзылмаған еді. Заң бойынша бақиға сапар шеккелі жатқан адамнан оның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік қалмаған жағдайда одан жазбаша келісім алынады. Сондай-ақ, екінші жақтың келісімі назарға алынады. Бірақ ол өте күрделі шаруа. Тырнақ астынан кір іздеуге таптырмайтын іліктің бірі осы. Алайда трансплатация мәселесіне үрке қараудың жөні жоқ. Бұл – қайтыс болғалы жатқан адамның ішек-қарнын жөнді-жөнсіз ақтарып, бауыры мен бүйрегін, жүрегі мен өкпесін бей-берекет суырып ала салу емес, әрине. Оның гуманистік жағы да бар. Бақиға аттанғалы жатқан адам екінші адамға өмір сыйлап жатса, бұл трансплатация гуманизм емей немене? Адамзат баласының ақтық аңсары осы ұғымға оңтайлас еді. Өзің үшін ғана емес, өзгелер үшін де өмір сүру... Міне, гуманизм – осы. Данышпан жазушы Л.Толстой «Біз басқалар үшін өмір сүргенде ғана мағыналы ғұмыр кешеміз. Бір қарағанда бұл ақылға сыйымсыз, бірақ осы шындықты тәжірибеде сынап көрші. Ақиқаттығына қапысыз көзің жетеді» деген сөзді бекер айтпаса керек.

Табиғи заңдылық жолымен

Академик М.Әлиевтің мына сөзін еске алайық «Шынында да, ойлап қарасак, дамуда шек жоқ. Даму шектелген күні тіршілік мәнісін жоғалтады. Сондықтан, адам баласы барған сайын жақсы өмір сүру үшін ұмтылуы – табиғи заңдылық. Мен депутат кезімде әріптестеріммен бірге көптеген елдердің

трансплантология жөніндегі құжаттарын, заң актілерін оқып зерттедім. Қазақстан түрлі дін мен діни конфессияларға сенетін ұлт пен ұлыстардың өкілдері тоғысқан тоғыз жолдың торабында тұр. Елдегі барлық беделді діни орталықтардың басшыларына сұрау салдырып, кеңестім. Осындай сұрау салу, теологтармен кеңесу барысында мәлім болғандай, бір адамның дене мүшесін екінші адамға ауыстырып салу ешбір дін қағидасына қайшы келмейді екен. Керек десеңіз, «құдай әйелдерді еркектердің қабырғасынан жаратқан» деген наным бар. Бұл наным ертеде трансплантация ісі болғандығынан хабардар етсе керек. Тіпті, мен әрісін айтайын – Құдай адамды клондап жасаған». («Қазақ әдебиеті», 27 желтоқсан 2002 ж.)

Бұдан кейін академик Ислам діні трансплантацияға қарсы емес екенін құлаққағыс етеді. Бұл мәселеге ешбір діннің, оның ішінде Исламның қатысы жоқ екен. Ғылымның дамуына, өркениеттің өрге озуына ислам діні қашан қарсы шығып еді?! Өйткені, дін дегеніміздің өзі үлкен ғылым емес пе?! Мәселе дінде емес, жергілікті халықтың менталитеті мен ұстанған салт-дәстүрінде. Мәселен, алғашқы кезде арабтар құран қағидаларын күлкіге айналдырып, бірден қабылдай қоймаған. Өйткені, ғасырлар бойы қалыптасқан ата-дәстүрден бірден бас тарту оңай емес еді. Міне, трансплантация мәселесі де осы секілді. Уақыт бәрін өз орнына алып келеді. «Саналы адам ойлап тапқан, адамдар үшін қызмет ететін жаңалық атаулының бәрі – Алла тағаланың бұйрығы» деген теолог ғалым Яхьянның пікірін мысалға келтіре отырып, ол кісі жер бетіндегі істелетін бүкіл жаңалық адамдар үшін, адамдардың игілігі үшін дегенді алға тартады.

Иә, құрылғанына биыл 60 жыл толып отырған А.Н.Сызганов атындағы хирургиялық зерттеу орталығының жаңалықтары әлі талай елді таңғалдырары сөзсіз. Біз мұнда қызмет етіп жүрген білікті ғалымдарымызға денсаулық, бақыт, қажымас қайрат тілейміз!

«Президент және Халық» газеті,
27 қазан, 2005 жыл

ҚОЛЫНДА СӘУЛЕ ОЙНАҒАН – РЕНТГЕНОЛОГ

Медицина ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Медициналық үздіксіз Білім беру университеті «Сәуле диагностика» кафедрасының меңгерушісі Мұхамеджанов Қайырлыбек Қажыакбарұлы жайында үзік сыр.

Біз ол кісіні Қайреке деймін. Манат жеңгеміз екеуін отыз жылдан астам уақыт білеміз. Сонау сексенінші жылдардың басында Алматыда пәтерден пәтер жалдап, көшіп-қонып жүргенде бір жастан жаңа асқан ұлымызды жиі ауыртып алушы едік. Ондайда Тастақ маңайындағы балалар емханасында меңгеруші болып қызмет ететін Манат Игеновнаға қарай тұра жүгіреміз. Емханаға емес, бірден үйіне барамыз. Қашанда әдемі жымыып, мейірімді жүзбен қарсы алатын. Қазақы сыйластық тұрғысында бұл кісілер мені күйеу бала деуге хақылары бар.

Бірақ уақыт өте келе бұл рәсім сәл бұзылды. Манат Игеновнаның жолдасы – Қайырлыбекпен біздер бір елдің адамдары болғандықтан аға-інілігіміз бәрінен жоғары жарасым тапты.

Ата-бабаларымыз ұлттық тұтастықтың негізі етіп кейінгі ұрпаққа тастап кеткен шежіре сырын іштей сезінгенімізбен, орыс тәрбиесі өтіп кеткен бе, Қайрекең екеуіміз ол жағына аса мән бермедік. Бірақ ол кісімен кездесе қалсам, көңіліме бір жылы шуақ құйылатын. Жағдайымды тәптіштеп сұрайды. Іштей бір тілектестігі көзінен көрініп тұрады.

Бұдан жиырма жылдай бұрын-ау деймін, сырқаттаныңқырап жүргенімде Қайрекең көшеде кездесіп қалды.

– Ертең өзіме кел, түгелдей тексеріп, диагнозыңды қойып беремін, – деді.

Келесі күні соңы «ит» деген жұрнақтармен бітетін бірнеше ауру түрлерін арқалап, үйге қайттым. Сол «иттермен» біраз уақыт арпалысуға тура келді. Әйтеуір, алдымен Қайырбек

ағамның, одан кейін бір Құдайдың арқасында деген дұрыс шығар, «иттердің» бәрін жеңіп шыққандаймын.

Қайрекеңнің дәрігер ретінде маған жасаған жақсылықтарын айта берсем, соншалықты қызықты бола қоймас. Себебі, дәрігерлердің бәрі сырқат адамға көрсеткен ем-домдарын алдымен адами парызым, сосын, Гиппократтың антына адалдығым деп қана есептейді. Бұған көз жеткізу қиын емес. Ол үшін Қайырлыбек Мұхамеджановтың күнделікті қарапайым тірлігіне көз салсаңыз, жетіп жатыр.

Таяуда Қайрекең аяқ астынан телефон шалды. Әңгіме барысында ұққаным – биылғы қарашада 70 жасқа толады екен. Соған байланысты бір сұрақтар туындап тұрған тәрізді. Алып ұшып келе жатырмын. Қырық жылға жуық журналистік қызметте жүріп неше түрлі маман иелері жайында мақалалар жазғаныммен, осы уақытқа дейін Қайрекең жайында баспасөз беттерінде бір ауыз сөз айтпағанымға іштей ыңғайсыздандым. Оның реті енді келгендей.

Қайрекеңнің адами келбеті жайында біраз білемін. Дегенмен, дәрігерлік мамандығынан хабарым аздау. Бұл жайында Қайрекең қысқаша ғана айтып берді. Сөйтті де, өзі туралы Аягөз аудандық газетіне дайындалып жатқан мақаланың көшірмесін қолыма ұстатты. Осы мақаланы бір оқытып алу үшін ғана мені шақырыпты.

Аягөз жақтағылар Қайырлыбек Мұхаматжановты ауданның Құрметті Азаматы деген атаққа ұсынбақшы. Ол үшін алдын-ала сол ауданның жергілікті басылымдарында Қайрекең жайында ресми мақала жарық көруге тиісті екен. Аудандық газетке дайындалған мақаланы оқып шығып, Қайрекеңнің өмірі мен қызметі жайында қысқаша ақпарат алғандаймын.

1966 жылы Қайырлыбек Мұхамеджанов бұрынғы Семей облысы Аягөз қаласының №1 орта мектебін жақсы бітіріпті. Сол жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетіне оқуға түседі. 1972 жылы медицина институтын үздік аяқтағаннан кейін, Алматы қаласындағы Қазақ

Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтына жұмысқа жіберіледі. Қайырлыбек Мұхамеджановтың ғылыми жұмыстары осы жерден басталады.

1975 жылы аспирантураға түседі. Тыңғылықты жүргізілген ғылыми жұмыстарының арқасында онкология саласының өзекті мәселесі болып саналатын өңеш ісігін емдеу бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1988 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін көтеру институтының рентгенология кафедрасына ассисент болып қабылданады.

Бұл институт сол кездегі Кеңестер Одағы бойынша Калининградтан Камчаткаға дейінгі аумақтың бәріне рентгенология саласында мамандар даярлайтын. Институт басшылығы жас ғалымды Ресейдің Обнинск қаласындағы академик А.Ф.Цыбтың зертханасында білімін көтеруге жібереді. Мұнда ол УЗИ (ультрадыбыстық зерттеу) деп аталатын диагностикалық құралдың қыр-сырын жете меңгеріп қайтады. Жастықтың жалыны қойсын ба, келе сала алған білімін тәжірибеде қолдануға кірісіп кетеді. Кезінде академик С.Балмұқанов іргетасын қалаған кафедрада осылай жаңа мамандық дүниеге келеді. 2003 жылдан бері Қ.Мұхамеджанов басқарып келе жатқан бұл кафедра қазір «Сәуле диагностикалық кафедрасы» деп аталады. Қ.Мұхамеджанов басшылық қызметпен қоса ғылым жолындағы ізденістерін бір сәт те тоқтатқан емес. 2007 жылы докторлық диссертациясын қорғады. 2008 жылы профессор атағын алады.

Сонымен қатар, Қайырлыбек Мұхамеджанов Республика бойынша Ішек-қарын тракты және жұмсақ ұлпалар патология диагностикасы саласындағы бірден-бір жетекші маман. Алматы қаласының штаттан тыс Бас рентгенологы. «Сәуле диагностика мамандарының бірлестігі» атты республикалық қоғамның Төрағасы.

Сондай-ақ, ол басқаратын «Сәуле диагностика кафедрасы» Республика бойынша ең күрделі диагностикаларға нүкте қоятын Кеңесші орталық болып саналады. .

Мұнымен қоса, Қ.Мұхамеджанов Жинаған тәжірибелері жайында қазақ-орыс тіліндерінде мақалалар жазып, оны ғылыми айналымға енгізуден жалыққан емес.

Әсіресе, қазақ тілінде жарық көрген «Рентгенологиялық се-миотиканың негіздері» атты кітабының орыны бөлек. Мұнда көптеген медициналық терминдер мен тұрақты сөз тіркестері ана тілімізге ұтымды аударылған. Ал «Нашақор ауруларының постъ-инекциялық асқынуын ультрадыбыстық диагностикалау тәсілі», «Қанды ісікті сәйкестендіру тәсілі», «Қарама-қарсылығы аз бөтен денені диагностикалау тәсілі», тағы басқа еңбектері қазақ тілінің медицинада қолданылу аясын одан ары кеңейте түскендей.

Қайырлыбек Мұхамеджанов тек осы сәуле диагностикасы-на қатысты қазақ-орыс тілдерінде 172 ғылыми еңбек жазыпты. Бұлардың бәрі докторлық диссертациясын қорғағанға дейін-ақ патенттеуден өтіп үлгеріпті.

Қайырлыбек Мұхамеджанов жеті өнертабыстың, үш монография мен көптеген әдістемелік құралдардың авторы. Осы уақытқа дейінгі еңбек жолында ол Қазақстанмен қоса бұрын-ғы КСРО көлемінде үш мыңнан астам рентгенолог-дәрігерлер даярлапты.

Бұл аз десеңіз, соңғы жылдары «Сәуле диагностикасы» мамандығы бойынша 40-тан астам резидент пен 3 магистрант дайындап шығарған. Ал ол басқаратын кафедрадан бір жыл ішінде 120 сәуле диагностика мамандары біліктілігін шыңдап үлгереді.

Осынау еңбектері үшін ол КСРО ХШЖК қола медалімен, Бас және мойын патологиясы мамандары қоғамының медалі-мен, ҚР Денсаулық сақтау Министрінің медалімен марапат-талыпты. 2014 жылы медицина саласындағы профессорлар клубы Қайырлыбек Мұхамеджановқа «Әріптестер құрметі» жұлдесімен қоса жылдың үздік профессоры атағын береді. Ал 2015 жылы оған ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерең еңбегі үшін» медалі тапсырылады.

Осы орайда өз басымнан өткен мына бір оқиғалар еске түседі.

Бірде, кезекті дәрігерлік тексеруден өту барысында емхана-дағы УЗИ бөлмесіне кіргем. Дәрігер қыздар үстелге жатқызып қойып, УЗИ аппаратымен ішкі құрылысымды тексере бастады.

Соңынан бәрі жақсы деген қорытынды шығарды. Шынымды айтсам, мына жас қыздардың бұл тұжырымына онша сеніңкі-ремедім. УЗИ мамандығын қай жерде меңгергендерін сұрадым. «Біздер профессор Қайырлыбек Мұхамеджановтың шәкірттеріміз» деді олар әлдеқандай бір мақтанышты сезіммен. Ал Қайрекең менің дос-ағам екендігін мен де сол жерде жасыра алмадым. Сөз аяғын әзілге бұрып:

– Мен мына қағаздарыңды Қайырлыбек Қажыакбарұлына апарып көрсетемін. Диагностдарың дәл шықпай қалса, ренжімендер,- дедім.

– Халықаралық сарапшылар шақырсаңыз да өзіңіз біліңіз,- деді олар жайдары жүзбен.

Білімдері мен біліктілігіне нық сенімді мұндай дәрігерлердің бір ауыз сөзі жанға дауа екендігін сонда ғана сезіндім. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген нақыл ойыма орала берді. Иә, осындай шәкірттері бар Қайрекеңдей ұстаз болғанға не жетсін!

Сонау 90-жылдардың басында Қайрекеңмен көшеде кездейсоқ жолыққан, өзіне шақырып, сырқатымды анықтап берген кездерді қайта еске алдым. Сөйтсем, Қайрекең сол уақытта шетелдік жаңа құралды игеруді енді ғана бастаған екен ғой.

Қайрекең 30 жылдан бері жинақтаған сол тәжірибесі мен ғылыми тұжырымдамалары туралы аудандық газетке мақала жариялатудың өзін ел алдындағы үлкен жауапкершілік ретінде сезінетінін байқадым. Облыстық, республикалық басылымдарда көрінуді әзірге ойына да алар емес.

Айтуына қарағанда, қазақ тілінде рентгенология жайында жазылған оқулық тұрмақ, жай әдебиеттердің өзі жоқтың қасы көрінеді. Жоғарыда аталған қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми зерттеулер Қ.Мұхамеджановтың талай жылғы маңдай терінің жемісі ғана. Бұл бағытта әлі де еңбектене бермек.

Мектепте орысша оқығанына қарамастан, Қайрекең бүгінде қазақ-орыс тілдерінде бірдей жазатын медицина мамандарының бірегейі.

— Жас кезімде бүкіл медицинаны қазақша сөйлету арманым еді. Енді, ең жоқ дегенде, осы рентгенология саласында қызмет ететін қандастарымыз жаңа мамандықты ана тілінде игеріп жатса, қандай ғанибет!- деді ол көзілдірігін қайта түзеп киіп жатып.

Кезінде көзінен от шашып тұратын қайран ағамның келбетіне уақыт өз өрнегін сала бастапты. Тек, кішпейілділігі мен мейірімділігі, сонымен қатар қатаң талапшылдығы сақталып қалыпты. Кейбіреулер сәл нәрсеге қолы жетсе, өзін жарнамалатудың жолдарын іздеп, редакциялардың табалдырығын тоздыратынын талай көргенбіз. Ал, Қайрекең бар-жоғы аудандық газетке дайындалған мақаланы журналистік көзбен бір қарап беруімді ғана өтінеді. Мен болсам, еліміздің қазіргі №1 рентгенологы жайында, өзім талай жылдан бері жақсы білетін қадірлі азамат жайында қандай мақала жазсам деген ой үстіндемін. Бірақ мұндай жандардың бейнесін бір мақалаға сыйғызу мүмкін еместігін де жақсы білемін.

**«Президент және Халық» газеті,
9 қараша, 2018 жыл**

II БӨЛІМ



ӘДЕБИЕТ пен МӘДЕНИЕТ



ӨМІРІ ДЕ, ӨЛЕҢІ ДЕ ӨЗІНДЕЙ...

Тарихы ғасырлар тереңіне жол тартқан қазақ әдебиеті өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары дамуының серпілісті кезеңіне аяқ басты. Осы тұстың тағы бір ерекшелігі – әдебиетке жаңа бір лектің келуі болатын. Бұл лек кешегі ашаршылықты да, саяси қуғын-сүргінді де, оқпен отқа оранған соғыс жылдарын да көрмеген тың толқын еді. Соғыстан кейін туған ұрпақ өмірдің асқарларына батыл ұмтылды. Олардың жүрегінде махаббат пен адалдық, әділдікке іңкәрлік пен тәуелсіздік идеялары маздап жатты. Сол толқынның бел ортасында Нұрлан Оразалин де жүрді. Уақыттың көшіне тоқтау бар ма? Уыз жырларымен оқырман жүрегіне жол тапқан сол Нұрлан бүгінде азамат жасы алпысқа да келіп қалыпты. Бүгінде Нұрлан Мырқасымұлы Оразалин көрнекті ақын, танымал драматург, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Төмендегі материалда ақын шығармашылығы туралы сыр шертіледі.

Редакиядан Нұрлан Оразалиннің шығармашылығы туралы мақала жазуға тапсырма алған соң ойланып қалдым. «Құралайдың салқыны» деп аталатын кітабын өткен жылдары оқып шыққанмын. Оның үстіне кезінде үш -төрт жылдай қарамағында қызмет атқарғанмын. Сондықтан, Нұрекең туралы жазу қиын бола қоймас деген оймен таяуда жарық көрген әрқайсысы жиырма табақтан тұратын үш томды парақтауға кірістім. Мұнда ақынның жас кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жазған барлық өлеңдері бар еді.

Алдымен «Автограф орнына» деген атпен берілген оқырманға арнауын оқып шықтым. «Айналайын, оқырман!» деп бастапты ол кісі алғашқы сөзін, – «Сырлы шақтың» соңғы беттерін жаза отырып, өзімнің толқығанымды, алуан түрлі сезім-

мен әртүрлі ой толғағына бөленгенімді Сенен жасырғым келмеді. Өйткені, бұл менің жиырма бес, отыз жылдай жеке жинақ болып шығуға тиісті, бірақ кезінде әртүрлі себептермен баспа бетін көрмей қалған тұңғыш кітабым еді... Дегенмен, қазірде қонар базарлы көліне қанаты талып, тамызда жеткен – кеш оралған жыл құсындай болған осынау – бозбала күнгі бозмінез жырлардың да Тағдыры маған біртүрлі өзгеше болып көрінеді...

Өлең мен өмір өлшемі – қашанда Жүрек арқылы өткен, сөйтіп барып ойға, санаға жеткен сөз ғана шешендік мәртебесіне ие болмақ. Оның өрі мен жүректің төріне жол алған Жыр – бақытты жыр. Қолына қалам ұстаған ақынның қай-қайсысы да Бақытты жырды жаратқысы келмейтіні бар ма?! Бұл – ақын атаулының ең биік арманы мен мұраты ғой. Мен – әдебиетке алпысыншы жылдардың орта тұсында келген, соғыстан соң туған буынның бірімін. Қатыгез тағдырдың жебесі барымызды тым ерте сирете бастағаны ауық-ауық жанынды жабырқатады...» дей келіп, ол өзінің достары мен құрдастарын еске алады:

Тәңірім нұрын төккенде,

Боянар түске көгал маң;

Жазбаған жырлар көп менде,

Жырлар да көп-ау жоғалған,— деп басталатын сезімге толы шумақтар:

...Жазбаған жырлар көп менде,

Ақын боп туған көктемде,

Ақын боп өлсек жоқ арман,— деп аяқталады.

Бұдан кейін оқырман тап-таза, мөп-мөлдір тау суындай сыңғырлаған поэзия кәусарына бас қояды. Осы бірінші томның алғы сөзін жазған Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұманбай Молдағалиев ақын інісі жайында былай толғанады:

«Мен Нұрланның өлеңдерін оқып отырып, көбіне ойға батамын, әлде бір әсем әннің әуезін естігендей күй кешемін. Нұрланның жырлары оқырманын бей-жай қалдырмайды. Жылатады. Мұнайтады. Күрсінтеді. Қуантады. Ширықтырады.

Арландырып, намысыңа қамшы салады. Білмейтінім... Көп секілді, тонның ішкі бауындай араласа қойған жоқпыз.

Білетінім – Түркияға екі рет, Америкаға бір рет сапарлас болып, бірге барып қайттым. Қай жолда да жығылмайды. Біреуді қуантсам, біреуді бақытты етсем деп тұрады. Сол елгезек жаны оны ел биігіне алып шыққан болар. Әдебиет көшін бастап келеді. Жақсы бастап келеді. Табиғатында шешен, көсем болап туған інімізден оның азаматтық бақытын қызғанып көрген емеспін...»

Ал әдебиет сыншысы А.Мырзабек былай деп жазады: «Ол – соғыстан соң туғандардың жырлары шөліркеп қалған қазақ поэзиясының кең сахарасына дауылдан кейінгі нөсерлеп құйған алғашқы ақ жауын еді. Сондықтан, бұлардың табиғатына көктем стихиясы көбірек тән:

Бастауын шайып бұлақтар,
Тулаған кезде келермін,
Шашбауын өріп құрақтар,
Шулаған кезде келермін ...

Ақының осы өлеңін оқыған кезде көктемнің алғашқы самал желінің лебін сезгендей бір әдемі, рахат күй кешесің».

Н.Оразалиннің жан дүниесіндегі асау толқындай тебіренген серпілісті, табиғаттың болмысындағы сан өзгеріске ұшырап жатқан гармониялық құбылысты сыншы жазбай таниды. Өлең соңында адамның жүрегін шым еткізетін сағынышты сезімдерді дөп басып, елегізейді. Сөйтеді де осы өлеңнің құдіретін танып, балаша тебіренеді.

Таңдамалы туындылардың екінші томына пікір жазған ақын Фариза Оңғарсынова: «Нұрлан өмірдегі барлық болмысқа, құбылысқа ызасы бетіне теуіп, тепсініп қарамайды. Ыза – ақылдың жауы. Ақыл жұқарған жерде ақиқат та сылти басады. Ақын жақсылы-жаманды тіршілік болмысына биіктен, парасат биігінен байыппен қарайды. Бұл – суреткерге аса қажет қасиет. Көбімізге қонбай, қолымызды жеткізе алмай жүрген қасиет» дей келіп, ақын шығармашылығын, ақын поэзиясын қадағалап оқып жүретіндігін айтады.

Иә, Нұрлан ақынның суреткерлік өнерінің негізгі тіні – адалдық. Оның өлеңдеріндегі тіл байлығына шын көңілімен

тамсанбау мүмкін емес. Қазақ тілінің керемет метафораларымен көне матадай кемескі тартып, ұмытылып бара жатқан сөздердің Нұрлан өлеңдерінде жаңа сипатта қайта тірілгеніне қуанасың. Нұрланның поэзия тілімен, қарапайым қазақ өлеңімен салған өшпес суреттерін, табиғат бейнелерін сипаттайтын шумақтары жетерлік.

Үшінші томдағы «Ғарыш мінезді жырлар» деп аталатын алғы сөзді 1997 жылы Шыңғыс Айтматов жазыпты. Сол жылы Қазақстанның тәуелсіздік мерекесіне қатысуға келген ұлы жазушы Ш.Айтматов қазақтың белгілі ақыны Нұрлан Оразалинмен танысады. Алматыдан ұшар сәтте «жолда оқырсыз» деп Нұрлан ол кісінің қолына «Парасат» журналын ұсынады. Жазушы ұшақ ішінде отырып, Нұрланның өлеңдерімен танысады. Сондағы алғашқы әсерін ол кісі былай жеткізіпті:

«Әсіресе ақын жүрегін жарып шыққан:

Түнгі дауыс...

Қандай сұсты? Үрейлі...

Әлдекім кеп көшемді үнсіз күреді

Желтоқсанның жетеді үні талықсып,

Қашатындай бір ой қуып бір ойды,— деген жолдар жадымда қалып қойыпты... Міне ақынның «Құралайдың салқыны» атты жыр жинағын оқу үстінде тағы да сондай бір өзгеше әсер құшағында отырмын. Кітаптың, әр жаңа бетін ашқан сайын маған әлдебір таныс сезім қолын созатындай. Дүниежүзілік құбылыстарды өзінің жүрегі мен ойы арқылы өткізетін ақынның жырларын толқымай оқу мүмкін емес». Н.Оразалиннің сана мен сезімді бірдей тербеп, тұңғыыққа тартып әкететін өлеңдері үш томның қай бетін ашсаң да мен мұңдалап тұрады.

Мен осы өзіммін бе,

Басқамын ба?

Пендемін бе жүрген құр бас қамында.

Жанымды мазалайды қайрақ ойлар,

Жиі жасын ойнайды аспанымда.

Қара нөсер төгеді көктен құйып,

Қара аспанның көңілі кеткен бе иіп?!

Жүрегім елеңдейді жиі-жиі,

Найзағайлы ғарышым неткен биік?!– деген, жұдырықтай жүрегі бар жұмыр басты пенденің өзгеше суретін салған өлең жолдарына еріксіз риза боласың. Ақын қуанса шын қуанып, мұнайса шын мұңаяды. Оның бір жырдан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан дүниесіндегі толғаныстар ауыл, аймақ, керек десеңіз кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдесе де, жермен сырласса да, бір қызығы сені досыңмен ең жақын, етбауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір күйге бөлейді.

Қараңғыға ұмтылады неге ойым?

Қамықтың деп кімді, қалай сөгейін?

Беу, көк аспан аруақтардың мекені,

Тіл қатшы бір... Тірілерге не дейін?!– деген жолдарда шынайы шабыттан туған қайталанбас қуатты ойлар жатқанын кез келген оқырман бірден аңғарады.

Нұрланның өлеңдерінде жай адам байқай бермейтін «інжу-маржандар» жаныңды жадыратады. Ол үшін «қараңғы түнде», «аруақтарға мекен болған көк аспан да», «кеудесін қысқан Дәуірдің қасіретті толғағы да», бәрі-бәрі «жүрегің жұлқыған тәңір сөзіндей» елестейді.

Ақын мына ұлы дүние құбылыстарын жүрегі арқылы өткізіп, ақыл мен ойдың, парасат пен пайымның қазанында қайнатады. Жүректің шері мен мұңы ірі мүдделер, биік мұраттар тұрғысынан үйлесім тапқанда ғана өзінің көркемдік құдіретіне ие болары ақиқат. Сол ақиқат замандастарының да жүрегіне жол тартады. Мұнын өзі, әлбетте, ақындық бақыт! Нұрлан ақынның сол бақыт құсы «Құралайдың салқыны» жинағында шарықтап ұшады. Бозбала кез бен жастық шақтың жалынына оралған отты күндердің көзіндей болған «Беймаза көңіл» мен «Шырақ жанған түн» даңқ биігінің тағы бір шыңы десек, асыра айтқандық емес. Мысалы:

Ойсыз күндерім – өкініш,

Ойлы күндердің бәрі – арман;

Кеуде деген – бір бекініс

Көңіл деген – бір кара орман, – деген жекелеген үзінділер, ойлы да образды тіркестер мен түйіндер жоғарыдағы ой-пікірлерді толық дәлелдейді.

Біз жоғарыда Нұрлан Оразалиннің үш томдық жинағына әр жылдары пікір жазған адамдардан үзінділер келтірдік. Ақынның өлеңі жайында сол саланы зерттеп жүрген мамандар мен әдебиет майталмандарынан асырып айту мүмкін емес. Ал Нұрлан ақынның адами келбеті мен болмысы жайында оны білетін қаламдастарының кез келгені жүрекжарды сөздерін төгіп салатынына күмәнданбаймыз. Жалпы, ол кісіні білетін кез келген адамнан ол жайында сұрасаныз, тек жылы лебіз естисіз.

Таяуда ғана өткен Жазушылар одағының құрылтайында біз Н.Оразалиннің қарсыластарының өзі оның адами келбетіне ешбір күмән келтіре алмайтынына куә болдық. Жиын соңында Жазушылар одағы басқарма мүшелерінің бәрі бір ауыздан дауыс беріп, үшінші мерзімге төрағалыққа сайлауы осының айғағы болса керек.

Несіне жасырамыз, көптеген қаламгерлердің шығармашылық келбеті мен адами келбеті үйлеспей жатады. Ал Нұрлан Оразалиннің поэзиясы қандай мөлдір, таза болса жан дүниесі де дәл сондай таза, мөлдір.

Нұрлан Оразалин «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы болған кез мен үшін ұмытылмайтын жылдардың бірі болып жадымда қалды. Бұл кісі жайында сол басылымда қызмет еткен журналистерден сұрай қалсаңыз, оны тек құрметпен еске алады.

Мықты ақын, білікті басшы, абзал азамат Нұрлан Оразалин жайында айта берсе әңгіме көп. Небір қызықты естеліктер айтуға болар еді. Бірақ бұл мақалада оны мақсат тұтпадық.

Алпысқа алқынбай жеткен ағамызға алыстан қызыға қарай отырып, біз ол кісіге тың ізденістер тілейміз. «Алпыс – тал түс» деп Шерағаң айтқандай, Нүрекендей азаматқа екі алпыстың өзі аздық ететін сияқты.

«Президент және Халық» газеті,
15 маусым, 2007 жыл

БЕДЕЛІ БИІК БАСЫЛЫМ

1994 жылдың 28 қаңтарында жарық көрген «Türkistan» газеті – қазақ ақпарат айдынан өз орнын ойып тұрып алған пәрменді басылымдардың бірі.

Басылымның алғашқы бас редакторы Қалтай Мұхамеджанов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қаржы тапшылығына қарамастан жаңа газет шығарды. Бірінші санынан бастап-ақ тәуелсіздік тақырыбын ту еткен бұл басылым қазақтың ғасырлар бойғы қалың мұңын сейілту бағытында өткір-өткір мақалалар жариялады. Сол жылдары айлап жалақы алмай жүргендеріне қарамастан, елінің еркіндігі жолында бар күш-жігерін сарп еткен қазақ журналистерін Отан үшін от кешкен саптағы сарбаздарға теңегім келеді. Олар сол күндерден бастап-ақ мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату мақсатында ештеңеден қаймықпай, жанкешті күреске шықты, қалам-қаруларын оңды-солды сілтеді. Себебі, жас қаламгерлердің алдында, көш бастаған қара нардай қасқайып, қазақтың біртуар азаматы – Қалтай Мұхамеджановтың өзі келе жатқан еді.

Тек сол кісінің арқасында «Türkistan» газеті Қазақстандағы іргелі басылымға айналды, қалың қазағымен қуана қауышты. Бұл газетте сол шақтың өзінде қоғамдық өмірдің барлық саласы – экономика, тарих, саясат, дін, өнер, тағы басқа тақырыптар кеңінен қамтылды. Әсіресе, Қалағанның өз қаламынан туған, дін мен ділді, тарихты тілге тиек еткен публицистикалық шығармалары талай жылдардан бері тұманға бөккен оқырман санасын ойран-асыр еткендей болды. «Türkistan» газетінің журналистері басылым жарық көрген күннен бастап, күні бүтінге дейін тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен ұлтты рухтандыру жолында талмай ізденісте келеді. Газет бетінде қаншама күрмеуі қиын тақырыптар көтерілді, елдің тізгінін ұстаған азаматтармен бірге қаншама қоғамдық құбылыстар талқыланды. Халқымыздың даңқты перзенттерінің бұған дейін толық ашылмай келген көлеңкелі келбеттері жаңа қырынан жарқырай түсті.

«Türkistan» газеті арқылы қазақ қоғамында жаңа тұлғалардың жаңа бейнелері жасалды. Басылым Мұстафа Шоқайдың түбі бір түркі жұртының отын өшірмеу идеясын, асыл арманын қайта жаңғыртты. Осы қасиетті идеология бүгінде Түркі жұртының қара шаңырағы – «Türkistan» басылымының мұратына айналды. Бұдан отыз жыл бұрын жарық көрген «Türkistan»-ның алғашқы парақтарынан бері шолу жасасақ, оның негізгі мақсаты түркі әлеміне қатысты тақырыптарды қамту болғанын көреміз. Алғашқы жылдары газет саяси және рухани-мәдени мәселелерді негізгі тақырып етіп алса, 2000 жылдан бастап мазмұн-мағынасында көптеген игі өзгерістер пайда болды. Бұл ретте газеттің жаңа басшылығы 1995 жылы қабылданған ҚР Конституциясын темірқазық етіп ұстанды. Конституция бойынша мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің кешегісі мен бүгінгісіне талдау жасады. Оны нақты жүзеге асыру жолында не жасау қажеттігін, қандай әдіс-тәсілдер қолдану керегін көрсетуге тырысты. 1997 жылы қабылданған «Тілдер туралы» заңды, 1991 жылы КСРО кезінде алғаш рет тек Қазақстанда қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңмен салыстыра, талдай келе, республикалық телерадиода қазақ тілінің қолдану жүйесін тек заң аясында жүргізу қажеттігіне баса назар аударды.

Сарғайған газет тігінділерін парақтау кезінде осынау тақырыптарды жан-жақты қаузаған талай-талай талдамалы мақалалар көзімізге түсті және олар әлі күнге дейін өз маңызын жоймағанына куә болдық. Бұдан кейін «Türkistan» басылымы 1996 жылы қабылданған «Мәдениет туралы» заңын, 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, ұлт тарихына қатысты тақырыптарға бет бұрды. Ұлт және ұлттық мәдениет жайындағы мақалалар циклі газет бетінде күн құрғатпай жарық көріп отырды. Бұлардың бәрі келе-келе ұлттық идеология елімізде қай бағытта жүзеге асуға тиісті деген мәңгілік тақырыптарға ұласты. «Türkistan» газетінде осы уақыт аралығында театр, кино жайында жазылған мақалаларда жетерлік. Ал басылымда жарық көрген, көріп жатқан – бизнес, экономика, әлеумет, ғылым, өндіріс тақырыбындағы шығармалар келешекте өз зерттеуін күтіп тұр.

«Түркістан» газеті,
23 ақпан, 2024 жыл

ҮН ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРҒАН КІТАП

28 ақпан күні Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінің залында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Қазақстан Президентінің «Сындарлы он жыл» атты кітабы бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Жиынды ашқан Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Марат Тәжин талайдан бері айтылып келе жатқан «бұрынғы ұрпақтар бізге шешімдерден гөрі әлдеқайда көп мәселелер қалдырады» дейтін шынайы сөзі әсіресе өтпелі кезеңде айшықтала түсетінін еске салып өтті. Тарих қойнауына халықаралық қатынастардың тұрақтылығы негізделген ескі құрылымдар ғана кетіп қоймайды, сонымен бірге, талай ондаған жылдар бойы оқымыстылар мен талдамашылар өздерін қолайлы сезінген ұғымдық арқау да көнелікке айналуға. Қауіпсіздікке төнетін жаңа қатерлер мен тәуекелдер ғана пайда болып жатқан жоқ, сонымен бірге жаңа терминологиялық алқап та пайда болуда, соның аясында нақтылық бізді қорқытатын немесе қуантатын жаңалықтарды бейнелеуге ұмтылушылық байқалып отыр.

Қазақстан Президентінің жаңа кітабы жаңа нақтылыққа, жиырма бірінші ғасырдың алғашқы он жылдығындағы қорқытатын да, үміттендіретін де нақтылыққа арналған. Ондағы ең басты ұстаным – өткенді шолу емес, болашақты болжау. Жаңа қатерлер мен ұлттық қауіпсіздіктің тәуекелдері және мемлекет тұжырымдайтын жауаптардың нұсқалары міне, осындай, – деді М.Тәжин.

Алайда автор ұлттық-мемлекеттік тақырып аясынан үнемі асып түсіп, материалдың қисынына орай өңірлік және жаһандық проблемаларға назар аудартатынын да баса айтты. Біз айналасы

елсіз аралда тұрып жатқан жоқпыз дейтін тұжырым жаһандану дәуірінде нақты мағынаға ие болады – ұлттық пәтерлердің сыртындағы саяси және экономикалық көріністерге көз салмастан, өңірлік және жаһандық процестер қисынына бет бұрмастан, ұлттық-мемлекеттік дамудың қисынын түсінуге болмайды.

Марат Тәжин кітаптың айрықша ерекшелігі ретінде ондағы мәтіннің күнделікті өмірге, мемлекеттік басқару тәжірибесіне нақты ұласатынын баса көрсетті.

Кітаптың болашаққа бағышталуы, ұғымдық жаңашылдығы, прагматизмі – осынау үш өлшем ол туралы мадақтаулық тұрғыда емес, мазмұндық тұрғыда сөз қозғауға мүмкіндік береді. Ұлттық та, өңірлік те тарихтың алдағы он жылы көп тұрғыда бетбұрысты болады. Бұл жылдары өңір мемлекеттерінің сыртқы ғана емес, сонымен бірге ішкі тұрлаулылығы да нақты сынақты бастан кешеді.

Өкінішке орай, Ауғанстандағы негізгі базалар талқандалғаннан кейін де лаңкестік әлеуеті біздің өңірімізде айтарлықтай болып қалып отыр. Алайда, проблеманы тек сыртқы өлшемдерге саю қателік болар еді. Президенттің кітабында лаңкестік белсенділіктің ішкі өңірлік алғышарттары жайдан-жай атап көрсетіліп отырған жоқ.

Ислам туралы қалыптастырылып жатқан келеңсіз қастандықтарға келетін болсақ, кітап авторы осынау қатерлі көзқарасты бұзуға мүмкіндік беретін тарихи тұрғыда, жақсы құжатталған және қисындық тұрғыда өзара байланысты дәлелдерді өте орынды келтірген, деп жалғастырды сөзін М.Тәжин. Шынында да, дінде экстремизм жоқ, Дінді қауызынан, діни экстремизмді ұлы ілімнен ажырата біл, мемлекеттің ұстанымын нақты бейнелеп, осындай шешетін мәселеде саяси әдептілік сақтау тіпті де жай міндет емес. Ал, ол сөз болып отырған кітапта ойдағыдай іске асырылған. Мұның өзі негізгі конфессияларға қатысты тиімді ішкі саясаттың бір тұғырнамасы.

Бұдан кейін Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары «Сындарлы он жыл» кітабында Каспий теңізіне қа-

тысты күрделі мәселені шешуге деген өңірлік көзқарас туралы аз болса да саз түсінік берілгенін айтып өтті. Мәдениетте кейде асып-төгілу құбылысы, өзіндік бір беріктік қоры байқалып жатады. Мұндайда мәдениетте белгілі элементінің сындарлы рөлі күнделікті жағдайда байқала бермегенімен, күрделі ахуал кезінде айшықтана көрінеді. Қазақстан Президентінің де өңірдегі қауіпсіздіктің институттық құрылымдарын үнемі кеңейтуге деген ұмтылысы дәл сондай рөл атқарады – сырттай қарағанда асып-төгушілік болып көрінетін қадамдар іс жүзінде ықтимал дағдарыс жағдайында қажетті элементтің рөлін атқарады.

Көтеріліп отырған мәселелердің қалыпқа сыймайтын тұрқы кітап мәтінін де қалыпты емес композицияда құруды талап еткен болуы керек. Сондықтан да, мұндағы түйін, бұған дейін айтылғандар жөніндегі қорытынды емес, ол болашақ мәселелер қойылысының жинақы түрі болып табылады. Кітап мәтіні барынша ашық жазылған. Ол саяси лидерлердің кітаптарында кейде кездесіп жататын ақтық ақиқатқа таласушылық емес, ол үн қатысуға шақыру. Біздің бүгінгі конференциямыз бастауы болып табылатын үн қатысуға шақыру.

Енді осы кітап жайындағы көзқарастарын ортаға салу мақсатымен Алматыға ат басын тіреген шетелдік өкілдердің сөзіне назар салып көрейік. Ресей Стратегиялық зерттеулер институтының директоры Е.М.Кожокин Қазақстан Президентінің жаңа шығармасы жайында қағазға қарамастан тура жарты сағат сөйледі. Ол кісінің айтуына қарағанда, ежелден ынтымақтастығы жарасқан екі ел – Ресей мен Қазақстан проблемалары бұрын да бірдей еді, қазір де бірдей жағдайда қалып отыр. Есірткі бизнесі мен экстремизм, лаңкестік пен қарулы қақтығыстар, тағы басқа адамзатқа тек қасірет әкелетін келеңсіз құбылыстардың шығу төркіні қайда, бұл кеселді түбегейлі жоюдың жолдары қандай деген сауалдар елдің бәрін алаңдатууда.

Орта Азияға тақау жатқан Ауғанстандағы ахуал осы елдердің ішкі жағдайына қалай әсер етсе, Чешенстандағы шешілмей тұрған шиеленісті жағдайлар Ресейдің де жүйкесін жұқартып

барады. Күшпен, қарумен майдан даласында жүз рет жеңіске жетуге болар, бірақ олардың бірі де шынайы жеңіс емес. Со-
зылмалы соғыс тек қарапайым халықты қайғыға душар етеді.
Сондықтан, ең алдымен, қарулы қақтығыстарға, лаңкестікке
жол бермеудің амалын қарастырған жөн. Ол үшін, әрине, ең ал-
дымен әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерді шешу керек. Онсыз
лаңкестікпен күресуден ештеңе шықпайды. Енді ойланайық, сол
күресті кім ұйымдастырады? Қоғамдық ұйымдар мен бейресми
топтар немесе оппозициядағылар мұндай істі атқара ала ма?

Әрине, жоқ. Оны шешетін тек мемлекет. Ендеше әрбір мем-
лекеттің басшысы мен оның басқару органдары мықты болуы
керек. Сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған мемлекет ең әлсіз
мемлекет. Басшылығы әлсіреген мемлекетте теріс жағдайлардың
бәрі орын алады. Міне, Қазақстан Президентінің жаңа кітабы біз-
ге осы төңіректе ой тастайды. Автордың әрбір жаңа шығармасын
Ресейдің Стратегиялық зерттеулер институтындағылар қашанда
көңіл сүзгісінен өткізіп отырады, – деді Е.Кожокин.

Өз кезегінде сөз алған Қазақстан Республикасы Прези-
дентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының
директоры М.Әшімбаев жаңа кітаптың «Мыңжылдықтар то-
ғысындағы Каспий» деп аталатын бөліміне тоқтала келіп, осы
төңіректегі өзіндік пікірлерін ортаға салды.

Қазақстан Президенті бұл кітабында әлемдік геосаясаттың
түйініне айналып отырған Каспийге қатысты ойларын нақты
деректер арқылы сараптағаны белгілі.

Қазақстанның мол мұнай қорына бүгінде әлемнің азулы
мемлекеттерінің бәрі көз тігуде. Олай болса, мұнай шикізат-
тының экономикалық және геосаяси тұрғыдан қатар қаралуы
заңды құбылыс. Сондай-ақ, ол мемлекетаралық шиеленістерге
себеп болуы да әбден мүмкін екендігі ескертілген. Автордың
осы ойларының аса маңыздылығын айта келіп, М.Әшімбаев
қазіргі кезде АҚШ пен Ресей арасында Каспийге қатысты жаңа
бір «ынтымақтастықтың» туындап келе жатқанын айтып өтті.
Әзірге басы ашық тұрған бұл сауалдың жауабы 10-15 жылдан

кейін ғана белгілі болуы мүмкін, деп өз ойын түйіндеген ол, жаңа кітапта көтерілген проблемалардың астарлы тұстарын аша түскендей болды.

Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының директоры В.Богатырев «Аймақтық қауіпсіздік проблемасы Қырғызстанның көзімен» деген тақырыпта баяндама жасады.

Кейінгі жылдары Орталық Азия аумағындағы түбегейлі өзгерістер Қырғызстанда да өтті. АҚШ пен Батыс елдері әсерлерінің бұл елдерде орныға бастауы бүкіл әлемдегі күштердің арасалмағын айтарлықтай өзгеріске ұшыратты. Осы тұрғыда Қазақстан Президенті жаңа кітабында тың пайымдаулар жасағанын баса айтты. «Ұжымдық қауіпсіздік» деген ұғымды енді кең ауқымда қарауға тура келеді. Іргелес елдердегі қақтығыстардан дер кезінде қорытынды жасап, ондайды іште де, сыртта да болдырмауға мол мүмкіндік бар екендігі бұл кітапта жан-жақты сараланған. Мұның бізге де көп пайдасы тиетіні сөзсіз, – деді Қырғызстан өкілі.

Халықаралық конференцияда сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық және өңіраралық зерттеулер институтының директоры Р.М.Алимон, Тәжікстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер орталығының директоры С.Д.Комилов Қазақстан Президентінің жаңа кітабы туралы ойларын өңір қауіпсіздігінің мәселелерімен байланыстыра айтып берді. Ұлттық ғылым академиясының президенті С.Дәукеев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Бижанов кітапта көтерілген тақырыптар туралы өз ойларын ортаға салды.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйлегендердің бәрі Қазақстан Президентінің «Сындарлы он жыл» атты кітабын құнды еңбек ретінде қарастыра келе, оған аймақ пен мемлекеттер арасындағы қауіпсіздікті нығайтудағы аса маңызды құрал деген баға берді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1 наурыз, 2003 жыл

ІЗГІЛІКТІ ҰСТАНҒАН ЗАҢ КІТАБЫ

Есберген Алауов деген фамилия бұқаралық ақпарат құралдары арқылы маған бұрыннан таныс еді. Өзім де құқық тақырыбына қалам тартып жүргеннен кейін көп әріптестерімнің бірі ретінде оған іштей құрметпен қарайтынмын. Алайда сол әріптестерімнен бір өзгешелігі ол – заң қызметкері, яғни аудандық соттың төрағасы қызметін атқаратын. «О баста журналистикада жолы болмаған соң заңгерлік мамандыққа барып қалған шығар» деп те ойлайтынмын.

Таяуда құқық тақырыбына арналған оның екі кітабы қолыма түсті. Орыс тілінде жазылыпты. Газет-журналдарда жарық көрген мақалаларының жиынтығы шығар деп, алғашқыда онша мән бермегенім де рас. Сөйтсем, бұлар кәдімгі ғылыми еңбектер болып шықты.

«Квалификация хищений совершенных по подложным документам» (Ташкент. «Адолат» баспасы, 1994.) деп аталатын кітаптың алғы сөзін заң ғылымының докторы, академик Салық Зиманов ағамыз жазыпты. Алдымен дуалы ауыздан шыққан сөзде не айтылды екен деген әуестікпен кітаптың алғашқы төрт бетін мұқият оқып шықтым. «Егер алдағы уақытта осы кітапты ғылыми кеңеске ұсынып, кандидаттық диссертация ретінде қарастырар болса, мен оған екі қолымды бірдей көтеріп, Е. Алауовқа бірден докторлық дәреже беру керек деген ұсынысты қояр едім» депті академиктің өзі. Бұдан кейін кітапты құныға оқуға кірістім. Сөйттім де, әріптесімді үшінші бір қырынан таныдым. Ол енді менің көз алдымда қатардағы көп судья да емес, қаламы қарымды журналист те емес, білікті ғалым, оқымысты ретінде тұлғаланып тұра қалғандай болды.

«Япыр-ау, мұның бәріне қайда жүріп үлгерген?!» деп таңданғаным да рас. Өзі отыздан жаңа ғана асқан жігіт. Енді осы азаматты тіл-көзден сақтай гөр дей отырып, көлемі 20 баспа

табақтан тұратын оның мына еңбегіне бір ауыз пікір білдіргенді дұрыс деп білдім.

Бұдан бір-екі жыл бұрын «жазықсыз сотталдым!» деп редакцияға арыз жазатындардың көбісі шаруашылық басшылары, тағы басқа лауазымды адамдар болып келетін. Осындай істерді тексеру барысында тергеу тарапынан да, сот тарапынан да небір селкеуліктер шығып жататын. Соңында сын мақала жазатынбыз. Кейбір жағдайда іс бұзылып, қайта тергеуге жіберіледі. Себебі, бұл қылмысты істердің көбісі мемлекет мүлкін талан-таражға түсірушілермен, халық қазынасына қол сұғушылармен байланысты болып келеді. Небір құйтұрқы құжаттар сыры кейіннен ашылып жатады немесе заң орнындағылардың заңды дұрыс қолданбауынан, оның мағынасын жете түсінбеушіліктен осындай кемшіліктерге жол беріледі. Оның үстіне бұрын қолданылып келген заңдардың дүмбілездігі тағы бар. Тіпті, кейінгі заңдардың өзі бұл олқылықтардан әлі арылмағанын несіне жасырамыз.

Біз сөз етіп отырған кітапта дәл осы мәселелер жан-жақты талданыпты. Күні бүгінге дейін қолданылып келген Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 76-бабындағы мемлекет мүлкін талан-таражға салу (хищение) жөніндегі тармақтарды қазіргі кезде дәл сол күйінде қолдану мүмкін емес. Жаңа Қылмыстық кодекс әлі дайындалу үстінде. Міне, осы қарсанда Е. Алауов болашақ заң шығарушылар үшін өте бір сауатты оқулық жазып берген тәрізді.

Ол құрғақ теорияға салынбайды, әлдекімдер құсап әсіре сұңғылалық танытып «заманынан озып та» кетпейді. Өзі басынан өткерген тергеу жұмысы мен сот қызметінде жүріп жинақтаған тәжірибесі негізінде байыпты сараптау жасайды. Сөйтіп, оны әлемдік деңгейдегі заңгерлер тұжырымдамаларымен салыстыра көңіл сүзгісінен өткізеді. Соңында қадап тұрып өз пікірін айтады.

Мәселен, мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті талан-таражға салу деген ұғымды әр заңгер ғалым әртүрлі қабылдап келді. Біреуі оны заңсыз иемдену десе, екіншісі арам пиғылмен өзіне сіңіріп кету, үшіншісі біржола алып қою деп түсіндіреді. Ал, Е. Алауов оны мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті қасақана, заңды бұза отырып біржола алып қою деп бағалайды.

Әрине, бұл пікірді соңғы тұжырым деп қабылдауға тағы болмас. Ең бастысы, уақыт оза келе әбден қасаңданып кеткен заңғылымының терминдерін жаңаша пайымдаудағы осынау алғашқы қадам әркімге ой салуға тиіс.

Осы кітапты оқи отырып талан-таражға түсетін нәрсенің не екеніне бұған дейін жете мән бермей келгенімізге көзіміз жетеді. Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті талан-таражға салу дегеннің де әртүрлі мағынасы бар екен. Оны Е. Алауов бұрынғы одақ көлеміндегі, шетелдердегі әйгілі заңгерлер еңбегінен мысалдар келтіре отырып дәлелдейді де, тағы да өз анықтамасын ұсынады.

Нарықтық қатынастарға бет бұрған біздің республикадағы сан қырлы меншік түрлерін саралап, жіліктеп береді. Сөйтеді де осы меншік түрлерінің заң тұрғысынан тең дәрежеде қорғалуға тиіс екенін дәлелдейді.

Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті тонау жолымен, алаяқтықпен талан-таражға салу, шабуыл жасап тонау, оны көп мөлшерде ұрлау, қайталап ұрлау, қорқытып алу сияқты түрлері бұрынғы Қылмыстық кодексте де жан-жақты қарастырылғаны белгілі. Бірақ, бұларға қарсы қолданылатын жазалар әртүрлі болып келетін. Мына кітапта олардың бәріне басқаша баға беріліп, қазіргі меншік түрлерін қорғаудың, оған қол сұғушыларға қарсы қолданылатын жаза салмағы қандай болу керектігі жөнінде тың пікірлер қосады.

Бұл еңбектің бір құндылығы – лауазымды адамдардың қызмет бабын пайдаланып, құйтұрқы құжаттар (подлог) жасау арқылы жүзеге асатын қылмыстар сырын жан-жақты ашып бергендігі дер едік. Әдетте, лауазымды адамдар ешкімнің басын жарып, көзін шығармай-ақ сіздер мен біздерді теспей сорып келгенін, сорып жатқанын да несіне жасырамыз. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды ашуда дәрменсіздік танытып отырғаны тағы шындық. Олай болса, мына туынды бұрынғы Қылмыстық кодекстің 148-бабын (Қызмет жөніндегі подлог) жаңа қырынан толықтыра түсетіні сөзсіз. Қорыта айтсақ, заңгерлер мен парламентшілер бұл кітапты кәдімгі көрнекі құрал ретінде пайда-

лануына әбден болатындай. Бір өкініштісі сол, осы кітап әлі өз республикамызда басылып шыққан жоқ, қазақшаға әлі аударылмаған. Естуімізше, республикалық баспалардың бірі бұл істі қолға алған сыңайлы. Іске сәт дегеннен басқа не айтамыз.

Е. Алауовтың «Уголовный кодекс Республики Казахстан. Каким ему быть?» деп аталатын екінші кітапшасы, аты айтып тұрғандай, жаңа Қылмыстық кодекске негізгі бағдарлама тұрғысында жазылған еңбектердің бірі. Әділет министрлігі дәл осындай бағдарлама жасап жатқанын естігенбіз. Бұл соған балама тұрғысында жазылған тәрізді.

Мұнда автор ату жазасына байланысты егжей-тегжейлі тоқталыпты. Естігенде дененді дір еткізетін осынау жазаның түрі адамзат рухына қаншалықты жат болғанымен, қай қоғаммен де бірге «жасасып» келеді. Қоғам бар жерде қылмыс бар. Бірақ, біздегі кейбір әсіре гуманистер бұл жазаны Қылмыстық кодекстен алып тастау керек деген мәселені көтергелі де екі-үш жылдай болды. Кезінде біз де бұл жайында бірнеше мақала жазған едік. Оқырмандар тарапынан да әртүрлі пікірлер айтылған. Алайда, соның көбісі бұл жазаны сол күйінде қалдыру керек деген пікірге келген. Е. Алауов та осы пікірді қуаттайды. Дегенмен, ол жасы 18-ге жетпеген жасөсіпірімдерге, әйелдерге бұл жазаны қолдануға үзілді-кесілді қарсы екенін жасырмайды және оны дәлелдейді.

Жалпы, осы екі кітаптың өн бойында үлкен бір гуманистік желі бой көрсететінін айта кеткеніміз жөн. Е. Алауов алғашқы кітабында да экономикалық қылмыстарға, тіпті Отанын сатқан опасыздар мен шпиондарға да өлім жазасын қиғысы келмейтінін жаны шырылдай жазыпты. Ол судья ретінде де, азамат ретінде де қылмыскерге жаза кесерде ол адамға тағдыр тәлкегі тұрғысынан қарау керек деген ізгілікті ниетті алға тартады.

Ия, ізгілікті ұстанған осындай екі заң кітабы өз жұртымыздағы оқырмандардың қолына жылдамырақ тисе екен дегеннен басқа тілек жоқ.

«Егемен Қазақстан» газеті,
28 сәуір, 1995 жыл

«ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН» ЖУРНАЛЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Өткен аптада Республика Бас прокуратурасында «Заң және заман» деп аталатын журналдың тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Журналдың Бас редакторы С. Ибрайымов мырза көлемі сегіз баспа табақтан асып жығылатын, қызылды-жасылды бояумен безендірілген жаңа басылымның алғашқы санын қолымызға ұстатқаннан кейін оны асығыс парақтай бастадық. Алғашқы бетке Қазақстан Президентінің суреті мен құттықтау сөзі беріліпті. Бұдан кейін Бас прокурор Мақсұт Нәрікбаевтың көлемді мақаласы орын алған. Ол кісі бұл журналды неліктен «Заң және заман» деп аталатындығына тоқтала келіп, Заң түзелмей заман түзелмейтінін, Заңды заман туғызатынын, бірақ заманды Заң түзейтінін баса айтыпты.

Журналистермен жүздесу кезінде де ол кісі осы ойын одан әрі өрбіте келіп, былай деді: «Заман түзеліп, қоғамның әрбір мүшесі заңды өмірлік мұратқа айналдыру үшін оны кеңінен насихаттау керек. Сонымен қатар, заңдылықты жүзеге асырып жатқан органдардың жұмысын көпшілік біліп отыратындай жариялылық жағдайын жасаған дұрыс. Жаңа басылым – «Заң және заман» осы жүкті арқалайды деген сенім бар». Айтса айтқандай-ақ, журналда прокуратура органдарының қадағалау жұмысы ғана емес, басқару органдарының заң талаптарын қалай басшылыққа алатындығы жөнінде жазылған мақалаларға көбірек орын берілген. Сондай-ақ, соттардың әділеттілікті жүзеге асыруы, жедел іздестіру, тергеу орындарында қылмысқа қарсы күресті іскерлікпен ұйымдастыру жағы да бұл журналда кеңінен жазылған екен.

Нақты шаралармен бірге заңды жетілдірудің теориялық мәселелері де назардан тыс қалмаған. Мұның бәрі құқық қорғау мен құқықтық тәрбиені пәрменді жүргізуге септігін тигізеді

сөзсіз. «Заң және заманның» тұңғыш санынан-ақ көрініп тұрғандай – ол тек бір ғана саланың, яғни прокуратураның ғана басылымы емес, қалың жұртшылықтың қызыға оқитын журналына айналатыны байқалады. Ғылымдағы соңғы жаңалықтармен қоса, көркем туындылар, қарапайым тірлікке қажетті ақыл- кеңестер, құқық қорғау саласындағы тосын жағдайлар, екiнiң бiрi бiле бермейтiн, бiлсе де назар аудармайтын құбылыстарға заңдылық тұрғыдан пайымды түсiнiктемелер мұнда кеңiнен қамтылған көрiнедi. Бұрынғы КСРО кезiнде де, қазiргi ТМД елдерiнде де прокуратураның арнайы басылымы болған емес. Тәуелсiз Қазақстанда тұңғыш рет жарық көрiп отырған бұл журналдың өрiсi кеңейе беруiне тiлектеспiз.

Әрiптестерге құлақ-қағыс ретiнде айтарымыз – ана тiлiмiздегi туындылар мұнда аздау сияқты әсер еттi. «Көш жүре түзеледi» дегендей, екi тiлде шығатын «Зан және заман» журналының қоржыны келешекте теңесе түседi деген сенiмдемiз.

**«Егемен Қазақстан» газетi,
18 маусым, 1996 жыл**

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА

Белгілі жазушы Нұрдәулет Ақыш өткен жылы осы тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған болатын. Сол диссертация бүгін монография болып басылып, оқырманға жол тартты. Көлемі 8,5 баспа табақтан тұратын кітапшаны қызыға оқып шықтық.

Бірінші тарауда Кеңестік дәуір авторларының сол кездегі саяси-тарихи және қоғамдық құбылыстарды қалай түсініп, қалай екшей алғандығы, көркемдік ой-пікірдердің қалай көрініс тапқаны, олардың тарихи шындыққа деген көзқарастары арқылы талданып, зерделенеді.

Екінші тарауда Б.Қыдырбекұлының «Алатай», Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе», М.Мағауиннің «Сары қазақ», З.Жәкеновтың «Зұлмат», А.Мекебаевтың «Қазына сыры», С.Ерубаевтың «Ақбоз үй», Қ.Қазыбаевтың «Сұрапыл» романдары, С.Жүнісовтың «Заман-ай мен Аман-ай», Т.Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс», Н.Қапалбекұлының «Жер ошақтың түтіні» повестері талданады. Әр қаламгердің суреткерлік шеберлігі, тақырып аясында жеткен көркемдік жетістіктері, қазақ прозасына әкелген рухани үлестері осы тарауда молынан көрініс тапқан.

Үшінші тарауда зерттеу нысанына айналған шығармалардың пішіндік, композициялық, стильдік ерекшеліктері сараланып, олардың көркемдік кеңістіктегі деңгейі ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдалады.

Монографияда тоталитарлық дәуірде өмірге келген шығармалар және демократия мен тәуелсіздік кезеңінде жазылған туындылар бір-бірімен салыстырыла отырылып зерттелген. Мәселен, XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқының басына түскен қиындықтар Б.Майлиннің «Берен», «Қырманда» повестері арқылы, Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы мен «Қос Шалқар», «Талпақ

танау», «Этнографиялық әңгіме», «Шұғыла» әңгімелерінде, Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында суреттелгенін жақсы білеміз.

Ал, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жазушылары бұл тақырыпты тек тарихи деректер арқылы ғана көз алдыңызға әкеліп бере алған. Ғалым осынау екі кезең жазушыларының қаламынан туған зұлмат жылдардағы халық қасіреті қалай сипатталғанын ғылыми тұрғыда терең зерттей білген.

Монография тек ғалымдарды ғана емес, қарапайым оқырмандардың өзін бей-жай қалдырмайды. Оның себебі, бұл еңбек белгілі жазушының қаламынан туғандығынан болса керек.

**«Президент және Халық» газеті,
2005 жыл**

РУХЫ АСҚАҚТАП БАРАДЫ

(Н.Пригаринаның «Түрік және иран тілді халықтар мәдениетінің өзара ықпалдастығы мен дамуы» атты халықаралық конференцияда жасаған баяндамасы негізінде)

Ақын Имам Хомейнидің тілі мен стилі парсы поэзиясының классикалық түріне етене жақын. Бұған таңданудың керегі жоқ. Мыңдаған жылдық тарихы бар парсы әдебиеті артына өшпестей мұра қалдырды. Парсы тілінде жазатын ақындар сол әдеби дәстүрді күні бүгінге дейін қастер тұтып келеді. Егер парсы тілінде жазатын қазіргі ақындардың өлеңдерін қарапайым оқырманға қолтаңбасыз ұсынса, мерзімі жағынан жүздеген жылдарға қателесер еді. Өйткені қай дәуірде жазылғанына қарамастан, бұл өлеңдердің стилі мен түрінен айырмашылық таба алмайсыз. Себебі парсы поэзиясының тілі ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай, саф күйінде сақталғандығын парсы әдебиетінің мамандары талай рет дәлелдеген.

Парсы поэзиясының тақырып ауқымы бүгін де соншалық өзгере қоймаған.

О.Хаямның рубайаттарындағы көпшілік оқырманға таныс желілер (шараптың буына шалқу, сұлулармен сайран құру, өмірдің өткіншілігі т.б.), Хафиздің ғазалдарындағы сюжеттер (махаббат мұңы, өмір қағидаттарын мойындамау, қиялдағы қызықтармен ғұмыр кешу, т.б.) күні бүгінге дейін ирандық оқырмандарды өз кереметтерімен елітіп, асқақ сезімдерге жетелеумен келеді.

Ирандағы қарапайым оқырмандар арасында парсы поэзиясына деген сұраныс әлі де жоғары. Дәстүрлі парсы поэзиясындағы ғазал, рубай, тарджибанд (өзгеше өлең құрылымдары), фард (қос тармақ) сияқты жанрлар қазіргі классикалық әдебиеттерінде де еркін қолданылады. Ирандықтардың жүрегі-

не жол тапқан осынау нәзік жырлардың ішкі иірімдері мен әуезділігін біздің өлең сүйер қауым да тереңен түсініп, бағалай білсе, қанеки!

Әуезділік пен саздылық парсы поэзиясының ежелгі эстетикалық ерекшелігі болып есептелінеді. Иран поэзиясының зерттеушілері мен сыншылары егер бір ақынды мақтағысы келсе, «бұл өлеңнің сөзін әншілер ризашылықпен орындайды» дейді. Керісінше, «бұл өлеңде әншілер сүйсініп айтар бір де тармақ табылмады» десе, бұл оның бүкіл талантын жоққа шығарғанмен бірдей. Қазақша «өлең оқу» деген ұғым парсыша «ғазалды әнге қосу» деген ұғымды береді.

Ал Имам Хомейнидің көптеген ғазалдары әуезге сұранып тұрғандықтан халық оның көбісін баяғыда әнге салып алған. Бір ғажабы – бұл әндердің бәрі халық әндерінен аумайды. Себебі бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тарихын жаңа бағытқа бұруға бағыштаған осынау біртуар саясаткер әрі сұңғыла идеолог өз жүрек жылуын тек сұлулық пен махаббатқа толы өлең жолдарынан іздейді.

Хомейни поэтикалық жазбаларын көзі тірісінде жарияламапты. Оның «Махаббат шәрбаты» деп аталатын алғашқы өлеңдер жинағы өзі дүниеден өткеннен кейін, 1989 жылы ғана жарық көріпті. Кейіннен орыс тіліне аударылған жинақтың интернеттегі нұсқасы негізінде ой өрбітіп көрейік.

Имам саясат пен мемлекеттік істерден, діни-пәлсапалық және публицистикалық шығармалардан сәл қолы босағанда көкейге келіп қалған өлең жолдарын жекелеген парақтарға түсіреді екен де, оны өзінің сүйікті келіні Фатимаға бере салады екен. Қайын атасын қатты құрметтейтін келіні сол парақтарды тұмардай сақтай жүріп, ақыры кітап етіп бастырған.

Алайда, Имам өлеңдерінің халық арасына бірден тарап, идеялары мен образдары оқырман жүрегін жылдам баурап алу себебін ежелден қабылдауға жеңіл белгілі сарындар мен әуездерге құрылуына байланысты деп ойласақ, тағы қателесеміз. Өйткені, ирандықтар әсіресе пәлсапалық иірімдер мен

мистикалық көңіл күйге, тосын ойға, тылсым дүниенің қыр-сырын әр қырынан ашуға арналған, адамның өмірдегі орны мен бір жаратушыны танып-білудегі тынымсыз да, тауқыметті тірлігі жайында жазылған өлеңдерге қатты ден қоятыны белгілі. Одан басқасының бәрі бекер деп есептейді.

Ал, Имам өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлердің тынымсыз рухани тірлігі, Құдай жолында құлшыл, әділетсіздікке қарсы күресте алмас қылыштай өткір мінездері оның поэзиясын әр қырынан нұрландырып, өршіл ойларға жетелейді.

Имам поэзиясының негізгі тіні – Алланы, яғни абсолютті Ақиқатты танып білудегі адами ізденістер мен сол Ақиқатқа барар жолдағы әр кезеңнің рухани шарықтаулары мен құлдилауларын жан-жақты ашып көрсету болып табылады.

Сыртқы түрі ішкі мазмұнға сай өрілген әрбір ғазал, рубай, қос тармақтар әдемі өрнектелген парсы жауһарлары десе де болғандай. Мұсылмандардың Меккедегі қасиетті Қағбаға барардағы ұзақ жол – әр мұсылманның өз ішкі әлеміндегі «жүрек Қағбасы» образы түрінде шендестіріледі. Сондықтан, Аллаға сенімі аздар үшін қажылық сапары өте ұзақ, ал кімнің жүрегінде Аллаға деген сенім берік болса, оның Қағбаға барар жолы да поэтикалық қостармақтар сияқты қысқа әрі жеңіл болмақ дегенді меңзейді.

Имамның поэзиясы негізінен символикаға құрылған. Оны зерделеп оқыған адам достық пен махаббаттың, сұлулық пен шарап буының астарында мүлдем басқа мағына, басқа әлем жатқанын байқар еді. Дәл осы жерде Имам поэзиясындағы образдылықтың нақты шындығы мен бар құпиясы жасырын жатынын байқау қиын емес.

Иә, оның өлеңдерінде саяси ахуалдар поэтикалық астармен берілген. Мәселен, туысқандарына, келіні Фатимаға, әсіресе 1977 жылы айдауда жүріп қайтыс болған ұлы Сайедке арнаған шумақтарында саяси жағдайларға қатысты ойлары қылаң беріп қалады. Дегенмен, мұндай нақты өмір шындықтары оның өлеңдерінде онша көп емес.

Имам поэзиясынан тек рухани шындықтың лебі есіп тұрады. Дін және Ислам пәлсапасы, Мұхаммед пайғамбар мен оның серіктесі Әлидің діни-пәлсапалық және мистикалық ағымы, яғни сопылық ілімі ирандықтардың негізгі ұстанымдары екенін байқаймыз.

Имамның көзқарасы бойынша мына дүниеде бір ғана ақиқат бар. Ол – Алла тағала. Қалғанының бәрі жалған дүние. Осы пікірді берік ұстанып, соның негізінде өзінің ой-тұжырымдары мен ақыл-парасат әлемін қалыптастырған оның пәлсапасының мызғымас тұғыры Монизмде (дүниенің бастамасы – Рух деп танитын пәлсапалық бағыт) жатқандай. Бұл ұстанымынан ол еш жерде, ешқашан тайқыған емес.

Имам сонымен қатар шейт бағытындағы мұсылман. Ирандық шейттер өздерінің наным бойынша – мына фәниде әзірге белгісіз, жасырын күйде жүрген 12-ші Махди имам түптің-түбінде жарыққа шығып, бүкіл адамзатты қияметтен құтқарады деп біледі. Имамның өлеңдерінде Махди әлемдік рух түрінде сипатталады.

Сонымен қатар, құрандық желілермен, символдармен қоса мұсылмандар бастан кешкен қасиетті ғұмыр тарихынан да сыр суыртпақтайды. Құран – Шығыс поэзиясының кәусар бұлағы екендігінде дау жоқ. Сөз киесін пір тұтқан ұлы ақындар шығармаларының қай-қайсысында да су мен топырақтан жаралған адамзат ұрпағының Жаратушы алдындағы борышы, Құдайды тануы, Құдаймен келіссөз жүргізгендігі аса бір шабытпен жырланған. Соған қарамастан ирандық кейінгі ақындар да бұл тақырыпқа қайтып оралып, өзіне дейін белгілі осынау күрделі хикаяны өз жүректерінен қайта өткізіп, оған өз көңіл қалауларын қосып, өздерінше қайта жаңғыртуда.

Имам шығармаларында адам мен Құдай арасындағы келіссөз бүкіл адамзат тарихының мағынасы іспетті. Құдайды танудың жұмбақ (мистикалық) жолымен оны ынтыға іздеудің бар құпиясы да осында жатыр. Себебі, олардың ұғымы бойынша, әлем жаратылмастан бұрын-ақ адам жүрегіне Жаратушыға

деген махаббат құйылған. Мұнымен қатар нәпсіні тыю, софылық, диуаналық, тағы басқа құлшылықтардың түрлері дүниеге келген. Кейбір айырмашылықтарына байланысты софылық ағымның ішінде бәсекелестік пайда болып, соңы ашық жауласуға соқтырып отырған. Имамның поэзиясында кейде мистиктер мен оны мойындамайтындардың, Ақиқатты іздеушілер мен оны танып-білушілердің, софылар мен тақуалардың, дербештер мен кезбелердің, маскүнемдердің арасындағы айырмашылықтар ашық көрсетілсе, кейде олардың бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ сияқты етіп суреттелінеді. Сонымен қатар, діннің тұнығын лайлайтын кезбелер мен маскүнемдер ұдайы дәріптеле суреттеледі. Ішімдікке қатаң тыйым салатын Ислам дінін ұстанушы бола тұра Имамның өз қаламынан туған дәстүрлі жанрдағы шығармаларында маскүнемдік пен маскүнем кейіпкерлерін мадақтай сипаттағаны тым тосын көрінеді. Сондай-ақ, Имамның өзі енгізген тәртібі бойынша бүгінгі иран әйелдеріне ашық-шашық жүруге тыйым салынған. Сырты қандай биязы болса, іші де сондай парасатқа толы ханумдардың әрекетіне қарсылық білдіргендей, оның лирикалық кейіпкерлері әйелдердің жамылғыларын сыпырып тастауға, ашық сүйіске, ыстық құшаққа шақыруы кейде ақылға қонбайды. Алайда, сол дәстүрлі жанрдағы шығармалардан бұған да жауап табылады. Ондағы сыландаған сұлулардың ессіз де шексіз махаббаты ақыл-парасаттан тым алшақ, әрі қатыгез де қатал.

Имам поэзиясындағы образдар мен кейіпкерлердің әрекеттеріне, ішкі жан дүниесіне метафора түрінде сіңісіп кеткен терең мағыналы әдеби әдістерді екінің бірі байқай бермейді. Мысалы, шарап ішуге қатысты символиканы алып қарайық. Оның өлеңдерінде шарап ішетін орындар – жертөлелер, арнайы үйшіктер, кабактар, қираған үйлердің арасында шарап құйып беріп тұрған сиқыршы-зороастриялықтар жиі суреттеледі. Құдайға деген махаббат пен сүйіспеншілік білгірі, әрі көпшіліктің тәрбиешісі, шарап сатушы қария кейде Мұхаммед пайғамбар түрінде сипатталады. Кейде ол адам имам Әлиге теңестіріледі.

Шарап ішуді, естен тана мас болуды, мең-зең күйге түсуді, одан кейін қайта ес жиюды жоғарыда айтқан жұмбақ (мистикалық) Жолдың баспалдақтары деп деп түсінуіміз керек екен.

Софылық туралы трактаттарда «есіңнен тана масайып, сосын ес жиғаннан кейінгі таза сана» ғана Құдіретті Ақиқатпен «одақтасып», онымен ерекше бір жағдайда сырласуға мүмкіндік беретіндігі айтылған.

Қысқасы, оқырмандарды өзіне тартып әкететін образдар әлемі көбінесе ақынның ішкі жан дүниесіне ғана тәуелді болып келетін заңдылықтарға бағынады. Сондықтан, шартты оқиғалар аясында, қалыптасқан дәстүрлер тұрғысында өз рөлдерін мүлтіксіз атқарып жүрген кейіпкерлерге – мұнды махаббат иесіне, тәкаппар сұлуларға, қызғаншақ бәсекелестерге, күнәдан пәк софыларға, бұлбұлдар мен роза гүлдеріне, тамшылар мен мұхиттарға, жарыққа ұмтылған түнгі көбелектерге, ынтық сезім құшағында күйіп-жанған ғашықтарға, олардың мехнаттары мен азапты ізденістеріне кіршіксіз сенуіміз керек екен. Парсы әдебиетінің дәстүрлі поэзиясының заңдылығы бойынша – бұл да табиғи құбылыс. Имам әрбір шығармасында осынау поэтикалық заңдылықтарды қатаң сақтай отырып, өз кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі жаңғырулар мен құлдырауларды нанымды жеткізеді.

Софылық ағымда «хал» деген ұғым бар. Қасқағым сәтте бастан өтетін осынау ғажайып құбылысқа олар ғұмыр бойы ұмтылумен өтеді және оған күтпеген жағдайда кездесіп отырады. Осы хал – Ақиқатты іздеу жолында жандарын нұрландырып, көңіл көкжиектерін кеңейтеді, бойларына күш-қуат құяды. Ендеше, Имамның ғазалдары – Ақиқатқа бастар Жолдың баспалдақтарын поэзия тілімен өрнектеген өзгеше бір құбылыс деп пайымдаудан басқа амал жоқ. Оның өлеңдерін сонымен қатар поэтикалық толғау, рух әлемін жаңа қырынан баяндаған повесть, әрі кейінгі ұрпаққа қалдырылған өсиетнама деп қабылдаған дұрыс сияқты..

Қазақшалаған Серік Жұмабекұлы,
«Президент және Халық» газеті,
15 қаңтар, 2007 жыл

МАҚТАНЫШ СЕЗІМДЕРІМІЗДІ ЖАСЫРМАЙЫҚ! дейді Иран Ислам Республикасының Мәдениет және ислам байланысы жөніндегі жетекшісі Аббас Хамейяр

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен «Иран-Тұран» жобасына қатысты отырыста Кембридж университеті Азия және Таяу Шығыс факультетінің деканы Чарльз Мелвилл мырза Кембридж университетінде Шахнаме орталығы жұмыс жасайтындығын, мұнда Парсы қолжазбаларының бірегей топтамасы сақталғандығын, өзі парсы тілінің маманы екендігін мақтанышпен жеткізді. Кездесу соңында ынтымақтастық жөнінде үш жақты хаттамаға қол қойылды. «ҚазҰУ мен Кембридж университеттерінде түркітануға бағытталған ғылыми-зерттеу орталығын ықыласпен қолдадық әрі қолымыздан келген көмекті аямайтынымызды білдірдік. Бұл біздің ұйымның негізгі міндеті болып табылады. Қазір 60-тан астам елдегі елшіліктерімізде осы ұйымның өкілдері жұмыс істейді. Ағылшындар парсы тілі мен мәдениетінің өркен жаюына ниет білдіріп отырғанда бейтарап қалу мүмкін емес. Себебі, парсы тілі – руханият, хикмет пен мистика тілі. Ол өзінің осы тартымдылығы арқылы көптеген шекараларды асып өтіп, әртүрлі елдер мен құрлықтарға таралды. Ислам, ирандық-исламдық мәдениет пен өнер жайлы сөз бола қалған барлық жерде парсы тілі теңдессіз асыл тастай жарқырайды» деді ол..

Кең байтақ жері бар қазақ елі тарих бойында Иран мәдениеті және өркениетімен үнемі байланыста болған. Бұл ұланғайыр жерде Иран мен Тұран тайпалары алыс-беріс жасап отырған. Әлі де осы кең байтақ жердің түкпір-түкпірінен Иранның бай мәдениеті мен өркениетінің белгілерін көруге болады. Қазақтар арасындағы ирандық мәдениеттің ең маңызды элементі - парсы тілі. Қазақ халқының көпшілігі әлі күнге дейін өз балаларына Рүстем, Аспандияр мен Бижан сияқты Иранның эпикалық

батырларының аттарын таңдап қояды. Мындаған парсы сөздерінің қазақ тілінде болуы ирандықтар мен түркітілдестер арасындағы қатынастардың ежелден келе жатқандығынан хабар береді. Намаз, ораза, пайғамбар, періште сияқты көптеген сөздер мен атаулардың түп-тамыры парсы тілінде жатыр. Бұл сөздер әлі күнге дейін қазақ тілінде қолданылады. Бүгінде Алматы көшелерінің бойымен жүріп өтсеңіз, дәріхана, асхана, шайхана, көше және осы тектес басқа да ондаған сөздерді кездестіресіз. Бұл сөздердің барлығы парсы тілінен алынған.

Осы күнге дейін жасырын қалып, тіркелмеген Қазақстанның құнды қазыналарының бірі – осы елдің әртүрлі кітапханаларында сақтаулы жатқан әртүрлі қолжазбалар мен кітаби нұсқалар. Осы қолжазбалардың арасында ғылыми тұрғыдан тізімге алынбаған көптеген құнды еңбектер бар. Бұлардың 85-90 пайызы парсы тілінде жазылған. Қазақ зерттеушілерінің бірі: «Қазақтар жайлы сөз етілген ортағасырлық тарихи-мәдени дереккөздердің 90 пайызы парсы тілінде жазылған» дейді. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Қазақтар арасында «Шахнама» мен «Ләйлі-Мәжнүн» дастандары негізінде көптеген суреттер салынған. Олар ел арасында ерекше ықыласқа ие болған. «Қазақтың ұлы ойшылы әрі ақыны Абай Құнанбаев араб-парсы тілдерін біліп, дін ілімі мен Шығыс әдебиеті, әсіресе ежелгі парсы әдебиеті, Фердоуси, Сағди, Хафиз, Моулави және Низами сынды парсы тілдес шайырлармен таныс болған және өз өлеңдерінде ақындық талантын ұштау үшін осы ұлылардан медет сұраған. Абай мен басқа да қазақ ақындарының шығармашылығын зерттеген кезде қазақ-парсы ақындары арасында мазмұн-мағыналық тұрғыдан көптеген ортақтастықтардың барлығына көз жеткізуге болады» дейді Аббас Хамейар.

Парсы тілі мен әдебиетінің қазақ мәдениеті мен тіліне әсері мен ондағы орнын назарға ала отырып, Қазақстанның қазіргі жас ұрпағы өз ата-бабаларының еңбектерін оқып, тану үшін парсы тілін үйренулері қажет және парсы тілінде сөйлейтін адамдармен танысуы тиіс. Соңғы жылдары Қазақстанда парсы

тілі мен әдебиетін үйрету айтарлықтай дамыды. Қазақстан 1995 жылы Ислам Конференциясы Ұйымының мүшелігіне қабылданды. Ислам әлемімен белсенді ықпалдастық Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі. Өз жағынан Ислам әлемі Қазақстанды мұсылман қоғамдастығының ажырамас мүшесі ретінде қарастырады. «Қазақстан полиэтникалық және көп конфессионалдық ел бола отырып, өркениеттер мен діндер арасындағы диалогті дамытуға бағытталған жаһандық үрдістерді толығымен жақтайтындығы бізді қуантады» дейді ирандық қонақ.

Қазақстан сыртқы саясаттағы бастамаларда ИКҰ қолдауына сүйенді. Мысалға, Қазақстан тарабы көтерген АӨСШК шақырылымы, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу, БҰҰ қарарымен 2010 жылды «Мәдениеттер жақындастығы жылы», 29 тамызды «Халықаралық ядролық сынақтарға қарсылық күні» деп жариялау сынды бастамалары ИКҰ-ға мүше елдер тарапынан қолдау тапты. Сондай-ақ, ұйымның бас хатшылығы БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі кеңесіне Қазақстанның үміткерлігін қолдау тұрғысында үндеу жасап, белсенділік танытты. Халықаралық деңгейдегі бұл қолдаулар еліміздің 2016-2017 жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық ету, 2017 жылы Астанада бүкіл-әлемдік «Экспо-2017» көрмесін өткізу кезінде тұрақты жалғасын табарына сенім мол. Аталған бастамалардың барлығы Қазақстанның әлемдік бетбейнесіне оң өзгерістер әкелері анық. Ал, 2006 жылы Бакуде өткен ИКҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 33-сессиясында Қазақстанның экологиялық аймақтарына, яғни Арал теңізі мен Семей өңіріне қаржылық көмек көрсету қарары қабылданғанын айта кеткен жөн.

Тұран мен Иранның ежелден қалыптасқан бірде тату, бірде қату көршілік қатынастары тіл мен әдебиет әлеміне де өзіндік өрнегін қалдырғаны белгілі. Екі ел арасындағы әдеби-тілдік байланыстар ғасырлар бойы жалғасын тауып жатты. Баласағұн өмір сүрген кезең – Фердауси «Шахнамасының» даңқ биігіне

көтерілген тұсы. Заманының озық ойлы тұлғасы Жүсіп Баласағұнның «Шахнамамен» жете таныс болғанына күмән жоқ. Танылған әрбір құбылыс танымда із қалдырады десек, «Шахнамадай» бірегей туындының Баласағұн шығармашылығына елеулі әсер еткені сөзсіз.

Қос туынды арасындағы байланыстардың алғашқысы – өзара үндестіктер. Дербес шығармашылық тұлға ретінде әр автор өз дәуірін өзінше ой елегінен өткізіп, өзіндік танымын шығармашылығына арқау еткені анық. Тарихи тағдыры ортақ екі ел ақындарының туындыларында бірқатар мазмұндық үндестіктер мен өзара әсерлесу құбылыстары көрініс тапқан. Бір ғана мысалға тоқталсақ, түркі жұртының аты аңызға айналған қаһарманы Алып ер Тұңға туралы «Шахнамада» да, «Құтты білікте» де айтылады. «Шахнамада» Алып ер Тұңға – Афрасиябқа он шақты тарау арналған. Иран-Тұран арасындағы жаугершілік шайқастардың бірқатарының басты қаһарманы болған Алып ер Тұңға бейнесінің тарихи тақырыптарды арқау еткен «Шахнамада» кеңінен суреттелуі заңды құбылыс.

Ирандықтардың «Құтты білікті» «Түрік Шахнамасы» деп атағаны туралы дастанның алғысөзінде де, негізгі мәтінінде де айтылады.

«Шахнама» мен «Құтты білікке» ортақ падишалар өмірі мен мемлекет істері жайлы баяндаулар қос туындыдағы мазмұндық сабақтастықтың бір көрінісі болып табылады. Бірақ Баласағұнның дастан сюжетін құру, оқиға желісін өрбіту әдісі өзгеше. «Шахнама» авторы аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер негізінде Иран өркениетінің көркем келбетін сомдаған. Ал Баласағұн дастаны жеке адамды, соның негізінде барлық адамды, тұтас мемлекетті кемелдікке жеткізудің жолдарын саралап көрсеткен даналық туындысы болып табылады.

Олай болса «Шахнама» орталығын құрып, ортақ қазынамызды Еуропа төрінде дәріптеп жатқан Кембридж университетінің деканы Ч. Мелвилл мырзаға қазақтар мен ирандықтар қосарласа алғыстарын айтуы керек деп ойлаймын. Себебі, әлемдік

дағдарыстарға қарсы қалай күресу керектігін біздің бабаларымыз «Шахнама» арқылы бағзы замандарда-ақ айтып, оны шешу жолдарын көрсетіп кеткен. Жер шарындағы ізгі тілекті адамдардың бәрі Шығыстың ұлылығына ілтипат танытқанына неге бірге шаттанбасқа. Мақтаныш сезімдерімізді осындайда жасырмай-ақ қойсақ та жарасатын сияқты ма, қалай өзі?!

С. Жұмабекұлы,
«Айқап» журналы,
сәуір айы, 2016 жыл

МӨЛДІР БҰЛАҚТАР

Таяуда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен басқосуда Ұлыбританиядағы Кембридж университеті Пембрук колледжінен, Түркия Республикасынан және Иран Ислам Республикасынан келген қонақтар үш жақты келіссөз барысында «Иран-Тұран» жобасын талқылады. Алдағы уақытта Кембридж университетінде Түркітану мен ҚазҰУ-дың ғылыми орталығын ашу ұйғарылды.

Осыған орай, Түркиядан келген ғалымдар ҚазҰУ мен Кембридж университеттерінде түркітануға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсететіндіктерін білдірді. «Әбу Насыр әл-Фараби кезінде Шығыс пен Батысты жақындастырған ғұлама ғалым болған. Бүгінде бұл ұлы миссияны әл-Фарабидің атын арқалаған әлемдегі жалғыз жоғары оқу орны жалғастырып келеді» деді Түркия Премьер-Министрінің бас кеңесшісі, БҰҰ Өркениеттер Альянсының Түркиядағы Ұлттық үйлестіру комитетінің төрағасы Бекір Қарлыға. Ал, Кембридж университетінің Азия және Таяу Шығыс факультетінің деканы Чарльз Мелвилл Ұлыбританияда Түркі елдерінің тарихы мен мәдениетін зерттеу осыдан екі ғасыр бұрын қолға алынғандығын, бірақ соңғы 15-20 жылда тоқтап қалғандығын өкініш білдіре айтты. Сонымен қатар, «Кембридж университетінде түркітану мамандары тапшы. Түркітануды дамытуды айта отырып, әсіресе тілді меңгерудің маңыздылығын атап өту керек» деді ол өз сөзінде. Еске сала кетейік, Кембридж Университеті – әлемдегі ең көне және ең алдыңғы орында тұрған жоғарғы оқу орындарының бірі әрі Еуропадағы ірі ғылыми орталық болып саналады. Ол 1209 жылы Лондон қаласынан солтүстікке қарай 80 км жердегі Кембридж қаласында құрылған. XIII ғасырдың өзінде Кембридж университетінде 4 факультет жұмыс істеді: гуманитарлық, заң ғылымы, дінтану (теология), медицина. 1669-

1702 жылдар аралығында Исаак Ньютон Кембридж университетінің профессоры болды. 1837 ж. Кембридж университетінде Чарльз Дарвин магистр атағын алған. Жаңа типті университеттерден Кембридж университетінің айырмашылығы – ол жеке колледждерден тұрады. Бүгінде университетте 29 колледж бар. Кембридж университеті ғалымдарының ғылыми жаңалықтары 60 Нобель сыйлығын иеленген. Аталған оқу орнынан 15 ағылшын премьер-министрі, әлем елдерінің 23 көшбасшысы, Үндістанның 3 премьер-министрі, Дания патшайымы II Маргрета оқып шыққан. Бүгінде мұнда 21 000 студент пен магистрант білім алуда. Соның ішінде 1300-ден астамы әлемнің 65 елінен келген. Университет 2010 жылдық QS әлемдік рейтингі бойынша бірінші орында. Чарльз Мелвилл мырзаның айтуына қарағанда, Кембридж университетінде «Шахнаме» орталығы жұмыс жасайды және мұнда Парсы қолжазбаларының бірегей топтамасы сақталған. Шығыстың жеті жұлдызының бірі Фирдаусидің «Шахнама» атты шығармасы парсы тілінде «Патшалар кітабы» деген мағынаны білдіреді. 977 және 1010 жылдар аралығында жазылған бұл эпикалық поэма – парсы әдебиетінің асыл мұрасы, иран халықтарының ұлттық эпосы. Парсы әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнамасы» мен түркі әдебиетінің алыбы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» әлем әдебиеті тарихында елеулі із қалдырған бірегей туындылар санатына жатады. Қос автордың өмір сүрген дәуірі бір-біріне жақын, замана рухы мен талабы үндес келгендіктен туындыларында да сәйкестіктердің болуы заңды құбылыс. Бұл сәйкестіктердің қатарынан шығармашылық үндестік, сабақтас-тық, салаластық және өзара әсерлесу құбылыстары орын алған. «Біз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зор мүмкіндіктерін көріп, қайран қалып отырмыз. Сондықтан, біз ҚазҰУ-ға осы аймақтағы ирантану орталығын басқару құқығын тапсыруды ұсынғымыз келеді» деді осыған орай Ислам мәдениеті мен байланыс ұйымының вице-президенті Аббас Хамиар. Иә, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің шығыстану факультеті бүгінде шығыс тілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар

дайындаудың республикалық ірі орталығына айналды. Шығыс тілдерін үйрену университет қабырғасында ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастау алады. 1989 жылы Азия және Африка елдері тарихы кафедрасы мен араб тілі кафедрасының негізінде ашылған шығыстану факультеті шығыс елдерінің тілі мен тарихын оқытудың 40 жылдан астам қалыптасқан дәстүрін алға сүйреп келеді.

Факультетте ирантану және үндітану кафедрасы жұмыс істейді. Кафедра профессоры, белгілі шығыстанушы ақын Ө. Күмісбаевтың, «Иранбақтың бұлбұлдары», «Иран әдебиеті», «Шәкәрімтану мәселелері» атты 3 томдық кітаптарында екі елдің әдебиеті мен тарихы кеңінен зерттелген. Сондай-ақ, аға оқытушы Г. Құдайбергенованың «Грамматика персидского языка» оқулығы, аға оқытушы А. Боранбаеваның «Иран филологиясына кіріспе» атты лекциялар жинағы, аға оқытушы Ф.Ахметованың «Қазіргі Қазақстан мен Иранның қатынастары» деп аталатын ғылыми еңбектері Иран-Қазақстан арасындағы байланыстардың жылдан-жылға өркендеп келе жатқанын айғақтайды. Біз зайырлы мемлекет болсақ та, бүгінгі таңда ислам өркениетінің ажырамас бір бөлігі болып табыламыз. Еліміздің тарихы мен рухани мәдениеті мұсылман әлемімен ғасырлар бойы сабақтас әрі тамырлас болып келгендігі тарихи шындық. Сондықтан «Иран-Тұран» жобасын Кембридж университетімен бірлесіп жүзеге асыру үш жаққа да тиімді. «Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен...» деген ақын Мағжан Жұмабаев өлеңіндегі тармақтар бекер айтылмаса керекті. Бергісі түркішілдік, арғысы тұран-идеясы кездесу нәтижесінде жаңа даму жолына бет алды. Үш жақты ресми кездесу барысында Түркі әлемінің мәдени құндылықтарын зерттеу, насихаттау мәселелері сөз болып, «Иран-Тұран» жобасына байланысты келіссөздер жүргізілді. Кездесу соңында ынтымақтастық жөнінде үш жақты хаттамаға қол қойылды.

**«Айқап» журналы,
сәуір айы, 2016 жыл.**

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТҰҢҒИЫҒЫ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен басқосуда Кембридж университетінде Түркітану мен ҚазҰУ-дың ғылыми орталығын ашу ұйғарылды. Осы қарсаңда Кембридж университеті Азия және Таяу Шығыс факультетінің деканы Чарльз Мелвиллмен кездесіп, пікір алысудың сәті түскен еді.

– Чарльз мырза, «Иран-Тұран» жобасы сіздер үшін несімен құнды және алдағы мақсаттарыңыз қандай?

– Кембридж университеті Азия және Таяу Шығыс факультетінің деканы әрі Британиядағы иранистер ассоциациясының вице-президенті ретінде мынаны айтқым келеді: біздің университетте түркологиямен айналысу ісі бұдан 200 жыл бұрын қолға алынған екен. Бірақ кейінгі 20 жыл ішінде бұл бағыттағы даму қарқыны бәсеңдеп қалды. Оның экономикалық, саяси, тағы басқа себептері бар. Біздің мақсат – осы іске жаңаша серпін беру. Бүгін соның алғашқы қадамы жасалған сияқты. Сіздердің ректорларыңыз Ғалымқайыр Мұтанұлының бұл бағыттағы жаңашылдығы маған ұнады. «Әл-Фараби оқулары» атты ғылыми конференцияға Түркия мен Ираннан келген қонақтармен біздерді арнайы өз қабылдау бөлмесінде жүздестіріп, келелі істерге бастамашы болды.

– Соның арқасында «Иран-Тұран» жобасы жөніндегі хаттамаларға қол қойылды. Осы жөнінде нақтырақ айтып берсеңіз...

–Хаттамада – Кембридж университетінде түркологияға қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін Орта Азия зерттеу орталығын құру жөніндегі жұмысшы тобы нақты көрсетілді. Сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Кембридж университетінде ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамының білімін көтеруге көмектесу, PhД мамандығы бойынша

мамандар даярлауға жол ашу, түркология саласы бойынша ізденіп жүрген ғалымдарға Кембридж университетінің кітапхана қорын пайдалануға мүмкіндік беру, Кембридж университеті қорындағы мате́риалдардан Орта Азияға қатысты каталог көздерін құруға жағдай жасау, бірлескен жобалардың тақырыптарын анықтап, оларды қаржыландыру көздерін іздестіру, «Болашақ» бағдарламасымен Кембридж университетінде оқитын ҚазҰУ магистранттары мен докторанттардың көмекші-жетекшілерін белгілеу, тағы басқа қажеттіліктер нақты белгіленді.

– Қазақ тілі де түркі тілінің тобына жататынын сіз жақсы білесіз. Жалпы түркі тілдес халықтар тілінің болашағы жайында не айтар едіңіз?

– Түркі әлемінің тілдік көрінісін айқындау үшін деректерге назар аударайық. Сол 200 миллион халықтың 40%-ы бір, 70%-ы 6 тілде, ал қалған 30%-ы 34 тілде сөйлейді екен. Халқының саны жағынан алғашқы ондықты 80 млн. түрік, 35 млн. әзірбайжан, 30 млн. өзбек, 12 млн. қазақ, 9 млн. ұйғыр, 7 млн. түркімен, 6,5 млн. татар, 4,5 млн. қырғыз, 2,2 млн. башқұрт, 1,5 млн. қашқай тілдері құрайды. Саны ең азы – 2 500 адамдық шұлым, 5 000 адам сөйлейтін долған және жұғыр, 7 000 адамнан тұратын айну тілдері. Қарайым мен тофа тілдерін бірде есепке алып, енді бірде өлі тілге жатқызып жүр. Қырықтай тіл дегенімізбен, бұлардың түбі бір, бір-бірімен түсінісе алатындай жақын; көршілері өзара сөйлескенде, еркін ұғыныса алады да, тұрағы қашықтаған сайын түрлі айырмашылықтар сезіле бастайды. Сол жақын-қашықтығына қарай түркі тілдері негізінен қыпшақ, оғыз, ұйғыр, Сібір топтарына бөлінеді. Осылардың ішінде қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түрік, түркімен ұлттары өздерінің мемлекеттігін құрып, тілдеріне мемлекеттік тіл мәртебесін беріп, дамуына жан-жақты жағдайлар жасап отыр. Мемлекеттік тұрғыдан қорғалып отырған бұл тілдерге дәл қазір төніп тұрған қауіп жоқ сияқты.

– Ал кейбір елдердегі түркі тілдерінің мүшкіл халі ең алдымен қоғамдық дамуға ілесе алмағандықтан деген пікірлерді естіп қаламыз. Бұл жөнінде не деуге болады?

– Тілді сақтай білу негізінен сол тілде сөйлейтіндердің санына емес, сапасына, яғни ұлттық сана-сезімінің қаншалықты дәрежеде екендігіне байланыстылығын өмір көрсетіп отыр. Халқының саны миллионнан сәл-ақ асатын эстон, латыш, литвалықтардың өздерінің тілдерін көзінің қарашығындай сақтап, еш тілден кем қылмай мәпелеп отырғаны – бұл айтқандарымызға дәлел. Ал, ұлттық сана, ұлттық рух күшті болса, оның алмайтын қамалы жоқтығын еврейлер әлемге паш етті. Олар өліп қалған иврит тілін он тоғыз ғасырдан соң қайта тірілтіп, Израильдің мемлекеттік тіліне айналдырды. Болашақта қазақ тілі де түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі мәртебесі жоғары болуына тілектеспін.

– **Алматы сізге ұнады ма? Қандай әсерде кетіп барасыз?**

– Алматыларыңыз өте әдемі қала екен. Қазақтар алғыр да еркін халық екендігін байқадым. Дегенмен, бәсекелестікке негізделген қоғамдық өмірдің даму заңы аса қатал, оған ешкім қарсы шыға алмайды десек те, мынадай жағдайларға назар аударған жөн секілді. Өмірге келген әрбір адамның өмір сүруге құқы бар. Сол сияқты сол адамдардан тұратын ұлттар мен сол ұлттағы адамдар сөйлейтін тілдер де өмір сүруге құқылы. Тіл төңірегінде жүріп жатқан мәңгілік майданды ешкім тоқтата алмайды, оған ешкім де қарсы емес. Тілді сақтай білу негізінен сол тілде сөйлейтіндердің санына емес, сапасына, яғни ұлттық сана-сезімінің қаншалықты дәрежеде екендігіне байланысты екендігін өмір көрсетіп отыр. Қазақ тілі де болашақта сондай болатынына сенімім мол. Себебі бұл тіл түркі тілінің ішіндегі ең таза сақталған тілдердің бірі. Түркі әлемінің тұңғыығы тым терең. Тереңдік пен биіктікті сыртқы күштер оңайлықпен жеңе алмайтыны белгілі.

– **Ашық пікіріңізге рахмет.**

**«Айқап» журналы,
сәуір айы, 2016 жыл**

АМЕРИКАЛЫҚ ҚҰСБЕГІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

ҚР Ұлттық экология қоғамы төрағасының орынбасары, этнограф, биолог-аңшы – Асылхан Артықбаевпен газетіміздің тілшісі жолығып, Америкаға барып қайтқан іссапарынан алған әсерлерін оқырман назарына ұсынды.

– Жолға шығар алдында Америка жайында бұрындар оқыған кітаптарым мен кейбір журналдарды парақтадым. Осы сапарда міндетті түрде осы елдің ежелгі тұрғындары – үндістердің қазіргі жағдайларын да өз көзіммен көріп, аборигендердің мәдени орталықтарында боламын, көсемдерімен бірге ұзын түтіктен көк түтінді будақта отырып, олардың өмірін өзімше танып-білемін деп қиялдадым. Сапар басқаша болды – деп сөзін бастаған Асылхан ағамыз барған сапарын төмендегідей баяндады.

– Белгілі мысқылшы М.Задорновтың «америкалықтар үлкен балалар сияқты» дегені рас па деп қалдым. Денвер қаласындағы әуежайдан біздерді үндістердің дүңкілдеген барабан ырғағымен айтылатын әндерімен қарсы алды. Дәліздің қабырғаларына үндістердің суреттері салынған. Бізге кітаптардан таныс шайен тайпасының көсемі Текумзе, неперсе тайпасының көсемі Джозефтің, сауқ тайпасының көсемі Қара бүркіттің, сиу тайпасының шаманы Қара бұланның, апач тайпасының ержүрек көсемі Херонимоның портреттерімен қоса, тағы басқа суреттер ілініпті. Музыка ырғағымен үндістердің өткені мен қазіргісін тамашалап жүріп, шекаралық тіркеу мен кедендік тексеруден өтуді де естен шығарып алыппын. Қарасам, маңайымда ешкім жоқ. Дәліздің түпкір жағындағы екі картаң әйелдің бірі маған тақап келіп әлденелерді айта бастады. Ағылшынша түсінбейтіндігімді білдірдім. Сосын ол мені екінші әйелдің қолына тапсырды. Ол мені жетектеген баладай ертіп, төмендегі тіркеу орынына апарды. Шекарашылар мен кеденшілер құжаттарымды рәсімдегеннен кейін сыпайы түрде қай жаққа қарай жүруім

керек екенін көрсетті. Жүктерімізді алатын жерде мені түркімен А.Есбердиев, болгар П.Якимов, фин Д.Сакса, эстондық орыс Е.Ширгалин, марокколық Абділхак Чауни күтіп тұр екен. Енді анықтама бюросы арқылы бәріміз тунистік саяткер Хичем Бен Хамидты іздеуге кірістік.

Бір байқағаным, америкалықтар өте сыпайы. Кез келген адаммен бұрынғы таныстарынша шүйіркелесе кетеді. Не қажет ететінін сұрап асты-үстіңе түседі. Жаңалықтардың бәрін балаша мәз болып қабылдайды. Бірақ Америка дүниесінің бәрі өзгелердікінен артық деп есептейді. Соған қарамастан білім деңгейлері біздермен салыстырғанда төмен екендігі байқалып қалады. Әсіресе, жағырапия, тарих, есеп-қисапқа келгенде тіпті шорқақ. Көлік прокатында үш жыл жұмыс істейтін бір қоңыр түсті америкалық жігіт «Форд» машинасы 600 миль ішінде қанша бензин жағатынын бізге айта алмай-ақ қойды. Түнгі сағат он бірде ол әлдекімдерге, телефон шалып, 40 минуттан кейін нақты жауабын бермекші болғанда еріксіз таңқалдық. Әрине, оның жауабы бізге соншалықты маңызды емес еді, жөнімізге кеттік. Дәл осындай жағдай жол жиегіндегі «Макдоналд» дәмханасында да қайталанды. Дәмхана тізімінде көрсетілмеген алты «гамбургерге» тапсырыс бердік. Олар үшін тапсырыс берушінің өтініші – заң. Айтқанымызды мүлтіксіз орындады. Бірақ есеп айырысуға келгенде даяшы екі қыз қолдарындағы арнайы есептегіш құралмен қанша есептесе де бізден алуға тиісті ақшаларының көлемін шығара алмай қиналды. Ас пісірушіні шақырды. Оның қолынан ештеңе келмеген соң отыз бестер шамасындағы бір жігітті шақырды. Одан да қайран болмады. Ақыры біздің жанымыздағы аудармашымыз Е.Ширгалин оларға бәрін есептеп берді. Калькулятордан өздеріне керекті сандар жарқ ете қалғанда әлгілер қуана бастарын шұлғысты. Бұдан кейін басқа жерлерде де осы «тәжірибені» жалғастырып көрдік. Америкалықтардың көбісі алу мен қосу амалдарын толық меңгермегендіктеріне көзіміз жетті. Сондай-ақ, олар Түркіменстанның, Қазақстанның, Ауғанстанның қай жақта екенін, бұл елдердің

бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар екенінен де мүлдем мәһрұм болып шықты. Сөйтсек, Америкадағы жалпы білім беру ісінде оқушылардың таным деңгейін кеңейтуге мүлдем көңіл бөлінбейтін көрінеді. Бала тәрбиесіне немқұрайды, өте демократиялық тұрғыда қарайды. Жасөспірімдерді жазалауға қатаң тыйым салынған. Ондайға жол бергендер ата-аналық құқығынан айырылады. Мұғалімдердің шәкірттерге қысым жасауға хақысы жоқ. Жоғары сыныптарға өту кезеңінде оқушылар мектеп бағдарламасын меңгере алмайды, үлгерім нашарлай түседі. Оның нәтижесі әлгіндегідей.

Алайда Американың жолдары тамаша. Қалада да, далада да тақтайдай көсіліп жатады. Түнде жол бетіндегі белгі-жолақтар мен бағаналар анадайдан шағылысып көзге ұрады. Жол жиегіне кедір-бұдырланып жасалынған арнайы материалдар төселінген. Ол жерге дөңгелегіңнің шеті сәл тиіп кетсе, бүкіл көлігін дүр сілкінеді. Бұдан кейін байқаусызда рөлде қалғып кету былай тұрсын, қазықтай қақиып отыруыңа тура келеді. Күндіз бұл жолдар арқылы бүйірлеріне неше түрлі суреттер салынған ауыр жүк машиналары қара түтіндерін будақтатып, ыңырана өтіп жатады.

Америкалықтар өз елінің Конституциясы мен заңдарын, жол ережелерін қатаң сақтайды. Полицейлерге саусағыңның ұшын тигізуге болмайды. Шенеуніктермен сәл байланыссаң, басың бәлеге қалдың дей бер. Егер бір нәрсеге көңілің толмаса, тек сот арқылы шешесің. Сондықтан, ешкім де көлігін қажетсіз жерде тоқтатып, көрінген жерге қаңтара салмайды. Қаланың ішіндегі жол жиектастары төрт түрлі түске боялған. Жасыл түс — ақылы автотұрақты білдіреді. Сары түс — дүкендер мен кеңселерге келушілердің көлігі үшін, көк түс — мүгедектер көлігі үшін бөлінген аумақ деген сөз. Қызыл түс — көлік қоюға болмайды дегенді білдіреді. Мұны сақтамағандарға 50 доллар айып салынады.

Өндірістегі енбек мәдениетінің маңызы өте ерекше. Денвер қаласының маңайындағы карьердің жұмысын көрдім. Ұнтақтас тиеген алып машинаның соңынан басқа бір арнайы жабдықталған техника еріп жүріп, ол бүлдіріп кеткен жол жиегін бірден тегістеп,

дереу сол жерге көшет отырғызып жатты. Тағы бір жерде ағаш өңдеу комбинатының жұмысымен жақын танысудың мүмкіндігі туды. Мұнда соңғы бұтақ пен қабыршаққа дейін пайдаға жаратылады. Қалдықсыз жұмыс істеудің керемет тәсілі осында.

Кирней қаласында аспалы жолдың төстабанын құйып жатқан жұмысшыларға көзім түсті. Машинаның қорабынынан жол үстіне азғантай қоймалжың төгіліп еді, бір жұмысшы оны насоспен сорып алып, жуып, құрғата қойды. Құрылыс маңы мұқият қоршалған.

Олар үйді жылдам, әрі әдемі етіп салады. Бірақ осал, қатты желге, су тасқынына төтеп бере алмайды. Денвер қаласындағы жекеменшік баспаналар тым салқын. Үйдегі жылу 12-16 градустан аспайды.

Ұлы Америка жазығындағы Коларадо, Небраска штаттарындағы табиғат біздің Іле бойындағы Бақанас құмдарын еске түсіреді. Коларадо штатындағы жолдың бойында түйе, лама, түйеқұс, жылқы шаруашылығымен айналысатын фермалар жетерлік. Небраскиде қызылала сиырлар көп өсіріледі. Мал азығы үшін дайындалған шөптер маяланып жиналған, жан-жағы мұқият қоршалған. Фермаларға кіре берісте 19-ғасырдағы ауыл шаруашылығы техникалары қаз-қатар тізіліп қойылыпты. Баяғыдағы жабайы батыстын белгісі ретінде сол кездегі лашықтар да әр жерде сақталыпты. Сусыған барханды ауыздықтау үшін автокөлік дөңгелектерін оның жолына қалқа етіп тізіп қойған.

Мың жылдар бойы бизондар мекен еткен жасыл алқап бүгінде құлан жортпас қу медиен. Анда-санда ағаштардың арасынан ақ құйрықты еліктер мен қоян, канот сияқты ұсақ аңдар ұшырасады. Құстардың неше түрлісі кездеседі. Жол бойындағы жасыл көлдер еріксіз көз тартады. Олардың маңайы тап-таза. Ағаштардың басына қолдан жасалған құс ұялары орнатылған. Оның маңайында адамдар отырып дем алатын арнайы орындықтар мен үстелдер қойылып, «күнқағар-саңырауқұлақтар» тұрғызылған. Маңайдың бәрі әдемі. Адам еңбегі мен табиғат сұлулығы тамаша жарасым тапқан. Ал қалалы жерлердің

бәрінде неше түрлі гүл шоғырлары алдыңнан шығады. Жасыл желектердің түбі кеберсімес үшін ағаш ұнтақтарын сеуіп тастапты. Қайда барсаң да мұнтаздай тазалыққа кезігесің.

Америкада аңшылықпен айналысатын 17 мың адам – савткерлер клубының мүшесі бар. Ал, Еуропада оның саны 14300 адамды құрайды. Сондай-ақ, саяткерлер Монғолияда, Қытайда, Үндістанда, Пакистанда, Африкада, Жапонияда, араб елдерінде де бар. ТМД көлемінде 2000-нан астам адам саяткерлікті кәсіп етеді. Жалпы Еуразия құрлығы саяткерлер отаны десе де болғандай. Соның бір мысалы, Түркіменстандағы саяткерлер клубы саяткерлікті өздерінің ұлттық дәстүрі ретінде мойындау жөнінде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріне арнайы өтініш жазғандығы. Америка мен Еуропада саяткерлікке арнайы жерде өсіріліп, будандастырылған құстар пайдаланылады.

Халықаралық саяткерлер қоғамы мен Американың ұлттық саяткерлер қоғамының жарғылық талаптарының ең бастысы – қыран құстарды құрып кетуден сақтау, оларды жасырын сатуға жол бермеу, құсбегілікті насихаттау, саяткерлікке тыйым салынатын кейбір мемлекеттерде бұл өнерді қайта заңдастыруға халықаралық қоғамдастық тарапынан ықпал ету, питомниктерде аңшы құстардың түрлерін өсіріп, көбейту, жоғарыда аталған қоғамдардың мүшелері мен оның жарғысын мойындайтындардың жыл сайынғы басқосуларын ұйымдастырып отыру болып табылады.

Осы жиынға Болгариядан келген өкіл Павел Якимов өз елінде саяткерлік өнерді заңдастыруға көмектесуді сұрады. Ресей мен Австриядан бұл жолы ешкім шақырылмапты. Себебі, бұл елдердің кейбір азаматтары аңшы құстарды жасырын жолмен сатқаны белгілі болып қалған.

Американың ұлттық саяткерлер ассоциациясы бұл жолы 24 мемлекеттен 100 делегатты мүшелікке қабылдады. Америкалықтар күн сайын сағат үште біздерді аңға алып шығып, қыран құстар мен жүйрік тазылардың өнерін тамашалатты. Аңшы-саяткер ретінде бір байқағаным, америкалықтардың құстары да ғажап, қансонарлары да ұтымды ұйымдастырылған. Бірақ,

аңшылары бұл өнерге жан-тәнімен, біз сияқты естері шыға берілмейді екен. Салқындау. Қаныңды қыздырмайды. Қалған жерінен кемшілік таба алмайсыз. Құстарға арналған орындар мен жабдықтарға, техникаларға қызығасың. Аңшылық жайында жазылған әдебиеттер мен көрнекті құралдар жетіп артылады. Ең бастысы, саяткерлік өнерді дамытуға деген құлшыныстары күшті.

Осы орайда биолог-аңшы ретінде мынаны айтқым келеді. Қолға қару ұстаған аңшылықпен салыстырғанда саяткерлік өнер табиғатқа онша зиянды емес. Құс салу арқылы аса көп аң аулай да алмайсың. Бұл өзі табиғатпен етене араласудың бір жолы, халықтық дәстүр және адамның рухани қажеттілігін қанағаттандыратын ерекше бір құбылыс дегім келеді. Сондықтан, оны ұлттық дәстүріміз ретінде елімізде дамытуға күш салу әрбір азаматтың борышы деп білемін. Америка сапарынан осындай ойлар түйіп қайттым. Айтпақшы, елдің ежелгі тұрғындары – үндістермен кездесе алмадым. Олардың мәдени орталықтарындағы қызметкерлер де орнындарынан табылмады. Тағы да сол экспонаттардан маған карап тұрған тайпа көсемдерінің бейнелерімен іштей ғана тілдесіп, рухтарына үнсіз тағзым еттім. Америкалықтар олар жөнінде келелі әңгіме қозғауды ұнатпайтынын байқадым. Бүгінгі 300 миллионнан астам америкалықтардың арасындағы бір миллионға жуық үндістер сорпаға салған тұздай еріп, жоғалған. Жылына бір рет ұйымдастырылатын ұлттық фестивальдарында ғана қылаң бергені болмаса, жай уақытта кездестіру мүмкін емес екен. Кезінде 50 миллионнан астам адамнан тұрған жергілікті халықтың, қайсар ұлттың қазіргі жағдайы осындай.

**«Президент және Халық» газеті,
18 қаңтар, 2008 жыл**

АҚБОЗ ҮЙДІҢ ЖАНЫНДА АҚ ХАЛАТТЫ АРУЛАР

Өткен аптаның соңғы күндері Алматы қаласының күнбатысында орналасқан №7 көп салалы клиникалық аурухананың ауласында көктем мерекесі – Наурыз тойы өткізілді. Ауа райының болжамына қарағанда 8 сәуір жауын-шашынды болады деп күтілген еді. Бірақ аспан шайдай ашылып, күн нұрын жерге аямай-ақ төгіп тұрды. Аулаға тігілген ақшаңқай киіз үйлердің маңдайшаларындағы «Абай ауылы», «Абылайхан ауылы», «Райымбек ауылы», «Шәмші ауылы» деген жазулар келушілерді анадайдан шақырғандай. Ұлттық нақыштармен өрнектеліп тігілген оннан астам киіз үйді аурухана бас дәрігері Иван Иванович Ли мырза өзі аралап көріп, дайындыққа көңілі толғаннан кейін қазақы дәстүрмен құрметті қонақтарын күтіп алу үшін алаңқай жолдың ортасына шықты. Ең бірінші болып, құдай қосқан көршісі, №1 аурухананың бас дәрігері Тілеуқабыл Жүсіпұлы Тоғандықов төбе көрсетті. Тау тұлғалы Тілекең талдырмаш денелі Иван досын кең қолтығының астына алып тұрып, оған әкелген шағын сыйлығын ұсынды. «Қазақ медицина тарихына қатысты деректер» деп аталатын үлкен, әшекейлі сыйлық кітапты Иван Иванович қуана парактап шықты.

Көп кешікпей Алматы денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары Тамара Жүсіпалиева ханым көрінді. Мерекеге арнайы шақырылған ресми адамдар мен өнер жұлдыздары түгел жиналғаннан кейін ауладағы шағын сахнадан құйқылжыта ән төгілді. Жиналғандар бір-бірімен сендей араласа билеп кетті. Ара-арасында құттықтау сөздер айтылды. Қалалық денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары Т.Жүсіпалиева бұл аурухананың өткен жылғы жетістіктері мен алдағы міндеттері жайында қысқаша айтып өтті. №7 аурухана өткен жылы қаладағы денсаулық сақтау мекемелерінің арасынан үздік шыққан екен.

Біразы ұлттық киім киіп, біразы күнделікті ақ халаттарымен жүрген дәрігерлер мен медбикелердің жүзіндегі қуаныш пен мақтаныш сезімінің сырын енді түсіне бастадық. Емделушілер мен ұжым мүшелері де бұл күні өз өнерлерін ортаға салды. Кейбір жүре алмайтын науқастар қол арбасымен келіпті.

Ауруханаға кіре берісте «Бізде бәрі тегін емделеді» деген жазуға көзіміз түскен еді. Иә, кейінгі нұсқа бойынша солай болуға тиісті. Бірақ, медицина саласында қызмет ететіндердің жалақысы әлі көтерілген жоқ. Соған қарамастан қарбаласты тірліктің қиындығын былай ысырып қойып, бір күн болса да көңіл көтеруге мүмкіндік тапқан ақ халатты абзал жандардың қуанышына ортақтасқанымызға біз де қуандық. Бір қызығы, той үстінде жаз мезгіліндей күлімдеген табиғат той тарқар сәтте аяқ астынан бұзылды да, дауыл соғып, ақ жаңбырдың соңы қарға ұласты.

«Президент және Халық» газеті,
14 сәуір, 2006 жыл

БІЗДІҢ ДӘРІГЕР-МЕХАНИЗАТОР

Төкең түнгі сменадан оралғанда бөлмедегі жігіттердің бәрі шырт ұйқының құшағында жатқан. Күні бойғы қырмандағы жұмыс көбісін қажытып тастаған сияқты. Тас қараңғы бөлменің жарығын жақтастан алдымен өз төсегін тауып алды. Шаршағанын енді ғана сезінгендей. Бірақ, біразға дейін ұйықтай алмай арлы-берлі дөңбекши берді. Жаңа, жұмыс аяқталардың алдында екі бидай тазалағыш машина жұмыстан шығып қалған. Қай жері бұзылғанын анықтап үлгермеді. «Қырманның нағыз қызған кезінде қырсық шалғанын қарашы» деп ойлады іштей.

Ертең ертемен тұрып, бірінші сменадағы слесарьға көмектеспесе болмайды. Ол жалғыз өзі жөндеймін дегенше, қаншама машина қаңтарылып, босқа тұрып қалуы мүмкін. Аудан орталығындағы элеваторға жіберілетін астықты тоқтату дәл қазіргі кезде қылмыспен тең. Терезеден түскен айдың әлсіз сәулесіне қол сағатын тосып қарап еді, түн ортасынан ауып кетіпті. Енді қалайда екі-үш сағаттай көз шырымын алуы керек. Онсыз ертең жұмыс өнбейтіні анық.

Ол енді тәтті ұйқының құшағына ене бергені сол еді, бұлар жатқан бөлменің терезесін біреу дүрсілдете қағып-қағып жіберді. Келген – жергілікті аурухананың медсестрасы Мәрзия Бекмұхамедова еді.

Оның сөзінен Төкеңнің бар ұққаны – біреу қатты қансырап, хал үстінде жатқан көрінеді. Дерев көмек көрсету керек. Жергілікті дәрігер бүгін ауылда жоқ. Әлдеқандай бір жұмыстарымен аудан орталығына кеткен ол әлі оралмапты. Төкең жылдам киініп, ауруханаға жеткенде қолының сыртынан қара қошқыл қан шапшыған жас қыз мүлдем әлсіреп қалыпты. Жай кезде де сабырлы да салмақты көрінетін медсестра қыз түн ішінде бекерден-бекер дегбірісіденбепті.

Мұндайда әрбір қас-қағым сәтті бос жіберуге болмайтынын түсіне қойған тәжірибелі дәрігер жылдам іске кірісті. Кезекші

медсестра Қарлыға Әжібаева қажетті заттарды дайындап, зыр жүгіріп жүр. Түнгі операция ұзаққа созылды. Жарақат өте ауыр. Қолдың сыртынан кірген өткір әйнектің сынығы екі тамырды қатар қиып өтіпті. Бұлар қиылған тамырдың ұшын таба алмай көпке дейін әуреге түсті.

Өрең дегенде біреуін тапты-ау. Оны тіккенше екінші тамырдан сыздықтаған қан аурудың жағдайын сәт сайын қиындатып барады. Терінің астына «жасырынып» қалған екінші тамыр жуық арада табылар емес. Жараның әр жерін бір шұқылап, адам жанын орынсыз қинағаннан енді пайда жоқ екенін түсінген Төкең төтенше бір әдіске көшуге бел буды.

Жарақаттанған қолдың білек тұсындағы байлауды шеше бастағанда Мәрзия мен Қарлыға бір-біріне сұраулы жүзбен қарады. Енді қалған қанды жіберіп алса, мына қыздың тағдырына не болмақ?

Төкеңнің ойынша, лықсып тұрған қан қайта шапшығанда «жасырынып» жатқан тамырдың ұшы бір бой көрсетіп қалуға тиісті. Міне, осы сәтте ұстап үлгермесең, бітті деген сөз. Абырой болғанда бәрі сәтті аяқталды. Қанды тоқтатып, үзілген тамырдың ұшын байлағаннан кейін, ендігі жұмысты екі медсестраға тапсырып, ол далаға қарай беттеді. Таң алдындағы салқын самалға кеудесін тосып, далада біраз жүрді.

Сәлден соң шығыс жақ құланиектеніп келе жатты. «Жатақхананың қапырық бөлмесіне барып тығылғанша, бүгін бір ауыл таңын оңашада қарсы алып көрейінші» деп ойлаған ол аяндап өзен жағасына келді. Асықпай жуынды. Сосын шоқ тоғайдың арасындағы көк майсаға шалқалай жатып, ой құшағына берілді.

Өткен-кеткен, балалық шақ, бәрі-бәрі бір сәт көз алдынан тізбектеліп өте шыққандай болды. Алдымен, дәл осындай өзеннің жанында жар жағалап жүрген алаңсыз бала кезі есіне түсті. Дәрігер болуды жас шағымнан армандап едім деп айта алмайды.

Бұдан он бес жыл бұрын бұл кәдімгі милиция капитаны болатын. Ол қызметтің соңы сәтсіздеу аяқталды. Әділдіктің түбіне жетемін деп жүріп құрдымға кете жаздағаны да бар. Шіркін,

жастық-ай, бүгін ойлап қараса, соның бәрі баланың ісі сияқты көрінеді. Е, бәрі өтіп кетті, өкінгенмен не пайда?!

Ол кезде қулық-сұмдық дегеннің тамыры тереңде жатыпты ғой, кім білген. Бүгін, міне елуді алқымдап қалған кезде тоқырау заманының құпия-қалтарысын түсіне бастапты. Әйтеуір, уақытты бос жібермегеніне қуанады. Жасы ұлғайғанына қарамастан Қарағандының мединститутына түсіп, оны да бітіріп алды. Жұбайы Жұмаштың да жаны сірі екен. Бұл жеті жыл студент болып, стипендиямен ғана күн көріп жүргенде шиеттей екі баланы қалай тәрбиелеп өсіргеніне таң қалады.

Бар қиындық бір күнгідей болмай өте шығыпты. Қазір жағдайлары жаман емес. Өзі Арқалық қалалық ауруханасының білікті мамандарының бірі. Балалар да жақсы ер жетті. Кейбіреулер: «Дәрігер басымен кір қожалақ болып, мына жүрісің не?» деуі де мүмкін-ау. Десе дей берсін. Жұмыс қолға жұғып қалмайды. Денсаулықтың арқасында өстіп біраз еңбек еткеннің өзі қызық. Төкеңнің егін орағына келгені бірінші рет емес.

Торғай даласында астық науқанын талай рет абыроймен аяқтап қайтқан. «Біздің Тілеубай Жұмабаев – төселген комбайнер!» дейді де, өздері осында қоя береді. «Жоқ, талай рет бардым ғой, енді жетер» десе, әрине, ешкім бұны зорламас еді. Кейінгі кезде біреудің бетіне қарсы келуді мүлдем ұмытқан Төкең үн-түнсіз келісе салады.

Мұнда да «Тасты» совхозында егін шығымы жаман емес. Қамбаға келіп құйылып жатқан тау-тау сары бидай қазір осы Төкеңнің қолынан өтеді. Өйткені бидай тазалағыш машинаның бірден бір маманы да өзі. Біреуі тоқтап қалса, жұрттың бәрі табан астында Тілеубай Жұмабаевты іздейді. Қазір Төкеңді «Тасты» совхозында білмейтін адам жоқ. Жұмыстан қолы босай қалса, бөлімшелік ауруханаға қарай жүгіреді. Жергілікті дәрігерлерге ақыл-кеңесін айтып, көмек көрсетуден жалықпайды.

Қазір совхозда сырттан келгендерді қоса есептегенде мыңнан астам адам бар екен. Екі дәрігер мен үш медсестра қай жа-

ғына үлгерсін. Еріксіз Төкенді шақыртады. Күндіз бе, түн бе ол үшін бәрібір, тек адамдардың бір қажетіне жарап жатса болды.

Міне, қазір де ол екі сағаттай көз шырымын алған соң, қолына кілтін алып, қырманға қарай асыға басып кетіп бара жатады. Құрдастары оны «Біздің дәрігер-механизатор» деп қалжыңдайды. Айтса айтқандай-ақ.

**«Лениншіл жас» газеті,
14 қыркүйек, 1988 жыл**

ЖҮРЕГІМНІҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!

Бұдан он шақты жыл бұрын кіші қызым мектепке барды. Біраз күннен кейін мектептен үйге домбыра көтеріп келді. Балаларға арналған шағын домбыраның қоңырқай үні жұмсақ шығады екен. «Осы домбыраны ата-аналарың сатып алсын, – деп ағайымыз беріп жіберді» деді. Сатып алдық. Қызымыз онсыз да ауыр сөмкесімен қоса күнде мектепке домбыра көтеріп баратын болды. Домбыра көтерген басқа балалар да мектеп маңайында көзіме түседі. Естуімше, осы Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 көп салалы мектепте ән-күй сабағының орнына домбыра сабағы өтетін көрінеді. Біздің кезімізде мектепте домбыра үйірмесі жұмыс істейтін. Оған тек музыкаға қабілетті балалар ғана тандалып алынатын. «Мынау әсіре дәстүршілік пе?» деп ойладым. Арада үш-төрт жыл өткенде қызымыз кәдімгідей күй тартып, халық әндерін домбыраның нақышына келтіріп айта бастады.

«Біздің мектебімізде енді «Мұрагер» атты ән-күй бағдарламасы енгізіле бастапты» дегенді естіген соң, осы пәннің мұғалімі Рахатдин Оралбайұлымен арнайы жолығып, әңгімелестім.

– «Мұрагер» бағдарламасы белгілі азамат Абдулхамит Райымбергеновтың бастамасымен елімізде жүзеге асып жатқан игі істердің бірі. Бағдарлама жиырма жылдай тәжірибеден өтіп келеді. Алматы қаласындағы «Көкіл» мектебінен басталып, біздің мектепте жалғасын тапқан бұл оқу әдістемесі республикамыздың барлық мектептеріне тарауда. 10 жыл бойы «Мұрагер» бағдарламасы бойынша тәрбиеленген тұңғыш түлектеріміздің өнерін тамашалауға өзіңізді арнайы шақырамын, – деген соң, оны да барып көрдім. Домбыраның шанағына саусағын жеткізе алмай тырбаңған 1-сынып пен кәсіпқой домбырашы болып

қалыптасып қалған 11-сынып оқушыларының өнерін көріп, көпшілік тәнті болды.

– Кеңес дәуірінде мектептердегі балаларға хормен ән айту ғана үйретілетін. Бұл шын мәнінде өзге ұлттың діліне негізделген музыка сабағы еді. Қайта құру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да, «Мұрагер» ұлттық бағдарламасын қолға алдық. Мұнда балалар тек домбыра үйренумен ғана шектелмейді, сонымен бірге ою-өрнектің ұлттық технологиясын меңгереді, халық поэзиясының негіздерін, салт-дәстүрлерін үйренеді. Бағдарлама халықтық-педогогикалық әдістеріне негізделген, – дейді Рахат ағай.

Оның айтуына қарағанда, 1-сыныптағы сабақтар қазақтың аңыз-күйлерін тыңдаудан басталады. Күйлердің шығуына байланысты алдымен аңыздар ертегі сияқты баяндалып, одан кейін күйдің өзі орындалады. Домбыра бірде аттың шабысын, аққудың сыңқылын, құланның дүбірін бейнелейді. Дыбысқа еліктеген балалар қысқа күйлерді естерінде жылдам сақтап қалады. Ал ою-өрнек салып үйрену – баланың қиялын шарықтатып, көркемдік ой жүйесін қалыптыстырады екен. Бұдан кейін балалар музыкалық шығармаларды ұжымдық түрде орындауға үйренеді. Ансамбльде бірін-бірі тыңдай білу, сахна мәдениетін меңгеру, өз ойларынан өлең құрастыру, аңыз-күйлер негізінде сурет салу т.б. өнер әлемінің қыр-сырын меңгереді.

Бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді жаулап алған компьютерлік ойындар мен басқа да қатыгездік көріністерге қарсы тұратын бірден-бір күш осы – «Мұрагер» бағдарламасы екенін № 123 мектептің директоры Бақытбек Арпабеков былай дәлелдейді:

– Бұл бағдарламаның басты мақсаты – ұрпағымыздың өз ана тілін, ділін, дәстүрін өнерін бойына терең сіңіруіне жол ашу болып табылады. Дегенмен бағдарламаны мектепке енгізудің өзі оңайға түспеді. Көптеген ата-ана «Тұқымымызда ән айтып, домбыра тартқан адам жоқ. Оны үйренбесең де болады...» деген сияқты сөздер айтты. Тек мұғалімдердің жалықпай түсіндіруі арқасында ғана ісіміз оңға басты. Қазір осы бағдарлама

бойынша білім алып жатқан оқушылардың басқа оқушылардан ерекшеленіп тұратынын, олар мектептегі оқушылардың алдыңғы қатарында болатынын байқадық...

Мектептің психолог маманы Гүлмира Момбиева бұл жөнінде былай дейді:

– Осыдан біраз бұрын «Мұрагер» бағдарламасымен жұмыс істеп жүрген Рахатдин ағай осы балаларды психологиялық зерттеуден өткізіп беруімді өтінді. 5 және 7 сыныптарындағы балаларды бір-бірімен салыстыра зерттегенде бұл оқушылардың қабілеттерінің едәуір жоғары екеніне көзім жетті. Өйткені, олар бір сабақтың өзінде күйдің тарихымен танысады, күйшінің өмірбаянын біледі, күйді үйреніп, сурет салумен, ою оюмен айналысады. Бұл – баланың зейінін шыңдап, есте сақтау қабілеттерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ, ақыл-ой дамуын зерттеуге арналған психологиялық тест жұмыстарының бірнеше түрін жүргізгенде де жақсы нәтиже көрсетті. Ендеше «Мұрагер» бағдарламасы оқушыларға ұлттық тәрбие берумен бірге психикаларының дамуына да жақсы әсерін тигізеді деп ойлаймын...

Осы мектептің физика және астрономия пәндерінің мұғалімі Нұрипа Бекалайдың бұл жөніндегі пікірі мынандай:

– Қызым Әйгерім осы бағдарламаға ауысқалы бір жыл ішінде домбырамен сүйемелдеп 4 ән, 3 терме айтатын болды және 2-3 күйді нақышына келтіріп тартады. Ән-күйді бұрынғы бағдарлама бойынша оқыған 11-сыныптағы үлкен қызымның есінде ештеңе қалмаған. Меніңше, еліміздегі барлық мектептерде ән-күй сабағын осы «Мұрагер» бағдарламасы бойынша жүргізіп, оған аптасына 2-3 сағат бөлсе, оқушылардың рухани дамуы, тәлім-тәрбиесі мүлдем басқа бағытта дамитыны сөзсіз...

Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік Консерваториясының аға-оқытушысы Айжан Бердібай:

– Елдің болашақтағы идеологиялық мүдделері тұрғысында жасалған «Мұрагер» бағдарламасымен қазір санаулы азаматтар ғана айналысып жүр. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – балаларға тек музыкалық шығармалар орындату ғана емес,

сондай-ақ, ою ойғызу арқылы дәстүрлі философиядағы жақсы мен жаман, қымбат пен арзан, өмір мен өлім сияқты мәселелерді ұғындыру, киіз үйдің құрылысын, оның ішіндегі дүние-мүлікті білдіру арқылы халықтың дәстүрлі логикалық ойлау жүйесімен таныстыру болып табылады. Сабақ барысында жүргізген осындай түрлі әдістер бір жағынан баланың «ел мәдениетін жасаушылардың бірі – менмін» деген сенімін арттырады.

Белгілі әнші Бекболат Тілеухан бұл жөніндегі өз ойын былай білдірді:

– «Мұрагер» секілді ұлттық бағдарлама елдегі барлық білім ошақтарында жаппай оқытылатын тұтас жүйеге айналса ғана ахуал өзгереді. Бағдарламаны мұндай деңгейге жеткізуге, ресми түрде солай бекіттіруге талпыну керек.

Бұдан шығатын қорытынды – №123 қазақ орта мектебінде қолға алынып жатқан бұл шаралар бүкіл елге жайылып, «Мұрагер» бағдарламасының жалпыұлттық бағдарлама болуға әбден хақысы бар...

Осыдан бірер жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруымен мәдени, тарихи мұраны сақтау, руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бірқатар жобалардың басын қосатын «Мәдени мұра» арнаулы орта мерзімді бағдарлама дүниеге келгені белгілі.

Ал «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында білімі мен білігі жағынан шетелдердегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, бойында ұлттық ділі сақталған, отаншыл кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттілігі, тек осындай ұрпақ қана еліміз мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласартпай, жаһандану деп аталатын алпауыттың теріс ықпалын бойына дарытпай, әлемдік даму көшіне ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу қасиетті борыш екенін баса көрсетілген болатын.

Ендеше киелі қара домбырамыздың үні жүрегіміздің лүпілімен үндескенде ғана бұл қасиетті борыш жүзеге асатынын әрбір қазақ түсінетін кез келген сияқты.

«Қазақстан-Заман» газеті,

17 маусым, 2005 жыл

ӨНЕРДІҢ ӘЛЕМДІК ЧЕМПИОНАТЫ

«Чемпионат» деген сөз әдетте спорт жарыстарына байланысты айтылады. Енді міне, өнер саласына байланысты да осы сөз қолданылатын болыпты. Жуырда Алматыдағы баспасөз маслихаты әр жыл сайын Голливудта болатын «Орындау шеберлігі өнері жөніндегі әлем» чемпионатына байланысты өткізілді. Бұрындар бұл чемпионат Американың өз ішінде ғана ұйымдастырылып келген. Кейінгі жылдары әлем өнерпаздарына өз есігін айқара ашты. Ондағы мақсат – жыл сайын жер жүзінің ең талантты бишілері мен вокалистерін, олардың әр түрлі аспаптарда ойнау шеберлігін анықтау болып табылады. Конкурста жеңімпаз атанғандарға өнер саласындағы оқу орындарында білім алуға қаржылай көмек беріледі. Фестивальдің финалы әлемдік телевизия каналдарында көрсетіледі. Бұл мәдени шараға әлемнің отызға жуық мемлекеттерінен шығармашылық топтар мен орындаушылар қатысады. Бұрынғы кеңес үкіметі мемлекеттерінің ішінен – Ресей, Қазақстан, Латвия, Армения республикалары бар. Сондай-ақ, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Қытай Халық Республикасының шығармашылық топтары «Орындау шеберлігі өнері жөніндегі әлем фестивалі» деген ұйым арқылы бұл өнер сайысына дербес қатыса алады. Ол ұйымға Қазақстандағы Халықаралық мәдени орталықтың бас директоры Садық Омаров басшылық жасайды. Биылғы жылдың 18 мамырына дейін көп ұлтты Қазақстанның түкпір-түкпірінде би, вокал, комедия, аспапты ойнау шеберлігі, оркестрмен орындау, варьете, актерлік шеберлік, модельдік өнер түрлері бойынша іріктеу өткізілмекші. Оған бес жас пен отыз жас аралығындағы жеке орындаушылар мен шығармашылық топтар (кәсіби және кәсіби емес) қатыса алады.

Өткен жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та болған қайғылы оқиғаға байланысты, Қазақстан Республикасының құрама командасы бұл шараға толық құрамда қатыса алмады.

Өйтседе, еліміздің атынан «Ұлытау» тобы барып, Гран-При жүлдесін жеңіп алды. Бұл, әрине, біздің орындаушылардың кәсіби шеберлігі өте жоғары екендігінің айғағы. Үстіміздегі жылдың 5-13 қазанында өтетін осы әлемдік байқауға Қазақстан халықтары Ассамблеясы жанындағы Халықаралық мәдени орталық еліміздің құрама командасын жасақтауға кірісті және арнайы комиссия құрды. Конкурсқа қатысуға асығыңыздар.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
26 ақпан, 2002 жыл**

ТАҒДЫРЛАРЫН ТАЛАНТЫМЕН НҰРЛАНДЫРҒАН

Ғалия мен Балқия бүгінде әлем жұртшылығының назарында

Республикамыздағы орыс тілді басылымдардың көбісі олар жайында жазған, жазып та жатыр. Неге екенін қайдам, осы уақытқа дейін бұл жөнінде қазақ газеттері бір ауыз сөз айтпапты. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында мен егіз қыздың анасы Раушан Бейсеноваға өз үйінде жолықтым. Ол кісі алдымен бұдан отыз жыл бұрын бастарынан кешкен ауыр күндерден қысқаша ақпар беріп өтті.

Күтпеген кесел

Бір жастан аса бергенде қос бүлдіршінге суық тиіп, ауруханаға түседі. Суыққа қарсы қолданылатын дәрілерді мөлшерден тыс егіп жібергендіктен, сәбилердің құлағы мүлдем естімей қалған. Осынау күтпеген қиындықтан құтылу үшін ата-ананың бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Өкінішке орай, бәрі нәтижесіз аяқталған.

Ендігі мақсат— тұңғыш сәбилерін ешкімнен кем қылмай өсіру ғана. Осы жолда жастық ғұмырын сарп еткен Раушан ананың көзінде бүгін қуаныш нұры мен мақтаныш сезімі шалқып тұрғандай. Мұндай жағдайды бұрын ешкім еш жерде көрмеген де, естімеген де шығар деп ойламаймын. Ендеше бәрін басынан бастайық.

Алғашқы айтқандары – «Папа! Папа!»

Сөйлеу – есту қабілетіне тікелей байланысты екені белгілі. Есейе келе ата-анасы қыздармен ымдап сөйлесуге көшті. Алайда Раушан апайды бұл қанағаттандырмады. Тіл шығатын жасқа келген сәбилерді қалайда сөйлету керек. Қалайша?

Мәскеудегі дәрігерлердің көрсеткен әртүрлі әдістері мен ақыл-кеңестері есінде. Солардың біреуін қолданып көрді. Ала-

қанына кішкене мақтаны қойды да «пү» деп үрлеп қап еді, ол қалықтап барып жерге түсті. Бұған қызықтап қарап отырған сәбидің де алақандарына бір-бір үзім мақта салды. Енді үшеуі бір мезгілде үрлеп мақтаны қайта-қайта қалықтатып ойнады. Сөйтіп, қыздар «п» деген дыбысты қатты айта алатындай жағдайға жетті. Сосын анасы «п» әрпін қағазға жазды. Мақтаны жылдам, әрі қатты үрлеп қалғанда дыбыс осылай белгіленетінін түсіндірді. Енді Ғалия мен Балқия «п» әрпін өздері жаза отырып, ол дыбысты анық айта алатын болды. Дәл осындай әдіспен «а» әрпін үйренуге кірісті. Көп кешікпей екі әріпті қосып айтуға дағдыланды: «па-па»... «па-па»...Қатты қуанған анасы дереу әкесінің суретін алып, қыздардың алдына қойды. Суретті көрсетіп тұрып барлығы бірдей «па-па»-лап қайталай берді, қайталай берді.

Кешке жақын жұмыстан қайтқан әкелері ойында ештеңе жоқ, есіктен кіріп келе жатты. Қос бүлдіршіні «Папа!Папа!» деп жүгіріп кеп өзін құшақтай алған кездегі ол кісінің көңіл күйін сөзбен жеткізу мүмкін емес, әрине.

Үміт оты жанғанда

Осындай әдіспен сөздік қорымызды молайта бердік, бірте-бірте бүкіл дыбыстарды айта және жаза алатындай жағдайға жеттік,— дейді Раушан Үсіпбайқызы қыздарының балалық шақтарын еске алып.

— Балабақшаға баратын кез келді. Кәдімгі балабақшаларға алғысы келмеді. Арнайы балабақшаға беруге өзім көнбедім. Тәрбиешілерге қиын болса да кәдімгі балабақшаға орналастырдым. Төрт жасқа келгенде қыздарым кітап оқып, сөйлеген сөзді ерін қимылынан түсінетін дәрежеге жетті. Саусақпен ымдасуға тыйым салдым. Мектепке баратын кез келді. Қаланың бір шетіндегі интернатқа орналастырдық. Кешкісін онда түнетпей, үйге әкеліп жүрдік. Өйткені, қосымша дайындық қажет еді. Бесінші сыныпқа келгенде сурет салумен айналыстырдық. Жетінші сыныпта сурет мектебіне бердік. Алайда екі мектепті

қатар алып жүруді уақыт көтермейтіндіктен сурет мектебін қоя тұрып, үйге дайындауға тәжірбиелі сурет мұғалімін жалдадық. Көп кешікпей Ғалия мен Ботаны (Балқияны еркелетіп осылай атап кеткен-С.Ж.) алғашқы суреттері «Пионер» «Дружные ребята» газеттерінде жарық көрді,— деп Раушан апай бір топ газет қиындылары мен құжаттарды алдыма қойды.

Қоршаған ортаның тылсым сырларын ашып, оны қылқалам тілімен сөйлетуге тырысқан Ғалия мен Ботаның газеттегі тырнақалды туындылары кез келген адамның назарын еріксіз өзіне аударады екен. Құжаттармен де таныстым.

Мектепті үздік бітіргеннен кейін егіз қыз Ленинградтағы арнайы көркем-сурет училищесіне түсіпті. Сол кезден бастап-ақ ірі-ірі сурет көрмелеріне қатыса бастаған.

1994 жылы көркемсурет училищесін бітіргеннен кейін егіз қыз Қазақтың мемлекеттік көркемсурет Академиясына оқуға түседі. Оқи жүріп Қазақстандағы естімейтін суретшілер Ассоциациясы орталығының студиясында екеуі де мұғалімдік қызмет атқарады. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының жастар бірлестігіне мүшелікке өтеді. 1999 жылы көркемсурет Академиясын бітіргеннен кейін ГаБо-ның (Ғалия (орысша) мен Ботаның аттары қысқартылып, осындай псевдонимге айналған) шығармашылық жұмыстары әлемге таныла бастаған. Қазір олардың қолынан шыққан қылқалам туындылары Ресейдің, Қырғыстанның, Қазақстанның, Францияның, Кипрдің музейлері мен жеке көрмелерінде туған елдің тыныс-тіршілігі мен салт-дәстүрін паш етіп, бүгінгі жетістіктеріміз бен өткендегі өмір жолдарымыздан хабар беріп тұр.

Егіздерді Рим Папасы қабылдады

Менің қолымда ГаБо-ның қай жылдары қандай көрмелерге қатысып, қандай жүлделерге ие болғандығын айғақтайтын ресми тізім бар. Мұның біразын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім. Өйткені мұндай шығармашылық жарыстарға жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шыққандардың туындылары ғана ұсынылатынын екінің бірі біле бермеуі мүмкін.

1991 жыл қазан – КСРО Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің қола медалі. Мәскеу.

1993 ж. қараша – АҚШ-Ресей, естімейтін суретшілер шығармаларының көрмесі. Рочестр, АҚШ.

1996 ж сәуір – Жас суретшілердің халықаралық жігер фестивалі. Қастеев атындағы бейнелеу өнерінің мұражайы. Алматы

1997 ж. мамыр – «Жігер» ЖСХФ

1998 ж. сәуір – «Жігер» ЖСХФ

1998 ж. қазан – «Әйелдер шығармашылығы туралы» Халықаралық әйелдер көрмесі. Нью-Йорк. АҚШ.

1998 ж. қараша Жастар шығармашылығының «Шабыт» фестивалі. Астана. (ГаБо лауреат 2 орын).

1998 ж. желтоқсан – Астананың бір жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылған «Менің Отаным – Қазақстан» атты республикалық көрме.

1999 ж. Наурыз – ГаБо-ның алғашқы жеке шығармашылық көрмесі. Алматы.

ГаБо 1999 жылдың өзінде әлемнің әр елінде ұйымдастырылған ірі-ірі көрмелерге алты рет қатысып, жүлделі оралыпты. Ал 2000 жылы бес рет осындай ірі жарыстарға қатысып қайтқан. Алматыда өткен Халықаралық «Мастер класс» атты суретшілер көрмесінде ГаБо лауреат атанды. Соңғы қатысқан көрме былтырғы жылы «естімейтін суретшілердің халықаралық көрмесі» деген атпен Италияның Рим қаласында ұйымдастырылды. Бұл көрмеге ГаБо-ны Рим Папасы Павел II өзі арнайы шақырған. Сол себепті, Ватикан Павел II біздің егіз қызды қошеметтеп қабылдады. Италияндықтарға ГаБо-ның суреттері қатты ұнағаны соншалық, барлық суреттерін жоғары бағаға сатып алыпты.

Ескерте кететін бір жайт – Қазақстанда есімі елге танымал болған естімейтін суретшілердің саны ГаБо-мен қосқанда үшеу. Үшіншісі Алексей Уткин. Бұл үшеуінің ерекшелігі – еститін суретшілермен қатар жарысқа түскенде олардың арасынан үздік шығатындығы. Сондықтан да ГаБо-ға 1999 жылы өнер саласы бойынша Президент стипендиясы тағайындалған болатын.

ГаБо

Көп қабаттағы үйдегі үш бөлмелі шағын пәтердің бір бөлмесі ГаБо-ның шеберханасы. Мұнда шиден тоқылған суреттер, кескіндеме, керамикадан жасалған бұйымдар, әртүрлі мүсіндер жеткілікті. Жаңадан жасалынып жатқандары да баршылық.

Ғалия мен Бота маған әрқайсысының мазмұнын түсіндіреді. Бұл өнердің білгірі болмасам да ара-арасында әр нәрсені сұрап қоямын. Олар менің не айтқанымды ерінімнің қимылынан аңдап біледі. Сосын дереу жауап қайырады. Кейде сөздерімді түсінбей, аңырып қалған кездері де болды. Сөйтсем ерін қимылдарын анықтауда менің мұртым бөгет жасаған көрінеді. Қысқасы мұртты адамдармен сөйлесу ГаБо-ға қиындық тигізеді. Соған қарамастан біздер біршама әңгімелестік. Түрлері бір-бірінен айнымайтын егіз қызды кейде шатастырып алып отырдым. Олар бұған мәз болып, күле жауап қайтарады.

Ананың арманы

Біздің қоғамда естімейтін адамдар үшін айтарлықтай жағдай жасалмаған. Ал олардың арасында жоғарғы білім алғандары саусақпен санарлықтай ғана. Көбісі ұсақ-түйек қол жұмысымен айналысады,- дейді Раушан апай.

— Маған жер-жерден хабарласып тұрады. Ғалия мен Ботаны ешкімнен кем қылмай, қатарының алды етіп тәрбиелегеніме таңданады, ақыл-кеңес сұрайды. Білгенімді бөлісуге тырысымын. Сосын ойлаймын, егер мемлекет қолға алса, әртүрлі себептермен естімей қалған адамдарды өзгелермен бірдей етіп тәрбиелеуге мүмкіндік бар ғой. Мүгедектерді жұмыспен қамту туралы неге арнайы заң шығармасқа? Парламентте мүгедектер қоғамынан неге депутат жоқ? Сонда мемлекеттік деңгейде олардың мүддесін кім қорғайды? Мәселен, Ғалия мен Балқия және Алексей Уткин үшеуі Бейнелеу өнеріне үйрету орталығында естімейтін балаларға сабақ беріп жүр. Себебі, республикамыздағы жоғарғы білімді мамандар әзірге осылар ғана. Мұнда таланттары ашылып келе жатқан жастар да аз емес сияқты.

Өкініштісі сол, бұлардың бәрі орыс тілінде сабақ оқиды. Естімейтін қазақ балаларын қазақша оқытатын мектеп ашатын кез баяғыда келген. Олардың қазіргі жалдап отыратын ғимараттары үшін ақы төлеудің өзі кейде қиынға соғады. Ал мүгедектер үшін жеңілдіктер алынып тасталған. Болашақта олар қалай күн көрмек?— деп сөзін аяқтады.

Шара қажет!

Химия ғылымдарының кандидаты Раушан Бейсенованың бұл сөздері жоғарғы жақтағылардың құлағына шалынып, еліміздегі мүгедектер өміріне сәл де болса өзгеріс енсе, еңбегіміздің еш кетпегені де. Лайым, солай болғай!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
28 ақпан, 2001 жыл**

ТЫЛСЫМ СЫРЫ КӨП ТАЙ ЕЛІ

Тайландтың астанасы Бангкок қаласына түн ортасында келіп жеткенбіз. Құжаттарымызды әртүрлі тексеруден өткізгеннен кейін біздерді автобусқа отырғызды да, бұл арадан 147 шақырым жерде орналасқан Паттай қаласына қарай ала жөнелді.

Бангкокта өтіп жатқан ХІІІ қысқы азиялық спорт ойындарына біздерді журналист ретінде қатыстыруды ұйымдастырған Алматыдағы «Трансатлантик групп ЛТД» консорциумының жол бастаушысы Ольга Альбертовна ханым әзірге біздер үшін бейтаныс ел жайында ақпараттар бере бастаған.

Тайланд Корольдік мемлекеті Оңтүстік-Шығыс Азияда, яғни Қытай мен Үндістанның ортасында тұр. Тайланд елі ежелгі кезде Сиям деп аталған. Халқының саны 60 миллион. Жер аумағы өте шағын – 110 мың шаршы шақырымды ғана құрайды. Халқының тығыз орналасқаны соншалық, Бангкоктан шыққалы бері ұлтарактай бос жатқан жер кездеспеді. Қаланың шетіне де шығып болмадық. Сөйтсек, Бангкоктан басталған жол жиегіндегі бірнеше қабатты үйлер 147 шақырым жердегі Паттайға дейін ұласып кете береді екен. Тек жол-жөнекей елді мекендердің аттары өзгеріп отарғаны болмаса, бәрі сол Бангкок қаласының құрамына кіріп жатқандай әсер етеді. Келесі күндері Паттай қаласының арғы жағындағы ауыл-селоларды аралағанымызда да осындай әсерде болдық. Енді Паттай қаласы сол маңайдағы елді мекендерді тұтастай өз бауырына басып жатқандай әсер етті.

Тарихы тым тереңде

Елдің солтүстік-шығысындағы Банг Шиянг деген деревняда жүргізілген археологиялық қазба деректеріне жүгінсек, бұдан

бес жарым мың жыл бұрын бұл ел өркениетті Мыс ғасырын бастан өткеріпті. Одан кейінгі ғасырларда Оңтүстік Қытай жақтан ағылып келген кхмер, мон, тай тайпалары бұл жерді өздерінше игере берген.

1782 жылы тай елінің алғашқы королі мемлекет басына отырыпты. Оның ұрпағы күні бүгінге дейін мұрагерлік дәстүр бойынша билікті өз қолында ұстауда. Бүгінгі Тайландтың мемлекеттік құрылымы конституциялық-монархияға негізделген. Аса мәртебелі қазіргі король өзінің билігін атқарушы орган – министрлер кабинетімен заң шығарушы орган – ұлттық ассамблея және сот өкілеттігі арқылы жүзеге асырады.

Жер бетіндегі жұмақ

Халқының 90 проценті будда дініне сыйынады. Мемлекеттік тіл – тай тілі. Соған қарамастан ресми орындардың бәрінде ағылшын тілі қолданылады. Бұл жақтың ауа райы тропикалық климатқа жататындықтан аймақта қыс болмайды. Наурыз бен мамыр айларының аяғында мұнда өте ыстық. Маусым мен қазан айының аралығында үздіксіз жауын жауады. Ең қолайлы уақыт – қараша мен ақпан айлары. Біздің сапарымыз дәл осы кезге дөп келіпті.

Паттайға келе салысымен ертеңінде алғашқы саяхатымыз Тай бұғазының ортасындағы әсем аралды тамашалаудан басалды. Паттайға әр жыл сайын 1 миллионға жуық дем алушылар келсе, олардың бірі де бұл аралға соқпай кетпейді. Себебі, мұнда адам жанын елітіп, бұған дейін тек қиялында ғана көрініс беріп келген жайттардың бәрін жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Аққұм, алтын жағалауда жатып алып, тай қыздарына арқасын уқалатып қойған (тай массажын қабылдаған) Әбекең атты азаматтың «жаңа қазақтың» жанға жайлы әңгімесін тыңдаудың өзі бір қызық. Бұдан басқа да ғажайыптар жеткілікті. Балық аулайсыз ба, жоқ әлде сүңгуірлердің киімін киіп, теңіз түбіндегі маржандарды сүзесіз бе, бәрі өз еркіңізде. Бұған және барлық мүмкіндіктер жасалынған.

Тетігі табылған туризм

Паттай қаласының маңындағы ауыл-село тірлігімен де толық таныстық. Мұндағы саялы бақтарда өскен мың түрлі гүлдермен өсімдік ағаштарының саясында сәл дамылдаудың өзі жанға рахат. Осылай келе жатып суретке түссем-ау деп армандаудың да керегі жоқ. Саған білдірмей-ақ ең оңтайлы тұста белгісіз фотографтар сізді суретке тартып ала қояды да, жарты сағаттан кейін өз бейнелеріңізді алдыңызға жайып тастайды. Ұнаса алыңыз, ұнамса өзіңіз біліңіз. Ал енді қолға үйретілген пілдермен өнер көрсеткен қарапайым жігіттерінің шеберлігін айтып жеткізудің өзі қиын.

Қолтырауын (крокодил) өсіретін фермадан алған әсеріміздің орны бөлек. Мұнда да қарапайым ауыл жұмысшылары өздері бағып- қағып жүрген хайуанаттардың кейбіреулерін қолға үйретіп алған. Аузын арандай ашып, айбарлана адамға қарай ұмтылған қолтырауынды сойылмен таңдайдан түртіп қалса, ол бейшараның жағы қарысып, аңқиып тұрып қалады. Бұдан кейін көмейіне қолыңды тығып, арса-арса азуының арасына басынды немесе аяғынды салып қойып отыра бер. Ал, егер сырт жағынан келіп, оның тамағының астындағы бір безді қыса қойсаң, есік пен төрдей жерді алып теңкейіп жатқан теңбіл түсті су жануары сұлқ түсіп, бүкіл қауқарынан айрылып қалады. Сосын оны көтересің бе, құшақтайсың ба, тағы өзің біл. Қолға үйретілген барыстар мен жолбарыстар жаныңа келіп сүйкеніп тұрғанда жаның бақайынның ұшына келгенін бір-ақ сезесің. Олар саған тиіспейді. Ақырын басынан сипап қойып, суретке түсем десең тағы өз еркінде. Міне, қарапайым жергілікті жерге алып барып-ақ тайлықтар шетелдік қонақтарды әбден тамсандырды. Оның есесіне өздерінің де қалталары ақшаға толып, қарапайым туризмнің арқасында жағдайларын түзеп алады. Тетігі табылған туризм деген осы. Жалпы Тайланд мемлекет бюджетнің 60 проценті осы туризмнен түскен пайдадан тұрады. Қазақстанмен салыстырғанда алақандай жерді алып жатқан тайландтықтардың бұдан басқа да табыс табу көздері жетерлік.

Әйелге айналған еркектер

– Бүгін концертке барғысы келетіндер әрқайсысы 20 доллардан жинасын,– деген соң топ бастаушының сөзін жерге қалдырмауға тырыстық. Мұнда тек әйелдер ғана өнер көрсетеді дегенді естігенбіз. Турасын айтқанда, медициналық жолмен жыныс мүшелеріне операция жасатып, тап-таза әйелге айналған бұрынғы еркектердің өнерін тамашалайды екенбіз.

– О, тоба,– деймін жанымдағы қазақ әйелдерінің біріне. – Бұл тайлықтар еркектері қатынға айналып кеткені үшін несіне мақтанып, оны несіне сырт көзге паш етеді? Егер осы топтың ішіндегі мына екі қазақ еркектің бірі қатынға айналып кетсе, сіз анау ұлты басқа әйелдердің алдында өзіңізді қалай сезінер едіңіз?

– Онда мен сендерді өз қолыммен өлтірер едім,– дейді ол әзілдесе де шынын айтып. Осындай әңгімемен келіп, концертті тамашаладық. Бұрынғы еркектер, яғни бүгінгі әйелдер ғажап өнерпаздығымен қоймай, бұраң бел қас сұлулардың өзі болып шықты. «Табиғаттың сәл мүлт кеткен қателігі орнына келгені де дұрыс шығар» деп манағы асығыс айтылған пікірімнен қайта бастағам. Сыртқа шыққанымызда әлгі сұлулар көпшіліктің арасына келіп, суретке түсіп жатқанын байқадық. Сұрастырып көрсек, онымен қатар тұрып бір рет суретке түсудің өзі пәленбай доллар екен.

Ұлттық намыс қозғанда

Бангкокта өткен XIII Жазғы Азиялық ойындарда жанкүйер ретінде қатысып отырмыз. Жалпы «Трансатлантик групп ЛТД-ның» негізгі міндеттердің бірі – спорт сайысы өтіп жатқан жерде жанкүйерлік таныту болып табылады. Осы топтың ішінде жүргендіктен біз де Қазақстанның жалаушаларын қолымызға ұстап, спортшыларға дем беруге кірістік. Өне, ақтық айқаста Қазақстанның белгілі боксшысы Нұржан Сманов тайландтық қарсылашымен жанталаса жұдырықтасу үстінде. Ұлттық намыс қозғанда қалай шыдап тұрарсың, «Соқ, Нұржан, соқ!» деп орнымыздан атып тұрған кездеріміз де бар. Байқасам, бір-екі қазақ қана кеңірдек жыртып жатқан сияқтымыз. Қалғандары үнсіз. Ұлты басқа болса да, қазақстандық боксшы үшін қандарын қыздыра алмаған

сапарластарыма іштей көңілім толмай қалды. Өне, рингке Вячеслав Бурба шықты. Бұл жерде сапарластарым түгелдей шулап қоя берді. «Қазақстан, Қазақстан!», «Вячаслав, бей!» деп өнештерін жыртуда. Елдің бәрі бізге қарады. «Сіздер қазақстандықтар-сыздар ма?» деген сауалдар жан-жағымыздан қойылып жатыр. «Япырмай, қазақстандықтар да славян тектес халық екен-ау» деп ойлайды-ау деп ойлағанымша болмады, бізді ертіп жүрген тайландтық жолбасшы осы ойын бізге ашық айтып үлгерді.

Королін құдайдай сыйлайды

Тайландтықтар үшін адамның он екі мүшесінің ішіндегі ең қасиеттісі – бас мүшесі болып есептелінеді екен. Егер сен қолынды олардың басынан сәл жоғары көтерсең немесе саусағыңның ұшын олардың бетіне, не маңдайына тигізсең, қатты қорлағаның болып табылады. Ал, 0 егер мемлекет басшысы король туралы салқын пікір білдіріп, ғайбаттай сөз айтсаң, одан асқан масқаралық жоқ. Былайша айтқанда, ол әрбір тайландтықтың бетіне түкіргенмен бірдей.

Тайланд королінің мәртебесі біздегі Елбасы дәрежесімен бірдей. Мемлекет құрылымы да үш билікке – атқарушы, заң шығарушы және сот билігіне негізделгенін жоғарыда айттық. Мемлекет басшыларына наразылық білдіріп, шеруге шыққандарды да көрдік. Бірақ ешқайсысы «Король жаман, тақтан тайсын!» дегенді айтпайды. Тек өз талап-тілектерін корольге жеткізумен ғана шектеледі, сол жақтан жауап күтеді. Белгілі бір уақыттан кейін король халықтың талап-тілегін естігендігі және олар қашан қанағаттандырылатындығы жөнінде хабар келеді. Сөйтіп, мұндағы тірлік аса бір айғай-шусыз-ақ шешіліп жатады.

Міне, аз ғана күннің ішінде Тайланд жөнінде алған әсерлеріміз осындай. Айта берсе әңгіме көп. Сыртқа шықсақ, ондағы жағдайларды өзіміздегімен салыстыра қарайтын әдетіміз ғой. Бұл жазғандарымызды тек салыстыру сәтінен туған ойлар деп қабылдарсыздар.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
15 қаңтар, 1999 жыл**

III БӨЛІМ



АДАМ ЖӘНЕ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



СӨЗ КИЕСІ ДЕГЕНІҢ ӨЗ КИЕҢ ЕКЕН ҒОЙ...

Қазақстан Жазушылар одағының кезекті XIII құрылтайы биылғы жылдың 6 маусымында Алматы қаласында өтеді. Қаламгерлер алдында қандай міндеттер тұр? Оларды толғандыратын қандай мәселелер? Төменде Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, «Әдебиет айдыны» газетінің бас редакторы Талаптан Ахметжанмен сұхбатта Жазушылар одағының көкейкесті мәселелері қозғалады.

– Талаптан, жазушылардың әрбір құрылтайы алдында әртүрлі таласты пікірлер орбитіні, сөйтіп тақ-таласы қыза түсетіні табиғи құбылыс. Өйткені, бұл бас қосуда Жазушылар одағының төрағасын сайлайсыздар. Ал кез келген сайлау алды науқанның өзіндік қызығы мен шыжығы жетіп артылады. Әңгімемізді осы төңіректен өрбітсек...

– Бұл жолғы құрылтайымыз өз мерзімінен сәл кешігіп өтетін болады. Оның бірнеше себептері бар және оған жазушылар қауымы түсіністікпен қарап отыр. Әрине, арасында наразылар да жоқ емес. Таяуда өткен Пленумда Жазушылар одағының кезекті XIII съезі биылғы жылдың 6 маусымында өтсін деп белгіленді. Ал енді түрлі пікірлерге келсек Жазушылар одағы – әлімсақтан демократиялық қоғамдық ұйым. Сонау Ілияс, Сәкен, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит сынды ұлыларымыздың өзі салып кеткен демократия жолы әлі сол қалпында жалғасып келеді. Бізде төрағаны құрылтайда жазушылардың өздері сайлап алады. Өзіңнің айтқаныңдай, сайлау алды науқан кезінде әртүрлі әңгіме болатыны рас. Жұрт сол сөздердің шыны қайсы, өтірігі қайсы, аңғармай қалады. Ақиқат – Алланың бір сипаты. Ақиқат – абсолютті ұғым. Ендеше ақиқаттан аттаудың өзі Аллаға шәк келтірумен бірдей... Бір-бірімізді даттағаннан, бір-бірімізге қара күйе жаққаннан не ұтамыз? Біз ұлы аталарымыз салып кеткен жолмен жүріп, осы киелі қара шаңырақтың амандығын тілеп, ұйымның беделін арттыруға жұмылуымыз керек. Бізге ең керегі бірлік пен береке.

– Жөн... дегенмен, құрылтай мерзімі неге тиісті уақытынан кешіктірілді?

– Оның себептері мынада: Жазушылар одағы қоғамдық ұйым болғандықтан мемлекеттен қаржыландырылмайды. Нарық қыспағынан шығуымызға бізге 49 жылға тегін жалға берілген басымыздағы мына ғимараттардың да пайдасы тиді. Мұның кейбір бөлмелерін өзіміз басқа біреулерге белгілі мерзімге жалға беру арқылы өз күнімізді өзіміз көрудеміз. Жазушылардың мерей тойлары, әдеби кештер, үздік шығармаларға сыйлықтар тағайындау, газет, кітап шығару ісі тағы басқа шаруалар үздіксіз жүргізіледі. Тіпті өлім-жітімді жағдайларда да жазушыларымызды ешкімге алақан жайғызбадық. Елбасының пәрмені арқасында Алматы қаласы Әкімдігінің көмегімен тау жақта орналасқан Әл-Фараби атындағы Шығармашылық үйіміз де бүгінгі талапқа сай қайта жөндеуден өтіп, іске қосылды. Бұл ғимараттардың бәрі тоқсаныншы жылдардың басында қолды болып кеткен екен, үш жарым жыл соттасып жүріп әрең қайтардық. Жазушылардың 2002 жылы өткен кезекті құрылтайында одақтың төрағасы Нұрлан Оразалин бұл істер жөнінде түгелдей баяндаған болатын. Оның бәрі кейінгі жылдары Одақты басқарып келе жатқан Нұрлан Оразалиннің арқасында ғана мүмкін болғанын жұрттың бәрі біледі. Қазір шығармашылық үйіміз төрт жұлдызды қонақ үйден асып түспесе, кем емес. Ішіндегі қаусап қалған жиһаздардың бәрі жаңартылды. Атына заты сай, іші кірсе шыққысыз. Шығармасын сонда жатып жазамын деген жазушыға барлық жағдай жасалған. Бағасы да өте төмен. Негізгі шығынды одақ өз мойнына алады. Ғимараттың да белгілі бөлігін қонақ үй ретінде пайдаланудамыз.

Одан түскен қаржы да жазушылардың игілі үшін жұмсалады. Қирап қалған «Қаламгер» кафесі де қалпына келтірілді. Бұл да Жазушылар одағы үшін кәдімгідей қаржы көзіне айнала бастады. Қазір одақтың негізгі ғимаратына күрделі өңдеу жүргізілуде. Бұл үйдің ішкі коммуникациялары 1953 жылдан бері жөндеу көрмеген екен. Құбырлары, электр желілері әбден

тозған. Одан кейін 1973 жылы және 1984 жылы кейбір бөлігіне жөндеу жүргізілген. Толық жөндеу жүргізіліп отырғаны осы.

Бұған қаржы табу да оңай болған жоқ. Осы екі құрылтай арасында Қазақстан Жазушылар одағының 70 жылдық меретойы кеңінен аталып өтілді. Ауқымды шаралардың қат-қабат келуіне байланысты құрылтай бірнеше айға кешікті.

Бірақ ол Жазушылар одағы басқармасының шешімімен Жарғыға сәйкес жүзеге асырылған шара. Өткен Пленумда құрылтайдың мерзімі белгіленді. Қазіргі басшылыққа құрылтайды өткізу тапсырылды. Олай болса кейбір ағайындарымыз айттып жүргендей «Заңға томпақ» емес. Бәрі Жарғыға сәйкес өз тәртібімен өткізілгелі отыр.

– Соған қарамастан, Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалинге кейбіреулер ренішті екенін естіп қалып жүрміз. Оның себебі неде?

– Біздің ағайындарымыз, Қадыр Мырзалиев айтқандай, бір атым насыбайға бола-ақ өкпелей салуы оп-оңай ғой. Оның үстіне өзі жазушы болса. Жалпы, жазушылар дегенің ешқашан екінші, үшінші орындарды місе тұтпайтын адамдар. Әр қайсысы өзін бірінші орындағы жазушымын деп есептейді. Бұл да табиғи құбылыс. Олай ойламаса одан мықты жазушы шықпайды. Енді осы «біріншілердің» бәрінің бірдей тілін тауып, бәріне теңдей етіп сыйлық үлестіріп, бәріне бірдей жағдай жасап, бәрін бірдей марапаттап көріңіз. Ол мүмкін ме? Кей тұстары мұнысы өздеріне жарасады. Өйткені, олар сөз киесін ұстаған адамдар. Ал сөз киесі деген өз киесі емес пе?! Артық кететін тұстары да аз емес. Сондықтан, демократияның нағыз үлгісін көргісі келетіндер Жазушылар одағына бас сұқсын. Сонда бәрін түсінеді. Егер, Нұрлан Оразалиннің атына әртүрлі сындар айтылса, ол кісі бәрін парасаттылықпен қабылдайтындығын білген соң ғана солай жасайды деп түсінген жөн. Осы одақты басқарған талай ұлы жазушыларымыз өткір сындарды естімеді дейсіз бе? Естігенде қандай! Міне, солар уығын қадаған Жазушылар одағының шаңырағын қиын шақта шайқалтып алмау үшін де Нұрлан Оразалин бар қиындыққа төзді. Жүрекке, жүйкеге салмақ түскен шығар, бірақ

өз борышын абыроймен орындап келеді. Қазақстан Жазушылар одағы бүгін де қайтадан аяғынан нық тұрды деп сеніммен айта аламыз. Сондықтан да, жазушыларымыз ол кісіні төрағалыққа қайта сайлағанды дұрыс көреді.

– **Басқа үміткерлер жоқ па?**

– Әзірге ресми түрде ұсынылған басқа үміткерлер жоқ. Құрылтай кезінде болуы да мүмкін. Әрбір жазушы өзін-өзі ұсынуға қақысы бар ғой.

– **Жазушылар одағын тарату немесе үй ішінен үй тіккісі келіп, Алматы қалалық жазушылар одағын құрамыз деушілердің де пікірлері баспасөз беттерінде қылаң беріп қалған еді. Ол жөнінде не айтар едіңіз?**

– Ондай пікірлердің кезінде бой көтергені рас. Бірақ жазушылар бұған қарсы болды. Пленумда осы мәселе арнайы талқыланды. Қазақстан Жазушылар одағын бөлшектеуге болмайтындығы жөнінде ақсақал жазушыларымыз – Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Қалиқан Ысқақ, Қабдеш Жұмаділов, Оразбек Сәрсенбаев, Марфуға Айтқожиналардан бастап, орта буын өкілдері мен жас жазушылардың бәрі өз пікірлерін баспасөз беттерінде де басқа жерлерде де ашық білдірді.

– **Таяуда Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болды. Онда нендей мәселелер қозғалды екен?**

– Иә, бұл қазіргі әдеби өміріміздегі үлкен жаңалықтардың бірі екені аян. Кездесуден кейін біздің төрағамыз Жазушылар одағының секретариянтында қаламгерлерге Елбасымен өткен әңгіме мазмұнын кеңінен баяндап берді. Төрағаның айтуына қарағанда, Президент отандық әдебиеттің дамуына, әсіресе қазақ әдебиетінің кейінгі жылдары жеткен жетістіктері мен олқы тұстарына қатты көңіл бөліп отыратын көрінеді. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу бағытында атқарылатын жұмыстардың қатарында Қазақстан жазушыларының да иығына түсер салмақ жеңіл емес. Қазақ қаламгерлерінің әлеуметтік жағдайымен қаламақы, тағы басқа қажеттіліктеріне көмектесетінін

Елбасы ашық айтыпты. Тек жазушылардан бүгінгі күннің өзекті мәселелерін жан-жақты ашып көрсететін, оқырманның рухани қажеттілігін өтей алатын туындылар күтетінін де жасырмапты. Бізде отандық әдебиетті жақсарту жөніндегі арнайы бағдарлама жасалғаны белгілі. Міне, енді осы бағдарламаның жүзеге асуына Елбасы ықпал етіп жатса нұр үстіне нұр. Қабылдау кезінде Н.Оразалин Қазақстан жазушылары мемлекет басшысының жүргізіп отырған саяси реформаларын қолдайтынын, қуаттайтындығын жеткізгенін айтты. Себебі Н.Оразалиннің өзі кезінде Парламент депутаты болған адам. Ел газеті «Егемен Қазақстанды» да қиын қыстау күндері тығырықтан алып шығып, қалың оқырманды соңынан ерте білген қоғам қайраткері екенін көзіміз көріп жүр.

– Қазақ әдебиетінің екі құрылтай аралығында жеткен жетістіктері мен олқы тұстары да осы құрылтайда жан-жақты талданатын шығар. Сондықтан, ол жайында әңгіме қозғап, әуреге түспей-ақ қояйық. Алда өтетін құрылтайдың күн тәртібіндегі ең басты мәселе не болмақ?

– Бұл да кезекті құрылтайлардың бірі ғой. Әдеттегідей, бірінші ұйымдастыру мәселелері қаралады. Екінші, төрағаның екі құрылтай аралығындағы есепті баяндамасы тыңдалады. Үшінші, шығармашылық-жанрлық кеңестер өз хабарламаларын жасайды. Төртінші, қоғамда болып жатқан өзгерістер жөнінде қаламгерлердің ой-пікірлері, тағы басқа өздерін толғандырып жүрген мәселелер ортаға салынады деп күтілуде. Құрылтайда одақтың жаңа басшылығы сайланады. Жазушылар одағының, еліміздің рухани байлығын арттыруға өзіндік үлестерін қосып келе жатқан қаламгерлеріміздің абырой-беделі жөнінде, олардың шығармашылықпен айналысуына мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсету, еңбектерінің қайтарымын, қаламақы мәселесін шешу, кітаптарының оқырманына жетуін қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселелер осы құрылтай мінбесінен айтылады ғой деп ойлаймын.

– Құрылтай қарсаңында уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет.

«Президент және Халық» газеті,

1 маусым, 2007 жыл

ЖАЗУШЫЛАР ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛДЫ

Үстіздегі жылдың 6 маусым күні Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының кезекті ХІІІ құрылтайы өтті. Құрылтай жұмысына Президент әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Мәулен Әшімбаев, Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Ертісбаев, Президент әкімшілігінің жауапты қызметкерлері Әлібек Асқаров, Төлен Әбдіков, сондай-ақ Өзбекстан, Ресей, Қырғызстаннан келген өкілдер қатысты.

Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин құрылтайды ашық деп жариялағаннан кейін өзі есепті баяндама жасады. Бұрынғы басшылықтың тұсында талан-таражға ұшыраған Жазушылар одағының мүлкі мен ғимараттарының қандай қиындықтармен алынғаны жөнінде еліміздің төрт бұрышынан келген делегаттарды кеңінен хабардар етті. Осы екі съезд аралығында өмірден өтіп кеткен әріптестерді бір минут үнсіздікпен еске алуға шақырды.

Елбасының құрылтай делегаттарына құттықтау хаты оқылды. Онан кейін мандат комиссиясы, секретариат, редакциялық алқа құрамы бекітілді. Ақсақалдар атынан жазушы Әзілхан Нұршайықов сөз алып, одақ жұмысына сәт-сапар тіледі.

Жазушылар одағы жанрлық кеңестерінің төрағалары қысқаша хабарлама жасады. Ақын Исраил Сапарбай поэзия саласындағы қол жеткен жетістіктер мен алда тұрған міндеттер жөнінде айта келіп, мемлекеттік сыйлықтардың берілу тәртібін бір ретке, бір жүйеге келтіру қажеттігіне тоқталды.

Баяндамалардың арасында жарыс сөзге шығушыларға да сөз берілді. Ақын Мұхтар Шаханов қазақ тілінің қазіргі мүшкіл жағдайына кеңінен тоқталды. Ұлттық балабақшаларымыздың өрісі тарылып бара жатқанын ашына айтты. Бұл бағытта қазақ жазушыларының күйкі тірлік соңында жүріп, еш әрекетке

бармағандарын да беттеріне баса сөйледі. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу қарсаңында қазақ жазушыларының белсене қимыл көрсетуі қажеттігін ескертті.

Қазірде Қазақстанда 700-ге жуық жазушы болса, солардың жетеуі ғана әлемдік деңгейде көріне алатынын жасырмады. Бұл пікірге жазушы Қабдеш Жұмәділов қосыла алмайтындығын білдірді.

Егер 700 жазушының жетеуі ғана әлем оқырмандарының назарына ілігерліктей ғана қауқары болса, қалған 693 жазушыны қысқартып жіберу керек шығар деген сауалды төтесінен қойды.

Бұл пікірді белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева одан әрі кеңейтіп, қалың орманның ішінде үлкен де, кіші де құстардың әртүрлі үндері естіліп жататынын, сонысымен де мына өмірдің мәнді, сәнді екенін тілге тиек етті. Олардың ішінде қырындар мен сұңқарлар да, торғайлар мен шымшықтар да жүретінін жасырмады.

Ал, жазушы Шерхан Мұртаза ақсақал «қазіргі кезде жазушы деген атты иелену үшін кім көрінген кітап шығаруды әдетке айналдырды» деді.

– Ақшасы барлар отбасы ошақ қасында ғана тұруға қауқары бар кітаптарды көбейтіп жатыр. «Ерінбеген етікші болады» дегендей, жазушының жөні осы екен деп, атасы мен әжесі, «тетясы» мен «тешясы» жөнінде кітап шығаруды мәртебе тұтады. Ешкім оқымайтын ондай кітаптар да, отбасы ошақ қасында отырып, «мен жазушымын» деп кеуде керетін ұсақ мінезді пенделердің бұл қылығы кімге керек. Егінжайда бидай өспей қалғанда қаптап кететін арам шөптер сияқты мына кітап шығарғыштармен күресудің өзі мүмкін емес. Қарапайым оқырмандарымыз қайдан білсін, кітабы шыққандардың бәрін жазушы деп түсінеді. Ал сол кітаптарды көрген олар қандай пікірде қалады десеніңші?!», – деп ойын ақтарды жазушы.

Қазір ел экономикасы қалыпқа түсіп келеді. Соған орай рухани әлеміміз де қайта түлеуге тиісті. Проза жанры бойынша хабарлама жасаған жазушы Тұрысбек Сәукетай екі құрылтай аралығында дүниеге келген қомақты шығармалар

жөнінде әңгіме қозғады. Бұл орайда Нұр-Исламның қазақ даласындағы шырақшысы болған Ақтайлақ би туралы «Прометей ауылы» атты кітапты мысалға келтірді, авторы – Қабдеш Жұмаділов. Сондай-ақ, Е.Төрехановтың «Роксана», А.Егеубаевтың «Құтты Жүсіп», С.Досановтың «Қылбұрау», Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» және «Жарылғап би» романдары шұрайлы дүниелер екенін айтты.

Соңғы кезде тарих тылсымына тереңдей үңіліп жүрген жазушы Б.Төлеуғалиевтің Аңырақай шайқасында қазақ қолын бастаған атақты Шотан батыр туралы жазған «Бас сардар», «Тініке – Қазі» романдарында шежірелік мағлұматы мол екенін жеткізді. Бұған қоса, М.Есламғалиевтың «Әйтеке би», Ж.Сәмиттің «Сергелдең», Б.Тоғысбаевтың «Атадан ұл туса», Т.Мәмесеитовтың «Таң жарық», Н.Қазыбековтың «Біз оралман емеспіз», Т.Әлжановтың «Сарбас акын», Қ.Токмурзиннің «Төре-Мұрат», М.Мәжитовтың «Тобанияз», Т.Зәкенұлының «Көкбөрінің көк жасы» романдары оқырман жүрегіне жол тартқан тартымды дүниелер екенін жеткізді.

Т.Сәукетайдың айтуына қарағанда, әңгіме, хикаят жанрында да жеткен жетістіктеріміз аз емес. Әдебиетіміздің бүгінгі абыздарынан бастап жаңа талап, жас тілек жастарымызға дейінгі аралықта бұл салада қалам тартпағандар кем де кем екен. Мәселен, М.Мағауинның соңғы жылдары арқауын үзбей жариялап жүрген «Әдепкі әңгімелер» мен «Одағай әңгімелер» деп аталатын бір том көлеміндегі әңгімелер циклы өз оқырмандарын тапты. Сондай-ақ, М.Омарованың «Жұлдыз» журналында жарияланған топтама әңгімелері мен А.Мекебаевтың «Жар жағалаған қыз» хикаялары, Н.Қапалбековтың «Үш ошақтың түтіні», Н.Жүнісбаевтың «Сүгір» атты хикаяттарының алар орны бөлек.

Бұдан кейін сөз алған Қалихан Ысқақов қазіргі қазақ поэзиясына жетер ешбір поэзия жоқ екенін баса айта келіп, қазақ жазушылары басқа елдің оқырмандары үшін емес, алдымен қазақ ұлты үшін шығарма жазу керек екенін ескертті. Қазіргі жазушылар әлі сиясы кеппеген шығармасының ертең орыс тіліне қалай аударылатынын ойлап отырып жазады. Мұндай-

да тіліміздің нәрі, бояулары назардан тыс қалатынын да жасырмады. «Менің шығармаларымды қазақ оқырмандары сүйіп оқыса болды, қалғандары оны аударып оқи ма, оқымай ма ол жағына бас қатырмаймын» деген жазушының жүрекжарды сөзі көпшілікке ой салды.

Осындай қызу пікірталастар барысында съездің қалай мәресіне жеткенін де аңғармай қалдық. Құрылтай соңында 180-ге жуық адамнан тұратын басқарма мүшелері бекітілді. Оларға Жазушылар одағының жаңа басшысын сайлау мәртебесі тиді. Жазушылар одағын он жыл бойы басқарған Нұрлан Оразалинді қайтадан жаңа басшылыққа ұсынылды. Демократия үрдісі бойынша кез келген жазушы өзінің кандидатурасын ұсынуға болады. Бірақ балама шықпады. Басқарма мүшелері түгелдей Нұрлан Оразалинді қолдап дауыс берді.

Бұдан кейін жаңа төраға өзінің жаңа орынбасарларының аты-жөндерін атады. Олар – Ғалым Жайлыбай, Талаптан Ахметжан, Берік Шаханұлы. Бұлар да жүз пайыз дауысқа ие болды. Бұрын төрағаның орынбасары екеу болса, енді оның саны үшеуге жетті. Уақыт талабы осыны қажет етіп отыр. Өйткені, алда қыруар жұмыстар күтіп тұр. Осы кезеңге дейін Жазушылар одағы өзінің материалдық жағын дұрыстаумен, тағы басқа ұйымдастыру жұмыстарымен әуре болса, енді нағыз әдебиет ісімен айналысатын жаңа кезеңге аяқ басты. Нарық қиындығының салдарынан көрінгеннің босағасын жағалап кеткен Қазақстан Жазушылар одағының органдары – «Жұлдыз», «Простор», «Қазақ әдебиеті» газеті енді қайтадан одаққа қайтарылмақшы.

Алдағы пленумда бұл мәселе түбегейлі шешілмекші. Сондай-ақ, Конституцияға өзгерістер енгізілуіне байланысты қоғамдық ұйымдар туралы заң да қайта қаралады. Сол заң қабылданғаннан кейін Қазақстан Жазушылар одағының Жарғысы да қайтадан жасалынады деп күтілуде. Бұл Қазақстан жазушыларының жұдырықтай жұмылғандығының белгісі болса керек.

«Президент және Халық» газеті,
8 маусым, 2007 жыл

ЖАҢҒЫРТУ ЖАҢҒЫРЫҚПЕН ТЫНБАСА ИГІ

дейді белгілі журналист-жазушы

Сапар Байжанов

– Сапеке, Сіз ұзақ жылдар баспасөз саласында жемісті қызмет еттіңіз. Әлі де қол үзіп отырған жоқсыз. Әңгімені осы өзіміз күнбе-күн ыстығы мен суығын бірдей көтеріп келе жатқан журналистика жаңғыртуларынан өрбітсек. Бұл – бір. Екіншіден, келешек – жастардікі дейміз. Ал журналист ретінде сіздің жастар тақырыбынан қол үзген кезіңіз жоқ. Қазақ жастарының бүгінгі беталысы, жай-күйі, болашағы туралы не айтар едіңіз?

– Мұның орынды. Әңгімені сауалыңның екінші бөлігінен бастайық. Бірінші айтарым, бүгінгі жастар бізден мүлде басқа жастар. Білімі де, өмірге көзқарасы да, мінез-құлқы мен арман-мақсаты да бізден едәуір ерекше. Жақсы жағы – техникаға, экономика мен саясатқа араласуына, өмірден өз орнын табуға, өз құқын қорғауға талпыныс сезіледі. Әлемнің аяқ алысынан кенже қалғысы келмейді. Жеңіл машина, стереомагнитофон, компьютер дейтіндей әуестіктер бет алып барады. Шетелге – ФРГ, Венгрия, тіпті Африка елдеріне тұрмысқа кетіп жатқан қыздарымыз баршылық. Шет халықтармен, олардың ұл-қыздарымен ауыс-күйіс тіршілік күшейіп барады. Шетелдегінің бәрі жақсы, біздегінің бәрі сорлы деп өзеуреушілік баршылық. Заман ырқы солай. Әйткенмен, осы құбылыстар төңірегінде мынадай ой келеді маған.

Заман көшінен кеш, яки шетқақпай қалмас үшін мынадай тірлік, дағды жастарды пайдакүнемдікке, қомағайлыққа, ел-жұртының, қоғамның қамы емес, қарақан басының қамын көбірек ойлауға, өз басының алабөтен олжалы болуын күйтейтін жебір-желгірлікке жетелей ме деген күмән-күдік, ой келеді көкейге. Қомағайлық, көрсеқызарлық, дүниеқорлық, ақша

билеген жерде айла мен қулық та, алыпсатарлық пен азғындық та болмай қоймайды. Қалтаның қалыңдығы, жеңіл машина, стереомагнитофон және басқа дәулет атаулы әсем де берекелі, мағыналы өмірге дәнекер құрал ғана деп бағаланбай, өмірдің түпкі мұратына айналса, бұзақылық дендеп, адамды азғындыққа апармай қоймайтынын жас өркендер жадынан еш шығармаса деймін. Жетіспеушілік, тапшылық пен таршылық бунап тұрғаны да рас. Бірақ, дәулет пен байлық бұрын да тегін болмағаны, бірі жетсе, бірі жетпеушілік қашан да түп етектен қалмай келгені құпия емес.

Айталық, соғыстан кейінгі елуінші жылдары азық та, киім де, пәтер де қиын болды. Оны өзіміз бастан кешіп өстік. Сөйтсе де біз оған шыдадық. Болмағанды болдыруға тырыстық. Ал қазіргі жастардың ішінде жоққа төзбей, азды місе тұтпай, өздері шыбық басын сындырмай, тек «бер де бер» деп аузын ашудан еш қымсынбайтын кереуыздар, не оқу оқып, не жұмыс істеп береке таптырмайтын селтеңбай кержалқаулар аз емес екендігі алаңдатады. Неге бұлай?...

Өйткені, шүкір, 70-80-жылдарда еліміз едәуір тойынды, тұрмыс жақсарды, талайлар келісті үй салып, астына машина мініп, жақсы киінетін күйге жетті. Қазіргі жиырма жастағы жігіттер мен қыздар осындай тоқтық заманда туып-өсті, еш қиындық, таршылық көрген жоқ. Сондықтан, олар мектеп қабырғасынан шығып, өмір табалдырығын аттаған кезінде айлықтың аздығын, пәтердің қиындығын, азық-түлік пен бұйымның жетіспеушілігін көргенде бірден тарынады, сасады, кейде тіпті өмірден оңай түңіледі. Қиындық үшін, жоқтық үшін өзінен өзгенің бәрін – қоғамды, үкіметті, аға ұрпақты кінәлайды. Неге десен – шетелдер озып кеткен, оларда бәрі бар, бәрі жақсы сияқты. Оның үстіне, сталиншіл өктемдік заманының солақайлық сойқандарын әшкерелейміз деп өткеннің бәрін қаралап, бастан-аяқ күстәналап, баспасөз де отқа май құйып бақты. Өткенді кінәлай бергенше, өзіміз де тырбанып, тұйықтан шығу жолын іздеп табуымыз, жан қинап көруіміз керек-ау дейтін ой көбінің

қаперіне де кіріп шықпайды. Жастарымыз осындай өзеуреген сыңарезу, желбуаздықтан арылса екен. Өзгеге қойған талапты алдымен өзіне қойса. Қоғамды, тірлікті, тұрмысты жақсарту үшін мен не істедім, не тындырдым? Озық елдер қалай озған? Ол үшін қандай-қандай өнер-білімді, кәсіп-мамандықты меңгерген жен? Тағы не істеу керек? Тарих тәлімі не айтады? Заман беталысы не тілейді? Көкірегінде оты бар, өмірге қонақ болмай, қожа болсам дейтін намысы бар әрбір жас осы тақілетті сұрақтарға жауап іздеп, әрекет-қимыл істеуі керек те.

– Қимыл-әрекет жөнінде сөз қозғап отырсыз. Осы арада Алматыдағы әйгілі «Желтоқсан» оқиғасы еске түседі. Оның аяғы не болғанын да, әртүрлі әрекеттердің қазіргі беталысын да байқап жүрсіз. Осыған орай жастарға айтар пікірлеріңіз бар ма?

– Шынын айту керек, 1986 жылғы желтоқсан өз басымыз ешқашан көрмеген құқай болды. Үлкенге де, кішіге де, бәрімізге үлкен сабақ болды. Одан бергі жерде Мұхтар Шаханов бастаған халықтың біртуар ұлдары болған оқиғаның сыр-сипатын, бүге-шігесін, анық ақиқатты айқындау жөнінде ересен қайрат көрсетті. Бұрын мұндай құқайды көрмеген бертінгі ұрпақ, әсіресе, жастар қауымы саяси тұрғыда ширығып, әділет жолын, ел намысын қорғау, әр нәрсені байыпты саралау мектебінен өтті, іштей ысылды деу керек. Алматыдағы желтоқсан оқиғасының сойқандары әйгіленген үстіне әйгілене түсуде.

Шындық су бетіне шықпай қалмайды. Сойқан содырлары әділет тарих алдында сазайын тартары сөзсіз...

Ендігі жерде жастар кез келген әділетсіздік, қиғаштық пен өктемдік көріністеріне үн көтеру жолымен саяси жұмыстарға құлшыну, түрлі бейресми ұйымдарға топтасу, жиындар өткізу және басқа қыр көрсету тәсілдеріне бой ұрып жүр. Мұның бәрі, әлбетте, тек біздің өлкеде ғана емес, Москва мен Ленинградтан бастап, басқа республикаларда етек алып жүрген құбылыс. Жаңғыру заманы әкелген демократия мен жариялықты желеу етіп, әрқилы тәуелсіз, дербес газеттер де көбейді.

Бұған не деуге болады? Әлбетте, әділет жолында күреспейінше, өздігінен ештеңе орнына келмейтіні күмәнсіз. Күресу керек, айтар ой, қойылар талап пен ұсынысты бұқаралық мінберден де, баспасөз арқылы да, тиісті партия-совет орындарына жеткізу жолымен де ашықтан ашық батыл жария ету керек-ақ. Біздің жастардың бәрінде ширығу, шамырқану бар. Бірақ, сындарлы, жүйелі талаптан гөрі даурығу, босқа кіжіну басым. Салмақты, тегеурінді іс-қимыл кем. Желөкпе байбалам, кейде содырлық бел алады. Неге?

Саяси-әлеуметтік мәселелерді шешу жөнінде білім мен тәжірибе олқы. Сондықтан, істің байыбын ұқпай, түбіріне көз жеткізбей, не талап етерін, не мақсат көздерін білмей, құр дүрлігуден әріге аса алмай жүр. Ақылға сыя бермейтін, ұстамсыз, тіпті ұлттар арасына от тастайтын, жаңсақ пиғылдарды ушықтыратын ұрандар тастайды, әпербақан бейбастақтыққа ұрынады.

Арғы-бергі тарих тәлімін тереңдеп зерттеп, мақсат-мұраттарды, оларға апарар жолды айқын нысаналап алмай, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей әйтеуір даурығумен жағдайды оңдамақ түгіл, өзі де қалтылдап, там-тұмдап тұрған тірліктің одан сайын береке-құтын қашырып бітті.

– Қазақ тілін терезесі тең, мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру жөніндегі талаптар да, қолданылып жатқан шаралар да көңіл аударарлық. Дегенмен, бұл тұста қайсыбір топтар арасында тым асыра сілтеу, кертартпа пиғылдар белең алып жүргенін елемеуге болмайды ғой.

– «Жібекті түте білмеген жүн етеді» демекші, жап-жақсы, нысаналы басталған шаруаға асығып-аптығу, қазымырлық әрекет арқылы залал келтіріп алуымыз да ықтимал. Өйткені, бұл тамыры тереңге кеткен, қыруар күш пен қаржыны керек ететін іс.

Мектептер мен жоғары оқу орындарына да түбірлі өзгерістер жүргізу қажет. Қазақша оқулық жазатын маман жетіспейді. Аудармашы табылса, баспаның күш қаражаты жоқ. Ол болса, қағаз жоқ. Керек десен, көмекші құралдарды дереу басып

шығарар баспахана қуаты да шамалы. Республикалық үкімет орындарында, министрліктер мен ведомстволарда, мекемелер мен кәсіпорындарда қазақша жаза білетін маманды кездестірудің өзі қиын. Оның үстіне қазақша басатын машинка мүлдем тапшы. Бұл жөнінде айта-айта шаршадық. Осы істі пәрменді де орнықты жүзеге асыру үшін Жоғарғы Совет жанынан Қазақ тілінің қамын жейтін арнаулы комиссия құрса да артық болмайды деген ой келеді.

– Соңғы жылдары архив саласында қызмет істеп жүрсіз, жазып та жүрсіз. Қаныш Сәтпаевтың Сталинге хаты, тарихшы Ермұқан Бекмахановтың Сібірде айдауда жүргендегі хаттарын жарияладыңыз. Архивте осындай құжаттар көп пе?

– Халқымыздың өткен тарихқа, оның ішінде талай сүлейлерімізді жалмаған зұлмат 37-жыл құжаттарына және басқа «ақтаңдақтарға» ықыласы мол. Өйткені, тоқырау жылдарында соның бәрі құпия ретінде жасырылып келген. Енді ғана ақиқат шындық еркін айтылып, ашық жазылып жүр. Бұрын «жабулы қазан жабулы» күйінде қалған көп құжаттар жарыққа шыға бастады. Ахмет Байтұрсынов бастаған ондаған біртуар ұлдарымыз жөнінде және басқа өткен-кеткен тарих, шежіре сынды құжаттар, газет-журналдарымызда жарық көруде. Мұның бәрі керек, оңды қадам.

Бірақ, мұндай тызетпе, шағын-шағын жарияланыммен іс тынбақ емес. Оны әсте місе тұтуға болмайды, Өрелі, іргелі елдер өз жұртының өткеніне өте-мөте ықтиятты, зерделі көзбен қарағаны, халқының тарихында із қалдырған бірегей ұл-қыздарына қатысты дерек, мүлік атаулыны көздің қарашығындай сақтай білгені құпия емес.

Ал, біздің қазақ жұртының арғы-бергі тарихи тұлғалары жайында ауызға аларлық күрделі еңбек шамалы десек, оған ешкім ренжімес. Абылай, Кенесары, Бақытжан Қаратаев, Санжар Асфандияров, Бауыржан Момышұлы – халқымыздың тарихында із қалдырған осынау қадау-қадау тұлғалар жайында білгісі келген ұрпақ қазір не орыс тілінде, не қазақ тілінде келелі еңбек

тауып оқи алмайды. Оны айтасыз, Абай, Шоқан, Ыбырай сынды заңғарлардың да әлі күнге дейін ғылыми өмірбаяны түзіліп болмағанына сенесіз бе!

Дәстүр дегеннен шығады. Біздің жұртта қағаз біткенді, құжат біткенді, яғни бүгінгі тілмен айтқанда, архивтік мұраларды ықтияттап жинап жүру дәстүрі бұрын да бола қоймаған, мұндай ізгі дәстүр әлі күнге дейін еркін сіңіспей жүр. Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әлкей Марғұлан сынды совет дәуіріндегі бірегей, сұңғыла ұлдарымыздан бермен қарай болмаса, көп сүлейлеріміздің қолжазба құжаттары толық сақталған деп айта алмаймыз.

Әйткенмен, республикамыздың архив қоймаларында да, Москва мен Ленинградтың, Омбы мен Орынбордың, Ташкенттің архивтерінде де, көрші моңғол мен қытай архивтерінде де зерттеушісін, іздеушісін күтіп жатқан қазына қыруар.

Бөтен қалалар мен шетел архивтері емес, өзіміздің Алматы архивтерінде де ғалымдар қолы тимеген құжаттар аумағы ұшан-теңіз, ұшы-қиырына көз жеткісіз әлем екенін еске салудың еш артықтығы жоқ. Архивті шып-шырғасын шығармай жинау ғана емес, оны рет-ретімен, ыждағаттылықпен жариялау жөнінде де бізде келісті дәстүр қалыптаспағанын мойындауымызға тура келеді.

– Отызыншы, елуінші жылдарда көп адамның тағдыры Ішкі Істер министрлігі мен Мемлекет қауіпсіздігі мекемелерінің құзырымен шешілгені мәлім болып отыр. Сол архив құжаттарымен қазір еркін танысуға бола ма?

– Біздің қоғамымызда әрқилы келеңсіздіктер бұрын да аз болмаған, қазір де ұшырасады. Жұрт ойлайды, кітап атаулының бәрі кітапханада тізіліп тұратыны сияқты, архив атаулының бәрі бір жерде текше-текше етіліп қойылған екен деп. Тіптен олай емес. Мысалы, партия комитеттерінің, партиялық газет-журналдардың, сол сияқты комсомолдың архиві әр облыстағы партархив шаңырағында сақталады. Ал республикалық партия органдарына қатысты құжаттардың бәрі республикалық партия тарихы институтының архивінде. Сондай-ақ, Ішкі істер

министрлігі, Мемлекет қауіпсіздігі, Қорғаныс министрлігі сияқты бірсыпыра салалардың да архив қазыналары өздерінде.

Мемлекеттік архив деп аталатын мекемелерде бұлардан өзге барлық салалардың құжаттары сақталады. Көріп отырсыздар, «үй ішінен үй тіккен» деп қазақ айтпақшы, бір елдің, бір халықтың тарихы пұшпақ-пұшпаққа бөліне, әр тарапта шашырап жатыр. Мұның бәрі зерттеуші ғалымдарға да, өткен тарихты термелеп, шығарма жазғысы келетін жазушы-журналист қаламгерлерге де, деректі кино түсірушілерге де, өткен тарихқа зер салғысы, білгісі келетіндердің бәріне қиындық келтіреді.

Партия тарихы архиві де, ПМ мен МҚК архиві де әркімнің көріп, танысуына емін-еркін берілмейтінін, зерттеуші қауымның оларды пайдалануына әлі күнге дейін кең жол ашылмай отырғанын мойындауға тура келеді. Ақиқат, әділет талабы, бүгінгі жариялылық пен демократия талабы тұрғысынан бүтіндей қайта құруды талап етіп отырған бір сала – осы архив саласы.

Бір елдің, бір халықтың тарихын пұшпақтап, бөле-жаратын дәнекесі жоқ. Бәрін де бір қолға біріктіріп, бір шаңырақтың астына топтастыратын мезгіл жетті. Сөйтіп, бұл салада жаңа тәртіп, жаңа ереже бекітіп, халықтың өткен тарихын, оның ішінде «ақтаңдақтар» құжаттарын зерттеушілердің еркін пайдалануына толық мүмкіндік жасау қажет.

Бір айта кететін нәрсе, Москвада, Украина, Армения, Грузия, Әзірбайжан секілді бірсыпыра республикаларда мәнді-мәнді архив құжаттарын жариялап тұратын арнаулы архив журналдары шығып келе жатқанына көп болды. Ал, бізде бұл да жоқ.

Республика архив қоймаларында халыққа жария ететіндей ғылым үшін де мағыналы құнды-құнды құжаттар ұшан-теңіз. Тек жарыққа шыға алмай, қараңғы қапаста тұншығып жатыр.

Баспалар кітап етіп шығаруға құлқы жоқ. Екі айда бір шықса да «Қазақстан архиві» атты арнаулы журнал шығару жөнінде ұсыныс жасап жүргенімізге 3-4 жыл болды. Әзірге онды шешімін таппай келеді. Әділетсіздік пен өктемдік, әкімшілдік пен әміршілдік құқайын көп көрген біздің Қазақстан үшін мұндай журнал өте-мөте керек.

– Әңгіме арнасы баспасөз жайын қозғап кетті ғой. Баспасөз жөнінде заң қабылданып, бұл салада жаңа тәртіп, жаңа мүмкіндіктер молайды емес пе?

– Әлбетте заң шыққаны оңды болды. Баспасөздің халықпен қарым-қатынасы, баспасөзге қойылатын талаптар, оны ашу мен шығарудың жолдары жөнінде біраз нәрсе айқындалып, тиянақталғаны рас. Бірақ, баспасөзді партиялар мен ұйымдардың, әлдебір топтар мен жақтардың қолшоқпары, тілшоқпары емес, халықтың мінбері, жұртшылық пікірінің айнасы деп қарайтын болсақ, бұл салада әлі еркіндік тұсауы кесілмегені анық. Айталық, баспасөз заңы бойынша кез келген ұйым, тіпті жеке адамдар дербес басылымдар шығаруға ерікті делінеді.

Оған баспахана, қағаз, шығарушы қызметкерлер отыратын шаңырақ және басқа әртүрлі қажеттер керек екенін, олардың бәріне күш-қуат, қаражат қажеттігін былай қойғанда, басылымды баспасөз комитетінде тіркеу үшін ғана үш мың сом төлеу жөнінде тәртіп орнатылғаны белгілі болды. Ақы неге сонша қымбат!...

Шетелде ешкісін жетелеп көпірден өткені үшін де ақы алатын көрінеді дегенді естігенде күлетін едік баяғыда. Пәлен ұйым, яки адам пәлендей басылым шығарады деп тізбеге тіркеп қойғаны үшін ғана үш мың сом ақы алу деген есер қызылқұлақтың қылығы болмай ма?! Қайткенде де бұл әрекет сөз бостандығына, баспасөз еркіндігіне қысым жасау екендігіне күмән жоқ. Бұл өрескелдік түзетілуге тиісті деп білемін.

– Әңгімеңіздің өзегі бүгін мен болашақ жайына ойысып бара жатқан сияқты. Халқымыздың болашағын ойлағанда, дәл біздің қауымда күні бүгінге дейін жеткілікті мән берілмей, көбіне қалтарыста қалып жүрген бір жайға тоқтала кетсеңіз. Жалпы адамзат тірлігіне көз салсақ та, өз қоғамымыздың жай-күйіне үңілсек те қайткенде жақсы өмір сүру, азық-түлік пен дкиімнен тарықпау, пәтер азабын көрмеу, молшылық пен ырысты армандаудан өзге қам, мақсат та, мұрат та жоқ секілденіп көрінеді. Яғни, былайша айтқанда рахат өмірді көксейміз.

– Бұл сұрағыңа былай деп жауап бергім келеді. Азық-түлік көбейіп, киім-кешекті де таңдап, сәндеп киіп, бүкіл қиыншылықтан құтылатын мамыражай күн туды деп есептейік. Адам баласы бұдан кейін не істемек? Екі аяқты көсіп салып, «ал балық, аузыма сал балық» деп жатып ала ма? Меніңше, тіптен де олай болмасқа керек. Адамның арман аясы, тірлігі онымен ешқашан тәмамдалмайды.

Арман деген ешқашан ештеңемен шектелмейді ғой, сірә. Биіктегіні, көктегіні, қол жетпегенді, өзінде жоқты аңсауын, армандауын адам әсте қоймауы керек. Адамның табиғаты солай. Әдемілікке қызығу, тірлікке құмарту ортайса, аңсау жойылса, арман бітсе – әр жағында тірліктің қызығы шамалы.

Адамның дүниеден тілегені, көксегені түгелдей алдында болған сәтінде, ол енді бойын күтуді, дене бітімін, сымбаты мен тұлғасын, кескін-келбетін, әл-қуатын жетілдіру, рухани ләззат аясына мейлінше қол созатын, саулығы мен салауаттылығын бірінші кезекке қоятын тірлік кезеңі алдан шығар деп болжауға болады.

Түптің түбінде адам шын рахатқа бөленер, жанын жай таптырар тірлік аясы осылай елестейді маған. Өмірімізді осы тұрғыдан безбендер болсақ, біздің қоғамда, әсіресе, қазақ қауымымызда осы рухани азықты жоқтау, көксеу мүддесі әлі күнге дейін тым жұтаң екендігіне көзіміз жетеді. Дүние жүзіндегі ең музыка сүйер жұрттың бірі бола тұра, домбыра мен ән-күй тыңдау, айтыс пен терме өлеңдерін қызықтау, теледидардан беріліп жүрген «Тамаша» сынды әртүрлі концерт сахналарын қызықтауды місе тұтып жүргеніміз құпия емес. Театр спектакльдеріне қинала бару, опера тыңдау мен балет көруге аса ден қоймау, бейнелеу өнерінің көрмелеріне, өнер музейлеріне сирек бару дағдысы да әлі қалмай жүр. Әйтседе, бұл салаларда тым олжасызбыз, тым кенже қалдық деп өкінерліктей қалде емеспіз. Намысымызды жанып, қамшылана түссек, замана көшінің алдыңғы легіне шыға келуіміз еш қиын емес...

«Халық кеңесі» газеті,
15 қараша, 1990 жыл

ҰЛТ МҮДДЕСІНЕН ӨЗГЕНІҢ БӘРІ БЕКЕР

Қазақ әдебиетіне көші-қон тақырыбын алғаш рет әкелген жазушы Қабдеш Жұмаділовтің әйгілі қолбасшы Қабанбай туралы жазған «Дарабоз» атты екі кітабын оқырман тарапынан жылы қабылданған болатын. Осы уақытқа дейін қаламынан қалың-қалың 12 том шығарма туған қарымды қаламгер бүгінде жетпістің желкесіне шығыпты. Мерейтой иесімен біз арнайы жолығысып, адам, қоғам, ұлт, мемлекет, қазіргі қазақ әдебиеті жайында ой бөліскен едік.

– Қабдеш аға, мүшел тойыңыз құтты болсын! Жетпістің жүгін көтеру де оңай емес шығар?

– Мүшелтой деген жұрттың назарын бір кісіге аудару үшін керек сияқты. Сөйтіп, оның адами тұлғасын қоғамдағы орнын анықтап, шығармашылық еңбегіне баға беру үшін ойлап табылған шаралардың бірі ме деп ойлаймын. Осы мақсаттан болса керек, газет-журналдардан тілшілер келіп, интервьюлер алып жатыр. Әйтпесе, қартайғанның несі қуаныш дейсің.

– Оқырмандарыңыз Сізді жазушылардың ішіндегі аса зиялы адам ретінде қабылдайтын тәрізді, менің де пікірім сондай. Ал өзіңіз қалай ойлайсыз?

– Түпкі ойыңды түсіндім. Осыдан бес жыл бұрын Мұстафа Шоқай қоры бір конференция өткізді. Онда Алаш зиялылары туралы сөз қозғалды. Маған «Шыңжаңдағы қазақ зиялылары» деген тақырыпта баяндама жасауымды өтінді. Сонда мен зиялы туралы былай дедім: ол – оқымысты дегеннен де басқа. Дипломы бар маман дегеннен де басқа. Әрине, білімсіз адам зиялы бола алмайды. Мәселен, Шыңжаңда бүкіл бір елді соңынан ерте білетіндей зиялы адамдар болды. Солардың бәрі білімі жоқ зиялы адамдар еді. Бірақ олар ел басқарды, ұлттық төңкеріс кезінде қол бастап шықты.

Себебі, олар көзі ашық, көкірегі ояу, ақылды да парасатты адамдар еді. Әр аймақтан шыққан осындай адамдарды мен

санамалап шықтым. Сонау Шәріпхан Төреден бастап Шың-си-сайдың түрмесінде тұншықтырылып өлтірілген мыңдаған қазақ зиялысының он-он бесін қадап-қадап атадым.

Бір сөзбен айтқанда, зиялы дегеніміз өз ұлтына адал қызмет ете отырып, бүкіл адамзат құндылықтарын бойына талғап сіңіре білген адамдар деп түйіндім. Осы талап тұрғысынан қарап баға беру менің емес, қазақ ұлтының міндеті болса керек. Тоқсаныншы жылдардың басында «Қайраткерлер қайдан шығады?» деген мақала жазғаным есіме түсіп отыр. Сонда мен қайраткер кім, қызметкер кім, шенеунік кім деген сұрақтардың біразына жауап қайтаруға тырысқанмын.

– **Сонымен оларды кім деп білеміз?**

– Қызметкер, шенеунік дегендеріңіз тапсырманы бұлжытпай орындап отыратын адам. Мемлекет аппаратындағы жұмыстарға ондайлар да ауадай қажет. Ал, қайраткер дегеніміз – зиялының ішіндегі сұрыпталған адамдар.

– **Күрескерлер деген дұрыс шығар?**

– Иә, солай. Қызметкерге шен, лауазым бергенде ғана оның қолынан бірдеңе келеді. Одан айырылған күні ол ешкім болмай қалады. Ал қайраткер – түрмеде отырса да қайраткер, үйде отырса да қайраткер. Бұл ұғымдарды ажырата білген жөн. Дегенмен нағыз зиялылар бізде аз, ал қайраткерлер мүлдем аз.

– **Бұл сұрақты сізге қойған себебім, әр елдің зиялылары қандай болса, ұлттық идеологиясы сондай болатын сияқты. Ендеше, біздің ұлттық идеологиямыз қазір қандай деңгейде? Жалпы, қазіргі қоғамда ұлттық идеология бар ма өзі?**

– Бұдан он жыл бұрын мен бұл туралы да мақала жазғам. «Қазаққа идеология қажет пе?» деп аталатын. Қажет дегем сонда. Идеясыз, идеалсыз, идеологиясыз мемлекет, халық ескексіз қайықпен бірдей. Ағыс қалай айдаса солай кете береді. Біз бодандықтың бұғауынан енді ғана босаған елміз. Отаршылдық тепкісінде жүрген халыққа идеал не теңім. Жалтақтаумен ғұмыр кешіп, аман жүргеннің өзі олжа болды. Енді өз ұлттық идеологиямызды қалыптастыруымыз керек.

– Ұлттық идеологияны іздеудеміз. Ал оның алтын дінгегі не болу керек деп ойлайсыз?

– Айтып көрейін. Ұлттық идеология – ол өзінше бөлек қарастырылатын білім емес. Бұл бүгінгі тыныс-тіршілігіміздің бәрін – экономика, саясат, әлеуметтік мәселе, ғылым, білім, мәдениет, спорт, тәрбие, бәрі-бәрін қазақ ұлтына қызмет еткізіп, қазақ ұлтының мүддесі тұрғысынан шешілу керек деген сөз. Мысалы, шетелдерде ұлттық идеология бар ма? Бар болғанда қандай. Бірақ, олар бұл жөнінде біз сияқты күнде қақсап айтып жатпайды. Өйткені, ұлттық идеология олардың өмір сүру қалыбына баяғыда сіңісіп кеткен. Мысалы, У. Черчилль «Біз де мәңгілік дос та жоқ, мәңгілік қас та жоқ, тек Британия халқының мүддесі ғана тұрақты» дегені содан. Ататүрік «Түрікке түріктен басқа жоқ» деген. Абай атамыз « Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп кеткен. Осыдан артық қандай ұлттық идеология керек?

– Ұлттық идеологиясы қалыптаспаған елдің ұландарынан патриоттық сезім, Отанды сүю дегенді күтудің өзі де қиын ғой.

– Әрине, Отанды сүю деген ол – тәуелсіз елінің болашағы үшін жан пидаға даяр тұру деген сөз. Ал, Қазақстанның тәуелсіздігі тек қазақтарға керек. Басқалар шекараның ар жағына мұңая телміріп, бұрынғы КСРО-ны іштей аңсап жүретінін несіне жасырамыз.

– Шекараның арғы жағында Қазақстан жаққа да мұңая қарап, іштен тұнып жүрген қандастарымыз қаншама? Осы орайда, әңгімемізді өзіңзге етене таныс оралмандар тақырыбына ойыстырсақ қайтеді?

– Бұл тақырып менің тағдырым. Ішкі стихиям десе де болғандай. Меніңше, оралмандар тақырыбы да ұлттық идеологиямыздың негізгі тірегі екенін түсінетін кез келді. Жер шарының түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен, ұлтымыздың басын біріктіріп, мына ұлан-ғайыр даламызға қайта қоныстыра алмасақ, елдігіміз қайсы?

– Ол далаңыз пышаққа түскен тұлақтай кескіленіп, сатылып жатқан жоқ па?

– Қазақ өз елінде көбейіп, бастары қосылып, аяғынан тік тұрғанша жерді сатпай тұра тұру керек еді. «Жер сату кейінге қалдырылсын!» деп те кезінде мақала жазған едім. Сондағы ойым – шетте жүрген 5 миллионнан астам қазақ өз Отанына келіп, өз жеріне өзі ие болса деген арман еді ғой. Бұл жерде олардың да заңды үлесі бар. Себебі, олардың да ата-бабасы осы жерді қанын төгіп қорғаған. Президентіміз алдағы жылдары қазақ халқының санын жиырма миллионға жеткізу қажеттігін айтты. Табиғи өсімнің мына қарқынымен оған жете алмаймыз. Сондықтан, шетелдегі қазақтарды тез арада бері әкелу керек. Енді бір ұрпақ ауысқаннан кейін шетелдердегі қандастарымыздың өзі бізге жат болып кетуі мүмкін. Ол жақтарда ассимиляция қатты жүріп жатыр. Мәселен, Қытайда былтырдан бастап қазақ мектептері жабылды. Іргеміздегі Өзбекстанда да жағдай мәз емес.

– Ғаламдасу деген ғаламат іргемізге тақап қалды. Мына қалпымен қазақ ұлты оған шыдас берер ме екен?

– Мына күйімен шыдас бере алмайды. Президенттен басқа шенеуніктердің ешқайсысы қазақша сөйлемейтін болды. Өзге ұлт өкілдері енді сенің діліңе де пысқырып қарамайды. Алғашқыда аяқтарын тартып қалып еді. Бәрін өзіміздің іштен шыққан «шұбар жыландарымыз» құртуда.

– Қазақ әдебиетінің қазіргі жағдайы мүлдем қиындап кеткені рас. Өзіңіз мына 12 томдығыңызды қалай шығардыңыз?

– Қаламақы деген көзден бұлбұл ұшты, кітап шығарайын десең, баспалар ақша сұрайды. Төлеген ақшаңа аздаған данамен кітабыңды шығарып береді де, атқұйрығын үзіседі. Сенесіз бе, мен «Дарабоздың» екі кітабы үшін бір тиын да қаламақы алмадым.

– «Дарабоз» сұранысқа ие кітаптардың бірі болды ғой. Одан қалайша пайда түспеді?

– Бізде кітап бизнесі тұралап қалды. «Дарабоз» бес мың данамен жарық көрді де, бір айдың ішінде сатылып кетті. Бірақ, баспалар қайтадан шығармады.

– **Сіз шетелдерде болып жүрсіз, ол жақтағы әріптестеріңіз кітапты қалай шығарады екен?**

– Бәрі сол шетелден көріп келгендер бүлдірді ғой «Қазақстанда алты жүзден астам жазушы бар. Америкада бес-алты ғана жазушы бар екен. Олар- өз кітаптарын өздері сатады. Біздегілер де сөйтсін» деді. Бұл дегеніңіз ұлттық идеологияның түп-тамырына балта шабумен тең. Шын мәнінде, шетелдік жазушылар өте көп және олар кітап бизнесін мықтап жолға қойған. Өз менеджерлері, аудармашылары, тағы басқа салалары мүлтіксіз жұмыс істейді. Солардың арзанқол өнімдері қазір біздің кітап сөрелерімізде самсап тұр. Оқып қарасаң, тек біздің ұлттық идеологиямызға қарсы бағытталған дүниелер болып шығады. Былтыр Испанияның Пауло Коэльо деген жазушысының аударма кітабы осында шықты. Мәскеуден ақшасын аударып, бастырды. Қаламақысын да молынан алды. Өзі де Қазақстанға келіп, жоғары басшылардың қабылдауында болды. Бұл не қылған данышпан деп кітабын оқып көрсем, тұщымы аз дүние көрінді. Е, қайсыбірін айтайын.

– **Қабдеш аға, жетпіске жігіттей жарап жеткен сияқтысыз. Сірә, спортпен де шұғылданасыз ау деймін...**

– Күнделікті жаттығуды үзбеймін. Анау тұрған велоосипедпен таңата бірнеше шақырым жер жүремін.

– **Қазақы әдетпен тамақтанасыз ба әлде, «современный» тірлікке көштіңіз бе?**

– Ұрты майланып, аузын толтырып ет жемесе қазақтың асқазаны уілдеп тұратыны белгілі. Мен де солардың бірімін.

– **Биыл «Парасат» орденімен, «Тарлан» платина сыйлығының бірінші дәрежесімен марапатталдыңыз. Құтты болсын!**

– Рахмет, мұндай сыйлықтармен марапатталған жалғыз мен емеспін. Аздаған еңбегімізді бағалағандары ғой.

– **Әңгімеңізге көп рахмет. Зор денсаулық тілеймін.**

– Өзіңізге де, «Президент және Халық» газетінің ұжымына да мол табыс тілеймін.

«Президент және Халық» газеті,
20 маусым, 2006 жыл

ШЕРАҒАҢНЫҢ БІР АУЫЗ СӨЗІ

1993 жылдың жазында Республикалық Ішкі істер министрлігінің «На страже-Сақшы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары қызметінде жүрген жерімнен «Егемен Қазақстан» газетіне бөлім меңгерушісі болып ауыстым. «Егемендегілер» бұрынғы Бас редакторы Шерхан Мұртаза жайында жылы-жылы әңгімелер айтатын. Ол кісінің жазушылығы өз алдына, журналистика саласындағы еңбегінің өзі бір төбе. Шерағаң қай басылымға басшы болып барса, сол жерде елді елең еткізер жаңа бір тақырыптар бой көтеретін.

Тоқсаныншы жылдардың басында Ш.Мұртаза Жоғарғы кеңестің депутаттығымен қоса «Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторлық қызметін қоса атқарды. Жоғарғы кеңесте көтерілген өзекті мәселелерді Шерағаң ертеңінде-ақ «Егеменнің» бетінде «Бір ауыз сөз» деген айдармен түйіндеп беретін. «Бір ауыз сөзде» ащы шындық мен мұндалап тұратын.

Жоғарғы кеңестің екінші шақырылымы 1995 жылы заңсыз деп таратылды. Оның алдында Қазақстан РТРК төрағасы қызметінде болған Ш.Мұртазаға ешкім қайта қызмет ұсынбады.

1996 жылдың жазы еді. Бір жиналыста Бас редакторымыз Н.Оразалин:

– Білесіңдер ме, Шерағаң «Егеменге» шолушы болып келіңіз деп едім, көнбеді, – деді.

Арада бірер күн өткенде жігіттер Шерағанды әй-шәйға қаратпай, алтыншы қабаттағы менің бөлмеммен қабырғалас бөлмеге әкеліп отырғызды. Міне, осы кезден бастап «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» деген тақырыпта Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов арасында хат жанрындағы замансөз басталып кеткен еді.

Ефрейтор да емес

Алтыншы қабаттағы лифт ашылғанда дәл қарсысындағы ай-қара екі есіктің бірінде менің фамилиям, екіншісінде «Шерхан Мұртаза» деген жазу бірден көзге түсетін. Редакцияға шағым айтушылар бұрындар менің бөлmemнің (Құқық бөлімі) есігін ашса, енді бәрі Шерағаңның есігін күзетіп, кезекке тұратын болды. Шерағаң олардың шерін тарқатып, асықпай тыңдап алған соң, қағаздарын бұрқыратып маған алып келеді.

– Құқық қорғау органдары жайында жазатын осы жігіт. Жаңағы әңгімелеріңді қайтадан айтып берсеңдер, бір нәтиже шығарады, – дейді де, ілбіп басып шығып кетеді.

Бірде Шерағаң бөлмеме жайлап кірді де, қарсы алдымдағы орындыққа жайғасты. Сосын тамағын қырнап алып:

– Әй, баты-ы-р-р! – деді. Мұндай сөзді екiнiң бiрiне айта бермейтiн Шерағаңның көңiлiнде жылу бар екенi байқалады. – Се-е-ен әйгiлi партизан, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтi бiлетiн шығарсың?

– О не дегенiңiз, «Жау тылындағы бала» кiтабын жастанып оқып өстiк қой.

– Ал сен ол кiсiнiң әскери шенi қандай екенiн бiлесiң бе?

– Бiлмеймiн...

Шерағаң сөзiн одан әрi жалғады. Түсiнгенiм: Жеңiстiң елу жылдығы қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағы майдангер жазушылардың бiразына запастағы әскери шендерiн көтеру жөнiнде Қорғаныс министрлiгiне ұсыныс жасапты. Солардың iшiнде Қ.Қайсеновке полковник шенiн берудi сұрапты. Министрлiктегiлер Подольск қаласындағы Ресей қорғаныс министрлiгiнiң орталық архивiне хат жазып, партизан отрядының бұрынғы командирi Қ.Қайсеновтiң соңғы әскери шенi қандай болғанын анықтап берудi сұрайды. Бiрақ, ол жақтан Қ.Қайсенов жайында ешқандай анықтама табылмайды. Бұдан кейiн мұндағылар Қ.Қайсенов жайында «ефрейтор шенi де жоқ қатардағы жауынгер» деген шешiм шығарады. Бұған ашуланған Қ.Қайсенов «Егемендегi» Шерағаңа хабарласады. Шерағаң әдеттегiдей бұл iстi маған қарай ысырып отыр.

Біраз зерттеу барысында жанама деректер арқылы Қ.Қайсеновтің соғыстан кейінгі әскери шені майор екенін, ал әскери қызметі полк командирімен пара-пар болғанын дәлелдеп, Қорғаныс министрлігінің назарына «Қаһарманның қабағы неге кірбің?» деген тақырыпта мақала жаздым. Көп ұзамай Қ.Қайсеновке полковник дәрежесі берілді. Жақсы хабарды ести сала Шерағаң мені Бас редакторға алып кірді. Ертеңгі нөмірде «Ассалаумағалейкум, полковник Қайсенов» деген құттықтау мақала жарық көрді. Шерағаңның бір ауыз сөзі қиын түйінді осылай шешті.

Ғарышкер Жәнібеков қазақ екен

Бірде Шерағаң бөлмеме жайлап кірді де, қарсы алдымдағы орындыққа жайғасты. Сосын тамағын қырнап алып:

– Әй, баты-ы-р-р! – деді. Маңызды бір әңгіме қозғарда Шерағаң сөзді осылай бастайтынына үйреніп қалғам. – Се-е-ен екі мәрте КСРО батыры, ғарышкер Владимир Жәнібеков жайында жақсы білетін шығарсың?

– Әрине, Шераға. Ол жайында көп жазылды ғой...

– Ал оның ұлты кім екенін білесің бе?

Шерағаң сөзін жалғады. Түсінгенім: Владимир Жәнібеков туған жері – Өзбекстандағы Бостандық ауданына келіп жатқан көрінеді. Ал сол жақтағы адамдар Шерағаңа хабарласып, Владимирдің ұлты қазақ екенін және оны өзінен сұрап білудің сәті түсіп тұрғанын айтыпты.

Шерағаң екеуміз Бас редакторға кірдік те, маған Өзбекстанға іс-сапарға бару керек екенін түсіндірдік.

...Владимир төртінші сыныпқа дейін Өзбекстанның Бостандық ауданындағы орта мектепте оқыпты. Бірақ, ол жердегі құжаттардың бірінен де «Жәнібеков» деген фамилия кездеспеді. Естуімізше, оның бастапқы фамилиясы Қрысин болыпты-мыс. Кейін Жәнібекова деген ноғай қызына үйленіп, әйелінің фамилиясына көшкен. Бала кезінде сыныптастары «крыса» деп мазақтай берген соң, осылай жасапты-мыс.

Владимир қазір Шыршықтағы нағашысының саяжайында демалып жатыр дегенді естідік. Келсек, кеше Мәскеуге ұшып кетіпті. Нағашысы көп сөзге жоқ адам көрінеді. «Әкесі ерте қайтыс болды. Крысин деп өз фамилияма ауыстырып алғам. Төртінші сыныптан кейін Ташкенттегі Суворов мектебіне бердім. Әскери училище бітірді. Кейін ғарышқа ұшты» дегеннен басқаға бармады.

Қайтар сәтте Владимирдің әкесі делініп жүрген Жәнібековтің нағашы әпкесімен жолықтым. Ол кісінің берген дерегі:

«Жиен інімнің фамилиясы – Жәнібеков» деді де, өзінің және жиен інісінің есімін газетте көрсетпеуді өтінді.

Жиен інісі жас кезінде «Бостандықтағы» жылу орталығында от жағушы (кочегар) болып істейді. Кочегарканың келесі бір бөлмесінде кір жуылатын (прачечная). Сол жердегі бір орыс қызымен танысып, ақырында үйленеді. Сәби дүниеге келеді. Атын Володя (Владимир) деп қояды.

Жиен інісі кейін трактордың құлағына отырады. Бірде жұмыстан келіп, тракторын үйдің іргесіндегі күнделікті орнына қоя бергенде, тежегіші ұстамады ма, әлде байқамады ма, сәл ғана әріректегі терең жыраға төңкеріліп кете барады. Сөйтіп, көз жұмған. Бұл кезде Володя бастауыш сыныптың шәкірті. Өкінішке қарай, біраздан кейін шешесі ішкілікке салынады. Жеткіншек төртінші сыныпты бітірген жылы Ташкенттегі нағашысы өз қолына алып, Суворов атындағы әскери мектепке орналастырады. Бары осы.

Бес қыз тәрбиелеп өсірген Жәнібековтің нағашы әпкесі мына бір оқиғаны да есіне алды:

– Владимир Жәнібеков ғарышкер атанғаннан кейін туған жеріне келді. Киіз үй тігіліп, кіреберісте ұлттық киім киген қыздар тізіліп тұрады. Олардың арасында кіші қызым да бар еді. Владимир осы қыздың жанына келгенде тоқтап, бетінен сүйеді. Құдай бірдеңені сездірді ме кім білсін? Киіз үйден шыққан соң өзінің өскен үйін көргісі келеді. Ол үй қаңсып, ауыл шетінде бос қалған. Келді де тоз-тозы шықан ескі тамға қарап көзіне жас

алды. Сосын бірден Мәскеуге ұшып кетті. Ташкентке баруға тиісті екен, ешқайда бұрылмапты...

Осы жағдайларды Шерағаңа айтқанымда:

– Кейін Владимир Жәнібековпен жолықсаң, өзінен сұрап барып бұл жайында жазарсың. Әзірге ерте, – деп бір ауыз сөзбен ойын түйіндеді. Бірақ Жәнібековпен жолығудың сәті түспеді.

Түсімде жылап оянамын

Шерағаңның қарамағында істегендер ол кісінің жұмыс барысындағы мінезі өте қатал екендігін жиі айтады. Ал жай уақыттағы мейірімі қандай екендігі жоғарыдағы мысалдардан-ақ көрініп тұр. Өзінен кішілермен сәлемдесуі де ерекше. Ұната-тын адамының алқанына алқанын шарт еткізіп тастап жібереді. Сол шарт еткен шапалақты да сағынады екенсің.

Шерағаң «Егеменнен» Парламентке депутат болып кеткеннен кейін кездеспедім. «Ай мен Айша» кітабын жиі қолыма аламын.

Бірде теледидарды қосып қалсам, Шерағаң туралы хабар жүріп жатыр, бірақ аяқталып қалыпты. Күзгі бақта, орындықта жалғыз отыр. Басында баяғы самбреро шіләпісі. Үстінде сұр пальто, аспан да сұп-сұр.. Қолындағы таяққа сәл сүйеніпкірейді. Еңсесі түсіңкі. «Түсімде жылап оянамын. Жетімдік өтіп кеткен!» деді мұңайып. Есімде соңғы осы бір ауыз сөзі ғана қалды. Одан кейін өзі де көп ұзамады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
20 қазан, 2022 жыл**

КҮРДЕЛІ ДЕ ҚАРАПАЙЫМ АДАМ

Белгілі қаламгер Нүри аға – Муфтахтың қаламынан туған шығармалардың дені – құқық қорғау, заң тақырыптарына арналған. Әділдіктің ақ туын желбіреткен Нүри ағасыни мақалалары арқылы талай жанның тағдырына араша түсіп, оқырманның көңілінен шыққаны даусыз. Бүгінде алпыстың асуына шыққан мерейтойымен құттықтап, қаламыңыз қашан да жүйріктігінен танбасын деген тілекпен журналист С.Жұмабекұлының ардақты аға жайлы аз ғана толғанысын ұсынамыз.

Нүри Муфтах ағамыз 60 жасқа толды. Ести сала алдымен телефонмен құттықтадым. Кездескен сәтте қолын алып құттықтадым. Нүрекең алпысты мойындағысы жоқ. «Қырыққа толдық қой, мен өздеріңмен жасты емеспін бе, – дейді қалжыңдап, – шашым бурыл тартқаны болмаса, сендерден қай жерім кем?»

Бұл сөзді шәкірттері – Қ.Біләл мен С.Сүндетқазы және маған қаратып айтып тұр. Үндей алмай, күмілжи бердік. Шынында Нүрекең біздің арамызда жүргенде ол кісінің жасын ұмытып кететін сияқтымыз. Кәдімгідей қалжыңдасамыз. Еркелегіміз келгенде «Қара шал» дейміз. Оған ол тіпті де ренжімейді. Қайта көңілдене түсіп, небір әзілдерді төгіп-төгіп жібереді. Жүрісі ширақ, қимылы шалт Нүрекеңді сыртынан қараған адамға «Мына кісі алпыста» десең, құдай біледі сенбейді.

Мынадай бір ащы шындықты оның шәкірттері қаласа да, қаламаса да мойындауларына тура келеді. «Аттың артқы тұяғы алдыңғы тұяғынан асып түспесе, ол тұлпар болмайды» деген нақыл бар. Сондай-ақ, «Ұстаздан шәкірт озған» дегенді де айтқан біздің халық қой. Бірақ Нүрекеңнің шәкірттерінің маңдайына бұл жазылмаған. «Аттыға ілісем деп, жаяудың таңы айырылыпты» дегендей, Нүрекеңе ілесемін деп қанша шапқылағанымызбен ол әзірге бізге шаңын көрсетер емес.

«Егемен Қазақстанда» қызмет етіп жүргенде әр нөмір сайын бір мақаласы шықпаса ауырып қалатын Нүрекең қазір бұрынғыдан да үдете түсуде. «Көкбозат қартайғанда жорға шықты» дегендей, кейінгі кезде Нүрекең орыс тілінде де көсілте жазатынды шығарды. Қарап тұрып сүйсінесің.

1994 жылдың шілде айында Нүрекең аяқ астынан Шымкентке қызметке ауысты да, «Егемен Қазақстандағы» орнына мен тағайындалдым. Нүрекең кетерінде басшыларға мені өзі ұсыныпты. Ол кісінің орнын басу өте қиынға соғатынын сезсем де келістім. Келіскенім не керек, міне күні бүгінге дейін Нүрекеңнің «қамшысының» астында келе жатырмын. Кездесе қалса: «Осы не бітіріп жүрсіндер? Фамилияларыңды газеттен анда-санда ғана көріп қаламын» деп ұрсады. Әр түрлі себеп айтамыз. Қолды бір-ақ сермейді. Көңіліне карамайды, қай жерде болсын бетіңе айтып салады.

1995 жылдың көктемінде Сарыағашқа демалуға бардым. Бір күні салып ұрып қызмет көлігімен Нүрекең жетіп келді. Облыстық «Заң және заман» газетінің бас редакторы болып жүрген кезі. Жеңгеміз арнайы беріп жіберген қазы-қарта, тағы басқа тағамдарды үстелге жайып салды. Көрші бөлмеде араласып жүрген бірер азаматтарды шақырып, ұстазыммен таныстырып, төбем көкке жеткендей болып мен жүрмін. Дастарқан басындағылардың бәрі орыс тілді адамдар еді. Біраздан кейін біреуі:

– Қалай, шәкіртіңіз көңіліңізден шыға ма? – деп сұрады.

Нүрекең сәл ойланып отырды да:

– Шындығын айтайын ба? – деді. Ішім қылт ете қалды. Бірдеңені бүлдіретінін сезіп отырмын.

– Жоқ! – деді. – Бір айда сүйсініп оқитындай үш-төрт мақала береді. Қалғандары майда-шүйде бірдеңелер. Сол бола ма екен. Бұлар дегенің «Егемен Қазақстанды» құқық тақырыбына жазатын газетке айналдырып жіберетін азаматтар емес пе...

«Ал ендеше, өзі маған құрмет көрсету үшін сонау жерден арнайы келіп отырып, енді мына адамдардың көзінше жер қылғаны-ай!». Сыртқа шыққаннан кейін осы ойымды айтсам:

– Енді, шындығы солай ғой, – деп қарап тұр.

– Әй, қара шалым-ай, осы мінезіңнен ғой біраз адамға ұнамай қалатының, – деймін оны құшақтап.

Нүрекең Шымкентке ауысып кеткеніне 20 шақты күн өткен. Бір күні таңертең жұмысқа келсем, гу-гу әңгіме желдей еседі.

– Сенің ағаң бүлдіріпті ғой, естідің бе? – дейді жігіттер.

– Е, не қылыпты?

– Кешегі «Хабарды» көрген шығарсың. Өзі 18 жыл жұмыс істеген жерден кете салысымен оны жамандағаны несі?

Дәл сол күні «Хабарды» көрмегем. «Қара шал тағы не бүлдірді?» деген ой көкейімнен кетпей қойды. Бір күні өзімен жолығысып қалдым.

– Шал, жігіттер саған ренжулі ғой (өзімсінгенде ол кісіге осылай сөйлеймін), «Егемен Қазақстан» туралы теледидардан не айтып едің?

– Не айтушы едім? Бұрын да жиналыстарда айтып жүрген кемшіліктер жөнінде пікір білдірдім. Сұрақ солай болды. Газетте қате кететіні рас па, рас. Жігіттердің кейде салақситыны рас па, рас. Өзімнің ең жемісті жылдарымды өткізген «Егемен Қазақстан» үшін қашан да жаным ауырады. Ол туралы мен қалай айтпаймын. Ренжігендер ренжи берсін, енді қайтеміз, – деп Нүрекең сол пікірінен қайтпайтынын аңғартты.

«Жақсы адамның өкпесі шәйі орамал кепкенше» деген емес пе. Нүрекеңнің тура мінезін түсінетін жігіттер біраздан кейін бәрін ұмытты. Нүрекең де аңқылдап күнде бір мақаласын редакцияға әкеліп береді (ол кісі қазір Бас прокурордың аға көмекшісі). Сосын сол мақала жарық көргенге шейін ешкімге тыныштық бермейді. «Неге кешіктіріп жатырсындар?» деп шәкірттеріне өзімсіне ұрсып тастау ол кісі үшін түк емес.

Өткен айда бір мақаласын газетке дайындап отырып, кейбір тұстары асығыстау, үстірттеу жазылғанын байқадым. Таза алтынның құрамында да қоспа кететіні сияқты, небір мықты журналист-жазушының осалдау шығатын туындылары бола беретіні заңды құбылыс. Мақаласының кемшілігін соңғы жағына жазба-

ша түрде көрсетіп, өзіне қайтарып жібердім. Сәл өңдеп, газетке басуға да болар еді. Бірақ «шалды» бір сынап көргім келген. Солай етуін етсем де «шынымен-ақ ренжіп қалса қайтемін?!» деген күдік көкейіме келе бастады. Бірде «Заң және заман» журналының бас редакторы Самат Ыбырайымовтың бөлмесінде ұшырасып қалдық. «Досымның алдында ұялтатын болды-ау!» деген оймен қолымды кипалақтай ұсына бергенім сол еді:

– Бала, менің кемшілігімді өте дұрыс көрсетіпсің. Ол өзі бір демде жазыла салған нәрсе еді, – деп Нүрекең кәдімгідей ақталып жатыр. – Біздің жазу әдісіміз кейбіреулерді жалықтырған да шығар. Сендердің қалам өрнектерің басқашалау. Бұл – өмір заңы ғой, – деп ол кәдімгідей ойлана сөйледі. Ұстазым мені ептеп болса да мойындай бастағанына іштей желпініп қалдым.

Бірақ, мен оған қызыға қарадым. Күресе кетсе қазірдің өзінде қырық жігітті алып ұратындай Нүрекеңнің бойы толған күш-қуат. Қалам сілтесі жойқын. Мінезі мың қырлы. Бұрын танымайтын адам ол кісінің жанына жолай алмайды. Алыстан қарағанда түсі өте суық. Ал жақын келіп, жүрегіне үңілсең, күннен де ыстық. Біреулер үшін өте күрделі, біреулер үшін өте қарапайым. Ақыл айтса – дана, әзілдесе – бала. Әділдік, шындық үшін жанын қиюға даяр. Көлгірсігенді кешірмейді. Сол үшін де көп адамға ұнамайды.

Өзінен аумайтын бір ұлын көргем. Жеңгемізді де білем. Өте нәзік жанды адам сияқты әсер еткен. Әдетте, батыр адамдардың жарлары сондай болып келеді ғой. Табиғат заңы, тартылыс заңы бойынша да солай.

Нүрекең туралы әлі талай қызықтарды жазуға болар еді. Мерейтойында құрғақ мақтай бермей, ағамыздың кісілігі мен кішілігі жайында бір үзік сырды ортаға тастадық. Ал ол кісінің шығармашылығы жөнінде, өмір жолы жөнінде айтар толымды әңгіменің орны бір басқа. Аманшылық болса, ол жайында да жазармыз. Бәріне уақыт төреші..

«На страже-Сақшы» газеті,
10 қазан, 1996 жыл

ӘДІЛЕТТІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

Тоқсаныншы жылға дейін «Социалистік Қазақстан» газетінде «Нүриден Мүфтахов» деген атпен фельетон жазатын әріптес ағамыз бір күні «Нүри Мүфтах» деген авторлық қолтаңбамен газет бетінде жарқ ете қалды. Оған сол кездегі өзгерістер ықпал етті. Газеттің аты да «Егеменді Қазақстан» болып өзгерді. Оның бас редакторы Шерхан Мұртазаев та ата-тегінен «ев» жұрнағын алып тастады. Басқа журналистер де сол үлгіге көшті.

Горбачевтің «демократиясы» да өз «жемісін» бере бастаған кез. Бұған дейін жабық мекемелердің қатарынан саналатын құқық қорғау органдары жариялылыққа жол ашты. Сыни мақалалар әр басылымда жиі жарияланады. Міне, дәл осы тұста Нүри Мүфтах сот, прокуратура, тергеу істеріне қатысты журналистік зерттеулерді үдете жазды.

«Халық Кеңесі» газетінде құқық бөлімінің меңгерушісі болып істейтін мен де Нүри Мүфтахтан сырттай үйрене жүріп, сол кісінің стилінде мақала жазуға тырыстым. Бірақ Нүрекеңнің деңгейіне жету үшін әлі алыс еді.

Сын садағын көбінесе судьяларға қарай бағыттайтынбыз. Себебі судьялар қылмысты дәрежелеу кезінде тергеу ізімен кетіп қалатын. Қателесушілік, сараптама жұмыстарына мән бермеу, куәларды, дәлелдемелерді толық ескермеушілік тәрізді кемшіліктерге жиі жол беріп алатын. Ал арыз-шағымдарға журналистік зерттеу жүргізу барысында мұндай заңсыздықтар Нүри Мүфтахтың қырағы көзінен тыс қалуы мүмкін емес еді. Қылмыстық іс жүргізу кезінде тергеуші, судья тарапынан жіберілген олқылықтар Нүридің мақаласында егжей-тегжейлі талданып, газет арқылы көпшілік назарына ұсынылғанда, азуы алты қарыс заңгерлердің өзі тыпыр ете алмай қалғанына талай рет куә болғанбыз. Ол жайындағы әңгіме кейінірек.

Мен Нүри Мұфтахпен алғаш рет 1992 жылы Ішкі істер министрлігінің «На страже-Сакшы» газетінде бас редактордың бірінші орынбасары болып жүрген кезімде жүзбе-жүз кездестім.

Жұмыс аяғында бас редакторға кірсем, ол кісінің алдында Нүри Мұфтах отыр. Бурыл қою шашын артқа қарай тарап, кара көзілдірігін ешқашан шешпейтін Нүрекеңді баспасөз мәслихаттарында сырттай көргенім болмаса, қол алысып тұрғаным осы. Бас редактор мені таныстырды.

– Ә... Жұмабекұлы деген сен бе едің. Дұрыс бала... «Халық Кеңесіндегі» мақалаларыңды оқығам. Осы бетіңнен тайма! – деді де, екеуара әңгімелерін жалғастыра берді. Бастығыма кейін кіретінімді меңзеп, шығып кеттім. Дегенмен, мені білетініне, жазғандарымды оқитынына көңілім көтеріліп қалды.

Тағдырдың жазуымен 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне қызметке ауыстым. Басында сектор меңгерушісі деген, жеме-жемге келгенде Ақпарат бөліміне аға тілші етіп қабылданды. Мұнда он сегіз жылдан бері Құқық бөлімін басқарып келе жатқан Нүри Мұфтах өз карауында екі тілшісі бола тұра, маған кейбір хаттарды тексертіп, сын мақала жазып беруімді өтінетін.

1994 жылдың 2 шілдесінде кезекті бір іссапардан кейін жұмысқа шыққаным сол еді, бас редактор шақыртты. Ол кісіден естігенім – Нүри Мұфтах Шымкент облыстық сотының «Заң және Заман» газетіне Бас редактор болып кетіпті. Кетерінде орнына мені ұсыныпты. Бас редактордың өзі де осы ұсынысты қолдайтынын жасырмады. «Құқық бөліміндегі мүйізі қарағайдай екі жігіт тұрғанда қалай болар екен?» деп күмілжи бастағам. Мұнымды ол кісі «скромность» деп түсінді білем, көзімше бұйрыққа қол қойды.

Нүрекең құқық қорғау қызметкерлерін сынаған кезде кейіпкерінің арына, жеке басына тиіспей, кемшілікті нақты дәлелдермен шырмап алатын да, соңында ешқайсысы тыпыр ете алмайтындай етіп матап тастайтын. Соған қарамастан сыналған адамдар журналистерді сотқа беруді әдетке айналдырып алды. Нүри ағамыз да талай рет соттасқанын бүгінде көпшілік біле бермейді.

Мұндай жағдайлар менің басымнан да талай рет өтті. «Өрімдей қыздың өлігін қорлап...» деген мақаламда жас қызды зорлаған, сосын қинап өлтіргендерімен қоймай, денесін шіліңгір ыстықта Қызылорда қаласынан 200 шықырымдай жерге апарып, көмбей-ақ лақтыра салған қылмыскерлер сот залында жазадан құтылып кетіпті. Арызданушылардың айтуына қарағанда, онсыз да ит пен құсқа жем болған қыздың денесін Алматы мен Қызылорда арасында сот сараптамасынан өткізу үшін қайта-қайта тасып, құқық қорғаушылар марқұмның ата-анасын қасірет құрсауынан шығармай отырған көрінеді. Осы істі әбден зерделегеннен кейін, қылмысқа қатыстылардың аты-жөндерін атап тұрып, шешім шығарған судьясымен қоса сынға алдым. Мақаланың айдарын «Бас прокуратураның назарына!» деп көрсеттім. Іс бұзылып, қайта қарауға жататынын дәлелдеп бақтым. Мұны оқыған Нүрекең сол күні Шымкенттен телефон шалып, ризашылығын білдірген.

Көп ұзамай Медеу аудандық прокуратурасынан шақырту алдым. «Өрімдей қыздың...» деп аталатын мақаламдағы жайт-тарға қатысты кезінде істі қараған, шешім шығарған облыстық соттың судьясы үстімнен қылмыстық іс қозғау жөнінде прокуратураға арыз түсіріпті. Келсем, прокурор нағыз қылмыскерді ұстағандай жұлқынып отыр. «Судьяның шешіміне қарсы пікір айтуға қандай хақың бар? Судьяның жеке басына неге тіл тигізесің? Анау сөзді, мынау сөзді қандай дәлелдерге сүйеніп жаздың?» деп дүрсе қоя берді. Дәлелдей алмасан, қамауға аламын дегендей ызғар танытты. Сол жерде түсініктеме жаздым. Келесі күні тағы шақырды. Шақыру жиілей түсті. Байқаймын, қағаздар көбейіп барады. Үстелдің бір бұрышында, сыртында «Қылмыстық іс» деген жазуы бар қатырма қоржынға қараудың өзі қорқынышты. Буаз сиырдай күн сайын бүйірі бұлттия түсуде. Іс насырға шапқанын сездім. Шымкенттегі Нұри Мұфтахқа хабарласып, мән-жайды түсіндірдім.

— Бала, қорқатын ештеңе жоқ! — деп, мені біраз жігерлендіріп алды да, қай жерден қандай заңдарды, қаулыларды,

комментарийлерді, тағы басқа құжаттарды қарау керектігін құлағыма құйды, біраз ақыл-кеңестер берді. Азаматтық іс болса бір сәрі, қылмыстық іс дегенің түрмеге бастар жол екені белгілі. Іштей толқып отырғаным рас еді. Соны сезіп қойған Нүрекен:

– Егер іс тіпті күрделеніп бара жатса, дереу телефон шал. Барамын! Қоғамдық қорғаушың болып іске тікелей араласамын! Ең алдымен «Егемен Қазақстан» газетінің намысын, беделін қорғау керек! – деді.

Осыдан кейін ғана мойнымнан бір жүк түскендей, бойыма қайтадан күш-қайрат құйылғандай күй кештім. Сол күш-қайраттың арқасында прокуратурадағы маған қатысты қозғалған істі «қылмыстық белгісі жоқ» дегізіп, жапқызып тындым. Со-сын дәл осы тақырыпқа қайта оралып, тағы сын мақала жаздым. Ақырында бастапқы сот шешімі бұзылып, басқа судьяның қарауына берілді. Қылмыскерлер жазасын алды.

ҚазҰУ журналистика факультетінде оқытылатын «Құқықтық журналистика негіздері» атты салалық пәндегі «апелляциялық негізде, кассациялық негізде сын мақала жазу әдістері» деген қағидаттар осы соттасу тәжірибесінен туған. Бұл әдістерді де Нүри Мұфтахтан үйренгем.

Қазіргі қазақ журналистикасындағы құқық тақырыбы аясында Нүри Мұфтах мектебі қалыптасқанын да баса айтуға тиістімін. Ал мұндай мектеп алыс-жақын шетелдерде де жоқ десем, екінің бірі сене қоймауы мүмкін. Журналистика факультетіне шетелдерден келіп дәріс оқитын құқықтанушы оқытушылармен тәжірибе алмасу барысында бұған көзім әбден жеткен. Бұл – жалғыз Нүри Мұфтахтың ғана емес, бүгінде 100 жылдығын тойлап жатқан «Егемен Қазақстан» газетінің де өзіндік мектебі екендігі рас.

Нүри Мұфтахтың артында бірнеше томға арқау болатындай шығармалары қалды. Көзі тірісінде соларды кітап етіп шығаруға да қолы тимеді. «Мен кітап шығарам деп жүріп алсам, заңсыздықтан жапа шеккендердің құқығын кім қорғайды?» деп қолын бір-ақ сілтегені де есімде.

Өзі дүниеден өткеннен кейін 2003 жылы жарық көрген кітабына алғысөз жазған, сол кезеңдегі Жоғарғы Сот төрағасы Тамас Айтмұқамбетов былай депті: «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы қызметінде жүргенімде Нүрекеңмен жұмыс бабында жиі араластым. Сот шешімінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс деген мәселеге келгенде кез келген судьямен, тергеушімен терезесі тең сөйлесетініне талай рет куә болдым. Хат ізімен Жоғарғы сотқа да талай сауал жолдап, әділдіктің салтанат құруына күш салған. Нүрекең екеуіміз қанша жерден пікірлес, жолдас болсақ та нақты іске келгенде ол өз принципінен таймайтын. «Ер шекіспей, бекіспейді» демекші, екеуіміздің ренжіскен сәттеріміз де аз емес. Бірақ ол мұны тек жұмысқа қатысты деп білетін. Осы қасиеті мені тәнті ететін».

Нүри Мұфтах 2002 жылы 16 қараша күні, бар-жоғы 66 жасында жол апатынан қайтыс болды. Тағы да сол арыз-шағымдарды тексеріп, Алматыға қайтып келе жатқан беті екен...

Қабір басына жиналғандардың алдында белгілі журналист ақсақал Сарбас Ақтаев мынадай қаралы сөз айтты: «Атағы алты алашқа аян Ақан сері қайтыс болғанда, қазақтың тұңғыш кәсіби экономисі Мәмбетәлі Шөбеков: «Мың кісілік Ақан аға-ай, бір кісінің өлімімен кеттің-ау!» деп жылапты. Сол сияқты жалғыз өзі жүз журналиске лайық Нүри Мұфтах та бұл жалғаннан бір адамның өлімімен кетіп барады!..»

Мен де сөйлейін деп оқталғам, бірақ ішкі дүниемді алай-дүлей еткен бір сезім салдарынан көз алдым бұлдыраған сағымға толды. Мына қалпыммен ештеңе айтып жарытпасымды білдім. Білдім де көпшілік арасынан ақырын сытылып шығып, тістенген қалпы Кеңсай қырқасында қалқиып тұрған машинама қарай кете барғам.

«Егемен Қазақстан» газеті,
20 қараша, 2019 жыл

ІНІЛЕРДЕН ІЗЕТ

Шынымды айтсам, мерейтойларға немесе жеке адамдарға арнап мақала жазуға онша құмар емес едім. Себебі той иесін қалайда қисынын тауып мадақтауың керек. Осының арқасында өзінді де жақсы жағыңнан көрсетіп қалуына болады. Бірақ бұл жолы шын көңіліммен қолға қалам алдым. Марат Тоқашбаевтың 60 жылдық мерейтойы 2009 жылдың 27 қарашасында Жазушылар одағында аталып өтетінін таяуда өз аузынан естідім. Сол жерде құттықтағам. Тұтастары мен жасы кіші інілері баспасөз беттерінде жылы лебіздерін де жеткізіп жатты. Мәкең туралы жазуды мен де ойлап жүргем. Бірақ бастыққа жағымпазданғандай болмайын дедім де, «Ағамыз ұзақ жасасын, жетпісі мен сексені, тоқсаны мен жүзінде де жазатын адамдар табылуы керек қой» деп, өзімді кейінгі кезекке қойғам.

Жақында «Ана тілі» газетінің бас редакторы Самат Ибраим телефон шалып, Мәкең жайында мақала жазып беруімді өтінді. «Мәкеңмен өздерің де талай жыл қызметтес болдыңдар емес пе?» деп сипақтай бастап едім:

– Мәкеңді бәріміз жақсы білеміз, жақсы көреміз. Бірақ жаныңда көптен бері жүрген сенсің ғой!– деп бастырмалата жөнелді.

Сөзіне қарағанда, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Жұмабек Кенжалин де бұл істі маған тапсырғанды жөн деп санаған сыңайлы.

Иә, 1992 жылдың 24 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық кеңесі» деген газет ашылды. Бас редакторы – белгілі қаламгер Сарбас Ақтаев. Бас редактордың бірінші орынбасары – Жұмабек Кенжалин. Жауапты хатшы – марқұм Басқар Битанов деген досымыз еді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ғимаратының төртінші қабатынан газетке кеңселер бөлінді. Самат екеуіміз

тілшіміз. Менің бөлім меңгерушім – Марат Тоқашбаев. Шағын бөлмеде қарама-қарсы қарап отырмыз. Сырттай аты-жөнін естігенім болмаса, ол кісімен жүзбе-жүз кездеспеппін. «Мәкең-өте қарымды журналист. Біраз нәрселерді үйреніп ал» деген Жұмабек оңашада. Бөлім бастығым жанталаса жұмысқа кірісіп кетіпті. Кіріп-шығып жүріп бетіме барлай қарап қояды. Мен үнсіз отырмын. Түске дейін уақыт осылай өтті. Әзірге ешқандай тапсырма берер емес. Ол кезде бет-аузыма түгелдей сақал қойғанмын. «Мына түксиген түсіме қарап, қалай сөйлесудің ретін таппай жүр ме?» деген ой келе бастады.

– Мәке, мен осы уақытқа дейін әдеби баспада қызмет еттім. Газеттің қара жұмысынан қол үзіп қалғандаймын. Сондықтан, сіздің кез келген тапсырмаңызды қалт етпей орындауға әзірмін. Жасым да сізден көп кіші. Тепкілеп жұмсай беріңіз,– дедім бір реті келген сәтте.

– Бәрекелді, бірден басын ашып алғанымыз жақсы болды!– деді де, үстелінің үстінде қобырап жатқан жатқан қағаздарды ақтара бастады.

– Ал, Секен, мына хаттарды дайындап бере ғой!

Серік демей, бірден Секен дегені жүрегіме жылы тиді. Жұмысқа барымды сала кірістім. Кіріскенімді қайтейін, дайындап ұсынған материалымды Мәкең қып-қызыл ала етіп өзіме қайтарып берді. Мұны күтпеген менің маңдайымнан суық тер бұрқ ете қалды. Намыс пен ұят қысып барады. Дегенмен, сыр бермеуге тырыстым. Мәкеңнің қолы тиген тұстарды мұқият қайта қарап шықтым. Бәрі орынды. Бір ыңғайсызы – енді мына хаттарды қайта бастыру.

Машбюрода отырған Нұрбибі мен жаңа ғана бойжеткен Айгүл (тым ерте марқұм болып кетті) қарындастан қатты ыңғайсызданам. Дегенмен, баспадағы редакторлық тәжірибенің арқасында Мәкеңнің жазу тәсіліне де төселіп алдым. Алдына апарған қағаздарға қаламын тигізбеуге тырысамын. Мәкең құптаса бітті. Жүкең мен Сәкендер бірден басуға қол қояды.

Апталық газет біртіндеп қанатын кеңге жая бастады. Біздің бөлімге тілші болып Талғат Сүйінбаев, Серғазы Мұхтарбеков

деген жігіттер келді. Мәкең оларды да жақсылап «шыңдауға» кірісті. Қандай жағдайда да қабақ шытпайтын, дауыс көтермейтін, салмақты да сабырлы Мәкеңнің айтқанын ешқайсымыз екі етпеуге тырысатынбыз. Тіліп айту үшін біліп айту керек екенін де Мәкеңнен үйрендік.

Біріер аптадан кейін Желтоқсан көтерілісінде жазықсыз жазаланғандарды ақтау жөнінде бас көтерген біраз азаматтар Жоғарғы Кеңестің алдында аштық жариялады. Бұрын мұндайды көрмеген қазақстандық баспасөз өкілдері ол жайында қалай жазарларын білмей, абдырап қалды. Ешқайсысы тырс етер емес. Компартияның қылышынан әлі қан тамып тұрған кез. Соған қарамастан бас редакторымыз Сарбас Ақтаев «жазу керек!» деді. Біз жалтақтап, ішіміздегі үлкеніміз Марат Тоқашбаевқа қарадық. Арамыздағы ересек деген Мәкеміздің өзі әлі қырыққа да толмаған жап-жас жігіт екен-ау сол кезде.

Аштық жариялаушылардың жанына баруға депутаттардың да жүрегі дауаламай, анадайдан айналып өтуде. Ал біздің Мәкеңнің қолында қағазы мен қаламы. Жайма төсектерде ауыздарын ақ дәкемен байлап алып, шалқасынан жатқан жігіттердің бас жақтарына жайғаса отырып алып, әрқайсысын сөзге тартуда. Ертеңінде «Ашынғаннан аштық жариялау керек пе?» деген мақала «Халық Кеңесі» газетінде бұрқ ете қалды. Осыдан кейін басқа басылымдар бұл тақырыпты іліп ала жөнелді. Депуттатар да аштық жариялаушылармен тілдесе бастады. Нәтижесінде Жоғарғы Кеңес сессиясы Желтоқсан құрбандарын ақтау жөнінде арнайы қаулы қабылдады.

Бір күні «Қытайлар жүр көшенде» деген мақаласы газетімізде жарыланды. Иә, тоқсаныншы жылдың басында-ақ осындай дабыл қағылғанын бүгінгі жастар біле бермеуі мүмкін. Бәріміз елең ете қалыстық. Көп ұзамай Мәкең «жауапқа» шақырылды. Халықаралық мәселенің жіңішке қылын қаттырақ шертіп жіберіпті-міс.

Ұлттың ішкі бірлігі дегенде Мәкең ішкен асын жерге қояды. Марқұм Басқар Битанов газеттің алғашқы сандарының бірінде

«Рушылдығың емес, рухың күшті болсын!» деген мақала жазды. Мәкең осы тақырыпты одан ары тереңдетіп, бір жыл бойы оқырманар мен арнайы мамандардың пікірін ұйымдастырудан жалықпады. Бөлім қызметкерлеріне осы тақырыпқа тапсырмаларды жиі беретін.

Сол тоқсаныншы жылы, яғни кеңестік үкімет кезінде Мәкең Орталық мешіттегі жұма намазынан қалмайтын. Ретті жерінде Құран сүрелері мен аяттардан ғибраттар айтады. Ұйып тыңдаймыз. Мемлекеттік мекемеде бұлай сөйлеуге болмайтын сияқты. Сөйтсек, Мәкең о баста-ақ діндар адам болып шықты. Осы уақытқа дейін маңайындағы талай інілерін Құдайдың хақ жолына түсірді. Ешкімге өз көзқарасын тықпаламай-ақ ұйыта білетін бір қасиеті бар. Алайда мені дін жолына тарта қойған жоқ. Өзірге оған толық дайын еместігімді көзімнен-ақ таниды-ау деймін.

Қиғаштау келгенім-ай!...

Тоқсаныншы жылы дүкен сөрелері бос қалып, іздеген дүниенің бәрі зәрулікке айналды. Әр ауданның тұтынушылар одағы мекемелерге талон арқылы дүкенде жоқ дүниелерді таратады. Біздің редакцияға киім-кешектермен қоса бір тоңазтқыш, соңғы үлгідегі бір телевизор, тағы басқа тұрмыстық заттар келді. Бұларды ұжым мүшелеріне теңдей үлестіру міндеті кәсіподаққа жүктелді. Кәсіподақ төрағасы – Марат Тоқашбаев. Байқаймыз, жақсы бұйымдар пышақ үстінен бөлініп кеткен тәрізді. Біздегі бір-екі тілшінің үйінде телевизор мүлде жоқ екенін де білетінбіз. Менің де «Рекорд» деген ескі телевизорым сынып тұрғалы бір жылдан асқан. Ендеше, телевизор алдымен соларға берілуге тиісті. Тегін емес, әрине ақшасына.

Әділетсіздікке бірінші болып мен қарсы шықтым. Бастығым болса да М.Тоқашбаевқа бірінші рет қиғаштау келгенім осы. Мәкең бұрынғы шешімді бірден өзгертті. Заттарды әркімнің зәрулігіне қарай бөлуге тырысты. Ал телевизорға кәдімгідей талас туды. «Жеребевка» тастайтын болды. Мен оған қатыспайтынымды ашық айтып, далаға шығып кеттім. Басқалар алсын дедім. Әйтпесе, өзім үшін өңеш жыртқандай көрінетінім анық.

Темекімді бұрқырата сорып, есік алдында жүргем. Серғазы Мұхтарбеков пен Талғат Сүйінбаев жүгіріп келді.

– Ойбай, жүр, қызық! Телевизор шықпай жатыр. Оншақты адам қатысты. Нұрбибі екеуің ғана қалдыңдар. Ол қорқып, қағазды алмай отыр,–деді де, сүйрей жөнелді. «Мен ойынға қатыспаймын!» деп табан тірей кері шегінгеніме қарамастан, ішке бір-ақ кіргізді.

Үстел үстінде шиыршықтала бүктелген екі қағазды бәрі қау-малап алған. Мәкең біреуін алуымды өтінді. Қарамастан біреуін қалтама сала салып, далаға қарай ата жөнелдім. Шыға берісте жігіттер қуып жетті. «Телевизор сенің қалтаңда!» деп даурығысады. Шиыршықталған қағазды ашып көріп, құттықтап жатыр.

Мәкеңе қиғаштау келіп қалған тұсым жалғыз бұл емес. Ертеңгі нөмірдің кезекшілігінде отырғам. Бір корректор қыз өзі оқып жатқан бетті орта жолда тастап, жұмыстан кетіп қалыпты. Соның кесірінен шуылдасып жүріп газетті таңға жуық әрең шығардық. Келесі күні жаңа нөмірді талқылау алдында Бас редактордың бірінші орынбасары Жұмабек шақырды. Кешегі оқиғаның себеп-салдарын сұрады. «Оны корректор қыздың өзінен анықтайық» дедім. «Докладной жаз!» деді. Жаздым. Жиналыста жаңағы қыздың бұған дейін де кезекшілік кезінде себепсіз жұмыс орнын тастап кеткені дәлелденді. «Жұмыста қалдырамыз ба, жоқ па?» деген мәселеге келгенде Мәкең дауысқа салуды ұсынды. «Алдымен өзінен сұрайық, не айтар екен?» деп қалдым мен. Қызға сөз берілді. Ол ақталар сөзі қалмаған соң, өз еркімен жұмыстан кететіндігін мәлімдеді. Ұсыныс қабылданды.

Мәкең бұл кезде жауапты хатшы қызметінде. Көңіл-күйі бұзылғанын байқадым. Жиналыстан кейін: «Серік, сен тым турашыл екенсің ғой. Өзімізден кішілерді тәрбиелей алмасақ, несіне жүрміз?» деді. Не дерімді білмей, ойланып қалдым. Ол қыз Мәкеңнің бір досының жақын қарындасы екенін кейін естідім. Ерке қызға бас-көз бола жүруді, тәрбиелеуді досы Мәкең тапсырса керек. Дауысқа салғанда, бәлкім, ол қыз жұмыста қалатын ба еді...бәрін мен бүлдірген сияқтымын.

Мәкеңді ренжітіп алғаныма өкіндім. Себебі, дәл осының алдында ол кісі мені бөлім меңгерушісі қызметіне ұсынып, жоғарылатқан болатын. Сөйткен адамға жасаған жақсылығым түрі мынау...

Құшағы кең, жүрегі жылы...

1992 жылыдың күзіне таман мен «Егемен Қазақстан» газетіне қызметке ауыстым. Мәкең көп ұзамай «Заң» газетіне бас редактор болып тағайындалды. 1996 жылы «Халық Кеңесі» жабылды да, оның біраз қызметкері «Егемен Қазақстанға» қабылданды. Бір күні «Халық кеңесінен» келген Талғат Сүйінбаевтың кезекшілігі кезінде бір әріптің орны ауысуы салдарынан үлкен саяси тұлғаның фамилиясы өрескел бұрмаланып, газет бетіне шыға келді. Оның алдында сәл жеңілдеу қате жіберген әріптесіміз жұмыстан қуылған. Бас редактор Уәлихан Қалижан жақсы журналисін қимаса да, бұйрыққа қол қойды. Бірақ Талғат жасымады. Марат ағамыз оны бірден «Заң» газетіне қызметке алды. Үш-төрт ай өткеннен кейін Талғат «Егеменге» қайта оралды. Қысылтаяң кезде Талғатқа қол ұшын беріп, қанатының астына алған Мәкеңе біз риза болдық.

2004 жылы жол апатына ұшырадым. Денсаулықты түзеп алғанша жеңілдеу, ақшасы тәуірлеу бір жұмысқа ауыстым. Өкінішке орай, ол жұмыс орны жарты жылдан кейін жабылып қалды. Жұмыс іздей бастадым. Әзірге еш жерде бос орын жоқ. Мәкеңе телефон шалдым. Ол кісі «Қазақстан» ҰТА-да Бас директорлық қызмет атқарғаннан кейін «Қазақстан-Заман» газетіне бас редактор болып ауысқан.

— «Егеменнен» кеткенің дұрыс болмаған. Жап-жақсы көрініп жүр едің ғой. Қазір маған келіп, өтінішіңді жаз да, ертең жұмысқа шық!— деп бір-ақ кесті. Айтқанын істедім. Бір айдан кейін тілшілік қызметтен бөлім меңгерушілігіне көтерді. Бір жылдан кейін «Президент және Халық» газеті ашылды. Мәкең осы газетке бас редактор болып тағайындалды. Командасын толық жасақтап алды. Бір айдан кейін телефон шалды.

– «Қазақстан–Заманға» бас редактор тағайындалыпты. Орынбасарлыққа сені қоятын шығар деп ойлап едім. олай жасамапты... Енді маған орынбасарлыққа кел!– деді.

– Орынбасарыңыз бар емес пе? – деппін.

– Онда нең бар! Бірінші орынбасар боласың!

Міне, Саматтың «жанында ұзақ жүрген сенсің ғой» деп маған тапсырма беріп отырғандығы да сондықтан. Шынында, Мәкеңді мен бастығым ғана емес, жанашыр ағамдай сезініп кеткем.

2006 жылдың ақпан айында тетелес інім қайтыс болды. Мен үшін қара аспан құлап түсті. Әулеттің бас көтерері өзім болғандықтан, қатты састым. Семейдегі ел-жұртқа хабар жөнелтіп, жерлеуге қатысты жұмыстарға жүгірудемін. Денем дір-дір етеді. Кеуде тұсым күйіп бара жатқандай. Көзімнен жас та шықпайды. Ұлардай шулаған бала-шағаны қалай жұбатарымды білмеймін.

Суық хабарда ести сала ертемен Мәкең келіп жетті. Мен ол кісінің кең құшағына қойып кеттім де, әй, бір егілдім-ау! Алдында арқа сүйер ағаң болудың өзі бір бақыт екенін сонда ғана сезіндім.

Сәлден кейін дос-құрдас Еркін Дуанаев келіп жетті. Ол діни басқармадағы басшылық қызметте істейтін. Сыртқы жұмыстардың бәрін өзі әп-сәтте шешіп тастады. Ал, Мәкең біздің үйдегі келінімен ішкі жұмыстарды ұйымдастыруға кірісті. Қаржы жағынан да көмектесуде. Жылы-жылы сөздерімен жанымызға шуақ шашты.

Жалпы, Мәкең жайында айтарым өте көп. Бір ағытылсам, тоқтай алмайтындаймын. Сондықтан, да өзімді іркіп, Мәкеңнің 100 жылдығына естелік жазсам, ол кісі оны дәл бүгінгі жап-жас қалпындағыдай оқып отырса деп ойлағаным рас еді. Жалғыз мен емес, басқа қаламдас інілері де осылай ойлайтынына күмәнім жоқ. Оған мына бір мысал дәлел бола алатындай.

Бытыр жазда белгілі журналист Болат Жүнісбеков жылы орнын суытып, қызмет ауыстырмаққа ниет етті. Достарымен ақылдасты. Біреуіміз «барсаңшы» дедік, біреуіміз «ойланып

көрсенші» дедік, әйтеуір ешқайсымыз оған маңдытып кеңес бере алмағандаймыз. Бар аптадан кейін өзі телефон соқты, бұрынғы жұмысында қалғаның «дұрыс дестік» тағы да.

Сендердің дұрыс-бұрыстарың өз алдына, Марат ағаммен ақылдаса отырып, осындай шешімге келдім, – деді.

Болат та Мәкеңмен сонау тоқсаныншы жылдардың басында «Халық Кеңесі» газетінде бір жылдай бірге қызмет еткен. Соншалық тығыз қарым-қатынаста болды деуге келмейді. Бірақ Мәкеңді аға тұтады, жанашыр ақылшысы санайды.

Күрті аудандық мәслихатында аппарат басшысы қызметінде жүрген Марат Қашқынбаев деген менің бір досым таяуда телефон шалды. Студент кезінде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тәжірибеден өткен ол да кезінде Мәкеңнен көп нәрсе үйренген екен... Мақалаларын менің атыма жібере отырып, Мәкеңе құлаш-құлаш құрметін тағы да менің мойныма артып қояды. «Мәкеңе өзің хабарласып, мақалаларыңды сол кісінің атына бірден жібере салмайсың ба?» деймін.

– Жоқ, өйте алмаймын. Мәкең – мен үшін өте үлкен адам. Ол кісіні мұндай ұсақ-түйек шаруамен алаңдатқым келмейді және кемшіліктерім болса, Мәкеңе жеткізбей өзің жөндеп жібересің ғой, – дейді жасқаншақтап. Студент кезде жуан жұдырығын қайда жұмсарын білмей жүретін Қашқынбаевтың мына қылығына қайранмын. Сөйтсе де, «бұл – шынында да, Мәкеңді қатты құрметтегені, ұялғаны, інілік ізетін, таза көңілін сақтағаны-ау» деп түсіндім.

Жігіттердің қайсысы хабарласса да, менен алдымен Мәкеңнің амандығын сұрайды. Содан кейін барып өзіме қарай көшеді. Бәлкім, ағаға деген шын көңіл, шын сыйлау осы шығар. Ендеше, бәріңнің атыңнан Мәкең ағамызды алшаңдай басып жеткен алпысымен, талтүсімен құттықтадым! Мен үшін бұл – үлкен мақтаныш!

«Ана тілі» газеті,
27 қараша, 2009 жыл

ТАЛАНТТЫ ЖУРНАЛИСТ ҚАРТАЙМАЙДЫ

Шынында да бұл сөз рас. Жүйкесі сымдай тартылып жүретін мамандардың ең алдыңғы қатарында сынақшы ұшқыштар тұрса, екінші орында – журналистер деген тұжырым бар. Ал бұл адамдар басқаларға қарағанда кешірек қартайды дейді. Мұның қаншалықты шындыққа саятындығы жөнінде ешкіммен пікір таластырғым келмейді. Дегенмен өзім білетін талантты журналистерді кездестірген кезімде өндеріне барлай қарап, осы пікірдің қаншалықты шындыққа саятынына көңіл бөліп жүретінім рас. Жүз пайыз болмаса да, жаңағы пікірдің тоқсан пайызы шындыққа жанасатын сияқты.

Бұдан төрт-бес ай бұрын Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есболовпен «Президент және Халық» газетінің бетінде сұхбат жүргізуіміз керек болды. Университетте баспасөз қызметі жұмыс істейді деп естідім. Алдымен сол жақпен хабарласуға тура келді. Оның бастығы белгілі журналист, көп жылдар Алматы облыстық «Жетісу» газетін басқарған Баймолда Мұса дегенді естігенде, шаруам оңтайлы шешілетініне күмәнданбадым.

Ректорға қойылатын сұрақтарымның жобасымен танысқаннан кейін Бәкең бұл істі өзі ары қарай дөңгелетіп әкетті. Қажетті деректерді бірнеше суреттерімен қоса әп сәтте жинаттырып алды. Оны екеуіміз өзара пысықтағаннан кейін, бірер сағаттың аржақ-бержағында ректордың алдынан бір-ақ шығарды. Бәкең осының бәрін аспай-саспай, өте сабырлы қалыпта жүріп атқарды. Алғашқыда ол кісінің мына баяу қимылымен ештеңе бітпейтіндей көрінген. Анда-санда бетіңе әдемі жымия қарап қояды. «Кезінде бұл кісі қандай бастық болды екен?» деп ойлағаным да рас. Ол сұраққа мен енді ғана жауап алғандаймын.

Оның алдында Баймолда Мұсаның «Нұрлы таң» деп аталатын мақалалар мен очерктер жинағы қолыма тиген. Дерее соны парақтай бастадым. Кітап нарықтың өтпелі кезеңіндегі сан алуан оқиғаларды баяндайтын әңгімелер мен очерктерден құралыпты. Әсіресе, өз әріптестері мен замандастары туралы жазылған шығармалары оқырманды бірден тартып әкетеді. Ал «Алатауға арқа сүйеген» деп аталатын соңғы тарауда Баймолда Садыханұлының құрдастары мен қаламдастары ол жайында жылы-жылы сырларын аямай-ақ төгіпті. Мәселен, бүгін жетпістің желкесіне шығып отырған Баймолда Мұсаның қылшылдаған жігіт шағын сол кездегі редакцияның бойжеткендері былай еске алады: «1962 жылдың жазы болуы керек, сірә, машбюрдағы қарама-қарсы есікте ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері отыратын.

– Жамбыл облысынан бөлімге жаңа жігіт келіпті, жүріңдер көріп келейік, – деді қыздар. ... «Жаңа жігіт» тапжылмай отырып жаза береді екен. Ештеңеге алаңдамайды. Оқырманның хаттарын бұрқырата қорытып, машинкаға әкеле береді. Қысқасы, ол жігіт машбюроның қыздарына ұнаған жоқ. Жұмысты көбейтіп жіберді. Өзі артық сөйлемейді, әзілдеспейді. ... Бір күні Уақап Қыдырхановтың үйлену тойы болды. Сол тойда Бәкең ұжымға үйренген болар, күліп, әзілдесіп, өте көңілді отырды. «Жаңа жігіт» күлді, әзілге бәле екен, тоқтамай сөйлейді» деп қатты қуандық. «Сонымен не керек, Бәкең газеттің бетінде өзекті мәселелер көтеру үшін жолсапарға ұшақпен де емес, автокөлікпен де емес, жүк таситын поезбен жүріп кетті. Көмір, темір, ұн таситын вагондардың артына жармасып, Шиеліден Ақтөбеге дейін барып қайтты. Темір жол бойындағы разьездердің жайкүйін ыстыққа күйіп, аңызғақ желге қақталып жүріп өз көзімен көрді. Қағаз бетіне де солай түсірді...» Бұл – С.Сәмбетқызының естелігінен алынған.

Баймолда Мұсаның мына әрекеті сол тұстағы орыстың әйгілі журналисі – ағайынды Аграновскийлер мен Песковты еріксіз еске түсіргендей. Өз мамандығына шын берілген, оны

бәрінен де ардақ тұтатын адамдар ғана осындай ерен әрекеттерге бара алады.

Бәкең туралы ол кісінің шәкірті, ұзақ жылдар бірге қызмет істеген журналист Марат Тоқашбаев былай дейді:

– Баймолда аға жүзі салқындау көрінгенімен жаны өте жұмсақ адам. Мамандығын шебер меңгерген. Талай жастарға өнеге болды. Ол кісінің сауаттылығы, ұқыптылығы, талап қойғыштығы бізге бір мектеп болғаны рас. Ал, еңбекқорлығы тіпті керемет.

Бәкең 1966-67 жылдары ауылшаруашылығы тақырыбын жазуды жете меңгеру үшін Алматы малдәрігерлік институтының зоотехника факультетіне оқуға түседі. Ал керек болса! Соның арқасында бұл саланы тереңдей зерттеп, небір өзекті мәселелерді жалғанның жарығына шығарған. Бұл жөнінде Бәкең өзі былай деп жазады: «Мен күй таңдамайтын журналист болдым. Мүмкін табиғатымнан солай шығармын. Журналист өзіне қажетті материалды алу үшін қандай шаруаға да баруы керек. Бап іздеп, күй талғадым дегенше, өзіңе қажетті ең құнды материалдан айырылдым дей бер. Неге? Өйткені адамның жан сарайын ашып, оның түпкі ойын, мақсатын білу үшін сен онымен сырласуың керек».

Қазіргі жас журналистер үшін дәл осындай нақты өнегені таба қою қиын-ақ шығар. Журналистика факультетінің студенттеріне Бәкең өз тәжірбиесінен дәріс оқыса, қандай пайда болар еді деген ой да келеді.

Бәкең жетпіске де жетсе де қолынан қаламын тастамай, Қазақ ұлттық аграрлық университетінде қызмет етіп жүргенінің мәнісін енді ғана түсінгендеймін.

Баймолда Мұсаның «Нұрлы таң» кітабында қаламгерлік шеберлікті ұштаудың теориясы мен нақты тәжірбиесінен көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Бірақ ол осы саланы зерттеп жүрген ғалымдардың еншісі. Бұл жөніндегі толымды пікірлерді солардың еншісіне қалдыра отырып, біз Бәкеңнің өмір жолына қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Баймолда Садыханұлы Мұса 1936 жылы Алматы облысы Қаскелең ауылында дүниеге келіпті. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген.

Еңбек жолын Жамбыл облысы Мерке аудандық газетінде бастап, кейін республикалық «Лениншіл жас» газетінде журналистік қызметін жалғастырыпты. Алматы облыстық «Жетісу» газетінде бөлім меңгерушісінен Бас редакторлыққа дейінгі қызмет баспалдағынан өткен.

Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Алматы облысы және Жамбыл ауданының құрметті азаматы.

Бәкеңнің қаламдастары жазған естеліктерді оқып отырып, бұл кісіні өз басым жаңа қырынан танығандай болдым. Айта берсе, әңгіме көп. Ең бастысы, елі мақтан тұтатын осындай қарапайым да қадірлі адамдардың жылт еткен жақсылығын кейінгі ұрпаққа өнеге ете алсақ, ол кісінің соңынан ерген біздер де бір парызымызды өтегеніміз болар еді.

Жетпіске жігіттей желкілдеп жеткен ағамызға Алла тек ұзақ ғұмыр берсін!

«Президент және Халық» газеті,
29 қыркүйек, 2006 жыл

АҚЖАРҚЫН АЗАМАТ ЕДІ...

Ол жайында біреуден сұрай қалсаң «ақжарқын азамат еді» дейді. Шығармашылығы жайына келгенде алдымен фельетонист екендігін, қарымды журналист-жазушы екендігін айтады.

Иә, «Оқпан» атты романы мен «Дерт» повесін кезінде әдеби орта жылы қабылдап, оқырман тарапынан да өз бағасын алған туындылар екенін білеміз. «Қайсар ғұмыр» атты радиодрама-сының орны бөлек. Әсіресе ертеректе «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Кісікіік» атты мақаласы кеңестік кезеңдегі құқық қорғау саласының кемшіліктерін әшкерелеп, қоғамды дүр сілкіндірді. Оңласын Әмірқұловтың есімі сол кезеңде жан-жақты танылып үлгерді.

Ол әлдеқандай әңгіме бастар алдында рахаттана күліп алады. Сәлден кейін онымен бірге өзің де жадырап сала бергенінді байқамайсың. Ақкөңіл, аңқылдақтығына қоса, баладай аңғалдығы тағы бар. Ең бастысы, ол ешкімге жоқ деп айта алмайтын адам еді. Ал жасаған жақсылығына алғысыңды білдірсең, жүре тындайды. Тіпті мән бермейді. Тек басқаларды риза қылу үшін өмірге келген жан тәрізді. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Egemen Qazaqstan») газетінің құқық бөліміндегі журналистік қызметі жайында, адам құқығы жайында сөз қозғаса, соңы таусылмас хикаяттарға ұласады.

Оңласынның маған да зор шапағаты тиген. Бірақ оны өзі сезбей кеткен сияқты көрінеді де тұрады. Кездесе қалғанда сол оқиғаны ылғи есіне салатын едім. Мән бермейді. Ұмытып қалған шығар деймін. Әлде біреуге жасаған жақсылығын міндетсінбейтін қарапайымдылығы ма екен? Ол жағы маған күні бүгінге дейін түсініксіздеу.

Сексенінші жылдардың орта шені. «Жалын» баспасында редактор болып істейтінмін. Ол жылдары публицистикалық жанрда жазылған авторлар топтамасы жиі ұйымдастырылады.

Солардың біріне жауаптымын. Өңдеу, сұрыптау барысында көп шығармалардың ішінен О.Әмірқұлов деген автордың мақаласы салмақтылау көрінді. Риза көңілмен қол қойып, өндіріске жібердім. Кітап шыққаннан кейін ғана Оңласынмен таныстығымыз басталды. Бірден ежелгі досындай өзімсініп, ағыл-тегіл шешіліп қоя берді. «Тым ақкөңіл адам екен-ау!» деймін ішімнен. Құқық қорғау тақырыбына жазған мақалалары мен фельетондары, әділетсіздікке қарсы күрес жайына келгенде тіпті екпіндеп кетеді. «Социалистік Қазақстан» газетіндегі басшылары – Балғабек Қыдырбекұлы, Шерхан Мұртаза, Нүриден Мұфтаховтарды ұстаз тұтады. «Жалын» баспасының директоры Сейдахмет Бердіқұлов туралы да жылы пікірлерін төгіп-төгіп тастады.

«Жалын» баспасындағы үй кезегім тақап қалған. Өзім пропискада тұратын жерге ауылдағы шешемді тіркете алмай жүргенмін. Қалалық ішкі істер басқармасындағы осы мәселесімен айналысатын бастықсымақ біреу құжаттарымның шекесіне «төрт шаршы метр жетпейді» деп көрсетіп, аудандық ішкі істер бөлімінің төлқұжат қызметкері «Бәленбаеваның назарына» деп қол қойып, шығарып салған.

Кеңестік кезеңде Алматы – жабық қала. Төлқұжат тіркеуіне тұру – қазақтар үшін қиямет-қайымның өзі. Бірде, сөз арасында осы жайында айтып қалып едім, Оңласын: «Ол кісіні мен жақсы танымын. Кеттік!» деді. Салып ұрып І-Алматы жақтағы аудандық партия комитетіне алып келді. Біздің барар жеріміз аудандық ішкі істер басқармасы еді ғой дегенімше болған жоқ, екінші қабаттағы Бәленбаеваның бөлмесіне кірдік. Орта жастағы әйел адам жылы қабылдады. Оңласын апыл-ғұпыл келген бұйымтайымызды баяндай жөнелді. Бастық әйел менің құжаттарымды қолына алысымен:

– Сіздер маған қателесіп келіп отырсыздар. Бұл құжат осы ауданның ішкі істер бөліміндегі менімен фамилиялас адамға жіберіліпті,– деді.

Аңтарылып қалдық. Жиған-терген қағаздарымның ішкі-сыртқы «сырын» Оңласынға егже-тегжейлі түсіндірмегеніме,

буынсыз жерге пышақ ұрғаныма өкініп мен отырмын. Бірақ, ол сасар емес. Әдеттегі аңқылдақ көңілімен өзімсіне жымыып:

– Онда сол кісіге бір ауыз өтініш айтыңыз. Сіздің сөзіңізді жерге тастамайды ғой, – деді.

Елге танымал «СҚ»-ның белгілі журналисі болғандықтан ба, әлде Оңласынның жеке басын құрметтегендіктен бе, ол кісі аудандық ішкі істер бөліміндегі фамилиясына телефон шалып, біздің қателесіп өзіне келгенімізді, дегенмен мүмкіндік болса көмектесіп жіберуін сұрады. Сөйтіп, мәселем аяқастынан шешілді. Қуанысып тарқастық. Бір жылдан кейін, екі бөлмелі пәтер кезегінде тұрған мен өзіммен бірге төлқұжат тіркеуіндегі шешемнің есебінен, сол қарсаңда дүниеге келген екінші сәбиімнің есебінен төрт бөлмелі пәтерге ие болып, бүкіл әулетіміз мәре-сәре болдық та қалдық.

Кездескен сайын Оңласынға: «Менің үйімнің бір бөлмесі өзіңіздікі. Үйдегі жеңгемізбен бірге кез келген уақытта келіп, қонып кетсеңізші» деймін. Қолымды қысып, мәз болады да, ағыл-тегіл басқа әңгімеге ауысады.

Әдетте, екі қазақ таныса қалса, орағыта келіп алдымен қай жақтан екенін біліп алады емес пе. Одан кейінгісі өзінен-өзі белгілі. Оңласын бір сөзінде Жамбылдан екенін айтқан. Мен оны Алматы облысының Жамбыл ауданы деп түсініппін. Яғни Сейдаға-Сейдахмет Бердіқұловтың жерлесі деп қабылдағам ғой. Жамбыл облысынан екенін таяуда ғана естідім.

«Осы Оңқаң мені де Сейдағанның жерлесі немесе ағайында-сы деп жүр ме екен?» деген оймен бір-екі рет туған өлкем Семей жайында, ол жақта өткен ауырлау балалық шағым туралы әдейі әңгіме қозғағам. Ол ұйып тыңдады да, сол баяғы ақкөңіл қалпынан таймады.

Осы ғұмырында қанша адамға аппақ көңілін жайып салып, қанша адамға жақсылық жасағанын білмеймін, бірақ бірде, жұмыссыз жүрген күндерінде дос-жаран, жерлес, ағайындарынан көңілі қалғанын да айтқан. Баяғы жақсылығына жақсылық қайтарып, достық парызымды өтейтін сәтім туды-ау деп

жан-жаққа шапқылағанымнан ештеңе шықпады. Өкіндім. Өзімді қадірлейді, сөзімді қадірлейді деп жүрген сыйластарымның көбісі құрғақ уәдеден ары аса алмады. Оңқанды жұмысқа орналастыра алмадым. Ренжідім, өмірге кейідім. Ақкөңіл, адал жандарды кезінде бағаламай, өмірден өткен соң өтірік өкситіндерге күйіндім. Кейінгі кезде ақкөңіл адамдардың алдында өзімді қарыздар сезінетіндеймін. Аңқылдаған біреулерді көрсем, Оңласын Әмірқұлов есіме түседі. Бақиға аттанған жанды да іздейтін кезің болады екен. Мына өмірде Оңқаңның орны ойсырап тұрғандай көрінеді.

Меніңше, бүкіл адами қасиеттің, ұлттық құндылықтың бәрі аппақ көңілден бастау алады. Онсыз азаматтық жайында сөз қозғаудың өзі артық сияқты.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
10 қаңтар, 2024 жыл**

АЛАСАРУҒА МӘЖБҮР БОЛСАҚ ТА, АБЫРОЙЫМЫЗДЫ ТҮСІРМЕДІК

Аманолла Рамазанов 1970-1978 жылдар аралығында Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1978-1982 жылдар аралығында Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған сол кездегі ірі қоғам қайраткерлерінің бірі.

Бұл жылдары ол кісі қызмет бабымен КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежневпен, КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н. Косыгинмен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевпен, тағы басқа көрнекті адамдармен жақсы қарым-қатынас орната білген.

Бүгінде Аманолла Ғабдолқайұлы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Біз ол кісіге арнайы жолығып, өз заманының белгілі қайраткерлері жайында, КСРО атты үлкен империяның ішкі басқару құрылымындағы кейбір құйтырқы жәйттер жөнінде бірнеше сұрақтар қойған едік. Алғашында ресми сұрақ-жауап түрінде басталған әңгімеміз келе-келе қызықты хикаяларға ұласқандай. Біз бұл жерде өзіміз тарапымыздан қойылған сұрақтың мәтіндерін «сыртта» қалдыра отырып, тек Әбекеңнің аузынан шыққан ойлардың қысқа нұсқасын ғана назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Жастықтың қызуымен жарды соғып...

— Алғашқы әңгімемді Дінмұхаммед Ахметұлынан бастайын,— деп Аманолла аға. — 1950 жылы Алматы мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін бітіргеннен кейін Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында аға агроном, бас агроном, одан кейін совхоз директоры, Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық партия комитетінің хатшысы қызметтерінде

істедім. 1963 жылы, яғни 35 жасымда Баянауыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалдым.

Бірде кеңшараларды аралап, кешкісін қайтып оралғанымда үйге екінші хатшы Николай Федорович Гегер телефон арқылы хабарласты. Аптыға сөйлейді.

– Аманолла Ғабдоқайұлы, сізге Дінмұхаммед Ахметұлы телефон соқты. Шаруашылықты аралап кеткен, ертең келеді дедім. Хабарлассын деді!

– Саған ештеңе айтпады ма?

– Жоқ.

Ертеңінде сағат 9.00-де Алматыға телефон шалып, Димекеннің көмекшісімен сөйлестім. Дереву қосты.

– Аманолла, саған хабарласқаным, қыстан қалай шыққаныңды білейін деп едім,– деді Дінмұхаммед Ахметұлы.

– Қыстан жақсы шықтық. Мал шығыны 2-3 проценттей ғана!

– Егін бола ма биыл?

– Болып қалар. Қазір жаңбыр жақсы жауып тұр,– деп тақтұқ етемін.

Одан соң Д.Қонаев жем-шөп дайындау, жайылым жағдайын сұрады. Күзге қарай тағы да телефон шалатынын айтып, трубканы қойды.

Облыс басшыларын айналып өтіп, бұл кісінің тікелей менімен сөйлесу себебін түсіне алмай, әрі-сәрі күйде жүрдім. Димекен күзде тағы да телефон соқты. Тағы да астық жайын сұрады. Бәрі жақсы екенін, жоспарымызды толық орындайтынымызды мәлімдедім. Ол кісі разы болып қалды.

– Сен көрші ауылдардың басшыларымен сөйлесіп тұратын шығарсың. Куйбышев, Ертіс аудандарының, Қарағандының өздерінмен шектес аудандарының егісі қалай?– деп сұрады. Мен олардағы жағдайды айтып бердім.

Сөйтіп, ол кісі маған жыл сайын екі рет телефон соғып тұрды. Кейін білдім, Димекен тек менімен ғана емес, басқа облыстардағы егінді көп салатын, мал басы көп аудандардың бірінші хатшыларымен осылай хабарласып тұрады екен. Жергілікті

жердегі ахуалды сол жердегі адамдарының өз ауыздарынан естіп барып үлкен шешімдер қабылдайтын көрінеді.

1967 жылы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалдым.

1968 жылы астық жақсы шықты. Әр облысқа бір-бір бюро мүшесі немесе министрлердің бірі уәкіл болып бекітілді. Ауыл шаруашылығы министрі Михаил Георгиевич Рогинец Целиноградқа жіберілді. Мен министрлікте, «штабта» қалғанмын.

Қазанның соңғы бір күндері таңертең Димекеннің көмекшісі телефон соғып, сағат 10.00-де Орталық Комитеттің Бюро мәжілісі өтетіндігін, онда астық мәселесі қаралатындығын хабарлады. Соған қатысуым керек екен.

Д.А.Қонаев Бюро мәжілісін ашып, ауа райының күрт өзгеруіне байланысты республикада егін орағын уақытылы аяқтай алмау қаупі төнгенін, сол себепті оны жалғастыру немесе жалғастырмау мәселесі күн тәртібінде тұрғанын айтты. Бұл жөнінде осы саланың жауапты қызметкері әрі білікті маманы ретінде ең алдымен менің пікірім тыңдалды.

– Ауа райының жайсыздығына байланысты жиналған астықтың сапасы күрт кеміп кетті, бағасы да төмен болып отыр. Комбайншылар мен көмекшілердің, астық тасушы жүргізушілердің жалақысына және жанар-жағар майға кететін шығын 1 тонна астықтың өзіндік құнынан әлдеқайда артық. Бұл колхоз-совхоздарды үлкен шығынға батырады. Оның үстіне сырттан көмекке келгендер екі-үш ай жұмыссыз жатып қалғандықтан, үйлеріне қайтуға тілек білдіруде. Менің ойымша, егін орағын осымен тоқтату керек. Қалған 1,5 миллион гектар егістікті көктемде шауып, бастырып аламыз,— дедім.

Айтып аузымды жиғанымша болған жоқ. Орталық Комитеттің екінші хатшысы В.Н.Титов үстелді алақанымен тарс еткізіп салып қалды да:

– Міне, көрдіңіз бе, Дінмұхаммед Ахметұлы, не айтып тұрғанын. Мұның министрі Рогинец те солай дейді. Осындай адамдармен жұмыс істеуге бола ма? Егін орағын тоқтатқылары келеді!— деп айғайға баса жөнелді.

Менде де намыс бар, шыдап тұра алмай:

– Сіз неге маған айқайлайсыз?! Мен сізге бала-шаға емес, министрдің бірінші орынбасарымын. Дінмұхаммед Ахметұлы менен пікір сұрады. Мен өз ойымды айттым. Оң көрмейді екенсіздер, егінді ора беріңіздер. Мен тың игеруге қатысқанмын, совхоз директоры болғанмын. Мұндайдың талайын бастан өткергенмін. Алдағы көктемде орып алармыз. Малға да жем керек емес пе?!– дедім.

Титов тағы да екілене бастап еді, Димекен:

– Жарайды, Рамазанов жолдас, сіз бара беріңіз. Қандай шешім қабылдағанымызды кейін хабарлармыз. Рогинецпен сөйлесіп, жергілікті жердегі жағдайды біліңіздер,— деп, мені шығарып жіберді. Ертеңінде Целиноградта жүрген М.Г.Рогинецке телефон соқтым.

– Мұнда боран соғып тұр. Қардың қалыңдығы 20 сантиметрге жетті. Көршілерде де жағдай осылай. Қазір өзім Қонаевқа хабарласып, бәрін айтамын,— деді ол кісі.

Сөйтіп, астық жинау науқаны тоқтатылды. Бірақ Титовпен тағы да біраз ұстасуға тура келді. Бүгін ойлап карасам, соның бәрі жастықтың жалын күші екен ғой. Жарға жығылуға сәл-ақ калыппын.

Косыгиннің қабылдауында

1967 жылы құрғақшылық болып, елімізде егін шықпай қалды. Министр М.Г. Рогинец ауруханада ұзақ жатып қалуына байланысты, Орталық Комитеттің Бюро мәжілісінде жылдық қорытынды жайында маған есеп беруге тура келді. Республика совхоздарына 1 миллиард 300 миллион сом қаражат жетпей тұрғанын ашық айттым. Жағдай күрделі. Ауыл тұрғындарына еңбекақы төлеудің өзі мүмкін емес.

Ақылдаса келе Бюро мүшелері Мәскеуден көмек сұрау керек деген қаулы қабылдады. Ертеңінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Мәсімхан Бейсебаев, Каржы министрі Илья Ким үшеуміз Мәскеуге ұштық. Келе сала КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н.Косыгинның қабылдауына жазылдық.

Косыгинге бару үшін алдымен КСРО Қаржы министрлігінің, КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің алдынан өтіп, оларға өз мұқтаждығымыздың себеп-салдарын дәлелдеуіміз керек екен. Егер олар мақұлдап, анықтама берсе ғана Косыгин қабылдайды. Оны алу үшін ғана бір апта сенделдік. Ақыры алдық-ау. Енді Косыгиннің қабылдауын күттік. Үш ай ішінде әрең дегенде Косыгиннің қабылдау бөлмесінің табалдырығынан аттадық. Тосып отырмыз. Бір кезде бүйірдегі үлкен есік ашылып, ішке кіруімізге рұқсат етілді.

Алексей Николаевич кең кабинеттегі үлкен үстелдің басында отыр. Сәлемдесіп, өз ретімізбен келіп орындықтарға жайғастық. Мен соңындамын.

Алексей Николаевич езу тартып күлмейтін, көп сөйлемейтін, тұнжыр адам екен. Алдында тос қалтаға ғана сиып кететіндей тілдей ақ қағаздан басқа ештеңе жоқ. Сол қағазға анда-санда қарап қойып, біздің республика көрсеткіштерін жатқа соғады. Біз бұл деректерді үш ай бойы күндіз-түні зерделеп, жадымызда әрең сақтағанбыз.

– Иә, сіздерге көмектесу керек. Былтырғы құрғақшылық тұралатып кеткені рас. Әйтпесе еттен, жүннен, астықтан сіздер жылда мол өнім беріп келесіздер,– деп, Қазақстанның жетістіктерін өзге республикалармен салыстыра сараптағанда, төбеміз көкке жеткендей қуандық.

– 1 миллиард сом беремін. Ал 300 миллион сомды өз бюджеттеріңнен карастыруға шамаларың бар ма?– деп Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Мәсімхан Бейсебаевқа қарады.

– Әрине, табамыз. Сізге көп рахмет!– деп Мәсімхан Бейсебаев алғысын білдірді.

– Бірақ мен мұны жалғыз өзім шеше алмаймын. Саяси Бюро мүшелерінің рұқсаты қажет. Таяуда Бюро отырысы болады. Сонда хабарлаймын. Береміз!– деп, нық сеніммен бізді шығарып салды. Тіпті бір де сұрақ қойған жоқ. Біз елге олжалы оралдық.

Бұдан кейін Шымкент обкомының бірінші хатшысы болып жүргенде А.Н. Косыгинге жеке өзім тағы екі рет кірдім.

Шымкенттегі фосфор зауытының жылдық жоспарын қалыптасқан жағдайға орай 50 миллион сомға кеміту жағдайын сұрағанмын. Бұған ол кісі түсіністікпен қарап, мәселені табан астында шешкен. Тағы бір екі-үш жылдан кейін Шымкент-Ташкент тас жолын салу кезінде аса қажет болған Американың жол салатын зауытын сұрауыма тура келген. Мұндай техниканың үшеуін ғана КСРО сатып алыпты. Соның біреуін Қазақстанға әкелу оңайға түсетін шаруа емес. Әрине, мені ол жаққа республикаға басшыларының өздері жұмсап отыр ғой. Әйтеуір Кремльдің есігін тоздырған күндерім босқа кетпеді. А.Н. Косыгин бұл жолы да бетімді қайтармай, өтінішімді орындады.

Брежневтің қалжыңы

1971 жылдың желтоқсан айында Д.А. Қонаев шақырып, Шымкент обкомының бірінші хатшылығына тағайындалатынымды айтты. Ол кезде мен екінші хатшы едім.

– Өзірге ешкімге ештеңе айтпай-ақ қой. Мәскеуге жүруге дайындала бер. Брежнев жолдастың қабылдауына барасың, – деді Димекең.

Мәскеуге келіп, Бас хатшының қабылдауын үш күн күттім. Жұма күні мені Орталық Комитеттің хатшысы И.В. Капитонов қабылдау бөлмесіне ертіп келді де, өзі ішке кіріп кетті. Аздан соң Брежневтің көмекшісі мені ішке шақырды. Кірсем, Леонид Ильич кабинетінің ортасында темекі тартып тұр екен. И.В. Капитонов жанында сыптай болып сіресіп қалған. Аман-саулықтан кейін:

– Рамазанов жолдас, бұлар сені күткізе-күткізе әбден сілеңді қатырған шығар? – деді Л.И. Брежнев. – Иә, біздегілер сөйтеді. Баяғыда, Украинада обкомның бірінші хатшылығына бекітерде менің де өстіп сілемді қатырған.

– Дәнеме етпейді, Леонид Ильич, – деймін.

Л.И.Брежнев енді байсалды қалпына көшті.

– Мен саған сұрақ қойып жатпаймын. Сен туралы маған Димаш (Димекеңді осылай атайды екен) айтқан. Менің

қарсылығым жоқ. Ливенцов онда он жылдай отырып қалды. Сен жақсылап жұмыс істе. Шаяхметовты ауыстырғанда мен Шымкентте болғанмын. «Шымкент жақсы облыс. Жарайды, бара бер,— деп менімен қол алысып қоштасты.

Өрт. Су жыланы

Шымкенттегі жұмысымның өрге басып тұрған кезі. Егін жайқалып өсті. Түркістандағы Қожа Ахмед Ясауи кесенесін қалпына келтіру ісі де қызу қолға алынған. Соны көру үшін бір күні облысқа Дінмұхаммед Ахметұлы келе қалды.

Бөген ауданының орталығынан шығып, Алғабас ауданының жеріне кіріп келе жатқанбыз. Сол маңайдан бізді аудан басшысы күтіп алуға тиіс еді. Межелі жерге жете бергенімізде оң жақ қапталдағы өртеніп жатқан егіс алқабын көріп төбе шашым тік тұрды. Димекен алдында отырған. Облыстық атқару комитетінің төрағасы екеуміз артқы орындамыз.

Бүкіл адам күші мен техника өрт шыққан жаққа қарай жұмылдырылыпты. Димекен бәрін көріп келеді. Дәл өрттің тұсына келгенде ол кісі бір қырындай бізге бұрылды. «Сыбағамызды» алуға дайындала бастадық.

Кенет Дінмұхаммед Ахметұлы ештеңе болмағандай жайбаракат бір әңгіме бастады. Шынын айтсам, ол кісінің сол кезде не айтып келе жатқаны есімде жоқ. Ойым сан-саққа бөлінген. Содан тоқтамастан Түркістанға келіп жеттік. Мұндағы құрылыс барысын, мақта егістіктерін аралап көрген Димекен бәріне риза болды.

Қайтар жолда «Қызылкөпір» деген жерде манағы Алғабас ауданының бірінші хатшысы күтіп тұр екен. Ол Димекеннің алдында бірден ақтала сөйледі.

— Трактордың мұржасынан шыққан ұшқыннан 1,5 гектар алқабымыз өртеніп кетті,— деп күмілжи бастаған оны Димекен арқасынан қағып:

— Ой, үлкен жұмыс кезінде ондайлар бола береді. Ең бастысы, егінді уақытымен жинап алуға тырысыңдар. Сосын жоспарларыңды орындандар,— деді.

Арыс жағасына тігілген үйден тамақ іштік. Өзенге келіп суға түстік. Димекең суда жақсы жүзеді екен, бірден сызып кеп берді. Соңынан көмекшісі екеуміз ілесіп келеміз. Бір кезде басын қайқайтқан үлкен су жыланы Димекеңе қарай тақап қалғанын байқадық. Не істерімізді білмей абыр-сабыр болып қалдық, Димекең бізге жымия карап:

– Қорықпаңдар жігіттер, су жыланы шақпайды,— деп ары қарай жүзе берді. Айтқандай-ақ, жаңағы жылан Димекеңе тақап келді де, кілт бұрылып кері кетті. Жүрегіміз орнына түскен біздер Димекеңнің аса байсалды, мейірбанды мінезін көріп таң қалдық,— деп, Аманолла Ғабдолқайұлы тағы бір әңгіменің ұшын сабақтаған.

Бірақ, біз осымен өз жазбамызды аяқтағанымызды жөн көрдік. Себебі бәрін тізіп шығу мүмкін емес қой.

Түйін

Ел басқару – ерге сын. КСРО атты алып империяның карамағында жетпіс жылдай өмір сүрсек те елдігімізді жоғалтпадық, еңсемізді түсірмедік. Соның бәрі қиын-қыстау кезеңде ел тізгінін ұстаған азаматтарға да байланысты екені түсінікті. Сондықтан, кезінде елі үшін Одақ басшыларының алдында аласа-руға мәжбүр болса да абыройларын түсірмей, замана жүгін қара нардай көтеріп өткен ағаларымызға анда-санда ілтипат көрсету де кейінгі біздерге парыз сияқты. Жоғарыдағы әңгімелерді осы тұрғыда назарларыңызға ұсындық.

«Егемен Қазақстан» газеті,
28 мамыр, 2003 жыл

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Өз заманының көрнекті тұлғаларының бірі Аманолла Рамазанов совхоз, аудан басшылығынан өсе келе он екі жылдан астам уақыт обкомның бірінші хатшысы, бірнеше жыл Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, Астық өнімдерін дайындау министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарған. Осы кезеңдерде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевпен, еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевпен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалары М.Б.Бейсебаевпен, Б.Әшімовпен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағалары Ж.А.Тәшенов, С.Бляловпен қызметтес болған. КСРО-ның өктем саясаты тұсында ұлт мүддесін ептілікпен қорғауға тырысқан, кейде қосақ арасында жазықсыз күйіп кеткен, жастықтың жалынымен жарды соққан, тұңғышқа батып барып қайта көтерілген сәттері де аз емес. Өткеннің бәрі еске алғанда қызық. Дегенмен, әрбір күйініш пен сүйініштің де орны бөлек.

Аманолла Ғабдолқайұлы Рамазанов 1928 жылы Павлодар облысының Павлодар ауданындағы К.Маркс атындағы ұжымшарда дүниеге келген. 1950 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін алғашқы қызметін Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында агрономдықтан бастайды.

1954-1983 жылдар аралығында Павлодар, Шымкент, Семей облыстық кеңестерінің, 1971 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

1974-1979 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутатына екі дүркін сайланды. Екі рет Ленин орденімен, төрт рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет Белгісі» орденімен, Кеңестер Одағының көптеген медальдарымен, Қазақстан

Республикасының медальдарымен марапатталған. Социалистік жарыстың ауыл шаруашылығындағы жетістігі үшін КСРО Ауыл шаруашылығы көрмесі Бас комитетінің медалін он рет (5 алтын, 5 күміс), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын екі рет иеленген. Семей қаласының Құрметті азаматы. Бес бала тәрбиелеп өсірген Аманолла Ғабдолқайұлы он немеренің атасы.

Біз бүгін сексен жасқа толып отырған Аманолла ағамыздың басынан өткен кейбір маңызды оқиғаларға ғана тоқталғанды жөн көрдік.

Аманолла Рамазанов 1953 жылы Павлодар облысы, Куйбышев ауданы «Ақкөл» совхозына 24 жасында директор болып тағайындалды. Дәл сол жылдың қыркүйек айында КОКП Орталық Комитетінің пленумы тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде мәселе көтеріп, ол жөнінде арнайы қаулы қабылдады. КСРО-ның түкпір-түкпірінен тың игеру үшін Қазақстанға қарай әр түрлі халық өкілдері ағыла бастады.

«Ақкөл» совхозында бұған дейін 1,5 мың гектар ғана жер игерілсе, енді 2 мың гектар жерге егін салу жүктеледі. Күзге қарай 5 мың гектар жерді жыртып, дайындап қою міндеттеледі. Жас директор жоғары жақтың талабын мүлтіксіз орындай отырып, төменгі жақтың мүддесіне нұқсан келтірмеу жағына да қатты көңіл бөледі. Ерте көктемде барлық күшті жұмылдыра іске кіріскен бұлар, күзге қарай көздеген мақсаттан да асып түсті. Егін және мал шаруашылығындағы жоғары көрсеткіштері үшін жас директор «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталады.

Директор бірден ауыл көркін жаңартуды қолға алады. Әр жыл сайын 20-30 жаңа шатырлы үйлер салу бұл совхозда дәстүрге айналады. Басқа республикалардан келіп, салт басты күй кешіп жүрген жұмысшылар отбасыларын көшіртіп алысты. Мұнымен қоса 300 орындық клуб, машиналар мен шеберханалар, жаңа мал қоралары бой көтереді. Совхоз орталығына көтерме жол төселеді. 1955-1957 жылдар аралығында совхоздағы егістік көлемі 20 мың гектарға жетті. Мал басы өсті. Совхоз пайдамен жұмыс істейтін болды...

1958 жылдың шілде айында А.Рамазановты аяқ астынан обкомға шақырып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп тағайындады. Совхозды басқа директорға тапсыруға дайындалып жүргенде, аудан басшысы Махмет Қайырбаев телефон соғып, ауданға Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов келе жатқанын айтты. «Ақкөл» совхозына да соғады екен. «Үлкен басшыны өзің күтіп ал!» деді. Жаңадан салынған совхоз кеңсесінің іші-сырты онсыз да мұнтаздай еді. Белгіленген уақытта қонақтар да келіп жетті.

А.Рамазанов совхоз шаруашылығы туралы ұзақ баяндады. Жұмабек Тәшенов әр малдың салмағы мен әр гектардан алына-тын түсімге дейін, тіпті жұмысшылардың еңбекақысына дейін сұрап шықты. Жауапқа қатты риза болды.

– Мынау өзі алғыр жігіт екен, өсіру керек қой,– деп қалды Жұмабек Ахметұлы жанында отырған обкомның екінші хатшысы Кенжебай Макинге жүзін бұрып.

– Бұл жігітті біз облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп бекіттік,– деді Кенжекең.

Жұмабек Тәшенов қабағын шытып: – Қиын жұмыс қой ол. Жанып тұрған от қой. Қызылжарда мен де ол қызметті атқарғанмын. Мынау өзі мәдениетті, білімді жігіт екен, көмектесіңдер. Әйтпесе, босқа күйдіріп аласыңдар,– деп ескертпе жасады.

1956 жылы Қазақстан мемлекетке тұңғыш рет 1 миллиард пұт астық тапсырды. Үлкен жетістіктері үшін Қостанай, Көкшетау, Павлодар облыстарына Ленин ордені берілді. Көптеген ауыл шаруашылығы мамандары Еңбек Ері атағын иеленді, ордендермен, медальдармен марапатталды. Бірақ жиналған мол астықты сақтайтын орындар жетіспеді. Осыған байланысты КСРО Астық дайындау министрлігі сыймай жатқан астықты колхоз, совхоздарда, қырымдарда уақытша сақтай тұру жөнінде арнайы қаулы қабылдады. Бұдан кейін республикамыз әр жыл сайын мемлекетке миллиард пұт астық тапсыра бастаған. А.Рамазанов Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметінде жүрген кезде обкомның бірінші

хатшысы С.Елагин «Облыс биыл жоспарды екі есеге артық орындап, мемлекетке 155 миллион пұт астық тапсырады!» деген міндеттеме қабылдады. Қамбаға 100 миллион пұт астық құйылып үлгерген. Қалған 55 миллион пұт астықтың таяу күндері-ақ жиналып бітетініне ешкім күмәнданбады.

Көп ұзамай обкомның бюро мәжілісі ашылып, КОКП Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық комитетіне Павлодар облысы биыл мемлекетке 155 миллион пұт астық тапсырғаны жөнінде рапорт дайындалды. Әдетте, мұндай рапортқа обкомның бірінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы және астық дайындау басқармасының бастығы қол қоятын. Отыздан жаңа асқан А.Рамазанов үшін облыс басшыларымен бірге мұндай маңызды құжатқа қол қоюдың өзі үлкен дәрежедей көрінген.

Қыстың ортасында КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Дайындау министрлігінен комиссия сап ете қалды. «Павлодар облысы мемлекетке 155 миллион пұт астық тапсырылды деп өсіріп жазды» деген арыз түсіпті. Тексеріс басталды. Өткен жылы жиналған астықты қамбаға түгел тасып жеткізбейінше, оның нақты көлемін анықтау мүмкін емес. Комиссия бұл мәселеге алдағы жазда, астық толық тасылып біткеннен кейін қайта оралуды ұйғарды. Бұл уақыт аралығында ашық аспан астында сақталған бидайдың біразы шіріп, сапасы төмендей бастады. Соған қарамастан, комиссия соңғы тексеру кезінде «Павлодар облысында астықтың 7-8 пайызы жетпейді, өсіріп жазуға жол берілген» деген қорытындыға келді. Қырманда жатып бүлінген астық көлемі есепке кірмеді. Нәтижесінде Павлодар облысының басшылары түгелдей орындарынан алынды. Обкомның ауыл шаруашылығы хатшысы қызметіне тақауда ғана тағайындалған А.Рамазанов та қосақ арасында кете барды. Кейін ол «Мен өсіріп жазумен тікелей айналысқам жоқ. Бірақ обкомның ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы ретінде өзімді кінәлімін деп есептеймін. Енді осы кінәмді іспен ақтауға дайынмын» деуге мәжбүр болды. Себебі, ол кезде Мәскеудің шешіміне қарсы

шығу, шыңырау түбіндегі шындықты дәлелдеуге тырысу – өзінді суға батырумен бірдей еді. А.Рамазановтың жастығын, бұған дейінгі іскерлігін ескерген жоғарыдағылар оны Павлодар ауданындағы «Ямышев» совхозына директор етіп жіберді.

«Ямышев» – Аманолла Рамазановтың туған ауылы болатын. «Өзіміздің Ғабдолқайдың баласы директор болыпты!» десіп, ауыл ақсақалдары құтты болсын айтып, малдарын сойып, қонақасы берісті. Совхоз жұмысшылары төрт-бес ай жалақы алмаған екен, жаңа директор ауыл шаруашылығы басқармасындағы жолдастарының арқасында «Ямышев» совхозына біраз қаржы аудартқызды. Көктемгі егіс ойдағыдай аяқталды. Орталықтағы ескі мал қорасы қайта жөндеуден өтіп, маңайы көң-қоқыстан тазартылды. Ішіне электр жарығы тартылды. Сөйтіп, бұрынғы мал қора енді құс фермасына айналып шыға келді. Сондай-ақ, Ертіс өзенінің жағалауындағы ояндар сым темірлермен қоршалды. Оның төңірегіне де құсқора салынды. Жауын-шашыннан қорғайтын қалқалар тұрғызылды. Қаз, үйрек балапандары осында өсіріле бастады.

Бірде директор ферма аралап кеткенде облыстың жаңа басшысы Василий Шишонков совхоз орталығына келе қалады. Директордың орынбасары оған жаңа құс фермасын көрсетеді. Ферма таза. Жұмысшылардың үстінде ақ халат. Құстың жемі мол. Бұрын жұмыссыз отырған адамдар мұнда құлшына еңбек етуде. Осы совхозда қызыл кірпіш шығаратын шағын цех бар еді. Оны жылына 1 миллион кірпіш шығаратын зауытқа айналдыру ісі қолға алыныпты. Обкомның бірінші хатшысы бұған іштей дән риза болғанымен, сыртқа ештеңе білдірмей кете барған.

Бір күні обком бірінші хатшысының көмекшісі телефон шалып, Рамазанов дереу Шишонковқа келуі керек екендігін хабарлайды. Барады. Шишонков салқындау амандасқаннан кейін, үстелінің тартпасынан үш-төрт парақ қағазды суырып алып:

– Мына қағазбен танысып шығыңызшы,– дейді.

«Мәскеу. Кремль. КОКП ОК бірінші хатшысы Н.С.Хрущевке!» деп басталған хатта Аманолла Рамазановтың

«Ақкөл» совхозында директор болғандығы, сол кезде совхоз облыста алдыңғы қатарда жүргендігі, бүгінде жағдайлары қиын екендігі, оның себебі басшылықтың өз дәрежесінде еместігі жазылыпты. «Осы себепті сізден, құрметті Никита Сергеевич, біздің бұрынғы директорымыз Аманолла Рамазановты «Ақкөл» совхозын басқаруға қайта жіберуіңізді сұраймыз!» деп, хат соңына 300-дей адам қол қойыпты. Хаттың шекесіне «Шишонков жолдасқа. Нақты шешім қабылдаңыз!» деген бұрыштама соғылған.

«Қалай, барасың ба, «Ақкөл» совхозына?» деген сұраққа ол бірден келісімін береді.

1963 жыл. Облысқа бірінші хатшы болып келген И.Г.Слаженев Аманолла Рамазановты Баянауыл ауданына бірінші хатшы етіп тағайындайды. Бұл аудан жұмысы да аз уақыттың ішінде жолға қойылады.

Алпысыншы жылдардың басында тың игеру ісін ұтымды ұйымдастыру мақсатында Тың өлкесі құрылды. Оның құрамына Павлодар, Көкшетау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары кірді. Аталған облыстар Тың өлкесіне тікелей бағындырылды. Өлке деген аты болмаса, бұл – мемлекет ішіндегі мемлекет еді. Барлық мәселені тың өлкесі шешетін. Шын мәнінде өлкедегі билік Мәскеудің қолына көшкен. Енді, міне, осы Тың өлкелік ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметіне А.Рамазановты тағайындау жөнінде шешім дайындала бастайды. Сол кездегі Совхоздар министрінің орынбасарымен пара-пар бұл қызметке әркімнің қолы жете бермейтін. Бірақ А.Рамазанов одан бас тартты. Әр түрлі сылтау айтып құтылғанымен, іштегі ойы мүлдем басқа еді. «Ел тұтастығына нұқсан келтіретін бұл құрылымға қызмет еткенше, жұмыс істемей-ақ қойсамшы» деп ойлаған. Бармағаны да дұрыс болған екен, Тың өлкелік комитеті көп ұзамай таратылды. Сол тұста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа үміткерлер ұсыну басталып, облыстық партия комитеті Баянауыл округінен А.Рамазановтың кандидатурасын ұсынды. Павлодар облыстық

партия комитетінің бірінші хатшысы И.М.Буров облыста жасаған тізімін Орталық Комитеттің бөлімдерінен өткізген соң, екінші хатшы В.Н.Титовтың соңғы елегіне алып барған. Рамазановтың құжаттарын оқи бастаған Титов «Астықты өсіріп жазуға қатысқаны үшін жұмыстан босатылды» деген сөздерді дауыстап оқып шығады да:

– Басқа хатшы құрып қалғандай, өсіріп жазуға қатысқан адамды әкеліп отырғандарың не?!– дейді ызбарланып. Өсіріп жазуға Рамазановтың тікелей қатысы жоқ екендігін, оның депутаттыққа әбден лайық азамат екендігін дәлелдеуге тырысқан облыс басшысының әрекетінен ештеңе шықпайды.

Біраздан кейін Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары қызметі босаған. Осы орынға Павлодар облысынан лайықты адам сұралғанда облыс басшысы И.М.Буров іркілместен А.Рамазановты ұсынады. Димекен бірден қостайды.

– Жыртылған жер көлемі о баста Мәскеудің жоспарына қалай еніп кетсе, жыл сайын сонша жерден өнім алу қатаң талап етілді. Жарамсыз болып қалған жерлерді есептен шығара алмай, әуреге түстік. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары И.Г.Слажнев екеуміз Мәскеудегілерге қанша дәлелдеуге тырысқанымызбен, ештеңе шығара алмадық. Бір күні оның да амалын таптым,— деп, Аманолла Ғабдолқайұлы тағы бір тың әңгіменің шетін шығарды.

Кезінде Ресей патшасы І Петр Қазақстанға алғашқы отарлаушылар келіп қоныстана бастағанда-ақ «Ертіс өзенінің екі жағалауына 50 шақырымға дейін жер жыртып, егін салуға болмайды!» деген жарлық шығарыпты. Ал тың игерушілер Павлодар облысындағы Ертістің дәл жиегіне дейін жыртып тастаған.

И.Г.Слажнев екеуі тағы да Мәскеуге барады. Жалғыз Павлодар облысында ғана емес, тың игеру салдарынан Қазақстан жеріне тиген зиянның бәрін ашық айтады және оны нақты деректермен дәлелдейді. Соңына таман І Петрдің жарлығын алға тартады. Сөйтіп, жарамсыз болып қалған миллиондаған гектар жерге енді астық емес, мал азығы үшін шөп егуге рұқсат алып

қайтады. Соның арқасында құм суырған, тұз ұшқан дала қайта қалпына келе бастайды.

Тың көтеру дақпырты басыла бергенде «Қазақстандағы қой санын 50 миллионға жеткізу керек!» деген ұран көтерілді. Бұл мүмкін емес еді. Амал қанша, Мәскеу айтқан соң көнбеске шара бар ма? Сәл бірдеңе десең, орныңнан қағып тастайды. Ол кезде республика басшыларының өзі іштен тына жүріп, ұлтына қызмет еткенін бүгінгі ұрпақ қайдан білсін.

«Шымкент обкомының бірінші хатшысы қызметінде жүрген кезім. Облысқа республика басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келе қалды,— деп еске алады Аманолла Ғабдолқайұлы. — Шымкенттен Түркістанға бара жатқан жолда «Бұржар» деген совхоз бар. Онда шопандар бригадасы құрылып, жұмыс жасап жатқан. Димекеңе көрсеттік. Жастардың жағдайы жап-жақсы ұйымдастырылған. Он бес мың қойды бордақылаумен айналысуда. Бәрін көргеннен кейін Димекең мені оңашалау алып шықты. Ақырын сыбырлап: «Мыналарың дұрыс. Өрімдей жас қыздар да толып жүр екен. Олар — болашақ аналар. Ұлт — анадан өседі. Қыздарымыз қой соңында қалып қоймасын. Мүмкіндігінше осы қыздардың бәрін жоғары оқуға түсіруге тырыс. «Ураға» беріліп, өспей қалмайық!» деді. «Түсіндім, Димеке!» дедім. Сол кезеңде шопандар бригадасында болған қыздардың біразы жыл сайын Шымкенттегі жоғары оқу орындарына түсетін болды. Кейін көбісі елге танымал мамандар болып шықты». Бұл әңгіменің астарын түсіндіріп жатудың керегі жоқ сияқты.

Облыстағы 200-ден астам кәсіпорын өз жоспарын мүлтіксіз орындауда. КСРО-да фосфор өндірісі сол кезде Шымкент фосфор зауытынан басталған. Новосибирскіде осы үшін 50 мегаваттық пеш салынды. Бірақ сапасы нашар. Жиі-жиі істен шығады. Бұл бүкіл облыс көрсеткішіне кері әсер етті. А.Рамазанов КСРО Химия министрі Л.Б.Костановқа жағдайды түсіндіріп, зауыттың өнім өткізу жоспарын 50 миллион сомға кемітуді сұрайды. Мұндай мәселені тек А.Н.Косыгин ғана шешетін. Бұдан кейін Мәскеуге тартты.

А.Н.Косыгин өз кабинетінде Аманолла Ғабдолқайұлын жылы жүзбен қабылдады. Мұқият тыңдағаннан кейін:

– Жарайды, солай болсын. Мен Костановқа ескертемін, – дейді Алексей Николаевич. Мәселе осылай шешіледі.

Иә, кейде үлкен мәселені шешуде жеке адам беделінің орны бөлек. Аманолла Ғабдолқайұлының қандай істі де шеше білетін тапқырлығы мен іскерлігіне республика басшылығы да ризашылығын білдіреді.

Жалпы, біреуді сыдырта мадақтаудан оңай ештеңе жоқ. Осы мақала жазылу барысында Әбекең оны бірнеше рет оқып шығып, өзі туралы айтылған жылы лебіздердің біразын қысқартып тастады. Ал қызметтестері жайында жазылған тұстарды қайта-қайта толықтырады. Сосын бір рахат күйге түседі. Соңғы рет оқып шығып, риза кейіпте отырған. Сөз арасында аузымнан қағылып, ұстаз бен шәкірт туралы бірденелерді айтып қалмасым бар ма.

– Ох, мені қызмет баспалдақтарының алғашқы сатысында тәрбиелеп, осындай дәрежеге жеткізген ұстазым Николай Филиппович Алимпиев жайында айтуға тиістімін, – деді де «анауынды қосып қой», деп сөмкемдегі диктофонды қайта шығартқызды.

1950 жылы институтты жақсы бағамен бітірген А.Рамазановқа Павлодар облысы, Краснокут ауданындағы «Екібастұз» совхозына жолдама беріліпті. Бірақ облыстағы совхоздар тресінің бастығы Н.Ф.Алимпиев онымен біраз әңгімелескеннен кейін: «Сен аппаратта қал. Қабілетің бар екендігі байқалып тұр. Мұнда қазақ мамандары жетіспейді. Өзім тәрбиелеп, үйретемін», дейді де, треске агроном болып жұмысқа орналасқандығы туралы бұйрықты қолына ұстатады.

– Трест бастығы Н.Ф.Алимпиев қайда іссапарға барса, мені әрдайым бірге ала кететін. Өзі директорлармен сөйлеседі, мен агрономдармен сөйлесемін. Николай Филипповичтің небір күрделі тапсырмаларын мүлтіксіз орындауға мен де дағдыландым. Арада үш жыл өткенде ол кісі мені Куйбышев ауданының «Ақкөл» совхозына директорлыққа ұсынды. Бұл мен үшін күтпеген

жағдай еді. Өйткені, мұның алдында совхоздардың біріне бас агроном етіп жіберуді сұранып жүргем,– дейді Әбекең еңбектегі алғашқы ұстазын құрметпен еске алып. Аз уақыттың ішінде өзін құрыштай шынықтырып, қырандай баптаған еңбектегі алғашқы ұстазы жайында айтудан Әбекең жалығар емес.

Сондай-ақ Куйбышев аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Махмет Қайырбаевтың да Әбекең үшін орны бөлек. Он сегіз жасында соғысқа кіріп, жиырма жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған М.Қайырбаев республикаға кең танымал адам болатын.

Сөз соңы

Бірде Аманолла Ғабдолқайұлы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 4-томындағы 388-бетті ашып, ондағы «Рамазанов Нұқ» деген фамилияны көрсетті. Сосын кейінгі кезде өзі жасатқан «Аманолла Ғабдолқайұлы Рамазановтың ата-тегі» деп аталатын қысқа шежіредегі «Н» деген есімге назар аударуымды өтінді. Онда Рамазаннан – Жақия, Жақиядан – Әбдіғалым, Әбдіғалымнан – Мұзапар, Нұқ, Әсет, Ғабдолқай деген төрт бала тарағандығы көрсетіліпті. Яғни, Нұқ – Әсет пен Ғабдолқайдың туған ағасы. Бұл дерекке біз неге қала тоқталдық? Оның себебі мынада:

Белгілі мәдениет зерттеушісі, мұражайтанушы Марат Әбдешов «Казахстанская правда» газетінің 2005 жылғы 10 тамыз №213 санында жариялаған «Первые переводчики стихов Абая» деген мақаласында Абай Құнанбаев пен Міржақып Дулатовтың шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған С.Сабатаев пен Н.Рамазанов екендігін құжаттар арқылы дәлелдейді.

1884 жылы дүниеге келген Нұқ Рамазанов 1913 жылы Мәскеудің Лазарев атындағы Шығыс тілдері институтын бітіріпті. Араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік меңгерген ол институттың жанынан шығатын «Восточный сборник», «Труды по востоковедению» атты ғылыми-көпшілік журналдарға Абай Құнанбаевтың өмірбаяны мен «Желсіз түнде жарық ай»,

«Адамның кейбір кездері», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» сияқты өлеңдерімен қоса, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» мен бірнеше өлеңдерін орысшаға аударып, бастырған. Бұл жөнінде энциклопедияда да, баспасөз беттерінде де кеңінен жазылған.

– Абайды тұңғыш рет орыс тіліне аударған адам өздерінің аталары екенін кейінгі ұрпақ біліп жүрсін деген оймен осы шежірені жазып шықтым,– дейді бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан Аманолла ақсақал. Өмірден ерте өткен Нұқты бүкіл Рамазановтар әулеті қазір мақтан тұтады. Себебі, Абайдай Ұлыны аудару үшін сол деңгейлес талант керек екенін олар жақсы түсінеді.

Аманолла ақсақалдың мінезі де, бүкіл болмысы мен тұрмысы да тым қарапайым.

– Менің бар байлығым – көзімнің ағы мен қарасындай төрт ұлым мен бір қызым, олардан туған немерелерім мен шөберелерім. Бәрі білімді, ел тірегі болып ержетті. Менің үрім-бұтағым да, ұлтым да ешкімге қылаудай қиянат жасамаған ғой. Енді қалған өмірімде солардың жарқын жүздерін ғана көріп өтсем, арманым жоқ,– дейді.

Иә, ұлтты сүю – ұлы бабалар мен асқар таудай ағалар рухына деген ұлы махаббаттан басталады. Оған Аманолла Рамазановтың жүріп өткен өмір жолдары мен қызықты әңгімелері нақты дәлел болса керек.

«Егемен Қазақстан» газеті,
30 мамыр, 2008 жыл

ЕГО ЖИЗНИ ДОСТОЙНЫЙ ПРИМЕР

В эти дни исполняется 85 лет со дня рождения государственного и общественного деятеля Аманулла Рамазанова, жизненный путь которого – достойный пример для каждого казахстанца.

Молодость звала к трудовым подвигам

Аманулла Рамазанов был известной личностью, руководителем, завоевавшим авторитет своей принципиальностью и ответственным отношением к проблемам регионов и отраслей, в которых он трудился. В советское время в его биографии были и такие моменты, когда незаслуженно приходилось расплачиваться за равнодушие и активную гражданскую позицию.

В сентябре 1953 года на Пленуме ЦК КПК был поднят вопрос об освоении целинных и залежных земель, за которым последовало принятие специального постановления. Для освоения целины в Казахстан устремилась молодежь из разных концов Советского Союза. 24-летний Аманулла Рамазанов в то время работал директором совхоза «Аккольский» Куйбышевского района Павлодарской области. И сюда прибывали покорители целины. Но в совхозе не было общежития, и директор до весны всех разместил в местных домах. Молодой руководитель старался создать нормальные условия для людей, работал не жалея сил. И в следующем году за высокие показатели совхоза в животноводстве и растениеводстве он удостоился ордена «Знак Почета».

Позже Аманулла Рамазанов стал руководителем областного сельхоз управления, директором совхоза «Ямышевский». По желанию аккольцев, которые написали письмо самому Хрущеву с просьбой вернуть им «своего» директора, вновь возглавил совхоз «Аккольский». Когда он возглавлял Баянаульский район

Павлодарской области, и в течение двенадцати лет – Чимкентскую, Семипалатинскую области, Аманулла Рамазанов показал себя грамотным руководителем, крепким хозяйственником. Именно в те годы были открыты производства, строились жилые дома и социальные объекты. Интересы регионов и населения он отстаивал на самых высоких уровнях власти. О его настойчивости и принципиальности говорят те факты, что только на приеме у председателя Совета Министров СССР Алексея Косыгина он был три раза. В Чимкентской области благодаря этому открыли один из пяти дорожных заводов, завезенных из Америки. И это только один из примеров его неутомимой заботы об интересах людей и регионов.

Селу подарили свет

С началом освоения целины было принято специальное постановление по обеспечению электричеством высокого напряжения всех сел в Казахстане. Но не до всех сел дошла электрификация. Тогдашний Министр энергетики и электрификации КазССР ограничился районными центрами. Как заместитель министра сельского хозяйства Рамазанов поставил в известность об этом председателя Совета Министров КазССР Массымхана Бейсебаева. Незамедлительно была создана комиссия по контролю за выполнением постановления. По итогу задания М.Бейсебаева по обеспечению электричеством всех сел было выполнено досрочно.

«Петр Первый знал!»

– Сколько пахотных земель было включено в Московый план, с такой площади строго требовалось собрать соответствующий урожай. Нелегко было списывать пришедшие в негодность площади. Вместе с заместителем председателя Совета Министров КазССР И.Г.Слажневым мы безрезультатно пытались доказать это Москве. Но однажды я нашел выход, - вспоминал Аманулла Рамазанов ситуацию, когда он был заместителем

министра сельского хозяйства. — Петр Первый во время переселения русских крестьян в Казахстан издал указ, запрещающий вспахивать берег Иртыша в пределах 50 метров от него и возделывать культуры в прибрежной зоне, а павлодарские целинники вспахивали-таки земли вплотную к реке. В очередную поездку в Москву мы оперировали аналогичными данными из всех регионов страны, напомнили об указе Петра Первого и добились разрешения сеять кормовые травы на таких землях, а это были миллионы гектаров!» Благодаря этому пойма Иртыша возродилась. И в советские времена находились люди, противостоявшие всеобщему диктату...

Хрущев хотел иначе...

Про Аманулла Рамазанова при его жизни писали много, была издана и книга с его воспоминаниями. В ней он много размышляет, тепло вспоминает о своих коллегах-соратниках, делится размышлениями о значимых событиях, имевших место в нашей истории. К примеру, пишет об усилиях Динмухамеда Кунаева по возвращению в Казахстан незаконно переданных Узбекистану трех районов: «Я тогда был первым секретарем Чимкентского обкома партии. В конце мая Димаш Ахметович поехал на поезде в Москву. Я должен был встретиться с ним. И назавтра уже был на вокзале, встречал поезд «Алматы – Москва», который следовал через Чимкент, вошел в служебный спецвагон. И там он мне рассказал о причинах перехода трех районов в состав соседней страны.

Это произошло следующим образом: во время перерыва на пленуме Н.С. Хрущев отозвал его в сторону и похвалил тогдашнего первого секретаря Чимкентского обкома партии Исмаила Юсупова, отметив, что он является «настоящим интернационалистом». В ответ на это Кунаев сказал, что все казахстанцы – интернационалисты. И тогда Хрущев открытым текстом говорит о необходимости перевода трех районов в Узбекистан для наиболее полной специализации южных районов Казахстана по

выращиванию хлопка. Димеке говорит, что об этом нужно советоваться с населением, а Хрущев жестко настаивает на своем. И в скором времени три района оказываются в составе соседней страны, а Юсупова назначают на место Кунаева. «И теперь задание тебе: пока я возвращаюсь из Москвы, нужно объехать эти районы и узнать, как там люди живут?» сказал мне Димеке на прощание. Я выполнил это поручение и доложил ему обстановку, когда он вернулся из столицы.

Далее Рамазанов пишет: «Не откладывая в долгий ящик большая комиссия из Алматы выехала в Ташкент. Я запросил государственный акт передачи. Вместе с землей было передано более 515 тысяч голов овец. Шараф Рашидов сказал: «Казахи никогда не просят обратно то, что уже отдали». Я обсудил этот вопрос с Кунаевым по телефону. Он сказал: «Аманулла, наша цель – вернуть земли, а что ушло, то ушло. Мы восполним поголовье скота, не будем из-за этого портить отношения с соседями». Так мы вернули наши районы из Узбекистана.

Отстояли Звезду Героя

Аманулла Рамазанов вспоминал: «Существовала угроза передачи кроме тех трех районов еще и Шардары, Кызылкума. В этих условиях Д.Кунаев незамедлительно решил организовать возделывание риса в этих краях, чтобы противостоять воле Хрущева. И сегодня многие не знают, что эти усилия увенчались успехом». В связи с этим он пишет и о том, как в расцвет края большой вклад внес председатель правления «Главриссовхозстроя» Эрик Гусаков, и о том, как он сам содействовал получению Гусаковым Золотой Звезды: «В 1974 году закончился первый этап освоения Кызылкумского региона. Кандидатура Гукасова была предложена для присвоения ему звания Героя Социалистического Труда. Документы лежали на столе у Ф.Д.Кулакова, секретаря КЦ КПСС. В те годы тоже, как сейчас, вода Сырдарьи часто не доставалось Мактаралу и Шардары, и вопросы я решал через него. И вновь с его помощью мы обеспечили Гукасову Звезду...»

Человек с щедрым сердцем

Красноречиво говорят о жизненном пути Амануллы Рамазанова строки биографии. Родился в 1928 году в колхозе им. Карла Маркса Павлодарского района Павлодарской области. В 1950-1953 годы работал главным агрономом в областном управлении сельского хозяйства, следующие десять лет – директором совхоза «Аккольский». В 1963-1967 годах занимал должность первого секретаря Баянаульского райкома партии. В 1967-1970 годы он – первый заместитель министра сельского хозяйства. С 1970 по 1978 год работал первым секретарем Семипалатинского обкома партии. В 1983 году стал первым заместителем министра заготовок. В 1989 году за особые заслуги перед страной ему была назначена пенсия союзного значения.

Аманулла Рамазанов избирался депутатом Павлодарского, Чимкентского и Семипалатинского областных советов народных депутатов. В 1971 году был депутатом Верховного Совета КазССР, дважды (1974, 1979 годы) – Верховного Совета СССР. В течение 15 лет – с 1970 по 1985 год – был членом ЦК Компартии Казахстана. А.Рамазанов – дважды кавалер ордена Ленина, четырежды – ордена Трудового Красного Знамени, а также ордена «Знак Почета», награжден многими медалями Советского Союза и Республики Казахстан. Удостоен пяти золотых, пяти серебряных медалей ВДНХ СССР, Почетной грамоты Верховного Совета КазССР. Почетный гражданин города Семей.

Аманулла Рамазанов был очень скромным человеком. Он говорил: «Мое сегодняшнее богатство – мои четыре сына и дочь, внуки и правнуки. Все образованные, состоялись как граждане своей страны. В Казахстане царят мир и покой, за несколько лет нас признали на мировой арене. Пусть у нас все будет хорошо. И мои потомки, мой народ никому зла не делали. Я хочу видеть только улыбки на лицах людей».

В общем, Аманулла-ага прожил насыщенную долгую жизнь, был деятельным человеком. При всей своей успешности отличался человечностью, неравнодушием к чужой боли. И о такой личности нужно помнить всегда.

**«Казахстанская правда»,
5 июня, 2013 года**

ЖҮРЕГІ ДАРХАН, ТҰЛҒАСЫ ТАУДАЙ ЖАН ЕДІ

Өмірдерек

Аманолла Ғабдолқайұлы Рамазанов 1928 жылы Павлодар облысы Павлодар ауданы К.Маркс атындағы ұжымшарда дүниеге келген.

1950 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін алғашқы қызметін Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында аға агрономдықтан бастады.

1953 жылы Ақкөл кеңшарына директор болып тағайындалды.

1959 жылы Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметіне көтерілді.

1963 жылдан бастап Баянауыл ауданының бірінші хатшысы.

1967 жылдан Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары.

1970-1978 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы.

1978-1983 жылдары Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы.

1983 жылы Қазақ КСР Астық өнімдерін дайындау министрінің бірінші орынбасары.

1954-1983 жылдар аралығында Павлодар, Шымкент, Семей облыстық кеңестерінің, 1971 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 1974-1979 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына екі дүркін сайланды.

Екі рет Ленин Орденімен, төрт рет Еңбек Қызыл Ту Орденімен, Құрмет Белгісі Орденімен, Кеңестер Одағының көптеген медалімен, Қазақстан Республикасының үш медалімен марапатталған. Социалистік жарыстың ауыл

шаруашылығындағы жетістігі үшін КСРО Ауыл шаруашылығы көрмесі Бас Комитетінің медалін он рет (5 алтын, 5 күміс), Қаз.КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын екі рет иеленген.

Семей қаласының Құрметті Азаматы.

Аманолла Рамазанов тірі жүрсе биыл сексен беске толар еді. Ол кісі жайында баспасөз беттерінде біраз жазылды. Сол жазбаларды қайта парақтап отырмыз. Өмірден озғанына жыл толғанда замандастарының, достары, туыстары, тағы басқа көңілі жақын адамдарының ол кісі жайында жазған «Өмірі өнегелі парасатты тұлға» атты естелік кітабы да қолымызда.

Иә, әрбір адам баласы дәм-тұзы таусылып, о дүниеге атанғаннан сайын өзгеше бір дүние онымен бірге мәңгілікке кеткендей әсерде қаласың.

Бұрынғы жазылғандарды қайталамас үшін біз осы кітаптың ішінде көпшілікке әлі толық жете қомаған кейбір тарихи шындықтарды, Аманолла Ғабдолқайұлының тікелей өзі бастан кешкен, көз алдынан өткізген өмір құбылыстарымен өрбіте баяндағанды жөн көрдік. Сондай-ақ Әбекең жайында жазылған естеліктерден де үзінділер келтірдік. Ол кісінің адами келбетін жаңа бір қырынан жаңғыртуға тырыстық.

Егер өмір жолына қысқаша тоқталып өтетін болсақ:

«Аманолла Ғабдолхұлы Рамазанов жылдың 1 маусымында Павлодар облысының Карл Маркс атындағы ұжымшарында дүниеге келді. Алматы мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын, Москвадағы КОКП Орталық Комитетінің қасындағы Жоғарғы партия мектебін бітірген.

1950-1953 жылдары Павлодар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының аға агрономы болып қызмет бастаған ағамыз облыс орталығындағы осы жайлы қызметін тастап, бар болғаны 24 жасында осы облыстың «Ақкөл» кеңшарына директор болып барады. Бұл атақты тың игеру кезеңі басталып, қызу жүріп жатқан тұс еді. Жас жігіттің зор ұйымдастырушылық қабілеті

мен маман ретіндегі біліктілік қырлары осында жүргенде жарқырай көрінеді. Бұл кеңшарда Аманолла Рамазанов директор болып келген 1953 жылы 1,5 мың гектар ғана егістік жері бар еді. Келесі жылы ол 4 мың гектарға жеткізілді. Мұнан кейінгі екі-үш жылдың ішінде кеңшар қуаты тасқындап, егіс көлемі 20 мың гектарға дейін шарықтады. Әр жүз сиырдан 90-95 бұзау, әр жүз саулықтан 100-ден қозы алынды. Әр жыл сайын шаруашылық тәсілімен 20-30 үй салу әдетке айналып, кеңшар орталығы жедел көріктенді. Мектептер мен бала бақшалар, 300 орындық клуб, автогараж, машиналар тұрағы, мұнай базасы бой көтерді. Мал қоралары қайта жаңартылып, көбісі жаңадан пайда болды. Көтерме жолдар төселді.

Кеңшардың материалдық техникалық базасы қатты дамыды. Аманолла Рамазанов келгенде мұнда бар болғаны 5-6 трактор бар екен. Санаулы жылдардың ішінде тракторлар саны 250-ге жеткізілді. 150 машина, 80 комбайн болды. Әрине, мұның өзі бір есептен алғанда тың көтерудің пайдасы еді. Бұрын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап үлгірген, қай затты қандай жолмен алуға болатынын жақсы меңгерген алымды да алғыр жас директор кеңшарды көтеруде тың игеру саясатын шеберлікпен пайдалана білді. Сөйтіп, шаруашылықтың жұмысы дүрілдеп жүре берді. Ол республиканың, облыстың бірінші басшылары арнайы келіп көретін үлгілі шаруашылыққа айналды. 1954 жылы 26 жастағы жас директордың кеудесіне алғашқы мемлекеттік үлкен награда ретінде «Құрмет Белгісі» ордені қадалды.

1958 жылдың шілде айында Аманолла Рамазановты аяқ астынан обкомға шақырып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп тағайындайды. Сөйтіп, шаруашылықты басқа адамға тапсырайын деп жүргенде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Жұмабай Тәшеновтың келе жатқаны белгілі болады. Аудан басшысы Махмет Қайырбаев телефон шалып, үлкен басшыны өзің күтіп ал дейді. Белгіленген уақытта қонақтар да келіп жетеді. Жиналыс болады. Жас директоры кеңшар шаруашылы-

ғы туралы ұзақ баяндап, жағдайдың барлығын жіпке тізгендей жеткізеді. Жұмабек Тәшеновтың қойған сұрақтарының барлығына толымды да нақты жауап қайтарады. Жауапқа қатты риза болған Тәшенов қасында отырған обкомның екінші хатшысы Кенжебай Макинге қарап: «Мынау өзі алғыр жігіт екен, болайын деп тұрған жас екен. Өсіру керек қой» – деп қалады.

«Бұл жігітті біз облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп бекіттік», – дейді Кенжекең. Сонда Тәшенов қабағын шытып:

«Қиын жұмыс қой ол. Жанып тұрған от қой. Қызылжарда мен де ол қызметті атқарғам. Мынау өзі мәдениетті, білімді жігіт екен, көмектесіңдер. Әйтпесе, босқа күйдіріп аласыңдар» – деген екен.

Хрущевпен алыса жүріп Тың өлкесін Ресейге қостырмай алып қалған, тек осы бір батылдығы, табандылығының өзімен ғана Қазақстанға, қазақ халқына тарихта алтын әріппен жазыларлықтай өлшеусіз үлкен жақсылық жасай алған Тәшенов тегін адам болмаған ғой. Жас жігіттің болашағын бір көргеннен дұрыс болжай білгендігі аңғарылды. Аманолла ағамыздың мұнан кейінгі қызмет жолдарында нақақтан нақақ күйіп кеткен тұстары да болды. Бірақ өзіне тән алғырлық, білім-білігімен қайтадан тез көтерілді.

Ағамыз мұнан кейінгі өмір жолында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Павлодар ауданындағы өзі туып өскен «Ямышев» кеңшарының директоры, халықтың Хрущевке дейін хат жазып, Аманолла Рамазановты қайта қалап, сұрауы бойынша қайтадан «Ақкөл» кеңшарының директоры, Баянауыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Мұнан кейін табандатқан он екі жыл бойы Шымкент және Семей облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметін атқарып, осы облыстардың дамуына сүбелі үлес қосты. Аманолла Рамазановтың тұсында бұл облыстарды өңір, ел

экономикасы үшін маңызды болып табылатын үлкен өндірістік орындар, мәдени-әлеуметтік ғимараттар салынды. Осындай маңызды нысандарды салдыру, жоспарға еңгізу үшін Аманолла Рамазанов республика басшыларының, одақтық министрлердің алдында талай рет болды.

Тіпті одақтық Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н. Косыгиннің алдында үш рет болды. Аманолла Рамазановтың осындай табандылығының арқасында Америкадан алдырылған жол салу үшін қажетті 4-5 зауыттың бірі Шымкент облысына бұйырды.

Ағамыздың жоғарғы қызметте жүргенде міне, осындай халыққа жасаған жақсылықтары көп болды. Жастар тәрбиесіне мән беріп, олардың арасынан көптеген басшы қызметкерлерді тәрбиелеп шығарды. Қай қызметте жүрсе де қарапайым халықтың жағдайына көп мән беріп отырды. Ұлттық мүддені ұмытпады. Кеңестік кезеңнің соңғы жылдарында республика Астық өнімдерін дайындау министрінің бірінші орынбасары болды. Сіңірген еңбегіне байланысты Аманолла ағамызға одақтық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындады.

Ағамыз өз өмірінде белсенді қоғамдық қызметтер атқарды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Жоғарғы Кеңесіне бірнеше рет депутат болып сайланды. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Екі рет Ленин орденімен, төрт мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, Құрмет Белгісі орденімен марапатталды. Семей қаласының құрметті азаматы деген мәртебелі атқа ие болды.

«Дүниеде не өлмейді? Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді біздің қазақ халқы. Сол секілді бүгінгі күні Аманолла ағаның халыққа, қарапайым адамдарға жасаған жақсылығын еске алып отыратын адамдар Қазақстанның әр түкпірінен табылады. Мәселен Шымкентте теледидар ең алғаш ашылғанда екі баласын қасына ертіп, ауылдарды аралап сюжет түсіріп жүрген ерлі-зайыпты журналистер өздеріне ойда жоқ жерде обкомның бірінші хатшысы Аманолла Рамазановтың кездесіп қалғандығын, бұлардың жұмысқа жайсыз жаман

машинамен жүргендіктерін көріп, балаларын өз Волгасына салып алып ұйқатқандығын, артынша қызмет үшін дереу жаңа Волга машинасын алуларына жәрдем жасағандықтарын ризашылықпен жазса, семейліктер Аманолла Рамазанов осы облысқа басшы болып тұрған кезінде алғаш рет ұлттық тағамдар әзірлейтін дәмхана ашып, халықтың осында келіп, қымыз ішіп, құйрық-бауыр жеп дегендей ата-баба дәстүрімен көңіл көтеруге жағдай туғызғандығын жазады. Мұндай мысалдарды Аманолла ағамыздың басшылық қызметі мен жеке өмірінен көптеп келтіре беруге болады.

Адамнан адамның айырмашылығы – алған білімі мен жинаған тәжірибесі, атқарған ісімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда Аманолла ағамыздың жер бетін басқан сексен екі жылдық ғұмыры бай мазмұнға толы болды. Оған ең алдымен өз қаламынан туған естеліктері дәлел. Бұл естеліктердің бәрінде қызметтестері мен үзеңгілестері жайында тағылымды сыр шертеді. Өмір деректерінен ой түйеді, оқырманының көкірек көзін ашып, көңіліне сәуле түсіруге тырысады. Мәселен, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Өзбекстанға заңсыз түрде өтіп кеткен үш ауданымызды қайтарып алу кезіндегі Д.Қонаевтың әрекетін былай суреттейді:

«Мен ол кезде Шымкентте облыстық партия комитетінің бірінші хатшысымын. 1970 жылғы мамыр айының аяқ шамасында Димаш Ахметұлы пойызбен Мәскеуге баратын болды. Жолда маған жолығу керектігін ескертті. Ертеңінде Шымкентте «Алматы-Мәскеу» пойызын күтіп алып, Димекеннің арнаулы қызмет вагонына келіп кірдім.

Сол жерде маған аталған аудандарымыздың көрші елдің қарауына өтіп кету себебін айтып берді. Оқиға былай болған екен: В.С. Хрущев пленумының бір үзілісінде Димекенды оңашалап шақырып алады да, сол кездегі Шымкент облыстық комитетінің бірінші хатшысы Исмаил Юсуповты «ол – нағыз интернационалист» деп мақтай жөнеледі.

Бұл көлгірліктің астарын бірден түсінген Димекен қазақстандықтардың барлығы интернационалист екендігін ескертеді.

Алыстан орағытқаннан ештеңе шықпасын түсінген В.С. Хрущев ақыры Қазақстанның оңтүстігіндегі аудандарды мақта өсіруге терең мамандандыру үшін Өзбекстанға өткізу керектігін төтесінен қояды. Димекең бұл жөнінде халықпен ақылдасу керектігін білдіреді. В.С. Хрущев шарт кетіп: «Мен саған халық емеспін бе?!» деп белден басады. Көп ұзамай Қазақстанның үш ауданын көршілерге алып береді. Димекеңнің орнына Юсуповты тағайындайды.

– Ал енді саған тапсырма: мен Мәскеуден оралғанша сен осы үш ауданды аралап шықшы. Ел-жұрттың жағдайын біл. Не үшін жүргенің дабыра болып кетпесін, – деді Димекең маған қоштасарда. Айтқанын шұғыл орындадым. Димекең Мәскеуден оралған соң телефон арқылы бәрін баяндадым. Көп ұзамай-ақ Алматыдан үлкен комиссия шығып, Ташкентте бас қостық. Үш ауданды өткізер кезде жасалынған мемлекеттік актіні тапқызып алдым. Жермен қоса жалпы саны 515 мыңнан астам қой да сол кезде Өзбекстанға өтіп кетіпті. Осы малдарды қайтару жөнінде мәселе қойғанымда Шараф Рашидов:

–Аманолла ака, қазақтар бергенін қайта сұрап алмайтын еді ғой, – деп әзіл-шыны аралас алдымды орағыта бастады. Бұл жөнінде телефон арқылы Димекеңмен хабаласып едім: «Аманолла, біздің мақсатымыз – жерімізді қайтарып алу, кеткен дүние кетті ғой. Бас аман болса, мал өсер. Сол үшін көршімен бет жыртысып жатамыз ба» деп ірілік танытты. Сөйтіп, аудандарымызды Өзбекстан құрамынан қайтарып алдық».

Л. И. Брежневтің қатысуымен Ташкентте өтетін тағы бір пленумында Қазақстан тарапынан баяндама жасауды Димекең Өзбекстанмен көршілес облыстың бірінші хатшысы ретінде А. Рамазановқа жүктейді. Қазақтар да мақта өсіре алатынын көрсетіп қалу үшін А. Рамазанов алдымен осы саладағы жетістіктерге баса назар аударады. Пленумға бір күн қалғанда баяндаманы оқып шыққан Димекең оны бастан аяқ сызғылап, қайта жазғызады.

– Өзбекстан – мақтаның отаны. Сондықтан, мақтамен ешкімді таң қалдыра алмаймыз. Сен әңгімеңді қой санынан

бастауың керек. Қазір облыста 6 миллион қой өсіріп отырсыздар. Ал Өзбекстандағы бүкіл қой саны бұған жетпейді, – дейді.

А. Рамазанов пленумда осы жөнінде айта бастағанда Л.И. Брежнев Шараф Рашидовке бұрылып, Өзбекстанда қанша қой өсірілетінін сұрайды. «Бізде де осыған жақындайды» деп күмілжиді ол. Шымкент облысында мақтаның әр гектарынан 30 центнерге жуық өнім ала батсағанын, оның 80 пайызы машинамен жиналатынын естіген Л.И. Брежнев тағы да Рашидовке бұрылып «сіздерде қалай?» дейді. «Осы шамалас» деген жауап әлсіздеу естіледі.

Осы оқиғаның соңын Әбекең былай деп баяндай келіп: «Жаның жәннәтта болғыр Димекең, ақылға ақыл қосып, Оңтүстіктің абыройын асқақтатып кетті. ...Пленумнан кейін әуежайда одақтас республикалар басшыларын шығарып салып жатты. Бірінші болып ұшу алаңына Л.И.Брежневтің «ИЛ-62» ұшағы қойылды. Екінші кезек Политбюроның мүшесі ретінде Димаш Ахметұлына келді. Кәдімгі шағын ғана «АН-24» алдымызда тұрды. Биік, еңселі кісі бәрімізбен жылы қоштасып, басқышпен жоғары көтеріліп бара жатты. Мұнан кейінгі – қырғыз басшысы Үсібәлиевтің ұшағы екен. Шағын ғана елдің бірінші хатшысы, тіптен Политбюроға мүше де емес. Бірақ сол кездегі алып ұшақ саналатын «ИЛ-62»-ге отырып әуеге самғай жөнелді. Осы бір көріністер Димекеңнің қарапайымдылығы мен ұлылығын тағы бірі қырынан паш еткендей еді» деп жазады кейінгі естеліктерінде.

Бұдан кейін: «Жоғарыда айтқан үш ауданмен қоса Шардара мен Қызылқұм да Өзбекстанға кетіп қалу қаупын алдын-ала сезген Д.Қонаев бұл өңірге дереу күріш ектіріп тастағанын, сөйтіп Хрущевтің солақай саясатына жол бермеу мақсатында жасалған осы бағдарлама өзінің жемісін бергенін бүгінде екінші бірі біле бермейді» деп тағы бір тың деректі алдымызға тосады. Сөйтеді де сол өңірдің гүлденуіне өлшеусіз үлес қосқан «Главриссовхозстрой» Басқарма бастығы Э.Х.Гукасовтың «Алтын жұлдыз» алуына қалай септігі тигендігін былайша қуана

жеткізеді: «1974 жылы Қызылқұм алқабын игерудің бірінші кезеңі аяқталды. Бірде КСРО Су шаруашылығы министрі Е.Е.Алексеевский телефон соқты. Э.Х.Гукасов Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған болатын. Құжаттары СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Ф.Д.Кулаковтың алдында жатыр дейді. Бар мәселе сол кісінің қолына тіреліп тұрыпты. Федор Давыдович Кулаковты жақсы танитынмын. Ол кезде де Сырдарияның суы Мақтарал, Шардара жағына жетпей, жоғарыда қырғыздар мен өзбектер байлап алып, жиі-жиі іштей тартыс жүріп жататын. Осындай жағдайларда Мәскеуге, КСРО Су шаруашылығы мен СОКП Орталық Комитетіне дейін шығатын сәттер болатын.

ЦК-ның коммутаторы Ф.Д.Кулаковпен жедел қосып берді.

– Бұл құжаттың менің алдымда жатқанын қайдан білдіңіз? – деді.

– Бізде пысық (шустрый) қазақ бар, оның фамилиясы «Ұзынкұлақ», сол арқылы естідім, – дедім.

«Гукасовке «Алтын жұлдыз» берсек, украиндықтар мен өзбекстандықтар ренжімей ме? Оларда да дәл осындай одақтық деңгейдегі Басқармалар бар ғой...» деген уәжіне қарамастан Эрик Христофоровичтің ерен еңбегін нақты дәлелдермен түсіндіріп жатырмын. Бір сәтте СОКП ОК хатшысының «Я подпишу!» деген көтеріңкі леппен айтылған кесімді сөзі естілді».

Аманолла Рамазановтың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған мақаламызда компарияның өктем саясаты тұсында ұлт мүддесін ептілікпен қорғауға тырысқанын, кейде қосақ арасында жазықсыз күйіп кетіп, жастықтың жалынымен жарды соққан, тұңғыыққа батып барып қайта көтерілген сәттерін де жазған едік.

Әңгіменің бір ретінде «кезінде жақсылық жасаған адамдарыңыздан көңіліңіз қалған сәттеріңіз болды ма?» деп те сұрағанбыз. Ол кісі орнынан тұрып барып, Оңтүстік Қазақстан облысында шығатын бір газетті әкеліп қолымызға ұстатқан. Онда (аты-жөнін атамаймыз) бір кездері өзінің қарамағында аға-көкелеп жүретін бірі «інісі» бұл кісінің фамилиясын «Жарамазанов» деп өзгеріп алғансып, неше түрлі өсек-аянды соңынан қарша боратыпты.

Соған қатты күйзеліп отырған көрінеді. Ол жақтағы жігіттер осы үшін жалақорды сотқа беруге бекінгенде «арамзалармен алысып абырай тапаймыз» деп бәрін өзі тоқтатыпты.

1983 жылы Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығынан кетуге де осындай алаяқтар себепші болыпты. Арада оншақты жыл өткеннен кейін ғана Димекең өзінің қаталескенін біліп, бір кездесуде «саған сол кезде обал жасап алдым-ау!» деп бауырына басқанын да жасырмады.

Бірге туғандай болып кеткен бір семейлік жазушы дос-ағасы Әбекең қызметтен кете салысымен соңынан тас лақтырғанын естігенімде жағамызды ұстағанымыз да рас. «Кезінде бұған өзім де сене алмағам. Кейін теледидарда сөйлеген сөзін алдырып қайта тыңдағанымда жүрегім ұстап қала жаздады» дейді. Өмірінде аузынан жаман сөз шығып көрмеген бекзат мінезді Әбекең мұндай келеңсіз құбылыстарды жазуға болмайтынын бізге қатаң ескерткен де еді. Бүгін енді Әбекеңнің аруағынан кешірім сұрай отырып, сол шындықтарды жасырғымыз келмеді. Келешек ұрпақ білсін, адамды оқпен емес, бір ауыз сөзбен-ақ өлтіре салу оп-оңай екенін.

Аманолла Рамазанов 80 жылдық мерейтойын тек отбасы, туған- туысқандарымен ғана атап өтті. Дәл сол қарсаңда ортаншы ұлы Еркіннің Ажар деген қызы шетелде оқып жүріп жаман аурмен ауырып қалыпты. «Немерем қиналып жатқанда мен мына жақта қалайша дүркіретіп той жасамақпын. Неменеме жетісемін!» деген еді ауыр күрсініп. Өкінішке қарай, көзінің ағы менен қарасындай болған сүйікті немересі он екіде бір гүлі ашылмай жатып дүниеден өтіп кетті.

Талай қара дауылдарға қара емендей қарсы тұра білген Әбекең де осыдан кейін сынып түсті. Бірақ артында өшпес із қалдырыпты. Сол өшпес іздердің бір соқпағын бүгін біз қайта жаңғыртуға тырыстық.

Аманолла ағаның өзінен кейінгі інісі Ертіс-Павлодар өңіріне, бүкіл елімізге белгілі, еңбегі мемлекет деңгейінде бағаланған Бақұстар Ғабдулхаұлы Рамазановты да осындай сәтте еске алып, марқұмның рухына арнап сөз айту – үлкен парыз.

Бақұстар да текті ортада туып өсіп, тәрбие көрген, «қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей өз ортасынан алған сол тәрбиесін азамат болып жетілген шақта іске жаратып, көпке шуағын шашқан, алды кең, жүзі жарқын, ұстамды да салмақты, жігіттің төресі, елдің қамқоршысы бола білген кемел азамат еді.

Қорыта келгенде айтарымыз, Аманолла аға өмірінің қай қырынан алып қарасақ та біздің көңіліміздің биік төрінен орын алатындығы даусыз. Түр десең түрі келіскен, тұлға десең бітімі бәйтеректей биік, еңбек десең халыққа жасаған жақсылығы бірнеше адамның ғұмырына жетерліктей көп, аса жарқын өмір жолын бастан кешірген адам болды. Үлкен отбасының иесі ретінде соңынан қоғам сұранысына жауап беретін, оны алға жылжытатын лайықты ұрпақ қалдырды. Міне, өмірдегі осындай жетістіктеріне қарамастан ағамыз адамдар ортасында жағымды мінезді, қарапайым да ақжарқын еді. Әр ісінен адамгершілігі, халыққа, адамдарға деген ілтипаты айқын сезілетін.

Осындай біртуар тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері болған, өмірде ел есіндей қаларлықтай іс-әрекеттері, еңбегімен ерекшеленетін ағаның жарқын жүзі, адамдық бейнесі бізге өте қымбат. Мұндай ерді халқы да ұмытпайтындығы ақиқат демекпіз.

Дархан жүректі, алып тұлғалы, биік тудың бәйтерегіндей жел өтіне мызғымай, халқына қорған болып өмір сүрген асыл ағамен әрбір кездескен, бүріге жүрген сәтіміз бұл күні ертегі секілді. Біз осы мақалада мемлекет қайраткері биігіне көтерілген жанның өзі емес, оның заманы, сол заманның айтылмай қалған кейбір сырлары туралы ғана әңгіме қозғадық. Ал, оның өз өмірі, елге жасаған жақсылықтары, өмірдің қайнаған ортасында өсіп-өнген тұлға ретіндегі биік парасат-пайымы, шыққан асыл тегі мен өскен ортасы, артында қалған ұрпақтарына берген тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі бір мақала емес, талай кітапқа жүк боларлықтай! Аманолла ағамыз туралы ел жүрегіне сақталған осы бағыттағы әңгімелер әлі талай айтылар деп сенеміз.

АСҚАРОВ ТОЛЫҚ АҚТАЛДЫ жүректе бірақ дақ қалды

1986 жылғы әйгілі «Желтоқсан оқиғасынан» кейін-ақ республика басылымдарында бұрынғы басшыларды әшкерелеу мақсатында мақалалар жарық көре бастаған. Соның ішінде Асанбай Асқаровтың есімі де жиі-жиі аталып қалып жүрді. Көп ұзамай «Асқаров қамауға алыныпты» деген хабар да естілген. Алғашқыда кейбіреулер оны даттады, сонан соң ақтауға күш салды. Асқаровты ақтауға күш салысқан басылымдардың бірі сол кездегі «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті екені де елдің бәріне мәлім.

Тергеу ұзаққа созылды. Соның кесірінен А.Асқаров жазықсыздан жазықсыз төрт жарым жылдай түрменің тозағын, тергеушінің тепкісін бастан өткізді. Ол жайында да баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ.

Жиырма жылдан астам КОКП Орталық Комитетінің мүшесі, отыз жылдан астам уақыт бойы Жамбыл, Алматы, Шымкент обкомдарының бірінші хатшысы қызметін атқара жүріп, халқына әбден еңбегі сіңген қадірлі азаматтың аяқ астынан тағдыр тәлкегіне түсуі көпшілікті сол кезде қатты алаңдатқан.

Өз жүрегінен жаралған асыл ұлын КОКП-ның бір-ақ күнде өзекке тебуі тіпті түсініксіз еді. 1985 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан Асекең кеудесінде Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызымен қоса Ленин орденінің бір емес, қатарынан бесеуі, Октябрь Революциясы ордені, Еңбек Қызыл Ту орденінің екеуі, тағы басқа медальдар жарқырап тұратын.

Өзін-өзі баянсыз еткен қайран КОКП! Кезінде даралап, сосын жүрегін жаралаған оның боздақтарының көңіліндегі наланы енді кім өшіреді? КОКП тарих сахнасынан кетпегенде қылмыскер деп қыспаққа түскен Асанбай Асқаров сияқты адамдар өмір бойы ақтала алмай, бұл дүниеден өтер ме еді, кім білсін?

Асекең тұратын пәтердің қоңырауын келіп басқан кезде ғана өзімнің әртүрлі ой жетегіне кетіп қалғанымды аңғардым. Бұрын кездесіп, ауызба-ауыз сөйлеспеген адамыңмен бірден ашық әңгімеге көшу оңай да емес. Жетпістің бел ортасын алқымдап қалған Асекеңнің жүзіне барлай қарап отырып, әңгімеге тарта бастағанмын. Ол кісі:

– Мен туралы не жазбақ ойың бар?– деп бірден турасына көшті.

– Редакция тапсырмасы бойынша интервью алсам деп едім....

Бұл ұсынысыма Асекеңнің көңілі толмағандай.

– Таяуда толық ақталғаным жөніндегі қағаз қолыма тиісімен біраз журналистер келіп интервью алды. Бұл дегенің бір жеңіл әңгіме түрінде шығады екен ғой. Оқыған шығарсың?– деп, жүзіме сұраулы жүзбен қарады. Әрине, оқығам. Онда Асекеңнің қазіргі қоғамдағы жағдайға көзқарасы, өткен өмір жолы жайында ептеп әңгіме қозғалатын.

Асекең туралы қысқа да, ұзақ та, жазуға болатын сияқты. Балалық шағынан бүгінгі күнге дейінгі бастан өткен оқиғаларды ол кісі өзінің «Тағдыр» атты кітабында жан-жақты баяндаған. Ал түрмедегі отырған төрт жарым жыл ішіндегі көрген қияметі «Жұмақ пен тозақ жырлары» атты жинағында өлең сөзімен өрілген. Осы екі кітапты мұқият оқыған адам Асанбай Асқаров тағдырынан толық мағлұмат алады.

Интервью алған журналистер сол кітаптарда айтылған жәйттер төңірегін тағы бір шиырлап өткендей көрінген. Бұл жанрдың Асекеңе неге ұнамай отырғанын сәлден кейін түсінгендей болдым. Сірә, көп қазбалап сұрақ қоюдың түкке де керегі жоқ.

Төрт жылдан астам уақыт бойы жанды жеп, жүйкені тоздырған тергеушінің сұрағы да өзін әбден қажытқандай. Ендеше, қайдағы бір көңілге кірбің түсірер әңгімеге бармағаным дұрыс-ау деп ойладым.

Алдымен таяуда ғана қолына тиген өзін толық ақтау жөніндегі қағазбен танысқанды жөн көрдім. Бір-екі рет сұрап едім,

Асекең оны көрсетуге асықпайтындай сыңай танытты. Байқаймын, алдымен менің өзімнің кім екенімді, қандай деңгейдегі журналист екенімді барлап алғысы келгендей. Мен ешқашан коммунист болмағанымды айттым. Бірақ ол жайында өз пікірім бар екенін де жасырмадым. Міне, осы тұста Асекең ептеп шешіле бастады.

Коммунистік партияға, социализм идеясына бұл кісі әлі де сенеді. Әрі оны кез келген адамға дәлелдей де алады. Иә, бүкіл ғұмырын сол жолға сарп еткен адам бір-ақ күнде бұрынғы көзқарасынан бас тартса, өзі де жалған өмір сүргенін көрсетер еді. Ал біздің көбіміз солай жасадық та.

Қазіргі қиыншылықтардың бәріне социализм дәуірі кінәлі деп түсінеміз. Коммунистік партияны жерден алып, жерге салуға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Асанбай Асқаров мұны жетесіздіктің, өресіздіктің белгісі деп біледі. Өзін шарықтатып, шыңға шығарған, сосын сол шыңның басынан шыңыраудың түбіне бір-ақ лақтырған коммунистік партияны жамандаса да Асекең дұрыс айтып отыр деп қолпаштай салар ма едік, кім білсін?! Ондайға біз үйренбегенбіз ғой.

Егер қазіргі нарықтық қатынас жолынан тайқып, өмір басқа арнаға бет бұрса, қазіргі саясатымызды да біразымыздың іске алғысыз етіп шыға келуіміз мүмкін-ау....

Асанбай Асқаров бұрынғы Одақтың бір сәтте күйреп түскенін де іштей қаламайды. Керек десеңіз, сол кездегі біртұтас мемлекеттік құрылымды сақтау керек еді деген ойын да жасырмайды. Сонда, бүгінгі тәуелсіздігіміз, егемендігіміз ол кісіге ұнамай ма деп ойлауға да болатындай.

Жоқ, Асекең өз ұлтының тәуелсіздігі үшін жанын пида етуге даяр адам. Ол кісі сол Одақтың құрамында енді-енді жетіліп келе жатқан жас мемлекеттердің орта жолда жетесінен қиылып түскеніне өкінеді, оның болашағы үшін алаңдайды. Бұған кінәлі Коммунистік партия да, социализм идеясы да емес, КСРО мемлекетінің кейінгі басшылары екенін ашық айтады және бұл пікірін жеріне жеткізе дәлелдейді де.

Жетпістің бел ортасына жеткен зейнеткер өткенді көксеп отыр, себебі ол замана көшінен қалып қойды деушілер де арамыздан табылар. Өз заманында шоқтығы биік қоғам қайраткерлерінің бірі болған адам, бүгінде көз алдында болып жатқан құбылыстарды қалт жібермей, көңіл көзімен салалап отырғандай. Данагөй қарияны оңайшылықпен сөзден ұстай алмайсың.

Капиталистік құрылым мен социалистік құрылымның қайсысы өміршең екенін өмірдің өзі дәлелдеп бергенін тілге тиек ете бергенім де сол еді, Асекең «сабыр ет» дегендей белгі беріп, орнынан тұрды. Жайлап барып кітап сөресінен Маркстің «Капиталын» қолына алды.

– Мен осы екі томдық кітаптың әр сөзін әлденеше рет астын сызып отырып оқып шыққан жанмын. Парақтап қарасаң, қаламым тимеген беттері жоқ екенін байқайсың. Мақтаныш үшін айтпаймын. Біздердің көбіміз капитализмнің негізгі құпиясын түсіне алмай кеттік. Соның салдарынан тығырыққа тірелдік. Қазіргі өркендеген капиталистік құрылымның өзінде социализмнің элементтері өріп жүр емес пе. Сондай-ақ, капиталистік елдердің бәрі қарыштап дамып барады деуге де негіз жоқ.

Белгілі бір даму деңгейіне жеткеннен кейін, қайта құлдырау жолына түскен мемлекеттер қаншама. Нарықтық қатынастың заңы өте қатал. Бәрі өнімнің сапасына байланысты. Әлемдік рынокта өз орныңды табу үшін тек қана жоғары сұранысқа ие сапалы өнім шығаруың керек. Ал біздер күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлардың өзін шығара алмай жүріп, нарық теңізіне бірден қойып кеттік. Әйтеуір, соңының қайырын бергей. Бұрынғы КСРО-ны күйретпей-ақ, басқа бір жолын тапқанда мұндай күйге түспес едік, – дей отырып, Асекең өткенді ой сарабына салады, бүгінгі күннің қиындықтарының себеп-салдарын өзінше жіліктейді.

Ол кісінің пікірінше, қазіргі тығырықтан шығудың бірден бір жолы – өркениетті елдермен ынтымақтастықты нығайта беру. Бұрынғы Одақтың ыдырауына байланысты өндірістік желілер үзіліп қалды, анау жоқ, мынау жоқ деу сылтау ғана.

Халықтар достығы деген киелі ұғымға ешқашан көлеңке түсірмеу керек. Сонда ғана тәуелсіздігіңнің тұғыры берік болады. Бұл ретте Қазақстан Президентінің қазіргі ұстанған жолы – бірден бір дұрыс жол. Орыс халқымен достығымыз сонау тарих қойнауларынан бастау алады.

Осы халықпен дәл қазақтардай етене араласқан ешкім жоқ шығар. Ендеше, дос көңілді арзан өкпеге айырбастамаған жөн. Рас, жетпіс жылдың ішінде тілімізден айырылып қала жаздадық. Ол үшін орыс халқын кінәлау орынсыз. Оған сол кездегі саясат кінәлі. Тіліміз өліп барып қайта тірілді. Егемендік болмаса бұл күнімізге де зар болар едік дегенді айтады Асекең. Осыншама ақыл мен білімді бойына жинаған адамның қалайша тағдыр тәлкегіне ұшырағанына еріксіз таңданасың.

– Өмірімде бір-ақ рет қателестім, күншілдік пен іштарлық бар екенін біле тұра, әлдекімдерге сеніп қалғаныма өкінемін. Қызғаныш деген ұғымды біздер, коммунистер, қызыға қызғану, күншілдікпен қызғану деп бөліп қараушы едік. Сөйтсем, қызғаныш дегенің кәдімгі күншілдіктің өзі екен ғой...

Иә, Асанбай Асқаровты аяқтан шалған өзінің маңайындағы «жанашырлары», яғни, өз сөзімен айтқанда – күншілдер мен ішитарлар болатын.

1959 жылдары аралығында Жамбыл, Алматы облыстарының бірінші хатшысы қызметін атқарған Асанбай Асқаровтың беделі сол кездегі Одақ көлемінде өте жоғары еді. Тіпті, ол КСРО атынан алыс шетелдерде делегация басшысы болып кетіп бара жатқанда жерлестері оны сырттай мақтан тұтатын. 1978 жылы Шымкент облысына бірінші хатшы болып ауысқан да оңтүстіктегілер оны үлкен үмітпен қарсы алды.

Ел үмітін ақтау – басты міндетім деп білетін Асекең мұнда да экономикамен қоса халықтың әлеуметтік тұрмысын, мәдениетін жақсартуға күш салды. Қысқа мерзім ішінде бірнеше жаңа ғимараттар, әдемі гүлзарлар, мәдениет сарайлары, кино-театрлар, дүкендер тағы басқа мәдениет ошақтары бой көтерді. Елдің аузына іліккен Шымкенттегі ипподром да осы кезде

дүниеге келген. Кейіннен осылардың көбісі жоспардан тыс салынды делініп, Асқаров зейнет демалысына шыққаннан кейін әлдекімдер арыз жазды. Күншілдердің көзіне күйік болған осы жетістік Асекеңді партия қатарынан шығаруға себеп болды.

Қысыла жүріп қаржы тауып, халық игілігі үшін салынған бұл ғимараттарды Асекең арқалап кетпесе де, оның қыр соңына түсушілер бәрібір қоймайды. Дәл сол қарсаңда «Желтоқсан оқиғасы» бұрқ етті. Енді Асқаровты соның негізгі «ұйымдастырушысы» ретінде қаралай бастаған.

Ақыры дегендеріне жеткен олар бұл кісіні теміртордың арғы жағынан бір-ақ шығарып тынды.

Егер осы жалған айыптауды Асқаров өз қара басын қорғау үшін мойнына алса, Қазақстанда ешбір қасиет қалмайтыны күншілдердің ойына қайдан келсін. Асқаровқа қарай көзделген қару келесі ретте Дінмұхамед Қонаев ақсақалды қарауылға алатынын ол пенделер қайдан білсін. Тозақ отына күйіп, темір тордың ішінде төрт жылдан астам уақыт аласұрған қазақтың арыстан ұлын империяның қорқаулары жан-жақтан талағанымен, ештеңе өндіре алмады.

КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі В.И.Калиниченко Асқаровпен алысамын деп жүріп, өзі тентіреп кете жаздаған соң, ол істің материалдарын жоғалтып жіберді. Бірақ Қазақстанда коррупция болмауы мүмкін емес деп зәрін шашқан КСРО Асқаровты қанды шеңгелінен босатқысы келмеген. Енді оған «пара алды» деген жала жабылды.

Жалғанда тергеудің «дөңгелегі» бір айналып кетпесін деңіз. Бір айналған соң оны кері айналдыру аса қиын. Сонау 37-ші жылдардың қандыбалақтарынан қалған бұл «дәстүрдің» қаймағы бұзылмақ түгілі, қоюлана түскенін несіне жасырамыз. Олар үшін «Адамның басы – Алланың добы». Егер Асанбай Асқаровтың түрмеде жатқан кезде жазған өз сөзімен айтсақ:

«Талатам!» – деп анаңды,
«Қаматам!» – деп балаңды.
«Өлтірем!» – деп өзінді,
Шұқиды кеп көзіңді.

Бірақ олар бұл жолы Асекеңді қаматқанымен, талата алмады. Көзін шұқығанымен өзін өлтіре алмады. Құдай ондағанда заман өзгерді. Империя құлады. Қазақтың қадірлісін Қырғыз елінің заңымен соттап, туысқан екі халықтың көңіліне көлеңке түсіргісі келген арам пиғылдары да орындалмады..

Несіне жасырайын мұны бүгін.

Өлімнен артықтығым – тірілігім.

Көне алмаспын тағдырдың тәлкегіне.

Қайда менің адамдық – ірілігім,— деп ішқұса боп іштей тағдырына налып жүрген Асекеңнің қолына осы жылғы қыркүйектің 13-і күні Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы коррупцияға қарсы күрес жүргізетін арнайы прокуратурадан ақтау қағазы келіп тиді. Әңгіме соңына таман сол қағазбен танысым келетінін Асекеңе тағы да ескерттім. Ақырын көтеріліп, терезе алдында тұрған үстелдің тартпасынан бір парақ қағазды алып ұсынды. Онда былай деп жазылған екен:

«Бұрынғы әрекеттеріңізде ешқандай қылмыстың белгілері болмауына байланысты сізді қылмысты адам ретінде қуғындау әрекеттері тоқтатылғанын хабарлаймын. Сонымен қоса 1995 жылдың 25 тамызынан бастап сізді қылмысты адам ретінде қуғындау әрекеттерін тоқтату жөніндегі қаулының көшірмесі қоса жіберілді.

Коррупцияға қарсы күрес жүргізетін арнайы прокурор, юстиция аға кеңесшісі Қ.Қарбузов».

Алты беттен тұратын қаулыны оқи бастағанда А.Асқаровқа жала жауып, оны осыншама сергелдеңге салған екі жүзділердің аты-жөндері мен олардың о бастағы сұрқия жауаптарына көзім түсті. Әрі қарай оқуға ыңғайсызданып, парақтарды қайта жаптым.

– Асеке, рұқсат болса, маған сенсеңіз мына қағаздарды қазір өзіммен алып кетіп, бірнеше дана етіп көбейтейін де, біреуін өзіме қалдырып, қалғанын сізге әкеп берейін,— дедім. Деуін десем де, ұзақ жыл күткен, қолындағы жалғыз дана құжатты бірінші кездескен адамға бере салу оңайға түспейтінін кештеу түсіндім. Асекең сәл ойланып тұрып:

– Бір-бірімізге сенбесек, азаматтығымыз қайсы. Мінеки, ала ғой, – деді.

«Әй, Асеке-ай, бәлкім осы аңғал да адал, сенгіш мінезіңіз сізді кезінде қатты сүріндірді ме екен?– деп те ойладым есікке беттеп бара жатып. Әйтеуір, енді сізді бір құдайым аман қылғай!. Ел-жұртыңыздың ортасында ойлы да парасатты кейіпіңізден жаңылмай, мына бейдауа заманның желіне ілесіп, тәуелсіздік атты ғажайып ұлы күштің дүмпуіне дес беріп, қилы да қиын күндерді басынан кешіп жатқан отандастарыңызбен әмсе бірге болыңыз. Сіз қағаз жүзінде бүгін ақталғаныңызбен, халқыңыздың ойы мен санасында, жүрегінде бір күн де «қараланып» көрген емессіз!.. ».

Осындай тебіреніске толы ой құшағында сыртқа шықтым. Дүниеде адалдығыңды, ақтығыңды ұғынғаннан, сезінгеннен үлкен бақыт бар ма екен, сірә?! Жоқ-ау! Жоқ! Нағыз елін, жұртын сүйген арда мінез азаматтарға бұдан артық бақыт жоқ! «Ештен кеш жақсы» демейтін бе еді?! Сарғайып, сағынтып жетсе де осындай бір қуанышты сезімнің Асекеңдей ағамыздың есігін қағып, төріне шыққанына қалың елдің қатардағы бірі боп біз де қуандық.

«Егемен Қазақстан» газеті,
18 қараша, 1995 жыл

СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНЕН КӨЗ САЛҒАНДА (академик, қоғам қайраткері – Сұлтан Сартаевпен сұхбат)

– Сұлтеке, заңгерлік мамандықты қалай таңдап жүрсіз? Әңгіmemізді алдымен содан бастайықшы.

– Мен, 1927 жылдың 15 қазанында Қызылорда облысының Жаңақорған ауданының Жаңақорған елді мекенінде дүниеге келдім. Әкеміз ауыл еңбекшісі еді. Ұлы Отан Соғысына қатысып, аман оралған ол 8 баланы тәрбиелеп өсірді. Мен бәрінің үлкенімін. Ата-анам мені мұғалім болып, туған ауылының балаларына білім берсе екен деп аңсапты. Ал мен екінші сыныпта оқып жүргенімде арбакеш болуды армандадым. Біздің ауылда Мәди деген арбакеш атарбасымен қасымнан зырғытып өткенде оған қызыға қарайтынмын. Мектепті бітірер алдында қылмыспен қылмыскерлер жөнінде, оларды ашқан тергеушілер мен құқық қорғау қызметкерлері жайындағы әңгімелерді көп оқыдым. Ақыры заңгер болуға шешім қабылдадым. Алматыдағы мемлекеттік заң институтына келіп түстім. Оны бітірер алдында неге оқытушы, ғылыми қызметкер болмаймын деген ой келді. Институтта жақсы оқыдым. Мемлекеттік емтихан кезінде бір төрт алып қалғандықтан қызыл диплом ала алмадым. Мемлекеттік комиссияның төрағасы болып Мәскеуден Федкин (аты-жөнін ұмыттым) деген адам келді. Ол кісі КСРО жоғарғы оқу министрлігінде қызмет істейтін. Мәскеуге барып асперантураға түсуге себепкер болған осы адам. Жағдай былай болған. Мәскеу заң институтының асперантурасына менімен бірге құжат тапсырған екі адам қызыл дипломға бітірген екен. Степан Кравчук деген кафедра меңгерушісі менің олармен бәсекелесе алмайтыныма көзі жеткендей сыңай танытты. Шынында да олар барлық емтиханды 5-ке тапсырды. Мен ағылшын тілінен 3, қалған екі емтиханнан 4-деген баға алдым да, конкурстан өтпедім. Енді ауылға қайтсам ба деп тұрғанымда, «Мәскеуге барып оқы» деп

кеңес берген Федкин есіме түсті. Министрлікке барып, іздеп тауып алдым. Ол кісі Одақтас Республикалардағы заң институттарының жұмысымен айналысады екен. Менің жағдайымды білгеннен кейін дереу Кравчукқа қоңырау шалды. «Егер С.Сартаевты үшінші адам етіп кафедраға қабылдасаң, тағы бір орын бөлгіздірейін» деді. Кравчук келісті. Сөйтіп, мен аспирантураға қабылдандым. Оны бітіргенде кандидаттық диссертация да қорғап шықтым. Ал, менімен түскен басқа екі жігіт қорғап үлгермеді. Сөйтіп, олар басқа қызметке кетіп қалды. Кравчук мені аспирант етіп алғанына қатты ризашылығын білдірді.

– Сіздің кандидаттық диссертацияңыздың тақырыбы **«Қазақ Советтік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы мен қалыптасуы»** деп аталады. Ал докторлық диссертацияңыздың тақырыбы **«Социалистік мемлекеттілікті құру және Қазақстанда халық өкілдері жоғары орындарының проблемалары»** деп аталады. Осы ғылыми еңбектеріңіз жайында нақтырақ тоқтала кетсеңіз?

– Кандидаттық диссертациямда мен Қазақ автономиясының құрылу тарихын алғанда жаңа заманға сай мемлекет болудың қыр-сырларын зерттеуге тырыстым. Сол еңбегімнің нәтижесін күні бүгінге дейін көріп келемін. Қандай да бір қоғамдық пікір айту керек болған жағдайда осы зерттеулер менің алдымнан шығып отырады. Ал, докторлық диссертациямда жергілікті билік органдарының ерекшеліктерін зерттей келе, мемлекеттік тіл жайында өзімнің көзқарастарымды қалыптастырдым. Бұған халық жазушысы Ғ.Мүсірепов ағамыздың да зор ықпалы болғанын айта кеткен жөн. 1969 жылы докторлық диссертациямды жазып бітіп, енді қорғауға дайындалып жүргенімде Мәскеуде Ғабенмен ұшырасып қалдым. Ол кісі менің мұнда жүрген мақсатымды білгеннен кейін 1936 жылы қабылданған Қазақ ССР конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жазылған жазылмағанын сұрады. Сондай-ақ, КСРО Конституциясында бұл жайында не айтылғанын білгісі келді. Мен әрине, бұл мәселелерді жақсы білетіндіктен Ғабен бар ойымды ашық айттым.

1924, 1936 жылы қабылданған Конституциялардың ешқайсында қазақ тілі мемлекеттік тіл деп көрсетілмеген. Оған кезінде В.Лениннің өзі қарсы болған. Алайда одақтас республикалардың ішінде Армения, Грузия, Азербайжан елдерінің конституциясында олардың мемлекеттік тілі ана тілі деп жазылған. Грузияның құрамындағы Автономиялық республикалардың ішінде Аджария мен Абхазияда мемлекеттік тіл осы елдердің тілі деп көрсетілген. Мұны естіген Ғабен диссертация қорғау кезінде осы мәселені көтеруіме кеңес берді. Мен Ғабеннің айтқанын орындадым. Бар мүмкіндігімді салып, қазақ тілі Қазақстан конституциясында мемлекеттік тіл болып жазылуын, ал орыс тілі ұлтаралық қатынастар тіл болуы керек екендігін, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың тілінің еркін дамуына қамқорлық жасалынуы керектігін дәлелдеп бақтым. Бірақ маған бұл мәселемен айналыспауымды ескертті ондағылар. Ұсынысым өтпесе де мен осы мәселемен ауыратынды шығардым.

– Тәуелсіздік алғашқы жылдары Жоғарғы Кеңестің депутаты бола жүріп, сіз Егемендік жайындағы, Президенттік басқару, Тәуелсіздік туралы заңдардың қабылдануына тікелей атсалыстыңыз. Осылардың ішінде әсіресе Тіл туралы заң жөнінде дау-дамайлар көп болғаны есімізде...

– Тіл туралы заңды қабылдау жөнінде тәуелсіздікке дейін, яғни 1989 жылы мемлекеттік комиссия құрылды. Оның төрағасы етіп мені тағайындады. Құрамында С.Шәймерденов, О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, И.Шеголихин, С.Зиманов, Қ.Мұхаметжанов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдарі т.б білікті азаматтар болды. Ең бірінші рет қазақ тілінің мәртебесін біз осы заңда бекіттік. Орыс тілін ұлтаралық қатынастар тілі деп көрсеттік, ал Қазақстандағы басқа тілдердің дамуына қамқорлық жасалынады деп ескерттік. Сол кезде неге екенін қайдам, марқұм І.Кеңесбаев орыс тіліне де мәртебе берілсін деп отырып алды. Бірақ көпшілік дауыспен біздің ұсынсымыз өтті. 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясына осы тіл туралы жазар кезде пікірталас тағы өршіген. Сол тұста

Нұрсұлтан Назарбаев жоғарғы кеңестің сессиясында ерлікке пара-пар әрекет жасады. Қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға келіп жан сақтаған басқа ұлт өкілдеріне қазақ халқы көмек қолын ұсынғанын, енді оның бүгін тілі өліп бара жатқанда достыққа – достық, адамгершілікке – адамгершілік танытатынын кез келгенін ескертті. Сөйтіп барып, қазақ тілі Қазақстанда мемлекеттік мәртебеге ие болды. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып қабылданды.

– Сіз, 1978 жылғы қабылданған Конституция кезінде де осы мәселені көтергеніңіз есімізде...

– Иә, мен сонау диссертация қорғаған кезден-ақ ресми басқарулардың бәрінде айтып жүрдім. 1978-жылғы жаңадан қабылданған Қазақ ССР Конституциясы кезінде де комиссия құрамында болдым. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі жөнінде ол жерде де пікір білдірдім. Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі Төреалқасының төрағасы С.Ниязбеков менің бұл ұсынысыма қарсылық білдірді. Ал, оның орынбасары ОК хатшысы С.Имашев : «Жолдас, Сартаев, сіз неге бұл мәселені қайта-қайта көтере бересіз ?» деп мені мүлдем тиып тастағысы келді. С.Ниязбеков «Бұл мәселе өте қиын, біз тұңғышқа түсіп кетіп шыға алмай жүрмейік!»деп сақтандырды. Нәтижесінде қазақ тілі конституцияда мемлекеттік тіл деп көрсетілмеді Тек тәуелсіздік қана тілімізге бостандық әперді.

– 1989 жылы Тіл туралы Заң қабылдана отырып, қазақ тілі ары барғанда бес жылдың ішінде толықтай қолданысқа енеді деп көрсетілген еді. Бірақ олай болмай шықты ғой?

– Шынында да біз бес жылдың ішінде қазақ тілі мемлекеттік тілге шынайы айналады деп күттік. Бірақ ол үмітіміз ақталмады.Тәуелсіздік алғанымызға міне 17-жыл болып қалды. Бірақ тіл мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Оның енді бірнеше себептері бар. Мана айттым ғой, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Кавказдағы елдердің тілдері Конституцияларында мемлекеттік тіл деп көрсетіліп, оны мемлекет тікелей жүзеге асырады деп жазылған. Өкінішке орай, біздің мемлекетіміздің басқару орындарында отырған қандастарымыз әлі де бұл

мәселеде тайғанақтық танытуда. Соның салдарынан қазақ тілі әлі де құлашын кеңге жая алмай отыр. Алдағы уақытта бұл мәселе бәрібір оңымен шешіледі. Ол жөнінде Президент биік мінберлерден ашық айта бастады.

– Сұлтеке, сіз қос палаталы парламент құрған кезде «Бұл қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін жоққа шығарады» деген пікір айтқаныңыз да есімізде. Дегенмен қос палаталы парламент бүгінде нәтижелі жұмыс жасап жатыр.

– Мен бұл жөніндегі пікірімнен әлі тайқығам жоқ. Меніңше, Сенат депутаттары Мәжіліс депутаттарының үстінен қарап отырған тексерушілер тәрізлі ғана әсер етеді. Артық құрылым екені көзге ұрып тұр. Заңды қабылдап, талқылайтындар – Мәжіліс депутаттары. Олай болса, санның сапалы да нәтижелі болуы үшін Мәжіліс депутаттарының санын көбейтіп, Сенатты қысқартқан дұрыс деп есептеймін. Бұл – менің ғалым ретіндегі көзқарасым.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік идея қалыптастырудың өзі оңайға түспеді. Президент өзінің «Қазақстандық жол» атты кітабында 1993 жылы жас саясаткерлердің бір тобы қазақ қоғамындағы трайбализм тетіктеріне және оның мемлекеттік болашағына тигізетін ықпалы жөнінде баяндама әкеліп бергені жөнінде айтады. Дәстүршілдікті мұрат тұтқан мұндай саясатшылардың шолақ идеясын Президент қабылдамаған. «Қазақстандық жол» ешкімге ұқсамайтын басқа жол екендігін сол кезде-ақ Президент дәлелдеп берді. Бүгін оны бүкіл әлем қолдап, мойындап отыр. Осы жөнінде не айтар едіңіз.

– Трайбализм деген ұлттың, мемлекеттің қас жаулары үшін таптырмайтын идеялардың бірі. «Бөліп ал да, билей бер» деген империялық пиғылдан туындаған кесірлі ниет екенін көзі ашық адам түсінуге тиісті. Ұлттық бірлік, дінаралық түсіністік жайында әңгіме қозғай отырып, халқымызды тұңғиыққа қайта батыратын мұндай ішмерездер туралы сөз қозғаудың өзі қылмыспен тең деп ойлаймын. Ал енді қазақ халқы бірнеше тайпалар рулар қосынынан құрылған халық екені белгілі. Бұл ескі қоғамдық формацияны да әлем халықтарының әрқайсысы

әр кезеңде бастан өткерген. Тұқымыңды аздырмай, тектілігіңді сақтай білгенге не жетсін! Осы тұрғыдан келгенде әркім өз ата-тегін білгені жөн. Бірақ оны өзінше мақтан тұтып, әртүрлі ерекшеліктерін дәріптеп сөйлеу – надандықтың белгісі. Мақтансаң, ұлтым деп мақтан. Ұлт деген сөз – адами құндылықтың сұрыпталған жиынтық белгісі деген сөз. Ендеше, өзін өркениетті адаммын деген азамат тек адами құндылықтармен өмір сүреді. Сосын мұрат тұтып өтеді. Сонда ғана Абай айтқандай «атаның ұлы емес, адамның ұлы боламыз». Қалғанының бәрі көрсоқырлық.

– **Адами құндылықтар жайында айтылып қалды ғой. Сіз мағыналы да мәнді ғұмыр кешкен адамның бірісіз. Қоғам қайраткері, білікті заңгер ғалымдығыңызды былай қойғанда даналық ойларыңыздың өзі кейінгі ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Осы тұрғыдан мен сізден жастық, кәрілік, достық, махаббат сияқты ізгі қасиеттер жөнінде сұрақтар қойсам қарсы емессіз бе?**

– Неге қарсы болайын, шын мәнінде мен мағыналы өмір сүрдім. Өмірлік жарым Азатпен бірге елу жыл ғұмыр кешіп келемін. Бізде сәби болдық, балалық, жеткіншектік, жастық шақты бастан өткердік. Енді міне, кәрілікке бет бұрдық. Мұның бәрі әрбір адам өтетін өткелдері. Менің пайымдауымша, ақылмен қартая білу керек. Кәрі адам бойында кездесетін қасиет менмендік, өркөкіректік, мылжыңдық секілді жағымсыз қылықтар ешкімді көркейтпейді. Ақыл-ойға бай қарт болашақ ұрпаққа таптырмас үлгі. Ақсақалдылықтың көркі – шыншылдық, ашықтық, мейірімділік, адам сүйгіштік болса керек. Қаншама ащы да ауыр болмасын балаларға да, ағайын-туысқандарға да, дос-жарандарға да шындықты айту керек. Кейде ащы шындықтан жанға сая тәтті өтірікті қалайтындар бар. Дегенмен, айналадағы адамдарды өзінің жасаған жақсылықтарыңды айтып, зеріктіргемеген жөн. Ал қарттық мәселесіне келсек, ол кейде қуантады, ұзақ ғұмыр кешкенімізді мақтан тұтамыз. Кейде мұң шақырады, үрейлендіреді. Қарттық деген тек қана даналықтың белгісі емес.

– **Өмірлік қосағыңыз – Азат апамызға арнап үлкен екі кітап жазып тастапсыз. «Пятьдесят лет: Одно мгновение**

совместной жизни» деп аталады екен. Апамыз бұл сыйлығыңызды қалай қабыл алды?

– Мен оған «Қолымнан келсе, саған арнап ешжерде жоқ ескерткіш тұрғызар едім. Бірақ ол қолымнан келмеді. Осы кітапты саған сыйға тартамын» дегеніме қатты қуанды. Бұл кітапты мен оған білдірмей жүріп жаздым, білдірмей жүріп бастырдым. Бұл енді біздің үрім-бұтағымыз үшін ғибрат нама болып қалар деп ойлаймын. Қажет деп тапса, басқалар да оқып, керегін алар.

– Адамзат ежелден бері «махаббат деген не? деген сұраққа жауап іздеумен келеді. Бұл жөнінде өзіңіз не айтар едіңіз?

– Біреулер махаббат өзгермейді десе, оған сенбеңдер. Өкінішке орай, махаббат та өзгеріске ұшырап отырады. Ессіз махаббат жас ұлғайған сайын екі адамның бір-біріне құрметпен қарауынан, ішкі сезімдері үйлесіп, шырқау шегіне көтерілу нәтижесінде бұрынғыдан бетер күшейе түседі. Қызғанышсыз махаббат болмайды. Ол бірге өмір сүру барысында нығая түседі, не тасталқан болады. Мұндай жағдайда көмекке келетін сезімдер – байыптылық, ақылдылық, өзара түсіністік, өзара кешірімділік. Әуел баста от боп жаңған махаббатты осылайша сақтап қалуға болады. «Сүйген жарыңмен күркеде де жұмақ табасың» деген пікір 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы анахронизмдер, ескірген көзқарасқа айналып кетті. Үстіміздегі ғасырдың тұрмыс-жағдайы аса мол материалдық шығын мен құндылықтарды талап етеді. Демек, идеалды, шынайы махаббат осы сезімге нәр беретін үлкен махаббатқа жетуді көздеген адал еңбектің жемісі сияқты көрінетін кездері де бар. Өкінішке орай, ерлі зайыптылар бір-бірінің жақсы қасиеттерін бағалай білмейді. Кейде маған гректің ұлы философтарының бірі айтқан «тіпті данышпан деп табылған күйеудің өзі әйелінің алдында ақымақ болып көрінеді» деген сөзі шындыққа саятын сияқты. Құдай әйел затының өзін ұлы да, ақылды деп санайтын адам етіп жаратқан дейді. Ал, ақиқат осы екі болжамның ортасында жатқандай.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Президент және Халық» газеті,
12 қазан, 2007 жыл

ӨМІРДЕ ӨЗІНДІК ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Марқұм Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновпен журналист ретінде баспасөз мәслихаттарында ғана жүздескен екенмін. Жеке кездесудің сәті түспепті. Бірақ мен ол кісіні өте жақсы білетіндей сезінетінмін. Өйткені, мәжілісте Нәкең емен-жарқын бір ашылып, сөйлеп алатын. Ақырын күлімсіреп отырып, әр сұраққа ыждаһатпен жауап беретін. Әсіресе, еліміздегі құқықтық реформаны жүзеге асыру жөніндегі сан қилы пікірлері ешкімді жайбарақат қалдырмайтын.

Әлі есімде, вице-премьер кезінде Қазақстандағы арнайы тергеу комитетін құру, прокуратураның мәртебесін қайта белгілеу, судьяларды аттестациядан өткізу, жекеменшік жоғары оқу орындарының рұқсат қағаздарын қайта тексеру мәселелері төңірегінде айтқан толымды пікірлері тоқсаныншы жылдардың орта шенінде баспасөз беттерінде жиі жарияланды.

Ол кісі оның алдында Әділет министрі қызметін атқарған тұстарда бұл министрлік құқық қорғау органдарының бәрін бауырына басып жатқандай көрінетін. Ал өзі ұйымдастырып, кейіннен өзі басқарған Қазақ мемлекеттік заң институтының беделі бүгінде жыл санап өсе түсуде. Қазір бұл оқу орны академия деп аталады.

Марқұммен қоштасу сәті осы академияда өтті. Халық көп жиналды. Үкімет мүшелерінің бәрі де дерлік қара жамылып, қабыр басына келді. Студенттер сүйікті ұстаздарын соңғы сапарға жолына гүл жайып шығарып салды, көздеріне жас алды, егіліп жылағандар да кездесті. Міне, Нағашыбай Аманғалиұлы жайында менің қысқаша білетінім осылар.

Жетісі өтіп, қырқы да тақап қалды. Осы қарсаңда Нәкеңді тағы бір еске алып, газетке мақала жазу мақсатында ол кісінің соңында қалған жұбайы Лидия Алексеевна Шәйкеноваға телефон арқылы хабарластым. Қарсы болмады.

Келісілген уақыт бойынша сегізінші қабаттағы пәтердің қонырауын бастым. Есікті Лидия Алексееваның өзі ашты. Төргі бөлмеге өттік. Ортадағы шағын үстелдің үстінде дастарқан мәзірі әзірленіпті. Терезенің сол жағындағы бұрышқа қойылған сәкінің үстінде Нағашыбай Аманғалиұлының үлкейтілген суреті тұр.

Тізе бүгіп, диванға жайғасқаннан соң Лидия Алексеевнаға көңіл айттым. Сәл үнсіздіктен соң Нағашыбай Аманғалиұлы жайында білетінімдерді тілге тиек еттім. Сөйтіп, Нәкенді еске алып, әңгіmemіз ақырындап жалғаса берді. Рұқсат болса, бұл үйдегі фото альбомдарды да көргім келетінін жасырмадым. Лидия Алексеевна бұған да қарсы болмады.

Суреттер сыр шертеді

Әрбір суретті қарап отырып, Лидия Алексеевнаны әңгімеге тарту оңайға түсті. Міне, мына жерде Нағашыбай Аманғалиұлы мектеп оқушысы. Одан кейін әскерде қызмет еткен кездері...

– Әскерде Нәкең қай жерде болып еді?– деп сұрадым.

– Чехословакияда. 1968 жылғы оқиғаға тікелей қатысыпты. Сол кездегі Кеңестер Одағының саясаты дұрыс емес екендігін ол қатардадағы жауынгер болып жүргенде-ақ жазған екен,– деді Лидия Алексеевна.

– Ол пікірін ресми түрде жариялап па?

– Жоқ, ол кезде ондай пікірді жариялау мүмкін емес қой. Қолжазбасын кейін маған көрсеткен. Көп қағаздары қазір саяжайда жатыр. Солардың ішінде болса керек.

Лидия Алексеевнаның айтуына қарағанда, Нағашыбай Аманғалиұлы әскерден кейін өндірісте екі жыл жұмыс істеген. Содан соң Свердловскідегі Заң институтына түскен. Ол екінші курста жүргенде Лидия Алексеевна осы институттың бірінші курсына қабылданған. Бірін-бірі сол кезден бастап біледі.

Қарап отырсаң, Лидия Алексеевнаның тағдыры да қызық. Әкесінің ұлты – орыс. Шешесі – корей қызы. Өзі Қытай Халық Республикасында туылған. Алпысыншы жылдары Қазақстанға

өткен. Талдықорған облысындағы бір ауданда орыс мектебін бітірген. Қазақтармен жиі араласып өскен. Өзін орыс қызымын деп есептейді. Бірақ жан дүниесі де, мінез-құлқы да қазақша қалыптасқаны көрініп-ақ тұр. Бұл кісі де Свердловск Заң институтына жылда емтихан тапсырып жүріп, үшінші жылы ғана әрең студент атанған. Төртінші курсқа келгенде Нағашыбай Аманғалиұлымен тұрмыс құрған. Бұл кезде Нәкең институтты қызыл дипломмен тәмәмдап, аспирантурада оқып жүріпті. 1974 жылдан 1992 жылға дейін Нәкең Ресейде әр түрлі қызметтер атқарғаны, ғылыммен түбегейлі айналысқаны бұған дейін айтылған.

Президенттің шақыруы

Лидия Алексеевна ауыр күрсініп қойып, менің сұрақтарыма еріксіз жауап қайтарып отырған сыңайлы. Кеше ғана жанында жүрген өмірлік жары туралы енді өткен шақта әңгіме қозғау қиын екенін түсінемін. Алайда, Нәкең жайында мақала жазуға ниет етіп қойған соң, қайтерсің. Қалайда Лидия Алексеевнаның көңілін босатып алмауға тырысудамын. Жоқ, ол кісі менің алдымда көз жасын көрсетпеді. Соған мүлде бекінгендей.

– 1992 жылы Нағаш (Нағашыбай Аманғалиұлын ол кісі осылай атайды екен) Алматыға келіп, докторлық диссертациясын қорғады. Ғылыми кеңесте Қырғызстаннан да өкілдер болды. Солардың бірі Президент Асқар Ақаевқа ресейлік бір қазақ докторлық диссертациясын өте жақсы қорғағанын айтып барса керек, ол кісіден ертеңінде-ақ шақыру келді. Қырғызстан Президенті Аппаратынан бір лауазымды қызмет ұсыныпты. Сөйтіп, біз Қырғызстанға кететін болып, Свердловскіге оралдық. Келе салысымен Нағаш қызмет етіп жүрген институтқа Қазақстан Президенті Аппаратынан Н.Әбіқаев телефон шалды. Сәлден кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев Нағаштың өзімен тікелей сөйлесіп, Қазақстанға шақырған екен, ол бірден келісіпті.

Міне, біздің Қазақстанға келуіміздің мән-жайы осындай. «Мұнда өткен жеті жыл, өміріміздегі ең мағыналы кезеңдер болды», – деп Лидия Алексеевна сәл тоқтады. Иә, бұдан кейінгі жағдайлар белгілі.

Нағашыбай Шайкенов 1992 жылдың маусымынан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің экономикалық кеңесшілер жетекшісінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, 1993-1996 жылдары Қазақстан Республикасының Әділет министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары. 1996 жылдан Қазақ мемлекеттік заң университетінің ректоры.

Жазылмас дерт қайдан жабысты?

Әңгіме арасында Нағашыбай Аманғалиұлының әке-шешесі, туған-туыстары жайында сұрап қалдым. Үш інісі, (біреуі қайтыс болған), бір қарындасы бар екен. Барлығы қызмет істейді. Әке-шешесі қарапайым шаруа адамдары. Әкесі 1983 жылы қайтыс болыпты. Нағашыбай Аманғалиұлы содан кейін-ақ осынау жазылмас дертке шалдыққан.

— Дәрігерлер оның жазылмас дерті жайында маған айтқан. Бертінге дейін өзі білген жоқ. Бірақ, сол ауру жөніндегі кітаптарды көп оқи бастағанына қарағанда, алғашқы кезде-ақ сезді-ау деймін. Өмірінің соңғы уақытына дейін тынбай жұмыс істеді. Санкт-Петербургтегі ауруханада шалқасынан жатқанда да қолы компьютерден босамады. Төсегіне ыңғайлап компьютер қойып бердік,— деп, Лидия Алексеевна соңғы үлгідегі шағын компьютерді көрсетті. Онда Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформа жайындағы заң жобаларының аяқталмай қалған мәтіні тұр.

— Онколог дәрігерлердің өзі Нағаштың ағзаларының осыншама төзімділігіне қайран қалды. Он жеті жыл бойы осы дертпен күрестік қой. Мұндайды олар бұрындары кездестірмепті. Бұл дертке шалдыққандар өмірден жылдам кетеді екен. Ол өмірді, адамдарды қатты сүйетін. Әсіресе, қазақ халқын.. «Қазақтар қалай да өркениеттің биігіне шығуы керек» дейтін. Со-сын өзі құрған Заң университетін, ондағы студенттерді өз балаларындай жақсы көретін. «Мен талай креслоны ауыстырдым. Олардан айырыламын-ау деп қорықпайтынмын. Ал мынау

университеттен айырылу маған қорқынышты» дейтін. Сосын қызы Дарияны жанындай жақсы көретін.

Әкенің көз жасы

– Былтыр Дария соқырішек болып ауруханаға түсті. Дәрігерлер оны сүйретпе зембілге (каталкаға) салып, операция жасауға әкетіп бара жатқанда Нағаш келіп қалды. Зембілде жатқан қызын көріп, өңі бұзылып сала берді. Әкесінің бетіне қараған дәрігерлердің өзі сасып қалды. Сосын Нағаш сыртқа шыға жөнелді. Сәлден кейін келсем, машина ішінде солқылдап жылап отыр екен, әрең жұбаттым. Дария көп ұзамай жазылып шықты.

Мейірімділік пен қаталдық

– Нәкең өте мейірімді адам болған-ау?— дедім әңгіме жібін үзіп алмауға тырысып.

– Ол қандай мейірімді болса, сондай қатал да, талапшыл да бола білетін. Біз бәріміз, бүкіл туыстары Нағашты қалай жақсы көрсек, одан солай қорқатынбыз да. Ол не айтса да әділдікті, шындықты айтатын. Жақын жүргендер ойлау қабілетінің тереңдігі мен ақыл-парасатына таңданатын. Санкт-Петербургтегі дәрігерлер қалайда өлімнен құтқарып қалуға бар мүмкіндіктерін жұмсады. «Бұл кісінің ағзалары мүлдем ерекше, бұрындары кездеспеген жағдай. Осы адаммен танысқанымызға өзімізді бақытты сезінеміз. Өйткені, мұндай адам өмірде сирек кездеседі» деген сөздермен бізді шығарып салды..

Нағаш ауруханада жатқанда тек дәрігерлер ғана түсінетін адам ағзалары жөнінде жазылған екі томдық кітапты сұратып алып, түгелдей оқып шықты. Сөйтіп аурумен іштей күресіп жатты. «Ауруға берілме, өзінді сақта, сен бізге керексің!» деп, көзін жұма бастаса-ақ құшақтап алатынмын. Ол көзін жайлап ашып күлімсіреп: «Мен әлі көп жасаймын. Ауруды жеңіп шығамын» деп мені жұбатып қоятын.

Соңғы хаттар

– Бір күні Нағаш оқушы дәптерлерін сұратып алды да, әрқайсысының сыртына атымызды жазып қойды. Сосын әрқайсымызға жеке-жеке хат жаза бастады. Мен жанында отырмын, бірақ маған хат жазады. Неге олай еткенін түсінбесем де бөгет жасамадым,– деп, Лидия Алексеевна маған оқушы дәптерлерін ұсынды.

– Ол кісінің жазған хаттарын оқығаным ыңғайсыздау болмай ма, негізгі мағынасын айтып берсеңіз қайтеді?– дедім.

Лидия Алексеевна бір-екі ауыз сөзбен хаттардың мазмұнын жеткізді. Сүйген жарға, сүйікті қызы Дарияға деген сүйіспеншілік жайында екенін білдім. Ұлына жазып үлгермеген сыңайлы.

– Дегенмен, кейбір тұстарын оқып көріңізші,– дедім. Оқи бастады. О, ғажап, мұндай да сезім сырлары болады екен-ау! Ол алғашқы сезімін енді ғана асығыс-үсігіс жеткізіп жатқандай. Төмен қарап тындап отырмын. Денем шымырлап, көңілім босап бара жатқанын сезіндім. Сәлден кейін Лидия Алексеевнаның даусында діріл пайда бола бастады. Міне, ол өксіп барып үнсіз қалды. «Жылап отыр» деп ойлады. Хатты оқытпай-ақ қоюым керек еді. Бірдеңе айтып, ол кісіні жұбату ниетімен басымды көтергенімде бір нүктеге тесіле қарап, үнсіз қалған Лидия Алексеевнаны көрдім. Селт етпейді. Көзінде жас жоқ. Жылай-жылай көз жасы таусылған жанарда мұң мен сағыныш мөлдіреп тұрды.

«Письма папы любимой дочери своей Дарие Нагашыбаевне Шайкеновой. Россия, г.Санкт-Петербург, проспект Лиговский, 2-4 февраль, 2000г.» деген жазуы бар келесі дәптерді парақтап шықтым .Мұндағы әкенің қызына деген ұлы махаббатын мен орыс тілінен қазақ тіліне аударып әуре болғым келмеді. Бәрібір оны сол күйінде жеткізу мүмкін емес. Тек орыс тілінде оқу керек. Ол енді Дарияның ғана қасиетті дәптері ғой. Оны тек Дария ғана жүрегімен түсіне алады.

Дарыннан дарын туады

Нағашыбай Аманғалиұлы кезінде өлең жазып, оны кейіннен қойып кеткендігі туралы теледидардағы бір сөйлеген сөзінен

естіген едім. Лидия Алексеевнаға арнаған махаббат лирикалары да жетерлік екен. Оның біразын ол кісі жатқа айта алады. Әкесінің жолын қуған ұлы Арманның мамандығы да заңгер. Ол да өлең жазады. Биыл 9 сыныпта оқитын Дария да өлең жазады. Таяуда бұл екеуінің өлеңдерін топтастырып шағын кітапша шығарыпты. Оқыдым, жақсы өлеңдер. Нәкең ұлы Арманнан нағыз ақын шығуы мүмкін деген жорамал айтыпты.

– Нағаштың қолынан келмейтін нәрсе жоқ еді. «Қажет болса кез келген нәрсені жасай аламын» деп мақтанатын. Онысы рас болатын. Қолынан іс тігуден бастап, үй салуға дейін келетін. Өзімізге арнап өз қолымен үй салмақшы болып жүрген, алайда арманның бәрі орындалған ба?

Қым-қиғаш мінездер

– Нағаштың мінезінде қарама-қайшылықтар да жетерлік еді. Сондықтан да, оны екінің бірі түсіне бермейтін. Кейде маған бұрқ-сарқ етіп ашуланып шығып кететін де, жолда машинамен бара жатып телефонмен: «Лидия сені бәрібір жақсы көремін», – деп жадырай сөйлеп, көңілімді көтеріп тастайтын. Нағаштың достары көп болды. Оны әйелдер өте жақсы көретін. Мен тіпті олардан қызғанбайтынмын, себебі бәрі өзімнің дос, құрбыларым ғой. Араларында нағыз адами, азаматтық сезімдер ғана қалықтап жүретініне мен қалтықысыз сенетінмін. Нағаш өзі сәл қателік жасаса үлкеннен де, кішіден де кешірім сұрауға дайын тұратын. Оған арланбайтын. «Сен өз кемшілігіңді мойындай білмейсің!» деп маған жиі ескертпе жасап жүруші еді. Жалпы әйелдер, біздер, сондаймыз ғой.

Өтініш

Лидия Алексеевна маған көрсетіп отырған қағаздардың ішіндегі Қырғызстаннан, Ресейден, тағы басқа жерлерден келген көптеген көңіл айту жедел-хаттарына көзім түсті. Оның бәрін санамалап жату міндет емес. Солардың ішінде Алматы қаласының тұрғыны Болатбек Мұстафин деген адам Премьер-

министрге, Әділет министріне, Ішкі істер министріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Ғылым және білім министріне, Қазақтың мемлекеттік заң академиясы ректорының міндетін атқарушыға өтініш жазып, оның көшірмесін Лидия Алексеевнаға да құлаққағыс ретінде жолдапты. Бір сөзбен айтсақ, ол Нағашыбай Аманғалиұлы өзі құрып, өмірінің соңғы күніне дейін өзі ректор болған Қазақтың мемлекеттік заң академиясына марқұм Нағашыбай Шәйкеновтың есімін беруді, сонымен қатар осы оқу орнында оқитын студенттер мен аспиранттар үшін Нағашыбай Шәйкенов атындағы стипендия тағайындауды өтініпті.

Бұл, әрине, өте орынды өтініш екенінде сөз жоқ. Жоғары жақтағылар өтінішті болашақта қанағаттандыратынына өз басым сенгім келеді.

«Алдап кетті»

— Санкт-Петербургтегі ауруханада Нағаштың жанында інісі Бақыт екеуміз бірімізден кейін біріміз кірпік қақпай төрт айдан астам кезекшілік еттік. 25 наурыз күні түнгі сағат екіден ауа бастағанда мен оның жанында отырғам. Кенет ол:

— Бақытты шақыршы!— деді.

— Ол демалсын, мен қасыңдамын ғой, не керек, маған айта бер,— деп едім, көнбеді. Айтқанын істедім. Бақыт келіп менің орныма отырды. Маған көрші бөлмеге барып демала ғой деді. Төрт айдан бері шаршағандықтан ба, сәл жантайып едім, көзім ілініп кеткен екен. Бақыт оятты. Сағатқа карадым, арада он бес минут қана өтіпті. Жүгіріп Нағаштың қасына келсем, ол мәңгілікке көз жұмыпты. Дүние көз алдымда шыр айналып жүре берді. Ақырғы дем алдында қиналғанын көрсеткісі келмегенін түсіндім. Сөйтіп, ол мені «алдап» кетті. Бір айтайын дегенім, ол Ресейде туып, Ресейде қайтыс болды. Бірақ, оған өзі қатты сүйетін туған елінің топырағы бұйырды.

Ертеңінде Санкт-Петербургтен Алматыға ұшатын ұшаққа үлгере алмаймыз ба деп қатты қобалжыдық. Таң ата салысымен

Премьер-министр Қасымжомарт Тоқаевтың көмекшісіне телефон шалып, болған жайды айттым. Премьер-министр дереу көмек көрсетіп, ол жақтан бер жаққа сол күні ұшып келуімізге толық мүмкіндік жасады. Қаралы жиынға үкімет мүшелерінің бәрі келді. Ол кісілерге алғыстан басқа айтарым жоқ,— деп Лидия Алексеевна сөзін аяқтады.

Иә, сөйтіп тағы бір жақсы адам, қайталанбас тағы бір тұлға бұл дүниеден жарық жұлдыздай ағып өте шықты. Мамыр айының 6-сында ол кісінің қайтқанына да қырық күн толады екен. Өтіп бара жатқан өмір-ай, десеңізші!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
06 мамыр, 2000 жыл**

ДИПЛОМАТ ЖҰЛДЫЗЫ

Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып істеген С. Құрманғожинді сырттай ғана білетінмін. Таяуда ол кісінің «45 лет на дипломатической службе» деген кітабы қолыма түсті. Мен үшін әлі толық ашылмаған тақырыптардың бірі болғандықтан кітапты толық оқып шықтым. Бар-жоғы 1500 данамен жарық көрген шығарма қатты ұнады. Енді автордың өзімен жолығып, қазақ оқырмандарына кеңестік кезеңдегі және тәуелсіз Қазақстанның тоқсаныншы жылдарындағы сыртқы саясатта болған қызықты жайттарды басқа қырынан жеткізгенді жөн көрдім. Келісілген уақыт бойынша Сәкеннің үйіне келдім. Жылы жүзбен амандасқаннан кейін ол кісі мені алдымен жұмыс бөлмесіне алып кірді. Жайғасқан соң сөреде тұрған кітаптарға назар аударуымды өтінді. Мұқият қарай бастадым. Көбісі ағылшын және орыс тілдерінде жазылған. Арасында қазақша кітаптар да кездеседі. Сәкең бұл кітап авторларының бәрімен тікелей қарым-қатынаста болғаны көрініп тұр. Оған дәлел – әр кітап мұқабасының ішінде өзіне арнап жазылған жылы лебіздегі қолтаңбалар.

Ерекше бала

Мен Сәлім Әлмағанбетұлының әр сөзін мұқият тыңдаудамын. Әзірге әңгімеміз өзі жазған ғұмырнама кітаптың төңірегінде ғана өрбуде. Ол жағы маған жақсы таныс. 1955 жылы Алматыдағы шетел тілдері институтын аяқтағаннан кейін С. Құрманғожин Петропавл қаласындағы педагогикалық институтта ағылшын тілінен жарты жылдай сабақ берген. Одан кейін Алматыға ауысып, Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде екінші хатшы болып жұмыс істеген. Бұл жөнінде белгілі жазушы Герольд Бельгер жерлесі С. Құрманғожиннің өткен өмірін

былай еске алады: «Сәлім менімен бір мектепте, бірақ екі сынып жоғары оқыды. Біз оны «басқарманың» баласы дейтінбіз. Әкесі Әлмағанбет Солтүстік Қазақстан облысындағы «Қаратал» деген колхозды ұзақ уақыт басқарып, асқан әділділігімен ел құрметіне бөлеген адам.

Сәліммен комсомол жұмыстарында жиі кездесіп қалатынбыз. Ол сол кездегі спорттың барлық түрімен айналысты. Әсіресе волейбол мен салмақ көтеруден алдына жан салмайтын. Сырнай тартатын. Орыс қыздарынан неше түрлі билерді үйреніп алған оған елдің бәрі қызыға қарайтын. Фотоаппарат дегенді бірінші рет осы Сәлімнің қолынан көрдік. Біздер үшін қол жетпес арман болған велосипедті Сәлім ғана мініп жүрді. Кейіннен оны «Урал» мотоцикліне ауыстырды. Сәлім біздер үшін сол кездегі өркениеттің символы іспеттес еді. Жылдар жылжып өтіп жатты. Ара-арасында Сәлім жайлы жақсы хабарларды жиі естіп қаламыз. «Сәлім Каирде елшілікте қызмет етеді екен. Мәскеуге, КСРО Сыртқы істер министрлігіне екінші хатшы болып келіпті. Ойбай, ол қазір Ыстамбұлда консул екен. О, Сәкең КСРО Сыртқы істер министрлігі Бас хатшылығында кеңесші көрінеді. КСРО-ның Эфиопиядағы елшісінің кеңесшісі болып кетіпті. Қайтадан КСРО Сыртқы істер министрлігіне қызметі өсіп келіпті. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бірінші орынбасары екен. Қазақстан Республикасының Венгриядағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалыпты» деген хабарларды естіген сайын Сәлімді сырттай мақтан тұтып, іштей тілектес болып жүретінбіз» дейді ол.

Сталиннің ұсынысы

С. Құрманғожин жайында білетіндерім осы. Сәкең мен күтпеген мынадай әңгіме бастады.

– 1993 жылдың 2 наурызында тәуелсіз Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар ұйымына мүшелікке қабылданғанын жақсы білесіз. Мұны қазір бәріміз мақтан тұтамыз. Алайда осы ұйымға біз сонау соғыс кезінде-ақ кіре жаздағанымызды екінің

бірі біле бермейді. КСРО кезіндегі Қазақстанның сыртқы саясаттағы орнын анықтау үшін аздаған шегініс жасағанымыз дұрыс болар. Мен бұл жайында өзің оқыған кітапта жазғам. Бірақ үстірттеу еді. Енді ол жайында толығырақ айтып берейін,— деп Сәкең бір жөткірініп қойды.

— Қазақ КСР-ның Сыртқы істер жөніндегі одақтық-республикалық халық комиссариаты 1944 жылы құрылды. Әлемнің алпауыт елдері соғыс басталған кезде-ақ болашақ әлем картасын өздерінше жасап қойған. Мұны сезген И. В. Сталин 1943 жылдың 6 қарашасы күні Орталық Комитеттің саяси бюросында сөз сөйлеп, соғыстан кейінгі КСРО құрылымының жобасын ұсынған. Осыған байланысты 1943 жылы алғаш рет КСРО, АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлері Мәскеуде, 1944 жылы Думбартон-Оксте (Вашингтонның жанындағы қала) бас қосты. Онда БҰҰ-ны құру жөнінде сөз қозғалғаны тарихтан белгілі. 1944 жылы БҰҰ құрылғаннан кейін КСРО-ның одақтас республикаларын түгелдей оған мүшелікке қабылдау жөнінде И. В. Сталин ұсыныс жасаған. Бірақ әріптестері оның бұл ұсынысын қабылдамады. «Олай етсек АҚШ-тың барлық штатын жеке-жеке БҰҰ-ға мүшелікке қабылдауға тура келеді. Олай етуге болмайды» делінді. Соған қарамастан 1945 жылы Қырымда, одан кейін Сан-Францискода өткен конференцияда Сталин бұл мәселеге қайта-қайта айналып соғып, өзінің одақтас республикаларын БҰҰ-ға жеке-жеке мүшелікке қабылдау қажеттігі жөнінде мәселені күн тәртібіне қоя берген. Сол жылдың 7 ақпанында Қырымдағы Ливадий сарайында өткен конференцияда Сталин тағы да бұрынғы әңгімені қозғап, ең жоқ дегенде үш одақтас республикасын БҰҰ-ға қабылдауды өтінеді. Олар — Украина, Белоруссия, Литва еді. АҚШ пен Ұлыбритания басшылары ақылдаса келе соғыста ең көп зардап шеккен ел ретінде Украина мен Белоруссияны қабылдауға келісімдерін берді,— дей келіп С. Әлмағанбетұлы осыған сәйкес 1946 жылдан КСРО-ның әрбір одақтас республикаларында Сыртқы істер министрлігі құрылғандығын, сөйтіп КСРО-ның

әрбір одақтас республикалары сырт мемлекеттермен тең дәрежеде байланыс жүргізу мүмкіндігіне ие болғанын айтты. Бірақ 1956 жылы жағдай күрт өзгереді де, Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі КСРО Министрлер кеңесінің құрылымынан алынып, Қазақ КСР Министрлер кеңесіне бағындырылған екен. Сөйтіп Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде оған дейін жетпіске жуық адам істесе, енді олардың саны күрт қысқартылып бес адамға түсіріліпті. Бұл жағдай Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін жалғасқан.

Сағыныш-ай!

С. Әлмағанбетұлы 1956 жылы осы бес адамның бірі болып Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіне қызметке орналасады. Арада бес жылдай уақыт өткен соң КСРО Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебінде оқиды. Бұл оқу орнында ол кезде тек КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық және шетелдегі аппараттарында қызмет еткен адамдар ғана қабылданатын. Соған қарамастан Сәкең өз күшімен барып бұл оқу орнына түскен. Бұдан кейінгі өмір жолдарын ол кісі былай еске алады:

– Жоғары дипломатия мектебін бітіргенде маған екінші сыныпты хатшы деген дипломатиялық дәреже берілді. Соған сәйкес КСРО СІМ-ның кадрлар басқармасында менің құжаттарымды КСРО-ның Египеттегі елшілігінің екінші хатшылық қызметіне дайындаған еді. Бірақ Каирге келгенде Египеттегі елші маған үшінші хатшылықты ұсынды. Бұл менің көңіліме салқындау тигені рас. Себебі бұл қызметте менен бұрын істеген адаммын. Соған қарамастан елшіліктің мәдени бөліміндегі қызметіме белсене кірістім. Мұнда 20-дан астам адам қызмет етеді. Осы жылдар ішінде Каирге Кеңес үкіметі басшылары – Н. С. Хрущев, Н. А. Косигин, К. В. Подгорный, мәдениет қайраткерлері – балетмейстер Л. М. Лавровский, ақын Е. Евтушенко, мәдениет министрі Е. А. Фурцева, қазақ жазушылары Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, өнер қайраткері Б. Төлегенова,

Р. Бағланова, Е. Серкебаев, ағайынды Абдуллиндер, тағы басқа көрнекті адамдар келіп-кетіп жатты. Солардың бәрімен тығыз байланыста жұмыс жүргіздім. Бірде Египетке КСРО басшысы Н. С. Хрущев бастаған делегация тағы келе қалды. Жанында А. А. Громыко, А. А. Гречко, басқа да адамдар бар. Салтанатты кездесу сәтінде Египет Президенті Г. А. Насермен бірге Н. С. Хрущев біз отырған үстелдің қасына келді. Сол кезде менің жұбайым Ләйла Қадырқызы:

– Здравствуйте, Никита Сергеевич!– демесі бар ма!!!

– Здравствуйте, Вы наша?– деді Н. С. Хрущев.

– Наша, наша...– деп жатырмыз.

Хаттамада қарастырылмаған мұндай әрекет жоғары басшылық кездесу кезіндегі әдептілікті сақтамау болып табылады. Сөйтсе де екі елдің басшылары қазақ әйелінің бұл еркіндігінің астарында өз Отанына деген сағыныш жатқанын жақсы түсінді.

Сұлулар арбап...

Сәкең бұдан кейін 1967 жылғы Израиль мен Египет арасында болған соғысты өз көзімен көргенін, Кеңес Одағы тарапынан арабтарға қаншама көмек көрсетілгенімен, олар жеңіліске ұшырағанын нақты деректер негізінде әңгімелейді. Алты күнге созылған соғыстың соңғы сәтінде Израиль әскерлері Суэц каналының шығыс жағалауына келіп орнығады. Бірақ ауыз судан қақтыға бастайды. Олар енді тұтқынға түскен араб әскерлерін қарсыластарына қарбызға айырбастап күн көреді. Көп ұзамай олар араб әскерін жағалаудан мүлдем қуып шығу үшін адам ойына келмейтін мына бір айла-шарғыға барыпты. Израиль әскерінде қыздар батальоны да қызмет ететін. Қыздарға тыр жалаңаш суға шомылуға бұйрық беріледі. Аққудай сылындаған еврей қыздары аппақ тәндерін күнге шағылыстырып суға түсіп-шығып жатқанда қарсы жағалаудағы араб әскерлерінің көздері атыздай болады. Сұлу қыздарды ең жоқ дегенде бір көруге ынтығып тасадан басын қылтитқан араб әскерлерін израиль мергендері сол сәтте-ақ қағып түсіріп отырған.

Басқарушы-консул

1973-78 жылдары С. Ә. Құрманғожин КСРО-ның Ыстамбұлдағы (Түркия) бас консулдығында консул болып жұмыс істейді. 1974 жылдың сәуір айында Ыстамбұлдағы Бас консул А. В. Соколов КСРО-ның Чадтағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалады да, оның міндетін атқару ісі С. Ә. Құрманғожинге жүктеледі. Бұл қызмет енді «Басқарушы-консул» деп аталады. Сәкең жоғарыдағы кітабында осы жылдары басынан өткерген қым-қуыт оқиғаларды өте қызықты баяндайды. Туристік сапармен келіп, түрік полициясына берілген ленинградтық инженерді еліне қайтаруы, Босфор бұғазында түрік кемесімен соқтығысқан КСРО кемесі капитанының тағдырын шешуі, Түркиядағы қазақ қауымдастығының арасына барып ашық туысқандық байланыс орнатуы дипломатиялық шеберлікпен қоса оның нағыз ерлігін көрсетеді десек, артық айтқандығымыз емес. Ең соңында Түркиядағы фашистік ұйым өкілдері екі рет оған қарсы қастандық ұйымдастырады. Бірақ, бұл әрекеттер Сәкеңнің сағын сындыра алмаған. Туа бітті парасаттылығы мен көргенділігі арқасында түрік елінің атақты жазушысы Әзиз Несин, қоғам қайраткерлері – Ф. Челикбаши, Е. Сойсал, Н. Эдзедзиббаши сияқты адамдармен достық байланыстарын одан әрі тереңдете түсті. Сол жолғы қарым-қатынастарын күні бүгінге дейін сақтап келеді.

КСРО осылай құлдыраған

1978-83 жылдар аралығында С. Құрманғожин КСРО Сыртқы істер министрлігінің бас хатшылығында кеңесші қызмет атқарғаннан кейін 1984 жылы Эфиопиядағы КСРО елшілігіне кеңесші болып тағайындалады. КСРО мемлекетінің социалистік Эфиопияны өз уысынан қалай шығарып алғанын бүгінде екінің бірі біле бермейді. Ал, С. Құрманғожин ол кезде бұл тарихи оқиғаның басы-қасында жүрген. Сондықтан да, ол өз көзімен көргендерін жоғарыда аталған кітабында публицистикалық сарында шебер суреттейді.

1989 жылы Мәскеуге қайтып оралып, КСРО СІМ-де сарапшы-консультант болып қызмет атқарған С. Құрманғожин енді М. С. Горбачев бастаған мемлекеттің ішіндегі құлдырауды өз кітабында саясаткер көзімен сараптайды. Сол кездегі КСРО Сыртқы істер министрі Э. А. Шеварнадзе жіберген саяси қателіктерді сыртқы жағдайлармен салыстыра отырып талдайды.

Тәуелсіздіктің дәмі

КСРО құлап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін С. Құрманғожин Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары қызметіне шақырылады. Бұл қызметте жүріп ол Қазақстандағы дипломатиялық қызметтің құқықтық негіздерін қалыптастыруға белсене қатысты. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен бекітілген «ҚР Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің», «Дипломатиялық қызмет туралы ҚР заңының», «ҚР елшілігі туралы ереженің» және «ҚР Төтенше және Өкілетті елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы ереженің» жобаларын дайындады.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен С. Құрманғожин Венгрия Республикасына Төтенше және Өкілетті елші болып тағайындалды. 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан соң да ҚР СІМ-де жауапты қызмет атқарды. 1999 жылы кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін ол педагогикалық жұмыспен айналысуға түбегейлі бет бұрды. Сәкең қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және Қазақ-Америка университетінің профессоры. Ол өзінің кәсіптік тәжірибесін болашақ халықаралық мамандарға үйрету мақсатында ағылшын тілінде жазылған бірнеше оқулықтарды дүниеге әкелді.

Жетпісте де жігіттей

Мен жоғарыда «Дипломатиялық қызметтегі 45 жыл» атты кітапта қамтылған жайттардың тақырыптық тізбегін жасауға ғана шамам жеткен сияқты. Бәрін қамтып айту мүмкін емес. Ал кітапты оқи бастасаңыз, осы ғұмырнаманың қатпар-қатпарлары еріксіз өз иіріміне тартып әкететінін байқамай қаласыз. Егер қа-

зақ дипломатиясының кешегісі мен бүгінгісінен және ертеңгісінен хабардар болғыңыз келсе, алдымен осы кітапты оқып шығуға кеңес берер едім. Ал тірі тарих – С. Құрманғожиннің жеке басының ерекшеліктері жайындағы әңгіменің орны бөлек. Дегенмен, бұл кітаптан оның кісілігі мен кішілігі жайында да мол мағлұмат аламыз. Сондықтан да С. Құрманғожиннің жетпіс жылдық мерей тойы қарсаңында жарық көрген кітаптың алғы сөзін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ. Қ. Тоқаев өзі жазып, былай депті:

«Дипломатиялық қызметтегі 45 жыл – бұл тіпті тарихи өлшем бойынша да үлкен мерзім. Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожин кәсіби дипломаттың биік беделіне кіршік түсірмей, осы ұзақ жолдан лайықты жүріп өтті. Оның есімі тәуелсіз Қазақстан дипломатиясының тарихына берік енді».

Осы қарсаңда Қазақстан Республикасының Президенті С. Ә. Құрманғожиннің атына мынадай ресми Алғыс қағазын жолдапты. Онда былай делінген: «Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожинге! Сыртқы саясат саласында ұзақ жылдар бойы қажырлы еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған Сіздің тәуелсіз Қазақстанның халықаралық деңгейде танылуына, оның шетелдермен саяси, экономикалық, мәдени және достық байланыстарын нығайтуға қосқан үлесіңіз зор.

Сізге жемісті қызметіңіз үшін терең ризашылығымды білдіремін. Денсаулығыңыздың әрдайым мықты болуына, бақытты, ұзақ өмір сүруіңізге тілектеспін».

Сөкең туралы бұдан артық айту мүмкін емес. Ең бастысы, осынау біртуар адамның 45 жылдық ғұмырнамасын оқып шығып, КСРО атты алып мемлекеттің сыртқы саясаттағы бұған дейін беймәлім тұстарын тағы бір қырынан танып, таным деңгейімізді кеңейттік. Соның өзі үлкен олжа. Ал, бүгінде жасы жетпістен асса да уақыт сынына мойымай, шың басындағы қарағайдай қасқайып, мәуесін кеңінен жайып тұрған қайсар ағамыз туралы айтылар әңгімелер әлі алда сияқты.

«Қазақстан-Заман» газеті,
29 шілде, 2005 жыл

ҰСТАЗДЫҢ ЖАН ЖЫЛУЫ

Тағзым

Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жолым түсті. Бір кездегі ұстазым Талғат Сайрамбаевқа арнайы кіріп сәлем бердім. Біздің студент кезімізде жаңа ғана қырыққа иек артқан қызу қанды жігіт ағасы еді. Жүрген жерінде әзіл-күлкісіз әңгіме бастамайтын. Сол ұстазым бүгінде жетпістен асқан ақсақалға айналды. «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Мәулен Балақаев» атты кітабын сыйға тартты. Сосын: – Мәулен Балақаев – менің ұстазым. Ешкімге дауыс көтеріп көрмеген кішіпейіл де білікті адам. Кезінде 46 ғылым докторы мен кандидатын шығарды. Тілші ғалымдардың арасында мұндай оқымысты шәкірттері көп адам ол тұста болған емес. Бүгінде Мәкеңнің шәкірттерінен 9 ғылым докторы ғана қалыппыз. Аспирантурада оқып жүргенімізде бір-бірімізбен пікір таластырып қоятын да, өзі тыңдап отыра беретін. Кімнің қабілеті мен білімі қандай екенін байқау үшін әдейі сөйтеді. Әзілге де тым ұста еді. Өмірі ашуланғанын көрген емеспіз. Тіпті қанды қырғын соғыстың ортасында жүргенде де бір қабақ шытпапты десе, екіншісі бірі сене қоймас. Сол кездегі жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтарының барлығы Мәулен Балақаевтың фамилиясынсыз шықпайтынын қазіргі жастар біле бермеуі мүмкін, – деді. Осындай ұстаздан өнеге алған Т.Сайрамбаевтың өзі де бүгінде соңынан таланты шәкірттер ерткен ұлағатты ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультеті жанынан құрылған докторлық-кандидаттық диссертациялар қорғау кеңесінің төрағасы. Тәкеңнің жетекшілігімен 35 кандидаттық, 2 докторлық диссертация қорғалыпты. Қаламынан 200-ден астам ғылыми еңбектер туған. Көп жылдар бойы жоғары оқу орындарында дәріс оқи жүріп, студенттерге арнап әдістемелік құралдар мен

монография, оқулықтар жазды. Әр кездерде әр түрлі ғылыми конференцияларда жасаған баяндамаларын, басқа да авторлармен бірігіп жазған ғылыми еңбектерін санап шығу үшін ғана біраз уақыт керек. Сондықтан, мен өз ұстазымның адами келбетін ашып көрсететін кейбір үзік сырларды қаз-қалпында қағазға түсіргенді шәкірттік парызым деп білдім.

Кандидат емессің...

1976 жылы ҚазМУ-дің дайындық бөліміне тыңдаушы болып 25 бала қабылданды. Бұл топтың жартысы филология факультетіне, жартысы журналистика факультетіне жеңілдікпен түсуге дайындалушылар. Сол баяғы мектепте өткен тарих, әдебиет, қазақ тілі, шет тілі пәндерін қайталап жатырмыз. Қазақ тілі пәнінен дайындық бөлімі деканының орынбасары, филология ғылымының кандидаты, доцент Талғат Сайрамбаевтың өзі сабақ береді. Алғашқы кезде ол кісінің дәрісін өз басым қорқа отырып тыңдайтынмын. Өйткені, ауызша әңгіме-сынақтағы сұрақтарға тәп-тәуір жауап қайтарғаныммен, дайындық бөліміне қабылданғандардың тізімінде жоқ болып шыққам. Содан дау шығарып, «жылдам шағылатын жаңғақ» емес екендігімді дәлелдеуге кірісейін. Комиссия мүшелігінде отырған филфактың деканы М.Жолдасбеков менің құжаттарымды қайта қолына алды. Парақтай келе: «Әскерде болыпсың... Төрт жылдай жұмыс істепсің... Музыка мектебінің домбыра класын бітіріпсің ғой?... Мұндай бала бізге керек емес пе?..» деп маңайындағыларға сұраулы жүзбен қарады. Ақырында дайындық курсына кандидат болып қабылдандым. Тек қатаң тәртіп сақтап, сабақты жақсы оқып, басқаларға үлгі көрсетуім қажеттігі ескертілді. Дегенмен «кандидат» деген жақсы ат емес. Әлдекім сабақ үлгермей немесе тағы бір себептермен оқудан шығып кетсе, орнына қабылданасың. Әйтпесе, жоқ. Араларында мысық тілеулі адамның отырғанын кім қаласын, әсіресе топтың старостасы болып белгіленген дәу жігіт онсыз да дорбадай аузын дүрдүйтіп, түксиген қабағының астынан тіксіне қарауын қоймайды. Тап қазір

соның өз орнын ала қоятындаймын. Талғат ағамыз да сабақ сұрауды алдымен менен бастайды. Басқалар жауап бере алмай қалған қиын сұрақ та қайта айналып мені табады. Ұшып тұрып сарнай жөнелем. Көп ұзамай ұстаздың көңіліне бір жылу кіргенін ішім сезді. Топтың старостасынан басқалары кандидат екендігімнен хабарсыз ба, әлде ыңғайсыз жағдайға қалдырмайық дей ме, әйтеуір үндемейді. Бір аптадай уақыт өтті. Дайындық бөлімінің тыңдаушыларына арнайы қатырма қағаз таратыла бастады. Студенттік билетпен құқы бірдей мұндай құжат маған берілмейді. Себебі – кандидатпын. Ең алдыңғы партаға көңілім жасыңқырап келіп отырған едім. Сабаққа кірген Талғат ағай журналды ашты. Сөйтті де бері қарай қолын созды. Қаламымды сұрап отыр екен, ұстата қойдым. Сыртқы омырау қалтасында өз қаламсабы қылтияды. Байқамаған шығар деп ойладым. Журналға бірденелерді жаза бере, әлі абыр-дабыры басылмаған аудиторияға естірпей: – Сен енді кандидат емессің, деканатқа барып, билетіңді ал, – деді.

Бетіне аңырап қарап қалыппын. «Бара ғой» деді тағы да.

«Учитель-ученик»

Оншақты күннің ішінде кімнің қабілеті қандай екендігі анықтала бастады. Тіпті қазақ тіліндегі жеті септіктің сұрақтарын шатыстыратындар да арамыздан табылды. Мұндайда Талғат ағамыз әркімнің осал жерін тамыршыдай тап басады да, қиын-түйінді оп-оңай тәсілмен түсіндіре салады. Мәселен септіктердің сұрағын есте сақтаудың әдісі мынадай: Атау септігінің сұрағы – кім?, не? Қиын емес. Ілік септігі – өзіңе-өзің іштей «кімнің ілігі?» деген сұрақты қойсаң жетіп жатыр. Барыс септігінің түбірі «бар!». Сұрағы: – кімге?, неге? қайда? (барайын). Табыс септігіне «тап!» деген бұйрықты бер: кімді?, нені? (табайын) деген сұраққа кезігесің. Жатыс септігіне байланысты «жатыр» деген сөзді іштей қайтала. Кімде?, неде? қайда? (жатыр) деген сұрақ есіңе түседі. Сол сияқты «шық!» деген бұйрықты сөз арқылы шығыс септігінің: кімнен?, неден?,

қайдан? (шығайын) деген сұрағын табасың. Көмектес сетпігіне қатысты: кіммен?, немен? (барып көмектесейін?) деген сұрақты қой. Тәкеңнің бұдан басқа да толып жатқан ұстаздық әдістемелері жетіп артылатын. Соның бірі мынау еді: жақсы оқитындарды іріктеп алды да, олардың әрқайсысының жанына нашар оқитындарды отырғызды. Жақсы оқитындарды «учитель», нашар оқитындарды «ученик» деп атады. Қыздардың барлығы дерлік «ученик» болып шыға келді. Егер «ученик» сабақ білмесе, алдымен «учитель» жазаланады. Мұндайда Тәкең әдеттегідей қалтасында өзінің қаламы тұрса да, қарсы алдында отырған тыңдаушының қаламымен журналға «2» деген санды асықпай, әдемілеп әкеп қаздитады. Назарымызды аудару үшін әдейі сөйтеді. «Ученик» шырылдап қоя береді. «Ағай, маған екі қойсаңыз, қойыңыз, мен үшін оған екі қоймаңызшы!» дейді жалынып. Тәкең қарқылдай бір күліп алады да, келесі «ученикті» орнынан көтереді. Ол жақсы жауап берсе, «автоматты» түрде «учителіне» де дәл жаңағы мәнермен жақсы баға қойылады. Бұл арқылы ұстазымыз біреудің намысын оятса, екіншімізге зор сенім артады. Ал сенім жүгі – ең ауыр жүк.

Төртеудің «соты»

Студент атануға санаулы күндер қалғанда дайындық бөлімінен масқара болып, оқудан шыға жаздаған мына бір оқиға әлі естен кетпейді. Сәуірдің соңғы күндері бірге оқитын екі қыз, бір жігітіміздің туған күндері дөп келмесі бар ма? Үшеуі бірігіп дастархан жайды. Жақсылап тойладық. Ертеңгі күн – демалыс. Сыраханаға барып «шөл бастық». Түске қарай «көңілді күйімізде» жатақханаға оралайық... Вахтадан өте бере бір жігітіміздің сүрініп кеткенін қайтерсің. Дәл сол жерде ілулі тұрған жатақхананың көрсеткіш тақтасы үстіне салдыр-гүлдір құласын кеп... Жақын маңайдағы бөлмесінен атып шыққан коммендант әйел әй бір дабыл көтерсін... Жан-жаққа бытырай қаштық. Бірақ құтыла алмадық. Төртеуміз ОКД-нің тырнағына іліктік. Келесі күні «қара тізім» декан орынбасары Т.Сайрамбаевтың алдынан

бір-ақ шықты. Ол кісі көп сөзге барған жоқ, «Құжаттарыңды алып, кете беріңдер!» деп шорт кесті. Сыраhanaға негізінде оншақты жігіт барғанбыз. Көзге түспей, қара тізімнен аман қалғандар енді түк білмегенсіп, «адвокаттық» қызметке кіріскен. Аудитория мен деканаттың арасындағы «делегаттар» да солар. Өздерін тіпті сұңғыла-шешен, көпті көрген көсем дерсің. Кейбіреулері жоғары мораль тұрғысында ой қозғағанда төбе құйқанды шымырлатады. Шіркін, тап-таза жастық көңіл-ай десеңші... біздерді қалай да ақтап алу үшін топтағы қыз-жігіттердің бәрі шыбын-шіркей болып жүр. Тырнаққа іліккен төрт бейбақ «учительдер» екенін, өте талапты балалар екендігін айтады (шынында да солардың бәрі бүгінде белгілі журналистер мен ғалымдар). Байқаймыз, дайындық бөлімінің деканы бұдан бейхабар сияқты. Басқа пән ұстаздары деканаттың алдында сүмірейіп жүрген біздермен бұрынғыдай жылы амандасады. Үндемей келіп ол кісілердің сабағына қатысып көрдік. Бәрі бұрынғыдай. Көңіл түпкірінде үміт оты жылт етті. Талғат ағайдың сабағы басталар алдында аудиторияның алдында төртеуіміз үрпиісіп тұрғанбыз. «Жиналыста шешімдеріңді шығартып, көздеріңді құртайын, кәне аудиторияға кіріңдер!» деді. Кірдік. Жиналыс басталды. Топтың кураторы да қатысып отыр. Аудиториядағы балалар бізді жақтайды, бірақ екі ұстаз оларды тыңдар емес. Талғат ағай менің жазған түсініктемемнің ішіндегі «біраз сыра іштік» деген сөзді созыңқырап оқып:– «Біраз» дейді. Бұл өте көп ішкенді, яғни бі-р-р-а-а-з сілтегенді айғақтайды. Ал бұған не айтасыңдар?– деп жымия көпшілікке қарады. «Шешендер мен көсемдердің» тосылған жері осы болды. «Біраз ғана» деп жазбағаныма іштей егіліп мен отырмын. Жиналыс ұзаққа созылды. Үмітіміз үзіліп, мойнымызға су кете бастады.

– Жә, төртеудің «соты» осымен тәмам!– деді Тәкең әркімді бір сөйлетіп алғаннан кейін. Сол жылы Қытайда мемлекетке опасыздық жасап, бүлік шығарған төрт адамның соты жайында баспасөзде жиі жазылатын. Тәкең нені меңзеп тұрғаны түсінікті. Бұл – сендер де солардың кебін кидіңдер деген сөз.

– Өзірге жатақханадан шығасыңдар! Себебі, коммендант біледі. Ертең сөз болмас үшін осылай ете тұрамыз. Декан бұл жайында естіген жоқ. Естісе, өз обалдарың өздеріңе! Дымдарың іштерінде болсын! Сендерге тікелей өзім сабақ бермегенде, бүйтпес едім!– деп Тәкең сөзін аяқтады. Осыған да шүкір деп тарастық. Егер жатақхана комменданты сол күні деканға телефон шалғанда, шынымен-ақ шаруамыз бітетін екен. «Өзірге өзімнен басқа ешкімге жарияламай, қоя тұрыңыз» деп Талғат ағамыз о баста-ақ коммендантты тыныштандырғанын кейін естідік. Жатақханадан шығып, жан-жаққа бас сауғалап кеткен төртеуімізге бір аптадан соң Тәкең қайтадан бөлмелерімізді алып берді. Көп ұзамай бәріміз емтиханды жақсы тапсырып, студент атандық.

Айланбалы кіржайғыш

Жоғарыдағы әңгімелер Тәкеңнің жадында қаншалықты сақталғанын білмеймін. Бірақ мына бір жайтты әлі күнге дейін ұмытпайды. 1983 жылдың көктемі. Мәскеуде соңғы курста оқып жүрген кезім. Алматыға келіп, қайтып бара жатқам. Ұшаққа мінер алдында Тәкеңе ұшырасып қалдым. Ол кісі де Мәскеуге бара жатыр екен. Бұрынғы көп студенттерінің бірі ретінде салқындау ғана амандасты. Ішке кірдік. Билетіміз қатар орындарға тиіпті, иық түйістіре жайғастық. Қазір докторантурада жүргенін білдім. Еркін әңгімелесуге қысыламын. Филфактың үшінші курсынан Мәскеуге ауысқанымды Тәкең енді ғана есіне түсірді. Одан арғысын, яғни дайындық курсындағы келеңсіз жайттарды мүлдем ұмытқаны анық. Маған да керегі сол. Қайдағыны еске салып нем бар. Тыныш отырайын. Мына бастан онсыз да не өтіп, не кетпеп еді...

Мәскеу әуежайына қонғаннан кейін такси ұстап әкелуге жұмсады. Лып ете қалдым. Кітап толы шағын жәшікті машинаның артқы қорабына салдық. Докторлық диссертацияға қатысты жұмыстары екен. Қаланың ішімен біраз жүргеннен кейін көп қабатты үйдің алдына тоқтадық. Тәкең ішке кіріп кетті де, қайта шықты

– Пәтер жабық тұр. Кітаптар мен қағаздарды сенің жатақханаңа қоя тұруға тура келеді. Баратын жерлер көп. Босқа жүк қылып қайтемін. Кешке аламын,– деді. Мен ол кезде үйленгем. Бір баламызбен МГУ-дің жатақханасында тұрамыз. Келдік. Таңертеңгі уақыт. Тәкең ұядай бөлмедегі жинақы тұрмысымызды көріп, жадырап сала берді. Ұйықтап жатқан ұлымның жастығының астына көрімдік ретінде он сомдықтың біреуін тыға салды. Сөйтті де: – Мына баланың «Туу туралы куәлігін» әкеліңдер!– деді. Ештеңеге түсінбесек те әкеліп бере қойдық. Сосын терезенің алдындағы үстелдің қасына келіп отырды. Асықпай қойын кітапшасын шығарды. Қаламын алды да, куәлікке қарап қойып, дауыстап жаза бастады: – Әкесі — Жұмабеков Серік. Шешесі — Жұматова Өркен. Ұлы — Жұмабеков Әділет. Міне, аты-жөндеріңді оп-оңай біліп алдым. Енді ұмытпаймын!– деп қарқылдай күлді. Мәселенің мәнісін енді түсінген біздер де мәзбіз. Отырып шай іштік. ҚазМУ-дағы курстастарымыздың, ұстаздарымыздың амандығын сұрадық. Біраздан кейін Тәкең өз шаруасымен қалаға кетті. Кешкісін жанында мәскеулік бір үлкен ғалымы бар, кітаптарын алуға келді. Асығыс. «Төрлетіңіздер, отырыңыздар!» дегеніме қарар түрі жоқ. Ақыры көндірдім-ау. Бір-екі куртас қыз-жігіттерді де дастарханға шақырдық. Біз оларға ұстазымызбен мақтанамыз, ал ұстазымыз мәскеулік ғалымның алдында студенттерімен мақтанатындай. Емен-жарқын әңгімелер айтылды. Таңертең келгенімізде ұлымның жаялықтарын кептіретін кішкене кіржайғыш төбеде ілулі тұрыпты. Мен онша мән бере қоймаған сол бір көрініс әлі күнге дейін ұстазымның жадында. Кездескен сайын:

– Әлгі айланбалы кіржайғыштарың әлі бар ма?– деп сұрайды.

– Бар, аға бар. Сол күндердің белгісіндей құрметтеп, сақтап жүрміз,– деймін.

– Дұрыс, оны жоғалтпандар,– дейді Тәкең. Қазір ойланып отырмын: «Маған қатысты мәселелердің көбісін ұмытыңқыраған Тәкең сол кіржайғышты неге ұмытпайды екен?». Аспалы кіржайғышты тағы да көз алдыма елестетемін. МГУ

жатақханасының шағын бөлмесі. Ұстаз өз студенттерінің ортасында. Анадй жерде сәби тәтті ұйқы құшағында. Жөргектер төбеде айналып тұр. Жөргек иісі келеді мұрынға. Мәскеуде – қазақ баласының жөргегі иісі. Жүрекке жылы шуақ шашылғандай! Енді түсіндім. Аспалы кір жайғыштың астарында ұстаздың жан жылуы жатыр екен ғой.

**«Ана тілі» газеті,
10 маусым, 2009 жыл**

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРДІҢ ӨРІСІ КЕҢ

ҚазҰУ-дың Салтанат залында белгілі жазушы-публицист, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Әбілфайыз Ыдырысовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Өнегелі өмір» сериясымен шыққан жинақтың тұсаукесері болып өтті. Жиынды ашқан ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов осы оқу орнының қаржысымен шығып жатқан «Өнегелі өмірдің» қысқаша тарихына тоқталып өтті. Бұған дейін ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан, қазірде мемлекет, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген белгілі адамдардың өмірі мен шығармашылығына арналған бұл серияның бүгінде 51-інші саны оқырман қолына тиіп отыр.

Жинаққа халқының болашағына барлық ғұмырын арнаған, жарты ғасырға жуық ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде дәріс оқып, талай шәкіртті тәрбиелеген Әбілфайыз Ыдырысовтың басынан өткен қилы-қилы оқиғалар мен қызықты сәттер арқау етілген. Әбекең ұлағатты ұстаз, абзал әке ғана емес, ол сүйгеніне деген сүйіспеншілігін Алаш жұртына үлгі боларлықтай етіп суреттеген сыршыл қаламгер. Оған 5 томдық «Таң шолпан» романы куә. Сол кітаптан алынған әртүрлі оқиғалар «Өнегелі өмірдің» шырайын аша түскен. Сонымен қатар, Ә.Ыдырысовтың баспа ісі мамандарын оқытудың теориялық-әдістемелік негізі туралы жазған оқулықтарынан да деректер келтірілген.

Кітаптың алғашқы тарауы «Өзім айтам өз жайымда» деген авторлық толғаудан басталады. Мұнда ол кісі шыққан тегі мен түп-түқияны жөнінде баяндайды. Ал «Ұлыларым ұлағатым» атты тарауда М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы, М.Қозыбаев сынды қазақтың біртуар азаматтары жайында жазған очерктері мен эсселерін оқи аласыздар.

Ә.Ыдырысов қазақтың шыққан тегі жайында біраз ғылыми зерттеулер жүргізген адам. «Ғалымдық, ұстаздық, зерттеушілік» атты тарауда Әбекеңнің осы еңбектерінен үзінділер келтіріледі.

«Өзгелер айтты өзіңіз жайлы» атты соңғы тарауда Әбекеңнің шәкірттері мен қаламдастары ол жайындағы өзекжарды ойларын ортаға салады. Жиында сөз алған белгілі балалар хирургі, академик К.Ормантаев Әбілфайыз Ыдырысов жайында естеліктер айта келіп, ҚазҰУ-ды бітірген құрдастарының өзінен әлдеқайда бақытты екендігін жасырмады. Себебі олардың мерейтойларына ҚазҰУ «Өнегелі өмір» сериясын тарту етуді дәстүрге айналдырыпты. «Мен өкінішке орай ҚазҰУ-ды бітірген жоқпын» деп Әбекеңе қарата әзіл тастады. Осы сәтте ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов «Сіз ҚазҰУ-ды бітірген майталмандардың бәрінің балаларын емдедіңіз. Келесі жылғы мерейтойыңызға сізге де «Өнегелі өмірдің» бір сериясын арнаймыз.– деді.

«Ана тілі» газеті,
28 мамыр – 3 маусым, 2015 жыл.

АЛАШЫБАЙДЫҢ АРМАНЫ

Өмірдерек

Алашыбай Баймырзаев 1951 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы Тұрсынбике ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Шымкент химия-технологиялық институтын бітіріп, мұнай газ өңдеу саласы бойынша мамандық алған. Байқоңыр ғарыш айлағында, Маңғыстау түбегінде, Жаңаөзен қаласында әртүрлі сала қызметтерін басқара жүріп жеткен жетістіктерді өз алдына бір төбе.

Маңғыстау облысының, Қызылорда облысының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Білікті кәсіпкер ретінде Қазақстан Президентінің Алғыс хатын алған. Экономика ғылымының кандидаты. Үш баланың әкесі. Ұлдары Берік пен Алмат әкесімен бірге кәсіпкерлікпен айналысуда. Зайыбы Ләззат – дәрігер.

Адамды бірден жете тану қиын. Алғашқы әсер қашанда алдамшы келеді. Сондықтан, бір ойшылдың «Өзгеге де сенбе, өзіңе де сенбе, істеген ісіңе сен» деген қағидасына сүйенген жөн секілді. Жетісу жерінде агроөндірістік кешенді дамытуға атсалысып жүрген Алашыбай Баймырзаевты елі үшін сіңірген еңбегімен бағаласаңыз қандай марапатқа да лайық. Жаны жайсаң, мінезі қарапайым осы кәсіпкер азаматтың өмір жолымен, атқарған жұмысымен, келешекте көздеген мақсаттарымен оқырманды таныстыра кеткенді жөн көрдік.

Сенім «Ақбөбектен» басталған

Тоқсаныншы жылдардың басында Елбасы Ақтауға барған бір сапарында Алашыбай Баймырзаев басқаратын «Ақбөбек» аяқ киім фабрикасына арнайы атбасын бұрады. Мұндағы жұмыс әлемдік озық технология бойынша жүзеге асырылып жатқан.

Бұған дейін мұнай базасының бастығы қызметін атқарып жүрген Алашыбайға фабрика құрылысын жандандыруды тапсырған облыс басшылары қателеспепті. Айналасы бір жылдың ішінде

фабриканы іске қосты. Жай ғана қосып қойған жоқ, жұмысшылар үшін салынған отыз пәтерлі үйдің кілтін қоса тапсырды.

Сол кезде елімізде аяқ киім, әсіресе әйелдердің аяқ киімі зәру тауарлардың біріне айналып тұрған. Міне, дәл осы тұста Маңғыстау түбегінде әлемдік сұранысқа ие неше түрлі аяқ киімдер шығара бастаған «Ақбөбек» фабрикасы аяғынан қаз тұрған.

Сонда Елбасы білікті басшы Алашыбайдың жетістігіне қаты риза болып тұрып: «Бұл біздің экономикалық саясатымыздың оңды нәтижесі әрі алғашқы қарлығашы!» деп баға берген. Мемлекет басшысының осы бір лебізі Алашыбайдың бойына қуат құйды. Сол бір ауыз жылы сөз оны талай қияндарға алып шыққанын өзі кейін сезіне бастады.

Алашыбай сол жылдары бір газетке берген сұхбатында «Ойлап қарасақ, Солтүстік Корея, Тайланд, Тайвань, Сингапур сияқты елдердің қайсысы да бүгінгі табыстарына жеңіл өнеркәсіпті дамыту арқылы жеткен екен. Бізге неге осы бағытты ұстанбасақ? Шикізатымыз да, жұмыс қолы да жеткілікті. Тек ізденіс пен ыждаһат керек. Шетелдерде болғанымда бізбен іскерлік байланыстар орнатуға мүдделі іскер топ өкілдерін көптеп кездестірдім. Оларды біздің арзан шикізатымыз қызықтырады. Бірақ шетелдіктердің ұсынысын өзімізге керекті тұрғыда екшеп ала білсек, ұтарымыз көп» деген екен. Бұл пікірін ол қазір де қайталаудан жалыққан емес.

Кіші Арал суға толды

Көп ұзамай Алашыбайдың есімі ел аузына іліге бастады. Жаңашыл азаматтар қай жерде де керек. Экономикалық жағынан тұралап, экологиялық ахуалы қан қақсап тұрған Арал ауданын басқаруға байланысты Алашыбай Баймырзаевтың есімі аталғанда Елбасы оны бірден мақұлдады. Үлкен сенім адамға қанат бітіреді екен. Алашыбай мұнда келе сала көптен бері айтыла-айтыла арманға айналған Кіші Арал теңізін қалпына келтіруді қолға алды. Бұл мақсатты жүзеге асыру оңай емес екенін біле тұра, білек сыбана кірісті.

Талай есіктің табалдырығын тоздырды. Оның қарапайым ұсынысын қияли адамның сөзі ретінде қабылдағандар да аз емес. Бірақ, Алашыбай дегенінен қайтпады. Ақыры жоғары жақтағылардан ешқандай көмек болмасына көзі жеткен соң, енді ішкі мүмкіндікті пайдаланып, бір қаракет жасап көруге бекінді.

Ең алдымен Қаратерең-Көкарал бөгетін салуға кірісті. Оған қажетті заттарды алыстан іздемей-ақ жергілікті материалдардан құрастырды. Күндіз-түні ұйқы көрмей жүріп бөгетті салып шықты.

Болжам дұрыс шықты. Кіші Аралға су келе бастады. Талай жылдан бері КСРО-дан бастап әлем ғалымдары бас қатырып шеше алмаған ғасыр проблемасын қарапайым ауыл азаматы Алашыбай шешті дегенге бүгінде көпшілікті сендіре қоюдың өзі қиын-ау! Иә, ол өз идеясын осылай дәлелдеп шыққан.

Кіші Аралға су толды. Сумен бірге тіршілік келді. Балықтар көбейе түсті. Су сабалаған құстардың қиқуына бір сәт құлақ түрудің өзі қандай ғажап! Шөліркеген дала аңдары теңізге қарай жосылды. Алашыбай өзін тұңғыш рет бақытты сезінді. Қуаныштан көзіне жас алды. Енді осы істі мемлекет деңгейінде қолға алса деп армандады. Ол арман да орындалды.

Кіші Аралға су тола бастағанын көрген жоғарғы жақтағы мамандар мен басшылар алғашқыда өз көздеріне өздері сенбеді. Су күннен-күнге көбейе берді, көбейе берді. Бөгетті мықтап қайта салу қажеттігін бәрі түсінді. Мәселе Үкіметтің күн тәртібіне қойылды.

Таяуда ғана Қазақстан Президенті журналистермен жүздесуінде Кіші Арал теңізін толықтай қалпына келтіру ісі таяу арада жүзеге асатынын мәлімдеді. «Жер бетінде талай көлдер мен теңіздер тартылып кеткен. Бірақ, оларды бірде-бір мемлекет қалпына келтіре алмады. Ал, біз Аралды қалпына келтіреміз» деді ол кісі нық сеніммен. Көпшілік қуана қол соқты. Аралдың екінші өмірі басталатынына енді ешкім күмәнданбайды. Тек осынау игі істің бастауында біздің қарапайым кейіпкеріміз Алашыбай тұрды десек, екінші бірі сене қояр ма екен? Сенбесе сенбесін, бұл – ұрпақтан-ұрпаққа жететін өмір шындығы. Оны дәлелдеп жатудың өзі артық.

Әкім болу – табиғи қалпыңды бұзу емес

«Мен қазіргі ел басқарып жүрген көптеген азаматтардай компартияның мәртебелі мектебінен шыңдалып шыққаным жоқ,— депті Алашыбай жергілікті басылымдардың біріне жазған мақаласында ағынан жарылып.

– Шаруаның баласымын. Іскерлікпен айналыстым. Шетелдермен, соның ішінде Италиямен байланыс жасадым. Енді міне, бір кезде жалындап тұрған жастық шағымда жұмыс таба алмай кеткен жерім – Арал ауданына әкім болып келдім. Қызметке кіріскен сәтімнен бастап өзімді халықпен де, аппарат қызметкерлерімен де тең жағдайда ұстап, ашық әңгімелесуге ұмтылдым. Сөйтіп, партиялық басқарудың жетпіс жыл бойғы сірескен тәртібін бұздым. Дегенмен, жаңашыл, еркін табиғатымды ерсі көргендер де кездесті. Соның салдарынан «қиындыққа» тіреліп қалған тұстарым да аз емес...»

Күншілдер мен қызғаншақтардың аяқтан шалған жымысқы әрекеттеріне қарамастан ол туған Аралының жарқын болашағы үшін жан аямай еңбек етті. Осы өңірдегі мұнайды иигеру, Бейнеу-Арал-Жезқазған автокөлік жолын салу, Арал балықшыларының Даниямен байланысын жақсарту, ауданның Сыр бойы өңірін суландырып, ауыл шаруашылығын дамыту, жеке кәсіпкерлерді көбейту, ең бастысы – осы жұмыстарға шетел инвестициясын тартуды алдына негізгі мақсат етіп қойды. Қайсар жігіт бұл мақсаттарына жетті. Алашыбай Арал ауданына әкім болған екі жарым жыл ішінде осы айтылғандардың бәрі орындалды.

– Дегенмен, әкім боп келу оңай да, азамат болып қалу қиын ғой. «Әкім болу – табиғи қалпыңды бұзу емес». Кезінде осындай тақырыппен облыстық газетке мақала жазғаным да есімде,— дейді ол өткен күндерін еске алып.

Шынында да Алашыбай Әбдіғазыұлы қандай қызметте жүрсе де, қандай мәртебеге ие болса да, о бастағы табиғи қалпынан ешқашан ауытқымайтын, ауытқи алмайтын адам екендігіне аз уақыт таныстығымның ішінде менің де көзім жете түсті. Ол жайында айтпас бұрын менің назарымды ерекше аударған оның мына бір қасиетіне арнайы тоқтала кеткенді жөн көрдім.

Буырқанған бұла күш

Алашыбайдың «...жалындап тұрған жастық шағымда жұмыс таба алмай кеткен жерім – Аралыма әкім болып келдім...» дегені есте. Сол кезең туралы оның Алмат Байділдаев деген бір шәкірті бұдан бірнеше жыл бұрын былай деп естелік жазыпты:

«Алашыбай ағадан менің үйренгенім көп. Ол әрі қатал. әрі мейірімді жаттықтырушым болды. Қазірдің өзінде әлдеқандай бір қиындықтарға кез келсем, Алашыбай ағамды еске аламын. Ұзын бойлы, қапсағай денелі, бұлшық еттері буыршық атқан Алаш ағам маған бірде мейірлене ақылын айтып, бірде қабағын түйе жөн сілтеп тұрғандай көрінеді. Сол кезде бойыма бір буырқанған бұла күш келіп құйылады.

...Біз ол кезде жеткіншекпіз. Алашыбай аға жиырмадан асқан жас жігіт. Ауылымызға ол қайдан, не үшін келгенін білмеймін. Ол жағын пайымдауға шамамыз қайсы. Әйтеуір өңкей қара домалақтар оның жанынан үйіріліп шықпайтынбыз. Өйткені, ол бізді бокс деген қатал спортқа баулып жүрген жаттықтырушымыз еді. Спортзал, ринг деген ол кезде қайдан болсын. Жаттығу алаңымыз кәдімгі көкмайса даланың төсі. Әрқайсымыз қосқан тиын-тебенге доп, боксшы қолғабын, тағы басқа керек-жарақтарды сатып алдық. Ал, нағыз боксшының «грушасын» Алашыбай аға өзі тауып әкелді. Аз уақыттың ішінде есейіп шыға келдік. Тек бокспен ғана емес, спорттың басқа да түрлерімен қатты айналыстық. Футбол жарысынан аудан көлемінде жүлделі орындар алып жүрдік.

Алашыбай біздің туған ағамыз сияқты. Өзінде бардың бәрімен қылдай бөліседі. Мәрттік пен нағыз жігіттіктің, азаматтықтың не екенін біз осы кісіден үйрендік. Арал жеткіншектерінің алдынан жаңа бір өмір есігі ашылып келе жатты. Әрқайсымыз өзімізді болашақ чемпиондардай сезінетінбіз сол кезде. Бірақ, бір күні бұл балалық қуанышымыз су сепкендей басылды. Алашыбай аға киім-кешегін арқа сөмкесіне салып алып, біздің елден белгісіз бір жаққа қарай кетіп бара жатты. Ештеңеге түсінбеген біздер ол кісіні қимай, жылап қоштасып қала бердік.

Кейін естідік «Алашыбай балаларды төбелеске, қатыгездікке баулып жүр» деп әлдекімдер жоғары жаққа арыз жазыпты»...

Бұл естеліктен біз Алашыбайдың туған жері Аралдан өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүрген кезін көреміз. Бокстан «Спорт шеберіне кандидат» деген атағы тағы бар Алашыбай жұмыс табылғанша амалдай тұру үшін жаттықтырушылықпен айналысқан. Өкінішке орай, біреулер оған соны да көп көргенін қарашы!

Бірақ, осы бір таза көңілден, жастықтың буымен жасаған игілікті ісі өмірде өшпестей із қалдырады деп ол кезде Алашыбайдың өзі де ойлаған жоқ еді.

Драйзер не дейді?

Жалпы, спортшы адамдарда өзгешелеу қасиеттер мен күтпеген мінездер көп ұшырасады. Әсіресе, олар қулық-сұмдық, өсек-аян, екіжүзділік сияқты пасық әрекеттерге төзе алмайды. Ондайда бетің-жүзің демей айтып салады, тіпті морт кетуі де әбден мүмкін. Оны аз десең, спортшыға тән «өз үкімін» шығарады. Біреулер мұны ұрда-жық адамның ақымақтығына балауы мүмкін. Бір қарағанда солай көрінгенімен, мұның астарында қайсарлық, бірбеткейлік, ізденгіштік, адалдық, көпшілдік, әділдік сияқты адами құндылықтар жатады. Осының біразын Алашыбайдың бойынан да тауып алу қиын емес. Соның бірі – ізденгіштік қасиеті.

Алғаш кездескенде ол маған ауыл шаруашылығы саласындағы қазіргі жетістіктері жайында, яғни кәсіпкерліктің қыр-сыры жайында әңгімеледі.

– Қазақстанның қазіргі дамуы Америкамен салыстырғанда жүз жылға кешеуілдеп қалғанын мен Теодор Драйзердің «Финансист», «Оплот», «Стоик» сияқты кітаптарын оқығанда көзім анық жетті. Осы шығармалармен танысу барысында қазіргі жұмысыма қатысты көптеген мәселелерді жаңаша пайымдағандай болдым. Ауыл шаруашылығы бізде кенжелеп қалғанын несіне жасырамыз. Оған үкімет тарапынан жылына қаншама

қаржы бөлінеді. Алайда қаржы дiттеген жерiне жетпейтiн сияқты. Таяуда «Қазагроқаржы» деген мекемеден бiраз несие алатын болып келiстiм. Ал тиiстi жерлерден ондай қаржыны ала алмайсың,— дей отырып, ол қазiргi өзi басқаратын үш фирма жайында айтып бердi. Оның бiреуi «Жетiсу-Агро» деп аталады екен. Алматы облысы Iле ауданындағы Шеңгелдi аймағында орналасқан. 1 мың шаршы шақырымға жуық жерi бар. Ауыл шаруашылы өнiмдерiн өндiредi.

«Қазагроөнiм» деп аталатын екiншi фирмасы Бақанас жерiнде. Онда мал шаруашылығы дамуда. Нарынқолдағы «Агро-Ақжар» деп аталатын фирмасы 2 мың шаршы шақырым жердi алып жатыр. Бұл жақта негiзiнен картоп, соя, зығыр, бидай, арпа, сұлы, тағы басқа дақылдар егiледi.

— Райымбек ауданының әкiмi Қаһарман Күдеров мырзаның сұрауы бойынша бұл аймаққа Иран технологиясын апарып жатырмыз. Таяуда Ираннан адамдар келедi, бiздiң iсiмiздi өз көздерiмен көредi. Бiз оларға биотехнология өнiмдерiн беремiз. Олар есесiне 1 миллион 800 евро қаржысына жаңа технологиялар әкеледi. Аудан әкiмi алдағы уақытта 10 мың шаршы шақырымның жерiн тағы да бөлемiн деген сөздi айтып қалды. Демек, алда қыруар шаруа мен береке күтiп тұр,— дейдi Алашыбай.

Мiне, Алашыбайдың iзденiстерi осындай! Ал, алдағы армандары асқар таудай. Елдiң болашағы үшiн жан аямай еңбек ететiн жастарды тәрбиелей бiлсе, ол арманның орындалғаны. Тiптi шетелдiң көркем әдебиетiне дейiн зерделей оқып, әлем жаңалықтарын елiне қарай тiрнектеп тасуы — шынында да қанатымен су сепкен қарлығашты көз алдына әкелгендей.

«Ұлы Петр-I» кеудесiнде

Таяуда Шеңгелдiдегi «Жетiсу-Агро» серiктестiгiнiң жұмысымен танысуға Алашыбайдың өзiмен бiрге бардық. Шеңгелдiден жырақта орналасқан бұрынғы мал шаруашылығының кешендi ғимараттары қаңырап бос қалған екен. Бiрақ бұл жерде қайтадан қайнаған еңбектiң дабылы естiле бастаған.

Кешеннің ортасындағы шағын алаңқайларда жайқалған қызанақ пен сәбіз. Мына жақтағы бірнеше қабатты ғимараттар жұмысшылар тұратын жатақханаға айналдырылыпты. Голландиядан әкелінген қызанақ пен сәбіз тұқымының қалай жерсінетіндігіне сынақ жүргізіп жатқан көрінеді. Егер, олар Қазақстанда өсетін тұқымдастарынан да көп өнім берсе, онда келесі жылы бұл голландиялық көкөністер бүкіл алқапқа егіледі.

Ал алқаптағы еңбектің көрігі тіпті қыза түскен. Өңкей жастар. Бәрінің жүзі жарқын. Алашыбайды көре сала еркелей сәлем берісті. Бұл жерде біздер шаруашылық бастығы Жансерік Баймұрзаевпен, агрономдар – Нұрлан Иманқұловпен, Томас Илиеспен, бас есепші Марат Қалимағамбетовпен, «Бео Тұқым» ЖСШ бас директоры Мұса Ахмадов мырзалармен әңгімелесіп, шаруашылықтың қыр-сырына қанықтық.

Бір кезде алқап шетіне екі жеңіл машина келіп тоқтады. Ішінен генерал-майор шеніндегі бір адам шығып, бері жақындады. «Бүгін Алашыбайға Ресейдің жоғары ордені тапсырылады» деген сөзді мана Алматыдан шығарда-ақ құлағымыз шалған.

Ресей генералы аман-саулықтан кейін Алашыбайдың шаруашылығымен танысты. Түстен кейін Шеңгелді ауылдық округінің әкімшілігінде орден тапсыру рәсімі өтті.

– Сіздердің жерлестеріңіз Алашыбай Әбдіғазыұлы Баймырзаев Ресей мен Қазақстан арасындағы достық пен ынтымақтастықты, экономикалық байланыстарды нығайтқаны үшін Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің жарлығы бойынша Ресейдің жоғарғы қоғамдық ордені – Бірінші дәрежелі «Ұлы Петр – І» орденімен марапатталып отыр,– деді Ресей Федерациясы қауіпсіздік қызметінің генерал-майоры, академик Владимир Осипов. Оның айтуына қарағанда, бұл орденмен бұған дейін тек мемлекет басшылары мен мемлекет қайраткерлері ғана марапатталып келіпті. Мәселен, Нұрсұлтан Назарбаев, День Сяо Пиннің қызы, Түрікменбасшы, тағы басқалар. Енді, міне Қазақстаннан – Алашыбай Баймырзаев осы орденді иеленді.

Бұл жерде «не үшін» деген заңды сұрақ тууы да мүмкін. Бұл сауалға жауапты генералдың өзі қайтарды. Алашыбай сонау жылдары Маңғыстау түбегінде қызмет етіп жүргенде-ақ Ресей елі мен Қазақстан арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың жандануына көп еңбек сіңіріпті. Ал қазіргі кезде ол Ресейдің Новосибирск аймағымен іскерлік байланыстарды жолға қойған. Бұл – бүгінгі таңда екі ел экономикасының өркендеуіне тиімді жағдайлар туғызда.

Ол жайында тізбектеп, оқырманды жалықтырғымыз келмейді. Алашыбайдың арманы – туған елге толымды еңбек сіңіру екендігін айтсақ та жеткілікті.

Ең бастысы, елім деп туған жаңашыл азаматтар аман болсын. Қалғанының бәрі уақыт еншісінде.

**«Президент және Халық» газеті,
12 шілде, 2007 жыл**

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Педагогика ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық академиясының академигі Қалыбекова Асма Ахметқызы жайында облыстық, республикалық баспасөз беттерінде талай мақалалар жарық көрді. Олардың кейбірімен бұрыннан таныс едім. Ал өзімен жүзбе-жүз жолығуым осы.

Орыс және ағылшын тілдерінде жазылған «Қазақтың халықтық педагогикасының теориялық және қолданбалы негіздері» атты екі ғылыми монографиясына қолтаңба жазып берді. Әрқайсысының көлемі отыз баспа табақтан. Таралымы – 3 мың дана. Әзірге қазақшаға аударылмапты.

Ұлттық дәстүріміз бен тұрмысымыз, ұлттық тәрбие мен салт-санамыз жайында, тағы басқа рухани құндылықтарымыз төңірегінде бұған дейін аз жазылды дей алмаймыз. Бірақ соны өзге халыққа, әлем жұртшылығына ғылыми тұрғыда танытқан еңбек жоқтың қасы екендігі рас.

Ә.Қалыбекова жазған монографияның ағылшын тіліндегі нұсқасын қазір Қазақстан Сыртқы істер министрлігі арнайы сұратып алып, шетелден келген лауазымды қонақтар мен ресми адамдарға, дипломаттарға қазақтың төлқұжатындай қастерлеп, сыйға тартуды дәстүрге айналдырыпты.

Орыс тіліндегі кітаптың мазмұнын қазақшаласақ, төмендегідей болып шығады:

«Ұлттық тәрбие және ұрпақ сабақтастығы», «Халықтық педагогиканың негізгі идеясы», «Қазақтың киіз үйі – бұрышсыз баспана», «Қазақтың киімдері», «Қазақтың тағамдары», «Қазақтың ұлттық наным-сенімдері», «Бірден мыңға дейін», «Наурыз», «Халықтық педагогика идеяларын тәрбие ісінде қолдану жолдары».

Қазақ зиялылары кейінгі кезде бұл мәселе жөнінде жиі қалам тербегендерімен, әзірге ешқайсысы түбегейлі ғылыми тұжырымдамалар жасаған емес.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің тапсырысы бойынша жарық көрген мына кітаптар сол олқылықтың да орнын толтырып тұрғандай.

– Негізгі мақсатым – орыс тілді оқырмандарды, оның ішінде ана тілінен ажырап қалған кейбір қандастарымыздың көкірек көзін ашып, саналарына сәуле түсіру болды. Туған халқының салт-дәстүрін, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, халықтық педагогикасы мен ұлттың психологиясын білмейтін адам ұрпақ тәрбиесін де дұрыс жолға қоя алмайды. Себебі, мұның бәрі бір-бірімен сабақтаса жымдасып жатқан ұғымдар, ешқайсысын жеке бөліп қарай алмайсың,- деп Асма Ахметқызы кітаптың өзіндік ерекшеліктеріне біраз тоқталды.

Ғылым жолындағы ізденістер мен қиындықтар жөніндегі әңгімелердің өзі бір хикая. Оқушы кез бен балауса-балғын шақ, студенттік өмір, алғашқы махаббат, қызметтегі қызықтар, отбасының қуанышы мен тағдырдың кейбір тауқыметтері төңірегінде сыр шертіледі.

Оңтүстік өңірінен шыққан алғашқы академик әйел ғалым туралы публицистикалық шығарма жазуды ниет еткендіктен осынау деректер төңірегінде біраз ойландым.

Асма Ахметқызының тағдыры да, мінезі де өзгешелеу. Мұндай кейіпкердің толыққанды бейнесін ашу оңайға түспейді.

Алғашқы кездесу кезінде қойын дәптеріме түскен деректерді қайтадан көңіл сүзгісінен өткіздім. Диктофонға жазып алған сұхбатты тыңдай отырып, қолыма қалам алдым.

Айдаудағы әке

Әкесі Ахметжан бір емес, екі рет зұлмат тауқыметін бастан өткеріпті. Жастайынан еті тірі, көзі қарақты болып өскен Ахметжан Семейдегі партия мектебін бітіреді. Колхоз бастығы қызметінде жүргенде 1937 жылы «Халық жауы» деген жаламен айдалып кете барады. Жеті жылдан кейін қайтып оралған ол Павлодар облысы, сол кездегі Галкин ауданы Шаңды ауылына

атбасын тірейді. Көп ұзамай қайтадан отбасын құрады. «Қайтадан» деуіміздің мәні бар.

Ес білген сәттен тағдыр тауқыметін тартып өскен Асма Ахметқызы (құжат бойынша осылай көрсетілген) әкесі жайында өзгеше бір тебіреністі күйде баяндады.

Ахметжан түрмеде жүргенде өзімен аттас Ақмешіт деген жігітпен танысады. Ол кісі де кезінде аудандық деңгейде қызмет жасапты. Араларында жақсы сыйластық қарым-қатынас орнайды. Екеуінің фамилиялары да бірдей – Шаймарданов. Бірақ Ақмешіт түрмеде ауырып, өмірден өтеді. Соңғы демі бітер алдында әке-шешесінің, әйелі мен баласының мекен-жайын досына жазып қалдырады. «Түрмеден аман шығып, елге оралсаң, міндетті түрде барарсың, менің хабарымды жеткізерсің» дейді.

Ахметжан түрмеден шықаннан кейін еліне келсе, әйелі Айтжамал оны күтпей, кетіп қалыпты. Араларында бұған дейін бала да болмаған мұндай отбасы үшін жеті жыл деген ауыр сынақ, әрине. Үйінде өгей шешесі Жәмила ғана күтіп отыр екен.

Елге келіп, ес жиғаннан кейін Ахметжан түрмеде көз жұмған досының аманатын орындауға кіріседі.

Ақмешіттің отбасы оның дүниеден қайтқанын естіпті. Түрме басшылығы ресми түрде хабар жіберіпті. Бір қызығы, Ақмешіттің соңында қалған жарының аты да Айтжамал болып шығады. Бір ұлы бар. Аты – Масғұт. Біраз уақыт өткеннен кейін Ахметжан мен Айтжамал көңіл жарастырып, үйленеді. 1945 жылы Әсма туады. 1948 жылы Алма деген сіңілісі дүниеге келеді.

Масғұтты өз балаларынан бір де кем қылмай өсіруге бел бұған Ахметжан оны Павлодарға апарып, орыс мектебіне оқуға береді. Бір орыс адамының үйіне тұрғызады. Масғұт екінші сыныпты бітіріп ауылға келгендегі Ахметжанның қуанышын айтсаңызшы! Көрші-көлемге кәдімгідей той жасайды. Ел тарқаннан кейін әке, баласының бағалары жазылған құжатты алып көреді. Масғұт күзгі сынға қалыпты. Орыстың үйінде тұрғанымен орысша сайрап тұрғаны да шамалы. Келесі жылы интернатқа орналастырады. Міне, осы кезден бастап Масғұт өз-өзіне келіп, адам бола бастайды. Сол жылы алдыңғы қатарға шығады.

Мектептен соң Қарағандыдағы политехникалық институтқа түсіп, оны үздік бітіреді. Кейіннен Қарағанды қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін көтеріледі. Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, тағы басқа лауазымды қызметтер атқарады.

Қайтадан қызметке кірісіп, бала-шағасын тәрбиелеуге кіріскен Ахметжанды 1948 жылы «халық жауы» ретінде екінші рет түрмеге қамайды. Түрмеге кетіп бара жатқан ол Қарағандыда тұратын жиені Құзайырға хат жазады, артындағы бала-шағасына ие болуын өтінеді.

Құзайыр – Ахметжанның туған қарындасы Дәтжанның баласы. Жас кезінде Ахметжан оны өз қолында тәрбиелеп, оқытқан. Өсе келе Құзайыр ФЗО бітіреді. Қарағандыда жұмысқа тұрады, үйленеді.

Нағашысын екінші рет түрмеге отырғызғандарымен қоймай, отбасын да туған жерден аластағалы жатқанын естіген Құзайыр оның өтінішін орындауға бекінеді. Бұған қарсы болған әйелін де тастап кете барады. Араларында бала да жоқ еді.

– Құзайыр ағам Алма екеумізбен қоса әкеміздің өгей шешесі, біз үшін туған әже болған Жәмілә Тұяққызын өгіз арбаға отырығызды да, солтүстікті бетке алып жүре берді. Төрт жүз шақырымды артқа тастағаннан кейін Алтай өңіріндегі Шоқтал елді мекеніне келдік. Құзайыр ағатайым сол жерде электрик болып жұмысқа орналасты. Біраздан кейін «Байымбетке» көштік. Бұл ауыл Ресейден екі шақырымдай ғана жерде. Құзайыр ағатайым ағаш тілетін «пилорамға» жұмысқа кірді. Көп ұзамай ол кісі бізге бір бөлмелі үй салып берді. Қарағайдан жасалған сол шағын баспанамыз малымызға да, жанымызға да пана болды. Ол кезде мен 5-6 жастамын. Бәрі бүгінгідей есімде, – дейді Асма апай мұңдылау балалық шағын күрсіне еске алып.

Мүз ойылып...

Құзайыр ағатайлары күні бойы жұмыста. Кішкене екі қыз бен кәрі енені асырау тауқыметі шешенің мойнына түскен. Үш

жасар Алма «қарным ашты!» деп жылай береді. Шешелері таңертеңнен бері жоқ.

– Жылама, шыда! Мамам қазір диірменнен ұн әкеледі. Нан салады, бауырсақ пісіреді. Әбден тойғанша жейміз. Жыласаң, әкелмейді!—дейді ес біліп қалған Асма кішкене сіңлісін жұбатауға тырысып. Мұны айтқанда өзінің де ішегі шұрылдап, аузынан сілекейі шұбырады. Мұрынына қоңырсыған майдың иісі келеді. Үстел үстінде қабат-қабат май шелпектер жатыр екен дейді. Оның маңайында торсиған қызыл ала бауырсақтар...

Анадай жерде самауыр бұрқырайды. Міне, көтеріле піскен ыстық нанды шешесі асықпай қолмен жұлып турады. Оған жарты елідей сары май жағып, әрқайсысына ұсына бастады. Асма алақанын жая бере елес құшағынан әрең серпілді. Сөйтті де жылап жіберді. Алма да жылады. Кәрі әже қос немересін қалай жұбатырын білмей дағдаруда.

– Тым кешікті ғой. Күн де екейіп барады. Қазір келіп қалар шешелерің, – деп, кейуана есік жаққа жалтақтайды. Әзірге бар тапқан амалы осы ғана.

Шешелері таңертең көршінің атшанасын сұрап алып, бір-екі пұт бидайды диірменге тарттыруға әкеткен. Түске таман шаруасын ыңғайлағаннан кейін асыға кері қайтты. Ақпанның соңғы күндері аяз сыныңқыраған. Дегенмен, мұз құрсауы сөгілуге әлі ерте. Сондықтан, аттың екпінін тежемей-ақ өзеннен өте шығуға бекінді. Өзеннің орта тұсына жете бергенде мұз сатұр-сұтыр ойыла бастады. Ат батып барады. Есі шыға шанадан секіріп түскен Айтжамал мұздан шығуға тырбанып, оқырана алға қарай шапшыған аттың тізгініне жармасты. Барын сала сүйреген ат серпіле мұздың үстіне шыға берген.

Бірақ суға батып бара жатқан шанаңың дәртесі жіберер емес. Жануардың екі көзі от шаша шатынайды. Айтжамал тізгінді жібермеді. Мына қалпымен өзі де бірге суға кететінін ойламайды. Бір кезде саралғысы үзілген жүген аттың басынан сыпырып кетті. Айтжамал шалқасынан құлады. Жалма-жан тұра сала алға ұмтылған. Енді бір аттаса, аяғының астындағы мұз

ойылып кететіні сөзсіз еді. Өрең дегенде екпінін тежеді. Сәлден кейін үрейлі жанарын бұған қадаған күйі пысқыра қорқыраған ат та, шанамен қоса екі пұт ұн да су түбіне шөкті...

Аштықтан бұратылып, есікке қарай телміріп отырған екі сәби шешелері есіктен кіріп келгенде тұра ұмтылысты. Үсті-басы малмандай су Айтжамал қолындағы жүгенді бұрышқа тастай салып, жылап отыра кетті. Ештеңе түсінбеген екі сәби де бір жамандықтың болғанын сезіп, шырқырай жылайды. Үйдің іші азан-қазан. Ертеңінде бұлар суға кеткен ат пен шананың өтеуіне енді бұзаулағалы тұрған жалғыз сиырларын беріп құтылды. Күн көру бұрынғыдан да қиындай түсті.

Асма апай қысқа қайырып айтқан бұл оқиғаның ұзын-ырға-сы осындай. Ал мұндай шытырманды жағдайлар олардың алдын талай рет ораған.

Үскірік

— Құзайыр ағатайым қарағай тілу жұмысында жүріп, туберкулез ауруына шалдықты. Кәдімгі ашық түрі. Үйдегілер оған енді өз жағдайынды жаса деді. Сөйтіп, ол кісі Қарағандыға емделуге кетті. Әжем маған күні бойы ертегі айтады. Ұйып тыңдаймын. Бір күні әжемнің туыстары келіп, оны әкетпекші болды. Біз «бермейміз!» деп жылаймыз. Есейе келе ғана білдік қой, ол адамдар әжемнің туған балалары екен,— деп Асма апай тағы бір тағдырдың көлеңкелі тұстарын жарыққа шығарды.

Жәмилә әженің жас кезінде күйеуі әйел үстіне әйел ала беріпті. Бұл кісі — бәйбіше. Күйеуі үшінші тоқалын әкелгенде Жәмилә екі ұлын әкесіне қалдырып, кетіп қалады.

Жұт жылы Шаймарданның әйелі де, сүйікті қызы да қайтыс болған. Екі жарты бір бүтін болып, Шаймардан қажы Жәмиләмен бас қосады. Есейген соң шешелерін іздеп келіп жүргендер — бір кезде тоқал алғыш күйеуіне тастап кеткен өз балалары. Енді шешелерін алып кетпекші. Мұны естіген қос немере «Әжемізді ешкімге бермейміз!» деп еңіргенде ересектердің сай-сүйегін сырқыратады. Келгендер еріксіз кері қайтады. Сөйтіп Жәмилә

әжей немерелерінің қасында қалған. Ұзақты күн оларға ертегі айтудан жалықпайды. Жеті жасында мектеп табалдырығын атаған Асманы зауыттың гудогымен бірге таңбозынан оятатын да әжесі.

Шешесі матадан тігіп берген сөмкесін ала сала мектепке қарай асығады. Ол кісі аса шебер тігінші. Сөмке ғана емес, елдің бәріне малақай тігеді. Бірақ, Асма өзімен бір партада отыратын Пішімбаева Надяның сөмкесіне қатты қызығады. Оның әкесі – ағаш шебері. Надяға фанерден әдемі сөмке жасап берген. Ішіне салынған сиясауыт берік тұрады, сия төгілмейді. Ал Асманың матадан тігілген сөмкесіндегі сиясауыттың төңкеріліп түспейтін күні жоқ. Соның кесірінен қолы да, кітап-дәптері де, сөмкенің іші-сырты да көпеңбек ала болады да жүреді.

Аязды күндердің бірі еді. Сиясауыт төгілмес үшін оны сөмкенің сыртынанан қысып ұстап келе жатқан. Бір кезде саусағының ұшы тыз ете қалды. Класқа кіргенде бір-ақ білді, қолы үсіп кетіпті. Сол жылғы үскірік аяз әлі күнге дейін есінен кетпейді.

Жұмбақ дүние

1953 жылдың 23 наурызы күні Сталин қайтыс болды. Елдің бәрі сол күні қара жамылып, қайғырды. Дәл осы күнді Асма апай былай деп еске алады.

– Адамдар жылады. Мен де үйге жылап келдім. Мамам «неге жыладың!?» деді. Неге жылағанымды өзім де білмеймін. «Жылама! Байдың баласы – бай, кедей баласы сол кедей күйінде қалады!» деді. Жылағанымды қойдым. Шынында да өмірімізде өзгерген ештеңе жоқ. Сол баяғы жоқшылық қос өкпеден қысуда. Бірақ, соған қарамастан біздің үйде адам ойына келмейтін бір заттар кездесетін, – деп Асма Ахметқызы тіршіліктің тағы бір тосын тұстарын алға тартты.

Асманың шешесі Айтжамал – кезінде байдың қызы болған. Қазан төңкерісінен кейін колхоздастыру жұмысы басталғанда әкесі отбасымен Алтай өңіріне қарай қашады. Жолда, Қарқара жәрмеңкесінен көптеген асыл әшекейлер сатып алып, қызы

Айтжамалға сыйлайды. Шешесі оларды бешпетінің ішкі жағына қадап береді. Алтайда бұлар бір орыстың үйін жалдап тұрады. Айтжамал бешпетін күндіз-түні шешпей, киіп жүреді. Мұны байқаған қожайын бір күні пешке отты аямай жағады. Ыстыққа шыдай алмаған Айтжамал түнде бешпетін шешеді. Қожайын түнде қыздың біраз алтындарын ұрлап алғанын таңертең бірақ біледі. Бірақ күресуге дәрмен жоқ, ештеңе жасай алмайды. Содан қалған алтындардың біразын Айтжамал бертінге дейін сақтап келген.

– Шешендер, ингуштар бізге шөп, отын түсіріп бергенде жаңағы алтындармен ақысын төлейміз. Олар алтындардан сақина жасап, қазақтарға қайта сатады. Сөйтіп, тірнектеп күн көріп жүргенімізде 1955 жылы әкем ақталып шықты. 1956 жылы Шәймұран деген ініміз туды. Әкем айдауда жүргенде түс көріпті. Түсінде періштелер аян беріп: «Ұлды бола-сың. Есімін Шәймұран қой» депті. Солай жасады. Шәймұран – ертегідегі жыландар патшасы. Әкемнің жалғыз ұлы Шәймұран жақсы азамат болып өсті. Бертінде қайтыс болды, – деп, өткен күндердің тағы бір белестерін көз алдынан өткерген Асма Ахметқызы қайтадан сүйікті әкесін еске алды.

– Әкем мені өте жақсы көретін. Қасынан тастамаушы еді. Шөп шабуға бірге ала баратын. Неше түрлі ертегілер айтатын. Ол кісі түрмеде Лопатин деген кісімен бірге отырыпты. Лопатин 1903 жылғы революциядан бастап Кеңес үкіметін құруға қызмет еткен адам, сол кездегі терминмен айтқанда «профессиональный революционер». Ленинград қаласындағы Путилов зауытының алғашқы директоры болған. Қарағай кесіп жүргенде әкеме: «Сен әлі жассың. Көрер қызығың алда. Мына соғыс ұзаққа созылады. Гитлер жеңіледі» дейді екен. Түрмеде әр республикадан келген басқа да атақты адамдар отырыпты. Алайда мен жас кезімде әкемнен естіген әңгімелердің көбісін есімде сақтамадым. Есімде қалғаны – әкем ешқашан Сталинды жамандаған емес. Ойлап қарасам, өткеннің бәрі жұмбақ, кейбіреуі тіпті, қызық, – дейді Асма Ахметқызы.

Пираттар

Әсма Ахметқызы өзімен емес, өзгелермен жиі мақтанады. Әкесінің әкесі Шаймардан қажы мен оның әкесі Байтілеу қазірет жайындағы әңгімесі де қызық.

Байтілеу қажы өте сауатты әрі діндар адам болыпты. Сонау Баянауылдан тас тасытып, өз ауылында мешіт, медресе салдырыпты. Өз қаражатына Қазаннан молда алғызған, балаларды оқытқан. Сөйтіп, халықтың көзін ашқан, олардың санасына адами құндылықтардың дәнін егуге тырысқан. «Әке көрген оқ жонар» демекші, оның баласы Шаймардан да әке жолын ұстанады. Дене бітімі ерекше жаратылған Шаймардан тек қара күш иесі ғана емес, нағыз батыл, ержүрек азамат екендігін талай рет дәлелдепті.

– Біздің үйдің төрінде ұзындығы төрт метрден асатын көкжалдың терісі ілулі тұратын. Шаймардан атамыз құралайды көзге атқан мерген әрі кәнгі аңшы екен. Бірде күтпеген жерден көкжалға тап болады. Мылтығын алып үлгергенше көкжал қарсы атылады. Иен далада адам мен аңның жекпе-жегі басталады. Азуы сақ-сақ етіп шапши ұмтылған көкжалдың тамағына атамыздың қолы ілігеді. Екеуі сол күйінде қасарысып, қатып қалады. Біраздан кейін көкжал сылқ ете түсіпті, – деп, Асма Ахметқызы бала күндері үлкендерден естіген тағы бір әңгіме жібін сабақтады.

Шаймардан қажылыққа аттанады. Ол кезде Мекке-Мединеге қазіргідей аппақ ұшақтармен арнайы сапарлар ұйымдастырылмайды. Әркім өз мүмкіндігіне қарай қамданып, айшылық алыс жол жүреді, асқар-асқар тау асады, айдын-шалқар көл кешеді. Сөйтіп, «темір телпегі теңгедей, темір таяғы тебендей» болғанына қарамастан Алланың алдындағы борышын абыроймен өтеп қайтады. Жолда кемеге отыруға да тура келеді. Ең қатерлісі осы тұс. Себебі пираттар шабуыл жасайды. Қажылыққа келе жатқандардың ақшаларын сыпырып алады да, өздерін теңізге лақтырып жібереді. Еш жерде тіркеуде жоқ жолаушыларды ешкім іздемейді де. Пираттар бір бүйірден атой

салғанда кеме капитаны «байтал түгілі бас қайғының» күйін кешеді. Кейбіреулері тіпті солармен жең ұшынан жалғасуға мәжбүр. Енді бірі өз жанының аман қалғанына тәубе етеді.

Шаймардан бұл жөнінде алдын ала естіген. Құс ұйқылы қыр қазағының әдеті бойынша түнде сергектеу жатқан. Бұлар мінген кеме түн ортасында тоқтағандай көрінді. Әлдекімдердің жымысқы басқан аяқ дыбыстары естілді. Жолаушылардың бәрі шырт ұйқыда. Кейбіреулері қорылға басқан. Су сылдыры да бәсеңсіген. Құлағы нашар еститініне қарамастан Шаймардан бір қауіптің тақап қалғанын сезеді. Жайлап басын көтергенде полубаның үстінде қараң-құраң еткен адамдардың көлеңкесін көзі шалды. Барымташыларға қарсы шабатын әдісі бойынша «иә, әруақ!» деп қарсы ұмтылды.

Бұрын дәл мұндай тегеурінді қарсылыққа ұшырап көрмеген пираттар алғашқыда сасып қалды. Әп сәтте кеменің жақтауынан жаңғақша ұшқан адамдар денесі теңіздің қою-қошқыл суына шалп-шалп түсе бастады. Кейбіреулері өкіріп-бақырып, күмп ете қалады. Жолаушылар өз жандарын сауғалап, қуыс-қуысқа тығылған. «Атасына нәлет! Көкжал қасқардың жанында екі аяқты пенде деген не тәйірі! Міне, саған! Мә, ендеше!». Сәлден кейін бәрі тынышталады. Бұлардың кемесімен жанаса бере қайта алыстаған шағындау кеменің сұлабасы түн қараңғысына сіңіп, жоғалады.

Зәрелері ұшқан жолаушылар енді Шаймарданды қоршап алысты. Абыр-дабыр. Кеме капитаны Шаймарданға алғысын жаудыруда. Риза болғаны сондай, қалтасына біраз қаржы салып береді.

Шұғыл шешім

Қиындықтардың көбісі артта қалды. Кешегі кішкентай Асма қыз мектеп бітірді, студент атанды. 1967 жыл. Қарағанды Педагогикалық институты тарих факультетінің 3-курсында оқиды. Оқу озаты. Бір күні аяқ астынан ректор шақырды. Бірге оқитын Верхов Вася да сол жерде жүр. Ол да оқу озаты.

– В.И.Ленин атындағы Мәскеу Мемлекеттік Инстиутына ауысасыңдар. Үй-іштеріңмен ақылдасыңдар. Екі күннен кейін жауабын беріңдер,– дейді ректор.

– Мен ешкіммен ақылдаспаймын. Келісіміді бердім!– дейді Асма. Қайсар қыздың бірбеткейлігіне танданған ректор оның бұл шешімін қабыл алады. Асма бұл оқуға сонау ауылдан өзі жалғыз келіп, өз күшімен түскен. Бүгінде жағдайын сұрап, көмектесіп жатқан туыстары да шамалы. Ендеше оның қайда оқытындығында кімнің қаншалықты шаруасы бар? Асма үшін де бәрібір. Қайда барса да жатақханада тұрады, алатын шәкіртақысы да сол көлемде, болашақ мамандығы белгілі.

Әрине, Мәскеудегі өмір басқаша болар. Ондағы студенттер құрамы мен ұстаздардың біліктілігі де жоғары екендігі даусыз. Оның үстіне ел көресің, жер көресің, өзге жұрттың мәдениетін танысың. Ең бастысы, оқу бітіргеннен кейін Қазақстандағы жоғары оқу орындарының біріне жолдама беріледі. Ал Қарағанды инстиутын бітіргеннен кейін қай жаққа кетері белгісіз. Сондықтан да Әсма көп ойланбастан шұғыл шешім қабылдаған. Екі күннен кейін Вася мен Ася (Асманы студенттер осылай атайтын) Мәскеуге ұшты.

Қаршадай қыз қайтпады

Мәскеуде жарты жыл оқығаннан кейін бұларды Кострома қаласындағы Педагогикалық институтқа ауыстырды. КСРО-дағы басқа педагогикалық институттардардан айрмашылығы – мұнда педагогика мамандығы ғылыми негізде тереңдетіле оқытылады, әрі осы сала бойынша ғалымдар даярлап шығарады. Сондықтан, бұл институтқа екінің бірінің қолы жете бермейді.

– Кострома институтының сабақ бағдарламасы мен біз оқып келген институт бағдарламасының арасында 14 пәннен айырмашылық (разница) бар екендігі белгілі болды. Оқу барысында осы сабақтардың бәрінен сынақ тапсыруымыз керек. Қазақстанның басқа облыстарынан ауысқан балалардың бәрі бұған шыдамай, елге қайтып кетті.

Мен неде болса айырмашылықтарды жоюға кірістім. Себебі, шегінерге жерім жоқ. Шегінсем, елге қарар бет те жоқ. Ешкіммен ақылдаспай, өз еркіммен келдім ғой. Енді еден жусам да осында қалып, бір нәрсе жасауға тиіспін. Ақыры, барлық сабақтарды жақсы бағамен тапсырып шықтым,— деп сол бір жауапты кезеңді күле отырып еске алған Асма апай жастық шақтың қызықты да қызулы сәттерінен сыр шертті.

Асма Ахметқызының бір бойында қайсарлық пен нәзіктік, ақылдылық пен алғырлық, адалдық, аңғалдық, мейірімділік, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің бәрі бар. Ал бұл қасиеттер талант атты құдайдың сыйымен суарылғанда адамды мүлдем нұрландырып жібереді.

Жас кезінде оған әке тәрбиесі көбірек әсер еткені байқалады. Шешенің орны бала үшін жұмақтың төрі. Онсыз өмірдің мәні жоқ. Дегенмен әке қамқорлығы мен мейірімінің де орны бөлек. Оны меніңше сол әкенің мойнында өскен ақылды да ерке қыздан артық ешкім сезіне алмас. Асма дәл осындай қыздардың қатарынан. Оған жоғарыда айтқан әңгімелері куә.

Міне, тамылжыған жаздың күні. Көк шалғынды туған жердің төсінде кіп-кішкентай қыз әкесімен бірге шөп шауып жүр. Әкенің әрбір қимылы мен сөзі, қиырдан қайыра айтқан қилы-қилы әңгімесі ол үшін өмірдің мәні мен сәні. Тағдыр тауқыметін көп тартқан әкенің, данагөй де қайыспас қара нар әкенің жүрек лүпілін, оның іште тұнып жатқан күйініші мен сүйінішін бетіндегі әжім іздерінен, көңіл түпкіріндегі күрсінісінен-ақ таниды. Бала көңілі — барометр. Лүп еткеннің бәрі оның жан дүниесін көктей өтеді. Есейгенде мұндай адам тым әсершіл келеді. Асма Ахметқызының әрбір сөзі тыңдаушысын елең еткізетіні де сондықтан болса керек.

— Арада жарты жыл өтті. Емтихандағы айырмашылықтарды тапсырудан қорқып, кетіп қалғандардың орнына Қазақстаннан тағы үш жігіт ауысып келді. Олар — Шәбден, Сәкен, Ақтай деген азамттар. Үшеуі де коммунистер. Бұл жолы ең сенімділерді жіберген сыңайлы. Мен ол кезде барлық емтихандарды

тапсырып үлгергем. Каникулда болып, қараша айында Ленинградтағы ғылыми конференцияға да қатысып қайтқам,— деп Асма Ахметқызы сол сапардағы бастан кешкендерін еске алды.

Ұлы сезім оянды

Қарағандыда, екінші курста жүргенде мәдени революция тақырыбы бойынша студенттердің республикалық фестиваліне қатысқан. Республикадан үздік шыққан ғылыми жұмыстар Бүкілодақтық ғылыми конференцияға ұсынылады. Ондағы сұрыптаудан өткен саңлақтар ғана конференцияға жіберіледі. Асmanın жұмысы барлық сұрыптаулардан өткен. Енді Бүкілодақтық конференцияда оқылуға тиісті. Бұл хабар күзге қарай ғана Қарағанды институтына жетеді. Ал Асма Костромаға ауысқаны белгілі.

— Қазақстан Орталық комсомол комитетінен Кострома институтына телефон шалып, дереу Ленинградқа баруымды тапсырыпты. Мұны ести сала Мәскеуден Ленинградқа пойызбен жүріп кеттім. «Московский» вокзалына түнде келіп түстім. Қайда барарымды білмеймін. Вокзал әкімшілігіндегілермен келісіп, «Комната матери и ребенкаға» түнеп шықтым. Таңертең Қазақстанмен хабарластым.

Күн жексенбі. Қазақстан Орталық комсомол комитетіндегі кезекшілер мардымды ештеңе айта алмады. Қайда барарымды білмей дағдарудамын. Шығарда бәрін анықтап алмағаным өкіндім. Вокзалдың екінші қабатынан қарап тұрғанымда төменде кетіп бара жатқан қазақ жігіттерін көзім шалып қалды. Бір-екеуінің түрі де таныс. Бұрын бір конференцияларда кездескен сияқтымын. Туысқандарымды көргендей жандарына жетіп бардым.

Олар да осы конференцияға Қостанайдан келіпті. Өздері тоқтаған қонақ үйге ертіп апарды. Вокзалға тым жақын. Қонақ үй әкімшілігіндегілерге тағы да жалынып, бөлме сұрай бастағам. Сөйтсем, мұндағы тізімнің ішінде менің де аты-жөнім жүр. Жеке бөлме берді. Қуанышымда шек жоқ. Ленинград сапарынан бастап жүрегімде қазақтарға, өз ұлтыма деген ұлы сезім оянды. Сол сезім мені күні бүгінге дейін алға сүйреп келеді,— дейді Асма Ахметқызы.

Ұстаздан – ұлағат

Қазақстаннан ауысқан үш қазақ жігіті мұнда жалғыз қазақ қызы бар екенін естіп, танысуға асығады. Олар алдымен Асма-ның жақын досы, Қарағандыдан бірге келген Васяны делдалдыққа пайдаланады.

Васяның әйелі Люса, Асма үшеуі Қарағандыда бір топта оқыған. Вася мен Люса екінші курста үйленді. Люса Қарағандыда қалды да, Вася мұнда келді. Люса Асмаға да хат жазып тұрады. Бірде Асма сабаққа келе жатып жолда поштаға соққан. Люсадан келген хатты ала сала, қарап үлгерместен сабаққа кірді. Шульман деген профессор дәріс оқып тұр. Бұл кісінің қызметі – проректор. Сондықтан студенттер ол кісіні қыбыр етпей тыңдайды.

Соңғы парталардың бірінде отырған Асма хатты алып оқуға кіріскен. Люса Қарағанды жаңалықтары, бұрынғы курстастары жайында жаза келіп: «Ася, смотри за Васьей. Если он увлечется костромовскими пародами, я его волосы на голове по одной выщипаю!» депті. Асма алдыңғы жақта отырған Васяға қарады. Оның онсыз да сирей бастаған төбе шашына көзі түсе қалсын. Дәл осы сәтте Вася да бұған бұрылып «Что Ася?» десін. Шыдай алмай бар даусымен қарқылдай күліп жіберді. Студенттер жалт қарасты. Мұның соңы немен тынарын күткен аудитория жым-жырт. Шульман жайлап қана: «Подождем, пока Шаймарданова успокоится» деді. Асма қысыла кешірім сұрады. «Ладно, бывает» деп алып, профессор дәрісін одан ары жалғастырды. Ұстаздың осынау парасатты мінезі Асма үшін өмірлік сабақ болып жадында қалып қойды.

Бүгінде өзі де ұстаз. Алдынан талай шәкірт өрді. Сабақ үстінде оғаш қылық жасаған студенттер де кездесті. Ешқайсысын сол үшін жазғырып, аудиториядан шығарған емес. Себебі дәл сол сәтте Асма Ахметқызының көз алдында ұлағатты ұстаз бейнесі елестейді. Ол бұған «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қағиданы үнсіз ғана есіне салып тұратындай.

— Қарағанды институтында оқып жүргенде Виль Зайнулович деген ұстазымыз болды. Біз ол кісіні аспаннан жауған нұрдай сезінетінбіз,— деп Асма Ахметқызы тағы бір ұстазының ерек-

шелігін еске алды. – Ол кісі лекциясын бастамас бұрын. «Қандай газет оқисыңдар?» деп сұрайтын. Әрқайсымыз әр түрлі басылымдарды атаймыз. «Неделя», «Литературная газетаны» оқуға кеңес береді. Кейде күтпеген жерден сұрақ қояды. Мәселен, 1812 жылғы орыс-француз соғысына қазақтар қатысқан ба? Ал ойланып көріңіз. Қазақтардың француздармен бөлісе алмай жүрген несі бар? Кітапханаға барамыз, жаңағы сұраққа жауап іздеп жүріп неше түрлі әдебиттерді парақтаймыз. Шынында қазақтар бұл соғысқа қатысқанына көзіміз жетеді.

Ал енді мынаған қараңыз. Е.Пугачев көтерілісінің негізгі қозғаушы күші Жайық казактары емес, кәдімгі қазақтар десе сенер ме едіңіз? Ұстазымыз бұл пікірін өзінше дәлелдейді. Казактар, яғни орыстар қанды қырғын көтеріліске бара алмайды. Себебі олар отырықшы халық. Оның үйі, бау-бақшасы, егіні, тағы басқа мүліктері жеткілікті. Одан айырылса, бала-шағасымен аштан қырылады. Аштан қырылмағанның өзінде мекен-жайлары белгілі адамдарды тауып алып, шаңырағын ортасына түсіру, отбасын ойран ету оп-оңай. Ал қазақтардың жоғалтар ештеңесі жоқ. Бір түннің ішінде киіз үйін жығады да, малын айдап қырқадан қырқа асып кете барады. Даланы құйындай кезген көшпенді елдің жауынгерлері қай бүйірден келіп соғары бір Аллаға ғана аян.

Тағы да ойланамыз. Тағы да шаң басқан архивтерді қопарамыз. Осылай ізденіп жүріп ғылым жолына қалай түскенінді де аңдамай қаласың...

Асма Ахметқызы студенттік шақтағы қызықты оқиғаларды еске алғанда кейде еріксіз езу тартасың.

Сыңарсыз туфли

Вася бір күні бұлардың бөлмесіне келіп: «Қазақстаннан біздің факультетке қазақ жігіттері ауысыпты. Сенімен танысу үшін бәрімізді ресторанға шақырады» дейді ебіл-дебілі шығып. Бірге тұратын Галя мен Зина қуана келісті. Асманың әр түрлі сылтау айтқанына қарамай оны да көндірген. Қыс кезі. Ресторанға қыздар туфлиларын да ала барды. Жақсылап тойлады,

биледі. Қыздар да ептеп ішті. Тек Асма ғана ішімдік татып алған жоқ. Бөлмеге келген соң Галяның туфли тазалайтын әдеті бар. Қараса, туфлиінің бір сыңары жоқ. Қағазға оралған туфлиді жігіттердің бірі ұстап келе жатқан. Ертеңінде ертемен жігіттер түнде өздері жүріп өткен жолдың бойын сүзе қарап шықты. Туфлидің бір сыңары бәрібір табылмады.

Галя нәумез болмас үшін барлығы жиылып 45 сомға туфли сатып әперді.

Қыз құпиясы

Біраз күннен кейін әлгі жігіттер жатақханадағы «қоныс тойларына» тағы шақырады. Асма тұмауратып ауырып жатқан. Ауыз жаппай жөтелуде.

– Бүгін жақсылап тұрып ақ арақ іш. Қайтып келгесін саған горчичник қоямыз. Сонда ғана жазыласың,– деп Галя мен Зина тағы үгіттесін. «Гонконг грипі» деп аталатын мына жөтелден құтылу үшін ол жылан жұтып қоюдан да тайынбас еді. Еріксіз көнді. Сол күні Асма бірінші рет арақ ішті. Мас болмау үшін тіс жарып сөйлемей керек екен. Оны да мүлтіксіз орындады. Үндемей киіну жағын да қатырды. Бірінші – шарф. Екінші – шапка. Сосын – палто, қай түймеден кейін қай түймені салады, бәр-бәрі алдын ала есептелген. Барлық жиыны он жеті әрекет жасауға тиісті болатын. Бәрін дұрыс орындады. Далаға шықты. Қыстың аязы қақынап тұр. Институт жатақханасында орын болмаған соң, қазақстандық үш жігітке қаланың басқа жерінен, жұмысшылар тұратын жатақханадан бөлме берілген. Түнгі таза ауаны жастар құшырлана жұтады. Асма жол бойында да ешкіммен тыс жарып сөйлеспеді.

Келген соң екі қыз Асмаға өздері білетін ем-домды қолданды. Ертеңінде құлан-таза жазылып шыға келді. Бірақ жігіттер Асманың мына құпиялы қылығын түсіне алмай-ақ қойған.

«Оқымыстылығыңнан не пайда!?»

Косторма инстиутының төртінші курсы да аяқталды. Вася мен Ася әндетіп Қарағандыға қарай құстай ұшты.

Асманың Құзайыр ағатайы бұл күнде Екібастұз қаласында тұрады. Ауруынан айыққан. Қайтадан отбасын құрған. Асманың былтыр мектеп бітірген Алма атты сіңілісі Құзайырдың үйінде тұрып жұмыс істейді. Биыл оны Қарағандыға әкеліп, пединституға түсіруді ойлап жүрген Асма өзінің бұрынғы ұстазы Н.Юревамен ақылдасып көріп еді, ол кісі бірден құптады. Тіпті жақсы. Аманшылық болса Кострома институтын бітіргеннен кейін жолдаманы осы институтқа алады. Сіңлісі екеуі бірге тұрады. Өзі оған көмектеседі. Сөйтіп бұрынғы көрген қиындықтардың бәрі артта қалады. Алда тек жарқын болашақ!

Осындай арман жетегімен алып ұшып Екібастұзға келген Асманың өрекігіен көңілі су сепкендей басылды. Сіңілісі таяуда ғана тұрмысқа шығып кетіпті. Құзайыр ағасы жұмыста. Ұлты башқұр жеңгесі мұны жұбатып жатыр. Біраздан кейін дүкенге ертіп апарып, жаңа туфли алып берді. Аяқ киімі әбден тозған Асма үшін бұл үлкен сыйлық еді. Жеңгесіне қатты риза болды. Дегенмен сіңлісіне ренжулі.

Ауылға барып, әке-шешесіне болған жайтты айтты.

Шешесі:

– Ол қыз қайдағы бір шпанаға немесе шоферге шыққан шығар, барып біл!– деді.

– Мама, «шпана» деген жаман адам, ал «шофер» – ол кәдімгі мамандық иесі,– дейді інісі Шәймұран шешесінің аңғал мінезіне күліп.

Ертеңінде Асма қайтадан Екібастұзға қарай жол тартты. Алдымен Құзайыр ағасының үйіне келген. Келсе, Алма сіңілісі сол үйде ұйқтап жатыр.

– Қатты қорықтым. «Біреулер Алманы алдап алып кетіп, қайтадан әкеп тастаған шығар?» деген жаман ой келді басыма. Сөйтсем, күйеу баламен бірге кеше осында келіпті. Құзайыр нағашым екеуі таныстықтарын жақсылап «жуған». Күйеу бала разьезде мастер болып істейді екен. Ол түнгі ауысымға жұмысқа кеткенде, өз үйінде үйде жалғыз қонуға қорқып, Алма осында түнеп қалыпты. Көңілім орнына түскеннен кейін «Неге

тұрмысқа ерте шықтың?» дедім. «Оқымыстылығыңнан не пайда, жүрсің ғой міне... Ешкім сені алмайды да!» деді. Мына сөзі жүрегіме шаншудай қадалды. Қарасам, үстінде жөнді киімі де жоқ. Бүкіл жақсы киімдерімді Алмаға тастадым да, өзім бос чемоданмен Костромаға қайтып оралдым,— дейді Асма Ахметқызы.

Әрине, сіңлісі әпкесінің не ойлап кеткенінен әзірге бейхабар еді.

Зинаны қуып шықты

Бесінші курс басталды. Соңғы жыл. Сабақтан кейін Ақтай мұны әдеттегідей күтіп тұр.

— Асма, үйге барғанда әке-шешенізбен сөйлестіңіз бе? Қандай шешімге келдіңіз?— дейді бұдан салиқалы жауап күтіп.

— Білмеймін, ойлануым керек,— деп екіұшты жауап қайтарды.

Ақтай мен екеуінің арасында жылы қатынас орнағалы да біраз уақыт өткен. Қайда жүрсе де екеуі бірге. Асма сәл ауырып қалса, Ақтай жанынан табылады. Кейде Асма сабаққа бармай қалса, бөлмесіне іздеп келіп тұрғаны. Жазда пионер лагеріндегі практикаға Вася екеуі әдейі бөлек кеткен. Дәл сол лагерьге басқа біреумен орын ауыстырып, Ақтай да соңынан жетіпті. Жазда каникулға кетерде үйленуге ұсыныс жасаған. «Әке-шешенізбен ақылдасып келіңіз» деген. Ақылдасатын несі бар, өзінен кіші сіңлісі әне ешкіммен ақылдаспай-ақ тұрмысқа шығып кетті. Бәрі жүрек қалауына байланысты ғой. Ақтай өзін шын жақсы көретінін біледі. Ал бұл ше? Әзірге күйіп-жанған махаббат сезімін бастан кешпеген сияқты. Маңайындағы қыз-жігіттердің бәрі Ақтай дегенде ауыздарының суы құриды.

Әсіресе Вася «Ася он такой хороший парень, ты его не обманивай» дейді шыр-пыры шығып.

Күндер осылай өтіп жатты. Бір бөлмеде он қыз тұрады. Әрқайсына жігіттер келеді. Бәрі өнерлі, бәрі билейді. Осынау шудан Асма тіпті жалыға бастаған.

— Бірде Ақтай келіп тағы да үйлену жайында әңгіме қозғады. «Егер пәтер тапсаң, тұрмысқа шығамын» дедім. Костромада пәтер табу өте қиын. Тұрғындардың дені мата өндірісінде істейтін жұмысшы-жастар, жас отбасылар. Көбісі пәтер жалдайды. Сон-

дықтан, Ақтай пәтер таба алмайтынына іштей сенімді едім, – дейді Асма Ахметқызы. – Алайда, жігіттердің бәрі қаланы бірнеше бөлікке бөліп алып, пәтер іздеуге кірісіп кетіпті. Бір күні Ақтай «пәтер табылды!» деп келіп тұр. «Как это так?!» деппін қорықанымнан. Мұны көрген Зина: «Если он мне хоть один раз скажет что «я тебя люблю», я за него без ЗАГС-а пошла бы» дейді. Сонда Асма «Я тоже пойду, если Зина ты со мной вместе пойдешь» дейді. Зина сөзінде тұрып, «Ладно, я пойду с тобой» дейді. Сөйтіп, ЗАГС-ке өтініш бердік. Ресторанда жиырма адамға той жасадық. Уәде бойынша Зина үшеуіміз бірге тұрып жатырмыз. Зина екеуіміз бір төсекте, Ақтай жайма төсекте бөлек жатады. Біз жалдаған үш бөлмелі үйдің қалған екі бөлмесінде екі кемпір тұрады. Бірде олар келген жігіттерден: «Подозрительно, у него две жены что ли? Одна похожа на него, вторая русская» деп сұрайды. Мұны естіген жігіттер Зинаны бөлмеден қуып шығыпты...

Тіршілік

Арада біраз күн өткеннен кейін бұлар Ақтайдың туған жері – Шымкент облысы Жетісай ауданы «Ленин» колхозына келеді. Солтүстіктің қызы оңтүстікке келін болып түскенде қандай әсерде болғаны тіпті қызық. Барлық дәстүр мүлтіксіз орындалды. Үстіне ұзын етек көйлек кигізілді. Басына орамал тағылды. «Сәлем салу» салты Асмаға тіпті ұнап қалды. Елдің бәрімен амандасып, жөн сұрасып жатпайсың. Жиылған топқа бір рет басыңды исең, жетіп жатыр. «Дальше, гуляй Вася!».

Бір жылдан кейін, 1969 жылы Кострома инстиутын бітірген жас жұбайлар Шымкентке оралады. Асма әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет инстиутына жолдамамен келіп орналасты. Ақтай облыстық халыққа білім беру бөліміне қызметке кірген.

Ақтай үйдегі кенже бала. Шешесі – Перизат өте мейірімді, жақсы адам. Әкесі ертерек қайтыс болған. Үлкен ағасы – Аязхан Қалыбеков «Ленин» колхозының бастығы. Өз кіндігінен бала жоқ. Сондықтан ба, іні-қарындастарына қалайда қол ұшын беруге тырысады.

Қалада пәтер жалдап тұрып жатқан бұларға енесі сатып алатын үй іздеуді тапсырды. Іздеді. Тапты. Ол кезде Шымкентте үйдің бағасы өте қымбат. Соған қарамастан Аязхан ағалары бұларға бау-бақшасымен төрт бөлмелі үйді алты жарым мың сомға сатып әперді. Мұндай ақшаны Асма өмірі көрмеген. Өкінішке орай, ескі үй қыста суық, әрі дымқыл болып шықты. Үш жерден от жағылады. Суды сырттан тасиды.

– Ақтай өте жақсы адам, бірақ тіршілікке қыры жоқ еді. Мінезі де өте жұмсақ. Адал, сенгіш. Өмірі біреуге дауыс көтеріп, қатты сөз айтып көрмеген жан. Ешкімді ренжіткісі келмей, қасқабағына қарайды да жүреді. Аязхан ағасы «сатып алатын үй таптың ба?!» дегенде «жоқ» деуге жасқанып, осы үйді еріксіз көрсеткен ғой. «Өзіңе ұнай ма?» десе, қорыққанынан «иә» деген. Соның салдарынан қаншама бейнет көрдік, – дейді Асма Ахметқызы. Бірақ көңілінде жарына деген сағынышы басылмағандығы әр сөзінен байқалып тұрады.

Осы үйде Арман атты кішкене сәбилері дүниеге келді. Бұл – 1969 жылдың 21 қазаны еді. Танертең ертемен өзбектерден сүт сатып алады. Сосын жұмысқа асығады. Түні бойы лекция жазады. Бірде бала ауырса, бірде өзі ауырады. 1973 жылы қызы Жанна туды. Бірақ ол үш жасында шетінеп кетті.

Тіршілік тауқыметі әбден қажытқан соң Павлодардан шешесін шақыртты. Қатты жүдеген қызын ол кісі алғашқыда танымай қалды. Ақтай кейінгі кезде Обкомкомсомолға қызметке ауысқан. Көбінесе іссапарда.

Уақыт өткен сайын өмір де біртіндеп өзгере берді. Үйге су тартылды, газ кіргізілді, монша салынды. Ақтай облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Бірақ бүгінде Ақтай да, асқар таудай ағалары Аязхан да, сіңілісі Алма да өмірден өткен. Бір кездегі «Ленин» колхозы қазір Аязхан Қалыбековтың атымен аталады.

Ақтайдың артында қалған екі ұлы ер жетті. Асма оларды білікті азаматтар етіп өсірді. Өзі келін тәрбиелеп, сүйікті әже атанды.

Таяуда бұлар Аязхан ағаларының туған ауылына жаңадан мектеп салғызып, оған Аязхан Қалыбековтың атын бергізді.

Асма Қалыбекованың да есімі оңтүстік жұртына кеңінен танымал. Осы өңірден шыққан тұңғыш академик әйел ретінде бәрі құрметтейді.

Волганың Каспиге құйғанындай

1986 жылы Владимир Сергеевич Илиннің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол кісі Волгаградта тұрады, сол қаладағы педагогикалық институтта сабақ береді. Сонымен қоса Чехия, Венгрия, Польша сияқты елдердің жоғары оқу орындарына арнайы барып, дәріс оқиды. Асма Ахметқызы мәскеулік ғалымдар – Свястонин, Барабаншиков, Пескуновтың есімдерін де аса бір құрметпен атайды.

– Владимир Сергеевич алғашқы кезде маған кез келген нәрсені соншалықты тәптіштеп түсіндіруге тырысатын. Кейде ішім пысып кетеді. Бірде шыдай алмай: «Если у меня глаза узкие, значить все надо разжевывать? Это ясно как Волга впадает в Каспийское море» дедім. Бұдан кейін ол кісі әр нәрсені түсіндіруді тыйды. Қолы бос кезінде маған скрипка ойнап береді. Өте талантты адам. Скрипкаға ешқандай қатысы болмаса да, кәсіпқой музыканттардан кем емес. Мен ол кісіге ғылыми жазбаларымды пошта арқылы жіберемін. Оқығаннан кейін өз пікірін айтып, маған жауап қайтарады. Кейде қысқа ғана: «Это ясно как Волга впадает в Каспийское море» деп жазады. Бұл – бәрі дұрыс дегенді аңғартады. Докторлық диссертацияма да В.С.Илиннің жетекшілік етуін армандап жүргем. Бірақ, ол кісі 1987 жылы қайтыс болды. Сөйтіп докторлық диссертациямды 1993 жылы ғылыми жетекшісіз қорғадым, – деп, әңгімесінің алғашқы бөлігін аяқтаған

Бұл – айтқанға ғана оңай. Ал осынау қысқа өмірдеректердің астарына үңіле қарасаңыз, бір адамның басынан өткен қызығы да, қиындығы да мол хикаяттар алдыңыздар шығады. Сондай-ақ ол кісінің көрген-түйгендері, ғылым, қоғам, мемлекет, ұлт тағдыры, тағы басқа адами құндылықтар жайындағы қызықты пікірлері қай кезде де маңызын жоймақ емес.

**«Әр жылдар іздері» кітабынан,
2018 жыл**

ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК ТЫНЫСЫ

Құқық қорғау саласында немесе әскери қызметтерде ұзақ жылдар еңбек еткен, артында өзіндік із қалдырған ардагерлер туралы естісем, тауып алып әңгімелескім келіп тұрады. Себебі, азаматқа тән өр мінездер сол кісілерде ғана сақталғандай көрінеді.

«Өр мінез, ер мінез» деген ұғымның аясы кең. Шалт мінезділердің бәрін ер мінезділік деп түсінудің өзі жаңсақ болар. Егер осы қасиеттер өз жүйесімен әр адамның жан дүниесінде орын теуіп, ақыл парасатпен астасып жатса ғана өз жарасымын табуы мүмкін. Бірақ мұның өзі сирек құбылысқа айналып бара жатқандай. Сондықтан да кейде осындай кейіпкерлерді өзіміз іздейтініміз бар.

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында тұратын Сәдуақас Нұрахметов ақсақалдың өзіндік қыр-сыры көп адам екенін бұрыннан естігенмін. Аягөз ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер алқасының мүшесі.

Бұл жолғы іссапарда осы кісіге де арнайы жолыға кеткенді жөн көрдім. Алдымен Сәдуақас ақсақалдың Мәметов Серік деген күйеу баласымен кездескенмін. Ол ақсақалдың өзімен хабарласып, менің кездескім келетінін жеткізді. Ойлана келе Сәкең келісімін беріпті.

«Өлгенде оқысын деп...»

Еңселі үйдің кең қақпасынан аттай бергенімізде аула түкпірінде шаруа жасап жүрген бір адам бізді көріп бері бұрылды.

Жасы алпыстар шамасында сияқты. Салқын амандасты. Маған «үйге кіре беріңіз» деген ишара танытты да, Серікпен сөйлесіп қалды. «Осы кісі ме?» деп ойладым. Бірақ сексенге келген адамға ұқсамайды. Апамыз жылы қабақпен қарсы алып, төрге оздырды. Сәлден кейін аулада кездескен кісі де үйге кірді.

– Иә, шырақ, мені іздеп келіпсің, ендеше өзімді қысқаша таныстырып өтейін. Менің аты-жөнім – Сәдуақас Нұрахметов. 1925 жылы Таскескен ауылында туғам. 1946-1973 жылдар аралығында ішкі істер органдарында қызмет атқардым. Сосын зейнеткерлікке, яғни отставкаға шықтым. Бірақ Аягөз аудандық партия комитетінің сұрауы бойынша алпыс жасқа дейін тағы да халық шаруашылығы саласында қызмет істедім. Мынау отырған менің өмірлік қосағым – Жабағытай Жақыпбекқызы деген апаң. Екеуміз құрдаспыз. Оншақты бала тәрбиелеп өсірдік. Бәрі оқып, білім алды, жақсы азаматтар болып ер жетті. Айтпақшы, мен биыл өзімнің қысқаша өмірбаянымды жазып, оны компьютерден шығартып та қойғанмын. Саған да бір данасын берейін, – деп үш параққа жазылған «Өмірбаянды» қолыма ұстатты.

– Осыны оқып шық. Сосын қоятын сұрағыңды қоя бер.

Оқып шықтым. Қысқаша жазылған «Өмірбаянның» астарында талай сыр жатқаны белгілі. Ақсақал көп сөйлегенді ұнатпайтындай. Сәл ойланып отырды да:

– Бұл «Өмірбаянды» бір жерге жариялау үшін жазған екен ғой деп ойлап қалма. Ертең олай-бұлай болып кетсем, мыналар менің өмірдеректерімді әр жерден іздеп әуреке түседі. Сондықтан, осыларды әуреке түсірмейін деп, мен өлгенде қабір басында оқылатын «Өмірбаянды» өзім жазып қойдым, – деп Сәкең орнынан тұруға ыңғайланды.

Жүйрік ат – жан дауысы

Дәл осы сәтте есіктен бір ақсақал үйге кірді. Жасы алпысты орталап қалғандай. Аты-жөні – Әбілқасым Өзбеков екен. Ұзақ жылдар Аягөз аумағында партия, кеңес қызметтерін атқарған. Отыз жылдай совхоз директоры болыпты. Бүгінде дін жолын ұстанады. Меккеге барып қажы атанып қайтыпты. Әбекөң ежелден атбегілікпен айналысқанын білдік. Бұл кісінің баптаған жүйріткері сонау жетпісінші жылдардан бері бәйгенің алдын бермей келе жатқан көрінеді. Соның арқасында бірнеше мәшине мініпті. Осы үйдегі апаның жақын інісі. Сәдуақас

ақсақалмен жездесі ретінде әзіл жарастырып отырады. Әркіммен жеңіл әңгімеге бара бермейтін Сәкең тек осы кісімен ғана күліп сөйлесетін сыңайлы. Әбекең мұнда қонаққа шақырылыпты. Сәкеңнің көптен көрмеген құдағиы келген екен. Соған орай дастарқанға жиылған. Біз де осы сәтке дөп келіппіз.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Сәкең қатты ауырып қалды. Көңілін сұрауға келгенде бір әдемі жүйрікті жетектей келдім,— деді сөз арасында Әбекең жездесінің бір мінезі жайында әңгіме айтатынын аңғартып.

– «Мұның не?» деді жездекем әдеттегідей қатқыл үнмен. «Өліп қалсаң да бір жылқыны асыңа әкеліп соямын ғой. Сондықтан, тірі кезінде мен әкелген жылқыны өз көзімен көрсін деген ойым да» дедім бір жағы әзілге бұрып. Ат десе ішкен асын жерге қоятын Сәкең бірден оны баптауға кірісті. Біраздан кейін оған мінуді шығарды. Сөйтіп жүріп ауруын ұмытып, жазылып кетті. Таяуда әпкеммен екеуінің қосылғанына 60 жыл толуы қарсаңында тағы бір бәйгені атадым. Енді Сәкең ұзақ жасайтын шығар,— деді Әбекең жездесіне ақырын жымия қарап. Қария көңілденіп, жүзіне күлкі үйірілді. Осы сәтті пайдаланып мен әңгіме өзегін ішкі істер саласына қарай бұра бердім.

Тұтқынның бәрі жау емес

– Мына «Өмірбаянға» қарасам, сіздің ішкі істер саласындағы қызметіңіз соғыстан кейінгі Сталиннің екінші зобалаңымен тұспа-тұс келеді екен. Осы жайында әңгімелессек қайтеді?...

Сәкең қабағын түйіп ойланып қалды.

– Ол жылдары соғыс кезінде неміс тұтқынында болғандарды анықтау, соғыстан қашқандарды ұстау, тағы басқа жұмыстар өте қарқынды жүрді. Осы Аягөздің маңында соғыстан қашып, топ-топ болып бандылық құрғандарды да құрықтағанбыз. Әрине, тұтқынға кейбіреулер әдейі түсті, кейбіреулер қоршауда қалып қойды.

Солардың бәрі сотталды. Өйткені, олар тұтқынға түсетініне көзі жетсе өзін-өзі атып тастауға тиіс болатын. Сталиннің бұй-

рығы солай. Жараланып, басқа амалы қалмағаннан тұтқынға түскендердің жөні бөлек, әрине...

Несін жасырайын, асыра сілтеушілік те кездесті. Осында Іргебай (кейбір адамдардың аты-жөні өзгертіліп жазылды – С.Ж.) деген бір қу тілді, әзілқой азамат болған. Сол соғыстан келгенде жеңгесі онымен көрісіп жатып «Қайным-ау, қанды қырғыннан қалай аман қалдың?» десе керек. Сонда әлгі тағы да әзілге басып «Ой, жеңеше-ай, сол да сөз ба екен. Немістер шабуылға шыққанда ары қарай секіріп шығып, советтер шабуылдағанда бері қарай секіріп шығып жүріп аман қалдым ғой» депті. Мұны естіген біреулер жоғары жаққа жазып жібереді. Сөйтіп әлгі он жылға сотталып кете барған. Тұтқынның бәрін жау көрдік. Сол саясат дұрыс болмады. Шырағым, оның қайсібірін айтайын.

Соғыстан кейін мына Мақаншы ауданындағы Ақшоқы, Көктал деген жерлерде еркек кіндіктіден ешкім қалмады, – деп ақсақал екінші бір әңгіменің ұшын шығарды.

«Жапонияның шпионы»

– 1937 жылдың зобалаңы соғыстан кейін дәл сол күйінде қайталанды. Атқа мінген еркектің бәрін Қытайға өткелі жүр деп соттай берген ғой.

1955 жылдары менің қолыма Қоспан деген жігіттің ісі келіп түсті. Халық жауы ретінде сотталып кеткен. Осыны қайта тексеру керек. Ол Мақаншы ауданының бір совхозында бригадир қызметін атқарыпты. Семіз, жүйрік торы аты болыпты. «Мынау осы атпен Жапонияға қашқалы жүр. Жапонияның шпионы», деп үш адам қол қойып көрсеткен. Енді, осы қол қойғандарды іздеуге кірістім. Бір шал ғана қалыпты. Жасы сексенге жақындаған. Кезінде сельсоветте істепті.

– Ақсақал, сіз осы Жапония деген елді білесіз бе? – деп сұрадым.

– Е, мен оны қайдан білейін, – деп ыршып түсті.

– Сіз мына Қоспан деген жігітті «Жапонияның шпионы» деп көрсетіп, қол қойыпсыз ғой.

– Е, шырағым-ай, қайдан білейін. Солай деген, «солай де» деген. Сосын солай дей салғам,– дейді. Міне, осының кесірінен жаңағы азамат жиырма жыл түрмеде отырып келді. Келген соң той жасады. Сотталар алдында үйленген әйелі оны сол күйі күтіп отыр екен. Кейіннен үбірлі-шүбірлі отбасы болып өмір сүрді.

Ішкі тәртіп тірегі

Өңгіме тақырыбы өткеннен бүгінге ауысқанда Сәдуақас ақсақал ширыға түсті.

Қазіргі құқық қорғау саласының жұмыстарына көңілі онша толмайтынын да жасырмады. Өзіміз күнде айтып, жазып жүрген жемқорлық пен парақорлық мәселелері де осы арада сөз болды.

– Бұрындары Аягөз қаласында 1 тергеуші болса, қазір 10 тергеуші жұмыс істейді. Бұрын 1 прокурор қаладағы бүкіл заңдылықты қадағаласа, қазір 4 прокурор осы міндетті атқарады. Бірақ, қылмыс бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп. Халық саны бұрынғыдай. Осының себебі неде?– деп өзіме қарсы сұрақ қойды.

– Елдің әл-ауқаты төмендегендіктен шығар.

– Соғыс жылдарында, соғыстан кейінгі кезеңдерде жағдай бұдан да қиын болған. Алайда қылмысқа жол берілмеді. Себебі, ол кезде милицияның беделі өте жоғары еді. Мемлекет мықты болуы үшін алдымен ішкі тәртіп мықты болуы керек. Ал ол тәртіпті орнататын – ең алдымен милиция. Қазір шетелге еліктеп полиция деп жүрміз ғой. Не десе о десін – мен үшін милиция. Міне, осы милиция беделі кейінгі жылдары әдейі төмендетілді. Тергеу комитетін құрамыз деп бір милицияны екіге бөлді. Сосын оны бір-біріне қайта қосты. Осы аласапыранда білікті мамандардың көбісі органнан кетіп қалды. Мұның кесірінен кадр мәселесі туындады. Білікті маман бір күнде пайда бола салмайды. Ол әжептеуір уақытты қажет етеді. Енді осы жолда жанталасып жатқан сыңайлы. Әне, реформа үшін реформа жасаудың салдары неге әкеп соқтырды. Өмірдің өз тәжірибесінен туындаған құрылымды бұзуға асықпау керек еді,– дей келе Сәкең енді бұл тақырыпты көп қауза бермеуімді өтінді.

Өйткені кезінде өзінен де жоғары қызметтерде істеген ардагерлер жеткілікті екенін, сондықтан солардың алдында көсемси беруді ыңғайсыз көретінін жасырмады.

Қаталдық пен мейірім

Садуақас ақсақал мен Жабағытай апамыздың өткен өмірі, жастық шақтары соғыс жылдарына дөп келгенін жоғарыда айттық. Ел басына күн туған сол бір қаһарлы күндерде екеуі отау құрыпты. Содан бері оншақты ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Олардың бәрі бүгін жоғары білімді мамандар. Сол балалардан 13 немере, 4 шөбере сүйіп отырған бұл кісілердің барлық қуаныштары мен мақтаныштары осы ұрпақтары.

Балалары мен немере ұлдарының көбісі ішкі істер саласында қызмет етеді.

Ең үлкен қыздары Зағила Алматыда тұрады. Адам дәрігері. Одан кейінгі Гүлжауһар да Алматыда. Мамандығы – бугалтер-экономист. Бір ұл, бір қызы бар. Мәлкәнияр деген ұлы Аягөзде ұзақ жыл ішкі істер бөлімінде істепті. Қазір отставкада. Әйелі де ішкі істер бөлімінің қызметкері. Нұржан Алматыда әскери прокуратурада қызмет етеді.

Нұрланы – инженер-механик. Оның Әсем деген қызы мен Бауыржан деген ұлы да Семейде ішкі істер қызметінде. Гүлнар деген қызының жолдасы Асқар – әскери дәрігер. Гүлзия Аягөзде. Оның күйеуі Серік Мәметовпен осы сапарда жақсы таныстым. Ұлты өзбек болғанымен, бір қазаққа бергісіз азамат екені байқалып тұрды. Қайын атасы мен апасын «папа, мама» деп сөйлейді. Қарияларды бағып- күтіп отырған осылар.

Одан кейінгі қыздары Мәрзия Алматыда тұрады. Оның күйеуі Сәулебек Исаков республикаға танымал азамат. Бұлардың 11 сыныпта оқитын Айбек дейтін ұлдары шахматтан жасөспірімдер арасында Орта Азия чемпионы.

Қариялардың Баян деген кенже қыздарының күйеуі Марат Мәкеев те Аягөз аудандық ПБ бастығының орынбасары болып шықты. Ал немерелері мен шөберелерінің тәлім-тәрбиесі,

олардың өзіндік мінездері мен қабілеттері жайында айта берсе әңгіме көп.

– Сіз кезінде қызмет бабымен ерте кетіп, кеш келіп жүрдіңіз. Соған қарамастан бала тәрбиесіне де көп көңіл бөлген екенсіз...

– Е, шырағым, баланы тәрбиелейтін – ана. Әке өзінің өнегесімен балаларға үлгі бола білсе, соның өзі үлкен жетістік. Балаларға ұрсып, жекіп, олай бол, бұлай бол дегеннен ештеңе шықпайды.

Ең алдымен, мейірім мен шуағынды төк, сосын өзіңе еліктете біл. Мәселен, менің балаларымның көбісі әскери формаға үйір болып өсті. Соның әсерінен көбісі ішкі істер саласында қызмет етіп жүр. Ал мына Әбілқасым ағанның балаларының көбісі дәрігер. Соған қарамастан ат десе ішкен астарын жерге қояды.

Яғни, бұл кісінің балалары да әкеге қарап өскен деген сөз. Бұның өзі де тікелей анаға байланысты. Шешесі балаларына әкесін сырттай мақтан тұта, оның беделін көтере сөйлеп отырса ғана балалар әке соңынан ереді.

Егер «е, әкенді қойшы, сендерге қарауға шамасы да жоқ» деп сырттай сөгіп отырса, алтын басты еркек болсаң да бақырға татымай қалуың мүмкін. Сондықтан, ең алдымен, өмірлік қосағыңды сыйлай біл. Сонда ғана нағыз ер-азамат атана аласың, – деп ақсақал әңгімесін аяқтағандай сыңай танытты.

Екі ақсақал сәлден кейін далаға шығуға ыңғайланды. Мен осы сәтті пайдаланып, Жабағытай апаны әңгімеге тарттым.

– Ақсақал мінезі тым қаталдау адам ба деп ойладым. Оны жаңа рұқсатсыз келіп бізді сыртымыздан бейнетаспаға тарта бастаған жас жігітке жасаған ескертпесінен, тағы басқа қасиеттерінен байқағандаймын...

– Енді, өмір бойы әскери қызмет атқарған адам тәртіпке, реттілікке келгенде талапшыл болатыны рас. Бірақ ашқашан не балаларға, не маған дауы көтеріп, жекіп сөйлеген емес. Сөйтсе де ешқайсымыз оның сөзін екі етіп көрмеппіз. Бәрін дұрыс, жөнімен айтып отырған адамның сөзін жерге тастаудың өзі күнә ғой.

Мен бұл кісімен өмір бойы бақытты өмір сүрдім. Өкінішім жоқ. Қиын кезеңдердің өзінде онымен ең қызықты сәттерім бірге өтіпті. Сәкеңнің арқасында балаларым, туған-туысқандарымның бәрі жақсы тұрмыс кешті. Көбісіне қолұшын беріп көмектесті.

Шәкен деген сіңлімнің жолдасы ерте қайтыс болып, сегіз баласымен жесір қалған. Сол балаларды да тарықтырмай, ешкімнен кем қылмай ел қатарына қосқан осы біздің ақсақал. Сіңлім қазір осы үйде. Өзімен сөйлесемін десеңіз шақырайын,— деп Шәкен апайды ертіп келді.

«Жездеме алғысымнан басқа айтарым жоқ» деп ол кісі ризашылығын бір-ақ сөзбен жеткізді. Жабағытай апаның бауыры — Мұхтар Темеков деген жігіт Аягөз аудандық мәслихатының хатшысы екен.

— Біз осы үйге келсек, жанымыз жадырап, ерекше бір қуат алып қайтамыз. Өлденелерден тығырыққа тірелсек, ақыл қосатын адамдарымыз да осы кісілер. Бір сөзбен айтсам, бұл қариялар маған осы заманның Қозы мен Баянындай көрінеді де тұрады,— деді ол ағынан жарылып.

Шынында да бүкіл Аягөз өңірі ардақ тұтатын бұл қос қарияның бойларында Қозыға тән батырлық пен Баянға тән нәзіктік тұнып тұрғандай.

Елдің жайын ерден сұра

Қоштасар сәтте Сәдуақас ақсақалдан ауданның түкпір-түкпіріндегі ауылдардың бүгінгі ахуалы жайында сұрап көріп едім, ол кісі бұл тақырыпқа суырыла сөйледі.

Аягөз ауданында қазір 80 мыңнан астам халық бар. Қалада — 43 мың. Аудан әкімі Марат Әкірәмов деген азамат. Келгеніне бір жылдай болды. Бұрын Аягөзде жарық жоқ еді, жолдар тозып, су құбырлары шіріп кеткен еді. Аз уақыттың ішінде қираған дүниелердің бәрін қалпына келтірді.

Ауданда мал басы өсіп, фермерлер көбейе түсті. Бірнеше елді мекендерде жаңадан мектептер салғызып, тозғандарын

жөндетіп, Мәдениет үйлерін қайтадан іске қосты. Ақтоғай стансасында локомотив депосын салғызып жатыр. Бұл дегеніңіз қаншама адамға жұмыс орнын тауып беру деген сөз.

Ауданның бас дәрігері Амантай Көтелбаев деген азамат қиын кездің өзінде де ауруханаларды, ондағы мамандарды бытыратпай ұстап қалды. Қазір сол ауруханалар қайта жөндеуден өтті.

Амангелді Жұмаханов деген азамат темір жол ауруханасын өзіне жекешелендіргеннен кейін бәрін жаңадан қайта салды. Зейнеткерлер онда тегін емделеді.

Қаладағы орталық мешітті халық өз қаржысына тұрғызып жатыр. Осы ауылдан шыққан іскер азаматтар – Нұртай Сабильянов, Сәулебек Искаков, Кәкен Баяхметов, Балтабек Оразбаев, фамилияларын ұмыттым – Қалиасқар, Рысбек, Қазыбек, Сайлауқажы сияқты білікті азаматтар демеушілік көрсетуде.

Жүн фабрикасы, авторемзауыты тақау арада қайта іске қосылады деп естідік.

Жұма күндері әкім мешітке келіп, қариялармен ақылдасады, көпшілікпен жүздеседі. Көпшілікті жарқын болашаққа сендіреді. Біз оған сенеміз. Өйткені, сол айтқандарының бәрі аудан жоспарында бар, – деп Сәдуақас ақсақал біраз ақпараттарды ақтарып тастады.

Қартайса да тұғырынан түспей, туған елінің болашағына сексеннің сеңгірінен көз салып отырған бұл қарияны қай қырынан әңгімеге тартсаң да ағынды судай ақтарылып қоя беретін түрі бар.

Таңертең келген үйден түс қайта далаға шықтым. Қос қария мені көк қақпаның алдына дейін шығарып салды. Сәдуақас ақсақал мен апаны қақпаның алдында суретке түсірдік. Сәкең үстіне жаңа костюм-шалбарын киіпті. Костюмнің өңіріндегі ордендер мен медальдар күнге шағылысып жарқ-жұрқ ете қалды. Оның ішінде «Құрмет белгісі» ордені, Тың игеру жөніндегі, Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығына байланысты, ішкі істер органдарындағы мүлтіксіз қызметтері үшін берілген медальдары ерекше көзге түседі.

Аягөз қаласының шет жағындағы жатаған үйлердің арасында тұрған еңселі ақ үй біз ұзап кеткеннен кейін де алыстан асқақтай көрініп тұрды. Ол үйде мен бұрыннан білетін бір қимас жандарым қалып бара жатқандай артыма қарай-қарай кете бардым.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
14 маусым, 2003 жыл**

ҰШАҚ АПАТЫНАН АМАН ҚАЛҒАНДАР бастан кешкендерін өздері баяндайды

Кейінгі уақытта жер бетінде ұшақ апаттары жиілеп кеткені соншалық, оған тіпті селт етпейтіндей болып бара жатырмыз. Өйткені, қазіргі жариялылықтың арқасында ұшақ тұрмақ, кішігірім жол апатының өзін дабырайтып көрсетіп, қанша адам өлгенін, қанша адам жарақаттанғанын тәптіштеп айтамыз.

Сонда бұрындары, әсіресе кеңес үкіметі кезінде бізде ешқандай ұшақ апаты болмағаны ма? Болғанда қандай! Ал сол апаттардан тірі қалғандар жайында естігендеріңіз бар ма? Егер, олар жәй біреулер емес, есімі елге танымал азаматтар болса ше? Мәселен, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов, ақын Мұзафар Әлімбаев, бүгінде Қазақстан Президентінің жанындағы фототілші Иосиф Будневич, белгілі жазушы Сәбит Досанов десек, екінің бірі оған сене қоймауы мүмкін. Ендеше сол кісілердің өздеріне сөз берейік:

Мұзафар Әлімбаев:

– 1957 жылдың көктемінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өтетін болды. Жер-жерде депутаттыққа кандидаттар ұсынылып жатты. Мен ол кезде «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары едім. Бір күні Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі төрағасы Ғабит Мүсірепов мені өзіне шақырды.

– Сен не білгенің бар, мені КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат боласың деп жатыр ғой. Қызылорда облысындағы бір округтен ұсыныпты. Сол жаққа барып, сайлаушылармен кездесуім керек екен. Сен менімен бірге жүрсең қайтеді? Бір жағынан облыстың проблемасын газеттеріңде көтересің,– деді.

Мен келісе кеттім. Ғабекен менімен қоса қасына белгілі жазушы Ғалым Ахметов ағамызды ертіп алды. Ол кісінің көзі тірі.

Бүгінде жасы 90-ға келіп қалды. Ғабенмен көптен сырлас, дос адамдар. Үшеуміз жолға шықтық. Облысты бір айдай араладық. Қайтар кез тақап қалған. Бір күні облыстың бірінші хатшысы Оспанов деген азамат, атын ұмыттым, Қызылқұм жайлауындағы қойшыларға барып қайтуымызды өтінді. Ол жерге ұшақпен барасыңдар деді. Жосалы деген стансадан ұшпақшы болдық. Қасымызға ерген жергілікті ақын Асқар Тоқмағамбетов басы ауырып тұрғанын айтып, қалып қойды. Ғалым Ахметов те бармаудың бір себебін тапқан. Біздер – обкомның иделогоия хатшысы Тайша Оразалин, облатком төрағасының орынбасары Сләмият Құнанбаев, Ғабен және мен төртеуміз шағын әскери ұшаққа отырдық. Осы ұшақпен қайтар жолда сол кезде жаңадан құпия түрде салынып жатқан Байқоңыр ғарыш айлағына соғуға тиіспіз. Ұшып келеміз. Мен дөңгелек терезеден күріш даласын қызықтап төмен қарап, соңғы жақта отырмын. Ғабендер алдыңғы жақта карта ойынына кіріскен.

Бір кезде ұшақ төмендей бастады. Бұған дейін Қызылқұмға ешқашан ұшақ қонып көрмепті. Біз келетін болған соң алдын ала бір жазықтау жерді әуежай ретінде дайындаса керек. Сол «әуежайға» қағылған кішкене қызыл жалаушылар көріне бастады. Ұшағымыз үш рет айналды да жаңағы белгіленген тұсқа қонуға бет алды. Бір кезде бірдеңе гүрс ете қалды. Жолымдағыларды қаға-маға алға қарай ұшып кеттім. Карта ойнап отырғандармен қоса бәріміз ұшақтың алдыңғы жағына келіп кептеліп қалдық. Ұшақтың артқы жағы көтеріліп барып тоқтады. Абырой болғанда жарылмады.

Жер қозғалса қозғалмайтын Ғабен әдеттегідей сабырлы қалпымен орнынан тұрып, үстін қақты да ұшқыштар жаққа қарап:

– Как там, мотор выключен или нет?!– деді.

– Все нормально, все нормально – деп ол жақтағылар шуылдасып жатыр. Сыртқа шығуға бет алдық. Ғабеннің жүзіне қарап едім, оң жақ шекесі қанап тұр екен.

– Ғабен, маңдайыңызды сүртіңізші,– деп едім, ол кісі жәйлап қалтасынан бет орамалын алды да маңдайын сүртті. Сосын орамалдағы қанға қарап:

– Өй, мынау итің қайдан шығып жүр ей,– деді. Сөйтсек, бәріміз жарақаттаныппыз. Әйтеуір ауыр кесапаттан аманбыз.

Сыртқа шыққанда қарасақ, ұшағымыз тұмсығымен тік шаншылғанымен қоймай, бір жақ бүйіріне қарай қисайып барып тоқтапты. Ғабең жерге түскеннен кейін екі қолын артына ұстап, ұшақты айнала қарап шықты. Өңі сұп-сұр. «Бір ажалдан қалған екенбіз-ау!» деп басын шайқай береді. Біраздан кейін өз-өзімізге келе бастадық. Сосын алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілген болды. Соған қарамастан әзілімізді жарастырып, ел-жұртпен кездесу өткіздік. Қайтар жолда машинамен кеттік. Ғабең ұшаққа отырмай қойды. Сөйтіп, ардақты Ғабеннен ертерек айырылып қала жаздаған кезіміз де бар,– деп Мұзағаң әңгімесін аяқтады.

Иосиф Будневич:

– 1974 жылдың 19 қарашасын мен екінші рет дүниеге келген күнім деп есептеймін. Себебі, сол күні мен тікұшақ апатына ұшырап, өлімнен аман қалдым. Бірақ қатты жараландым. Бәрін басынан бастайын,– деп Иосиф Львович темекісін тұтатты. 73 жасқа келсе де тұғырынан таймаған ақсақалдың есте сақтау қабілеті де мықты екен, бұдан 26 жыл бұрын болған оқиғаны жарты сағаттың ар жақ бер жағында тап-тұйнақтай етіп баяндап берді.

– Мен ол кезде АПН-ның Қазақстан мен Орта Азиядағы фототілшісі едім,– деп бастады ол кісі. – Біз «Казахстанская правда» газетінің сол кездегі бас суретшісі Борис Николаевич Масальский екеуміз Қызылорда облысындағы күріш кеңшарларының жұмысын көрсету үшін іссапарға шықтық. Облыс басшылары да біздің бұл мақсатымызды құп көрді. Қасымызға жер суландырумен айналысатын ЖМК-ның бастығы Мирон Шек деген азаматты қосып берді.

Ұшқышпен қосқанда ішінде төрт-ақ адам сиятын «МИ-2» – тікұшағымен ұшып келеміз. Жиырма минөттей уақыт өтті. Байқаймын, жоғарылаудың орнына төмендеп бара жатқан тәріздіміз. Борисқа айтып едім, ол бұған мән бермеді. Сырдария өзенінің

биік жарқабағы көрінді. Алдымыздан су бөгеті үшін қолдан жасалынған үлкен топырақ жағалау (дамба) шыға келді. Тікұшағымыз содан аса беремін дегенде соғылып, тоңқалаң аса құлады. Есімді жисам ауруханада жатырмын. Қызылорда қаласына әкеліпті. Бел омыртқам қатты зақымданған. Дәрігер маған оң жағыма аударылып жатуымды талап етті. Мен қозғала алмадым.

«Аздап ішу керек еді» деген сөзді естігенімде оған қатты ашуландым. Бізді мас болып жүріп апатқа ұшыраған біреулер деп ойласа керек. Тағы да есімнен айырылдым. Есімді жисам, реанимация бөлімінде жатыр екенмін.

Бір күні мені тексеруге Мәскеуден арнайы дәрігер келді. Ұлты – грузин. Ол жансыз қалған аяқтарымның бақайларын мұқият қарап шыққаннан кейін грузин мақамымен «Ходить будеш!» деді. Осы сөз маған қанат бітірді. Он күннен кейін Қызылордадан Алматыға ауыстырды. Есімді жиғаннан кейін апат кезінде жанымда болған жолдастарымды сұрастырдым. Мирон Шек сол кезде-ақ ауруханаға жетпей жолда қайтыс болып кетіпті. Масальскийдің бұғанасы шытынапты. Ұшқыш та ауруханада көп жатпай жазылып шығыпты. Мен екі айдай ауруханада емделіп, әрең дегенде ілбіп жүруге жарадым. Сосын ептеп машиненің құлағына отыратындай жағдайға жеттім. 4-5айдан кейін мүлдем сауығып шығып, жұмысыма кірістім. Сегіз айдан кейін Павлодар облысына іссапарға бардым. Ол жерден тағы да елді мекендерге тікұшақпен ұшуға тура келді. Білесіз бе, дәл алдымда мен апатқа ұшыраған «МИ-2» маркалы тікұшағы тұр. Маңдайымнан суық тер бұрқ етті де, қол-аяғым қалтырап қоя берді. Бірақ, мұнымды ешкімге білдірмеуге тырыстым. «Неден шошынсаң, соны алдымен ауыздықта» деген нақыл есіме түсті. Бір құдайға сыйынып, тікұшақтың ішіне кіріп кеттім. Аспанға көтерілдік. Төмен қарауға дәтім шыдамайды. Қарасам болды, тағы да құлап түсетін сияқтымыз. Көзімді жұмып, тістеніп отыра бердім. Бір кезде келіп қондық-ау. Осыдан кейін тікұшаққа деген қорқыныш мүлдем сейілді. Талай рет ұштым, әлі де ұша беремін, – деп ақсақал әңгімесін аяқтады.

Сәбит Досанов:

– 1965 жылдың қаңтар айында Әбенәв Бейсенбек деген нағашым екеуміз оның Өскеменде тұратын досына қонаққа бардық. Ол кезде Өскемен мен Алматы арасында тікелей әуе қатынасы жоқ. Семей арқылы ұшатынбыз. Қайтар жолда Семейде қатты боран болып, бір-екі күн сонда аялдауға тура келді. Содан қаңтардың 4-і күні түнде «ИЛ-18» жолаушылар ұшағымен әрең дегенде Алматыға қарай ұштық. Ұшаққа отырар кезде бірнеше күннен бері жиналып қалған жолаушылардың салдарынан берекесіздікке жол берілді. Біз нағашым екеуміз әрең дегенде ілігіп, ең соңғы екі орынға келіп жайғастық. Қаңтардың 4-інен 5-іне қараған сағат 12-ден 15 минут кеткенде Алматы әуежайына келіп қондық. Ұшақтың табаны дүр етіп жерге тие бергенде жастық әуестікпен сағатыма қарағаным әлі есімде. Сәлден кейін бірдеңе қатты тарс етті де, көзімнің оты жарқ ете қалды ...

Қанша уақыт өткенін білмеймін, есімді жисам, далада, қардың үстінде жатырмын. Анадай жерде ұшақ жанып жатыр. Азан-қазан дауыстар естіледі. Жан-дәрмен орнымнан атып тұрдым. Тұра салып бір аттағаным сол еді, қайтадан жерге гүрс етіп құлап түстім. Сәлден кейін есімді жидым. Айқайлап, әлдекімдерді көмекке шақырамын. Нағашымның атын атап дауыстаймын. Көмекке келер ешкім көрінбейді. Оң жақ қолым мен сол жақ аяғым жансызданған сияқты. Сипап байқап едім бұғанам сынған екен. Сол жақ жамбасым да қозғалтпайды. Ойыма қазір ұшақтың бензобагы жарылатыны түсе қалды. Тезірек бұл арадан кетпесем өлетінімді сездім. Еңбектеп жылжуға тырыстым, онымнан ештеңе шықпады. Бар ерік-күшімді жинап, оң жақ қолыммен жер тіреп аунап түстім. Сөйтіп, ұшақтан әрірек аунай бердім, аунай бердім. Тағы есімнен тандым. Сәлден кейін тағы да есімді жинадым. Сол-ақ екен жанып жатқан ұшақ гүрс етіп жарылды. Ұшақ сынықтары от болып жанып ысқырып ұшып, жан-жақты жарық қылып жіберді. Бір кезде мана мен алғаш құлаған жерге үлкен алюминий сынығы жалындап келіп түсті. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас қой.

Есімді алғаш жинаған сәтте-ақ «Бейсенбек! Бейсенбек!» жан дауысым шыға нағашымды іздедім. Ол кісі жастайынан жетім қалып, менің шешемнің бауырында өскен. Кейін Бейсенбек нағашым мені тәрбиеледі. Нағашы дегеніммен, ол кісі маған туған ағадай болып кеткен еді. Менімен қатар соңғы орындыққа отырған ол да жерге аман-есен құлаған екен, бірақ ұшақ жарылғанда одан ұшқан сынықтардың бірі басының жартысын жұлып түсіпті. Өзім көргенім жоқ, көргендер солай деген.

Біраздан кейін әлдекімдер жаныма келді. «Это живой, его туда надо» деді де біреуі қолымнан, біреуі аяғымнан алып жүк машинасының қорабына лақтырып тастады. Содан тірі қалғандарды №1 қалалық ауруханаға әкеліп орналастырды. Бұл жерде біздерді адам болатындар, емдеп жазып шығуға болатындар және болмайтындар деп екі топқа бөлді. Мен «адам болмайтындар» тобына кеттім. Бірақ, бұлардың өмірі үшін күресті тоқтатпауымыз керек деп шешті. Не керек, бір жарым айдан кейін балдаққа сүйеніп, ауруханадан шықтым. Біраз күннен кейін балдақты да лақтырып тастадым. Ақыры сылтып басып жүріп кеттім. Әйтеуір әлі күнге дейін аман-есен сылтып келемін.

Бұдан біраз бұрын бір министр Қазақстанның ұшақтарымен ұшуға қорқамын, себебі бәрі қираудың аз-ақ алдында тұр деп еді. Апаттан құдай сақтасын. Дегенмен, жоғарыдағы әңгіменің авторлары еш қорықпай-ақ тікұшақпен де, ұшақпен де ұшып жүр. Бұларды сонда жүрегiнiң түгi бар адамдар деймiз бе, қалай?!

«Егемен Қазақстан» газеті,
20 шілде, 2002 жыл

ҒҰМЫРДАРИЯ – ДАРИҒАЖҮРЕК

Үйге кіріп-шығып жатқан адамдарға бөгет жасамау үшін еркектер жағы қалтарыста тұрған бір диванға жайғасқан екен. Мен Мәсімбай ақсақалмен қатар отырып қалыппын. Бәріміз үнсізбіз. Ертең осы үйден Бейқұт апамызды соңғы сапарға шығарып саламыз.

«Көп кешікпеспін, соңынан барып қалармын!» деп күбірлегенін құлағым шалып қалды. Жан-жағыма қарап едім, менен басқа ешкім естімеген сияқты. Сәлден кейін таяғымен жер түрткілеген қалпы «сен кімсің?» деді. Жөнімді айттым. Ойлана, жанарын бір нүктеге қадап алған.

– Балалар келіп кеткен. Батамды бергем. Ерлан көбінесе менің бауырымда өсті ғой,– деді.

Ерлан – жиен немересі. Менің күйеу балам. Қызым – Айгүл екеуі шаңырақ құрғандарына бір жылдан асып қалған. Бірақ Мәсімбай ақсақалмен бұған дейін жүздесе алмағанбыз.

– Мен жанардан айырылғаныма біраз уақыт болды. Ешбір ем қонбады. Өздігімнен жүріп-тұруым қиын. Бүгін, міне мынадай жағдайда кездестік,– деді. Қайғыдан жүрегі қарс айырылып отырса да дауысы ашық, әрбір сөзін – шегемен қаққандай нық тастайды. Ныспымды сұрады. Сосын қазақтың шежіресі жайында біраз ой толғады.

Ол кісінің айтуына қарағанда, рулық шежіре – атаға бөліну болса, туыстық шежіре – сол ру ішіндегі жақындықты ажырату. Туысқандар арасында қыз алысу, қыз берісу – қандық қатынастарға жатады. Кейбір шығыс халықтарында бір емшек ембесе болды деп ағайын адамдарды атастыру ауыр зардаптарға соқтырған. Сондықтан, жеті атаға дейін қыз алысу қатаң жазаланған. Мәселен, Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың өлім жазасына кесілуі – осы жеті аталық дәстүрді сақтамаудан туындаған. Ал жеті аталықтан асса бұған рұқсат етіледі.

Мұндайда жеті атадан куәгер шақырып, ала арқан керіп, боз бие шалып, қолдарын қанға батырып, енді рулы ел болу жолында бәтуәласқан. Осы қасиетті дәстүрді бүгінгі мансапқорлар мен билікке ұмтылушылар халықты жікке бөлудің ұтымды құралына айналдырғанын айта келіп, ақсақал өз өмірінің әр сәттерін қысқаша баяндай бастады. Сөзін бөлмедім. Ол кісі неге маған ішкі сырын ақтарғанын енді түсініп отырған жайым бар. Бұл жайында кейінірек.....

– Мен 1929 жылы қыстауға көшіп барған кезде дүниеге келіппін,– деп әңгімесін жалғады сол қоңыр да жуан дауысынан айнымай. – Отбасымызбен колхозға мүше болып кіріппіз. Бірақ ауыл белсенділері «Бұлар байдың тұқымы, мұны неге жер аудармайды?» деп ГПУ-ға сыбырлауын қоймайды. Қолымыздағы жалғыз жылқыны тартып алыпты. Қорлыққа шыдамаған әкем ГПУ мүшесін тойтарып тастайды. Соңы ушыға бастаған соң бір түнде бала-шағасын жетектеп, қырғыз асып кетеді. Онда да қиыншылыққа тап болады. Қытайға өтуге бел буады. Бірақ шекарадан қайтарылады. Ақырында Нарынқол ауданы, «Қостөбе» деген ұжымшарға тиянақтайды. Халық ашаршылықтан ес жия бастағанда соғыс басталады. Әскерге жарайтындардың бәрі майданға аттанады. Отыз шақты түтіннен тұратын ауылда ер-азамат қалмайды. Мұғалімдер де әскерге кетіп, төрт жылдық мектеп жабылады.

11-12 жастағы біздер таңның атысы, күннің батысы соқа құлағынан түспедік. 1942 жылдың көктемгі егісін бітіріп, Нарынқолға оқуға кеттім. Бірақ оқуымыз ұзаққа созылмады. Алтыншы класты аяқтар-аяқтамастан шөп шабуға жегілдік. Күндер өтіп жатты. Менің үлкен ағам Бәзілден 1942 жылдың көктемінде-ақ «қаралы қағаз» келді. 1942 жылдың желтоқсан айында кіші ағам Қожақан жаралы болып госпитальға түсіпті. Ортаншы ағам Жүнісбай елден ерек туған жан еді. Ол туралы белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» деген кітабында да біраз айтылған. «Көпекбаевтар туралы жеке кітап жазайын» деп жүретін Бердібек. Оған ғұмыры жетпеді...,– деді ақсақал өткен күндерін еске алып.

Сол олқылықтың орнын толтыру мақсатында Мәсімбай ақсақал өзі «Ауылым – алтын бесігім», «Өмір – тіршілік таңы» атты екі кітап жазыпты. Жанары суалса да жан сезімінен туындаған сөздерді ақ қағазға түсіруінің өзі бір ерлік. «Бұл кітапты жазуыма себепші болған қыздарым – Әлия мен Дарияға өмірде бақыт тілеймін. Оқушы қауымға да, қыздарым мен балаларыма, сол сияқты осы жазбамды түзетуге қолғабыс тигізген немерем Абайқызы Лаураға да көп рахмет. Сабағын жақсы оқып, қашанда Қазақстанның білімді азаматтарының қатарында болсын!» депті бірінші кітабының алғы сөзінде. Ал екінші кітабындағы «Жанұяның басынан өткен тауқіметі» деген тарау сол «Балалық шаққа саяхаттан» алынған екен. Енді мен осы тараудан үзінділер келтіру арқылы Мәсімбай ақсақалдың айтқандарын басқа бір қырынан жаңғыртуды жөн көрдім.

«Кейін заман оңала бастағанда Көпекбай балалары шеттерінен жігерлі, қасқыр жігіттер болып өсті. Тұрмыстарын тез түзеп алды, – деп жазады Бердібек Соқпақбаев. – Бәзіл колхоз құрылысын қолдан тұрғызған еңбекқор азаматтың бірі еді. Отан соғысына дейін бригадир, одан кейін ауылдық кеңестің хатшысы қызметін атқарды. Үйленді, бала сүйді. 1941-1942 жылы Мәскеу түбегіндегі шайқаста қаза тапты.

Жүнісбай – Бәзілден асып кетті. Ол ғажап зерек болатын. Өжеттің өжеті еді. Алдына әзірейлі кеп тұрса да қасқайып, айылын жимай сөйлейтін. Кластан-класқа мезгілсіз аттап (сол кезде бұған жол берілетін), он жылдықты бізден бұрын бітірді. 1940 жылы Мәскеудегі офицерлік училищеде оқып жүргенде Қызыл алаңдағы Бірінші май әскери шеруіне қатысты. Келесі 1941 жылғы жетінші қарашада Жүнісбай дивизия командирінің бұйрығымен Қызыл алаңдағы тарихи әскери шеруге тағы қатысты. 1944 жылдың тамызында полк барлаушысы Жүнісбай Көпекбаев ерлікпен қаза тапты...» Б.Соқпақбаев бірге оқыған досын осылайша сағына, өкінішпен еске алады. Бұдан кейін Көпекбайдың үшінші ұлы Қожақан жайлы айта келіп, «оның таланты екі ағасынан да артық еді!» дейді. Қожақан сабақты

үздік окумен қатар, шебер музыкант болыпты. Домбыраны жас кезінде безілдетіп, сырнайдың құлағында ойнапты. 1940 жылы Алматы педучилищесіне оқуға түскен Қожақан келесі жылы өзі сұранып, соғысқа аттанады. Батальон политругі қызметінде жүргенде 1943 жылы қаза табады. «Осы аталған үш жігіттің үшеуі де тайдың тасындай ірі, аяулы жандар еді. Ащы өмірдің батпағын белшеден кешіп жүріп, қайғырып, қапалануды білмейтін. Үшеуі де өмірге ғашық, жалын атқан арман иелері еді. Алда сәулетті болашақ барына сенетін, сол үшін жан қиюға дайын тұратын. Амал нешік, үшеуі бірдей майданда қаза тапты. Көпекбай балаларының ең кішісі – Мәсімбай бар қазір. Іргелі бір совхоздың парторгі» делініпті аталған тарауда.

Міне, сол парторг бүгін сексеннің сегіріне шыққанда 64 жыл отасқан өмірлік жарын жоқтап, іштей егіліп отыр.

«Өмір – тіршілік таңы» кітабындағы «Мен тұзға қалай бардым», «Қасқырлар» атты тарауларда Мәсімбай ақсақал өз басынан өткерген қатерлі оқиғаларды баяндайды. Оның бала кездегі ержүректігіне таңданаңыз. 1943 жылдың қаңтарында 13 жасар Мәсімбайды колхоз бастығы сонау 120 шақырым жердегі Қарқарадан ат-шанамен тұз алып келуге жұмсайды. Елде бас көтерер басқа азамат жоқ. Денелі, өз жасынан әлдеқайла ересек көрінетін, күш-қайраты тасып тұрған жеткіншекке еріксіз үміт артады. Тамаққа шымшым тұз таба алмай қиналған Қостөбе жұртын 13 жасар бала тығырықтан алып шығады.

Қол шанаға пар ат шегіп, ел қамы үшін қауіпті сапарға аттанған оны жолда бір топ қасқыр қамайды. Тұз тағыларына жем болатынына көзі жеткенде жас бала арыстанша айбаттанып шыға келіпті. Өмір мен өлім арасындағы осынау арпалысты сәтті демінді ішіңе тарта отырып оқисың. Азулары сақ-сақ еткен арландармен таң атқанша арпалысып, айласын асырған жеткіншектің жаужүректігіне сүйсінесің. Сол жеткіншек одан кейін де тағдырдың талай талқысына түседі. Ақыл мен қайраттың арқасында бәрін жеңіп шығады.

Бейқұт апамыздың «қонақасын» өткізген түні Мәсімбай ақсақалдың біраз әңгімесін естідім. Өткен өмірін еске алу арқы-

лы ағайын-туғанның қайғысын, өзінің ішкі күйігін жеңілдетуге тырысқанын түсіндім.

Ауыл азаматтарының біразы жанымызға дөңгелене отырып, әңгімемізге құлақ түріпті. Солардың ішінен күйеу баласы Ақанды (менің құдам. С.Ж.) Мәсімбай ақсақал ту сыртынан-ақ танығанына таң қалдым. Бүкіл шаруаның басы-қасында жүрген оған көз жанарын тура қадап, әлденелерді сұрады. Ақан генералдың алдында жауап бергендей тақ-тұқ етеді. Менің сұраулы жүзімді байқаған Ақан құда басын изеді. «Иә, бұл кісі маңайындағының бәрін көзбен көргендей сезіп отырды» дегенін ұққандаймын және бұл топшылауыма өзімді-өзім сендіргендеймін. Бұдан кейінгі ойларым кітаптағы деректерге қарай ойыса берді.

Мәсімбай Көпекбаев 1950 жылы 10 жылдық мектепті бітіргеннен кейін ауылдық кеңестің хатшысы, мектепте бухгалтер, интернатта тәрбиеші, Малыбай техникалық училищесінде ұстаздық қызметтер атқарады. Колхоз шаруашылықтарын ұйымдастыруға белсене араласқан. Совхоз партия ұйымының хатшы қызметінде жүргенде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, оны зоотехник мамандығы бойынша сырттай оқып бітіреді. Бұдан кейін атқармаған қызметі жоқ десе де болғандай: совхозда жұмысшылар комитетінің төрағасы, бөлімше меңгерушісі, гидротехник, зоотехник, совхоз партия комитетінің хатшысы. 1988 жылы зейнетке шыққанына қарамастан азаматтық қорғаныс инспекторы әрі совхоздың техника қауіпсіздік инженері қызметтерін қоса атқарады. Кеңес үкіметі тараған тұста өз алдына шаруа қожалығын құрып, Американың «Филип-Морис» темекі компаниясымен бірлесе жұмыс жүргізген.

Осынау жылдар ішінде «Еңбектегі ерлігі», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Ұлы Отан соғысының медальдарымен, көптеген заттай сыйлықтарымен марапатталған. Бес рет ауылдық кеңестің депутаттығына сайланыпты. Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығында Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы атағын иеленген. Бейқұт апамызбен бірге отасқан 64 жыл ішінде сегіз бала тәрбиелеп өсіріпті. Барлығы жоғары білімді,

білікті азаматтар болып өсіпті. Олардан тараған немерелер мен шөберелердің көбісі Мәсекең мен Бейқұт апамыздың бауырында тәрбиеленіпті.

«Сабақтан шыға салысымен өз үйімізге бармай, нағашы атамыз бен апамызға асығатынбыз. Сол кісілердің ақыл-парасаты мен мейірім шуағынан нәр алып өстік. Әке-шешеміз күні бойы жұмыста. Кешке қарай үйге қонуға қана келетінбіз. Бүгінде өзіміз де балалы-шағалымыз. Нағашы атамыз бен әжемізден алған тәрбиемізді балаларымызға үйретеміз. Қариялардың әрбір айтқан ақылдары мен нақылдары көңілімізге күні бүгінге дейін сайрап тұр». Бұл сөздерді Асхат пен Ерланнан арагідік қана естіп қалғам. Өздерінен арнайы сұраған емеспін. Сұрасам, бұдан да жүрекжарды лебіздер айтылуы мүмкін.

Өртүрлі ой жетегінде отырып таңның атқанын да байқамаппын. Бейқұт апамызды мәңгілік сапарына шығарып салуға Шелек жұрты көп жиналды. Қабір басында Мәсімбай ақсақал сұрапыл дауылдарда сынбай қалған қарағайдай қасқайып тұрды. Құран оқылып, көңіл жұбатар сөздер айтылған соң көпшілік тарай бастады. Бірақ олар бірер айдан кейін дәл осы жерге қайта жиналып, сүйікті де данагөй қариялары – Мәсімбай ақсақалмен де мәңгілікке қоштасарларын білген жоқ еді.

Сыңарын іздеген дариға-жүрек көпке шыдамайтынын сол түні-ақ сезген екен. «Көп кешікпеспін, соңынан барып қалармын!» деп күбірлегені бекер болмады.

Ғұмырдария дегені осы!..

«Президент және Халық» газеті,
22-мамыр, 2015 жыл

ЖЫР ОШАҒЫ МАЗДАҒАН ОТБАСЫНДА

Бір үйде қалам ұстаған екі бірдей адам бар. Оның бірі – түрлі басылымдарда қызмет істеп, оншақты кітабын оқырманға ұсынған журналист-жазушы, ақын, бүгінде тек немерелерін жетелеп, бейнетінің зейнетін көріп отырған Орысбай Әбділдәұлы болса, екіншісі – от анасы, Қазақтың Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының жетекші библиографы, ақын Баян Анарбекова. Жүректерге жып-жылы леп естірген 8 наурыз мерекесі қарсаңында біз осы шығармашылық отбасында болып, екеуіне ортақ сұрақтар қоя отырып, әңгімеге тартқан едік.

Тілші: Сіздердің тағдырларыңыз қалай тоғысып еді? Жалынды жастық шақтарыңызды осындайда бір еске алып көріңіздерші...

Орысбай: – Ол енді ұмытылмайтын сәттер ғой. Мидың тұнық, көңілдің шайдай ашық кезі емес пе?... Ол кезде қазіргі ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде оқып жүрген кезім. Алматы облысы Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетінде іс тәжірибеден өтуге бір топ студент жолдамамен бардық. Бәріміз ауданның әртүрлі шаруашылықтарына бөліндік. Мен Сүйінбай атындағы кеңшардың қызылша алқабына жол шектім. Бір топ ақ орамалдылардың арасында Баян деген қыз қызылша түптеп жүр екен.

Студент пен қызылша алқабында кетпен ұстаған қыздың таныстығы келер жылы университеттің жатақхасында жалғасты. Мен соңғы курстамын. Ол тіл-әдебиет факультетінің бірінші курсына оқуға түсіпті. Қысқартып айтайын, келесі жылы біз қосылдық. Арамызда бір көзге көрінбейтін байланыс бар сияқты. Ол – Сүйінбай ақынның, мен – Жамбыл жыраудың ауылынан дегендей. Екеуімізге де қолға қалам алдырған сол арқалы адамдардың рухани демеуі шығар, бәлкім...

Баян: – Мектепті бітірген соң бір жыл үй ішіне болысып, қызылша алқабында жұмыс істегем. Ол кезде қызылша өсіру біздің

өңірде жаппай етек алған кез. Белді қынай буып, қызылшаның қатарын сиретіп жүргенімізде аудандық газеттен бір журналист келе қалды. Сөйтсек, ол практикада жүрген студент екен. Байырғы қызылшашылардан мәлімет алудың орнына менің қасымда шыр айналып жүріп алды. Құдай біледі, сол күнгі жұмыс барысынан ол мандытып ешнәрсе де жазбады-ау деймін.

Тілші: Ғашықтық оты шарпыған болды ғой ағамызды?

Орысбай: – Жарысып өлең жазып, жастықтың желігімен боз кілемде күресіп жүрген шалдуар бір шақ еді ғой ол кезең. Жалпы мені қаламгерлікке алып келген – қыздарға хат жазуды жаным сүйетін қансіңді әдетім бе деп ойлаймын қазір. Баянға арнап бірнеше дәптер толтырғанымды несіне жасырайын.

Баян: – Суреттей сұлу Алатау сілемінде туып өскендіктен бе, әуелеген әнге, мөлдіреген жырға ғашық болып өстім өз басым. Ал мына сол кездегі студент Орысбай Абайдан бастап Қасым, Төлеген, Мұқағали, Тұманбай, Қадыр сияқты ақындардың жырларын жатқа соғатын. Оны мен ұйып тыңдайтынмын. Сосын сырнай тарта ма-ау, домбыра шерте ме-ау, әйтеуір аузы бір босамайтын. Мұның сол өнеріне елтіп жүріп зар жақ студенттің құшағына құлағанымды өзім де сезбей қалыпшын ғой.

Тілші: Екеуіңіздің жарысып жазатын шығармашылықтарыңызға туған-туыстар, тіпті балаларыңыз қандай көзқараспен қарайды? Жора-жолдастар ше?

Орысбай: – Әркім әртүрлі ойлайды. Мысалы, менің бір жездем «Осы сендер екі жерде аузы-бастарың жыбырлап, күбірлеп бірдене жазып отырғандарыңда бала-шағаларың аштан қалмай ма?» деп күлетін. Ал достарымыздың көбісі арқамыздан қағып, қанаттандырып қояды. «Сендердікі – ерлік, дүниеге балалар да келіп жатыр, кітаптарың да шығып жатыр. Бір оқпен екі қоян атасыңдар. Бұл – азаматтық білген кісіге» деседі. Балалардың болашағына біздің жазбагерлігіміз кедергі келтірген емес. Қайта олар әке-шешеге еліктеп, шығарма жазудан ылғи да үздік баға алып жүр. Құдайдың берген төрт перзенті де әдебиет мәселесінде қатарынан қалған жоқ. Өз тілін, мәдениетін, әдебиетін терең біліп өскен ұл-қыздар ешуақытта қор болмайды ғой.

Баян: – Шығармашылық өмірдің қиындығы да, қызық-шығы да бірдей. Қазір ана тілін терең меңгеру деген мәселе күн тәртібінде тұрған жоқ па. Осы орайда біздің отбасының қала жағдайында ауызға ілігіп, көпке үлгі ретінде ұсынылған кездер де болды. Бұдан бір жыл бұрын теледидардан «Әбілдаевтар – әнқұмар әулет» деген бір сағаттық әдеби-музыкалық хабар берілді. «Қазақтың қаймақты сөзін ұстаған шаңырақ» деген тақырып төңірегіндегі бұл хабар қалам ұстаған ата-ана үрім-бұтағының ұлттық болмысын анықтаса керек-ті.

Тілші: Отбасының шаруашылық жағы кімнің мойнында?

Орысбай: – Мен бұрын ылғи өкіметтің жатақханасында тұрып келіппін. Үш жыл әскер қатарында жүргенімде казармада жаттым. Бір жыл – училищенің, бір жыл – Қарғалы шұға комбинатының, бес жыл университет жатақханасында дайын төсектің иесі болыппын. Содан болар үй жұмысына икемім жоқ. Ең аяғы ләмпішке күйіп кетсе, оны Баянға айтып ауыстыртамын.

Баян: – Е, шеге қағып көрмеген Орысбайдан не қайыр. Жазуға да жалқау. Түйе сияқты бір жыл толғатып жүріп, екінші жылы ғана үстелге отырады. Ал ол қағазға үңілгенде бәріміз бақайымыздың ұшымен жүреміз. Осындай адам маңдайымызға бұйырыпты. Бір тәуірі, аузына арақ-шарап татып алмайды. Шылым шегіп көрген емес. Өте балажан. Сері. Алпыстан асса да қолынан гантелін тастамай жүрген спортшының бірі.

Тілші: Шығармашылықтарыңыз жөнінде бір-біріңізге сын-пікір айтып, ақыл-кеңес бересіздер ме?

Орысбай: – Мен газет қызметкері болғандықтан, жазуға шұғыл кірістім. Ал Баян сыни мақалалар, өлеңдер жазып, баспасөзде жиі көрініп жүрді. Кейіннен бала тәрбиесіне ауысты. Олжас, Сымбат, Ақбота, Ақбөпе есімді перзенттерді тәрбиелеп өсірді. Сол жылдары баспасөзде көрінбей кетті. Балалар ержеткен соң қаламын қайта қолына алды. Екі-үш жыр жинағын шығарды. Ол филолог қой. Менің өлең орамдарымды өз орнына қойып беретін кездері бар. Мен де оның жазғандарын мұқият оқимын.

Кейде ой қосамын. Кейде дауласамыз. Сабамызға түсіп барып, өлең шумақтарына қайта шұқшиып жатқанымыз.

Баян: – Ол – газеттің адамы. Кейде насихаттық сипатта жалпылама кететіні бар. Ондайда сын айтамын. Бір артықшылығы – ұлттық үрдістерді терең біледі.

Тілші: Мереке күндері Орекең Сізге гүл сыйлайтын шығар?

Орысбай: – Гүлмен емес, жүрекпен құттықтаймын өз басым.

Баян: – Орысбайдың гүл сыйлаған кездері өте сирек...

Тілші: 8 наурыз мерекесі құтты болсын, жарасымға жарасым жалғассын!

«Президент және Халық» газеті,
3 наурыз, 2006 жыл

ҚҰБЫЛЫС

Тарих факультетіне дайындық бөлімінен түскен Қайырлы мен Сейділдә біздің жатақханаға жиі келетін. Өздерімен бірге Бейсенғали (Виктор дейтінбіз) мен Зиядинді де ерте жүреді. Соңғы екеуі тарих факультетіне абитуриент болып түскендер. Виктор – «старик». Ал, Зиядин мектеп партасынан жаңа шыққан «молодой». Бүгінде Виктор да, Сейділдә да, Зиядин де мына жалғанда жоқ.

О тоба, уақыт өте келе бір-бірімізді жоқтап, естелік жазамыз деп сол кезінде ойлаппыз ба! Үркердей топтасып, шоқ жұлдыздай жарасқан жастық шағымыз қандай еді! Жап-жас күйлерінде бес жігітіміз мәңгілікке аттаныпты. Жатқан жерлеріңіз жарық болсын, достар! Мен сендер туралы алғашқы әңгімені ішіміздегі ең кішіміз, еркетотайымыз болған Зиядиннен бастамақпын.

Ия, біздер одан бес-алты жас үлкен едік. Бірақ, келе-келе ол бәріміздің ағамыз сияқты болып кетті. Зиядин қандай ортада жүрсе де ерекшеленіп тұратын.

Есікке төбесі тие жаздап әрең кіретін тау тұлғасын, түксиген қабағын көрген адам алғашқыда сескеніп қалуы мүмкін. Күрестің үш түрінен спорт шебері. Жаттықтырушысы – қазақтың белгілі азаматы – Темірхан Досмұхамбетов.

Зиядин көбінесе үлкен жарыстарда ҚазМУ-дың намысын қорғайды. Спортшыларға тегін тамақ үшін арнайы талон беріледі. Зиядиннің қалтасында мұндай талондар қашан көрсең пора-пора болып жүреді. Оны жанындағы жарты құрсақ достарымен бөліспесе, ішкені бойына батпайды. Алыс сапарға аттанарда әлгі талондарды бөлмедегі жігіттерге тастап кетеді. Ақшамыз таусылғанда тарихшы достар Зиядиннің талонымен біздің де ұртымызды майлағаны есте.

Досымыздың жеңістеріне мақтанатынбыз. Халықаралық жарыстардан кейде сессияға кешігіп келеді. Университет үшін тер төгіп жүрген студентке оқытушылар жеңілдік жасайды.

Соған қарамастын Зиядин әлдекімдердің лекцияда жазған дәптерлерін парактап, кітапқа шұқшияды. Сөз болмас үшін сырт көзге әдейі жасайтын шығар деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, білім жолында да ешкімге намысын жібермеуге тырысады екен ғой.

0,5 см. – өмір

1983 жылдың күзінде Зиядинмен қайта ұшырастық. Мен үш жыл Мәскеуде болып қайтқам. Ол үлкен спортты қойыпты. Себебін сұрадым. Әдеттегі жарқын мінезімен жымия отырып, мына бір оқиғаны баяндап берді. Есімде қалғаны төмендегідей:

Соңғы курстардың бірінде бір топ жігіт қаланын шет жағындағы бір жерде қонақта бола ма, әлде ойын-сауықтан қайта ма, әйтеуір кештетіп қараңғы көшемен дабырлап келе жатады. Қарсы алдарынан сол маңайдың бұзықтары кездеседі. Бейтаныс жігіттерді бұқтырып алмақ болған есерсоқтар төбелес бастайды. Зиядиннің жанындағылар бытырап кетсе керек. Ал бұл жалғыз өзі әлгілерді жан-жаққа допша лақтырып тастап, алға қарай кете барады.

– Жатақханаға жақындағанда шалбарымның балағы тізіме жабыса берді. Ұстап көрсем, дымқыл. Дымқылдық бойымен қолым жоғары өрлеп барады. Дәл жүрегімнің тұсына жеткенде қан шапшып тұрғанын сездім. Жатақханадан «Жедел жәрдем» шақырттық. Операция жасалды. Ет қызуыммен байқамаппын, ұрылған пышақ жүрекке жарты сантиметрдей ғана жетпей қалған екен. Дәрігерлер бұдан былай үлкен спортпен айналысуға болмайтынын ескертті, – деген еді ол, түк болмағандай кеңкілдей күліп.

Таңғы дауыс

Дуылдап өткен студенттік шақты еске алсаң, неше түрлі оқиғалар көз алдыңа келеді. Соның Зиядинге қатысты бір сәті мынадай:

Сол күні түнде қыдырыстап жүріп, басқа бөлмеге түнеп қалғам. Таңға жуық тарс-тұрс соғылған есік дыбысынан ояндым. Аштым. Асылбек ашулы. Жанындағы Еркінді тыңдар емес. «Өзің болмасам, мыналар мені түсінбейді. Кеттік!» дейді.

Жол жөнекей ұққаным – бесінші курстың жігіттері бізбен оқитын бірінші курстағы «молодойларға» әлімжеттік жасағылары келсе керек. Мұны естіген Асекең бірден «атқа қонған». Білекті сыбана бір-екі рет айкасқа кіріп те шыққан сыңайлы. Дауысы жарқын-жарқын.

Дуанаев Еркін – топтың старостасы. Коммунист. ҚазМУ-дың филология факультеті партбюросының мүшесі. Жатақханадағы Студенттер Советінің мүшесі. «Военнка» сабағында – взвод кәмәндірі. Каникулда – Студенттік Құрылыс отрядының кәмәндірі. Қыздарға қырындамайды. Орынсыз ыржындамайды. Темекі тартпайды. Арақ ішпейді. Бөлмедегі кезекшілікті, тазалықты қатаң қадағалайды. Біздерге тамақты қалай дәмді етіп пісіруді үйретуден әсте жалықпайды. Осындай елге үлгі Ерекеңнің бұл жолғы мақсаты – төбелесті ушықтырмай, мәмілегерлік жолмен басу еді. Қаны қызып алған Асекең оған қайдан көнсін. Таң атқанша бірінші курс пен бесінші курс арасында тағы бір-екі «қарымда-сырымта» өткізіп тастады. Үстіндегі жасыл костюмінің қос қолтығы дар-дар айырылды, жағасы жыртылды, түймелері жан-жаққа ұшты. Бірінші курсқа есесін жіберіп алған бесінші курстың жігіттері іргелес жатақханадағы география факультетінің бесінші курс жігіттерін көмекке шақыртыпты.

Таң енді қылаң беріп келе жатқан кез. ҚазМУ қалашығындағы жатақханалардың сыртқы есіктері іштен құлыптаулы. Елдің бәрі шырт ұйқыда. Екінші қабаттың терезесіннен біздің жатақханаға жасырын кіріп жатқан жігіттерді көзі шалып қалған Асекең үшінші қабаттан амалын тауып жерге түседі де, тарих факультетінің жатақханасы алдына барып, Зиядинді айқайлай оятады. Таңғы дауыстан Алатаудың ақ бас шындары да селк ете қалғандай.

Мен балконнан қарап тұрғам. Сәлден кейін кеудесінде аппақ кимоносы, аяғында аппақ борсовкасы, белін қызыл маталы белбеумен шарт түйінген Зиядин жалғыз өзі біздің жатақханаға қарай аюдай ақырып келе жатты. Сыртқы есіктің жабық тұрғанын көргеннен кейін жоғарыдағы маған қарап:

– Әй, Серік! Аналардың бәрін мына жерге әкеп түсірі!– деп сұқ саусағымен алдындағы асфальтті нұсқады. Төбелеске емес,

өзінің үйреншікті бос кілемінің шетінде қарсыласымен белдесуге дайындалып тұрғандай.

Дәл осы сәтте бесінші курстың таяқ жеген жігіттері еңгезердей-еңгезердей он шақты көмекшілерін ертіп, біздің бөлмеге сау ете қалған. Сырттағы арқыраған дауысты естіген бір-екеуі балконға барып, төменге қарады. Қарады да арыстандай атылғалы тұрған Зиядинді көріп үн-түнсіз бөлмеден шыға жөнелісті. Батырсынған басқалары да солардың соңынан ерді. Зиядин болса жалғыз өзі далада шабынып жүр. Қолына тірі жан түссе асфальтқа бір-ақ ұрып, бітеудей жұтып қоятындай.

Рингтен секіріп...

Әдетте, спортшылардың көбісі сәл нәрседен төбелес туындатып, маңайындағыларға сес көрсете жүргенді ұнатады. Ал, Зиядин ерекше біткен тұлғасына қарамастан, өте кішіпейіл, досшыл, мейірімді, әзілқой, қолы ашық, алды кең, ақылды, білімді азамат-тұғын. Ол отырған жер кішігірім той-думанға ұласып жүре беретін.

Бірінші курсты тәмәмдап қалған кезіміз. ҚазМУ-дің он екі факультеті арасында бокстан жарыс басталды. Қай факультеттен екендігі есімде жоқ, бір еңгезердей орыс жігіті қарсыластарының бәрін қалпақтай түсіруде. Бір кезде тарих факультетінің атынан рингке Зиядин шыға келсін. Мықты күрескер екенін елдің бәрі біледі. Ал жұдырықтасуға қалай екенін қайдам?.. Бұл спорттың өзіндік айла-тәсілін меңгермесең, қара күшке бағына бермейді. «Қап, елдің алдында беделін түсіріп алар ма екен!» деп жанкүйерлері іштен тындық. Жеңістің буына бөгіп алған дәу сары алғашқы сәтте-ақ жойқын шабуылға көшті. Кәсіби боксшы екендігі көрініп тұр. Зиядин әзірге оның бір де соққысын дарытар емес. Қорғаныста. «Мынау ұруды білмей ме өзі?» деген де ой келе бастады. Екінші раундта Зиядин күрзідей жұдырығымен қарсыласын соққының астына алсын-ай кеп. «Соқ, соқ!» деп айғайлап жатырмыз. Зиядин бір-екі соққы береді де, бұға қорғанып қалған қарсыласының қасына барып «қатты

ұрып жібердім бе?» дегендей бетіне жымия үніледі. «Өй, бүйтіп боксшы болғаның құрысын, енді төпемейсің бе!» дейміз шыдай алмай. «Бұғып тұрған бейшара адамды ұруға бола ма өзі?» дегендей төрешіге сұраулы жүзбен қарайды. Төреші «болады» дегендей белгі берді-ау деймін, бір кезде басқа-көзге соққылады. Сәлден кейін ана байғұс сұлап түсті. «Бітті!» деп Зиядин рингтен секіріп кетті. Өз әрекетіне өзі мәз. Төреші онға дейін санады. Дәу сары тұрмады. Жекпе-жек аяқталғанын ресми жариялау үшін төреші жан-жағына жалтақтап Зиядинді іздеді. Зиядин жоқ. «Қайда?» дейді. Қайда болсын, Зиядин достарының құшағында.

Бокс жаттықтырушылары да Зиядинді қоршап алған. «Күресті қайтесің, маған кел. Сенен әйгілі боксшы шығарамын!» дейді әрқайсысы. Ал Зиядин:

– Бокс дегенің спорт емес, кәдімгі төбелес қой. Ал мен төбелескенді, біреуді ұрғанды ұнатпаймын. Өзімнің күресіме жетер ештеңе жоқ, – деп, қолын бір-ақ сермеді.

«Зиядин, зыт!...»

Ғарифолла екеуміз бір үйдің қыздарына үйленген бажалармыз. Орал педагогикалық институтында тарих пәнінен сабақ беретін ол Алматыға бір шаруалармен келе қалды. Дәл осы мезгілде Павлодарда тұратын туған қайнағамыз да Алматыда жүрген. Ол бізден үш-төрт жас үлкен. Екі күйеу бала, бір қайнаға алғаш рет жүздесіп, бас қосып отырмыз. Оны «жууды» кіші бажа өз бөлмесінен бастады. Үшінші «тосты» ала бергенімізде Зиядин бастаған тарихшылар кіріп келді. Ғарифолламен бәрі бір топта оқыған. Құшақтар айқасып жатыр.

Қайнағамыздың бойы қысқа болғанымен тілі ұзын, қалжыңға жақын адам екен. Өзіне «контраст» жасап отырған Зиядинге тиісе береді. Түннің бір уағында бәріміз далаға шықтық. Қайнағамыз енді Зиядинді «сабаймынға» көшті. Бәріміз оған күлеміз. Бойы кіндігінен сәл ғана асып тұрғанына қарамастан Зиядинді ішке ұрғылайды. Қозы қарнын құшақтаған ол кеңкілдей күліп,

теріс айналады. Ғарифолла екеуміз өте инауатты күйеубалалар болғандықтан «қойсаңшы!» деп қатты айта алмаймыз. Басқалары мұндайда не істеу керегін білмей аңтарулы. Сырт қараған адамға екеуі төбелесіп жүргендей. Егер милиция келіп қалса, бәрімізді темір машинаға тоғыта салатыны анық.

Зиядинге «кетіп қал» деген белгі бердім. Зиядин еңкілдей күліп, өңкеңдей жөнелді. Қайнағамыз соңынан қалар емес. «Зиядин, зыт!» дедім.. Зиядин сәлден кейін көшенің бұрышын айналды да түн қараңғысына сүңгіп кетті. Біз мына көрініске мәз болыстық.

Хан тірілгендей

1997 жылдың жазы. Зиядиннің Түркістандағы үйіндемін. Алматыдан бірге шыққан екеуміз таңертең пойызбен Шымкентке жеткенбіз. «Егемен Қазақстан» газетінің арнайы тапсырмасымен келе жатқандықтан, облыс әкімдігіне соқтым. Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңында жасалынып жатқан жұмыстармен танысып, газетке мақала бермекшімін. Мұның алдында «Түркістанның киесі тапталса...» деген сын мақала жазғам. Онда күрделі жөндеу кезінде біраз қаржы ысырап болғанымен қоймай, Әзірет-Сұлтан мазарының іргесіне жерленген тарихи тұлғалар – хандар мен билердің, батырлар мен бектердің, дәлірек айтқанда Тәуекел, Тәуке, Абылай, Жәңгір хандардың сүйектері көрден шығып қалғандығы, оларды дереу қайта жерлеудің орнына бәрін бір жерге үйіп қойғандығы жазылған. Қаржыға қол сұққандар қарсы шабуылдап, мені сотқа берген. Бірақ өздері масқара болып жеңілген. Сол екі ортада редакцияға Зиядин келе қалды.

Айтуына қарағанда алдағы жылдары ЮНЕСКО деңгейінде тойланғалы жатқан Түркістанның жасы 1500 емес, 2000 жыл көрінеді. Өзі қазір Түркістан университетінің жанынан құрылған Археология және этнология институтын басқарады. Тарих ғылымының кандидаты. Ғылым жолына бел шеше кіріскен. Университеттің Бірлескен ғылыми кеңесінде ашқан жаңалығы дәлелденіпті, Республиканың академик ғалымдары оны мойындапты. Енді Қазақстан Республикасының атынан ЮНЕСКО-ға ресми қатынас жолдатып, Түркістанның 2000 жылдығын тойлатпақшы.

– Осы жайында газетке жаз. Жоғары жақты құлақтандырайық,– дейді әбігерлене. Маған да керегі осы, іссапармен Түркістанға тартып отырдым.

Облыс әкімдігінің көлігіне мінген біздер Түркістанға келе сала Әзірет-Сұлтан мұражай-қорығының директорына кірдік. Аты-жөні есімде жоқ, ол жігіт менің сұрауым бойынша Йассауи кесенесінің алдында тұрған Рәбия бегім мазарының есігін ашқызды. Мөшекке, нәселкеге салынған адам сүйектерін көргенде денем дір етті. Тізе бүгіп құран оқыдық.

– Барлық жиыны екі жүзге жуық адамның мүрдесі жатыр бұл жерде. Кесененің іргетасын нығайту кезінде ата-бабамызды байқамай оятып алдық. Енді арнайы орынға қайта жерленеді. Ішінде Абылай ханның да денесі бар екені анықталды. Оны ғылыми түрде дәлелдеген Зәкеңнің еңбегі ұшан-теңіз,– деп Зиядинді нұсқады.

Бұл жөнінде Зиядин маған мардымды ештеңе айтпаған. Кейін өзінің кеңсесіне келгенімізде ғана, сонау Петербордағы Герасимов зертханасында анықтатып, Абылай ханның бас сүйегі негізінде өзі жасатып әкелген мүсіннің жанында шешіле сөйледі.

Абылай ханның бойы бір метр, пәленбай сантиметр болғандығын, иегіндегі тістерінің қайсысы қашан, қалай түскеніне дейін тарихи-әдеби деректер негізінде сипаттады. Ал, оны зертхана қорытындысымен салыстыра әңгімелегенде, маған Абылай хан қайта тірілгендей әсер етті. Сонымен қатар, бұрын мықты спортшы ретінде білетін тау тұлғалы Зиядинім енді парасатты да білікті ғалым ретінде көз алдымда одан сайын биіктеп бара жатты.

Көңілдегі көлеңке

Сол жазда Түркістанның күні де, түні де оттай жанды. Кешкі шайды сыртта, кең сәкінің үстіндегі масахананың ішінде отырып іштік. Зиядин күндіз «Апам жасап берген масахананы құрындар» деп жүргенін құлағым шалған. Жұқа мәрілден тігілген масахана кәдімгі үй сияқты. Тепкішек арқылы сәкіге шығасың. Кіре берістен өткеннен кейін негізгі бөлме. Электр жарығы тартылған. Іргелерде қалың-қалың көрпе-жастықтар теңкиеді. Еденде қалы кілем. Ортадағы үлкен дөңгелек үстел үстінде

бауырсақ, шелпекпен қоса неше түрлі жемістер көздің жауын алады. Гүлнардың ыстық қою шайымен әрең дегенде шөлімізді бастық. Сәлден кейін буы бұрқырап ет келді. Оңтүстіктің қонақжайлық салты Зиядиннің дастарханында салтанат құруда.

Үй іші тым қапырық. Төсекті сыртқа, масахананы ішіне салғыздық. Зиядинның аузынан түскендей екі ұлы томпиып-томпиып әкелерінің қолтығына бастарын тыға ұйықтап жатыр. Біз жұлдыздары самсаған Түркістанның түнгі аспаны астында ұзақ әңгімелестік, өткен-кеткенді еске алдық, өзімізше болашаққа болжам жасадық.

Жай кезде ойсыз-күйсіз жүретіндей көрінетін Зиядин осы түні көңіл қатпарларын аша сырласты. Оны көбінесе ұлт намысы, ел мүддесі алаңдататынын байқадым.

«Желтоқсан» оқиғасында өзі куә болған жайттар есіне түскенде жаны жабырқайтынын жасырмады.

— Көз алдымда бір әп-әдемі қазақтың қызын жендет ұрып жықты. Оң жақ шекеден тура тиген сапер күрегінің ізі үңірейе көрінеді. Арғы жағында қап-қара қан жылт-жылт етеді. Қанішерді сол жерде жаһаннамға жібермегеніме күні бүгінге дейін күйінемін,— деп, күрсінді.

«Студент кездегі достар да көңілге көлеңке түсіріп жүр. Қызмет мәселесіне келгенде кейбіреулері рушылдыққа бой алдырды» дейді ренжіп.

Үлкен спортта өзі жетпеген жетістіктерге кейінгі жастар жетсе екен деп армандайды. Енді осы бағытта аянбай еңбек етуге кірісіпті. Мен сәттілік тіледім. Бірақ оның алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруға тағдыр жазбады. Қазақтың біртуар азаматы құпия бір құбылыстай болып, бар-жоғы қырық бес жасында өмірден өтті.

Бүкіл Оңтүстік халқы Зиядинді аза тұтты. Туған ағасындай болып кеткен бапкері Темірхан Досмұхамбетов Астанада арнайы ұшып келіп, сүйікті шәкіртін жерлеуді өзі ұйымдастарды.

Тірі болса Зиядин биыл елуге толар еді.

«Біз білетін Зиядин» кітабынан,
2010 жыл

СӨЗ СОҢЫ

Бағзы замандағы тарихи жадымызды жаңғырту мақсатында жазылған «Үшінші алтын адам», «Түркістанның киесі тапталса», «Түркістанның жасын анықтап болдық па?» атты мақалалардың да бүгінгі жастарға айтары аз емес.

«Түркия талапкерлер таңдайды» – бұдан ширек ғасыр бұрын білім сапасын анықтаудың озық үлгісі ретінде еліміздің оқу жүйесіне енгізілген тестілеу тетіктері Түрік елінің тәжірибесінен алынғанын екінің бірі біле бермейді. Сол кездегі Қазақстан Республикасы жоғары және орта білім министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевпен жүргізген сұхбат барысында айтылған өзекті пікірлер мен ұсыныстар қазір де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Мұнда айтылған салмақты ойлар мен ұсыныстар кейінгі журналистердің қаламына қайта сұранып тұрғандай.

Мәдениет тақырыбын қаузағанда да журналистік шеберлікке қатысты көптеген әдіс-тәсілдерді ортаға салуға тырыстық. «Тағдырларын талантымен нұрландырған» атты мақалада сурет өнерін ерекше стильде жандандырған жас өспірім қыздардың ерекше тағдырлары өзгеше қырынан сипатталды. Сондай-ақ, «Ақ боз үйдің жанында ақ халатты арулар», «Біздің дәрігер механизатор» атты корреспонденцияларда өзіміз сырқаттанғанда ғана алдарына баратын ақ халатты абзал жандардың адами қасиеттері мен қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі жанкешті әрекеттері, елге, жерге деген патриоттық сезімдері, салт-дәстүр мен ұлт мәдениетіне деген құрметі кәсіби мамандықтарына деген сүйіспеншіліктен бастау алатынын көрсетуге тырыстық.

«Президент және Халық» газетінде қызмет етіп жүрген кезімде Нұрлан Оразалиннің шығармашылығы туралы мақала жазуға тапсырма алдым. «Құралайдың салқыны» деп аталатын кітабын бұрындар оқығам. Сондықтан, Нұрлан Оразалин туралы жазу қиын бола қоймас деген оймен әрқайсысы жиырма табақтан тұратын үш томдық таңдамалы өлеңдер жинағын парақтауға кіріскем. Алдымен «Автограф орнына» деген атпен берілген оқырманға арнауын

оқып шықтым. «Сырлы шақтың» беттерінен автордың алуан түрлі сезімдерге толы лирикалары кезінде әртүрлі себептермен баспа бетін көрмей қалыпты. Осынау тұңғыш кітабына талдау жасадым. Бұл мақала Нұрлан Оразалин шығармасы туралы жазылған рецензияға айналып кеткенін соңында байқадым.

«Адам және адами құндылықтар» атты соңғы бөлімнің мен үшін орны бөлек. Мұндағы жазбалар стилі жағынан көркем очеркке жақын ба деп ойлаймын. Бұл менің өз пікірім. Ал әділ баға – тек оқырман пікірі ендігі ақиқат. Ендігі мақсат – осы төл туындыларым төңірегінде теориялық тұжырымдар жасай отырып, шәкірттеріме журналистиканың қыр-сырын өзімше үйрету болып табылады. Бәріне уақыт төреші.

С. Жұмабекұлы.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

I. Бөлім. Ғылым мен білім

Сақ патшасы – сыр ашты	6
Үшінші «Алтын адам.....	10
Түркістанның киесі тапталса... ..	18
Түркістанның жасын анықтап болдық па?	24
Жоғары білімге сан емес, сапа қажет.....	28
Жетістік бар, кемшілік те жоқ емес	33
Білім беру сапасын арттыру – негізгі міндет	39
Заманауи білімнің баспалдағы.....	48
Білімдінің алды жарық	58
Түркия талапкерлер тандайды.....	62
Тестілеу тетіктері сыр бере бастады	65
12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу басталды!	68
Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі	70
Қолынан келгесін қонышынан басады... ..	73
Баланы басқаша оқытпасақ... ..	76
Бар арманым – екі ұлымды азамат етіп өсіру	81
Баласын оқыту үшін баспанасын сатқан... ..	86
Әліпбиің – айбының	89
Латын әліпбиінің артықшылығы көп	94
Әлемдік медицина деңгейінде	100
Қолында сәуле ойнаған – Рентгенолог	105

II Бөлім. Әдебиет пен мәдениет

Өмірі де, өлеңі де өзіндей.. ..	112
Беделі биік басылым.....	118
Үн қатысуға шақырған кітап	120
Ізгілікті ұстанған заң кітабы	125
«Заң» және «Заман» журналы дүниеге келді	129
Зұлмат жылдары қазақ прозасында.....	131
Рухы асқақтап бара.....	133
Мақтаныш сезімдерімізді жасырмайық, ағайын!	139
Мөлдір бұлақтар.....	144
Түркі әлемінің тұңғығы қызықтырады	147
Америкалық құсбегілермен кездесу	150

Ақбоз үйдің жанында ақ халатты арулар	156
Біздің дәрігер – механизатор	158
Жүрегімнің үнісің сен, домбыра	162
Өнердің әлемдік чемпионаты	166
Тағдырларын талантымен нұрландырған.....	168
Тылсым сыры көп тай елі.....	174

III бөлім. Адам және адами құндылықтар

Сөз киесі дегенің өз киесі екен ғой... ..	180
Жазушылар жұдырықтай жұмылды.....	185
Жаңғырту жаңғырықпен тынбаса игі	189
Ұлт мүддесінен өзгенің бәрі бекер.....	198
Шераағаң бір ауыз сөзі	203
Күрделі де қарапайым адам	208
Әділеттің алмас қылышы	212
Інілерден ізет	217
Талантты журналист қартаймайды	225
Ақжарқын азамат еді... ..	229
Аласаруға мәжбүр болсақ та, абыройымызды түсірмедік.....	233
Аманатқа адалдық – адамдықтың белгісі.....	241
Его жизни достойный пример	252
Жүрегі дархан, тұлғасы таудай жан еді.....	257
Асқаров толық ақталды	268
Сексеннің сеңгірінен көз салғанда	276
Өмірде өзіндік із қалдырған.....	283
Дипломат жұлдызы.....	292
Ұстаздың жан жылуы	300
Өнегелі өмірдің өрісі кең	308
Алашыбайдың арманы	310
Асылдың сынығы.....	319
Тынымсыз тірлік тынысы	340
Ұшақ апатынан аман қалғандар... ..	350
Ғұмырдария – Дариғажүрек.....	356
Жыр ошағы маздаған отбасында.....	362
Құбылыс.....	366
Сөз соңы.....	374

Оқу басылымы

Серік Жұмабекұлы

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК
Ғылым, білім, әдебиет саласы

Хрестоматия
3-том

Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *А.Т. Акылова*

ИБ №

Басуға 12.06.2025 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84/16. Көлемі 23,6 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №

Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды



Серік Жұмабекұлы

1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Бұдан кейін Қазақ ССР Республикалық кітап музейінде ғылыми қызметкер, «Жалын» баспасында редактор, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің органы «Халық Кеңесі» газетінде бөлім редакторы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органы «На страже-Сақшы» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы, Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінде бөлім редакторы, «Президент және Халық» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Қазақстан» РТРК АҚ-да жетекші маман және редактор-сценарист қызметтерін қоса атқарды. 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде аға оқытушы.

Публицистикалық жанрда жазылған жеті жинақтың авторы. «Өр жылдар іздері», «Қыран қайта түледі», «Ұстаздың жан жылуы», тағы басқа кітаптарын кезінде оқырман жылы қабылдады.

Ол – ұзақ жылғы журналистік тәжірибесін теориямен ұштастырып, ғылыми айналысқа түсіру жолында еңбек еткен ұстаздардың бірі.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.



 **ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**
АСТАНА